| | **"Әтеш" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: көркем сөзге қызығушылық тудыру, тақпақтағы сөздердің ырғақтарына, мәтінге сай қозғалуға дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қанатымды жазамын,<br>Жоғары - төмен қағамын,<br>Әтешке ұқсап сілкініп,<br>Айқайлап әнге саламын.<br>Ку -ка-ре-ку! Ку-ка-ре-ку! | **"Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту; көркем сөзге қызығушылық тудыру, тақпақтағы сөздердің ырғақтарына, мәтінге сай қозғалуға дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>«Қуырмаш» ойыны әрі баланың көңілін көтереді, әрі тілін дамытып, дүниетанымын арттыру үшін қолданылады.<br>Қуыр-қуыр, қуырмаш.<br>Тауықтарға бидай шаш:<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек<br>Кішкене бөбек, - деп қуырмаш айтушы балдырғанның саусақтарын санамалап, жұдырыққа түйеді. | **Тілдік қимылдық жаттығу.**<br>Мақсаты: көркем сөзге қызығушылық тудыру, тақпақтағы сөздердің ырғақтарына, педагогтің үлгісіне еріп, сөздерді қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Ауыл маңы саз – саз - саз,<br>Жайылады қаз - қаз - қаз<br>Жем шашсаң мэз - мэз - мэз<br>Тоймай қалса қаз – қаз – қаз<br>Шашқан дәннің аз – аз – аз.<br>Шеңбер бойымен жүріп біртіндеп орындыққа отырады. | **Торғай туралы тақпақ айту.**<br>Мақсаты: көркем сөзге қызығушылық тудыру, тақпақтағы сөздердің ырғақтарына, педагогтің үлгісіне еріп, сөздерді қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br><br>Таспен атып торғайды<br>Ұя бұзған оңбайды.<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбайды. | **"Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту; тақпақтағы сөздердің ырғақтарына, педагогтің үлгісіне еріп, сөздерді қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>«Қуырмаш» ойыны әрі баланың көңілін көтереді, әрі тілін дамытып, дүниетанымын арттыру үшін қолданылады.<br>Қуыр-қуыр, қуырмаш.<br>Тауықтарға бидай шаш:<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек<br>Кішкене бөбек, - деп қуырмаш айтушы балдырғанның саусақтарын санамалап, жұдырыққа түйеді. |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Дене шынықтыру**<br>"Балапандар"<br>Мақсаты: Балаларды бөренелер арқылы өтуге үйрету; допты бір қолмен ұстау дағдыларын дамыту; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту.<br>*«Түлкі мен балапандар» қимылды ойыны.* | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Торғай келді қонаққа"<br>Мақсаты: Балаларға өлең мазмұнын тыңдауға және түсінуге үйрету, құс денесінің бөліктерін танып, атай білуге үйрету; балалардың сөйлеу белсенділігін, қызығушылығын, сөздік қорын, ой-өрісін дамыту; құстарды қорғауға, қамқоршы болуға, табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br>*«Құсты тамақтандырайық» дидактикалық* | **. Сенсорика**<br>"Достардың үйлері"<br>Мақсаты: Көлемі әртүрлі заттарды (үлкен, кіші) топтауға үйрету, «үлкен - кіші» қатынасында объектілердің мөлшері туралы практикалық білімді дамыту,ойлау элементтерін дамыту, ересек адамның ауызша нұсқауларын түсіну, естесақтау және сөздік қорын белсендіру.<br>*«Қоянға арналған үй» дидактикалық ойыны.* | **Дене шынықтыру**<br>"Қолдарымыз қайда екен?"<br>Мақсаты: Балаларды арқанның (биіктігі 50 см) астынан төрттағандап еңбектеп өтуге үйрету; бөренелер арқылы өту дағдыларын дамыту; балалардың денсаулықтарын нығайтуға жағдай жасау.<br>*«Тышқан мен мысық» қимылды ойыны.* | **Мүсіндеу**<br>"Құстарға жем береміз"<br>Мақсаты: Қамырмен және оның қасиеттерімен таныстықты жалғастыру; үлкен бөлшекті қамырдан кішкентай бөлшекті қамырды ажыратуды үйрету; қамырмен жұмыс істеу қызығушылығын қалыптастыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>*«Ақсерек-көксерек» ойыны.* |
| **Серуен** | **Құстарды бақылау.**<br>Мақсаты: құстардың дене-бітімін қарау. Олар ұшады, ағаштарда қонақтап отырады.<br>Шиқылдайды.<br>Б.Соқпақбаевтың "Мысық пен торғай" өлеңін оқу.<br>Үстінде үйдің<br>Тұр еді мысық,<br>Қасына келді<br>Бір торғай ұшып.<br>Бас салмақ болып<br>Ыршыды мысық.<br>Жөнелді торғай,<br>Пыр етіп ұшып.<br>Биіктен жерге,<br>Топ етіп түсіп.<br>Мысықтың қалды<br>Жамбасы ісіп.<br>Өлеңді балалармен бірге бірнеше рет қайталап, қимылмен көрсетіп оқу.<br>**"Мысық пен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сигнал бойынша жүгіруге баулу; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>- «Мысық пен торғайлар» деген ойынды ойнаймыз.<br>- Кәне, балалар, (торғайлар) ұшып келіңдер!<br>- Торғайлар, жем шоқыңдар! Кәне, кім қалай жейді?<br>- Торғайлар, сендер тез ұшыңдар, мысық ұйықтап жатыр, қазір мысық оянып кетіп, ұстап алады – дегенде мысық: Мияу-мияу деп оянады, торғайларды көріп құлағы тікірейеді.<br>- Торғайлар, алысқа ұшыңдар, мысық оянады! Мысық "мияу" деп, торғайларды қуады. Бірақ торғайлар ұстатпай ұяларына кіреді.<br>- Балалар, сендер бәріңде жақсы ойнадыңдар.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қураған жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойыны. | **Қаңқызды бақылау.**<br>Мақсаты: жәндіктер әлеміне деген қызығушылықты ояту.<br>- Балалар, біз серуен кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық?<br>- Бүгін біз тағы бір жәндікпен танысамыз.<br>– Балалар, бұл қаңқыз. Мен сендерге бүгін қаңқызы туралы айтып беремін.<br>Қаңқыз – қызыл түсті, үстінде қара нүктесі бар кішкентай жәндік. Ол кішкентай болса да ештеңеден қорықпайды.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі қоқыстарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету.<br>**"Маған жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге, бір бағытта жүгіруге үйрету.<br>Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар: жылдамдықты дамыту, бір-бірін итермей алаңда жүгіру мүмкіндігі<br>Балалардың еркін ойыны. | **Жәндіктерді бақылау (инелік, ара, маса, шыбын, көбелек).**<br>Мақсаты: жәндіктерге қызығушылық тудыру; жәндіктердің сыртқы келбеттеріне көңіл аударып, атауға баулу.<br>Шабындықта, бала бақша учаскесінде, ағаштарда, өзеннің айналасында жәндіктердің көп түрі болатындығы туралы балаларға айту. Түрлі қоңыздар, көбелектер, инеліктер, шыбын, ара, масалар туралы білімдерін бекіту. Олардың пайдасы мен зияны жөнінде ұғымды қалыптастыру. (Аралар бал жинайды, өсімдіктерге зиянын тигізетін құрт-құмырсқаларды инеліктер жейді.)<br>Тақпақ:<br>"Көбелектің жыры", Н. Айтов.<br>Қанатымды бір қағым,<br>Демде қайта жоғалам.<br>Десе гүлді дала бар,<br>Қос қанатым талмайды.<br>Мені көрсе балалар,<br>Қыр соңымнан қалмайды.<br>**"Шалғындықта үш сайыс" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: бастапқы орынды сақтап, жерде жатқан доға арқылы аттап өтуге үйрету, шыдамдылық және күштің әсер етуіне мүмкіндік туғызу.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары, бақылау: гербарийді жинау, құрғату.<br>Мақсаты: ересектердің тапсырмасын түсінуге үйрету; өсімдіктерге сүйіспеншілігін туғызу.<br>Балалардың еркін ойыны. | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау.**<br>Мақсаты: жұмысшыларға құрмет көрсетуге тәрбиелеу.<br>- Тазалаушы не істейді? Егер бақшада аула сыпырушы болмаса, не болады? Жұмыста қандай құралдарды қолданылады?<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: аула сыпырушыға құрғақ бұтақтарды жинауға көмектесу.<br>Мақсаты: балалардың еңбек әрекетіне деген қызығушылығын дамыту.<br>**"Үрпек төбет" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың сигнал бойынша, ересекке еліктеп, қимылдауға, бір бағытта жүгіруге дағдыландыру; епті, шапшаң болуға бейімдеу.<br>Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол кілем үстінде жатады, басын алға созылған қолымен аяғына қояды.<br>Қалған балалар жай ғана оған жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді:<br><br>Алдыңғы екі аяққа басын сұғып,<br>Әнеки жалбыр төбет жатыр сұлық.<br>Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып,<br>Момақан, сырты пішіні жуас салғырт.<br>Оятылық жақындап барайық та,<br>Қайтер екен содан соң – қарайық та.<br><br>Төбет орнынан ұшып тұрып үре бастайды.<br>Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі. Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады. Төбет қайтадан кілемге жатады.<br>Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады. | **Табиғаттағы өзгерістерді бақылау (жел, салқын, жаңбыр, т.б.)**<br>Мақсаты: ауа райындағы өзгерістерді аңғарып айта білуге баулу; олардың жыл мезгіліне байланысты өзгеріп отыратынын білгізу.<br>**"Тышқан мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сигнал бойынша жаң-жаққа жүгіруге баулу; шапшаң әрі шыдамды болуға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Бұл ойынға топ балалары бәрі тегіс қатыса алады. Балалары дөңгелене тұрғызып, ортаға тәрбиеші көмегімен тышқанмен мысық сайланады. Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек.Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару үшін,қақпадан тышқанды шығарып жіберіп мысықты шығармауға тырысады. Мысық тышқанды ұстау үшін шапшаңдық керек. Мысық тышқанды ұстап алса, ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ойын алаңымызды жинастыру.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру.<br>Таза сумен Арман,<br>Беті-қолын жуды.<br>Оған қарап Балжан,<br>Суға қолын созды. | | | | |
| **Түскі ас** | Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз.<br>Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | **Ұйқыашар жаттығулары.**<br>Керует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. | | | | |
| **Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)** | **"Үлкен - кіші" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға заттардың үлкендігі және кішілігі туралы мәлімет беру.<br>Үлкен қорапта әртүрлі көлемдегі ойыншықтар салынған. Балалар қораптың ішінен үлкен және кішкентай ойыншықтарды ажыратып, табулары қажет. | **"Сынған жұмыртқа" ойыны.**<br>Мақсаты: екі бөліктен тұтас бейненің құрастыруға машықтандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, жұмыртқаның суреті бірнеше бөліктерге бөлінген. Бұл жұмыртқа сынған. Жұмыртқаның ішінен балапан жарып, шықты. Сынған бөліктерден бүтін жұмыртқаны құрауымыз керек. | **"Түсі бойынша қою" ойыны.**<br>Мақсаты: түсті ажырату бойынша жұмысты жалғастыру. Бір үлкен қорапта текшелер мен шарлар бар. Үстелдің үстінде тағы екі қорап болады: текшелер қызыл, шарлар жасыл қорапқа салу керек. Тапсырма: шарлар мен текшелерді түсі бойынша орналастыру. | **"Сиқырлы қапшық" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға ойыншықтарды дұрыс атауға үйрету, ойлау қабілетін дамыту<br>Балаға жақсы таныс ойыншықтарды "Сиқырлы қапшыққа" салыңыз.<br>Тәрбиеші қапшықтан ойыншық алады: "Бұл не? Әтеш! Әтеш! Әтеш қандай? Тәрбиеші ойыншықты арқасынан сипайды және балалардан оны сипауды сұрайды: "Әтеш әдемі! Жақсы әтеш!"<br>Тәрбиеші ойыншықты артына жасырады: "Әтеш қайда? Ол ойыншықты алады - міне, әтеш. "Әтеш қалай дыбыстайды? Ку-ка-ре-ку. Әтеште не бар? Аяқтар қайда. Құйрық. Оның құйрығы қайда? Әтештің аяғы қайда? Оның көзі қайда?" Ойын жалғасады. Әр ойыншық осылай ойналады. | **"Топ-топ басайық" ойын.**<br>Мақсаты: балаларды еліктеу әрекеттерін орындауға үйрету; аяқ бұлшық еттерін нығайту.<br>Қолдарынан ұстап, шеңбер бойымен жүргізу, басында баяу, біртіндеп тез жүргізу.<br>Топ,топ,топ басайық.<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса алтын күн,<br>Жаса, жаса жарқын күн! |
| **Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Серуенге жиналу.<br>Мақсаты: балаларды серуендеуге жиналу кезіндегі реттілікті орындауға үйрету: алдымен не киеміз, содан кейін не. Серуенге жағымды көңіл-күймен шығуға бейімдеу. | Серуенге жиналу.<br>Мақсаты: өз-өзіне қызмет көрсетуге дағдыландыру: шкафтан сыртқы аяқ киімді алу, шұлықтарды дұрыс кию және бас киім туралы ұмытпау.<br>Серуен кезіндегі ережелері туралы еске саламыз: серуенде қалпақты немесе орамалды шешпейміз;<br>- күн ыстықта көлеңкеде ойнаймыз (верандада, ағаштың астында). | Серуенге жиналу.<br>Мақсаты: серуенге шығудағы ережелермен таныстыру, пысықтау.<br>Қауіпсіздік бойынша жеке және топпен әңгіме жүргізу: серуендеуге барамыз, досымызды қолымыздан аламыз, алаңға жұппен бірге барамыз. Бір-бірімізді итермейміз. | Серуенге жиналу.<br>Мақсаты: балалардың серуендеуге қызығушылығын арттыру.<br>Серуендеуге арналған ойын құралдарын таңдау, балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және бәтеңкенің дұрыс киюлерін бақылау. | Серуенге жиналу.<br>Мақсаты: шкафтан көше аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрауды ауызша айтуды немесе қолмен көрсетуге машықтандыру, сабырлыққа тәрбиелеу.<br>Жазда серуендеу ережелері:<br>- серуенде басына қалпақ немесе орамал кию;<br>- күн ыстықта көлеңкеде ойнау (верандада, көлеңке астында);<br>- ешқашан күн көзіне тура қарама, өйткені бұл сенің көру қабілетіңді нашарлатуы мүмкін. |
| **Серуен** | **Құстарды бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсаты: бақша маңында жиі кездесетін құстарды атауға үйрету, құстардың дене құрылысымен таныстыру.<br>Құстар не жейді және құстарға қамқорлық жасау үшін не істеу керек (жемсауыттар әзірлеу, нан үгіндісін салу).<br>**"Балапандар" ойыны.**<br>Мақсаты: педагогтің нұсқауы, сигнал бойынша бір бағытта жүруге ынталандыру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ойыншықтарды құмнан қағып, тазалау. | **Қаңқызды бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсаты: жәндіктерге деген қызығушылықты қалыптастыру.<br>Балалармен бірге қаңқызды қарау: Қаңқызы ол не істейді? Ол бізден қорқады ма?<br>**"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге баулу, құстарды қимылдарына еліктеуге машықтандыру.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құмды орындықтардан түсіру, сыпыру (щеткалар). | **Масаларды бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсаты: жәндіктерге деген қызығушылықты қалыптастыру.<br>**"Масаны ұста" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға ойындағы "масаны ұста" сөздерінің қимылдарды жасауға деген сигнал ретінде көрсету; бір орында тұрып, екі аяқта секіруге үйрету.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ойыншықтарды құмнан қағу.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. | **Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсаты: ересектің еңбегіне деген қызығушылықты ояту.<br>Аулашы жұмысының нәтижесін атап өту: учаскелерде таза, балаларға ойнауға ештеңе кедергі болмайды.<br>**"Балапандар" ойыны.**<br>Мақсаты: педагогтің нұсқауы, сигнал бойынша бір бағытта жүруге ынталандыру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ойыншықтарды құмнан қағып, тазалау. | **Ауа-райының жағдайын бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсаты: балалардың назарын ауа-райының құбылмалы екендігіне аудару; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Кешке қарай күн батар кезде, салқындайтынын айту.<br>**"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге баулу, құстарды қимылдарына еліктеуге машықтандыру.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құмды орындықтардан түсіру, сыпыру (щеткалар). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Қораптың қақпағын табу" ойыны.**<br>Мақсаты: заттарды үлгі бойынша таңдау.<br>Әртүрлі пішіндегі қораптар (дөңгелек, төртбұрышты, тікбұрышты, үшбұрышты) және соларға сәйкес қақпақтар.<br>Тәрбиеші баланың қолын ұстап тұрып, қораптың ашылуына қажетті пішіні бар қақпақты көрсетеді. Балалар қақпаққа сәйкес келетін қорапты табулары керек. | **"Қуыршақтарға арналған ленталар"**<br>Мақсаты: көлеміне қарай заттарды анықтау (ұзын, қысқа, түсіне қарай)<br>Әр түрлі ұзындықтағы және түрлі-түсті ленталар, үлкен және кішкентай қуыршақтар.<br>Қуыршақтарға: үлкен қуыршақ – ұзын лента, кішкентай қуыршақ – қысқа лента. Көк көйлектегі үлкен қуыршаққа ұзын лентаны, ал қызыл көйлектегі кішкентай қуыршақ үшін – кішкентай қызыл лентаны тағамыз. (балалармен бірге орындалады). Содан кейін балалар өздігінен таңдайды. | **Алынбалы-салынбалы ойыншықтармен ойнау.**<br>Мақсаты: балалардың заттарды өлшемі бойынша салыстыру қабілетін бекіту.<br>Үлкен және кішкентай ойықтары бар алынбалы-салынбалы ойыншық. әр ойыққа өзіне қажетті салынатын бөлшектерін салғызу. | **"Қораптың қақпағын табу" ойыны.**<br>Мақсаты: заттарды үлгі бойынша таңдау.<br>Әртүрлі пішіндегі қораптар (дөңгелек, төртбұрышты, тікбұрышты, үшбұрышты) және соларға сәйкес қақпақтар.<br>Тәрбиеші баланың қолын ұстап тұрып, қораптың ашылуына қажетті пішіні бар қақпақты көрсетеді. Балалар қақпаққа сәйкес келетін қорапты табулары керек. | **"Қуыршақтарға арналған ленталар"**<br>Мақсаты: көлеміне қарай заттарды анықтау (ұзын, қысқа, түсіне қарай)<br>Әр түрлі ұзындықтағы және түрлі-түсті ленталар, үлкен және кішкентай қуыршақтар.<br>Қуыршақтарға: үлкен қуыршақ – ұзын лента, кішкентай қуыршақ – қысқа лента. Көк көйлектегі үлкен қуыршаққа ұзын лентаны, ал қызыл көйлектегі кішкентай қуыршақ үшін – кішкентай қызыл лентаны тағамыз. (балалармен бірге орындалады). Содан кейін балалар өздігінен таңдайды. |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | "Дәрумендердің пайдасы" туралы кеңес. | "Отбасы жағдайында балабақша күн тәртібін сақтау" кеңесі. | "Баланы дұрыс сөйлеуге үйрету" ата-аналарға арналған жаднама. | "Саусаққа арналған жаттығулардың пайдасы" туралы кеңес. | "Құстар" тақырыбына лэпбуктар әзірлеу. |

# Жоспар қандай кезеңге жазылды (айды,жылды,көрсету).Маусым айы 27.06 - 01.07.2022ж

| *Күндері* | **27.06 - 01.07.2022ж.** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | **Нұрлы күн** | | | | |
| *Мекеменің атауы, тобы* | «Қарлығаш»бөбекжай балабақшасы | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | Таңсықбай Г,Әзімова А | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Дене температурасын өлшеп,балаларды қабылдау. Таңертеңгі сүзгі. Ата-аналармен балалардың хал-жағдайы туралы әңгіме. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | Еңбек тапсырмалары: топтың ішін тәртіпке келтіреміз.<br>Мақсаты: балалардың жұмыс істеуге деген қызығушылығын ояту, топтың ішін жинау. Бізде көп ойыншықтар бар: аюлар, қуыршақтар және біз олармен ойнаймыз. біз олармен ойнап болғаннан кейін, жинап, орнына қоюымыз керек. | Еңбек тапсырмалары: бөлме өсімдіктерге күтім жасау.<br>Мақсаты: ересектердің жұмысын бақылау, байқау мен есте сақтауды дамыту. Тәрбиеші бөлме өсімдіктерін суарады. Балаларға қалай суару керектігін көрсетеді:<br>- Арман, маған су құйғышты берші. Мен суды гүлге құямын. | Еңбек тапсырмалары: текшелерді жинау<br>Мақсаты: балаларды тәрбиешінің нұсқауларын тыңдауға, ойыншықтар арасында текшелерді табуға үйрету. | Еңбек тапсырмалары: "Біз орындықтарды орнына қоямыз".<br>Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, ересектерге көмектесу, орындықтарды тез, дұрыс орналастыру. | Еңбек тапсырмалары: балықты қоректендіреміз.<br>Мақсаты: балаларды балықты қоректендіруді көрсету. |
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **Саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсаты: балалардың ойыншыққа, көркем сөзге деген қызығушылықтарын ояту, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Мысық пеш түбінде мысық отыр, (Басбармақ, ортан терек, шылдыр шүмек үшеуі жұмылады)<br>Екі көзін қысып отыр. (Балаң үйрек пен кішкене бөбек көздері боп саусақтарды қимылдатады)<br>Тышқан етін жегісі кеп, (Басбармақ, ортан терек, шылдыр шүмек үшеуі бір-бірін қашай қозғалтады)<br>Тісі оның қышып отыр. | **"Қапшықта не бар?" ойыны.**<br>Мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші жайлы білімдерін бекіту; түйсіну сезімдерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұсақ тастар, жаңғақтар, текшелер, пирамиданың бөліктері.<br>Бала қапшыққа қолын салады, қолына іліккен затты алады. Мысалы, үлкен тас. Бала сипап-сезу арқылы үлкен-кіші зат па екенін анықтайды.<br>Қалған балалар оның жауабының дұрыстығын тексереді. Жуан-жіңішке, ұзын-қысқа өлшемдері бойынша жұмыс осылайша жүргізіледі. | **Саусаққа арналған жаттығу: "Бес саусақ".**<br>Мақсаты: балалардың ойыншыққа, көркем сөзге деген қызығушылықтарын ояту, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек. | **"Матрешка" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету.<br>Балалардың санына есептеліп, бөлшектелген ағаш матрешкалар.<br>Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру. Тәрбиеші балаларға мынадай жұмбақ айтады:<br>Бойы әр түрлі, жұмбағымды тыңдашы,<br>Өзара ұқсас жүзі менен сымбатты.<br>Бір-біріне сыйып кеткен көрінбей,<br>Жиналғанда бір ойыншық сияқты.<br>Осыдан кейін матрешканы бөлшектеп, оның жоғарғы және төменгі бөлігіне балалардың назарын аударады, оларды салыстырады, сонынан қайтадан құрастырады. Тәрбиеші матрешкалардың ең үлкенінен кішісіне қарай орналасу тәртібін көрсетеді. Балалар бір матрешканы екіншісінің ішіне салып, оның қайсысы үлкен екенің анықтайды. Егер бала матрешканың өз бөліктерін үлкен-кішілігі бойынша тауып, оларды бойларына қарай қоя білсе, тапсырма дұрыс орындалған болып есептеледі. Ойын бірнеше рет қайталанады. | **Саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсаты: балалардың ойыншыққа, көркем сөзге деген қызығушылықтарын ояту, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Мысық пеш түбінде мысық отыр, (Басбармақ, ортан терек, шылдыр шүмек үшеуі жұмылады)<br>Екі көзін қысып отыр. (Балаң үйрек пен кішкене бөбек көздері боп саусақтарды қимылдатады)<br>Тышқан етін жегісі кеп, (Басбармақ, ортан терек, шылдыр шүмек үшеуі бір-бірін қашай қозғалтады)<br>Тісі оның қышып отыр. |

| | |
|---|---|
| **Таңғы жаттығу** | Таңғы жаттығу<br>Аяқпенен топ – топ – топ,<br>Алақанмен хлоп – хлоп – хлоп.<br>Бір оңға, бір солға,<br>Айналайық кел мұнда.<br>Қолымызды бір сілтеп,<br>Басымызды шайқайық.<br>Бір оңға, бір солға<br>Ойнайықшы кел мұнда.<br>Секіреміз жоғары,<br>Қиын емес секіру.<br>Бір оңға, бір солға<br>Секірейік кел мұнда.<br>Бір оңға, бір солға<br>Секірейік кел мұнда. |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Мақсаты: тамақты ұқыпты ішуге; үстел үстінде дұрыс отыруды үйрету; тамақтану рәсімінен жағымды әсер алуға бейімдеу.<br>Астың алды үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. |

| Ойындар, оқу қызметіне дайындық | ҰОҚ дайындық мақсатында өткізілетін ойындар мен ойын жаттығулары | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Сылдырауықты сылдырлат" ойыны.**<br>(сылдырауыққа дейін еңбектеп жет).<br>Мақсаты: балаларды ептілікке баулу, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Балалар орындыққа отырады; олардан 2,5-3 м жерде сылдырауық жатыр. Тәрбиеші балаларды кезекпе-кезек атап, сылдырауықпен ойнауды ұсынады. Ол үшін сылдырауыққа еңбектеп барып, оны алады, орнынан тұрады, сылдырлатады қайтадан орнына қояды, сөйтіп, өз орнына келеді. Балалар еңбектеуді үйренген кезде 3-4 сылдырауық қою ұсынылады, сонда қанша сылдырауық болса, сонша бала ойнай алады. | **"Жұбын тап" ойыны.**<br>Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.<br>Мазмұны. Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру. | **"Қимыл ойлап табу" ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың еліктеуге деген ынтасын дамыту; жағымды эмоцияны ояту.<br>Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді.<br>Әдемі шеңберде,<br>Билейік кең жерде.<br>Қолдармен ұстасып,<br>Бәріміз жұптасып.<br>Бірігіп достасып,<br>Бір орында ұстасып,<br>Осылай етіп істейік.<br>Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. | **"Жұбын тап" ойыны.**<br>Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.<br>Мазмұны. Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру. | **"Қимыл ойлап табу" ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың еліктеуге деген ынтасын дамыту; жағымды эмоцияны ояту.<br>Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді.<br>Әдемі шеңберде,<br>Билейік кең жерде.<br>Қолдармен ұстасып,<br>Бәріміз жұптасып.<br>Бірігіп достасып,<br>Бір орында ұстасып,<br>Осылай етіп істейік.<br>Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. |
| Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ | **Дене шынықтыру**<br>"Құстар қанатын қағады"<br>Мақсаты: Балаларды доғаның астынан төрттағандап еңбектеп өтуге үйрету; ересектің көмегімен жәшікке (биіктігі 10–15 см) шығу және одан түсу дағдыларын дамыту; негізгі қимыл түрлерін дамыту және үйлестіру.<br>*«Көңілді қоян» қимылды ойыны.* | **Көркем әдебиет**<br>"Көбелек ұстатпады"<br>Мақсаты: Балаларда көркем шығарманың мазмұнына қатысты айтылатын сұраулы, бұйрықты, лепті интонацияларды түсінуін; тыңдау және мазмұнын белсенді қабылдау дағдыларын дамыту; ойлау қабілеттерін жетілдіру.<br>*Дидактикалық ойын: "Жәндіктер".* | **Сурет салу**<br>"Күн сәулелері"<br>Мақсаты: Қарындашпен сурет салу дағдыларын бекітуді жалғастыру; қағаз бетіндегі қарындаш ізін ажырату, қарындашты оң қолда ұстауға, сары түсті ажыратуды, қысқа сызықтар мен штрихтар салуды үйрету; ұсақ қол моторикасын дамыту; жағымды эмоциялар мен көтеріңкі көңіл-күйлерін ояту; ұқыптылыққа, шыдамдылыққа, табандылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.<br>*Ойын жаттығуы «Күн».* | **Дене шынықтыру**<br>"Көпіршікті үрлейміз"<br>Мақсаты: Балаларды түрлі көлемдегі доптарды жинауға үйрету; арқанның (биіктігі 50 см) астынан төрттағандап еңбектеп өту дағдыларын дамыту; құрдастарымен бірге қатар ойнау білігін қалыптастыру.<br>*«Қуып жет» қимылды ойыны.* | **Мүсіндеу**<br>"Күн"<br>Мақсаты: Ермексазды қолдың тура қозғалысымен жаюды үйренуді жалғастыру, шеңберден күн мен сәулелерін жасау. Өз жұмысының нәтижиесіне қуану.<br>*Саусақ гимнастикасы.* |
| Серуен | **Күннің көзін бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға күн туралы мағлұмат беріп, оны аспанда көруге болатыны туралы түсіндіру, қолмен көрсетуге үйрету..<br>- Балалар, аспанда жарқырап тұрған не?<br>- Ол неге ұқсайды?<br>- Күннің көзі болмаса біз өмір сүре аламыз ба?<br>- Күннің бізге қандай пайдасы бар?<br>Тақпақ:<br>Күн шыққанда:<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты күн шықты!<br>Жер үстінде нұр шықты!<br>**"Күн қояны" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сигнал бойынша қимылдауға үйрету; ересек айтқан сөздерге зейін салып, қимылдарға еліктеуге бейімдеу.<br>Тәрбиеші өзінің жанына бір топ балаларды жинап, айнаның көмегімен күн шұғыласын қабырғаға түсіреді де:<br>Қабырғаға елбеңдеп,<br>Ойнайды сәуле құбылып.<br>Ымдасаң болды «кел» деп,<br>Жетеді демде жүгіріп.<br>Сәл үзіліс жасайды да: «Сәулені ұстаңдар» деген белгі береді. Балалар қабырғаға жүгіріп, қолға тұрмай жалтаңдап тұрған күн сәулесін ұстауға тырысады.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауладағы қоқыстарды жинақтау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойыны. | **Жазда гүлзардағы гүлдерді бақылау.**<br>Мақсаты: Балаларға гүл туралы мағлұмат беру.<br>Гүл деген не?<br>Гүл қандай болады?<br>Ол қайда өседі?<br>Гүлдің қандай түрлерін білесіңдер?<br>Гүлдің пайдасы бар ма?<br>Тақпақ:<br>Гүл өсір сен бағыңда,<br>Тұрсын көздің жауын ап.<br>Бүршік жарған шағында,<br>Үзе көрме жұлып ап.<br>**"Тығылмақ" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сигнал бойынша жан-жаққа жүгіруге баулу; шапшаңдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы бір бала тығылған балаларды іздеуші болып тағайындалады. Ал, басқалары тығылады.<br>Тәрбиеші 10-ға дейін санап болғанша, іздеуші бала көзін жұмып тұрады.<br>Осы сәтте қалған балалар тығылып үлгерулері керек.<br>Бірінші болып табылған бала, іздесуге көмектеседі.<br>Осылай ойын жалғасын таба береді.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары, бақылау: гүлді баптау, топырағын қопсыту.<br>Мақсаты: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру. | **Табиғаттағы өзгерістерді бақылау.**<br>Мақсаты: табиғаттағы өзгерістерді бақылауды жалғастыру (жылу, жасыл шөптер, гүлдер, көбелектер, қоңыздар, балалар жеңіл киінеді, құм және сумен ойнайды).<br>Еңбек әрекеті: ауладағы ұсақ тастар мен таяқтарды жинау. Мақсаты: кішкентайларынан еңбекке баулу.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сигнал бойынша қимылдауға баулу; жан-жаққа тарап жүгіруге ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Балалардың алаңның бір шетінен біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да "терезеге" (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады", - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!" деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер!", - дейді, ойын қайта басталады.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қураған жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойыны. | **Торғайды бақылау.**<br>Мақсаты: торғайдың сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімді тереңдету, балалардың назарын және есте сақтауын дамыту.<br>Балаларға сұрақтар:<br>- Торғай қандай?<br>- Ол не жейді?<br>- Қалай дыбыстайды?<br>Торғай – кең далада тіршілік ететін әнші құс. Денесі сопақша, басы дөңгелек, тұмсығы ұшбұрышты, қанаты ұзын, сұрғылт, боз түсті болып келеді.<br>Тақпақ<br>Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі бұлтиып,<br>Шық-шық етіп отырмақ.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары, бақылау: учаскедегі гүлзарларды тазалауға көмектесу.<br>Мақсаты: еңбекке дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру.<br>**"Маған қарай жүгіріңдер" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: тәрбиешінің белгісімен әрекет жасауға, бір бағытта жүгіруге үйрету.<br>Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс: жылдамдықты дамыту, бір-бірлеріне кедергі келтірмей жүгіруге үйрету.<br>Балалардың еркін ойыны. | **Ауа райын бақылау**<br>Мақсаты: жазға тән белгілерімен таныстыру (күн жарқырайды, далада жылы, біз жұқа киінеміз).<br>Көркем сөз.<br>Жазды ыстық сүйемін,<br>Сайраңдап жүремін.<br>Суына шомылам,<br>Күніне күйемін.<br>Балаларды аспанда күн бар-жоғын қарату. Жазда күн жарқырайды, аспан ашық. Балалар барлығы жеңіл киім киеді.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құмды құмсалғышқа жинау.<br>Мақсаты: құм шашпауға үйрету, ересектерге көмек көрсетуге шақыру.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды алаңда сигнал бойынша жүгіруге, бір-бірін итермеуге, белгі бойынша қимылдарды орындауға баулу. Күн жарқырайды - біз алаңда жүреміз!<br>Жаңбыр басталды - қолшатырдың астына жиналамыз!<br>Құммен ойындар, балаларға қалыптарды құммен толтыруға үйрету.<br>Балалардың еркін ойын әрекеті. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру.<br>"Таза сумен Арман,<br>Беті-қолын жуды.<br>Оған қарап Балжан,<br>Суға қолын созды. | | | | |
| **Түскі ас** | Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз.<br>Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | Кереуеттегі жаттығулар<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық ,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен алдына-артына тербелу. | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлай білуге бейімдеу; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Көрнекілік: топтағы ойыншық.<br>Ойынның мазмұны. Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады. Тәрбиеші нұсқауымен, мысалы: 1 адым алға оңға бұрып, 2 адым алға тура жүруге шақырып, ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп отырса, ойыншықты табады. | **"Түрлі-түсті шарлар" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда түс туралы түсінік қалыптастыруда жағдай жасау; заттардың әртекті түстің арақатынастарын белгілеуге үйрету.<br>Жаттығулар балалардың бастапқы төрт түспен танысуларына бағытталған.<br>Қажетті материалдар: 30х12см өлшеміндегі төрт түс жіптер салынған картон жолақшасы. Төрт әр түрлі түсті картон дөңгелектер - шарлар, олардың түстері жіпшелердегі түстермен сәйкес келеді.<br>Тәрбиеші балаларға әртүрлі түсті жіпшелер салынған картон жолақшасын көрсетеді.<br>Шарларды көрсете отырып, бүгін шарлармен ойнайтындарын ескертеді: "Қазір әр қайсымыздың алдымызда картон жолақшалар жатыр. Мұқият қарап, одан не көріп отырғандарыңды айтыңдаршы. Иә, әр түсті жіпшелер. Енді шарларымызға қарайық, олардағы жіпшелер сияқты әр түрлі түсті екен. Әрбір шарға картонда өз жіпшелері бар. Әр жіпшеге өзіне түстес шарды таңдап алып байлап қоямыз. Қызыл жіпшеге қызыл шарды, сары жіпке сары шарды, көк жіпке көк шарды, сөйтіп барлық жіпшелерге өз шарларын байлаймыз. Міне, оны былай жасаймыз", - деп өзі көрсетіп, олардың дұрыс орналасқандығын айтады. Содан кейін дұрыс байланбаған шарларды көрсетеді: жасыл жіпке сары шарды, қызыл жіпке тоқ сары шарды, көгілдір жіпке күлгін шарды байлап көрсетіп олардың қате байланғандығын айтады.<br>Содан кейін балалар бұл тапсырманы өз беттерімен орындайды. Шарларды таңдауда қиналған балалардың қасына келіп, тәрбиеші алдымен екі жұп шарды байлап көрсетеді де, қалған шарларды баланың өзінің байлауын талап етеді. | **"Пирамида жинау" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға пирамида жинауға, пирамида сақиналарының түс атауларын есте сақтауға үйретуді жалғастыру<br>Пирамида кішкентай, 3 сақинадан тұруы қажет. | **"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлай білуге бейімдеу; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Көрнекілік: топтағы ойыншық.<br>Ойынның мазмұны. Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады. Тәрбиеші нұсқауымен, мысалы: 1 адым алға оңға бұрып, 2 адым алға тура жүруге шақырып, ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп отырса, ойыншықты табады. | **"Жұмбақ түймелер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: түс атауларын бекіту, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Тақта 4 бөлікке бөлінген, түрлі түсті, оған 4 түйме мен 4 лента бекітілген, олардың әрқайсысы белгілі бір түске сәйкес келеді.<br>Тәрбиеші балаға түрлі түсті 4 бөлікке бөлінген тақтаны көрсетеді-бұл түймелерге арналған үйлер. Әр түйме өз түстерінің үйінде тұрады және балалардан үй түймелерін табуға көмектесуін сұрайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Серуенге жиналу.<br>Мақсаты: балаларды серуендеуге ынталандыру. Серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер айту. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттерін пысықтау.<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. | Серуенге жиналу.<br>Мақсаты: балаларды серуендеуге ынталандыру. Серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер айту. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттерін пысықтау.<br>Серуенге шығайық,<br>Күннің нұрын алайық,<br>Таза ауаны жұтайық.<br>Жүрекке жылу сыйлайық. | Серуенге жиналу.<br>Мақсаты: балаларды серуендеуге ынталандыру. Серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер айту. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттерін пысықтау<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. | Серуенге жиналу.<br>Мақсаты: балаларды серуендеуге ынталандыру. Серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер айту. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттерін пысықтау.<br>Серуенге шығайық,<br>Күннің нұрын алайық,<br>Таза ауаны жұтайық.<br>Жүрекке жылу сыйлайық. | Серуенге жиналу.<br>Мақсаты: балаларды серуендеуге ынталандыру. Серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер айту. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттерін пысықтау<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. |
| **Серуен** | **Күнді бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсаты: күнге дешен қызығушылықты ояту; күннің аспанда орналасқаны туралы ұғымды қалыптастыру.<br>**"Көбелекті гүлге қондыр" ойыны.**<br>Мақсаты: сигнал бойынша алаңда жайылып жатқан гүлдердің кескіндеріне бір көбелектің бейнесін түстеріне сай қондыруға дағдыландыру; түстерді қабылдау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>Құралдар: негізгі түстерге боялған көбелектер мен гүлдердің қағаздан кескіндері.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құмсалғышты қоқыстан тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | **Гүлзардағы өсімдіктерді бақылауды жалғастыру.**<br>Масқсаты: гүлдерге деген қызығушылықты ояту; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Кешке гүлзарлардағы көптеген өсімдіктер күлтелерін жабады.. Бірақ олар жақсы өсуі үшін кешке оларды қайтадан суару керек.<br>**"Тауық және балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: сигнал бойынша қимылдауға баулу; ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құмсалғышты құрғақ жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | **Ауа райының жағдайын бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсаты: ауа-райының құбылмалы екендігіне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Балаларды аспанда күн бар-жоғын көрсету.<br>Балалардың назарын ауа-райы кешке қарай өзгеретініне аудару: күн салқындай бастайды. Күн кешке батады, ал таңертең қайтадан шығады.<br>**Саусақпен құмға жолақтар мен толқындарды салу.**<br>Мақсаты: балалардың қиялын дамыту, түзу және ирек жолдарды салу қабілетін дағдыландыру.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құмсалғышты құрғақ жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | **Торғайды бақылау**<br>Мақсаты: торғаймен танысуды жалғастыру, қызығушылықты арттыру.<br>Бақылау барысы.<br>- Балалар, мұқият қараңдаршы. Торғайдың несі бар? (Басы, денесі, қанаттары, аяқтары, тұмсығы, көздері.)<br>- Торғайдың қанаттары не үшін қажет?<br>- Иә. Торғай ұшады.<br>Көркем сөз<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң болмайды.<br>Шыр-шыр еткен торғайлар,<br>бау-бақшаны қорғайды.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: торғайға жем (нанды үгітуді) дайындау.<br>Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды өз бетінше орындауға ынталандыру, торғайға жем беруге үйрету.<br>**"Торғайлар мен мысық" ойыны.**<br>Мақсаты: алаңда шашырап жүгіруді үйрету, жылдамдығын дамыту, белгі бойынша әрекет ету.<br>Мысық рөлінде тәрбиеші, торғайлар балалар болады. Мысық трғайларды ұстап алуға тырысады.<br>Балалардың еркін ойын әрекеті. | **Ауа райын бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсаты: күннің аспанда болуын немесе болмауын (бұлттарда жасырынғанын) байқауға баулу; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Балаларды аспанда күн бар-жоғын көрсету.<br>Балалардың назарын ауа-райы кешке қарай өзгеретініне аудару: күн салқындай бастайды. Күн кешке батады, ал таңертең қайтадан шығады.<br>**Саусақпен құмға күннің суретін салу.**<br>Мақсаты: балалардың қиялын дамыту, дөңгелек пішіндерді салу қабілетін дағдыландыру.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құмсалғыштың бетін тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. |
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Лото" үстел ойыны.**<br>Мақсаты: жемістер мен көкөністерді топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: жемістер, көкөністердің суреттері бойынша. | **"Үшіншісі артық" ойыны.**<br>Мақсаты: бір топ заттарға сәйкес келмейтін затты (геометриялық пішінді) алып тастау немесе боямау керек және топты жалпылама сөзбен атау қажет.<br>Есту немесе көрсету арқылы жұмыс жасау.<br>Тәрбиеші бір қатар сөздер айтады да, солардың ішінде сәйкес келмейтінді бөліп көрсетуді сұрайды,<br>мысалы: 2 шеңбер, 1 төртбұрыш (пішін бойынша), 2 қызыл пішін және 1 жасыл пішін (түс бойынша). | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар.**<br>Мақсаты: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**"Шапалақты тыңда" ойыны.**<br>Мақсаты: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. | **"Сұр қоян жуынып жатыр" ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың еліктеуіш қабілеттерін жетілдіру; жағымды эмоцияларды дамыту; жан-жануарларға деген қызығушылықты ояту.<br>Ойнаушылар біреуі қоян болады. Барлық қалған балалар дөңгелениіп тұрады. Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады:<br>Бармақ боп тойға сұр көжек,<br>Жуынып жатыр бүгжеңдеп:<br>Тұмсығын жуды,<br>Құйрығын жуды,<br>Құлағын жуды – түртінді,<br>Құп-құрғақ боп сүртінді.<br>Қоян текстке байланысты қимылдардың бәрін жасайды – тұмсығын, құйрығын, құлағын жуады, бәрін сүртеді. Бұдан кейін ол қос аяқтап секіреді, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді (қонаққа келе жатыр). Ол баланың орнын басады, ойын қайталанады.<br>5-6 қоян ауысқаннан кейін ойын аяқталады. | **Дидактикалық ойын: "Не өзгерді?»**<br>Мақсаты: балаларда кеңістіктікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: әртүрлі ойыншықтар жиынтығы.<br>Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият карауды талап етеді.<br>Балалар олардың орналасуын есте сақтайды.<br>Тәрбиеші сұрайды балалардан көздерін жұмып, артқа карауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды.Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсыңдар деп?».<br>Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Фребель ойыншығы" туралы мәлімет беру. | "Күн сәулесінен қорғану" тақырыбына кеңес беру. | "Өзіне-өзі қызмет етуге дағдыландыру" туралы кеңес. | "Лего ойыншықтарының маңызы" туралы кеңес. | "Демалыс күндеріндегі баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру" атты тақырыпта та-аналармен кеңес. |

## Жоспар қандай кезеңге жазылды (айды,жылды,көрсету).Шілде айы 04.07, 05.07, 07.07, 08.07.2022ж.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Апта нөмірі* | | | | | |
| *Күндері* | **04.07, 05.07, 07.07, 08.07.2022ж.** | | | | |
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | **Жидектерден тосап қайнатамыз** | | | | |
| *Мекеменің атауы, тобы* | «Қарлығаш»бөбекжай балабақшасы | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | Таңсықбай Г,Әзімова А | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсен бі*** | ***Сейсен бі*** | ***Сәрсен бі*** | ***Бейсен бі*** | ***Жұм а*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Таңертеңгі сүзгі. Балаларды қабылдау. Температураны өлшеу. Денесін және тамағын тексеру. Баланың жалпы денсаулық жағдайын анықтау. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | Еңбек тапсырмалары: "Біз орындықтарды орнына қоямыз".<br>Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, ересектерге көмектесу, орындықтарды тез, дұрыс орналастыру. | Еңбек тапсырмалары: балықты қоректендіреміз.<br>Мақсаты: балаларды балықты қоректендірудікөрсету. Өздеріне жем шашуды үйрету. | | Еңбек тапсырмалары: кітаптарды орнына сөрелерге қойдыру.<br>Мақсаты: кітаптарға ұқыпты қарауға, ересектергекөмектесуге тәрбиелеу. Кітаптарды сөрелерден оқуға алғаннан кейін, орнына қоюға үйрету. | Еңбек тапсырмалары: топтың ішін тәртіпке келтіреміз.<br>Мақсаты: балалардың жұмыс істеуге деген қызығушылығын ояту, топтың ішін жинау. Бізде көп ойыншықтар бар. Біз олармен ойнап болғаннан кейін, жинап, орнына қоюымыз керек.Оларды сындырмай, ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. |
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Суретті құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға екі бөліктен тұратын суреттенбір тұтас суретті құрастыруды үйрету; қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Доп, үй, ағаш және т.б. бейнеленген бірнеше суреттер екіге бөлініп, балаға ұсынылады. Балағаұсақ бөлшектердін тұтас суретті құрастырып, шығарулары керек. | **"Аю орманда" қимыл-қозғалыс ойын.**<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбайойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Қорбаңдаған аюдың (Аю сияқты жүреді) Құлпынайы көп екен. (Құлпынайды іздеу қимылын жасайды)<br>Теріп-теріп алайық, (Құлпынайды тереді) Қалтамызға салайық, (Себеттеріне салады) Тәрбиеші: мұнда қанша жидек бар және себетті "байқаусызда" құлатады. Жидектер (кішкене доптар) жерге шашылады, балалар оларды жинайды. | | **"Алма ағашы" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбайойнауға, мәтіннің сөзіне сай қимыл жасауға дағдыландыру.<br>Алма ағашы өседі (балалар ақырындап орнынантұрады),<br>Тіпті биік деседі ( балалар қолдарын көкке созып,аяғының ұшымен тұрады).<br>Содан кейін гүлдейді (балалар саусақтарының арасын ашып, оңды - солды шайқала бастайды), Мұны «Жас дос, біл!» - дейді (балалар орындарына отырады). | **Құлпынай туралы тақпақты жаттау.**<br>Мақсаты: көркем сөзге деген қызығушылықты қалыптастыру; есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын кеңейту.<br>Жапырақты<br>тасалап, Өскен<br>жері бақша-бақ,<br>Күрең қызыл<br>шіркін-ай,Оның<br>аты – құлпынай. |

| | |
|---|---|
| **Таңғы жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені.<br>1. "Күн" ойыны:<br>Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында,бос, түсірулі.<br>Орындалуы: қолды жоғары көтеру, тартылу, қолды түсіру.<br>Қайталануы: 4 рет.<br>2. "Тук-тук" ойыны:<br>Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде.<br>Орындалуы: алға иілу, алақандарымен тізелерін соғу.<br>Қайталануы: 4-5 рет.<br>3. "Жасырынбақ" ойыны:<br>Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол төменде<br>Орындалуы: жүрелеп отыру – "балалар тығылды", алақандарды тізеге қою.Қайталануы: 4-5 рет. |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Мақсаты: балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу; әдеп ережесін қалыптастыру.<br>Ас ішерде күнде<br>біз Сөйлемейміз<br>күлмейміз Астан<br>басқа өзгені<br>Елемейміз,<br>білмейміз. |
| **Ойындар, оқу қызметіне дайындық** | **ҰОҚ дайындық мақсатында өткізілетін ойындар мен ойын жаттығулары** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Матрешкаға қонаққа бару" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету.<br>Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кішіматрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың жоғарғы және төменгі жартысынүлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру.<br>Ойынды қайталап өткізгенде балалардың ынтасын туғызу үшін матрешка туралы кітаптарды көрсетуге болады. Осыдан кейін матрешканы бөлшектеп, оның жоғарғы және төменгі бөлігіне балалардың назарын аударады, оларды салыстырады, соңынан қайтадан құрастырады. Тәрбиеші матрешкалардың ең үлкенінен кішісіне қарай орналасу тәртібін көрсетеді. Балалар бір матрешканы екіншісінің ішіне салып, оның қайсысы үлкен екенің анықтайды. Егер бала матрешканың өз бөліктерін үлкен-кішілігі бойынша тауып, оларды бойларына қарай қоя білсе, тапсырма дұрыс орындалған болып есептеледі. Ойын бір- екі рет қайталанады. | **"Даусына қарай ажырат?" дидактикалық ойын.**<br>Мақсаты: балалардың үй жануарларының дауыстары жөнінде білімдерін тексеру жәнежетілдіру.<br>- Балалар, мен сендерге әр түрлі дауыстарды саламын, ал сендер сол дауыс қай жануардыңдаусы екенін табасыңдар.<br>- Мияу – мияу?<br>- Мысық.<br>- Аф – аф – аф?<br>- Күшік.<br>- Ку – ка – ре – ку?<br>- Тауық.<br>- Мәқ – мәқ?<br>- Қой.<br>- Мө – ө – ө – ө?<br>- Сиыр. | **"Лақтыр да қағып ал" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардыептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу; тәрбиешінің берген белгісін мұқияттыңдай білуге үйрету.<br>Ойынның шарты. Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптанболады. Тәрбиешінің "баста", - деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет лақтырып қағыпала алады, соны санайды. | **"Не өзгерді?" ойыны.**<br>Мақсаты: қабылдауды, зейінді, есте сақтаудыдамыту; ақыл-ойды, байқауды тәрбиелеу.<br>Құрал-жабдықтар: түрлі заттар мен ойыншықтар.Барысы.<br>Тәрбиеші балалардың алдында таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Саны алдымен 2-3-тен басталады, содан кейін оны 5-6-ға дейін жеткізуге болады.<br>Ойыншықтар қатарға қойылған кезде балаларолардың сериялық нөмірін айта алады.<br>Балалар көздерін жұмады, мұғалім қатардағыойыншықтардың орнын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашып, ойыншықтың қай жергекөшкенін айтады. | **"Тыныс алуды реттеу" жаттығуы.**<br>Мақсаты: тыныс алу жаттығуларын дұрыс жасауға баулу; санау арқылы тыныс алуды реттеуге, дем алу, дем шығаруды дұрыс жасауғаүйрету.<br>Барысы.<br>Тәрбиеші санау арқылы тыныс алуды үйретеді.Содан кейін барып, тыныс алу жаттығуларын жасауға кіріседі.<br>Жаттығу барысында тақпақтар, өлеңдер немесесөздерді айтуға болады. |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері,балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Таза ауада<br>шынығып,<br>Серуенге<br>шығайық.<br>Киімдерді тез | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br><br>Серуенге шығайық,<br>Күннің нұрын<br>алайық, Таза ауаны<br>жұтайық. Жүрекке | Аланда ашық ойындар өткізу кезінде:<br>- ойын ережелерін мұқият тыңдау;<br>- ойынды тәрбиешінің белгісінен кейін бастау ;<br>- тек белгілі бір жерде ойнау;<br>- лақтыру кезінде адамдарды көздемеу;<br>- лақтыру кезінде белгіден кейін допты лақтыружәне жүгіру;<br>- ойын кезінде бір-бірімізді итермеу. | Серуенге деген құштарлықты ояту, серуенге қажетті құралдарды әзірлеу, балалармен жекесұхбат жүргізу, киімдерді реттілікпен кию: жейде, шалбар, бас киім және аяқ киім. | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br><br>Серуенге шығайық,<br>Күннің нұрын<br>алайық, Таза ауаны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | киіп, Ойнап-<br>ойнап алайық. | жылу сыйлайық. | | | жұтайық. Жүрекке<br>жылу сыйлайық. |
| **Серуен** | **Балабақша ауласына ұшып келген құстарды бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсаты: құстарға деген, қимылдарына қызығушылықты тудыру; бақылағыштыққатәрбиелеу.<br>Балалардың назарын құстардың қалай қозғалатынына аудару: жүру, секіру, ұшу. Олартамақ жегенде, шұңқырдан су ішеді.<br>**"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге баулу, құстарды қимылдарынаеліктеуге машықтандыру.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайымеңбек тапсырмалары: құмсалғыштың бетін тазалау.<br>Балалардың еркін ойындары. | **Күнді бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсаты: күн туралы ұғымдарын тиянақтау;бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Күн күндіз жоғарыда тұрғанда — ыстық болады, кешке күн төменде тұрғанда, күн салқын болады. Жазда күн ұзаққа созылады, түндер қысқа болады.**"Топ-топ басайық" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды еліктеу әрекеттерін орындауға үйрету; жағымды эмоцияларды дамыту.Қолдарынан ұстап, шеңбер бойымен жүргізу, басынан баяу, біртіндеп тез жүргізу.<br>Топ, топ, топ<br>басайық.<br>Жалаудан күн<br>жасайық. Жаса,<br>жаса алтын күн,<br>Жаса, жаса<br>жарқын күн!<br>Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс: кеңістіктібағдарлауға арналған жаттығулар.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ойыншықтарды құмнан қағу.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>Балалардың еркін ойыны. | **Жасыл шөпті бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсаты: талаларға өсімдіктерге жылу және суқажет екеніндігін айтып түсіндіру; сөздік қорын кеңейту (шөп, жасыл); шөпті жұлмауға, оларға дұрыс қарауға үйрету.<br>**"Жалаушаға жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.**Мақсаты: тәрбиешінің белгісіне сәйкес қимылдарды дұрыс орындауға үйрету, зейінді дамыту, түстерді ажырата білуге баулу; жүгіру және жүру қабілеттерін жетілдіру.<br>**"Күрке тауық және балапандар" ойыны.** Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалыстарын белгі бойынша орындау, әр түрлі бағытта жүгіружәне өрмелеу қабілеттерін дамыту.<br>Балалардың еркін ойын әрекеті. Шығарылатын құралдар: қалақшалар, сыпырғыштар, зембілдер, қалыптар, қарындаштар, қағаз парақтары.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайымеңбек тапсырмалары: құмсалғыштың бетін тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. | **Гүлдерді бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсаты: гүлдерге деген қызығушылықты арттыру; әсемділікке, зеректікке тәрбиелеу. Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,<br>Қызыл гүлдер, көк<br>гүлдер.Өсе берші<br>нұрланып,<br>Өсе берші ырғалып.<br>**"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалысойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сигнал бойынша жұптарғажиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы маскалар: гүлдер менаралар.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары, бақылау: гүлдерді суару. Мақсаты: қарапайым еңбекпен таныстыру.<br>Балалардың еркін ойындары. | **Ағаштар мен бұталарды бақылау.**<br>Мақсаты: бұталар мен ағаштар туралы білімді бекіту. Ағаштар мен бұталар арасында ұқсас және әртүрлі белгілерді табуға үйрету.<br>Ағаштармен бұталарға ұқыпты қарайды.<br>Балаларға балабақша аумағында қандай ағаштармен бұталар өсетінін көрсету. Ағаш пен бұтаның айырмашылығы неде екенін көрсету. Ағашта діңі бар екенін, ал бұтада айқын дің жоқ. Ағаш бұтадан биік болып өседі.<br>Көркем сөз.<br>Жақсылықты<br>қолдаймыз,<br>Табиғатты<br>қорғаймыз.<br>Гүл егеміз<br>бақтарға,<br>Айналасын<br>қоршаймыз.<br>**"Тышқан мен мысық" қимыл-қозғалысойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сигнал бойынша жан-жаққашашырап жүгіруге баулу; кейіпкерлердің әрекетіне қарап, жағымды көңіл-күйге бөленуге тәрбиелеу.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары, бақылау: ойыншықтардыжууға су әкелу.<br>Мақсаты: тәрбиешінің тапсырмасын түсінугеүйрету.<br>Балалардың еркін ойындары. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Түрлі-түсті моншақтар" жаттығуы.** Мақсаты: негізгі түстер туралы білімді пысықтау, түстер реттілігіне үйрету; ұсақ қол моторикасын дамыту. | **"Қуыршаққа арналған жиһаз" ойыны.** Мақсаты: балаларды жақын отырып, құрылыс материалдан қарапайым жиһаз заттарды құрастыруға баулу; арақатынастарды нығайту. Үлкен құрылыс (лего) құрастырғышынан қуыршаққа жиһаз жасау, бөлме ішін әсемдеуге үйрету. | **"Пирамида сақиналары" ойыны.** Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Үш бөліктен тұратын пирамидаларды құрастыру. | **Түрлі-түсті қыстырғыштармен ойын.** Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; оларды қысқыштармен жұмыс жасауға икемдеу. Балалардың ұсақ моторикасын дамыту. Саусаққүштерін жетілдіру. | **Сылдырмақпен ойын.** Мақсаты: сылдырмақпен белгілі ырғаққа сайсілку қимылдарын жасауға ынталандыру; ырғақты есту қабілетін жетілдіру: жағымды эмоцияларды дамыту. Тәрбиешінің белгісімен сылдырмақты дұрыс пайдалана білуге үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Сұраныс бойынша кеңес өткізу. | "Күн, ауа және су - біздің достарымыз" атты жаднама әзірлеу. | "Тәні саудың-жаны сау" атты лэпбук жасау. | "Кешкі мезгілдегі баланың үйдегі әрекеті" жаднама. | "Менің сүйікті жануарым" тақырыбына фотоколлаж жасау. |

**Жоспар қандай кезеңге жазылды (айды,жылды,көрсету).Тамыз айы 22.08 - 26.08.2022ж.**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Күндері* | **22.08 - 26.08.2022ж.** | | | | |
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | **Біз өте татумыз** | | | | |
| *Мекеменің атауы, тобы* | «Қарлығаш»бөбекжай балабақшасы | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | Таңсықбай Г,Әзімова А | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Таңертеңгі қабылдау. Балалардың денесін тексеру. Ата-аналармен баланың жалпы көңіл-күйі туралы әңгіме. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | Еңбек тапсырмасы: топтың ішін тәртіпке келтіру. Тазалық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Еңбек тапсырмасы: орындықты дымқыл шүберекпен сүртуді көрсету.. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға тәрбиелеу. | Еңбек тапсырмасы – топтың ішіндегі ойыншықтарды жинау. Қарапайым тапсырмаларды орындауға тәрбиелеу. | Еңбек тапсырмасы: ойын бұрышында өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аударту, оларды атаужәне орнына қойғызу. | Еңбек тапсырмасы: бөлме гүлдерінің жапырақтарын сүртуді көрсету. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, өсімдіктергеұқыпты қарауға тәрбиелеу. |
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Қайдасың? Ку-ку!" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды педагог немесе басқа аталған объектіге назар аударуға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту (шағын топтардағы ойын).<br>Тәрбиеші "ку-ку" дейді де, орамалдың артына тығылып қалады. Балалар біраз уақыт қарап, күтеді. Тәрбиешінің міндеті: балалардың назарын орамалмен мүмкіндігінше ұзақ ұстау. Біраз уақыт ештеңе болмайды. Балалар апайларын күтеді, өйткені орамалдың артынаншығады деп, күтіп отырады. Тәрбиеші пайда болған кезде, ол балаларды шақырады. Сол кезде балалар қуанады.<br>Балалар мен тәрбиеші күледі.<br>Ойын осылайжалғаса береді. | **Саусақтарға арналған жаттығу.**<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын,жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке, топтастарына деген сенімділікті арттыру.<br>Бала, бала,<br>балақан, Қане,<br>қайсы алақан.<br>Саусақтарың<br>әйбат,<br>Былай, былай ойнап.<br>(Саусақтарын ары-бері айналдырады) | **"Қайдасың? Ку-ку!" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды педагог немесе басқа аталған объектіге назар аударуға машықтандыру;жағымды эмоцияларды дамыту (шағын топтардағы ойын).<br>Тәрбиеші "ку-ку" дейді де, орамалдың артына тығылып қалады. Балалар біраз уақыт қарап, күтеді. Тәрбиешінің міндеті: балалардың назарынорамалмен мүмкіндігінше ұзақ ұстау. Біраз уақытештеңе болмайды. Балалар апайларын күтеді, өйткені орамалдың артынан шығады деп, күтіп отырады. Тәрбиеші пайда болған кезде, ол балаларды шақырады. Сол кезде балалар қуанады.<br>Балалар мен тәрбиеші күледі.<br>Ойын осылайжалғаса береді. | **Саусақтарға арналған жаттығу.**<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын,жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке, топтастарына деген сенімділікті арттыру.<br>Бала, бала,<br>балақан, Қане,<br>қайсы алақан.<br>Саусақтарың<br>әйбат,<br>Былай, былай ойнап.<br>(Саусақтарын ары-бері айналдырады) | **Саусаққа арналған жаттығу: "Сәлем".**<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке дегенсенімділікті арттыру.<br>Сәлемдесем әрдайым (Екі қолдарын айқастырыпкеуделеріне қояды)<br>Үйде және бақшада. (Екі қолдарын алға жаяды)Тіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттарын" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)<br>Қасымдағы көршіме.(Бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан- жаққа аша "күн" жасайды) |

<table>
<tr><td>Таңғы жаттығу</td><td colspan="5">"Сылдырмақпен".<br>Б.қ. Аяқ алшақ, сылдырмақ төменде;<br>1-2 сылдырмақты жоғары көтеріп<br>сылдырату;3-4 б.қ. (4 рет)<br>Т.с.<br>1-2 сылдырмақты<br>алға созу;3-4 артқа<br>тығу;<br>Б.қ. –т.с.<br>1-4 отырып сылдырмақты<br>тізеге соғу;5-6 б.қ. келу;<br>(3рет)<br>Сылдырмақпен жүгіру (10сек)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)</td><td colspan="5">Мақсаты: балалардың беті мен қолын жууға, таңғы асқа отыруға ынталандыру; тамақтану мәдениетіне қызығушылық тудыру; таң анғаннан кейін бет пен қолды жууға баулу.<br>Алақай! Ботқа<br>пісіпті! Дәмін көрсе,<br>тәп-тәтті. Қанекей,<br>қасықпен асаймыз,<br>Ботқаны тауысамыз.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ойындар, оқу қызметіне дайындық</td><td colspan="5">ҰОҚ дайындық мақсатында өткізілетін ойындар мен ойын жаттығулары</td></tr>
<tr><td>Саусаққа арналған жаттығу: "Бес саусақ".<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларын дамыту; көркем сөзді ересекке ілесіп айтуға ынталандыру.<br>Бас бармақты басқа саусақтарға түйістіріп шығу.<br>Оң қолымда бес<br>саусақ, Сол<br>қолымда бес<br>саусақ.Оларды<br>атап шақырар,<br>Әрқайсысының<br>аты бар.Бас<br>бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр<br>шүмек,<br>Кішкене<br>бөбек.</td><td>"Түймені түймелеу және шешу" ойыны.<br>Мақсаты: зейінді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту<br>Құрал-жабдықтар: қатты матада түрлі-түсті түймелер мен түрлі өлшемдегі ілмектер орналасқан.<br>Балалар түймелерді түймелейді, артынан шешеді. Тәрбиеші алдымен өзі көрсетеді, кейін балалардың жасағанын қадағалайды.</td><td>"Сиқырлы қапшық" ойыны.<br>Мақсаты: балаларға ойыншықтарды дұрыс атауға үйрету, ойлау қабілетін дамыту<br>Балаға жақсы таныс ойыншықтарды "Сиқырлы қапшыққа" салыңыз.<br>Тәрбиеші қапшықтан ойыншық алады: "Бұл не? Түлкі! Түлкі! Түлкі қандай? Тәрбиеші ойыншықты арқасынан сипайды және балалардан оны сипауды сұрайды: "Түлкі әдемі! Құйрығы әдем!" Тәрбиеші ойыншықты артына жасырады:<br>"Түлкі қайда? Ол ойыншықты алады - міне, түлкі."Түлкі қандай? Айлакер, қу. Түлкіде не бар?<br>Басы, аяқтары, құйрығы бар. Оның құйрығы қайда? Түлкінің құйрығы қандай? Оның көзі қайда?"<br>Ойын жалғасады. Әр ойыншықпен осылай сипаттау арқылы ойналады.</td><td>Саусаққа арналған жаттығу: "Бес саусақ".<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларын дамыту; көркем сөзді ересекке ілесіп айтуға ынталандыру.<br>Бас бармақты басқа саусақтарға түйістіріп шығу.Оң қолымда бес<br>саусақ,<br>Сол қолымда бес<br>саусақ.Оларды<br>атап шақырар,<br>Әрқайсысының<br>аты бар.Бас<br>бармақ,<br>Балаң<br>үйрек,<br>Ортан<br>терек,<br>Шылдыр<br>шүмек,<br>Кішкене<br>бөбек.</td><td>"Жолдар салу" ойыны.<br>Мақсаты: балаларға ойын әрекеттерін өз бетінше орындауға үйрету; ойлау қабілетін, зейінді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: жіптер, баулар.<br>Балалар үстелге немесе еденге жіп немесе баулардың көмегімен жолдар салулары қажет.Алдымен түзу жол жасау, содан кейін ирек жолдар жасаткызу. Жасаған жолдарымен қуыршақты жүргізу.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Дене шынықтыру**<br>"Жаттығуларды орындаймыз"<br>Мақсаты: Балаларды текшелерден аттап жүруге; допты алға, жоғары лақтыруға үйрету; тәрбиешімен бірге гимнастикалық орындықтың үстімен жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойындарға қызығушылықтарын ояту.<br>*«Тасбақа» ойыны.* | **Көркем әдебиет**<br>"Құмырсқа"<br>Мақсаты: Балаларды құмырсқа туралы білімдерін жетілдіру; оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру; тақпақтың ырғағына көңіл күйін білдіру; тақпақтың мазмұнын белсенді қабылдау дағдыларын дамыту; эмоционалды көңіл-күйлерін білдіруге ынталандыру.<br>*Дидактикалық ойын: "Жәндіктер".* | **Сурет салу**<br>"Жайдары, жаз келді!"<br>Мақсаты: Қылқаламды дұрыс ұстауды, сурет салудың әртүрлі тәсілдерімен техникасын қолдануды, негізгі түстерді ажыратуды, түзу сызықтар жүргізуді үйрету; сурет салуға қызығушылықтарын арттыру; көру қабілеттерін, қиялдарын дамыту; тиянақтылыққа, ынтымақтастыққа, қатынастық дағдыларын тәрбиелеу.<br>*Еліктеу-ойыны «Күн».* | **Дене шынықтыру**<br>"Жемістерді себетке жинайық"<br>Мақсаты: Балаларда текшелерден аттап жүруге; допты алға, жоғары лақтыру дағдыларын дамыту;оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту; негізгі қимыл түрлерін дамыту және үйлестіру.<br>*«Жемістерді себетке жинайық» ойыны.* | **Мүсіндеу**<br>"Тату отбасы"<br>Мақсаты: "Тату отбасы" тақырыбында балалардың ермексазды мүсіндеуі үшін әлеуметтік жағдай туғызу; ермексазды кесектен ажырату, алақанның ортасына салып айналдыру,ермексазды дөңгелекке айналдыру қабілеттерін дамыту.<br>*Өздік мүсіндеу.* |
| **Серуен** | **Ағаштар мен бұталарды бақылау.**<br>Мақсаты: ағаштар мен бұталардың жаздағы ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу; өсімдіктерге сүйіспеншілігін туғызу.<br>Ағаштарды бұтағын, жапырақтарын қарау. Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайымеңбек тапсырмалары: қураған жапырақтардыжинау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Өз ағашыңды тап" қимыл-қозғалысойыны.**<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға баулу, зейіндідамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойыны. | **Ойыншықтарды бақылау.**<br>Мақсаты: ойыншықтардың қасиеттеріне көңіл аудару; ұқыптылыққа, жинақылыққа, зеректіккетәрбиелеу.<br>- Балалар, бүгін біз сендермен ойыншықтарменойнаймыз. Барлық балалар өздеріне ұнаған ойыншықтармен ойнап, соларға ат қояды.<br>Өздері ойыншық сатушы, бірі алушы болыпойнайды.<br>Ойыншықтарды сендер үшін жасайтын зауыттар болады. Сондықтан ойыншықтармен сындырмай, ұқыпты болыпойнау керек.<br>Ойыншықтар әлемінде сатушы мен сатып алушының арасыдағы қарым-қатынас арқылыәдептілкке баулу.<br>Тақпақ<br>Біздерде бар<br>қуыршақ, Бұзау,<br>қозы, құлыншақ.<br>Ойыншықтар<br>тыңдайды,Өмір<br>беріп бұйырсақ.<br>**"Тығылмақ"<br>ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сигнал бойынша жан-жаққа жүгіруге баулу; шапшаңдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы бір бала тығылған балалардыіздеуші болып тағайындалады. Ал, басқалары тығылады.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайымеңбек тапсырмалары, | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың ересектердің еңбегінедеген қызығушылығын арттыру.<br>Бүгін біз сендермен ауладағы адамдардыңжұмыстарын бақылаймыз.<br>Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрліболып келеді.<br>Жазда қоқыстарды жинап, ауланы сыпырады, гүлдерді суарады, шөп жұлады. **"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс.<br>Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Балаартына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек.<br>Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайымеңбек тапсырмалары, бақылау: ағаштардан түскен жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды бірлесе жұмыс жасай білугебаулу. | **Кішкентай балаларды бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың өзге балаларға деген қызығушылығын арттыру; байқағыштыққатәрбиелеу.<br>Балалардың жазда қалай киінетіндеріне назар аудару: жеңіл көйлектер, шолақ шалбар, бас киімдер – орамалдар, жеңіл қалпақтар(күннің көзі басты қыздырмас үшін), жазғы киімдер ашық түсті болуғатиіс екеніне көңіл аудару. Балалар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Ізгілік және қамқорлық сезімін тәрбиелеу.<br>**"Жұппен жарыса жүгіру" қимыл-қозғалысойыны.**<br>Мақсаты: күнделікті белсенді қозғалтқышқызметінің қажеттілігін қалыптастыру.<br>Белгі бойынша қолдарынан ұстасып жұппен жарысажүгіру.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбектапсырмалары: ойыншықтарды құмнан қағу, жинау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу; бірлескен әрекетке өз ықыласымен қатысуға бейімдеу.<br>Балалардың еркін ойыны. | **Жәндіктерді бақылау: (инелік, ара, маса,<br>шыбын, көбелек).**<br>Мақсаты: жәндіктерге қызығушылықты арттыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Бала бақша ауласында ағаштарда, шөптің айналасында жәндіктердің көп түрі болатындығы туралы балаларға айту. Түрлі қоңыздар, көбелектер, инеліктер, шыбын, ара, масалар туралы білімдерін бекіту.<br>Олардың пайдасы мен зияны жөнінде ұғымды қалыптастыру.(аралар бал жинайды, өсімдіктерге зиянын тигізетін құрт- құмырсқаларды инеліктер жейді) **"Шалғындықта үш сайыс" қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>Бастапқы орынды сақтап, жерде жатқан доға арқылы аттап өтуге үйрету, шыдамдылық жәнекүштің әсер етуіне мүмкіндік туғызу.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайымеңбек тапсырмалары, бақылау: гербарийді жинау, құрғату.<br>Мақсаты: ересектің әрекетімен таныстыру.Балалардың еркін ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бақылау: гүлді баптау, топырағын қопсыту.<br>Мақсаты: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.<br>Балалардың еркін ойыны. | Балалардың еркін ойыны. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі түрде шешінуге, шкаф сөрелеріне киім қоюға, қолдарын жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі асқа назар аудару; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | Ояндық па бәріміз?<br>Бір-бірімізге<br>қараймыз.<br>Күлімдейміз<br>бәріміз. Керіліп<br>созылып, Ақырын<br>қане тұрамыз.<br>Орнымызда<br>жүреміз, Енді доп<br>болып секіреміз.<br>Адымдап жүреміз | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Бесін асқа назар аудару; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театройындары) | **"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды кеңістіктікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту. Ойыншықтар жиынтығы.<br>Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмып, артқа карауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды. Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсыңдар деп.Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді. | **"Ненің дыбысы?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың есту қабілетін дамыту,оларды дұрыс айтуға үйрету.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші жануарлардың дауыстарын салады.Балалар қай жануардың дауысы екенін табулары қажет. Мысалы, тәрбиеші "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл ненің дауысы дейді? Балалар "бақа" деп жауап береді.<br>Содан кейін тәрбиеші басқа жануардың дауысын шығарады. Ойын осылай жалғасаберіді. | **"Матрешкаға қонаққа бару" ойыны.**<br>Мақсаты: заттарды мөлшері бойынша ажыратабілу қабілетін бекіту, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Қарапайым матрешканы құрастыру. | **"Қуыршақты серуенге киіндіріп, шығарайық" ойыны.**<br>Мақсаты: киімдерді атауға ынталандыру; киінурәсімін қалыптастыру.<br>Тәрбиеші балаларға қуыршақтың серуенге шығатындығын, ол үшін қуыршақтың үстіндегі көйлегінің түсіне сәйкес бас және аяқ киімдерді таңдап алуға көмектесулерін сұрайды. Балалар түрлітүстердің арасынан өзіне қажетті киімдерді таңдап киіндіреді. | **"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: келісілген сөйлеуді дамыту, сөздердіалдағы уақытта дұрыс үйлестіруге үйрету.<br>Жануарлардың ойыншықтары: қораз,торай,балапан, мысық, күшік.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші балаларға дауысы арқылы жануардыанықтауды ұсынады.<br>Тәрбиеші:<br>Кукареку! Бұл не? Әтеш. Ол не істейді? Олшақырады.<br>Хрю-хрю-хрю... Бұл не? Торай. Ол не істейді?Ол қорылдайды.<br>Шиқ-шиқ! Бұл не? Балапан. Ол не істейді?Шиқылдайды.<br>Кря-кря-кря... Бұл кім? Үйрек. Ол не істейді?Мылжың.<br>Мияу-мияу... Бұл не? Мысық. Ол не істейді?Мияулайды.<br>Ав-в!Ав-в!.. Бұл не? Күшік. Ол не істейді?Абалайды. |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Серуенге қажетті құралдарды әзірлеу,<br>балалармен жеке сұхбат жүргізу, киімдерді реттілікпен кию: жейде, шалбар, бас киім жәнеаяқ киім.<br>Мақсаты: серуенге деген құштарлықты ояту. | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен<br>жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарынтаңдау.<br>Мақсаты: серуенде балаларды әрекет етугеынталандыру. | "Киіну-шешіну".<br>Мақсаты: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, бауларды байлауды, түймелерді салуды үйрету. Киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. | Серуенге шығар алдында киіну мен шешіну.<br>Мақсаты: өзін-өзі күту дағдыларын қалыптастыру;әртүрлі баулармен, түймелермен, киімдерде кездесетін жабысқақ заттарды шешуге үйрету; қолдарын дағдыландыру; шешінетін бөлмедегі тәртіпті сақтауға үйрету. | "Киім мен аяқ киімді қалай дұрыс ұстау керек".<br>Мақсаты: балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, киім мен аяқ киімнің тазалығын сақтаудың маңыздылығы туралы айту, "ұқыптылық", "ретпен" ұғымдарымен таныстыру, киімнің таза және ұқыпты болуын қадағалау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Күнді бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсаты: күн туралы ұғымдарын тиянақтау; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Күн күндіз жоғарыда тұрғанда — ыстық болады, кешке күн төменде тұрғанда, күн салқын болады. Жазда күн ұзаққа созылады, түндер қысқа болады. Кешкі мезгілдегі өзгерістерді байқату. Таңертеңгі серуенмен кешкі серуеннді салыстыру.<br>**"Жаңбыр" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ересектің сөзі мен қимылдарына еліктеуге машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Балаларға су құйғышпен жаңбырдың жауғанын елестету. Тамшылардың жерге қалай түсетінін бақылату. Асфальтқа бұлт пен тамшылардың суретін салдыру.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құмсалғыштың бетін тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары. | **Бақшада өскен көкөністерді суару әрекетін бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға көкөністер өскен жердегі топырақты суару қажетін түсіндіру, піскен көкөністердің үстіне түскен судың тапмышаларын көрсету; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>**"Тышқан мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сигнал бойынша жан- жаққа шашырап жүгіруге баулу; кейіпкерлердің әрекетіне қарап, жағымды көңіл-күйге бөленуге тәрбиелеу.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары, бақылау: ойыншықтарды жууға су әкелу.<br>Мақсаты: тәрбиешінің еңбегімен таныстыру. Доппен ойнау.<br>Мақсаты: балалардың жалпы моторикасын, тез қимылдау әрекеттерін дамыту.<br>Балалардың еркін ойындары. | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: "жел" ұғымын түсіндіріп, жел мен ағаштар арасындағы байланысына көңіл аудару; желдің болғанын ағаштардың қимылына қарап байқауға болатыны.<br>Ағаштардың қалай қозғалатынын, бұтақтардың бүгілгенін, ағаштардың қай кзде қозғалмайтынын сұрау.<br>Қандай жел соғады: суық, жылы, қатты, ақырын? Жылдың әр түрлі мезгілдеріндегі желді еске түсіру.<br>Көркем сөз.<br>Жел соғады<br>бетімізге,<br>Тербеледі<br>ағаштар.<br>Тыныш - тыныш<br>отырыңдар, Биік -<br>биік ағаштар.<br>**"Жалаушаға жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: тәрбиешінің белгісіне сәйкес қимылдарды дұрыс орындауға үйрету, зейінді дамыту, түстерді ажырата білуге баулу; жүгіру және жүру қабілеттерін жетілдіру.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: кураған жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары. | **Ауа райын бақылау (жаңбыр).**<br>Мақсаты: жаңбыр туралы түсініктерін ұлғайту; жаңбырдан кейінгі табиғаттағы өзгерісті байқауға бейімдеу.<br>Көркем<br>сөз.<br>Тырс!<br>Тырс!<br>Жаңбыр кеп<br>жауады, Терезе<br>қағады.<br>- Тырс!<br>Тырс!<br>Жылғалар<br>ағады,<br>Сылдырап әуенге салады.<br>**"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге баулу, құстарды қимылдарына еліктеуге машықтандыру.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбектапсырмалары: құмсалғыштың бетін тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары. | **Түймедақты бақылау.**<br>Мақсаты: түймедақты сыртқы сипатына қарап, тауып, ажыратып, атауға машықтандыру; сөйлеу, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>**"Түймедақ"музыкалық-динамикалық үзіліс.**<br>Балалар мәтінге және ересек адамның қимылына сәйкес музыкаға қозғалыстар жасайды.<br>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүлзарды құрап қалған жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**"Маған қарай жүгір" ойыны.**<br>Мақсаты: тәрбиешінің артынан жүгіруді үйрету, ептілікті дамыту, тәрбиешінің сөзіне сай әрекетету.<br>Балалардың еркін ойындары. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Достарға ұзын жолақтар" құрылыс ойыны.**<br>Мақсаты: құрылыс материалдар, кірпіш жәнетекшелерден ұзындығы әртүрлі жолақтарды қалауға ынталандыру; жолдардың үстінен ойындықтарды "жүргізіп", құрылыс нәтижесімен ойнатуға тарту; елестету, жазықтықты бағдарлау, коммуникативтік қабілеттерді дамыту.<br>Құралдар: кірпіштер, кубиктер, ойыншықтар. | **"Үшіншісі артық" ойыны.**<br>Мақсаты: бір топ заттарға сәйкес келмейтін затты (геометриялық пішінді) алып тастау немесе боямау керек және топты жалпыламасөзбен атау қажет.<br>Есту (не көру) арқылы жұмыс жасау: тәрбиешісөздер айтады да, солардың ішінде заттар тобына сәйкес келмейтінді бөліп көрсетуді сұрайды,<br>мысалы: 2 шеңбер, 1 төртбұрыш (пішін бойынша), 2 қызыл пішін және 1 жасыл пішін(түс бойынша). | **"Қуыршақ" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: ыдыс-аяқтың әртүрлі түрлері туралыбілімді бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына қарай пайдалануды қалыптастыру.<br>Тамақтану кезіндеәдепті болуға тәрбиелеу. | **"Сұр қоян жуынып жатыр" ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың бірлесіп ойындарға деген қызығушылықтарды арттыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Ойнаушылар біреуі қоян болады. Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады. Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиешімен біргемынадай өлең айтады:<br>Бармақ боп тойға сұр көжек,Жуынып жатыр бүгжеңдеп:<br>Тұмсығын жуды,<br>Құйрығын жуды,<br>Құлағын жуды –<br>түртінді,Құп-<br>құрғақ боп<br>сүртінді.<br>Қоян текстке байланысты қимылдардың бәрін жасайды – тұмсығын, құйрығын, құлағын жуады, бәрін сүртеді. Бұдан кейін ол қос аяқтап секіреді, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді (қонаққа келе жатыр). Ол баланың орнын басады, ойын қайталанады.<br>5-6 қоян ауысқаннан кейін ойын аяқталады. | **"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда кеңістіктікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту.Құрал-жабдықтар: әртүрлі ойыншықтар жиынтығы.<br>Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият карауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші сұрайды балалардан көздерін жұмып, артқа карауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды. Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсыңдар деп?». Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Жәндіктер шаққан жағдайда..." атты жаднама. | Сұраныс бойынша кеңес. | "Жәндік шаққан жерді зарарсыздандыру шаралары" атты лэпбук жасау. | "Жазда өтті" тақырыбында жаднама. | Жапырақтар, гүлдер жинау. |

**Бекітемін:**

**«Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының**

**меңгерушісі: С.К.Дуйсебекова**

**МКҚК «Қарлығаш» бөбекжай балабақшсыны Кіші «Балауса» (2-жастан бастап ) тобының**

**2021-2022 оқу жылындағы жазғы сауықтыру переспективалық жоспары.**

**Тәрбиешілері:Каназарова Ж**

**Бижанова А**

# 2021-2022 оқу жылының мектепке дейінгі  оқыту мемлекеттік стандарты бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің маусым айының жазғы сакуықтыру переспективасы «Балауса» кіші тобы

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| [illegible] | [illegible] | | | | | | | | | |
| [illegible] | [illegible] - 2022 [illegible] . | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| [illegible] ( [illegible] ) [illegible] | [illegible] | *1* | [illegible] | *1* | [illegible] | *1* | [illegible] | *2* | [illegible] | - |
| | [illegible] | 1 | [illegible] | 0,5 | [illegible] | 0,25 | [illegible] | 1 | - | |
| | | | [illegible] | 0,5 | [illegible] | 0,5 | [illegible] | 0,5 | | |
| | | | | | [illegible] | 0,25 | [illegible] | 0,25 | | |
| | | | | | | | [illegible] | 0,25 | | |
| | | | | | | | | | | |
| [illegible] | | | | | | | | | | |
| [illegible] . [illegible] , [illegible] ; [illegible] . | | | | | | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| [illegible] , [illegible] , [illegible] . | [illegible] : " [illegible] - [illegible] " [illegible] : [illegible] ; [illegible] - [illegible] ; [illegible] ; [illegible] , [illegible] , [illegible] ; [illegible] . | [illegible] : "" [illegible] " [illegible] " [illegible] : [illegible] - [illegible] - [illegible] ; [illegible] , [illegible] ; [illegible] ; [illegible] , [illegible] ; [illegible] , [illegible] - [illegible] . | [illegible] : " [illegible] " [illegible] : [illegible] ; [illegible] , [illegible] , [illegible] ; [illegible] ; [illegible] - [illegible] , [illegible] . | [illegible] : " [illegible] , [illegible] !" [illegible] : [illegible] , [illegible] , [illegible] . [illegible] - [illegible] , [illegible] . | - |
| | | | | [illegible] : " [illegible] - [illegible] " [illegible] : [illegible] " [illegible] " [illegible] , [illegible] , [illegible] , ; [illegible] , [illegible] ; [illegible] ; [illegible] . | |
| | | | | | |
| [illegible] | | | | | |
| [illegible] . [illegible] ; [illegible] - [illegible] ; [illegible] . | | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | - |
| | | | | [illegible] | |
| | | | | | |
| [illegible] | | | | | |
| [illegible] | | | | | |
| | | | | | |
| [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | [illegible] | |
| | | | | | |
| [illegible] | | | | | |
| [illegible] | | | | | |
| | | | | | |
| [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | - |
| | | | | [illegible] | |
| | | | | | |

# 2021-2022 оқу жылының мектепке дейінгі оқыту мемлекеттік стандарты бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің шілде айының жазғы сакуықтыру переспективасы «Балауса» кіші тобы

| Тобы | Кіші топқа арналған жазғы сауықтыру жоспары | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жылы мен айы | Шілде - 2022 ж. | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі | Денсаулық | 1 | Қатынас | 1 | Таным | 1 | Шығармашылық | 2 | Әлеумет | - |
| | Дене шынықтыру | 1 | Сөйлеуді дамыту | 0,5 | Құрастыру | 0,25 | Музыка | 1 | - | |
| | | | Көркем әдебиет | 0,5 | Жаратылыстану | 0,5 | Сурет салу | 0,5 | | |
| | | | | | Сенсорика | 0,25 | Жапсыру | 0,25 | | |
| | | | | | | | Мүсіндеу | 0,25 | | |
| Нұрлы күн / Солнышко лучистое / (1-апта) - шілде, 2022ж. | | | | | | | | | | |
| Мақсаты. Балалардың күн және жазғы құбылыстар жайындағы түсініктерін қалыптастыру; ойындар арқылы денсаулықтарын нығайту. | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру Тақырыбы: "Жарқыраған күн" Мақсаты: Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін қолдарындағы түрлі-түсті жалаушаларын желбіретіп жүргізу, шашырай жүгіріп кіру жаттығуларын орындату; балаларға арналған баскетбол доп салғышына жоғары секіріп, қолды жеткізуге және жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көзделген нысанадағы затқа жете білу | | Көркем әдебиет Тақырыбы: ""Түлкі мен бөдене" ертегісі" Мақсаты: Балаларға ертегі нелер туралы айтылғанын, мазмұнын түсіндіру; ертегінің қалай басталып, немен аяқталғанын аңғарту; байланыстыра сөйлеуге үйрету, тілдік қорларын молайту; бір-бірін сыйлауға, кішіпейілдікке тәрбиелеу. | | Жаратылыстану Тақырыбы: "Сары түсті елге саяхат" Мақсаты: Сары түстер туралы білімдерін бекіту, көптеген заттардың күнге ұқсайтындығы туралы түсінік беру; балалардың педагогты тыңдау қабілетін, ұсақ моториканы, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. | | Музыка Тақырыбы: "Күнге саяхат" Мақсаты: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту. | | - | |
| | | | | | | | Сурет салу Тақырыбы: "Күн сәулесін сыйлайды" Мақсаты: Гуашьпен сурет салу дағдысын бекітуді жалғастыру; балаларды дәстүрден тыс "саусақпен салу" көркем техникасы арқылы түзу сызық салуды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды эмоция орнату; ұқыптылыққа, табандылыққа, бастаған істі аяғына дейін | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Жидектерден тосап қайнатамыз / Варим варенье из ягод | | | | | | | | | | |
| Мақсаты. Балаларды жидек, тағы басқа өсімдіктермен, жәндіктермен таныстыру; зерек болуға тәрбиелеу; ойын компетенцияларын қалыптастыру. | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру Тақырыбы: "Біз дәмді тосап жегенді ұнатамыз" Мақсаты: Балаларды қолдарындағы орамалдарымен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, орамалдарын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын | | Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Жемістер мен жидектер" Мақсаты: Балаларға жеміс-жидек туралы түсінік беруді жалғастыру, олардың түрлерін ажырата білуге үйрету; қабылдауын, есте сақтау қабілеті, зейінін дамыту; жақындарына, достарына қамқорлық көрсетуге, бөлісе білуге тәрбиелеу. | | Сенсорика Тақырыбы: "Жидектерден алынған дәрумендер" Мақсаты: Жидектер туралы түсінік қалыптастыру; жидектер мен олардан дайындалатын өнімдердің атауларымен таныстыру, олардың пайдасы туралы білімдерін кеңейту. | | Музыка Тақырыбы: "Тәттіқұмарлар әлемі" Мақсаты: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту. | | - | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Мүсіндеу<br>Тақырыбы: "Қайнатпа"<br>Мақсаты: Балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту; қаражидекпен таныстыру; ермексаздаздан бөлшектерді үзіп алу, оларды екі алақанның ортасына салып, немесе саусақпен тақтайшада есу. Банканың сыртына жидектерді жапсырғанда ұсақ қол маторикасын дамыту; ермексазбен жұмыс істеуде ұқыптылыққа, қызығушылыққа | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| Балалардың ойын-сауық әлемі / Мир детских развлечений / (3-апта) - шілде, 2022ж. | | | | | |
| Мақсаты. Балаларды жазғы ойындарға қызығушылықпен қатысуға бейімдеу; сенімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: "Жазда ойын-сауық ұйымдастырамыз"<br>Мақсаты: Балаларды заттардан аттап жүру іскерліктерін жетілдіру; жаттығуды жасау кезінде қимыл белсенділігін арттыру; заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын дамыта отырып, балалардың заттардан аттау кезіндегі ептілік қабілеттерін жетілдіру; жалпы дамыту жаттығулары арқылы балалардың тыныс алу | Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: ""Торғай мен тышқан" (орыс халық ертегісі)"<br>Мақсаты: Балаларға ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіру; өз ойын толық айтуға дағдыландыру; балалардың бойына еңбексүйгіштік, досқа адал болу, шыншыл болу қасиетін сіңіру; ойлау қабілеттерін, тілін дамыту, сөздік қорын молайту; татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. | Жаратылыстану<br>Тақырыбы: "Күн көзімен ойнайық"<br>Мақсаты: Балалардың педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап беру, сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуды жалғастыру; сары түсті тани білу қабілетін қалыптастыру. | Музыка<br>Тақырыбы: "Би билейміз баршамыз" Мақсаты: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. | - |
| | | | | Сурет салу<br>Тақырыбы: "Түрлі-түсті шарлар"<br>Мақсаты: Балаларды түрлі-түсті қарындаштармен сурет салуды үйретуді жалғастыру; дөңгелек пішінді заттарды қарындашпен бояу дағдыларын бекіту, негізгі түстер (қызыл, сары, көк, жасыл) жайлы білімдерін бекіту; сурет салуға қызығушылықтарын, ұсақ моторикаларын, қолдың қозғалыс координациясын дамыту; табандылыққа, ізденімпаздылыққа | |
| | | | | | |
| Көкөністер дүкені / Овощная лавка / (4-апта) - шілде, 2022ж. | | | | | |
| Мақсаты. Балалардың ойындар барысында жемістер мен көкөністер туралы ұғымдарын дамыту; денсаулыққа пайдасын түсінуге тәрбиелеу. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: "Көкөністер - денсаулық кепілі"<br>Мақсаты: Балаларды заттардың үстінен аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру; заттардың үстінен аяқпен секіру жаттығуын жасау кезінде қимыл белсенділіктерін арттыру; заттардың үстінен екі аяқпен секіру дағдыларына жаттықтыруды жалғастыру; заттардың үстінен екі аяқпен секіре білу дағдыларын дамыта отырып, заттардан аттау кезіндегі секіру қабілеттерін жетілдіру. | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: "Қуыршақ Дана бізде қонақта"<br>Мақсаты: Көкөністерді ұстап, сипап анықтауға, оларға сипаттама беру, сипаттау кезінде 5-6 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдер құрастыра білуге үйрету. Сөздік қорын молайту, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету; ұйымшылдыққа баулу; дидактикалық ойындарды арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту, сезіну және есту қабілеттерін дамыту; балаларды айналасындағыларға көмектесуге, | Құрастыру<br>Тақырыбы: "Көкөністер арналған себет" Мақсаты: Балаларды «көкөністер», «егін жинау» ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру, олардың негізгі сипаттамалары (пішіні, түсі) туралы білімдерін бекіту, құрастыруға деген қызығушылықты қалыптастыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | Музыка<br>Тақырыбы: "Витаминдер әлемі"<br>Мақсаты: Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту. Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу, музыкалық аспаптарда қатты және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру. | - |
| | | | | Жапсыру<br>Тақырыбы: "Тәрелкедегі қияр мен қызанақ"<br>Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін, жалпы және ұсақ моторикаларын дамыту. Балаларды дайын формаларға желім жағып жапсыруды үйрету. Көкөністер туралы балалардың білімдерін жетілдіру және толықтыру, көкөністерді жемістерден ажырата білуге үйрету. Көкөністерді жапсыру кезінде желім мен майлықты мұқият қолдану қабілетін дамыту тәрбиелеу. Өзлігінен жұмыс жасай | |
| | | | | | |

| Мақсаты. Балалардың жазғы гүлдер, жәндіктер туралы түсініктерін кеңейту; байқампаздыққа тәрбиелеу. | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: "Жазғы гүлдер тамаша!"<br>Мақсаты: Балаларды тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларын жасауды үйрету; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру; тура және айналма жолмен жүгіру барысында жылдамдық, ептілік дағдыларын дамыта отырып, балаларда | Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: "Жылқы мен бұғы" ертегісі Мақсаты: Балаларға ертегіні әңгімелеп беру, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі мазмұнын өз ойларымен толық жеткізе білуге; үй жануарлары мен жабайы аңдарды ажырата алу дағдыларын дамыту; сөздік қорын молайту, байланыстыра сөйлеу іскерліктерін жетілдіру; өз құрбыларымен тату, достарына | Жаратылыстану Тақырыбы:<br>"Гүл шалғыны"<br>Мақсаты: Дала гүлдері туралы ойларын жинақтау; гүлдердің әсемдігіне назарларын аудару; есте сақтау қабілетін, сөйлеу қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | Музыка<br>Тақырыбы: "Гүлдер мерекесі"<br>Мақсаты: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту. | - |
| | | | | Сурет салу<br>Тақырыбы: "Көгалда гүлдер жайқалды..."<br>Мақсаты: Гүлдің бейнесін, алақандарын қолданып құрылымы мен пішінің беруді үйрету; балалардың алақанмен сурет салуға қызығушылықтарын ояту; негізгі түстер жайлы білімдерін бекіту; ұсақ қол моторикасын дамыту; зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; сурет салу кезінде бояуларды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу; айналадағы табиғатты | |
| | | | | | |

# 2021-2022 оқу жылының мектепке дейінгі  оқыту мемлекеттік стандарты бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің тамыз  айының жазғы сакуықтыру переспективасы «Балауса» кіші тобы

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тобы | Кіші жас тобына арналған жазғы сауықтыру жоспары | | | | | | | | | |
| Жылы мен айы | Тамыз - 2022 ж. | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі | Денсаулық | 1 | Қатынас | 1 | Таным | 1 | Шығармашылық | 2 | Әлеумет | - |
| | Дене шынықтыру | 1 | Сөйлеуді дамыту | 0,5 | Құрастыру | 0,25 | Музыка | 1 | - | |
| | | | Көркем әдебиет | 0,5 | Жаратылыстану | 0,5 | Сурет салу | 0,5 | | |
| | | | | | Сенсорика | 0,25 | Жапсыру | 0,25 | | |
| | | | | | | | Мүсіндеу | 0,25 | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Орман ертегілері / Лесные сказки / (2-апта) - тамыз, 2022ж. | | | | | |
| Мақсаты. Балалардың ағаш, гүлдерді бақылауға машықтандыру; көркем сөз үлгілеріне, ертегілер әлеміне деген қызығушылықты дамыту. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру Тақырыбы: "Орман дәрігері" Мақсаты: Балаларды допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыру іскерліктерін жетілдіру; балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын меңгерту және лақтыру қабілеттерін кеңейту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу. | Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Арыстан мен түлкі" Мақсаты: Ертегіні оқу, мазмұнын түсіндіру. Ертегінің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту,сөздік қорларын молайту, тілдерін дамытып, байланыстырып сөйлеуге үйрету; қоршаған әлемдегі жануарларды ажыратып тануға деген түсініктерін кеңейту. Олардың тіршілік мекенін білуге үйрету. Балалардың артикуляциялық аппаратын, сөйлеу тынысын және диалогтық сөйлеуін, есте сақтау, есту және көру зейіндерін дамыту.; | Сенсорика Тақырыбы: "Сиқырлы домалақ" Мақсаты: Балалардың сенсорлық қабылдауларын дамыту, геометриялық фигуралар туралы білімдерін бекіту. | Музыка Тақырыбы: "Ертегілер әлемі" Мақсаты: «Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралы ұғым беру.  Балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | - |
| | | | | Мүсіндеу Тақырыбы: "Бауырсақ" Мақсаты: Балаларға екі алақанның ортасымен дөңгелек жасауды үйрету; бұйымды қосымша материалдардың көмегімен, керекті бейнеге жеткізу. Ертегінің мазмұнын түсіну. Сөйлеу | |
| | | | | | |
| Жазғы аула ойындары / Летние дворовые игры /  (3-апта) - тамыз, 2022ж. | | | | | |
| Мақсаты. Балаларды аула ойындарына қызығушылықпен қатысуға тарту; жағымды эмоцияларын дамыту; денсаулықтарын нығайту; ойын компетенцияларын қалыптастыру. | | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: "Аулада ойнаймыз"<br>Мақсаты: Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту іскерліктерін жетілдіру; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын дамыту; балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіре отырып, дене, аяқ бұлшықеттерін | Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: "Қайырымдылық" Мақсаты: Балаларды Д. Данабековтың "Қайырымдылық" әңгімесімен таныстыру; адам жүріс - тұрысының ерекшеліктерін байқауға, бағалауға үйрету; адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту; өзге адамдарға деген мейірімділікті, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту. | Жаратылыстану<br>Тақырыбы: "Алаңдағы ойындар" Мақсаты: Балаларды таза ауада ойнайтын қимылды ойындармен таныстыру; таза ауада түрлі қимылды ойындарды ұйымдастыра отырып, қуанышты, көңілді көңіл-күй қалыптастыру; төзімділікті, жылдамдықты, ептілікті дамыту; таза ауада ойналатын алаң ойындарына деген қызығушылықтарын арттыру, ойын ережелерін бұзбай орындауға тәрбиелеу. | Музыка<br>Тақырыбы: "Денсаулық әуені"<br>Мақсаты: Балалардың мұғаліммен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу. | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Сурет салу<br>Тақырыбы: "Менің көңілді добым"<br>Мақсаты: Шармен бастыру тәсілі арқылы доптың мәнерлі бейнесін жасауға үйрету; балаларға бояуды шарға жағу әдісі жайлы білім беру; бір-бірінен қашық аралықта бастырма жасау біліктіліктерін дамыту; ой-өрістерін, ұсақ қол моторикасын дамыту; педагогпен және құрдастарымен бірлесіп жұмыс жасауға | |
| | | | | | |
| Менің үй жануарым / Мой домашний питомец / (4-апта) - тамыз, 2022ж. | | | | | |
| Мақсаты. Балалардың үй жануарларына деген қызығушылығын дамыту; сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: "Дана қонаққа келді"<br>Мақсаты: Балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру; жүру кезінде алға қарап және қолдарын еркін ұстап, дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларын жетілдіру; балалардың еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру икемділіктерін, қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін сақтау ептілігін дамыту. | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: "Үй жануары"<br>Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін тереңдету; олардың түрлерін бір-біріннен ажырата білуге, зейін қойып тыңдауға үйрету; Педагогтың көмегімен үй жануарлары туралы қысқа әңгіме құрастыруды, жануарлардың төлдерінің аттарын жекеше, көпше түрде атауды үйрету (бота, ботақандар, құлыншақ, құлыншақтар, т.б); сұрақ-жауап арқылы балалардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту; олардың бізге тигізер пайдасын айту | Құрастыру<br>Тақырыбы: "Иттің үйшігі"<br>Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, геометриялық фигуралардың аттарын (текше,шаршы,призма) бекіту, конструктордың бөліктерін белгілі бір ретпен орналастырды үйрету. | Музыка<br>Тақырыбы: "Аңдар әлеміне саяхат"<br>Мақсаты: Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. | - |
| | | | | Жапсыру<br>Тақырыбы: "Күшікке арналған үйшік" Мақсаты: Дайын пішіндерден жапсыру дағдыларын қалыптастыру; балаларға күшікке арналған үйшіктің бөліктерін бөліп көрсетуге, олардың пішінін анықтауға үйрету; геометриялық пішіндердің атауларын бекіту: шеңбер, шаршы, үшбұрыш; үй жануарлары туралы білімдерін тиянақтау; иттің дене мүшелері туралы білімдерін бекіту (бас, құлақ, төрт аяғы, құйрық); балаларды жануарларға қамқорлық | |
| | | | | | |
| Біз өте татумыз / Какие мы дружные / (1-апта) - тамыз, қыркүйек 2022ж. | | | | | |
| Мақсаты. Балалардың жағымды қарым-қатынастар туралы ұғымдарын ойындар арқылы қалыптастыру; ойындарда жанындағы топтастарына зерек болуға баулу; денсаулықтарын нығайту. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: "Тату болайық"<br>Мақсаты: Балаларды бірінің артынан бірін адымдатып жүргізу; залды айнала жүріп қолдарын жоғары көтеріп, гүлдер сияқты жайқалу; екі қолымен допты тордан жоғары лақтыру іскерліктерін жетілдіру; допты тордан жоғары лақтыру кезінде шапшаң, епті әрі | Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: ""Дос іздеген бота"ертегісі"<br>Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұны бойынша бойларына мейірімділікті, адалдық қасиеттерін сіңіру; ертегіні байланыстыра сөйлеуге, өз ойын толық айтуға дағдыландыру; сөздік қорын молайту, тілін, есте сақтау қабілетін дамыту; досқа адал, мейірімді болуға | Жаратылыстану<br>Тақырыбы: "Дос болайық бәріміз" Мақсаты: Балаларды достарымен мейірімді қарым-қатынаста болуға үйретуді; достық құндылығы туралы түсінік беру; достаса білуге тәрбиелеу; коммуникативтік дағдылардын дамыту. | Музыка<br>Тақырыбы: "Көңілді балалар"<br>Мақсаты: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнай отырып, мимика, пластик көмегімен музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Сурет салу<br>Тақырыбы: "Дос бола білейік"<br>Мақсаты: Контур шегінде сурет салу, суретті жетіспейтін бөлшектермен толықтыру біліктіліктерін қалыптастыру; достық қарым-қатынас жайлы түсінік беру; көркемдік біліктіліктерін, қарындашты дұрыс ұстау дағдыларын дамыту; бірі-біріне деген | |
| | | | | | |

Бекітемін:

«Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының

меңгерушісі: С.К.Дуйсебекова

**МКҚК «Қарлығаш» бөбекжай балабақшсыны Кіші «Балауса» (2-жастан бастап ) тобының**

**2021-2022 оқу жылындағы жазғы сауықтыру циклограммасы.**

Тәрбиешілері:Каназарова Ж

Бижанова А

# 2021-2022 оқу жылының мектепке дейінгі оқыту мемлекеттік стандарты бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің жазғы сауықтыру циклограммасы«Балауса» кіші тобы.

| Кіші топ | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | №1 | | | | |
| Күндері | 30.05 - 03.06.2022ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Кемпірқосақ қанатын жайды / Раскинула радуга крылья | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы «Балауса» тобы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Ж.Каназарова А.Бижанова | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Алғашқы күні балаларды толық құжаттарымен, анықтамаларымен қабылдап, дене температурасын тексеріп, денелері мен тері қабатын тексеріп, мейірбикенің рұқсатын алып бірақ қабылдайды. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту.<br>Мақсаты: өсімдіктерге қамқорлық сезімдеріне баулып, еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку". Мақсаты: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне баулу. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** құмды қырып, үйінді жасау және оны құмсалғышқа тасу. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекетін орындауға араластыру. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Шешіну бөлмесіндегі шкаф ішіндегі тәртіп".<br>(тәрбиешінің көмекшісімен бірлесіп)<br>Мақсаты: балаларды әркімнің жеке өз киім шкафын ұқыпты, таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сүрту және қайтадан киім - кешекті ұқыптап бүктеп, тиісті орындарына орналастыру. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, өсімдіктердің топырағының қалпына көңіл аударту, егер топырағы құрғап кетсе, суқұйғышпен өсімдіктерді суару.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. |
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Айна" ойыны.**<br>Мақсаты: зейінді, есте сақтауды және байқампаздықты, жағымды эмоцияларды дамыту. 4-6 баладан тұратын топша сапқа тұрады. Қалғандары - көрермендер. Педагог балалардың алдында тұрып, 3-5 пішінді көрсетеді. Ол әр пішінді бірнеше рет қайталайды. Балалар педагогтың барлық қимылдарын мұқият қадағалап, қайталайды. Содан кейін келесі бір топ балалар ойнайды. | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Көмекшілер көп менде, Күнде еңбектенеді.<br>Тыным таппай күніге, Маған көмектеседі. Бір, екі, үш, төрт, бес, Демалайық, отыр тез. Әрлі - берлі қозғалды, Тырсылдатты жан - жақты. Бір, екі, үш, төрт, бес, Жұмысқа кіріс тез. | **"Бұл кім?" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды еліктеу арқылы тани білу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; зеректікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар орындықта отырады. Педагог кезек - кезек ит қалай үреді, мысық қалай мияулайды, сиыр қалай мөңірейді, қарғаның қандай дыбыстар шығаратындығын (көкек, торғай, көгершін, сауысқан) көрсетуді сұрайды. Егер балаларға мұны істеу қиын болса, ересектер көрсетеді.<br>Біз ойынды біраз өзгертейік. Балалардың бірі аңға немесе құсқа тек дауыспен ғана емес, сонымен қатар өзіне тән қимылдармен еліктеп, көрсетеді. Әдетте қоянның қалай секіретінін көрсеткісі келетіндер көп болады. Бірақ барлық аң - құстарды көрсетсін. Кім қоян болып ұзақ | **"Балабақша қалайық" құрастыру ойыны.** Мақсаты: текшелер, кірпіштер, призмалар арқылы "балабақша" ғимаратын салуға ынталандыру; жазықтықты, кеңістікті бағдарлау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Балалар құрылыс материалдардан "балабақша" құрастырады. | **"Түсін ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: негізгі түстерді ажырата білуге дағдыландыру; сөздік қорын толықтыру (қызыл, көк, жасыл, сары, көгілдір, қылы-сары).<br>Құралдар: түрлі түсті жалаулар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тұратынын және оны кім ең қатты ұқсас етіп жасайтынын анықтау ғана қалады. | | |
| **Таңғы жаттығу** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығуы.**<br>Оянайық,<br>тұрайық,<br>Жаттығу<br>орындайық.<br>Терезені<br>ашайық, Таза<br>ауа жұтайық.<br>Ауыртпайды ағзаны,<br>Таза ауа пайдалы! | | | | |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | **"Тап-таза қолдар" ойын жаттығуы**<br>Мақсаты: қолды сабынмен дұрыс сабындай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Тамақтану кезінде өзін- өзі ұстау мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас ішу құралдарын дұрыс қолдану (ас (үлкен) қасық пен шай (кішкентай) қасық, шанышқы); майлықты дұрыс, ұқыпты қолдану; нанды үгітпей жеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлеспеу; сыпайы болуға үйрету (тамақ үшін алғыс білдіру, таза және ұқыпты болу қажеттілігі).<br>**Көркем сөз.**<br>Қасықтарымыз<br>біздің,<br>Таңқалдырар<br>барлығын!<br>Қасықтарым<br>сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те<br>қалдырмас!<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында бала дұрыс отырмаса, оған жақындап, дұрыс отыруын өтінуге болады. | **"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: жуу алгоритмін бекіту.<br>**Көркем сөз.**<br>Нан мен қасықты ал<br>да, Тамақ ішуді<br>баста!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыруын сұрайды. | **Ойын жаттығуы:**<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр<br>су, Мөлдір суға бетіңді<br>жу".<br>Мақсаты: дұрыс жуыну дағдысын қалыптастыру, баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру.<br>**Көркем сөз.**<br>Қасықтарымыз<br>біздің,<br>Таңқалдырар<br>барлығын!<br>Қасықтарым<br>сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те<br>қалдырмас!<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын сұрау. | **"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: жуу алгоритмін бекіту.<br>Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету.<br>Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу.<br>Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу.<br>**Көркем сөз.**<br>Сабынымды<br>аламын,<br>Алақанға<br>саламын.<br>Көпіртемін<br>жақсылап,<br>Қолды жуам<br>мұқият. Білек,<br>бетті, мойынды,<br>Жуамын да,<br>сүртемін. Тап-<br>таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі<br>жүремін.<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруды сұрау. | **Ойын жаттығуы:**<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр<br>су, Мөлдір суға бетіңді<br>жу".<br>Мақсаты: дұрыс жуыну дағдысын қалыптастыру, баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру.<br>**Көркем сөз.**<br>Қасықтарымыз<br>біздің,<br>Таңқалдырар<br>барлығын!<br>Қасықтарым<br>сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те<br>қалдырмас!<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын сұрау. |
| **Ойындар, оқу қызметіне** | **ҰОҚ-не дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | **"Демалыс күндері қалай өтті?" әңгімелесу.** Мақсаты: балалардың зейінін жинақтау, есте сақтау, сөйлеу қабілетін дамыту.<br>«Балабақша» тақырыбында иллюстрациялық, сюжеттік суреттерді қарастыру. Суреттер бойынша бағыттау сұрақтарын қойып, әңгімелесуге тарту. | **"Балабақша ішінде серуендейміз" әңгімелесу.** Мақсаты: балабақшада балаларға қауіпсіз қозғалыс ережелерін үйрету; төзімділікке тәрбиелеу, балабақша бөлмелерінде саналы түрде өзін дұрыс ұстауға деген ұмтылысқа баулу.<br>Құрал-жабдықтар: бақшаның схемалық картасы; балалардың фотосуреттері: дәліз бойымен жүріп келе жатқан; баспалдақпен көтеріліп келе жатқан (төмен түсіп); музыка залында музыкалық қойылымдарды тамашалау, спорт залына кіру, т.б. | **"Топта өзін қалай ұстау керек" әңгімелесу** Мақсаты: балаларға балабақша бөлмелеріндегі (топ бөлмесінде, жатын бөлмеде, қабылдау бөлмесінде) өзін-өзі ұстау және қарым-қатынас ережелері туралы білім беріп, қауіпсіздік ережелеріне бағыну қабілетін, өз денсаулығы мен өзгенің денсаулығын қорғауға деген ұмтылыс сезімдерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: сюжеттік сурет, қонжық.<br>**"Кім не істеп жатыр?" сөздік ойыны.** Мақсаты: балаларды етістік сөздерді қолдануға тарту; сөздік қорларын жетілдіру; байқағыштыққа тәрбиелеу. | **Балабақшадағы дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу.**<br>Мақсаты: қаіпсіздік, тазалық, әдептілік ережелерін есте сақтауға бейімдеу. Шашылған ойыншықтар біреудің құлауына, жарақат алуына себеп болуы мүмкін.<br>Топтағы тәртіп тек тазалық үшін ғана емес, сонымен бірге қауіпсіздік үшін де қажет! Терезеге, үстелге және шкафтарға өрмелеуге, үстіне шығуға болмайды.<br>Егер бірдеңені ала алмай, қолың жетпей жатса, тәрбиешіге өтініш білдір! Топта, жатын бөлмеде және қабылдау бөлмесінде жүгіру өте қауіпті: жиһаздың өткір, үшкір бұрыштары жарақат алуға әкелуі мүмкін, басқа баламен соқтығысып, қатты жарақат алу қауіпі бар! Кішкентай ойыншықтарды ауызға салуға | **Балабақшадағы дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу.**<br>Мақсаты: балабақша ережелеріне бейімдеу; ережелерді қажет ретінде қабылдауға баулу. Шашылған ойыншықтар біреудің құлауына, жарақат алуына себеп болуы мүмкін.<br>Топтағы тәртіп тек тазалық үшін ғана емес, сонымен бірге қауіпсіздік үшін де қажет! Терезеге, үстелге және шкафтарға өрмелеуге, үстіне шығуға болмайды.<br>Егер бірдеңені ала алмай, қолың жетпей жатса, тәрбиешіге өтініш білдір! Топта, жатын бөлмеде және қабылдау бөлмесінде жүгіру өте қауіпті: жиһаздың өткір, үшкір бұрыштары жарақат алуға әкелуі мүмкін, басқа баламен соқтығысып, қатты жарақат алу қаупі бар! Кішкентай ойыншықтарды ауызға салуға болмайды - оларды байқамай жұтып, қақалып қалуға болады!<br>Орындықта тербетіліп отыруға болмайды! Тепе- теңдікті сақтай алмай, құлап, соққы аласыңдар! Сумен ойнағанда, еденге су төгіліп кетпеуін қадағала.<br>Дымқыл еден өте тайғақ болады, сондықтан сен үшін өте қауіпті! Тамақтану кезінде сөйлесуге болмайды, тамақты мұқият шайнау қажет! Аяқ киім әрқашан тағулы және ыңғайлы, ұзын бауларсыз болуы керек! Қайғылы оқиғаны болдырмау үшін балабақшаға сағыз әкелуге тыйым салынады! |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:"Түрлі-түсті көпір"**<br>Мақсаты: Балаларда гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығу дағдыларын дамыту; өз беттерімен бір-бірлеп өрмелеу арқылы қайтадан түсе білу дағдысын жетілдіру; гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, ептілік қабілеттерін дамыту; оқу қызметінде белсенділіктерін арттыру.<br>*"Кегліді соқ" қимылды ойыны.* | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:""Түлкі мен ешкі" ертегісі"**<br>Мақсаты: Балаларды ертегі кейіпкерлерінің іс- әрекетін мінез-құлқын айту барысындағы дауыс екпіннің құбылуын дұрыс қабылдай білуге; ертегінің мазмұнын түсініп, тыңдай білуге үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; тілін, сөздік қорларын дамыту; шығарманың мағынасын түсіну, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы негізінде адамгершілікке тәрбиелеу.<br>*Дидактикалық ойын: "Ненің құйрығы?"* | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:""Айжанға гүл шоғын жинауға көмектес"** Мақсаты: Гүлге деген танымдық қызығушылықты қалыптастыру; гүлдердің атауын атай отырып, балалардың зейінін, сөйлеу қабілетін дамытуды жалғастыру; гүлге деген құрмет сезімін тәрбиелеу; адамгершілік қасиеттер<br>- қайырымдылық, шыдамдылық.<br>Дидактикалық ойын<br>*«Дәл осындай гүлді көрсет».* | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:""Түрлі-түсті кемпірқосақ"**<br>Мақсаты: Мақта таяқшалары мен нүктелерді "түрту" тәсілі арқылы салуды, түрлі түстерді пайдаланып, оларды контур бойымен доға тәрізді орналастыруды үйрету, ; түстер гаммасы жайлы қарапайым ақпарат беру, негізгі түстер жайлы білімдерін бекіту; түстерді сезіну сезімдерін дамыту; жұмысқа деген тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>*«Кемпірқосақ» саусақ жаттығуы.* | **Музыка**<br>**Тақырыбы:""Қош келдің, жаз!"**<br>Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.<br>*Музыкалық аспаптарда ойнау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Табиғат жағдайын бақылау.**<br>Мақсаты: жазғы табиғаттың жай-күйі туралы түсінік қалыптастыру (жылы, жасыл шөптер, гүлдер, көбелектер, қоңыздар ұшады, балалар жеңіл киініп, құммен және сумен ойнайды). Табиғатпен қарым-қатынас қуанышын сезіну, сөздік қорын байыту және белсендіру.<br>Өте ашық және жылы,<br>Жарқын, алтын күнде<br>біз. Жаз бен Күнге<br>алтын арай, Қонақ<br>болып барамыз.<br>**Еңбек баулуға арналған тапсырма.**<br>Үлескедегі ұсақ тастар мен таяқшаларды жинап, тазарту.<br>Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. **"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: шашыраңқы жүгіруге, бір-біріне соқтығысып қалмай, педагогтың берген белгісі бойынша әрекет етуге жаттықтыру.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.** Мақсаты: алға қарай жылжи отырып қос аяқпен секіруге жаттықтыру.<br>**Құм ойындары.**<br>Мақсаты: балаларға қалыптарды құммен толтыруға, оларды төңкеруге, шыққан торттарын безендіруге үйрету.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.** Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету. | **Ағаштарды бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды қылқан жапырақты ағаштар мен жапырақты ағаштардың айырмашылықтары мен ұқсастығын көруге үйрету.<br>**"Бір, екі, үш - шыршаға қарай ұш!" дидактикалық ойыны**<br>Мақсаты: ағаштарды ажырата білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.** Мақсаты: асфальт бетіне салынған ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырмалар** - серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.<br>Мақсаты: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>**"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны .** Мақсаты: шашыраңқы жүгіруге, бір - біріне соқтығысып қалмай, педагогтың берген белгісі бойынша әрекет етуге жаттықтыру.<br>**Құм-су ойындары.**<br>**"Себеміз, қалып жасап шығарамыз" ойыны.** Мақсаты: балалардың құмның қасиеттері туралы білімдерін кеңейту/құрғақ құм себіледі, сусылдап ағып кетеді, ал дымқыл құмнан кез - келген қалыпты жасап шыға аламыз. | **Жәндіктерді бақылау.**<br>Мақсаты: төмендегі жәндіктердің атауларын атай білуге үйрету: көбелек, қоңыз, қаңқыз; жәндіктердің жанында өздерін бірқалыпты, сабырлы ұстауға, жәндіктерге қиянат жасамауға үйрету.<br>**"Қоңыз қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: есту арқылы қабылдауын, артикуляциялық аппаратын дамыту. **"Баудан секіріп өт" ойынды жаттығуы.**<br>Мақсаты: кедергілерден аттап секіре алу қабілеттеріне жаттықтыру.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырмалар:** құмды бір жерге үйіп, оны құмсалғышқа апарып салуға үйрету.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны** Мақсаты: балаларды бір-біріне кедергі келтірмей шашырап жүру және жүгіруге үйрету, тәрбиешінің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету.<br>**"Өзенде" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: шағын шығарманың өлең жолдарына сәйкес ойын қимылдарымен үйлестіру.<br>Таңмен бірге<br>оянып, Серуенге<br>шығамыз.<br>Алыстағы өзенге,<br>Барлығымыз<br>барамыз. (Бір<br>орында жүру.)<br><br>Аспандағы<br>бұлттардан, Күннің<br>көзі көрінді.<br>Шуақтарға шашылған,<br>Қолымызды созамыз.<br>(Алақандарын ашып, қолдарын жоғары көтеру)<br><br>Әне оң жақ<br>жағалау, Міне сол<br>жақ жағалау.<br>Қандай жақсы<br>өзенде, Әрлі - берлі<br>жүзгенге. (Басын<br>оңға - солға бұру)<br><br>Судан тез - тез<br>шығайық, Қатты<br>тоңып қалмайық. | **Ағаштар мен бұталарды бақылау.** Мақсаты: сырт келбетіне қарап, жапырақ құрылымына қарап ағаштар мен бұталарды<br>ажырата білуге үйрету, өмірдегі сұлулықты көре білу және табиғатқа тамсана алу қабілеттерін қалыптастыру.<br>**Дидактикалық тапсырма:** өсімдіктің бұтағы: жапырағы, гүлі, діңі/ қайда екенін көрсетші.<br>Мақсаты: өсімдіктердің бөліктерін ажырата білуге, түстерін ажырата алуға үйрету.<br>**Дене шынықтырудан жеке жұмыс.**<br>Мақсаты: балаларды көлбеу тақтада жүруге, бастың артынан лақтыруға жаттықтыру, балаларды батылдыққа және ептілікке тәрбиелеу.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** құмды бір жерге үйіп, жинап, шелекке салып құмсалғышқа әкелу.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу.<br>**"Карусель" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды бір бірінің артынан әртүрлі қаркында жүгіруге, қимылдарын ойын мәтінімен үйлестіріп орындауға үйрету.<br>**"Аққайың ау, жасылсың да, бұйрасың" шеңберде тұрып ойнайтын ойыны** Мақсаты: әдемі әуенді тыңдап, әнге қосылып, қарапайым би қимылдарын орындауға деген құлшынысын арттыру.<br>**Құм-су ойыны: "Суда қалқып жүрген ойыншықтарды, аулауға арналған тормен сүзіп алу".**<br>Мақсаты: заттардың қасиеттері туралы білімдерін бекіту.<br>Ауыр заттар батады, жеңілдері – су бетінде қалқып, жүзіп жүреді, қағаздан жасалынған қайық - су болып қалады, дымданады, пластмастан жасалынғаны - дымданып, пішінін өзгертпейді.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Күнді бақылау.**<br>Мақсаты: жазғы табиғаттың жай-күйі туралы түсінік қалыптастыру.<br>Маусымдық киім-кешек атауларын бекіту.<br>Негізгі мазмұны: Жаз мезгілінде күннің қаттырақ қыздыратынына назар аудартып, сол себептен балалар жеңіл киініп жүретінін түсіндіру. Күнге қарау оңай ма деген сұрақ қою. Неге? Ол жарық, сары, көзді аштыртпайды. Жазда көп адамдар күннен қорғайтын көзәйнек киеді, себебі күннің көзі қатты түскенде көздері ауырмас үшін.<br>**Көркем сөз.**<br>Күн күлімдеп қарайды<br>терезеге, Нұрын шашты<br>жарқыратып бөлмеге. Күнге<br>мәз боп қуанамыз бәріміз,<br>Қуаныштан алақанды<br>соғамыз.<br><br>Күн ыстықта жеңіл киім<br>киеміз, Күн өтпеске қалпақ<br>киіп жүреміз. Суға түсіп,<br>қыздырынып, демалып,<br>Тату ойнап, дос боп өмір<br>сүреміз! Тусипжанова-<br>Шагирова А.<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша қимылдауға, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап жүріп жаттығу орындау қабілеттерін дамыту.<br>**"Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлау, бір-біріне тиіп кетпей ұжыммен бірге қозғала білу іскерліктерін дамыту.<br>Белгі бойынша әрекет ете білу, биіктікке, бір орыннан ұзындыққа секіру, жылдам жүгіруге жаттықтыру.<br>**Балалардың далаға алып шығатын материалдармен дербес ойын әрекеттері.**<br>Далаға алып шығатын ойыншықтары: күрекшелер, сыпырғыштар, түрлі түсті шеңберлер, қалыптар, мөрлер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Орамалмен<br>сүртініп, Денені<br>құрғатайық.<br>(Қолдарын кеуде тұсына көтеріп, қайшылау) | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі түрде шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюға, қолдарын жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас** | Алдағы түскі асқа назар аудартy; үстел басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін енгізуге бағытталған жеке жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай тудыру. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.<br>«Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, мөлдір суға бетіңді жу» ойын жаттығулары. | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Дастархандағы тағамға назар аудартy; үстел басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін енгізуге бағытталған жеке жұмыстар; этикет ережелері. | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс- әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Ғажайып қоржын" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: балаларды таныс заттарды ұстап көру арқылы ажырата білуге және оларды атай білуге дағдыландыру. | **"Дәл осындай жапырақ тауып көр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: жапырақтарды мөлшері мен пішіні бойынша ажырата білуге үйрету. | **"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін бекіту; байланыстырып сөйлеуін, ойлауын, зейінін, түйсігін дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: дорба, түрлі ойыншықтар. Балалар ойыншықты ұстап көру арқылы болжап, оның неден жасалғанын білуге тырысады. | **Жүк машинасы ойыншығымен ойнаймыз.** Мақсаты: балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне жағдай жасау; ойлауды, зейінді дамыту.<br>Ойланбастан мысықты,<br>Көлікке сап<br>сырғыттық.<br>Ыршып түсіп,<br>төңкерді,<br>Мысығымыз<br>көлікті.<br>Үйренбеген<br>көлікке,<br>Жануарды<br>үркіттік. | **Баулармен ойнатылатын ойындар**<br>Мақсаты: балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне жағдай жасау; бау тағып үйрету; ойлау қабілетін, ұсақ саусақ моторикасын дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: түрлі түсті баулар<br><br>Бауларды қолға<br>аламыз, Әдемілеп<br>тағамыз.<br>Бауларды қолға алайық,<br>Жаңа ойынды бастайық! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Жеке және ұжымдық қауіпсіздік сақтау туралы әңгімелері.<br>Мақсаты: сөйлеу әрекетін дамыту; қауіпсіздік ережелеріне бейімдеу. | Балалардың дербес және жүйелі киініп-шешінулерін қадағалау.<br>Мақсаты: жылдамдыққа, ұқыптылыққа баулу. | **"Киімді бүктеуге үйрету" ойын жаттығуы.** Мақсаты: киімді дұрыс бүктеу қабілетін қалыптастыру. Балаларды өз киімдерін тануға, киімдерін атауға, оларды бірте-біртелік жүйесі бойынша киюге, шкафты белгісі (сурет) арқылы табуға, заттарды шкафқа ұқыпты жинауға үйрету. | **Жеке және ұжымдық қауіпсіздік сақтау туралы әңгімелері** (сөйлеу әрекетін дамыту үшін). **"Киімді бүктеуге үйрету" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: киімді дұрыс бүктеу қабілетін қалыптастыру. Балаларды өз киімдерін тануға, киімдерін атауға, оларды бірте-біртелік жүйесі бойынша киюге, шкафты белгісі (сурет) арқылы табуға, заттарды шкафқа ұқыпты жинауға үйрету. | Балалардың дербес және жүйелі киініп-шешінулерін қадағалау.<br>Мақсаты: жылдамдыққа, ұқыптылыққа баулу. |
| **Серуен** | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**"Маған қарай жүгіріңдер" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: тәрбиешінің артынан жүгіруді үйрету, ептілікті дамыту, тәрбиешінің сөзіне сай әрекет етуге бейімдеу.<br>**Апта тақырыптары бойынша ойындар. Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>**"Балапандар мен күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру; ойын желісіне, белгі бойынша бірінің соңынан бірі баяу жүру және бір бағытта жүгіру қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлау, зейін қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Балапандар ұқсап балпаңдап жүруді көрсету. Күшіктің жүргіп келуін байқап - жан-жаққа тарап жүгіру.<br>Біз көңілді балапан<br>үйректерміз, Балпаң, балпаң<br>етіп жүреміз.<br>Күшік келіп үрісе -<br>Жан-жаққа жылдам жүгіреміз.<br>Педагог балаларды, балапандарға жақсы еліктегендері үшін, мақтап жүреді.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.** Мақсаты: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**"Күнмен ойнаймыз" ойын-жаттығуы.** Мақсаты: балаларды ойындағы сөздердің мәніне сай қимылдауға, қимылдарды өзгертуге дағдыландыру; негізгі қимылдарды жетілдіру; шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Аспанға алтын күн<br>шықты, Шашыратып<br>шуақты.<br>Домалаңдап,<br>жарқырап, Көзін<br>қысып, бізбен ойнап.<br>Күнім, рақмет,<br>демалшы, Көлге<br>батып, ұйықташы.<br>Д. Ахметова.<br>Алғашында балалар шеңберде тұрып, аяқ ұштарына тұрып, қолдарын жоғары көтереді. Содан соң жан-жаққа таралып, айлалып, билейді. Соңында орындарында тоқтап, шоқайып отырады, ұйықтап жатқанын көрсетеді.<br>**Дербес іс-әрекеттері.**<br>Мақсаты: балаларда серуен кезінде жаттығуға деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**Тақпақтар, жаттамақтар жаттату.**<br>**Еңбек тапсырмасы**: қурап түскен жапырақтарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. | **Аула құстарын бақылау.**<br>Мақсаты: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сыртқы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқан"қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды, шеңберде тұрып, әр түрлі қимылдарды орындауға жаттықтыру.<br>**Балалардың еркін ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырмалар:** "Серуеннен кейін ойыншықтарымызды жинап аламыз".<br>Мақсаты: қарапайым еңбек тапсырмаларын орындай алуға баулу. | **Күнді бақылау.**<br>Мақсаты: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Құмнан жасалынған үйлер" жаттығуы.** Мақсаты: құрастыра білу қабілеттерін дамыту. **Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. |
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Дана қуыршақты қол орамал қолдануға үйретеміз" сюжетті-дидактикалық ойыны.** Мақсаты: жеке басының заттарын қолдану дағдыларын қалыптастыру. | **"Жаз" жыл мезгілі жайында әңгімелесу** (сюжеттік суреттерді қарастыру).<br>Мақсаты: балаларды қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; жаз мезгілі туралы түсініктерін тиянақтау. | **Бейнелеу өнері бұрышындағы бірлескен әрекет.**<br>**Жеке жұмыс (мүсіндеу, сурет салу).**<br>Мақсаты: ұсақ қол моторикасын жетілдіру. | **"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: ойыншық атауларымен сөздік қорларын толықтыру. | **"Отбасы" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойында отбасылық өмірді шығармашылықпен сомдауға шақыру, екі кейіпкермен (анасы-қызы) сюжеттерде өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру. Бір-бірімен өзара әрекеттесу және тіл табысу қабілетін дамыту. Педагог ойынға белсенді, кейіпкер ретінде қатысады. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы» тақырыбындағы кеңес. | "Баламен қарым-қатынасқа түсу мәдениеті" тақырыбында кеңес.. | "Баланың балабақшаға қалыптасуы" тақырыбында ата-аналармен жеке әңгімелесулер. | Ата-аналарға арналған кеңестер.<br>"Бала белсенділігі - оның денсаулығының кепілі." | "Жайдары жазғы күндер" фото көрмесі. |

Э. Куанжанова

| *Кіші топ* | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Апта нөмірі* | №2 | | | | |
| *Күндері* | **06.06 - 10.06.2022 ж.** | | | | |
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | **Строим городок / Қалашық саламыз /** | | | | |
| *Мекеменің атауы, тобы* | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | Ж.Каназарова А.Бижанова | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың денелері мен тері қабатын тексеру, қуанышпен қарсы алу.<br>"Күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау.**<br>Мақсаты: берілген тапсырмаға көңіл аударуға бейімдеу, оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты орналастыруға үйрету. | **Табиғат бұрышындағы бақылау.**<br>Мақсаты: табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесінде тұрғанына назар аударыңыз; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екенін; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аудару.<br>**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:**<br>жапырақтарды шүберекпен сүрту.<br>Мақсаты: балаларды еңбекке баулу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** құрастырмақтардың бөліктерін қорапқа ұқыптап жинату.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>Құрастырмақтардың қорапқа жиналуына назар аудару; бөлшектер шашырап жатса, қорапқа сыймайтынын түсіндіру. | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: "Ойнап болғаннан кейін топ ішін жиыстыру".**<br>Мақсаты: балаларда саналы түрде тәртіпке деген ұмтылысты, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құра білу, алдағы іс-әрекетке қажетті материалдарды таңдай білуге үйрету. | **Бөлме өсімдіктерін бақылау.**<br>Бөлме өсімдіктері отырғызылған ыдыстардағы топырақтың құрғақ екендігіне назар аудару, сол себептен өсімдіктерді су құйғышты пайдаланып суару керек.<br>Мақсаты: бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** гүлдерді сукұйғышпен суару.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. |
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөз арқылы балаларды жуыну тәртібімен таныстыру; жағымды эмоцияларын тудыру.<br>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жусаң таза болады, Беті - қолың, маңдайың. | **"Салғыш ойыншықтармен" ойындар.** Мақсаты: салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейінін, қабылдауын, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Әр ойыққа кескіні бойынша сәйкес суреттерін тауып салу. Балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қол моторикасын дамыту.<br><br>Не боп қалды? Не боп қалды? Пішіндер шашылып қалды!<br>Қане, жылдам достарым, Орнына орналастыр! | **"Ойыншық мысықпен ойындар".**<br>Мақсаты: балаларды көркем сөйлеуді тыңдауға, мысықтың мінез-құлқын бақылауға, педагогтың қимылына еліктеуге және өлеңге эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу.<br>Мысық, мысық, мысығым, Жолға отырма, пысығым.<br>"Тәй-тәй" басқан бөпешім, Жолдан өтем демесін.<br>Сенен аттай алмайды, Құлап қалып жүрмесін!<br>Тусипжанова-Шагирова А. | **"Менің туған қалам" иллюстрациясын қарастыру.**<br>Мақсаты: балаларға туған өлкесі, мекен орны жайлы ұғымдарын қалыптастыру; қабылдау, зейін, сөйлеу қабілетін дамыту.<br>Суретте бейнеленген қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелер.<br>**"Қалашық құрастырамыз" ойын атрибуттары.**<br>Мақсаты: арнайы "лего" құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды қалауға баулу; ұсақ қол моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>"Лего" немесе ағаштан жасалынған құрылыс ойыншықтары. Педагог әр балаға өз үйлерін құрастырып, ортақ құрылыстарды біріктіруге ұсыныс жасайды. | **"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың қиялын, зейінін, отбасына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.<br>**Ойын атрибуттары:**<br>"Лего" немесе ағаштан жасалынған құрылыс ойыншықтары. Педагог әр балаға өз үйін құрастыруды ұсынады.. |
| **Таңғы жаттығу** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар.**<br>Жаттығу орындайық.<br>Терезені ашайық, Таза ауа жұтайық.<br>Ауыртпайды ағзаны, Таза ауа пайдалы! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | **Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Көркем сөз.**<br>Қасықтарымыз<br>біздің,<br>Таңқалдырар<br>барлығын!<br>Қасықтарым<br>сиқырлы,<br>Тауысады<br>тағамды.<br>Міне тағам, міне<br>ас, Қасық түк те<br>қалдырмас!<br>Балалардың беті-қолдарың жуғызу, таңғы асқа отырғызу.<br>Мақсаты: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне дайындық** | **ҰОҚ-не дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |
| | **"Менің қалам" тақырыбындағы иллюстрациялық суреттерді қарастыру.** Мақсаты: балалардың туған мекені жайындағы ұғымдарын қалыптастыру; көрікті жерлерді есте сақтауға ынталандыру. | **"Не артық?" ойын-жаттығуы.** Мақсаты: белгілі топтамаға жатпайтын затты байқап, атауға бейімдеу; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: ойыншық-заттар немесе заттардың суреттері (құмсалғыш, қалақша, құм салатын пішін, алма, су құйғыш) | **Мнемотехнике бойынша қала туралы тақпақ жаттау.** Мақсаты: зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Тақпақты картотека мазмұнынан (қала, ауыл, өлке туралы) алу. | **"Менің қалам" тақырыбындағы иллюстрациялық суреттерді қарастыру.** Мақсаты: балалардың туған мекені жайындағы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; көрікті жерлерді есте сақтауға ынталандыру. | **Туған жер, ел, қала туралы мақал - мәтелдер жаттау.** Мақсаты: туған жеріне деген қызығушылықты, сүйіспеншілікті қалыптастыру; байланыстырып сөйлеу негіздерін салу.<br>Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық. Туған жердің тасы да таныс. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: "Аулада доппен ойнаймыз"**<br>Мақсаты: Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуларын жасау кезіндегі іскерліктерін жетілдіру; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдысын дамыту; қол мен саусақ бұлшықеттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынтамен жасауға қызығушылық қабілеттерін арттыру; бір-біріне деген сенімділік сезіміне тәрбиелеу.<br>*"Байланған орамал" қимылды ойыны.* | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: "Құмсалғышта" атты** сурет бойынша әңгіме құрастыру"<br>Мақсаты: Жыл мезгілдерінің ауысуы, жаз және оның белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөздік қорын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы байыту, қалыптастыру, кеңейту және нақтылау (шелек, қалып, қалақша, тиегіш, торт, үй, терезе, есік, бақбақ, күн; қызыл, сары, жасыл, көк, үлкен, кішкентай; көп, азырақ; құю, салу, жасау , тасымалдау; жылы); «Құмсалғышта» картинасы туралы тұтас қабылдауды қамтамасыз ету; "Қарым-қатынас дағдыларын, диалогтық сөйлеуді дамыту (сурет бойынша сұрақтарға жауап беру қабілеттерін қалыптастыру); табиғатқа деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>*Сурет бойынша әңгімелесу.* | **Сенсорика**<br>**"Күн сәулесіне саяхат"**<br>Мақсаты: «Тар», «кең», «ұзын», «қысқа» ұғымдарын нығайту; кеңістіктегі ойлау мен бағдарлауды дамыту.<br>*«Көпір салайық» дидактикалық ойыны* | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: "Өзен үстіндегі әдемі көпір"**<br>Мақсаты: Кесек саз балшықты кішкентай бөліктерге бөліп алып, екі алақанның тура қозғалысымен жаюды дамыту; балалардың мүсіндеуге қызығушылығын арттыру; ойын негізінде, пластикалық материалдардан, саз балшықтан, көпірдің қарапайым жобасын жасау; саз балшықтың қасиеттерімен таныстыру (жұмсақ, икемді); балалардың бойында қайырымдылықты, ілтипаттылықты дамыту; мүсіндеу барысында саз балшықты ұқыпты пайдалануға үйрету.<br>*Мүсіндеу тәсілін көрсету. «Көпір».* | **Музыка**<br>**Тақырыбы: "Менің қалам"**<br>Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу.<br>*Музыкалық аспаптарда ойнау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: "жел" деген түсінікті қайталау, ағаштардың арасындағы байланысты ашу, желді күні ағаштардың жағдайы туралы түсіндіру.<br>Негізгі мазмұны: ағаштардың қозғалып, майысқанын, иілгенін бақылау, ағаштардың бұлай істеуінің себебі не екенін сұрау. Қандай жел соғып тұр: суық, жылы? Жылдың төрт мезгілінде болатын желдің түрлерін еске түсіру.<br>**Көркем сөз.**<br>Тентек желді көріп ем, Бізге қыдырып келген! Терезеден гу етіп, Есіктері сарт етті. Қалпағыммен ойнады, Ойынға бір тоймады. Шаршап қалды кенеттен, Байқамай ұйықтап қалды.<br>**"Трамвай" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың қозғалысын басқа ойыншылардың қимылдарымен үйлестіре отырып, жұппен қозғалу қабілетін дамыту; түстерді тануға және оларға сәйкес қимыл-қозғалыстарын өзгертуге үйрету.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.** Мақсаты: балаларда нысанаға дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.<br>**Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар.<br>**Еңбек тапсырмасы** – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | **Жаңбырды бақылау (ауа-райына байланысты).**<br>Мақсаты: жазғы маусымдық белгілерді, жансыз табиғатта болып жатқан өзгерістерді бекіту, жаңбыр сияқты құбылыспен таныстыруды жалғастыру.<br>Негізгі мазмұны. Бірінші жазғы жаңбырды бақылау. Жаңбыр тамшылары үлкен және жиі болатындығына назар аудару. Терезелерге тамшылап тұрған тамшыларды тыңдату, судың тамшылап ағып жатқанына қарау. Асфальттағы көлшіктер қандай?<br>**Көркем сөз.**<br>Жаңбыр, жаңбыр, жау-жау, Бақшамызға жау-жау! Шөптер де шөл қандырсын, Табиғат шаңнан арылсын!<br><br>Жаңбыр, жаңбыр, жауа бер, Кемпірқосақ ала кел! Көлшіктерден аттайық, Асыр салып ойнайық!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**"Төбешіктен төбешікке" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда алға жылжып екі аяқпен секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа және биіктікке секіруге, тез жүгіруге жаттықтыру.<br>**Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, қарындаштар.<br>**Еңбек тапсырмасы: серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.<br>**"Нүктелер" түрлі түсті борлармен ойын.** Мақсаты: ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Педагог асфальтқа бормен көптеген нүктелер қояды, ал бала оларды тұтас сызықтармен байланыстырады. Барлық нүктелер байланыстырылғаннан кейін, | **Ағаштар мен бұталарды бақылау.**<br>Мақсаты: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету.<br>Негізгі мазмұны: балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін сұрау. Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. Ағаш бұтадан биік.<br>**Көркем сөз.**<br>Ағаштарға қамқорлық жасайық, Жапырақ пен бұталарын жұлмайық. Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік. Туған елді осылайша көркейтейік!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**"Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету, зейінін, түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту. Жүру және жүгіруде жаттықтыру.<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.** Мақсаты: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>**Алып шығатын материалдар:** күректер, сыпырғыштар, қалақшалар, қалыптар, зембілдер, қарындаштар мен қағаз парақтары.<br>**Кинетикалық құммен танысу.**<br>Құмды зерттеу үрдісінің өзі бірнеше сағатқа созылуы мүмкін.<br>Кинетикалық құм қолға түскен кезде ең бірінші - пакетті ашып, оны құм жәшігіне немесе үстелге төгу керек, жай ғана қолмен ұстап көру. Сыртқы түрі бойынша кинетикалық құм дымқыл құмға өте ұқсас, бірақ құрғақ болады. Құмнан ең қарапайым пішінді мүсіндеп көріңіз, мысалы, кішкене доп, пішіндердің қаншалықты тығыз екенін сезіп, содан кейін жай ғана пішінді саусағыңызбен басып, пішіннің қалай жайылып бұзылғанын бақылаңыз.<br>Құмды саусақтарыңыздың арасынан өткізіп көріңіз, ол ағып жатқан сияқты. Бұл қарапайым кинетикалық құм әрекеттері балалардың демалуына, жүйке жүйесінің тыныштaлуына жақсы көмектеседі. Енді құмның таңғажайып | **Аспан мен бұлттарды бақылау.**<br>Мақсаты: "бұлт" түсінігін ұғындыру, ауа-райының бұлттармен байланысы.<br>Негізгі мазмұны. Бұлтты күні балалардан аспаннан не көріп тұрғандарын сұрау. Бұлттардың үнемі қозғалыс үстінде болатынына назар аудару: кейде қалықтайды, кейде баяу қозғалады, кейде, тез қозғалады. Олар қандай? Аспанда бұлттар пайда болған кезде, олар Күннің бетін жауып, күн соншалықты ыстық болмайды.<br>Энциклопедиялық мәліметтер:<br>Бұлттар пішіндеріне қарай негізгі үш түрге бөлінеді:<br>Будақ бұлт – үйіліп жатқан жүн, не мақтаға ұқсап келетін сұрғылт түсті бұлттар. Олар тұтаса келе түнеріп, будақ бұлтқа айналып, жазда, нөсер жаңбыр, қыста, жапалақтап қар болып келеді.<br>Қабат бұлт – тұманға ұқсас, сұрғылт қабатты бұлттар. Қабат бұлттар аспанды түгел торласа, ұзаққа созылатын ақ жауын жауады.<br>Шарбы бұлт – жауын-шашын әкелмейтін ақ түсті бұлттар. Бұлттарға қарап та күн райын болжауға болатындықтан, бұлттардың бұрыңғы өткен бабалардан қалған атауларымен таныс болғанның еш артықшылығы болмас.Олай болса:<br>Ақша бұлт – ашық аспанда қалқып жүретін ақ бұлттар.<br>Ала бұлт – ақ, қара, қошқыл түсті бұлттардың шоғырынан құралған бұлттар. Шумақ-шумақ, лек-легімен шұбырған бұлттар – будақ бұлт.<br>**Көркем сөз.**<br>- Балалар, мен бүгін сендерге Ескен Елубаев аталарыңның "Ұшақтан жылдам бұлттар" өлеңін оқып бергім келіп тұр.<br>**"Ұшақтан жылдам бұлттар".**<br>Таңертең күн ашық, Тұр енді нұр шашып. Аспанда бұлт жоқ: "Ендеше күдік жоқ. Ойладым дәл бүгін Жаумайды жаңбырың" Шықтым мен үйімнен. Жейдешең киіммен. Әурелер жолда құр, Алғам жоқ қол шатыр, Кенеттен аспанда Бұлт торлай бастады. Ұшақтан жылдам ба?! Жетсе ол тез бұл | **Гүлдеп тұрған өсімдіктерді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды кейбір гүлдейтін шөптесін өсімдіктермен таныстыру. Гүлдердің пайдасы туралы айтып, олардың құрылымымен танысу. Өсімдіктерге күтім жасауды үйрету.<br>Негізгі мазмұны. Өсімдіктерді қарастыру, түстері мен пішіні қандай екенін сұрап, гүлден басқа қандай бөліктері бар екенін анықтау. Гүлдерге қамқорлық етуге, жұлмауға, басып кетпеуге үйрету.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Жапырағын ұстасаң, Асты суық, Жылы үсті, Дәрі жасар бұл гүлден, Емдер күйік, тынысты. (Түймедақ)<br>**"Өз түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: кеңістікте бағдарлау, негізгі түстерді ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру.<br>**"Төбешіктен төбешікке" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларда алға жылжып екі аяқпен секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа және биіктікке секіруге, тез жүгіруге жаттықтыру.<br>**Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.**<br>Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, қарындаштар.<br>Еңбек тапсырмасы: серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.<br>**Кинетикалық құмнан тұрғызылған "Құм қалашығы".** Мақсаты: түйсік-сезімді, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Кинетикалық құмның барлық кереметтілігін сөзбен немесе фотосуреттермен жеткізу мүмкін емес, оны тек құмды қолыңызбен ұстап көріп қана сезіне аласыз!<br>Кинетикалық құммен қалыптарды қолданып пішіндер мүсіндеуге өте ыңғайлы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қандай да бір пішін пайда болады, оның неге ұқсайтынын бірге ойланып, қиялдап табу керек. | қасиеттерімен таныс болғаннан кейін, ойнауға болады.<br>**"Дәрігерде" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды дәрігердің қызметімен таныстыру, медициналық құралдардың аттарын бекіту. Балаларға ойын жоспарын жүзеге асыруға үйрету.<br>Екі кейіпкермен (дәрігер - науқас) өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру; алмастыратын ойыншықтармен дербес ойын кезінде өзі үшін де, ойыншық үшін де рөлін сомдау. | маңға. Шаңдатып<br>көшені,<br>Басталды нөсері.<br>Өстіп бұлт<br>жаңбырлы Міне<br>таң қалдырды!<br><br>Жоқ<br>мотор,<br>Қанаты,<br>Бұл бұлттар<br>қалайша Тез<br>жете қалады?..<br><br>Өлең бойынша балалармен әңгімелесу, балаларға таныс емес сөздермен сөздік жұмысын жүргізу.<br>**«Масаны ұстап ал» қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда қозғалыстарын визуалды белгімен үйлестіру қабілетін дамыту, балаларды секіруге жаттықтыру (бір орнында секіру).<br>**"Торғайлар мен мысық" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір-бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын материалмен дербес ойындар.** Мақсаты: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күрек, сыпырғыш, қалақшалар, қалыптар.<br>**"Классики" борлармен ойнайтын ойын.**<br>Мақсаты: ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бала кезінен бәріне таныс ойын. Асфальтқа классики ойынының торын саламыз. Кіші топ балалары тек 1-ден 10-ға дейін секіріп қана ойнаса. Ересек топ балалары тас лақтырып, оған дейін секіріп, содан кейін таспен оралады.<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа апару.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі түрде шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюға, қолдарын жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас** | Алдағы түскі асқа назар аудартуу; үстел басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін енгізуге бағытталған жеке жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Мақсаты: дәретханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек нем<br>**"Әлди - әлди"**<br>**әні.** Көзімнің<br>ағы-қарасы,<br>Жүрегімнің<br>парасы, Уайым-<br>қайғы ойлатпас,<br>Көңілімнің<br>сапасы.<br>Айналайын,<br>шырағым!<br>Көлге біткен<br>құрағым!<br>Маңдайдағы<br>құндызым,<br>Аспандағы жұлдызым. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | **Оятпақ. Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау.**<br>Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6<br>жалпы даму жаттығу орындайды. Басты оңға, солға бұру.<br>Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау.<br>Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету.<br>**"Көңілді аяқтар"**<br>**жаттығуы.** Аяқтарды<br>биік көтер, міне былай,<br>Топ, топ, топ!<br>Көңілдірек! Биігірек! Міне былай:<br>Хоп, хоп, хоп!<br>Қоңыраулар сыңғыр-<br>сыңғыр, Қатты-қатты<br>, сылдыр-сыңғыр!<br>Шап жүйрігім, шап-<br>шап,<br>Тпру - ру -у, тұлпарым:<br>Тоқтат! Тоқтат!<br>Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық<br>кілемшелерімен жүру. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды**<br>**жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту. "Сылдыр,**<br>**сылды, сылдыр су" ойын жаттығуы.** | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру.<br>«Аю анасы қонжықты қалай дұрыс тамақтануға үйретті» ойын жағдаяттары.<br>«Алақай, алақай», «Катя біздің ақылды» тақпақ-жаттамақтары. | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс- әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Қала саламыз" құрылыс материалдарымен кілемде ойнайтын ойындар**<br>Мақсаты: құрастыру іскерліктерін дамыту, бірге ойнау<br>**"Көлік жүргізушілері" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру.<br>Балаларды ойын арқылы қарым-қатынас орнатуға үйрету. Екі кейіпкермен өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы).<br>Балаларды белгілі бір рөл үшін өз атрибуттарын табуға талпындыру.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын сөресіне заттарды жинастырып, қалпына келтіру. | **"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балалардың түрлі ғимараттар құрылысына қатысатын мамандар туралы білімдерін бекіту, кеңейту; өнімді қарым-қатынасқа, жауапкершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Құрал-жабдықтар: құрылыс материалдары, қағаз парақтары, қара қарандаштар, сызбалар, ойыншық жүк көлігі, құрылысқа қажетті ойыншық құрал-саймандар (балға, бұрағыш, тістеуік, және т. б.). | **"Шалқан үлкен болып өсіпті» театрландырылған ойын. Орыс халық ертегісі.**<br>Мақсаты: ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Балаларға ертегі оқу.<br>Көрнекі бейнені пайдаланып, әңгіме тыңдауға жаттықтыру. Паннода немесе үстел бетінде ертегіні сахналау.<br>**"Біздің аулада" ойын жағдаяты.**<br>Мақсаты: балаларда жағымды эмоциялар тудыру; әсерлерін байыту; ойынға деген қызығушылықтарын арттырып, ересек адамның дауыс интонациясына еліктеуге ұмтылуға жетелеу.<br>"БИ-БА-БО" қуыршақ театры және фланелеграфты қолданады. | **"Дәм татқызу" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың ойын жоспарын жүзеге асыру қабілетін дамыту.<br>Балалардың белгілі бір рөлге арналған атрибуттарды өз бетімен таңдау әрекеттерін қолдау; ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**Кинетикалық құммен танысу.**<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, ойлау, елестету, түйсік қабілеттерін дамыту.<br>Құмды зерттеу үрдісінің өзі бірнеше сағатқа созылуы мүмкін. Кинетикалық құм қолға түскен кезде ең бірінші - пакетті ашып, оны құм жәшігіне немесе үстелге төгу керек, жай ғана қолмен ұстап көру. Сыртқы түрі бойынша кинетикалық құм дымқыл құмға өте ұқсас, бірақ құрғақ болады. Құмнан ең қарапайым пішінді мүсіндеп көріңіз, мысалы, кішкене доп, пішіндердің қаншалықты тығыз екенін сезіп, | **"Мәреге жақында" ойыны.**<br>Мақсаты: зейінді, есте сақтауды және бақылауды дамыту. Балалар сапқа тұрады. Олардан 10-15 қадам жерде педагог мәре сызығын сызып, оның қасында тұрып дауыстап санайды.<br>Балалар мәре сызығына адымдап бара бастайды. Егер педагог үнсіз болса, олар тоқтайды, аяғын қояды.<br>Тоқтамай, қосымша қадам жасап қойған ойыншы сызықтың соңына қарай қайтады.<br>Зейін қойып тыңдай отырып, балалар мәре сызығына қарай жүре береді. Барлық қашықтықты өтіп болғаннан кейін, педагог ең зейінді және жинақы балаларды мақтайды.<br>Ескерту. Ойнауды үйрену кезінде балалар қол ұстасып ойнай алады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: еңбек дағдыларын тәрбиелеу. | | | содан кейін жай ғана пішінді саусағыңызбен басып, пішіннің қалай жайылып бұзылғанын бақылау.<br>Құмды саусақтарыңыздың арасынан өткізіп көріңіз, ол ағып жатқан сияқты.<br>Бұл қарапайым кинетикалық құм әрекеттері балалардың демалуына, жүйке жүйесінің тынышталуына жақсы көмектеседі. Енді құмның таңғажайып қасиеттерімен таныс болғаннан кейін, ойнауға болады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Мақсаты: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету.<br>Жазғы серуен кезіндегі ережелер:<br>- серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу;<br>- ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлескетөбелдірігінде);<br>- күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін;<br>- серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады;<br>- серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп. | Мақсаты: түйме таға білу іскерліктерін қалыптастыруды жалғастыру; гольфіні мен шұлықты аяқты ұшынан бастап киюге үйрету; мәдениетті түрде көмек сұрауға үйрету. | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқ киімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | Мақсаты: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету.<br>Жазғы серуен кезіндегі ережелер:<br>- серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу;<br>- ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде);<br>- күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін;<br>- серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады;<br>- серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп. | Мақсаты: жазғы серуен ережелерін ұстануға бейімдеу:<br>- серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу;<br>- ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлескетөбелдірігінде);<br>- күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін;<br>- серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады;<br>- серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп."азғы серуен кезіндегі ережелер:<br>- серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу;<br>- ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлескетөбелдірігінде);<br>- күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін;<br>- серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады;<br>- серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп. |
| **Серуен** | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек тапсырмасы:**<br>құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.<br>**"Іздер" құммен ойнайтын ойындар.**<br>Мақсаты: дымқыл құмның бетіне әртүрлі ізде салуға шақыру; ұсақ қол моторикасын, ептілікке, зеректікке тәрбиелеу.<br>Балаға егер қолдарын, аяқтарын немесе басқа да затты алып, құмның бетіне қойып, сәл бассақ, құм бетінде із қалатынын көрсету. Өздеріне із қалдырып көруді ұсыныңыз, содан кейін шыққан ізге түрлі суреттер мен кескіндер салып безендіру. Жан- жақтарында қоршаған тағы қандай заттармен із қалдыруға болатынын қиялдап көруді сұрау.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықпен жеке | *Желді бақылау.*<br>Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>**"Жол бойымен" асфальтта бормен ойнайтын ойын.**<br>Мақсаты: баланың шектелген кеңістікте жүру, секіре білеу қабілеттерін дамыту; аяқ, дене бұлшық еттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтай білуге дағдыландыру.<br>Педагог асфальтқа бормен немесе жерге таяқпен иірімді сызықтар сызады. Баланың міндеті - осы сызық бойымен одан шығып кетпей жүру. Көңіл көтеру үшін, жолдың соңында, алдыңғы ойындағы сияқты, балаға арнап ойыншық қоюға болады.<br>Егер балаға жіңішке сызық бойымен жүруге қиналса, онда екі ғана сызықтардан тұратын жолдан бастауға болады.<br>**Еңбек тапсырмасы:**<br>курап түскен жапырақтарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды тазалыққа | **Аула құстарын бақылау.**<br>Мақсаты: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сыртқы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Кегльді қағып ал" жаттығуы.**<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке,зеректікке баулу.<br>**"Біздің үлкен және сұлу қаламыз (ауылымыз)" тақырыбында асфальт бетіне борлармен сурет салу.** Мақсаты: жазықтықты бағдарлау, зейін, елестету, түстерді қабылдау қабілеттерін, ұса қол моторикасын дамыту.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықпен жеке ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Құмды бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға құмның құрғақ және дымқыл күйінде екі түрлі болатынын байқату; құрғақ құмның төгілетініне, дымқыл құмнан түрлі пішіндерді жасауға болатынына көз жеткізу; іс-тәжірибе жасауға ниеттерін дамыту; зияткерлікке баулу.<br>**"Барлық аңдарға орын жетеді" еліктеу және танып білу ойындары.**<br>Мақсаты: вестибуляр аппаратын жетілдіру; еліктеу қабілетн дамыту.<br>Балалар шеңберге тұрады. Педагог қай бала қандай аң болғысы келетінін анықтап алады: қоян, түлкі, қасқыр, аю немесе тіпті жолбарыс. Әр аңның топшасының өз бұрышы, өз мекені - үйі болады. Балалар шеңбер бойымен таңдап алған аңдарға еліктеп жүреді. Тәрбиеші келесідей белгі береді: орындарыңа барыңдар! Барлық аңдар өз "үйлеріне" қарай жүгіреді. Кім бірінші жетеді, сол жеңіске жетеді.<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмсалғыштң бетін курап түскен жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу, қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықпен жеке ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**"Кім биігірек" кинетикалық құммен ойындар.** Мақсаты: мұнараны мүмкіндігінше биік етіп салуға шақыру; ұсақ қол моторикасын, ептілікке, зеректікке тәрбиелеу.<br>Кинетикалық құм өте қызықты қасиеттерге ие. Бір жағынан, құмнан жасалған пішіндер өте берік болса, екінші жағынан, жоғарыдан қысым белгілі бір максималдық салмаққа жеткен кезде құрастырылған қалып құлайды.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықпен жеке ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп,тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықпен жеке ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | | | |
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Қуыршақтар" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: әр түрлі ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына сай пайдалану дағдысын қалыптастыру. Тамақтану кезінде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу. | **Тақпақ.**<br>Балабақшаға келеміз,<br>Түрлі ойыншықтар<br>көреміз. Паровоз, кеме,<br>қуыршақ, Балаларды<br>күтіп тұрады. "**Радио" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: зейінді болу, ең маңызды белгілерді есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Сен баратын топтың аты қалай?<br>- Көмекші мен тәрбиешілердің ата-жөні қалай?<br>- Таңертең біз топта не істейміз? Кешкілікте? Түскі ас кезінде?<br>- Біздің топтағы қыздардың есімдері кім?<br>- Ұлдардың ше?<br>- Сенің атың кім? Сенің анаң сені қалай атайды? Әжең ше? | **"Түстер мен пішіндер" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: заттардың геометриялық пішіндері мен көлемі, түсі туралы түсініктерін бекіту.<br>Құралдары: түрлі түсті геометриялық пішіндер; ойыншықтар. | **"Шаршылардан мұнара құрастыру" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: көлемі, түсін ажырату, кеңістікті, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>**Көркем сөз.**<br>Гүл бөлеп, хош иіске<br>атырабын, Ағаштар<br>жайып салды жапырағын.<br>Самал жел сыбырласа,<br>сыр ұрласа, - Өзенде мың<br>бұралып жатыр ағын.<br>Фариза Оңғарсынова | **"Кім шақырды?" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: есту зейінін дамыту, құрдастарына деген достық қатынасты, бірге ойнауға деген ықыласқа тәрбиелеу. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Менің үйім - менің отбасым" атты тақырыпта ата - аналармен әңгімелесу. | "Отбасындағы еңбек тәрбиесі" атты тақырыпта ата-аналармен әңгімелесу. | Кеңес: "Күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы". | "Бала демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. | "Жайдарлы жазғы күндер" фото көрмесі. |

Тексерді әдіскер [illegible]
Э. Куандыкова

| Апта нөмірі | №3 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Күндері | **13.06 - 17.06.2022ж.** | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | **Су / Вода-водица /** | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Ж.Каназарова А.Бижанова | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | **Дүйсен бі** | **Сейсенб і** | **Сәрсенб і** | **Бейсенб і** | **Жұм а** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Дене қызуын өлшеп, балаларды қабылдау. Ата-аналармен «Күн режимі және оның бала өміріндегі маңызы» тақырыбында әңгімелесу. Мен тобымыздың барлық балаларын дені сау және бақытты көргеніме қуаныштымын! Кешке дейін осы көңіл-күйде болғандарыңды қалаймын! Ол үшін біз жиі күліп, бір-бірімізге көмектесуіміз керек! | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **Табиғат бұрышындағы бақылау:** табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесі түсетінжерде тұратындығына ; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екендігіне; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аударту. Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: жапырақтарды шүберекпен сүрту.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар:**<br>"Біз дымқыл шүберекпен топ бөлмесіндегі жәнежатын бөлмесіндегі терезелердің алдарын сүртеміз".<br>Мақсаты: балаларды сумен жұмыс кезінде келесіережелерді сақтауға үйрету: жеңшелерді киіп, матаны сулап, құрғатып сығу, егер кір болса, онысумен шаюға. | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** "Орындықтарды орындарына қоямыз". Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы тез, дәл орындау. | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:**<br>құмды бір жерге үйіп, құмсалғышқа апарыпсалғызу.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жүзеге асырумен таныстыру. | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:**<br>орындықтардың бетін дымқыл шүберекпен шаңнансүрту.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерінебаулу. |
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **Тақпақ жаттау жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеуқабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Алақай, алақай,<br>Құймақ пісті<br>балақай!Терезеге<br>қояйық, Тезірек<br>суытайық.<br>Торғайлар ұшып<br>келді, Құймақтан<br>шоқып жеді. Қатты<br>қағып қанатты,<br>Бастарына қоныпты!<br>**"Қалашық салу" ойыны.**<br>Мақсаты: арнайы "лего" немесе ағаш материалдарынан құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды қалауға баулу; ұсақ қол моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетіндамыту.<br>"Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйін салуды ұсынады(өткен аптаның тақырыбын еске түсірейік) жәнеоны ортақ құрылысқа біріктіру. | **"Балабақшаға келе жатқанда мен не көрдім?" тақырыбындағы бақылау.**<br>Мақсаты: тақырып бойынша сөздік қорларынбелсендіру.<br>Педагог балалардан балабақшаға келе жатқан жолдарында не көргендерін айтуды сұрайды (көпкөліктер, балалар, автобустар, бағдаршам және т.б.).<br>**"Шарды қалқып ал" ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың қосымша заттармен белгіліәрекеттер жасауға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын, ұқыптылықты, ептілікті дамыту.<br>Сумен ойын әрекеттерін ұйымдастыру үшін поролон ысқыштар мен сұқұйғыштарды, пластикалық шыныаяқтар, қақпақтар, стакандар,екі тегене, алжапқыштар, сүлгілер дайындау. Кішкентай пластикалық шарларды су құйылғанаыдысқа салып қояды. Балаға сабы бар сүзгі беріледі және шарларды сүзіп, қалқып алуды өтінеді. Балалар сүзіп алған шарларын қоятын екінші бос ыдысты дайындау. | **"Жаңбыр" жаттығуы.**<br>Мақсаты: сөздердің айтылу жылдамдығын ажырата білуге үйрету, "тырс-тырс-тырс" деген сөздерді айтқызу, сонымен қатар әр түрлі қарқынмен: баяу, орташа, тез айтуға болады.<br>Төбеге тамшылар тамып жатыр. ("Тырс-тырс- тырс" деген дыбыстарды орташа ырғақта айтып,дыбыстайды.) Балалар қайталайды.<br>Жаңбыр жаңадан жауа басталған кезде оныңтамшылары сирек тамып, басқаша тырсылдатады. ("Тырс-тырс-тырс" деген дыбыстарды баяу, созылыңқы ырғақта, кідірістермен айтып, дыбыстайды). Балалар қайталайды.<br>Егер жаңбыр қатты жауып тұрса, онда тамшылартөбені осылай қағып кетеді (тез қарқынмен айтылады).<br>Балалар айтылу жылдамдығын ажырата білуге және осы дыбыстық тіркесті берілген қарқынменайтуға үйренсе, педагог оларды жаңбырдың қандай болатынын құлақпен есту арқылы анықтауды ұсынады және "тырс-тырс" дыбысынәртүрлі қарқынмен айтқызады. 3-4 рет қайталанады.<br>Педагог балалардың зейінді болуын және дыбыстіркесімін айту жылдамдығын құлақпен есту арқылы дәл анықтап, оны | **Тақпақ жаттау жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеуқабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Сылдыр - сылдыр -<br>сылдыр су,Су шүмектен<br>ағып тұр.<br>Жарқылдайды,<br>жылтырап,Жуынуға<br>бұйырат!<br>**"Қуыршаққа киім таңдап берейік!"дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды киім-кешектерді атауға, ұлдар мен қыздарға арналған киімдерді ажыратабілуге, қуыршақты бірте-біртелік жүйе бойыншакиінуге үйрету. | **"Кәмпитті орамға орап көрейік" жаттығуы.**<br>Мақсаты: қол қимылдарының дәлдігін, зейіндідамыту.<br>Құрал-жабдықтар: кішкентай текшелер, цилиндрлер,шарлар, қағаз.<br>Балаларға бір кішкентай текше, кішкене цилиндр және доп ұсынылады. Сіз «кәмпит» жасау үшін оларды қағаз бөліктеріне орауыңыз керек. Текшеніирис сияқты барлық жағынан орауға болады. Балалар өздері бастамашы бола алады: «кәмпиттерді» қалағанынша орап алады. Сіз кәмпиттер орамасының бірнеше суретін көрсетеаласыз немесе үстелге шынайы кәмпиттер қоя аласыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | берілген қарқынмен дұрыс айтуын қадағалайды. | | |
| **Таңғы жаттығу** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар.**<br>Тобымызда күн<br>сайын, Жаттығу<br>орындайық. Тәртіп<br>бойынша ғана,<br>Жаттығу<br>орындалады:<br>Барлығымыз<br>отырып,<br>Барлығымыз<br>тұрамыз. Оңға -<br>солға бас бұрып,<br>Керіліп, айналамыз.<br>Бір - біріңе жымиып,<br>Күлімсіреп қараңдар!<br>Ешқашан қабақ түйіп,<br>Достарға қарамаңдар!<br>Тусипжанова-<br>Шагирова А. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | **"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: жуу алгоритмін бекіту.<br>Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін<br>қолды және бетті жуғызу. Көркем сөз.<br>Сабынымды<br>аламын, Алақанға<br>саламын.<br>Көпіртемін<br>жақсылап, Қолды<br>жуам мұқият.<br>Білек, бетті,<br>мойынды,Жуамын<br>да, сүртемін. Тап -<br>таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі<br>жүремін.<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруды сұрау. | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне дайындық** | **ҰОҚ-не дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |
| | **"Мен демалыс күндерімді қалай өткіздім".**<br>Мақсаты: тақырып бойынша сөздік қорларынбелсендіру (демалыс күндері, көңілді, тату, қызықты); қойылған сұрақтарға жауап беруге бейімдеу. | **"Айналамыздағы су" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсаты: балаларды "су" жалпы түсінігімен таныстырып, Жер бетінде судың қандай күйлерде кездесетіні жайлы жалпы түсінік беру.Әңгімелесу кезінде глобусты көрнекі құрал ретінде қолдануға болады. Балаға біздің ғаламшарымыз құрлықтан қарағанда, көп бөлігісудан тұратынын көрсету. Өзен - көлдердің суытұщы, дәмсіз, ал теңіздердің суы тұзды болатынын түсіндіру.<br>Сондай-ақ, осы әңгіме кезінде балаға судың<br>қайдан келетінін түсіндірген жөн.<br>Сумен тәжірибені көрсету: су мөлдір, дәмі жоқ,иісі жоқ; су боялады; су ағады, тамшылайды. Құралдар: ыдысқақұйылған таза ас суы; мөлдір шыны ыдыстар; төсеніштер; түтікшелер, акварель бояуы; сүлгілер; шәйнек, қасық. | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңілаудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған,<br>Аспаным! Сәлем<br>саған, алтын Күн!<br>(Қолдарын көтеру)<br>Сәлем саған, туған<br>Жер!<br>(Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу)Сәлем, бүкіл Жер<br>шарым!<br>(Қолдарын кілемге баяу түсіру)Сәлем, үлкен<br>отбасым!<br>Сәлем берді балашың!<br>Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғарыкөтереді. | **Апта тақырыбы бойынша жұмбақ шешу.**<br>Мақсаты: су туралы түсініктерін қалыптастыру;ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Ағады, қайнайды,<br>Буланады, ойнайды.<br>Тіпті аспанға да<br>ұшады,<br>Байқамасаң, төгіліп<br>қалады.Ұшып жүріп<br>жалықса, Жерге қайта<br>жауады.<br>Әлемнің бар жерінде<br>кездеседі,Бұл не екенін<br>кім біледі?<br>- Иә. Бұл су. Дұрыс айтасыңдар.<br>Құралдар: су, бу, жаңбыр, қар, өзен, теңізсалынған суреттер. | **"Әдемі есімдер" ойыны.**<br>Мақсаты: зейінін, ерік-жігерін жұмылдыру; ырғақсезімін дамыту.<br>Балалар шеңберге тұрады немесе отырады. Педагогбір баяулау темпте шапалақ ұрып, "бір, екі, үш, төрт" деп санап тұрады. Ал балалар үздіксіз ұрылған шапалақ дауысының ырғағына дәлдеп кезек-кезек өз есімдерін атайды. Ойын әр бала өз есімінің ырғағын өткізіп алмай, өз есімінің ырғағын дұрыс анықтап, тауып айтып отырған жағдайда ғанақызықты болып өтеді.<br>Балалар дағдыланып қалған кезде, педагог ырғақты жылдамдата түседі. Әуелде шеңбер бойымен бір бағытта, сосын қарама қарсы бағыт бойынша жүріп ойнату. Шеңбердегі есімдердің барлығы аталып болған кезде ойын аяқталады. Ойынды мейлінше түрлендіруге болады.Есімдердің орнына бояуларды (қызыл, сары т.б.)<br>немесе жануарлардың атауларын ататуға болады. |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:"Сылдыр аққан су"**<br>Мақсаты: Балаларды екі жолақтың арасымен турабағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамытаотырып, дене және аяқ бұлшықеттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, оқу қызметіне белсенді қатысу қабілетіне тәрбиелеу. *"Қасқыр мен қояндар" қимылды ойыны.* | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:""Жалқау мысық"**<br>Мақсаты: Балаларды ертегіні мазмұнынын түсініп, әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету;ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; еңбексүйгіштікке, ұқыптылықты тәрбиелеу.<br>*Еңбек туралы мақал-мәтелдер.* | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:""Сиқыршы су"**<br>Мақсаты: Судың қасиеттері туралы түсініктердібекіту: мөлдір, тұнық емес, түрлі-түсті; суық, ыстық, жылы болуы мүмкін; су сұйық , ағады, құйылады; суды әртүрлі түстермен қалай бояуға болатындығы туралы түсінік беру; сөздік қорынбайыту, зейінін, есте сақтау қабілетін, тәжірибе жасау қабілетін дамыту; балалардың педагогты тыңдау қабілетін дамыту.<br>*Сумен тәжірибе.* | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:""Сиқырлы тамшылар"**<br>Мақсаты: Мақта таяқшаларымен жаңбырдың суретін салуды, оның ерекшелігін бере отырып(қатты жаңбыр – көп тамшылар; себелеген жаңбыр – бірнеше тамшы) бүкіл парақ бетіндеорналастырып, нүкте «түрту» әдісі арқылы салуды үйрету; көк, көгілдір түстері жайлы қарапайым ақпарат беру; негізгі түстер туралы білімдерін бекіту; ұқыптылыққа,өзара көмеккетәрбиелеу.<br>*Саусақ жаттығуы «Жаңбыр».* | **Музыка**<br>**Тақырыбы:""Күн, ауа және су"**<br>Мақсаты: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлайбілуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.<br>*Музыкалық аспаптарда ойнау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Гүлзардағы гүлдерді бақылау.**<br>Мақсаты: гүлзардағы гүлдерді қарастыру барысында өсімдіктерге деген қамқорлық ,жанашырлық сезімдеріне баулу.<br>**"Өз үйіңді тап" ойыны.**<br>Мақсаты: гүлдердің түсін ажырата білуге үйрету,шашырап жүгіру дағдыларын бекіту.<br>**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар.**<br>Гүлдерді суғару.<br>Мақсаты: гүлдерге ересектермен бірге күтімжасауға деген ниетке баулу.<br>Түзу жол бойымен (ені 20 см, ұзындығы 2-3 м)жүруге жаттықтыру.<br>**Құм-су ойындары** - құрғақ және дымқылқұмның қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыруға жағдай туғызу. **"Қуыршақ Данаға түскі ас әзірлейміз"сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бірге ойнауға үйрету. | **Жаңбырды бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды маусымдық құбылыстардыңбірі - жаңбырмен таныстыруды жалғастыру.<br>Жаңбырдың өсімдіктердің өсуіне ықпалыжайында түсіндіріп, айтып өту.<br>Далаға шығып бара жатып, бүгінгі ауа-райы қандай (жаңбырлы, бұлтты) екеніне назар аудару. Жаздың жылы жаңбыры барлық өсімдіктерді суғаратынын айту. Өсімдіктердің жапырақтары ылғалданып, жаңбыр тамшыларыкүнге шағылысады.<br>**Көркем сөз.**<br>Алғашқы найзағай ойнап<br>аспанда,Дайындалып<br>жаңбырға,<br>Жиналды бұлттар да.<br>Жаңбыр жауып<br>қандырды,Шөптердің<br>шөлін.<br>Жайқалып,<br>құлпырды,Мен<br>еккен гүлім!<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны**<br>Мақсаты: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру.**"Торғайлар мен мысық" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір - бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріпкеле жатып секіруге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын материалменойындар.**<br>Мақсаты: балаларды өз бетінше ойынға қажеттіатрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күрек, сыпырғыш,қалақшалар, қалыптар. | **Ағаштар мен бұталарды бақылау.**<br>Мақсаты: бұталар мен ағаштар туралы білімдерінбекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету.<br>Негізгі мазмұны. Балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін сұрау.Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. Ағаш бұтадан биік.<br>**Көркем сөз.**<br>Ағаштарға қамқорлық<br>жасайық, Жапырақ пен<br>бұталарын жұлмайық.Жыл<br>сайын ағаш егіп, көбейтейік.<br>Туған елді осылайша<br>көркейтейік!<br>**"Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша ғана әрекететуге үйрету, зейінін, түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту. Жүру және жүгіруде жаттықтыру.<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру. **Далаға алып шығатын материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күректер, сыпырғыштар, қалақшалар, қалыптар, зембілдер,қарындаштар мен қағаз парақтары.<br>**"Көлшік" сумен ойналатын ойындар.** Сумен ойын әрекетін ұйымдастыру үшін поролоннан жасалынған ысқыштар (губка), суқұйғыштар, пластик тегештер, қақпақтар,<br>шыныаяқтар, алжапқыштар, сүлгілер дайындау. Бұл әрекет үшін ысқыш қажет, біреуі сумен, екіншісі бос екі тегеш. Педагог балаларды ысқышты (губканы) суға батырып, содан кейін бос тегенеге сығып алуға шақырады. Бұл әрекеттісуы бар тегештің суы таусылғанға дейін жасайды. Соңында балалар өздігінен көлшікті құрғатып, алып тастағандай болады. Көлшік туралы өлең жолдарын тауып, әрекет үстінде балаларға оқып беруге болады. | **Балабақша маңынан өтіп бара жатқан адамдардың, балалардың жазғы киімкиістерін бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың киім туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; балалардың сөздік қорларын белсендіру (көйлек, сарафан, шұлық, баскиім т.б.); киім түстерін сенсорлық тұрғыда қабылдауын дамыту (Қуаныш сары майка киген,Айымның көйлегі қызыл)<br>**"Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды шеңберге тұруға, оныкеңейтуге, содан кейін тарылтуға, олардың қимылын айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету.<br>Үрлен, үрлен<br>көпіршік,Үлкен<br>болып үрленші.<br>Үлкен болып үрлен<br>де, Жарылмашы,<br>түрленші.<br>**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар.**<br>Үлескені сыпырып, орындықтарды сүрту. Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Сарқырамалар" атты сумен ойындар.**<br>Мақсаты: зияткерлік қабілеттері негіздерінқалыптастыру.<br>Үлкен тегенеге су құйып, балалардың қолдарынасуқұйғыштар, пластик ыдыстар, стакандар сияқты кез келген балаларға ыңғайлы бір ыдыстан бір ыдысқа су құюға болатын ыдыстарберу. Балаларға бір тостағаннан екіншісіне су құю<br>әдісін көрсетіп, биіктігін өзгерте отырып, көңілдіжәне шулы сарқырама жасау; | **Судың қасиеттерін бақылау.**<br>Мақсаты: судың қасиеттері жайындағы түсініктерінжетілдіру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Су күннің көзінде тұрып, жылынады.<br>Сумен өсімдіктерді суғарады, құстар көлшіктерденсу ішеді.<br>Су тап-таза, мөлдір болады.<br>Су құйылады, суды бір ыдыстан екінші ыдысқақұюға болады.<br>**"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: белгі бойынша бір бағытта жүгіруге дағдыландыру; ойын желісіндегі айталатын сөздердімұқият тыңдауға баулу.<br>Жүргізуші қасқыр таңдалады, алаңның ортасында тұрады. Балалар қасқырдан 5-10 қадам қашықтықтабір қатарға тұрып өлең оқиды: «Қаздар-қаздар, ға ғаға, қарның аш па? Иә, иә, иә! Онда, үйге ұшыңдар. Тау астында сұр қасқыр, тіс қайрап, су ішуде, бізді өткізбейді үйге. Ұшар кезде байқаңдар, қасқырға ұсталып қалмаңдар!»<br>Осы сөздерден кейін барлық балалар екінші жағынақарай жүгіреді, ал қасқыр ұстап алуға тырысады.<br>Ұсталған қасқырға айналады.<br>**"Екі көңілді қаз" қимыл-қозғалыс ойыны**Мақсаты: еліктеу қимылдарын орындау біліктіліктерін<br>қалыптастыру; үй қаздары<br>жайындағы ұғымдарды тиянақтау.<br>**"Екі көңілді қаз".**<br>Екі қаздай жүрейік,<br>Мойындарды созайық. (Бірінен бірі соң бір бағанда, мойынды созып жүру, екі қолды көтеріп, түсіріп, екі санның жағына соққылау)<br>Қаздар дейді: Ға-ға-ға!<br>Барайық біз базарға! (Сөздерді қайталап жүру)Базарға баруға болмайды,<br>Шығыңдар көгалға! (Бағаннан шығып, алаңға шашырап жүгіру, шоқайып отыру, қолдармен тізенісоққылау)<br>Ахметова Д.<br>**Еңбек тапсырмасы:** далаға алып шыққанойыншықтарды жуу.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |
| **Серуеннен оралу** | **"Өз шкафыңды тап" дидактикалық жаттығуы.**<br>Киімге арналған шкафтың не үшін керектігі, қалдай қолдану керектігі жайында айтып, таныстыру; заттық кеңістікті бағдарлай алу қабілетін қалыптастыру; шкаф, есік, сөре, ашу, жабу, қою, бүктеу, ілу сөздері арқылы балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру. | | | | |
| **Түскі ас** | **"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз".**<br>Балаларға қасық ұстап үйрету жұмысын жалғастыру.<br>**Ғажайып сәт.**<br>Қуыршақ Дана топқа қонаққа келеді, ол көжені аузына шашыратпай апара алмайтындығына байланысты көйлегін үнемі былғатып алады екен. Балалар қонаққа "Алақай" деген балабақша өлеңін айтып "тыныштандырады". Содан кейін педагог балаларға сиқырлы қасықтарын алып, Данаға көжені қалай ішуге болатындығын көрсетуді ұсынады. Соңында Дана балаларға сабақ үшін алғыс айтады. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың жайлы ұйқысы үшін қолайлы жағдай тудыру. Аудио ертегі тыңдау (педагогтың немесе балалардың таңдауы бойынша). | | | | |

<table>
<tr><td>Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары</td><td colspan="5">"Қоян" тақпақ-оятпағы.<br>Қоян, қоян,<br>тұршы, Беті-<br>қолыңды жушы.<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды<br>тарашы. Әдемі<br>көйлек киші,<br>Бізге қонаққа<br>келші.<br>Содан кейін балалар аяқ киімдерін киіп, педагогпен бірге су қабылдау шаралары қабылдауға барады:<br><br>"Сылдыр, сылдыр,<br>сылдыр су,Мөлдір суға<br>бетіңді жу.<br>Жуса таза болады,<br>Беті-қолың, маңдайың".<br>Тақпақ-оятпақтың ырғағы баяу, жайлы.<br>Шынықтыру шаралары.<br>Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Түрлі дәстүрден тыс кедергілері бар денсаулық жолдарымен жалаңаяқ жүру.</td></tr>
<tr><td>Бесін ас<br>(қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)</td><td colspan="5">"Біз қалай тамақтанамыз" ойын жағдаяты.<br>Дастархан басында тыныш, түзу қалыпта отыру, қасықты дұрыс ұстау, қасыққа біраз ғана тамақ алу, қасықтың кең жағынан ішіп-жеу, сораптамай және бөгде дыбыстар шығармай тамақтануға үйрету, өздігінен ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ойындар, жеке-дара іс-әрекет<br>(сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)</td><td>"Қуыршақ" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: ыдыс-аяқ түрлерінің атаулары туралыбілімдерін бекіту, ыдыстарды мақсатты түрде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Тамақ ішу мәдениетіне баулу. Киім атаулары туралы білімдерін бекіту. Балаларда дұрыс шешіну алгоритмі мен киімдерді дұрыс, ұқыпты бүктеумашықтарын бекіту.</td><td>"Кір-қожалақ бала туралы" ертегіні мәнерлеп әңгімелеп беру.<br>Шығарма сюжетімен таныстырып, мәдени-гигиеналық іс-шаралардың маңыздылығы жайында түсіндіру, бейтаныс сөздерді естесақтауға көмектесу.<br>Тақпақ-жаттамақ.<br>Суым-құрбым,<br>Барлығының қолын<br>жудың:Мадина мен<br>Еңлікке, Қарлығаш пен<br>Ерлікке.<br>Қолдарымыз әдемі, тап - таза<br>енді,Риза болып балалар,<br>қуанып келді.</td><td>Сумен тәжірибелер. Судың қасиеттері.<br>Мақсаты: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде, қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігітуралы айту.<br>Су өте әртүрлі болады. Ол, сиқыршы сияқты, жаңбырға, шыққа, мұзға, қарға айнала алады. Субұл - өзендер, көлдер, теңіздер.<br>- Бірінші стақанда не бар?<br>- Су.<br>- Екінші стақанда не бар?<br>- Сүт.<br>Суы мен сүті бар стақанда қасықтар бар. Қасыққай стақанда көрінеді, ал қайсысында көрінбейді?<br>- Суы бар стақанда қасықты көре аламыз, алсүттен көре алмаймыз.<br>- Неге? Су қандай?<br>- Сүт қандай түсті?<br>- Енді сиқыршы су бізге судың түсін анықтауға көмектеседі. (Педагог ақ парақты алып, алдымenсумен, содан кейін сүтпен салыстырады).<br>- Сүт, қағаз сияқты, ақ, бірақ судың түсі жоқ. Сутүссіз және мөлдір.<br>-Балалар, бәріміз тегеш пен екі су құйғыш тұрғанүстелге келейікші. Сұқұйғыштар қандай түсті? (Жасыл және сары). Қазір мен сендердің қолдарыңа әр сұқұйғыштан құямын.<br>- Айтыңдаршы, жасыл сұқұйғышта қандай субар, ал сары түсте қандай бар?<br>- Жасыл түсте - жылы су да, сарыда - суық.<br>- Демек, су суық және жылы болуы мүмкін.<br>- Сендер қандай су іше аласыңдар, ал қайсысыніше алмайсыңдар?<br>- Қайнатылған, мөлдір.<br>- Сиқыршы - су сендерге стақандарға қайнатылған су дайындап қойды. (Үстелде стақандарда қайнатылған су тұр. Балалар су ішеді.)</td><td>"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: дәрігер еңбегі жайында ойын арқылыұғымдарды қалыптастыру, жетілдіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту.<br>Рөлдерді бөлу, алмастырғыш заттарды қолдана білу, ойынның логикалық қорытындысына жету.Құралдары: ойынға қажетті ойын құралдары, киімдер.<br>"Сиқыршы су туралы" әңгімелесу.<br>Мақсаты: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде, қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігітуралы айту.</td><td>"Тышқанға қонаққа барамыз" ойыны.<br>Мақсаты: балалардың құм және судың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Негізгі түстерді танып, атай білу қабілеттерін қалыптастыру. Жалпы жәнеұсақ қол моторикаларын дамыту. Қарапайым зерттеу қызметіне деген оң көзқарастарын қалыптастыру.<br>Құрал-жабдықтары: құм-су, кілемше, қозғалмалы<br>тышқан, бала саны бойынша кішкентай тышқандар,түрлі түсті қорапшалар, салғыштары бар бөшкешелер, өріктің сүйектері, ақ және қызыл асбұршақтың дәндері, үрме бұршақ, күнбағыс дәндері (пістелер), кішкентай тәрелкелер, қызыл және көк тегештер.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | - Дәмі қандай су? (Дәмсіз.)<br>- Судың иісі бар ма? Иіскейікші.<br>- Жоқ, судың иісі жоқ.<br>- Су кімге керек?<br>-Адамдарға, құстарға, жануарларға, балықтарға,өсімдіктер мен жәндіктерге. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Мақсаты: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезіндесөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету.<br>Жазғы серуен кезіндегі ережелер:<br>- серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу;<br>- ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлескетөбелдірігінде);<br>- күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетіннашарлатуы мүмкін;<br>- серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан теккайнатылған су ішуге болады;<br>- серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп. | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқкиімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру,баса да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру.Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | Қауіпсіздік ережелері жайында жеке дербес және ұжымдық әңгімелесу (сөйлеу тілін белсендіруүшін).<br>Мақсаты: балаларды серуендеуге ынталандыру. Серуендеуге арналған ойын жабдықтарын таңдау; балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың,бас киімнің және етіктің бірте-біртелік жүйе бойынша киінуін қадағалау. | **"Киімдерді әдемілеп бүктейік" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: киімдерді дұрыс бүктеу дағдыларынқалыптастыру.<br>Балаларды өз киімін танып білуге, атай алуға, бірте-біртелік жүйесі бойынша киіне білуге, өзшкафтарын суретті белгісі бойынша таба алуғажәне киімдерін ұқыпты бүктеп, шкафтарына салуға үйрету. | **Алаңқайда қимыл-қозғалыс ойындарын ойнаған кезде:**<br>- ойын ережелерін мұқият тыңдау;<br>- ойынды педагогтің белгісі бойынша ғана бастау;<br>- көрсетілген жерде ғана ойнау;<br>- лақтырған кезде, құралыптастарына көздемеу;<br>- лақтырған кезде, белгі берілгеннен кейін ғанадоптың соңынан жүгіреміз;<br>- ойнаған кезде бір-бірлеріне қақтығыспауғатырысыңдар. |
| **Серуен** | **Суды бақылау.**<br>Мақсаты: ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп, жоғаруын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Апта тақырыбына сәйкес өлең жолдарын жаттау.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, біржерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен дербесойын әрекеті.**<br>Мақсаты: ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттержасауға машықтандыру. | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу жәнекатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>**"Күнмен ойнаймыз" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды ойындағы сөздердің мәнінесай қимылдауға, қимылдарды өзгертуге дағдыландыру; негізгі қимылдарды жетілдіру; шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Аспанға алтын күн<br>шықты,Шашыратып<br>шуақты.<br>Домалаңдап,<br>жарқырап, Көзін<br>қысып, бізбен ойнап.<br>Күнім, рақмет,<br>демалшы, Көлге<br>батып, ұйықташы. Д. Ахметова.<br>Алғашында балалар шеңберде тұрып, аяқ ұштарына тұрып, қолдарын жоғары көтереді. Содан соң жан-жаққа таралып, айлалып, билейді.Соңында орындарында тоқтап, шоқайып отырады, ұйықтап жатқанын көрсетеді. **"Жаңбыр" сумен ойындар.**<br>Балаларға суқұйғышпен жаңбыр жауғызып, ойын ұйымдастыру өте оңай. Тамшылардың суға қалайтаматынын, бос тегенеде біртіндеп үлкен көлшікқалай пайда болатынын көрсетіңіз. Балаларға жаңбыр туралы өлең оқыңыз, ән айтыңыз. Осындай ойыннан кейін сіз шығармашылық сабақ ұйымдастыра аласыз. Балалармен біргебұлттар мен жаңбырдың суретін салыңыз.<br>**Еңбек тапсырмасы:** қурап түскенжапырақтарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.** | **Құмды бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға құмның құрғақ және дымқылкүйінде екі түрлі болатынын байқату; құрғақ құмның төгілетініне, дымқыл құмнан түрлі пішіндерді жасауға болатынына көз жеткізу; іс- тәжірибе жасауға ниеттерін дамыту; зияткерлікке баулу.<br>**"Батады, батпайды" сумен ойындар.**<br>Әр түрлі заттарды жинастырыңыз. Бұл пластик қақпақтар, поролон бөліктері, малтатастар, түймелер, моншақтар болуы мүмкін. Балаларға заттарды кезекпен суға лақтырып, олардың бататын-батпайтынын анықтау ұсынылады. **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, біржерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққатәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп,тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл болғанынбайқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**"Тамшы мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Балалар тамшылардың қалпағын киеді. Тамшылар жерге ұшты, секірді, ойнады. Тамшылар бірге жиналып, көңілді бұлақтар болып ағады (екі-екіден қол ұстасып, бұлақ жасайды). Бұлақтар кездесіп, үлкен өзенге айналады (бір тізбекпен байланысады). Өзен ағып - ағып үлкен бір мұхитқа құяды (балаларшеңберге тұрып, шеңбер бойымен қозғалады).Тамшылар мұхитта жүзіп жүзіп, содан кейін бұлт аналары - "үйге қайтыңдар" - деп айтып жатқанын естеріне түсіреді. Дәл сол кезде күншықты. Тамшылар жеңілдене бастады (тізе бүккен тамшылар көтеріліп, содан кейін қолдарын жоғары созады). Олар күн сәулесінің астында буланып, бұлт аналарына оралды.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойыншықтарды құмнан қағып, тазалап, қорапқа салу.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққатәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп,тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Бұлттарды бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың назарын бұлттардың жылжуына аудару; бұлттарды ақ және сұр түстіболатынын, сұр бұлттардың жаңбырдың болуын қамтамасыз ететінін түсіндіру, білімдерін толықтыру; зеректікке тәрбиелеу.<br>**"Тауық" сумен ойындар.**<br>Мақсаты: шапшаңдыққа, дәлдікке тәрбиелеу. Сумен ойнайтын ойындарды тауық туралы ертегімен үйлестіруге болады. Балаларға тауық келеді. Балаларға тауықтың не істей алатынын, немен тамақтанатынын, қалай дыбыстайтынын айтып беріңіз. Балалармен бірге құсқа жем беріңіз.Ал, тауық балалар қамқорлық танытқандары үшін, оларға көп жұмыртқа әкеледі. Піскен жұмыртқалары бар себетті алып шығыңыз. Балаларға ұстап көругеұсыныс жасайды. Олар ақ түсті және жұмыр екеніненазар аудартады. Сосын тегешке су құйып, ішіне жұмыртқаларды салыңыз. Ойын барысында , балалар жұмыртқаларды қолдарымен алып шығып, себетке салу керек.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққатәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жекеойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттержасауға машықтандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп,тату ойнауға дағдыландыру. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жекежұмыстар жүргізу** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығулары.**<br>Мақсаты: балалардың көркем сөз үлгілерін мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Көркем сөз.**<br>Су жайында білесің бе? Су болады барлық жерде!Көлшіктерде, теңізде, Мұхиттар мен көлдерде, Тіпті, өз үйімізде,<br>Су ағатын шүмекте!<br><br>Шатырдан ағып мұз болар,Тұман боп жер бетін басар.Шәйнек қайнап кеткенде, Бу болып одан шығар.<br>Су болмаса шөлдейміз, Тамақ ішіп, жемейміз.<br>Денемізді жуа алмай, Кір - кір болып жүреміз.<br>Сусыз өмір жоқ мүлде, Соны достым білдің бе?!<br>Тусипжанова-Шагирова А. | **"Бұлт пен жаңбыр" тақырыбында сурет салу.**<br>Мақсаты: балаларға қарындашты дұрыс ұстауға,қиғаш және түзу сызықтар (жаңбыр) салуға үйретуді жалғастыру; кескіннің сыртына шығармай, ұқыпты бояуға үйрету. | **"Мен және достарым" атты жаттығу.**<br>Мақсаты: балаларды достықтың жағымды белгілерін, достарының ерекшеліктерін бөліпкөрсетуге үйрету. | **«Әуе шарлары» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: ұсақ саусақ, қол моторикаларын дамыту: балаларға қарындашты қағаздан көтермей шеңбер салуға, қарындашты дұрыс ұстауға үйретуді жалғастыру. | **Апта тақырыбына байланысты жұмбақтар шешкіз у. Жұмба қ.**<br>Аяғы жоқ жүреді,<br>Сылқ-сылқ күледі.<br>(Су)Жылт-жылт еткен, Жырадан өткен. (Су) **Сумен іс-тәжірибелер.**<br>Мақсаты: судың мөлдір болып, бояуларға боялатынын, судың көкөністерде (қияр, пияз, қызанақ) бар болғандығын дәлелдеу; зияткерліккебейімдеу.<br>**Апта тақырыбы бойынша нақыл сөздер.**<br>Су — ырыстың көзі, Еңбек — кірістің көзі.<br><br>Су бергеннің — сауабы бар.Су төккеннің жауабы бар.<br>Еңбек тапсырмасы: құрап түсіп жатқанжапырақтарды жинау.<br>Мақсаты: тазалыққа, қарапайым еңбек дағдыларынабаулу. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Менің достарым" тақырыбында әңгімелесу. | "Балабақша ережелері", "Достарының арасында өз-өзін қалай ұстау керек? " тақырыбындабалалармен әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеттері, өткен күндері, жетістіктері жайында әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың тазалығы жайында әңгімелесу. | «Жазғы жайсаң күндер» фото көрме. |

Тексерді әдіскер: [illegible]
Э. Куандыкова

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Апта нөмірі* | **№4** | | | | |
| *Күндері* | **20.06 - 24.06.2022ж** | | | | |
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | **Балапандардың ұшуды үйренуі / Как птенцы учатся летать / How chicks learn to fly** | | | | |
| *Мекеменің атауы, тобы* | | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Дене температурасын күнделікті өлшеу, теріні қабаттарын қарау, балалардың сыртқы түрі; ата-ананың сұрақтарына педагогтің жауаптары; балаларға қолайлы жағдай жасау. Ата-аналармен «Құстарға қамқор бол» тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку".<br>Мақсаты: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне баулу. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** ойын бұрышында өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аудартып, аттарын атап орнына қою.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | **Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындаймыз.**<br>Мақсаты: берілген тапсырмаға жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды дұрыс, ұқыпты орналастыруға үйрету. | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** құмды бір жерге үйіп, құмсалғышқа апарып, салу.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу.. | **Табиғат бұрышындағы бақылау:** табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесі түсетін жерде тұратындығына ; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екендігіне; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аудартy.<br>**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:**<br>жапырақтарды шүберекпен сүрту.<br>Мақсаты: балаларды еңбекке баулу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. |
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Құстардың дауысы" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: балаларға құстардың дыбыстары жайындағы түсініктерді беру, құстардың дыбыстарын еліктеуіш сөздер арқылы айтқызып, артикуляциясын жетілдіру.<br>Балалар ересек адамның сұрақтарына сәйкес құстардың дауысына еліктеп, аталған құстың дауысын салып жауап береді.<br>- Қарға қалай дыбыстайды? (Қарға қарқылдайды. "Қар - қар - қар" - дейді!)<br>- Бұлбұл құс қалай дыбыстайды? (Бұлбұл сайрайды. "Тёх -Тёх" - деген дыбыс шығарады.)<br>- Торғай қандай дыбыс шығарады? (Торғай шырылдайды. "Шиық-шиық!" - дейді.)<br>- Көкек қалай дыбыстайды? (Көкек: "Көкек- көкек" - дейді.) | **"Әр құстың өз орыны бар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды әр құс түрінің бір өкілі туралы қысқаша әңгімелерден алынған мәліметтерді қолдана отырып жыртқыш, суда жүзетін, батпақты көлдерде өмір сүретін құстардың бейнелері бар суреттерді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Барысы. Педагог кестеде бейнеленген құстар туралы шағын әңгімелер тыңдауға ұсыныс білдіреді. Құстардың тұмсығының, аяқтарының құрылымын және қылықтарын сипаттағанда мұқият назар аударуларын сұрайды. Тұмсықтың құстардың өмірінде маңызды рөл атқаратынын айту.<br>**"Ботқаны суытамыз" тыныс алу жаттығуы.** Мақсаты: балалардың тыныс алу мүшелерін жетілдіру; әдептілікке тәрбиелеу.<br>Тыныс алу жаттығуы кезінде құстардың мамығын үрлеп жарыстырып көреді. | **"Қолда балапанды жасырайық" тренинг- ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды елестетуге, нұсқауларға еруге, көңілді көңіл-күйге бөленуге бейімдеу.<br>Қолдарыңда кішкентай, әрі дәрменсіз балапан бар деп елестетіп көріңдер. Қолдарыңды алға созып, алақандарымызды жоғары көтереміз. Енді шынтақтарыңды бүгіп, өздеріңе жақындатыңдар. Біртіндеп бір-бір саусақтан алақандарыңды жәймен бүгіңдер, балапанды алақанның ішіне жасырыңдар, енді ақырын балапанға бірқалыпты және баяу тыныс алып, балапанды жылы демдеріңмен жылытыңдар. Енді алақандарыңды ашыңдар, сонда сендер балапанның қуанып ұшып кеткенін көресіңдер. Оған өкінбей, мұқаймай, күлімсіреп қарап қоя беріңдер. Себебі ол сендердің мейірімді қолдарыңа әлі де ұшып келеді. | **"Шұп-шұбар тауығым" ойыны.**<br>Мақсаты: дыбыстарды дұрыс айтып, еліктеуге жаттықтыру.<br>Барысы. Балалардың арасынан "Шұбар тауық" таңдалынып, басына маска-тақиясы кигізіледі.<br>Жүргізушінің белгісі бойынша диалог басталады:<br>- Шұп-шұбар тауығым, қай жаққа барасың?<br>- Мен өзенге барамын.<br>- Шұп-шұбар тауығым, онда неге барасың?<br>- Су алуға барамын.<br>- Шұп-шұбар тауығым, суды не қыласың?<br>- Балапандарға беремін. Олар әбден шөлдеді. Шиқылдап, су іздеді. Бүкіл көше естиді:<br>- Шиық - шиық - шиық - шиық!<br>"Бүкіл көше естиді: Шиық - шиық - шиық - шиық!" , - деген сөздерден кейін балапан болып тағайындалған балалар тауықтан қашып, шиқылдайды (Шиық - шиық - шиық - шиық!). Ал, ұстап алынған балаға қолын тигізіп, тауық былай дейді: "Құдыққа кеп, судан іш!". | **Үй құстары мен олардың балапандары бейнеленген иллюстрациялық суреттерді көрсету.**<br>- Бұл не?<br>- Бұл құстар қайда мекендейді?<br>- Оларға кім қамқорлық жасайды?<br>- Үй құстары ұша алады ма?<br>- Адамдар үй құстарын не үшін ұстайды?<br>**"Ненің балапандары?" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: үй құстарының балапандары, олардың дыбыстауы жайында алған білімдерін бекіту; үй құстарының аналықтары мен балапандарын сәйкестендіре алуға жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Ұсталынып қалған балалар<br>ойыннан шығып отырады.<br>Ойынды жаңа тауық таңдап,<br>қайтадан<br>қайталауға болады. | |
| **Таңғы жаттығу** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар. (ата-аналарымен өткізуге кеңес беріледі)**<br>- Амансыңдар ма, менің кішкентай балапандарым! Ұйқыларыңнан ояндыңдар ма? (Оянып жатқан қимыл-қозғалыстар келтіреді.) Керіліп, созылдыңдар ма? (Аяқтарының ұштарына тұрып, керіліп, созылады.) Жуындыңдар ма? (Иә.) Қалай жуындыңдар? (Беті-қолдарын, құлақтарын жуғандай қимыл көрсетеді). Қандай тап-тазасыңдар! Қандай әдемісіңдер! Қарасаң көз тоймайды!<br>Мен, сарышымшық анамын, сендердей тамаша балапандарды көргеніммен қуанамын! Балапандар, өз ата-аналарың жүгіріп барыңдар, құшақтасып, жаттығу жасауға шақырыңдар! Аналар да, Әкелер де өз балапандарының денсаулықтары жақсы, мықты болғанын қалайды!<br>Ата-аналар балалардың қолдарынан ұстап, әуенмен ілесіп,<br>адымдап жүреді. Шымшықтарым, шымшықтарым,<br>Тату, адал<br>құстарым.<br>Балалармен<br>адымдайды,<br>Денсаулықты<br>сақтайды. Құстар<br>былай өседі, Аяқ<br>ұшымен жүреді | | | | |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Мақсаты: балаларды ас қабылдау кезінде қолдайтын, эмоционалды жағымды<br>орта туғызу. Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар<br>барлығын!<br>Қасықтарым<br>сиқырлы,<br>Тауысады<br>тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас! | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне дайындық** | **ҰОҚ-не дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |
| | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аударып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қане, достар қуанайық.<br>Қуанайық құстарға да,<br>Күнге де,<br>(Балалар қолдарын жоғары көтереді) Қуанайық жымың қаққан көздерге. (Бір - біріне қарап жымияды)<br>Бүкіл әлем қуансын бізбен бірге, (Қолдарын екі жаққа | **"Дәрумендер дегеніміз не?" әңгімелесу.** Мақсаты: дәрумендердің адам ағзасына тигізер пайдасы туралы білім беру; "денсаулық", "дәрумендер" деген түсініктермен таныстыру; көкөністер мен жеміс - жидектер туралы білімдерін бекіту. | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын! Мейірім мен жылулыққа орта толсын!<br>Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық, Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық!<br>Тусипжанова-Шагирова А. | **Құстар туралы тақпақтар.**<br>Мақсаты: балалардың құстардың жаздағы тіршілігі жайындағы түсініктерін нығайту; құстарға аяушылықпен қарауға баулу.<br>Келіп көктем<br>құстары, Бау-<br>бақшада ән<br>салды. Оларды<br>жас достары Ұя<br>жасап қарсы<br>алды.<br><br>Құс ұясын<br>бұзбаңдар,<br>Балапанын | **"Қимылдарға қарап, нені көрсеткенімді айт?" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарай ашады) "Қайырлы таң!"<br>деп, айтамыз біздер Сізге!<br>(Барлығы қол ұстасады)<br>"Қайырлы таң!" ата-анамыз,<br>Сіздерге! "Қайырлы таң!" қалады<br>тағы бізбенен! | | | алмаңдар. Құстар<br>біздің досымыз,<br>Обалына қалмаңдар.<br><br>Таспен атып<br>торғайды Ұя<br>бұзған оңбайды<br>Құс өкпелеп<br>кетеді<br>Бақшамызға<br>қонбайды. | |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:""Ақ мамықтай балапан"**<br>Мақсаты: Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; құрсаулармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру.<br>*"Секірмек" қимылды ойыны.* | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:""Құстар біздің досымыз"**<br>Мақсаты: Жалпы құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы мағлұмат беру;б алалардың белсенділігін, қызығушылығын, сөздік қорын, ой – өрісін дамыту; құстарды қорғауға, қамқоршы болуға, табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br>*«Мысық пен торғайлар» ойыны.* | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы:""Құстарға жем салайық"**<br>Мақсаты: Құстар туралы түсініктерді дамыту; желімді қылқаламмен алып, дайын пішіндерге желімді жағу, сүлгіні қолдана білу қабілетін қалыптастыру; балаларды дайын пішіндерден құс бейнесін құрастырып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету (сопақша, дөңгелек, үшбұрыш, тіктөртбұрыш); қолдың ұсақ моторикасын, құстардың әнін тыңдау және есту қабілеттерін дамыту; табиғат пен құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>*Өздігінен жапсыру.* | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы:""Құс үйі"**<br>Мақсаты: Сипаттама бойынша затты табуды үйрету,сөйлеу және тыңдау қабілеттерін дамыту, үйді құрылыс материалынан тұрғыза білу, қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу.<br>*«Құстар ұяда» ойыны* | **Музыка**<br>**Тақырыбы:""Орманда"**<br>Мақсаты: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту.<br>*Музыкалық аспапта ойнау* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Үлескеге ұшып келген құстарды бақылау.** Мақсаты: құстардың қимыл-қозғалыстарына назар аударту: жүреді, секіреді, ұшады.<br>Шалшық сулардан қалай су ішіп, қалай жем шоқитындарын бақылау.<br>**"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір - бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту; белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру.<br>**“Бедерлі жолдармен” ойын жаттығуы.** Мақсаты: асфальтта сызылған бедерлі сызықтармен жүруді жаттықтыру.<br>**Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Құмсалғышта ойнаймыз.**<br>Мақсаты: балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін қалыптастыру. Құмның қасиеттерімен таныстыру. Ойын барысында құрдастарымен тіл табыса білуге тәрбиелеу (ойыншықтармен бөлісу, кезектесіп ойнау, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу).<br>**Әңгімелесу.**<br>Біздің құмсалғышымыз қандай керемет! Ондағы құм сары, таза. Кім құмсалғышта ойнағанды ұнатады?<br>Егер күн қатты ысыса, онда құм құрғақ болады. Мұндай құмды құюға болады (педагог құмның пластмас диірменшеден қалай айналдыратынын көрсетеді) немесе құмды илеуіштен илей аласыңдар (Көрсетеді.). Сендер құмды мөлдір пластик бөтелкеге құю аласыңдар (көрсетеді). Құрғақ құмның үстінде жалаңаяқ жүгірген жақсы. Бірақ бір-бірлеріңе құм лақтыруға болмайды. Себебі, біреудің көзіне кіріп кетуі мүмкін!<br>Егер біз күрек алып, құмды қаза бастасақ, біраз қазғаннан кейін қою қоңырқай құм шығады. Ол дымқыл болғандықтан сондай болады. Мұндай құмды төге алмайсыңдар. Қараңдаршы. Ол кішкентай кесек - кесек болып түседі. Мұндай құмнан біз түрлі қалыптардың көмегімен торттар, қалыптар, пироженыйлар жасай аламыз (қалыптардың көмегімен педагог көрсетеді). Енді өзіміз түрлі пішінді қалыптарды алып, мүсіндеп көрейікші! **"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды түрлі бағытта жүгіруге жаттықтыру, тәрбиеші белгісін есті білу, кеңістікті бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларда нысанаға дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту;<br>**Балалардың далаға алып** | **Масалармен танысу.**<br>Мақсаты: балаларды жәндіктермен (маса) таныстыруды жалғастыру; байқағыштық қасиеттерін дамыту; қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>**Әңгімелесу.**<br>Балалар, сендерді масалар шағып көрді ме? Масалар қандай болады? Педагог балаларды масалар туралы әңгімелесуге, оларды сипаттауға шақырады. Сөйлемдерді дұрыс құрауына үлкен мән беру маңызды. Бақалар мен қарлығаштар масалармен қоректенеді. Олар бізді масадан құтқарады. Егер мүмкіндік болса, далада балаларға масалар мен басқа да жәндіктердің суретін салуға қағаз бен бояулар (қарындаштар, балауыз қарындаштар) тарата аласыз.<br>Масалардың суретін салу.<br>**"Құпияшалар" құмсалғышта ойнайтын ойындар.**<br>Ойын күрделендіріліп ойнатылады. Бірнеше балаға түрлі - түсті текшелерді құпия түрде жасырып қою ұсынылады. Қалған балалар мұқият іздеп, тауып алулары керек. **"Қуыспақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша, қуғыншыдан қашып жүгіруге бейімдеу; күш- жүгерін, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту.<br>Балалар қуыспақ ойнағанды өте жақсы көреді. Ойын ойнатылмас бұрын ересек адам алдын-ала жұмыс жүргізу керек: ойын шартын түсіндіріп, жүгіруге арналған аймақты белгілеп беруі керек.<br>Негізгі қимыл - қозғалыс түрлері бойынша жеке жұмыстар.<br>**"Сол жақ", "Оң жақ" түсініктері туралы білімдерін бекіту.**<br>Ересек адам былай дейді:<br>- Масалар оң жақ құлақтың түбінде! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар сол жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар оң жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп!<br>**"Масаны ұстап ал!" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: | **Жаңбырды бақылау.**<br>Мақсаты: жаңбыр және найзағай сияқты құбылыстарды түсіндіру.<br>Найзағай фотосуретін көрсету.<br>Қатты жауын болған кезде, найзағайдың алдында аспанды ауыр бұлт жауып, қатты жел соғады. Жел ағаштарды қатты шайқайды. Айналаның бәрі біртіндеп түнеріп кетеді. Құстар айқайлап ұшып, жасырынып қалуға тырысады. Күн күркіреп, найзағай жарқылдайды.<br>**Жұмбақ.**<br>Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр, Дабылдап дабылын ол қағып тұр. (Найзағай) Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр, Дабылдатып дабылын ол қағып тұр.<br>От жағып, дабыл қағып тұрғанында, Сабалап төмен қарай су ағып тұр.<br>(Жаңбыр, найзағай)<br>**"Аюдың орманында" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету.<br>**"Сабалақ күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балалалардың ойын мәтініне сәйкес қимылдау, қозғалыс бағытын тез өзгерте алу, ұстап алушының қолына түсіп қалмай, бір - бірін итермей жүгіре алу қабілеттерін дамыту.<br>**Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар.<br>**Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | **Құстарды бақылау (қарғалар, торғайлар, көгершіндер)**<br>Мақсаты: құстар туралы жалпы түсінік қалыптастыру.<br>**Көркем сөз.**<br>Тереземіңің алдына, Түрлі құстар кеп қонды.<br>Ақырын жақын келіп ем, Пыр етті де жоқ болды.<br>**"Торғайлар мен машина" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүруге және жүгіруге ынталандыру; құстардың қимылдарына елкітеуге бейімдеу; бірлесіп ойнауға машықтандыру.<br>**Дене шынықтырудан жеке дербес жұмыстар.** Мақсаты: балаларды көлбеу тақтайдың бетімен жүруге, бастың арт жағынан лақтыруға жаттықтыру, балаларды батылдық пен ептілікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек тапсырмалары:** құмдарды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа әкеліп төгу.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек тапсырмаларын орындай алуға үйретіп баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар.<br>**Еңбек тапсырмасы** – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды секіруге жаттықтыру, бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**"Дәрігерде" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балаларды дәрігердің қызметімен таныстыру, медициналық құралдардың аттарын бекіту. Балаларға ойын жоспарын жүзеге асыруға үйрету. Екі кейіпкермен (дәрігер - науқас) өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру; алмастыратын ойыншықтармен дербес ойын кезінде өзі үшін де, ойыншық үшін де рөлін сомдау.<br>**Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын материалдар: күректер, сыпырғыштар, зеңбілдер, қалыптар, қағаздар мен қарындаштар..<br>**Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | | |
| **Серуеннен оралу** | **"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" ойын жағдаяты. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" тақпақ-жаттамағын оқу.**<br>Мақсаты: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарынды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады. | | | | |
| **Түскі ас** | Дастархандағы тағамға назар аударту; үстел басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін енгізуге бағытталған жеке жұмыстар; этикет ережелері.<br>**Көркем сөз.**<br>Қолға қасық, нан<br>алайық, Түскі<br>асты тауысайық. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына<br>жағымды жағдай туғызу. Көркем сөз оқу**:** "Бесік жыры"<br>(халық ауыз әдебиеті). | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | **Тақпақ-оятпақ: "Қанаттарымызды күнге жылытайық".**<br>Балалар шалқасынан жатады, қолдары жандарында; қолдарын жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, қайта түсіреді.<br>**"Аяқтарыңды жасыр" жаттығуы.**<br>Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарыңды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан кереуетке жайлап түсіреді.<br>**Кереуеттерінің жандарынан жүру.**<br>Алтын айдарлы<br>әтеш, Адымдап<br>келе жатыр.<br>Балапандарын<br>қуып, Қораға<br>қамап жатыр.<br>Қос аяқпен бір орында және алға қарай жылжып секіру. Қолдар еркін.<br>**Шынықтыру іс-шаралары.**<br>Дымқыл шүберекпен сүртіну, ысқылау.<br>Дәстүрден тыс әр түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жүру. | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Тамақты ұртына тығындап алмай, өз бетімен тамақты жеп тауысу қабілеттерін шыңдау. Ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру. Майлықты қолданып үйрету. "Қонжық қалай тамақтануды үйренді" ойын жағдаяты. | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Қуыршақ Данаға суық тиіп қалды" дидактикалық ойыны.**<br>**Тақпақ-жаттамақ.** Қол<br>орамал қалтады,<br>Мұрын сүртіп<br>алуға.<br>Балалардың<br>мұрындары, Қайта<br>таза болуға.<br>Балаларға жөтеліп,түшкірген кезде ауыздарын қолорамалмен жабуға үйрету, алдыңда біреу тұрса, теріс қарау керек. Балалардың қолорамалды немесе бір реттік орамалдарды қолдана алу дағдыларын тәрбиелеу.<br>**"Құс" тақырыбында қағаздан құрастыру.** Құстарыңның бастарының екі жағынан қара ермексаздан бір-бір көзден жапсырып қойыңдар. Сосын құстың денесінің екі жағынан бір-бір қанаттан жапсырыңдар.<br>Жұмыс соңынан кейін жасаған бұйымдарымен ойын ойнап, құстың атынан сөйлеп, құсты таныстырады. | **"Құстар" тақырыбында презентация (интербелсенді тақтада).**<br>Мақсаты: балалардың құстар туралы түсініктерін жалпылау, нақтылау: барлық құстардың тұмсығы бар, денесі қауырсынмен қапталған, екі қанаты, екі аяғы бар, жұмыртқадан балапандары шығады. **"Бөліктерден бүтін жұмыртқа жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: ұсақ төрт бөліктен тұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; ойлау, қабылдау, зейін, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бұл жұмыртқа шағылған. Оның ішінен балапан шыққан. Өсіп, жетілген соң жұмыртқаны жарып, шықты. Қане, жұмыртқаның бөліктерін біріктіріп, жинап көрейікші. Бөліктерден бүтін жұмыртқа жинап көрейікші. | **"Құс" қыстырғыштармен ойыны.** Мақсаты: балаларды қысқыштармен жұмыс жасауға бейімдеу, ұсақ қол моторикасын, ой- қиялын дамыту.<br>Құсқа қыстырғыштардан тұмсық, аяқтары мен әдемі құйрық шығатындай етіп қыстырып берейік.<br>**"Шағала" көзге арналған жаттығуы.** Мақсаты: көздің көру қабілеттерін жетілдіру, босаңсыту мүмкіндіктерін ашу.<br>Қараңдар, бұл теңіз құсы шағала ғой! Ол қалай ұшатынын көзімізбен ғана қарап отырайық.<br>Шағала жоғары ұшты. Шағала солға ұшты. Шағала төмен қарай ұшты. Енді оңға ұшты. Толқындардың үстімен айнала ұшты. | **"Біздің әтеш шақырмайды" ойын-жаттығуы.** Мақсаты: театр өнері арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>Міндеттері: кейіпкердің эмоционалды жағдайын мимика, ым-ишара арқылы беру қабілетін қалыптастыру; сөздік қорын байыту; қарым- қатынас дағдыларына тәрбиелеу.<br>Алдын-ала жұмыс: ертегі ойлап табу, өлеңдер мен әндерді қосу, іс-әрекеттердің кезектілігін талқылау.<br>Материалдар: Әтеш, Үйрек, Ешкі, Қыздың костюмдері. Ойыншық құрт (жіп), бір бума құрғақ шөп, шелек, шайнек, кесе, кептірілген итмұрын жемісінің шай қорапшасы. | **"Үйшік" ертегісі (ертегі терапиясы технологиясы).**<br>Мақсаты: балаларға таныс ертегінің мазмұнын еске салу, қиялын және ерікті зейінін дамыту.<br>Балалардың ішкі әлемін байыту, балалардың қарым-қатынасындағы кедергілерді жеңу бойынша жұмыс жасау.<br>«Үйшік» ертегісін оқу, ертегіге байланысты иллюстрацияларды қарау, балаларға ертегі көрсету (қуыршақ театры), ертегі кейіпкерлерімен ойнау, жабайы аңдар, олардың тіршілік ету ортасы туралы әңгімелеу.<br>Құрал-жабдықтар: "Үйшік" қуыршақ театры, аңдардың тұрғылықты мекен жайы бейнеленген суреттер, резинадан жасалынған ойыншық аңдар, жануарлардың санына сәйкес әр түрлі түсті геометриялық пішіндер, қағазға жапсырылған шаршы және үшбұрыш, желім, аудиожазбалар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | **"Киімдерді әдемілеп бүктейік" ойын жаттығуы.** Мақсаты: киімдерді дұрыс бүктеу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды өз киімін танып білуге, атай алуға, бірте-біртелік жүйесі бойынша киіне білуге, өз шкафтарын суретті белгісі бойынша таба алуға және киімдерін ұқыпты бүктеп, шкафтарына салуға үйрету. | Қауіпсіздік ережелері жайында жеке дербес және ұжымдық әңгімелесу (сөйлеу тілін белсендіру үшін). Мақсаты: балаларды серуендеуге ынталандыру. Серуендеуге арналған ойын жабдықтарын таңдау; балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және етіктің бірте-біртелік жүйе бойынша киінуін қадағалау. | Мақсаты: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер:<br>- серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу;<br>- ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде);<br>- күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін;<br>- серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады;<br>- серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп. | Мақсаты: түйме таға білу іскерліктерін қалыптастыруды жалғастыру; гольфіні мен шұлықты аяқты ұшынан бастап киюге үйрету; мәдениетті түрде көмек сұрауға үйрету. | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқ-киімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру. Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**Жабайы, дала құстары мен олардың балапандары бейнеленген иллюстрацияларды көрсету.**<br>- Бұл не?<br>- Бұл құстар қайда мекендейді?<br>- Оларға кім күтім жасайды?<br>- Олар қоректерін қалай тауып жейді? (иллюстрациялар: ағашта отырған тоқылдақ, тұмсығымен құртты ұстап отырған шымшық, жем шоқып жүрген торғай).<br>- Бұлар үй құстары ма, әлде жабайы, дала құстары ма?<br>**"Балапандар мен күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру; ойын желісіне, белгі бойынша бірінің соңынан бірі баяу жүру және бір бағытта жүгіру қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлау, зейін қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Балапандар ұқсап балпаңдап жүруді көрсету. Күшіктің жүгіріп келуін байқап - жан-жаққа тарап жүгіру.<br>Біз көңілді балапан<br>үйректерміз, Балпаң,<br>балпаң етіп жүреміз.<br>Күшік келіп үрісе -<br>Жан-жаққа жылдам жүгіреміз.<br>Педагог балаларды, балапандарға жақсы еліктегендері үшін, мақтап жүреді.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.** Мақсаты: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | **Торғайды бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың торғай туралы түсініктерін нығайту; торғайдың шапшаң, жылдам ұшатынын, торғайдың өзіне жем-коректі тез тауып алатынын байқату; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға торғайлар алдына кепкен нанды үгітіп шашуды, алыстан бақылауды ұсыну мүмкін.<br>**Энциклопедиялық мәлімет.**<br>- Қызыл кітап – сирек кездесетін және жойылып кетуі мүмкін жануарлардың, өсімдіктердің, жәндіктердің, балықтардың тізімі.<br>- Кітаптың беттері әр түрлі түстен тұрады. Қара беттерде жойылған хайуандар, қызыл беттерде сирек кездесетін, сары бетте тез азайып келе жатқан, ал ақ беттерде құтқарылған жануарлардың түрлері көрсетілген.<br>- Кітапта ақбөкен, гепард, бүркіт, арқар, барыс жануарлары бар. (Суреттерді көрсету.)<br>- Біздің елімізде, Қызыл кітапқа енген жануар немесе өсімдікке зиян тигізілсе, ол адам жазаланады. Қызыл түс – қауіптілікті білдіреді.<br>- Ал, қазір сендер қандай құсты жасағыларың келетінін ойланып, алдарыңда жатқан қажетті материалдарды таңдап алып, жұмысқа кірісе беріңдер.<br>**"Құс" аппликациясы.**<br>- Балалар, бүгін балабақшаға келмей қалған балаларға құстар жайлы не айтушы едіңдер?<br>**Көркем сөз.**<br>Бақшаларды<br>қорғауға, Құс<br>достарым келеді.<br>Зиянкес<br>жәндіктерді,<br>Шоқып жейді,<br>тереді. Сондықтан<br>да достарым,<br>Ренжітпеңдер<br>құстарды!<br>Ұяларын<br>бұзбаңдар,<br>Мысықтардан<br>қорғаңдар!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**Еңбек тапсырмасы:** құрап түсіп жатқан жапырақтарды жинау. | **Аула құстарын бақылау.**<br>Мақсаты: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сыртқы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **"Құстар", "Құстар ауласында", "Орман құстары" тақырыбындағы боямақтармен жұмыс.**<br>**"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір-бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын материалмен дербес ойындар.**<br>Мақсаты: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күрек, сыпырғыш, қалақшалар, қалыптар.<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа апару.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, қандай құстарды білесіңдер?<br>- Құстарда не болады? (Балаларға құстардың дене мүшелерін айтуға көмектесу.)<br>Жер құстарының алуан түрлілігі туралы иллюстрацияларды қолдана отырып, олардың ерекшеліктері туралы қызықты мәліметтермен таныстыратын ақпараттық әңгіме айту.<br>Балалармен құсты мүсіндеу. Мақсаты: балаларды тұтас сазбалшықтың кесегін екі (кішкента мен үлкен) бөлікке бөліп, құстың басы мен денесін дөңгелектеп, саусақ ұштарымен тұмсығы мен құйрығын шымшып шығарып, құстың мүсінін құрауға дағдыландыру. Құралдары: сазбалшық; сүлгілер, төнесіш тақтайшалар.<br>**"Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша қимылдарын өзгеруге: алаң кеңістігін пайдаланып, бірін-бірі түртпей, жүгіруге және бір-біріне жақын бір жерде отырып, демалуға - машықтандыру; ұшақ қимылына еліктеуге ынталандыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагогтің балаларға берілетін белгі командалары: "Ұшақтар, моторларды жүргізейік!" (екі қолды алдыға қойып, өзара айналдыру), "Қане, ұшайық!" (екі қолды екі жаққа жайып, түзі ұстап жүгіру), "Ұшақтар, аэродромға қонайық!" (бір-біріне жақын жерге отыру, қолдарды екі жақтарға созып, түзу ұстау).<br>**"Ұшады, ұшпайды" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: зейіндерін, сөзді тез қабылдап, тез әрекет ету қабілеттерін дамыту.<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>**Әр түрлі құстар бейнеленген суреттерді көрсету.**<br>- Бұл не?<br>- Бұларды неге құс деп ойлайсыңдар?<br>- Құстар не істеп жатыр?<br>- Құстардың бәрі бірдей ме?<br>- Айырмашылықтары неде?<br>- Маған үлкен құстарды көрсетіңдерші? Кішкентай құстарды көрсетіңдерші? Өзің білетін құсты көрсетіп, оны ата.<br>- Құстар не жейді?<br>- Торда отырған құстарымызды немен қоректендіреміз? Олардың аттары кім? **"Ұяларында отырған құстар" қимыл-қозғалыс ойыны**<br>Мақсаты: сөзді тез қабылдап, белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін дамыту; кеңістікті бағдарлау қабілетін қалыптастыру.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсаты: тазалыққа, қарапайым еңбек дағдыларына баулу. | | тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.** Дербес ойын әрекеті. Мақсаты: ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | |
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **Артикуляциялық жаттығу. "Не қалай дыбыстайды?"** Мақсаты: үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін қалыптастыру, дауыстарын ажырата алу. Құралдары: үй жануарларының суреттері. | **"Көлік жүргізушілері" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру. Балаларды ойын арқылы қарым-қатынас орнатуға үйрету. Екі кейіпкермен өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы). Балаларды белгілі бір рөл үшін өз атрибуттарын табуға талпындыру. Еңбек тапсырмасы: ойын сөресіне заттарды жинастырып, қалпына келтіру - еңбек дағдыларын тәрбиелеу. | **"Бір және көп" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйлестіруге машықтандыру. Ұзақ - ұзақтар - ұзақтарды. Құс - құстар - құстарды. Тырна - тырналар - тырналарды. Қараторғай - қараторғайлар - қараторғайларды. Қаз - қаздар - қаздарды. Үйрек - үйректер - үйректерді. Қарлығаш - қарлығаштар - қарлығаштарды. Аққу - аққулар - аққуларды. Көкек - көкектер - көкектерді. Ұя - ұялар - ұяларды. Жұмыртқа - жұмыртқалар - жұмыртқаларды. Балапан - балапандар - балапандарды. | **Артикуляциялық жаттығу. "Әтештер".** Мақсаты: етістіктің мағынасын білдіретін іс- әрекетпен байланыстыру. Ойын барысы. Ересек адам өлең оқиды, ал балалар өлеңде айтылған әтештерді бейнелейді.<br>Әтештер<br>айбарланды,<br>Төбелеспей,<br>ойланды.<br>Айбарланса<br>каттырақ,<br>Қауырсыннан<br>айрылмақ.<br>Қауырсыннан<br>айрылса, Қайтіп<br>айбар шақырмақ?<br>(В. Берестов. Петушки. Өлеңін аударған: Тусипжанова-Шагирова А. | **Бейнелеу өнері бұрышындағы бірлескен іс-шаралар.** Апта тақырыбы бойынша жеке жұмыс (мүсіндеу, сурет салу). **"Ұялардағы жұмыртқалар" дидактикалық жаттығуы.** Мақсаты: балалардың көзбен қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, міне, сендердің алдарыңда ұялар. Оларды санайықшы.<br>- Суретте қанша ұя бар? Екі ұя.<br>- Ал ұялар бірдей ме, әлде әртүрлі ме? Әртүрлі.<br>- Бір ұя үлкен, екіншісі кішкентай. Үлкен ұяны көрсет. Кішкентай ұяны көрсет.<br>- Бір санын бір жұмыртқа салынған ұяның астына қоямыз, ал екі санын қай ұяның астына қоямыз?<br>- Екі жұмыртқа салынған. Дұрыс. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Құралдары: жұмыртқалардың суреттері, сандар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата- аналарға кеңес) | "Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы" тақырыбындағы кеңес.. | "Балабақшаның күндізгі режимі сияқты үйде де баланың жағдайын жасау" тақырыбында ата- аналарға кеңес. | "Баланы қалай дұрыс сөйлеп үйретуге болады?" тақырыбында ата-аналарға кеңес.. | "Денсаулықты сақтау өмір салтын сақтауға бағытталған отбасылық дәстүрлерә сұрақ- жауаптар. | Көрмелер: "Құстар күні", "Құстар - біздің досымыз" жылжымалы папкалар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Кіші топ* | **ЦИКЛОГРАММА** | | | | |
| *Апта нөмірі* | **№1** | | | | |
| *Күндері* | **27.06 - 01.07.2022ж.** | | | | |
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | **Нұрлы күн / Солнышко лучистое /** | | | | |
| *Мекеменің атауы, тобы* | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | Ж.Каназарова А.Бижанова | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау. Ата-аналармен балалардың өзін-өзі қалай сезінетіні, көңіл-күйі жайлы, олардың оқу қызметіне қалай қатысатыны туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** дымқыл шүберекпен орындықтың шаңын сүрту. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекетін орындауға араластыру. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: топ алаңқайын сыпыру.** Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. **Асхана бойынша еңбек тапсырмалары.** Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Біз орындықтарды орындарына қоямыз". Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, тапсырманы жылдам, мұқиятorындау. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы, бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту. Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, өсімдіктерге күтім жасау. | **Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру:** ойын бұрышындағы өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аудару, оларды атап, орындарына жинау. Мақсаты: балаларды еңбекке баулу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. |
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Жарқырап күн де ашылды, Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз! Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Мақсаты: сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; дағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды ойыншықтармен бөлісіп, тату ойнауды үйрету. | **Саусақ жаттығуы. "Жаз".**<br>Мақсаты: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Нұр тұнып құлпырып,<br>Айнала<br>жайнады. Тұр<br>күнге<br>ұмтылып, Алма<br>ағаш сайдағы.<br>Өзен жай<br>ағады, Балауса<br>жағасы.<br>Көбелек қағады,<br>Қанатын<br>жалауша.<br>Көгалда<br>ойнадық, Асыр<br>сап күн ұзақ.<br>Гүл<br>тердік, ойнадық,<br>Жарқын жаз<br>қызық-ақ. | **Қимыл-қозғалыс ойыны: "Менің көңілді добым…"**<br>Мақсаты: балаларды екі аяқпен секіруді үйрету, мәтінді мұқият тыңдау және мәтіннің соңғы сөз айтылған кезде ғана допты қуалау керек.<br>Тыныс алу жаттығуы. | **"Бір-екі белгі" ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың зейінін дамыту, Балалар қатарға тұрады. Тәрбиеші бір белгі береді(ысқырық немесе шапалақ), ойыншылар бір қолдарын жоғары көтереді, екі рет белгі бергенде<br>— бірден екі қолдарын көтереді. Белгіні аралас береді: бір белгіні бірнеше рет беруге болады, ал кейін екі белгіні. Ойын соңында тәрбиеші ең зейінді балаларды атайды.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды кішігірім топпен бірігіп ойнауды үйрету. | **Ойын "Пирамиданы құраймыз".**<br>Мақсаты: балалардың позитивті көңіл-күйі болуына жағдай жасау; ұсақ қол моторикасын, қабылдауды, ойлауды дамыту.<br>Түрлі-түсті<br>шеңберлерден,<br>Пирамида<br>құраймын,<br>Ең үстіңгі түсті<br>алып, Қайта<br>кілемге шашамын. |

| | |
|---|---|
| **Таңғы жаттығу** | **Тыныс алу, релаксация, дыбыстау артикуляциясына жаттығу, ойындық уқалау элементтерімен таңғы жаттығу.**<br>Күн сәулесін шашады, бізді серуенге<br>шақырады.<br>Қандай жақсы, нұрлы күнде доспен<br>бірге жүруге.<br>**Тәрбиешінің артынан жүру 10 сек.**<br>Күн алыста, биікте<br>Күнге қарай созылып,<br>жүгіреміз біз бірге.<br>Тәрбиешінің артынан жүгіру 8<br>сек.<br>**Шынықтыру және дамыту жаттығулары «Күнмен ойнаймыз».**<br>1. **«Алақанымызды<br>жылытамыз»**Күн<br>сәулесін шашады,<br>Алақанымызды<br>жылытады.<br>Б.қ. – Қолды алдыға, алақанды жоғары – б.қ. – 4 рет.<br>2. **«Күн сәулесін іздейміз»**<br>Күн сәулесі көрінді-айнала<br>жарыққа толды,Күн сәулесі<br>көрінді-айнала көңілді болды.<br>Б.қ. – аяқты алшақ қою, қол белде. Оңға бұрылу – б.қ, солға бұрылу – б.қ. – 2 рет<br>3. **«Күнге қуанамыз»**<br>Күнге бәрі қуанады. 5 рет<br>Б.қ. – Бір орында екі<br>аяқпен секіру.Міне ойын<br>аяқталды!<br>Ал енді таңғы асқа<br>барайық.<br>Тәрбиешінің артынан<br>жүру. |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Балаларды ас қабылдау кезінде қолдайтын, эмоционалды жағымды орта туғызу.<br>Таңқалдырар<br>барлығын!<br>Қасықтарым<br>сиқырлы,<br>Тауысады<br>тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас! |
| **Ойындар, оқу қызметіне** | **ҰОҚ-не дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ,дамытушы ойындары) | **"Балабақшаға келе жатқанда мен не көрдім?" тақырыбындағы бақылау.**<br>Мақсаты: тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру.<br>Педагог балалардан балабақшаға келе жатқан жолдарында не көргендерін айтуды сұрайды (көп көліктер, балалар, автобустар, бағдаршам және т.б.).<br>**"Сабын көпіршіктері" ойын жаттығуы.** Мақсаты: балалардың тазалыққа тәрбиелеу;көркем сөзді жатқа айтуға қызығушылық тудыру.<br>Түрлі-түсті<br>көпіршік,<br>Қалықтайды<br>аспанда.<br>Жарылады бір-<br>бірлеп, Отшашулар<br>шашқандай. Қандай | **Еліктеу ойындары: "Не бұл?".**<br>Мақсаты: балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; артикуляцияны жетілдіру; жан-жануарлардың дыбыстарына еліктеуге машықтандыру.<br>Балалар орындықтарға отырады. Тәрбиеші балалардан кезек-кезек, иттің үргенін, мысықтың мияулағанын, сиырдың мөңірегенін, қарғанын қарқылдағанын (көкек, торғай, көгершін, сауысқан) бейнелеуді (келтіруді) сұрайды. Егер балаларға тапсырманы орындау қиындық тудырса онда, ересектер көмектеседі. Ойынды біраз өзгерту. Балалардың біреуі аңның немесе құстың тек қана дауысын ғана емес, сондай-ақ оған тән қимыл-қозғалысты салып келтіреді. Әдетте қоянның секіргенін көрсеткісі келетіндер көп болады. Барлығы көрсетсің. Онда | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың қол ұсақ моторикасын,сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Мынау<br>орындық –<br>Дем алуға<br>отырдық.<br>Мынау үстел, (сол қолды жұдырыққа түю,үстіне оң қолдың жұдырығын қою)<br>Асты іше біл.<br>Анау тұрған төсек, (Қолдарды қарама-қарсықою, бас бармақтардың ұшын бір-біріне тік бұрышта тигізу)<br>Ұйықтар орын білсек.<br>Міне диван – жұп-жұмсақ,<br>Отырамыз шаршасақ,<br>(Қолдарды ішік жақтарымен бір-біріне қосу)<br>Мынау шкаф – қарасақ, (Екі қолды бас жағында қосып ұстау; | **"Шарды ұстап ал" ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың қосымша заттармен белгілі әрекеттер жасауға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын, ұқыптылықты, ептілікті дамыту. Су құйылған легенге кішкентай пластмасс шарлар салынады. Балаға беріледі тұтқасы бар сүзгіш беріледі де, судан шарларды сүзіп алуды ұсынады. Балалар сүзіп алған шарларды салу үшін, екінші бос леген дайындаңыз.<br>Сумен ойын әрекетін ұйымдастыру үшін, дайындандар поролон губкалар, су сепкіштер, пластик ыдыстар, қақпақтар, стақандар, екі леген, алжапқыштар, орамалдар. | **"Ойын-сауық саябағын құрастырамыз" құрылыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың қиялын, зейінін, отбасынасүйіспеншілігін дамытады.<br>Ойын құралдары: "лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары.<br>Тәрбиеші өз "ойын-сауық саябағын" құрастыруды ұсынады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ғажап тамаша, Көз<br>тоймайды қараса! | тек қана, кімнің ұзақ қоян болғанын және айнытпай келтіре білгенді анықтау керек. | алақандар біресе қосылып, біресе жан-жаққа "ашылады")<br>Киім-кешек жинасақ. | | |
| **Таңғы жаттығу** | **Шынықтыру мен дамытуға арналған кешенді жаттығулар: «Көңілді сылдырмақтар».**<br>Құрал-жабдықтар: әр балаға 2 дана<br>сылдырмақтан.<br>Бізде бар қызықты ойыншық,<br>— Бом-бом-бом, бом-бом-бом! оның аты — сылдырмақ,<br>— Бом-бом-бом, бом-бом-бом! барлық<br>бала ұнатады, Онымен бірге,<br>Секіріп,<br>жүгіруге!<br>"Алдында<br>ойнат".<br>Б. қ.: аяқ сәл алшақ, сылдырмақ белде. Сылдырмақтар алдыда, сылдырлатып, қайта<br>артқа қою. Еркін тыныстау. 4 рет қайталау.<br>"Көрсетіп ойна".<br>Б. қ.: аяқ алшақ, сылдырмақ иықта. Оңға бұрылу, көрсету, ойнау, "міне" - деу. Б. қ. оралу. Дәл солай<br>екінші жаққа. 2 реттен қайталау. "Сылдырмақтар тізеде".<br>Б. қ.: аяқ алшақ, сылдырмақтар жанында. Алға еңкею, сылдырмақтар тізеде — дем шығару. Б. қ. оралу. 3-4 рет қайталау. Балалардың назарын алдыға<br>еңкейген кезде, тізені бүкпеу керектігіне аудару. "Секіру".<br>Б. қ.: аяқ сәл алшақ, салдырмақтар төмен түсірілген; 4-6 рет секіру; 4-6 рет сылдырмақтарды қағып<br>адымдау. 2 рет қайталау. "Сылдырмақтар ұйықтайды".<br>Б. қ.: аяқ алшақ, сылдырмақтар төмен түсірілген. Сылдырмақтарды екі жаққа, мұрынмен тыныстау. Б.қ оралу, ауызбен дем шығару. 2-3 рет қайталау.<br>Соңғы жаттығуды орындағанда — жүресінен отыру, сылдырмақтарды бетке тигізу. | | | | |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | **"Үстел басындағы әдеп" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларда мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, үстел басында дұрыс отыруды, асхана құралдарын дұрыс қолдана білуді үйрету. | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне** | **ҰОҚ-не дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Біздің күлкіміз<br>көңілді, Жеткізсін<br>жылу мен шаттықты.<br>Бөліскен жақсы ғой<br>өмірде, Қуаныш,<br>мейірім, бақытты. | **Сәлемдесу: "Кел сәлемдесейік".** Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу;<br>топтастарға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Жарқырап күнде<br>ашылды, Айналаға гүл<br>шашылды Қайырлы<br>күн!<br>Біз нәзік<br>қыздармыз!<br>Қайырлы күн!<br>Біз ержүрек ұлдармыз! | **"Сиқырлы сөздер".**<br>Мақсаты: балаларды әдептілік ережелеріне баулу; жағымды көңіл-күйге бөленуге бейімдеу; әдептілік сезімдерін қалыптастыру. Көмек үшін алғыс білдіру, қоштасу және сәлемдесу. | **Сәлемдесу: "Күн".**<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; күн объектісіне көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Кел, балалар,<br>күлейік,<br>Күлкіменен<br>түлейік. Қабақ<br>түйген не керек?<br>Көңілді боп<br>жүрейік.<br>Әңгімелесейік | **Ой жинақтау сәті.**<br>Мақсаты: балаларды татулыққа, бір-біріне жылы шыраймен карауға тәрбиелеу.<br>Қол алысып,<br>кәне, біз,<br>Достасайық<br>бәріміз. Айтарым<br>бар сендерге, Тез<br>тұрыңдар<br>шеңберге.Қандай<br>жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір<br>жүру! Қандай<br>жақсы дос болу! |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:""Жазда ойын-сауық ұйымдастырамыз"** Мақсаты: Балаларды заттардан аттап жүру іскерліктерін жетілдіру; жаттығуды жасау кезінде қимыл белсенділігін арттыру; заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын дамыта отырып, балалардың заттардан аттау кезіндегі ептілік қабілеттерін жетілдіру; жалпы дамыту жаттығулары арқылы балалардың тыныс алу органдарының жұмысына жақсы әсер ету. *"Маған қарай секіріңдер" қимылды ойыны.* | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:""Торғай мен тышқан" (орыс халық ертегісі)"**<br>Мақсаты: Балаларға ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіру; өз ойын толық айтуға дағдыландыру; балалардың бойына еңбексүйгіштік, досқа адал болу, шыншыл болу қасиетін сіңіру; ойлау қабілеттерін, тілін дамыту, сөздік қорын молайту; татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>*Дидактикалық ойын: "Өз қорегін тауып бер"* | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:""Күн көзімен ойнайық"**<br>Мақсаты: Балалардың педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап беру, сөйлеу, ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамытуды жалғастыру; сары түсті тани білу қабілетін қалыптастыру.<br>*«Күн мен жаңбыр» дидактикалық ойыны.* | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:""Түрлі-түсті шарлар"**<br>Мақсаты: Балаларды түрлі-түсті карындаштармен сурет салуды үйретуді жалғастыру; дөңгелек пішінді заттарды қарындашпен бояу дағдыларын бекіту, негізгі түстер (қызыл, сары, көк, жасыл) жайлы білімдерін бекіту; сурет салуға қызығушылықтарын, ұсақ моторикаларын, қолдың қозғалыс координациясын дамыту; табандылыққа, ізденімпаздылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>*«Кемпірқосақ» саусақ жаттығуы* | **Музыка**<br>**Тақырыбы:""Би билейміз баршамыз"**<br>Мақсаты: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.<br>*Музыкалық-дидактикалық ойын.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Жаңбырды (ауа-райына қарай) немесеаспандағы бұлттарды бақылау.**<br>Мақсаты: жаңбыр құбылысы жайында түсініктерді қалыптастыру; жаңбырдың аспанда сұр бұлттар жиналған кезінде пайда болатынын түсіндіру; найзағай сияқты құбылыспен таныстыру. Найзағай мен оның жақындағанын бақылау. Найзағайдың алдында аспанды ауыр бұлт жауып, қатты жел соғады. Жел ағаштарды қатты шайқайды. Айналаның бәрі біртіндеп түнеріп кетеді. Құстар айқайлап ұшып, жасырынып қалуға тырысады. Күн күркіреп, найзағай жарқылдайды.<br>**Жұмбақ.**<br>Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр, Дабылдап дабылын ол қағып тұр. (Найзағай)Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр, Дабылдатып дабылын ол қағып тұр.<br>От жағып, дабыл қағып тұрғанында, Сабалап төмен қарай су ағып тұр. (Жаңбыр, найзағай)<br>**"Аюдың орманында" қимыл-қозғалысойыны.**<br>Мақсаты: бір-біріне қақтығысып қалмай, бір бағытта жүгіруге дағдыландыру.<br>**"Өз түсіңді тап" ойыны.**<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлау біліктіліктерін қалыптастыру, негізгі түстерін қабылдап ажыратуға бейімдеу.<br>**Еңбек тапсырмасы: орындықтардың үстінен құмды сыпыру.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.**Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.**<br>Шығарылатын материал: күрекшелер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сәйкес киінген қуыршақтар, машинкалар. | **Кемпірқосақты бақылау.**<br>Мақсаты: жаз мезгіліндегі құбылыстар: кемпірқосақпен таныстыруды жалғастыру. Кемпірқосақтың барлық түстері жайлы білімдерін бекіту. Балаларға жаңбырдан кейін кемпірқосақ шығатынын түсіндіру. Ол түрлі-түсті. Сендер кемпірқосақта қандай түстер көрдіңдер? (Қызыл, қызыл-сары, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін). Кемпірқосақтың біртіндеп шығып, біртіндеп жоғалатынына назар аудару.<br>**Көркем сөз**<br>Жердің жүзі<br>дірілдеп Жел<br>дауылды сапырса.<br>Төсін бұлттың<br>тілімдеп, Көк<br>жалындар атылса.<br>Көкте жасақ<br>құрғандай<br>Кемпірқосақ<br>тартылар.<br>Жақсылық күн<br>туғандай,Жайнап<br>аспан жарқырар.<br>(С. Мәуленов)<br>**"Сабалақ күшік (ит)" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың ойын мәтініне сәйкес қимылдау, қозғалыс бағытын тез өзгерте алу, ұстап алушының қолына түсіп қалмай, бір-бірінитермей жүгіре алу қабілеттерін дамыту. **"Шұңқырдан шұңқырға" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларда екі аяқпен алға қарай жылжып отырып секіру біліктіліктерін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, тереңдікке, бір орында тұрып биіктікке, жылдам жүгіру кезіндесекіруге жаттықтыру.<br>**Еңбек тапсырмасы: құрап түсіп қалғанжапырақтарды жинау**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.<br>**Шығарылатын материал: күрекшелер, сыпырғыш, зембілдер, қалыптар, қарындаштар, қағаз беттері.** | **Аққайыңды бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды жанды табиғатта болатын мезгілдік өзгерістермен таныстыру. Ағаштар: аққайың жайлы білімдерін бекіту. Жақын маңда қандай ағаштар өсетінін, олардың жаз келгелі қалай өзгергенін қарастыру. Аққайыңға назар аудару.<br>**Көркем сөз.**<br>Ақ көйлегін киіп алды<br>сәнденіп, Бұйра, жасыл<br>шаштары да әрленіп. Жас<br>бұтағы желмен бірге<br>желкілдеп,Шақырады<br>көлеңкеме келші деп.<br>**"Аюдың орманында" қимыл-қозғалысойыны.**<br>Мақсаты: бір-біріне қақтығысып қалмай, сигнал бойынша бір бағытта жүгіруге үйрету.<br>**"Құлыншақтар" қимыл-қозғалыс ойыны.**Мақсаты: балаларды жан-жаққа сигнал бойынша шашырап секіріп, жүгіріп жүруге ынталандыру; нұскауларға зейінді болуға бейімдеу.<br>**Еңбек тапсырмасы: құмсалғыштың бетінқоқыс бұталардан тазалау.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.<br>Шығарылатын материал: күрекшелер, сыпырғыштар, түрлі-түсті дөңгелектер,қалыптар, мөлшелер.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Ағаштар мен бұталарды бақылау.** Мақсаты: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға баулу.<br>Балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін сұрау. Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. Ағашбұтадан биік.<br>**Көркем сөз.**<br>Ағаштарға қамқорлық<br>жасайық, Жапырақ пен<br>бұталарын жұлмайық.Жыл<br>сайын ағаш егіп,<br>көбейтейік. Туған елді<br>осылайша көркейтейік!<br>Тусипжанова-Шагирова<br>А.<br>**Еңбек тапсырмасы: орындықтардыңүстінен құмды сыпыру.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **"Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету; зейінін, түстерді ажыратабілу қабілеттерін дамыту; жүру және жүгіруде жаттықтыру.<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру.<br>**Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.**<br>Шығарылатын материал: күрекшелер, сыпырғыш, зембілдер, қалыптар, қарындаштар, қағаз беттері. | **Қарағайды бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды жанды табиғатта болатын мезгілдік өзгерістермен таныстыру. Ағаштар: қарағай жайлы білімдерін бекіту. Қарағаймен таныстыру, инелерін қарастыру. Жапырақты ағаштармен салыстыру.<br>**Жұмбақ.**<br>Қыста да,<br>көктемде де, Киімі<br>бір түсте. (Қарағай)<br>**"Масаны ұста" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларда көру белгісі мен қимылды үйлестіре білу біліктіліктерін дамыту, секіруге жаттықтыру (орында тұрып секіру).<br>**"Мысық пен торғай" қимыл-қозғалысойыны.**<br>Мақсаты: балаларда кеңістікте ұжыммен бір- біріне жанаспай қозғала білу біліктіліктерін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, тереңдікке,бір орында тұрып биіктікке, жылдам жүгіру кезінде секіруге жаттықтыру.<br>**Еңбек тапсырмасы: ойыншықтарды қорапқа, құмнан тазалап, жинау.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.**Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.**<br>Шығарылатын материал: күрекшелер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сәйкес киінген қуыршақтар, машинкалар. |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | **"Біз тәртіпті сүйеміз" жаттығуы.**<br>Мақсаты: өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, киім мен аяқ киімді таза ұстауға, өз орнында сақтауға үйрету, не үшін тазалық пен реттілікті сақтау керектігін талқылау, киім-кешектерге деген ұқыптылықты қалыптастыру, белгілі реттілікпен киініп, шешінуді үйретуді жалғастыру, әртүрлі түймелеу түрлерін қолдану біліктіліктерін бекіту. |
| **Түскі ас** | Қасықты дұрыс қолдануды үйрету, нанды үгітпеу, ауызды жауып шайнау.<br>Ересектерге алғыс білдіруді үйрету. Астың қасиеттері жайлы түсініктерін<br>қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың атауларын бекіту.<br>**Көркем сөз.**<br>Тәбетін тез ашылсын.<br>Қасықпен көр дәмін,<br>Тауысып же бәрін! |
| **Күндізгі ұйқы** | Белгілі шараларды: дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу, тыныш ұйқы,сақтай отырып, өз бетінше ұйқыға дайындалу<br>дағдыларын қалыптастыру. Ұйқытатпақ.<br>Жастыққа басынды қоя ғой,<br>Тәп-тәтті ұйқыға бата ғой. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | **“Ұйқыдан кейінгі кешенді шынығу**<br>**шаралары”.**<br>**Ояну.**<br>Тәрбиеші қоңырауды сыңғырлатады:<br>Сыңғырлаған<br>қоңырау, Әркез<br>жанымнан табылар.<br>Қоңыраудың үнінен,<br>Мен ояндым ақыры.<br>Уақытымен үнемі,<br>Жаттығамын<br>жалықпай. Әнші<br>"алтын қоңырау"<br>Сыңғырлайды<br>қалықтай!<br>**Көрпемен ойнау.** (Балалар көрпенің астына 2-3 рет тығылады;<br>қауіпсіздікті бақылау шарт.) Күшік келді абалап,<br>Аты оның -<br>Сабалақ!<br>Кім шулайды<br>айғайлап?<br>Сол баланы ұстап, алмақ.<br>**Жеңіл уқалау (аяқты, қолды саусақтан жоғары қарай сипау, арқаны, кеудені жазу).**<br>Аяқ ұшымен жүру (жатын бөлмеден<br>ойын бөлмесіне).<br>Керілеміз, тұрамыз,<br>Жүгіріп бой жазамыз…<br>**“Денсаулық жолдарымен” жүру.**<br>Мақсаты: аяқ табанындағы қан айналымын ұлғайту. |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | **"Қолды қалай дұрыс жуу керек».**<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, жеке-дара іс- әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Капитандар" тыныс алу жаттығуы.** Мақсаты: тыныс алу мүмкіндіктерін ұлғайту.Ұзақ тыныс шығаруға жаттықтыру.<br>Су құйылған ыдыста қағаз қайықтар жүзіп жүреді. Балалар еріндерін түтік сияқты шығарып, қайық алға қарай жылжу үшін "ф" депдыбыстайды.<br>Одан кейін тәрбиеші қатты жел тұрғанын айтады, балалар оның күшін көрсету үшін "п"дыбысын айтады.<br>**"Үйшік" ертегісінің саусақ театры.** Мақсаты: балалардың ертегілер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; көркем сөз үлгілерінестіп, қайталауға бейімдеу.<br>Алдын-ала жұмыс: "Үйшік" ертегісін оқу, ертегіні қою, "Үйшікте нелер тұрады?" дидактикалық ойыны, "Аңның" дене мүшелерін ата, үстел үсті театры «Үйшік», құрылыс материалдарынан үй құрастыру. | **"Кірпі" музыкалық ойыны.** Мақсаты: балаларды музыка және сөздер ырғағына сай, мәтіндегі сөздердің мәніне сай қимылдауға, тақпақ сөздерін қайталауға машықтандыру.<br>1. Тікен, тікен түрпі,<br>Болыпты бір кірпі, (Иә-иә-иә.)<br>Өте қысқы қолы - (Хлоп, хлоп, хлоп.)Ине толған жоны - (Топ, топ, топ.)<br>Секіруді білмепті,<br>Өзі тіпті<br>күлмепті Мінезі<br>өте салмақты,<br>Шапалақтай<br>алмапты Тек<br>мұрнымен үнемі,<br>Пырс-пырс етіп<br>жүреді.<br>2. Орманға кеп қояндар, (Иә-иә-иә.)Секіруді үйретті - (Иә-иә-иә.)<br>Созып қысқа қолдарын<br>Шапалақтап ойнатты - (Хлоп, хлоп, хлоп.)Əттең, бірақ кірпілер,<br>Пысылдауын қоймапты. (Пырс-пырс-пырс.) | **Н. Əлімқұловтың "Ойыншықтар" өлеңін драматизациялау.**<br>Мақсаты: балалармен өлең жолдарын еске түсіру; өлеңнің бір шумағын есте сақтауға көмектесу; тәрбиешінің өлең оқу кезінде балалардың сөздерді (жарты дауыста) қайталаутaлпыныстарын ынталандыру. | **"Жүргізушілер" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыра отырып, ойын барысында нәтижелі қарым-қатынас орнатуға машықтандыру.<br>Сюжеттегі екі кейіпкердің (жүргізуші - жолаушы) өзара әрекеттесу біліктіліктерін қалыптастыру.<br>Балалардың белгілі бір рөлге қажет құрал- жабдықтарды өз бетінше таңдау әрекеттерін ынталандыру. | **"Сылдырмақтармен билеу" жаттығуы.** Мақсаты: балаларды музыка ырғағына, педагогтің көрсеткеніне сай қимылдарды орындауға дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>1. Сылдырмақ еденде жатыр.<br>Аяқты табанға қою.<br>2. Екі жаққа бұрылып, жартылай отырып-тұру.<br>3. Қол шапалақтау.<br>4. Екі аяқпен секіру.<br>5. Айналу.<br>6. Сылдырмақты жоғары көтеріп, сылдырлату.<br>7. Сылдырмақпен билеу.<br>Жаттығу соңында әуен ырғағымен сылдырмақтарды себетке салуға шақыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | **"Біз серуенге қалай киінеміз".** Мақсаты: киім-кешек, аяқ киім, бас киім атауларын және қолданысын нақтылау. | **"Киіну, шешіну".** Мақсаты: түймені тағу және ағыту, жапсырғыш тағындыларды ашып, жабу біліктіліктерін бекіту, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, киіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды, қажет жағдайда көмек сұрауды, сыпайы сөздерді қолдануды үйретуді жалғастыру. | **"Тіналғыш түймелер мен баулар".** Мақсаты: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). | Жапсырғыш тағындыларды тағу, ағыту дағдыларын қалыптастыру, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру.<br>Аяқ киімді кию дағдысын қалыптастыру, ересектердің көмегімен түймені тағу, киімді шкафқа ілу. Шешіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру. | **Ойын алаңында қимыл-қозғалысойындарын өткізу барысында:**<br>-ойын шартын мұқият тыңда;<br>-ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста;<br>-белгіленген жерде ғана ойна;<br>-лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме;<br>-белгіден кейін ғана допты лақтырып артынанжүгір;<br>-ойын кезінде бір-біріңді итерме. |
| **Серуен** | ***Желді бақылау.***<br>Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: о**рталықжолды сыпырамыз.<br>Мақсаты: балабақша алаңын таза ұстау ниетінтәрбиелеу.<br>**Суретті кітапшаларды қарастыру** – кітаптағы иллюстрацияларды бірігіп қарастыруға шақыру. **"Түсіне сәйкес таңда" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: түстерді қабылдауды үйрету.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Гүлзардағы гүлдерді бақылау (календула).** Мақсаты: календула гүлінің түсі сары және қызыл-сары екендігін айтқызып, гүлдердің күнге ұқсастығын, иісі хош, жапырақтары қалың болғанын тәжірибеле байқату; гүлдерге деген қызығушылықты арттыру.<br>Педагог гүлге аллергиясы бар, аса сезгіш балаларды іс-тәжірибеге қатыспау амалдарын ескеру керек. Өсімдіктерге қалай күтім жасайтынын сұрау. Сөйлеуді, ойлауды, сұлулықты көре білуді дамыту.<br>**"Тышқандар шеңбер құрады" қимыл- қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды қимыл-қозғалысты орындауға жаттықтыру; зеректікке, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:"Ойыншық жууға су тасимыз".**<br>Мақсаты: тапсырманы орындауғадағдыландыру.<br>**Доппен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту. | **Бақылау: "Шөп арасында не өмір сүреді".**Мақсаты: шөпте тіршілік ететін жәндіктерді бақылау, оларға зиян келтіруге болмайтынынтүсіндіру.<br>**"Менің көңілді добым" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: жүруді, секіруді жаттықтыру. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: "Ойын жабындысын сыпырамыз".**<br>Мақсаты: ойын жабындысын таза ұстау ниетін, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Суретті кітаптарды қарастыру.**<br>Мақсаты: бір-бірімен қарым-қатынас жасауға жетелеу.<br>**"Ұстап көрде, тауып көр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: затты ұстап көріп анықтап, атауғаүйрету.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Шөпті бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға шөптің көктемде шығып, жазда кең жайылып жататынын түсіндіру; қарағанда шөп жасыл, ұстағанда жұмсақ, қоюекендігіне тәжірибеде көз жеткізу; айналадағыжанды табиғатты бақылауға жетелеу.<br>**"Құстар, құстар ұшады" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды қимыл-қозғалысты орындауға жаттықтыру.<br>**Үлескені жалаушалармен безендіру.** Мақсаты: балаларды үлескені безендіруге атсалысуға шақыру.<br>**"Белгіге дейін жет" жаттығуы.** Мақсаты: еңбектеуді жаттықтыру.<br>Педагог балалар жүретін жолақ ретіндетөсеніште жау керек.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейінбарлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққатәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Құмды бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға құмның құрғақ және дымқыл күйінде екі түрлі болатынын байқату; құрғақ құмның төгілетініне, ылғалды (дымқыл)құмнан түрлі пішіндерді жасауға болатынына көз жеткізу; іс-тәжірибе жасауға ниеттерін дамыту; зияткерлікке баулу.<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмды бір жерге үйіп,шелектерге салып, құмсалғышқа апару.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу.<br>**Құммен ойын: Іздер.**<br>Мақсаты: қол моторикасын, елестету, ойлауқабілетін дамыту.<br>Балаға, егер құмға қолды, аяқты немесе басқазатты қойып біраз бастырса, онда құмда ізі қалатынын көрсету. Өз іздерін қалдырып байқау, ал кейін ізден сурет немесе өрнек жасауды ұсыну. Құмда тағы басқа айналадағықандай заттардан із қалдыруға болатынын талқылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсаты: өлеңнің мағынасын түсініп, жанашырлық сезімін дамыту; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту**.**<br>**А. Сопыбеков, "Қуыршақ".** | **"Мысық" арнау өлеңін жаттау.** Мақсаты: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Мысық отыр,<br>Ұйқысы әбден қысып<br>отыр.Май берейін,<br>Шайнап<br>отыр,<br>Тышқан<br>берейін.<br>Ойнап отыр! (Халық ауыз әдебиеті)<br>**Ойыншық мысықпен ойнау.**<br>Мақсаты: балаларды көркем сөзді тыңдауды бейімдеу, мысықтың мінез-құлқын бақылау, тәрбиешінің қимылын қайталау.<br>Тікірейіп<br>құлағы, Жолға<br>келіп тұрады.<br>Тәй-тәй<br>басқан Сүрініп<br>кеп құлады.<br>Жолға отырма<br>мысығым,Екі<br>көзім қысығым.<br>Өтіп кетсін<br>бөгелмей,<br>Балапаным-<br>бұзығым. | **"Сурет құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: 3-4 бөліктен сурет құрастыруды үйрету.<br>**"Көңілді шақпақтар" (бормен "классик" ойыны желісімен.)**<br>Мақсаты: балаларды екі аяқпен алға жылжи отырып секіру қабілетін дамыту; вестибуляр аппаратын, дене, аяқ бұлшық еттерін ұлғайту; зеректікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>Педагог асфальтқа шақпақтарды өзі салып, балаларды ойын мазмұнымен, шартымен таныстырады; шақпақ іздерін баспақ секіруді көрсетеді.<br>Сәбилер жәй ғана, 1-ден 10-ға дейін секіре алады. (Ал ересек балалар тас лақтырып, солтасқа дейін секіріп, тасты алып кері қайтады.) | **"Үлкен және кішкентай" дидактикалық жаттығуы.**<br>Мақсаты: әртүрлі көлемді, бір текті бұйымдарды екі топқа: үлкен, кішкентай бөліп орналастыруды үйрету. | **"Қуыршақтар" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: әртүрлі ыдыстар жайлы білімдерін бекіту, ыдыстарды қолданысы бойынша дұрыс пайдалану біліктіліктерін қалыптастыру.<br>Тамақтану мәдениетін тәрбиелеу.<br>Киімдердің атауы жайлы білімдерін бекіту. Балаларда белгілі реттілікпен дұрыс шешініп, киімдерінбүктеу дағдыларын бекіту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес: "Жолдағы қауіпсіздік".<br>"Серуен - өте маңызды!" ата-аналарға арналған жадынамасы. | Кеңес: "Түстерді үйрену өте оңай және көңілді". | Ата-аналармен әңгімелесу: «Егер балатөбелессе...» . | Кеңес: "Жолдағы қауіпсіздік".<br>"Балаларға арналған жазғы аула ойындары"ата-аналарға арналған жадынамасы. | Кеңес: "Жаз мезгіліндегі демалыста балалармен ойындар". |

Тексерді әдіскер [signature]
Э. Куанганова

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Кіші топ* | **ЦИКЛОГРАММА** | | | | |
| *Апта нөмірі* | **№4** | | | | |
| *Күндері* | **18.07 - 22.07.2022ж.** | | | | |
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | **Көкөністер дүкені / Овощная лавка /** | | | | |
| *Мекеменің атауы, тобы* | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | Ж.Канazarova А.Бижанова | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Күнделікті дене қызуын өлшеу, балалардың дене терісін, сыртқы келбетін қарау; ата-аналарды толғандырған сұрақтарға тәрбиешінің жауаптары; балалар үшін қолайлы орта тудыру. Ата-аналармен "Балалар үйде, қандай жемістер мен көкөністерді жейді" тақырыбына әңгімелесу. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** серуен алдында ойыншықтарды жинау; топырақтарды, бұтақтарды, тастарды шелекке жинау, оларды белгіленген жерге апару. Құмды құмсалғышқа жинау. Құмсалғыштың жақтауындағы құмды сыпыру. Мақсаты: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру, еңбексүйгіштіккетәрбиелеу. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку".** Мақсаты: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген қамқорлықсезімдеріне баулу. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: "Шешіну бөлмесіндегі шкаф ішіндегі тәртіп".** (Тәрбиешінің көмекшісімен бірлесіп) Мақсаты: балаларды әркімнің жеке өз киім шкафын ұқыпты, таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сүрту және қайтадан киім-кешекті ұқыптап бүктеп, тиісті орындарына орналастыру. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма.** Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл бөлу, егер топырақ құрғақ болса, су сепкішті қолданып өсімдіктерді суғару керектігіне назараудару. Мақсаты: байқағыштыққа баулу; қарапайымеңбек дағдыларын игеруге мүмкіндік жасау. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** үлескедегі бұтақтарды жинаймыз. Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету; еңбек дағдыларын қалыптастыру. |
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **Саусақ жаттығуы: "Кел санайық".** Мақсаты: ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>1 дегенде тұрайық, (Саусақтарды ашып-жабу)2, 3, 4 – алақанды соғайық, (Қол шапалақтау)Оң жаққа бұрылып, (Алақанды оңға, солға бұру)<br>Сол жаққа бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрып, (Әр саусақты бүгу)Біз жүгіріп алайық.<br>5 дегенде<br>асықпай,<br>Орнымызды<br>табайық. | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсаты: балалардың сөйлеу қабілетін, тағамдар туралы ұғымдарын қалыптастыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Көркем сөз**<br>Дайын болды<br>тамағым, Алдымда<br>тұр табағым. Пияз,<br>картоп, күріш ім,<br>Салдым аскөк,<br>бұрышын. Дәмді<br>болып пісті,<br>Ауызға келіп түсті!<br>(Д. Қ Бұланбаева)<br>**Үстел үсті–баспа ойыны: "Лото "Көкөністер"".**<br>Мақсаты: балалардың қарапайым үстел үсті баспа ойындарының ережелерін меңгеруге, ойын шартына бағынуға деген ұмтылыстарын ынталандыру. | **Саусақ жаттығуы: "Бес саусақ".** Мақсаты: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Тәрбиеші өлеңді оқиды, балалар қимылды қайталайды. Балалардың сөйлеу және ақыл-ой дамуын ынталандырады.<br>Оң қолымда бес<br>саусақ, Сол<br>қолымда бес<br>саусақ.Оларды<br>атап шақырар,<br>Әрқайсысының<br>аты бар. Бас<br>бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр<br>шүмек,<br>Кішкене<br>бөбек. | **"Көкөністер дүкені" ойыны.** Мақсаты: балаларға көкөністер, көкөністерді сатушының қызметі жайында ұғымдарын қалыптастыру; коммуникативтік қабілеттерді дамыту.<br>Сатушы:<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар, не үшін келдіңдер? Балалар:<br>- Көкөністер сатып<br>алуға. Сатушы:<br>- Менің дүкенім сиқырлы, себебі көкөністерді дұрыс табылған жауаптарға ғана беремін.<br>Жұмбақ шешуге дайынсыңдар ма?<br>**Жұмбақтар.**<br>Доптар жатыр желісі бар,<br>Қабат-қабат терісі бар.<br>(Орамжапырақ) Ашулы<br>қонақ бұл анық,<br>Тоңып шешсе, жыладық. (Пияз) | **"Дәрумендер" жаттығуы.** Мақсаты: балалардың дене мүшелерін жетілдіру; ырғаққа сай қимылдауға, көркем сөзге ілесіп айтуға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Музыкалық сүйемелдеумен өткізіледі.<br>Біз бақшаға барамыз, (Бір орында адымдау) Көкөністер жинаймыз, (Қолы екі жаққа созып, кеңашу)<br>Бірінші қиярды жұламыз, (Еңкейіп қияр жұлғансыңай танып)<br>Доп-дөңгелек қызанақ, (Екі қолды біріктіріп дөңгелек пішін жасау)<br>Шалқан өте үлкен ақ, (Қолды белге қойып, кезек-кезек екі жаққа бұрылу)<br>Сәбізім ұзын,<br>Қызыл-сары түсін. (Қолды жоғары көтеріп, отыру)Барлығын жинаймыз,<br>Себетке саламыз. (Қол шапалақтау) |

| | |
|---|---|
| **Таңғы жаттығу** | **Апта тақырыбы бойынша таңғы жаттығу "Шалқан".**<br>"Күндердің бірінде ата шалқан егеді". (Өкше сыртымен жүру).<br>"Дәл сол күні ауа-райы тамаша, шуақты болды. Құстар сайрап тұрды". (Алдыға секіріп, қолдарын көтереді). "Бір мезгілде жаңбыр себелейді". (Аяқтың ұшымен жүріп, қолдарын сермиді).<br>"Ата үйіне қарай жүгіреді". (Жүгіреді, Қолдарын біріктіріп, бастарына қояды да "шатыр", жүгіреді). Аяқтарын алшақ қояды, қолдарын төмен түсіреді.<br>Иықтарын көтеріп, қолдарын сермиді.<br>"Ата шалқан отырғызайын десе, күректі таба алмайды".<br>Қоларын біріктіріп "құлып", аяқтарын иық көлемінде алшақ қояды. Алдыға еңкейеді.<br>Денелерін түзеп, маңдайларынан терілерін сүрткендей сынай танытады.<br>"Шалқан үлкен болып өседі, тіпті ірі десе болады. Ата оны жерден суырмақшы болады, бірақ шамасы жетпейді". Аяқтарын иық көлемінде алшақ қояды.<br>Қолдарын шынтақтарына қояды.<br>Оңға, солға еңкейеді.<br>"Ата көмекшілерін шақырады: апаны, немере қызын, итін, мысығын шақырады және тышқан келеді». Екі аяқтарын қосып секіреді.<br>Қолдарын жоғары көтеріп шапалақтайды."Міне шалқанды да суырып алды!"<br>Бір-бірінің артынан тізбектеліп жүреді.<br>Жүгіреді.<br>Ақырын жүреді.<br>"Олар барлығы үйлеріне барып шалқанды пісіріп жейді де, кейін әр кім өз үйіне тарайды". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | **"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру.<br>Топқа қасықты ауызына дұрыс апармай, көжені шашыратып, үнемі көйлегін былғап алатын Камила қуыршақ "келеді".<br>Балалар қонақты сабырға шақырады. Оған "қуыр, қуыр, қуырмаш" санамағын айтып береді. Кейін тәрбиеші сәбилерге сиқырлы қасықтарын қолдарына алып, қуыршақ Камилаға көжені қалай жеу керектігін көрсетуді ұсынады. Сонында Камила балаларға алғысын білдіреді. | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне дайындық** | **ҰОҚ-не дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |
| | **"Көкөністер" жайлы әңгімелесу.**<br>Мақсаты: көкөністер жайлы жалпылама түсініктерін қалыптастыру (көкөністер — ол өсімдіктің бір бөлігі мен жемісі, оларды тағамға пайдалану үшін бақшада өсіреді); көкөністердің алуандығы жайлы түсініктерін нақтылау.<br>Құралдары: көкөністер салынған суреттер; көкөністердің нақпішіндері. | **Көркем сөз.**<br>Мақсаты: балалардың көкөністер жайында түсініктерін нығайту; денсаулықты сақтау қағидаларын қалыптастыру.<br>Жеңдер күнде дәрумендер,<br>Денсаулыққа пайдалы.<br>Сонда барлық ауру сырқау,Жоламайды барлығы. | **Сәлемдесу шеңбері.**<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу.<br>Сәлем, алақан! (Қолды созу, алақанды сыртқа,ішке бұру.)<br>Хлоп-хлоп-хлоп! (Үш рет алақан соғу.)Сәлем, аяқ! (Орында адымдау.)<br>Топ-топ-топ!<br>Сәлем, көздер! (Көзді ашып, жұму.)Миг-миг-миг!<br>Сәлем, мұрным! (Саусақтарын мұрын ұшына тигізу.)<br>Бип-бип-бип!<br>Сәлем, достар! (Қол бұлғау.)<br>Сәлеметсіңдер ме! | **Көркем сөз.**<br>Тиін келіп отырды,<br>Дастарханның басына.<br>Тамағымен ойнады, Нанды қылды ысырап.<br>Ойнамаңдар тамақпен,Ас ішіңдер әдеппен.<br>"Көкөністер" тақырыбына суреттер қарастыру.Мақсаты: балалардың көкөністер жайлы білімдерін кеңейту. | **«Көкөністің түсі қандай?" ойыны.**<br>Мақсаты: түстерді ажырату және дұрыс атау іскерліктерін дамыту.<br>- Балалар, қане (әжеге) көкөністерді тарелкаларға бөліп салуға көмектесейік. Әр көкөністің өз тарелкасы бар. Жасыл қиярдың тарелкасы да жасыл. Жасыл түсті көкөністерді тауып, тарелкаға салыңдар.<br>Қызанақтың тарелкасы қызыл ...<br>Құралдар: түрлі түсті тарелкалар; көкөністер нақпішіндері. |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:""Көкөністер - денсаулық кепілі"**<br>Мақсаты: Балаларды заттардың үстінен аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру; заттардың үстінен аяқпен секіру жаттығуын жасау кезінде қимыл белсенділіктерін арттыру; заттардың үстінен екі аяқпен секіру дағдыларына жаттықтыруды жалғастыру; заттардың үстінен екі аяқпен секіре білу дағдыларын дамыта отырып, заттардан аттау кезіндегі секіру қабілеттерін жетілдіру.<br>*"Жалаушаны әкел" қимыл ойыны.* | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:""Қуыршақ Дана бізде қонақта"**<br>Мақсаты: Көкөністерді ұстап, сипап анықтауға, оларға сипаттама беру, сипаттау кезінде 5-6 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдер құрастыра білуге үйрету. Сөздік қорын молайту, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету; ұйымшылдыққа баулу; дидактикалық ойындарды арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту, сезіну және есту қабілеттерін дамыту; балаларды айналасындағыларға көмектесуге, бір-бірімен қарым-қатынас кезінде қамқоршы болуға дағдыландыру.<br>*Дидактикалық ойын «Ғажайып қалта».* | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы:""Тәрелкедегі қияр мен қызанақ"**<br>Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін, жалпы және ұсақ моторикаларын дамыту. Балаларды дайын формаларға желім жағып жапсыруды үйрету. Көкөністер туралы балалардың білімдерін жетілдіру және толықтыру, көкөністерді жемістерден ажырата білуге үйрету. Көкөністерді жапсыру кезінде желім мен майлықты мұқият қолдану қабілетін дамыту. тәрбиелеу. Өздігінен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>*Қимылды ойын "Көкөністер мен жемістер".* | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы:""Көкөністер арналған себет"**<br>Мақсаты: Балаларды «көкөністер», «егін жинау»ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру, олардың негізгі сипаттамалары (пішіні, түсі) туралы білімдерін бекіту, құрастыруға деген қызығушылықты қалыптастыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>*Сергіту сәті.«Көкөніс бағы»* | **Музыка**<br>**Тақырыбы:""Витаминдер әлемі"**<br>Мақсаты: Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту. Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу, музыкалық аспаптарда қатты және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру.<br>*Музыкалық-дидактикалық ойындар.* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Гүлзар мен бақшадағы жұмысты бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды гүлзар мен бақшадағы тұқымдарды егу ережелерімен таныстыру; ересектердің еңбегін құрметпен қарауға баулу. **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгілер бойынша бір- біріне соғылмай жан-жаққа шашырап жүруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру; жүгіруге үйрету, ойын шарты бұзбауға бейімдеу.<br>**"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: дәрігердің еңбегі жайындағы түсініктерін пысықтау; рөлдерді бөліну, алмастыру, заттарын пайдалана білу іскерліктерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: құмдықұм салғышқа жинау.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс: әртүрлі гүлдердің тұқымынқарастыру.**<br>Гүлзар ішіне гүл тұқымын егуді ұсыну. Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу.<br>**Шығарылған материалмен еркін ойындар.** Мақсаты: ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Шыршаны бақылау.**<br>Мақсаты: шыршаның ерекшелігі - инелері түспейтіні, қыс мезгілінде де жасыл болып тұратыны, оның батыл, суықтан қорықпайтыны жайлы түсініктерін дамыту. Шыршаға таңдану сезімін ояту, табиғаттың сұлулығын түсіне білуге тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз.**<br>Шырша, шырша,<br>шыршамыз,Ұнатамыз<br>баршамыз.<br>Мереке<br>қарсаңында,<br>Төрімізде<br>тұрсаңыз. Мәңгі<br>жасыл көркемім,<br>Өсе берші<br>көркейіп.<br>Неткен әсем,<br>асылсың, Жыл<br>бойына<br>жасылсың!(Д. Қ.<br>Бұланбаева)<br>Балаларға шыршада жапырақтардың орнына инелердің болған себебін түсіндіру; шырша инесі мен терек жапырағын көрсетіп, салыстыруға мүмкіндіктер жасау.<br>Шырша маңында ойыншықтармен жасырынбақойнауды ұсыну.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды шеңберге жиналып, бойымен мәтіндегі сөздерге сай қимылдауға бейімдеу; ұйымшылдық негіздерін салу.<br>Бір жоғары, бір<br>төмен, Күні бойы<br>тербелем.<br>Әткеншек-ау,<br>әткеншек,Айнала<br>бер бізбенен.<br>**"Шыршадан да биік болып өсейік" қимылжаттығуы.**<br>Мақсаты: бір орнында тұрып, биіктікке созылыпсекіру дағдыларын дамыту; балалардың вестибуляр аппаратын дамыту, күш-жигерін ұлғайту.<br>Жаттығудың неғұрлым қызықты өтуі үшін, балаларға қолдарын жоғары созып секірудіұсыну. | **Ақ бақбақты бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың бақбақтың гүлдеуі жайлы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Гүлдің ұшқан үлпілдек бастарына тамсану ниетін ояту, қызықты құбылысқа (бақбаққа үрлеп, үлпілдектерді ұшыру) эмоционалды жауап беруге жетелеу.<br>Жұмбақ жасыру: "Сап-сары дөңгелек, ал енді ақүлпілдек".<br>**“Мысық пен торғайлар” қимыл-қозғалысойыны.**<br>Мақсаты: ойын шарты, белгі бойынша жан-жаққашашырап жүгіруге дағдыландыру; ойын кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге деген қызығушылықты тудыру.<br>Құмда шеңбер сызу. Шеңбер ортасында мысық.Балалар торғайлар. Торғайлар шеңбер сыртындасекіріп, мазақтап, мысық көрмей тұрған кезде шеңберге ұшып кіреді де, мысыққа ұстатпауға тырысады. Мысық үш торғайды ұстаған кезде, мысық рөлі басқа балаға беріледі.<br>**”Құрылысшылар” сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалаларға құрылысшы мамандығыжайлы айту.<br>Құмнан, тастан, құрғақ бұтақтардан қалай үйсалуға болатынын көрсету.<br>Балаларға өздеріне үй құрастыруды ұсыну. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: бақшанышөптеу. Кішкентай тырмамен қопсыту.**<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу; ересектің еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. | **Жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру.**<br>Мақсаты: жана бөлме өсімдігі жайлы түсінік беру, оның құрылымы (сабағы, жапырағы, гүлі),оларға күтім жасаудың қажеттілігі (суғару, қопсыту, шаңын сүрту).<br>Құрал-жабдықтар: бальзамин, «сиқырлы түтікшелер», «Қаңқыздың саяхаты» дидактикалық ойынына қажет құралдар (гүлдіңжәне қаңқыздың жіпте бейнеленген карточка).<br>Балаларға жаңа өсімдікті көрсету, оның атауын хабарлау (алауша немесе бальзамин). Оны қарастыру.<br>**"Қаңқыздың саяхаты" дидактикалық ойыны.**<br>(Балалар жіптегі қаңқызды алып,карточкадағы гүлмен жүргізеді.)<br>Мақсаты: өсімдіктер жайында түсініктерінпысықтау.<br>Жәндік сабағымен жүреді (балалар көрсетеді), жапырақпен, гүлмен». Кейін балалар шынайы өсімдікке келеді.<br>Сұрақтар:<br>- Гүлдің (өсімдіктердің) қандай бөліктері бар? Сабақтары ұзын ба, әлде қысқа ма? Жапырақтарқандай түсті? Олар көп пе? Гүлдері бар ма? Олар қандай түсті? Өсімдік қалай аталады?<br>- Сендер білесіңдер ме, гүл ұзақ уақыт әдеміболып, құрамау үшін не істеу керек?<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:өсімдіктерді су сепкішпен суару.**<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларынқалыптастыру.<br>Топырақтың барлығы суланатындай, ал тамырларын су шайып кетпейтіндей абайлап суғару керектігін еске салу.<br>- Балалар, жердің дымқыл немесе құрғақ екенінқалай білуге болады?<br>- Қараңдаршы, біз оны суарып едік, топырақ қара болып кетті. Оны ұстап салқын, дымқылекенін білуге болады. Ендеше, суару қажеттілігін топырақты ұстап анықтауға болады.<br>**"Көбелекті гүлге қондыр" ойыны.** Мақсаты: сигнал бойынша алаңда жайылып жатқан гүлдердің кескіндеріне бір | **Жәндіктерді бақылау.**<br>Мақсаты: көбелектің бірнеше түрін ажыратудыүйрету (капустница); қоршаған әлем жайында түсініктерді тиянақтау.<br>Көбелектің қанатында табиғат жаратылысындағы өте әдемі өрнектер бейнеленген. Бірақ көбелектерді қанатынан ұстауға болмайды, себебі олардың беттерін нәзік тозаң басып жатады, оны өшіру өте оңай, бірақ содан кейін көбелек ұша алмайды. Балаларға түсіндіру көбелектердің жұмыртқа салатынын, артынан ол жұлдызқұртқа айналып, өсімдік жапырағын жеп жоятынын түсіндіру. Кейінжұлдызқұрттар өздерінің құрсақ бөлігінен бөлінетін жіппен орап, қуыршаққа айналады, ал қуыршақтан қайта көбелек пайда болады.<br>**Көркем сөз**<br>Көк көйлек, көк<br>көбелекКөздері<br>доп дөңгелек Гүл<br>көрсе күлімдейді<br>Қолыма ілінбейді<br>Көк шөптің<br>арасынанТүр-<br>түсі білінбейді.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып,секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтардыбаспай, алға секіруге үйренеді.<br>**"Қапта не бар?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды таныс заттарды атауғажаттықтыру.<br>Дене шынықтыру тәрбиесі бойынша жеке жұмыс:допты жоғары күнге қарай лақтырып, ұстап алу. Мақсаты: көзбен мөлшерлеуді, ептілікті дамыту. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: ойын алаңын тазарту.**<br>Мақсаты: бірігіп еңбектенуге, ортақ күш-жігермен мақсаттың орындалуына қол жеткізу үйрету.<br>**Балалардың дербес әрекеті.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Еңбек тапсырмасы: гүлзарда өскен гүлдердісуару.** Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларынқалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | | көбелектіңбейнесін түстеріне сай қондыруға дағдыландыру; түстерді қабылдау, зейін, ойлау,кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Құралдар: негізгі түстерге боялған көбелектермен гүлдердің қағаздан кескіндері. **"Өз түсіңді тап" ойыны.** Мақсаты: балалардың түстер жайындағы біліктіліктерін қалыптастыру; кеңістікті бағдарлау, спектрдің негізгі түстерін ажыратуғабейімдеу. | |
| **Серуеннен оралу** | **"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" ойын жағдаяты.** "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" тақпақ-жаттамағын оқу. Мақсаты: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады. | | | | |
| **Түскі ас** | **Көркем сөз.** Қасық, нанды алайық, Ауқаттанып алайық. Мәдени–гигиеналық дағдыларын жетілдіру, тамақтану кезіндегі қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру; балаларды өз бетімен ұқыпты тамақтануды үйрету, тамақты мұқият шайнау, қасықты оң қолда ұстау, майлықты пайдалану. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Белгілі шараларды: дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу, тыныш ұйқы, сақтай отырып, өз бетінше ұйқыға дайындалу дағдыларын қалыптастыру. Ұйықтатпақ. Жастыққа басыңды қоя ғой,Тәп-тәтті ұйқыға бата ғой. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | **Тақпақ-оятпақ: "Әтеш".**<br>Жата ғой, жата<br>ғой, Демалып,<br>ұйықтай ғой.<br>Төсекте: Әтеш ұйықтайды" б.қ. арқада жатып, қолды бастан жоғары созу, аяқ бірге. Бір қолды жоғары, созылу, әтеш оянды. 3р. Әтеш бидай іздейді" б.қ. отырып, аяқты айқастыру, қол белде, басты солға, алға, солға еңкейту. 3р.<br>Әтеш су ішеді" б.қ өкшеде отырып, қол түсірулі, тізерлеп тұру, қол жоғары, алға және астыға қол созып еңкею, б.қ. оралу. Әтеш секіреді" б.қ. аяқ бірге, қол белде. 20с. | | | | |
| **Бесін ас**<br>(қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Қолды сабындау және түзу қимылдармен жууды үйретуді жалғастыру, қолды жуғаннан кейін сығуды үйрету. Қолдарын өз орамалдарымен сүртіп, орнына ілу біліктіліктерін бекіту.<br>"Балалар қолдарын жуады" тақырыбы бойынша иллюстрациялар қарастыру және сол бойынша әңгімелесу. "Біз қолымызды қалай жуамыз" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: қолды жуу дағдыларын жетілдіру.Жаттамақ оқу:<br>"Мөлдір су". | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет**<br>(сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театройындары) | **"Дәрігерде" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды дәрігер қызметімен таныстыру, медициналық құралдардың атауларын бекіту. Балаларды ойын жоспарынжүзеге асыруға үйрету. Сюжет бойынша екі кейіпкердің өзара әрекеттесу (дәрігер — науқас) іскерліктерін қалыптастыру.<br>Ойыншық-алмастырушылармен ойын барысында, өзі және ойыншық үшін рөлатқару. | **"Ресторан" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: асхана құралдарын, бірінші, екіншіасты атауды үйрету; тамақтану мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру. Балалардың сабын көпіршіктерімен ойындары.<br>Мақсаты: ұзақ тыныстауды дамыту. | **"Шалқан" ертегісін сахналау.**<br>Мақсаты: балалардың эмоционалдылығын дамыту, ертегілерге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу, мазмұнын тыңдауды және түсінуді үйрену, шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Дамытушылық ойын жағдаят: "Көкөністер,жемістер, жидектер".**<br>Мақсаты: балаларға көкөністердің кейбірі бақшада көрініп тұрса, кейбірін жапырақтар арасынан іздеу керектігін көрсету; балаларға көкөністерді зерттеуді ұсыну: сипап көру (шалқан-майда, қияр-бұдыр), басып көру (қатты),дәмін татып көру. | **"Көкөністер дүкені" ойыны.**<br>Мақсаты: көкөністер туралы түсініктерді нығайту; коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Сатушы:<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендер не үшінкелдіңдер? (Көкөністер сатып алуға.)<br>- Менің дүкенім сиқырлы, көкөністерді тек дұрыс жауаптар үшін ғана сатып алаласыңдар.<br>Жұмбақ шешуге дайынсыңдар ма?<br>Жұмбақтар.<br>Доптар жатыр желісі бар,<br>Қабат-қабат терісі бар.<br>(Орамжапырақ)Ашулы<br>қонақ бұл анық,<br>Тоңып шешсе, жыладық. (Пияз) | **"Бақшадағы көкөністер" суреттер көрмесі .**<br>Мақсаты: балалардың көкөністерді баптау, күтужәне жинау туралы түсініктерін тиянақтау.<br>**"Жануарларды тамақтандырайық" рөлді ойыны.**<br>Мақсаты балаларды үй жануарларын күтуамаларымен таныстыру; көкөністердің, үй жануарларының атауларын пысықтау; коммукативтік қабілеттерді дамыту.<br>- Балалар, ауылдағы атаның үйінде әртүрлі жануарлар бар. Қане, қандай жануарлар бар екенінкөрейікші. Балалар қораптың ішінен үй жануарларын алып шығады да, қалай дыбыстайтынын келтіреді. Үй жануарларын көкөністермен тамақтандырады. |
| **Серуенге дайындық**<br>(қалыптастырылатын іскерліктерімен дағдылары) | **"Тіалғыш түймелер мен баулар".**<br>Мақсаты: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсетудағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). | **Ойын жаттығуы: "Киімді бүктеп үйренеміз".**<br>Мақсаты: киімді дұрыс бүктеу біліктіліктерінқалыптастыру. балаларды өз киімдерін танып, атауға, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойынша табудыүйрету. | **"Киіну, шешіну".**<br>Мақсаты: түймені тағу және ағыту, жапсырғыш тағындыларды ашып, жабу біліктіліктерін бекіту, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, киіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды, қажет жағдайда көмек сұрауды, сыпайы сөздерді қолдануды үйретуді жалғастыру. | Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесіндеөзін-өзі ұстауға үйрету.<br>Жазғы серуен кезіндегі ережелер:<br>- серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу;<br>- ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлескетөбелдірігінде);<br>- күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін;<br>- серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынантек қайнатылған су ішуге болады;<br>- серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп. | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді қалай дұрыс, таза ұстау керек".**<br>Мақсаты: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру, киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, "тиянақтылық", "ұқыптылық" түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Суды бақылау.**<br>Мақсаты: су құйғыштан аққан судың жерге сіңіп, жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; судың бұлтта бар екендігіне, жаңбыр болып,жерге тиетініне көз жеткізу; байқағыштыққа,ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>**Сумен іс-тәжірибелер.**<br>Мақсаты: судың мөлдір болып, бояуларға боялатынын, судың көкөністерде (қияр, пияз, қызанақ) бар болғандығын дәлелдеу; зияткерлікке бейімдеу.<br>**"Бақшамыз қалпында" қимыл-қозғалысойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ептілікке, бақылағыштыққа тәрбиелеу. **Көкөніс суреттерін бояу.**<br>Мақсаты: балалардың көкөністер туралы ұғымдарын пысықтау; ұсақ қол моторикасындамыту.<br>**Еңбек тапсырмасы:** көкөністер арасындағықураған жапырақтарды алып тастау.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Көкөністерді бақылау (шалқан, сәбіз, қияр, қызанақ).**<br>Мақсаты: көкөністер туралы түсінік беру; бақшадағы көкөністерді таба білу біліктіліктеріңқалыптастыру; жалпы пайдасы туралы, жеу алдында суға жуу керектігін түсіндіру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Көкөністерді дәмінен, түрінен, пішінінен ажыратуды үйрету (көкөністер алдын-ала жуылып дайындалған болу тиіс). Сәбіз бен шалқан жерде өседі. Сәбіз қатты, қызыл-сары түсті, ұзынырақ келген. Шалқан қатты, сары түсті, дөңгелек. Қияр қатты, жасыл түсті, Қызанақ жұмсақ, қызыл, ірі. Барлық көкөністербақшада өседі.<br>**Еңбек тапсырмасы:** көкөністер арасындағықураған жапырақтарды алып тастау.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Сурет салу: "Қызанақ пен шалқан" (үлгібойынша).**<br>Ортасынан бастап дөңгеленген қимылмен бояу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп,тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Аула құстарын бақылау.**<br>Мақсаты: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сыртқы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа,қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Көкөністер" жаттығуы.**<br>Балақай, бақшаға барайық, Көкөністі жұлайық.<br>Міне сәбіз, қиярым, Қызанақпен шалқаным.<br>Көкөністен ала ғой, Дәруменге тоя ғой.<br>**Еңбек тапсырмасы:**<br>ойыншықтарды құмнанқағып, тазалап, қорапқа салу.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп,тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Күнді бақылау.**<br>Мақсаты: күннің жаз мезгілінде аспанда биікорналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. **"Кішіден үлкенге" дидактикалық ойыны.**<br>**Мүсіндеу.**<br>Қатар бойынша орналастыруды үйрету, көзбенмөлшерлеуді, ойлауды дамыту.<br>Тәрбиеші: балалар, ата неше шалқанотырғызды?<br>(Біреу.)<br>Қане оған көп шалқан отырғызуға көмектесейік. Ең алдымен егетін орнымызды дайындайық (балалар ермексаздан ұзынша келген таяқшаны ширатып мүсіндейді). Алдымен шалқан кішкентай болды, кейін біразөсті, біраз уақыттан кейін тағы өсті, ең соңындатіпті үлкен болды. (Балалар шалқандарды көлемі бойынша бақшаға "отырғызады").<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейінбарлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп,тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Бақшада өскен көкөністерді бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың топырақта өскен қияр туралытүсініктерін тиянақтау; бұл көкөністердің сабақтары өте ұзын, ұстағанда - жапырақтары да тегіс емес екендігін, көкөністің түсі жасыл, пішіні сопақ екендігіне көз жеткізу; жалпы пайдасы туралы, жеу алдында суға жуу керектігін түсіндіру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>**Желді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауғаболатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>**Еңбек тапсырмасы:** көкөністер арасын қураған жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойынәрекеті.<br>**"Бақшада не өседі?" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: көкөністер туралы жұмбақтар жасыружәне шешуін табу, атауын дұрыс дыбыстау. **"Борщ пісіреміз" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды көкөністерді ажыратып, борщтағамын пісіруге қатысты имитация әрекеттерін жасауға бейімдеу; балалардың арақатынастарын нығайту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Көкөністер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға көкөністердің нақпішіндерін (муляждарды) сипату арқылы түйсігін дамыту, атауға, сыртқы ерекшеліктері бойынша ажыратуға, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: көкөністердің нақпішіндері(муляждары).<br>- Міне, дәмді көкөністер, Күзге дейін пісіп өскен:<br>Картоп, пияз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ.<br>Д. Ахметова. | **"Қоянды үйрет" (артикуляцияны дамыту) жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың артикуляциясын, есту, есте сақтау, қабылдау, ойлау қабілетттерін дамыту.<br>Балаларға қоянға көмектесуді – оны үйретудіұсыну:<br>А) Ауызды ашу:<br>- Қоян, ауызыңды аш, Былай! Былай! Б) тістерін көрсету:<br>- Қоян, тістеріңді көрсет! Былай! Былай! В) Тілді көрсету:<br>- Қоян, тістеріңді көрсет! Былай! Былай! Г) Сәбізді тістеу:<br>- Сәбізді же! Ап! Ап! Ап! Д) Ерінді жалау:<br>- Қоян бүкіл сәбізді жеп алды. Оған дәмдә сәбізөте ұнады. Ол ернін жалай бастады. Былай! Былай! Ал балалар еріндерін майлықпен сүртеді.<br>- Рақмет! – деді де қоян, орманға қашып кетті. Әр жаттығуды 3 рет қайталап орындау. | **"Бұл не?" (көкөністер, сөз тіркесі) жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың көкөністер туралы ұғымдарын жетілдіру; сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Балаларға қонаққа әже келіп, себет алып келеді.<br>- Қараңдаршы, әже бақшада не өсіріпті. (Балаларға себеттегі көкөністерді көрсету.)<br>- Бұл не? (Бұл көкөністер.)<br>Балаларға себеттен бір-бір көкөністен алып, оларды атауды ұсыну.<br>- Әже оларды базарға апарып сатады. Ал біз барып, сатып аламыз.<br>Құралдары: көкөністердің муляждары, себет, әженің суреті. | **"Базарда" (көкөністер, сөз тіркесі) ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың көкөністер туралыұғымдарын жетілдіру; коммуникативтік қабілеттерін дамыту.<br>Себеттерді аламыз. Жолға түсіп жүреміз, Базарға да жетеміз. Сөреге қарай ғой, Көкөністер ала ғой!<br>- Мұқият қарап, айтыңдаршы, базарда қандай көкөністер сатылып жатыр?<br>- Камила, саған не берейін? (Маған шалқан беріңіз (қияр, қызанақ, сәбіз).) | **"Сиқырлы сөздер" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларда әдептілікті қалыптастыру (көмекке алғыс білдіру, қоштасу және сәлемдесу). "Не сатып алдың?" ойыны (көкөністер, сөз тіркесі). Қолымда себетім. Үйге қарай келемін. Базарға бардым, Көкөніс алдым.<br>- Камила, сен не сатып алдың? (Мен шалқан сатып алдым.)<br>- Арсен, сен не сатып алдың? (Мен қызанақ сатып алдым.)<br>т.с.с. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес: "Баланың жазғы тамақтануы". | "Бала еркелігін қалай жеңуге болады" тақырыбына кеңес. | "Бала мен компьютер" тақырыбына кеңес. | Ата-аналарға "Денеміз сау болып өсеміз" тақырыбына коллаж әзірлеуді ұсыну, күн тәртібіжайлы әңгімелесу. | "Денсаулық - зор байлық" тақырыбына кеңес. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Кіші топ* | **ЦИКЛОГРАММА** | | | | |
| *Апта нөмірі* | **№1** | | | | |
| *Күндері* | **25.07 - 29.07.2022ж.** | | | | |
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | **Жазғы гүлдер / Летние цветы /** | | | | |
| *Мекеменің атауы, тобы* | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | Ж.Каназарова А.Бижанова | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Күнделікті дене қызуын өлшеу, балалардың дене терісіне, сыртқы келбетіне назар аудару; тәрбиешінің ата-аналарды толғандырған сұрақтарына жауаптары; балаларға арналған қолайлы орта тудыру. Ата-аналармен "Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесі" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **"Біз жинақылықты қалай сақтаймыз".**<br>Мақсаты: топтағы ретсіздікті байқауды үйрету. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** дымқыл шүберекпен орындықтың шаңын сүрту.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекетін орындауға араластыру. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** үлескедегі бұтақтарды жинаймыз.<br>Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету. | **Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру:** ойын бұрышындағы өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аудару, оларды атап, орындарына жинау.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы, бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту.<br>Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, өсімдіктерге күтім жасау. |
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Гүл құра" жаттығуы.**<br>Мақсаты: ұзақ бөліктерден тұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Тәрбиеші тақтаға бір өсімдіктің бейнесін жапсырады. Оның бөліктерін атайды, көрсетеді: сабағы, жапырағы гүлі. Артынан әр бала өз гүлін үстел үстіне тәрбиешінің көмегімен құрайды да, тағы бір рет өсімдік бөліктерін атайды. | **Ойын жаттығуы "Гүлдер".**<br>Мақсаты: балаларды ырғаққа сай қимылдауға, көркем сөзге ілесіп айтуға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Гүлім, гүлім, өсе бер, (Екі қолды жоғары көтеру) Әдемі боп, асыл боп. (Қолдарын екі жаққа бұлғау) Күндей жайнап кете бер, (Отырып, тұру) Қызыл, сары, жасыл боп. (Қол шапалақтау) | **Текшелермен ойындар.**<br>Мақсаты: балаларды текшелердің қасиеттерін тануға мүмкіндіктер жасау, түрлі құрылыстарды қалауға ынталандыру.<br>Менде түрлі-түсті текшелер бар.<br>- Балалар, қараңдаршы, мына текшелерден қандай гүлдер құрастыруға болады? Өз қалауларын бойынша гүл құрастырып көріңдер. | **"Суретті құра" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ұсақ бөліктерден (2-4) тұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; жазықты бағдарлау, ойлау, қабылдау қабілеттерін дамыту.<br>Балалар, сендерге жұпқа бөлініп, қиынды суретті құрап, гүлді атау керек.<br>**"Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды шеңбер құрып тұруды, оны кеңейте және кішірейте білуді, өз қимылдарын мәтін сөзіне сәйкестендіруді үйрету.<br>Мөп-мөлдір<br>көпіршік,<br>Қалықта<br>аспанда.<br>Жарылмай ұша<br>бер, Ешкімнен<br>жасқанба!<br>Балалар, баяу артқа қарай шегініп, шеңберді кеңейтеді.<br>"Көпіршік жарылды" сөзіне балалар қолдарын түсіріп, "ш-ш-ш" дыбысын дыбыстайды. | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Гүлдер нәзік болады, (Саусақтарды баяу ашу) Қаулап өсіп толады. (Қолдарын үстіге созып, бұлғайды)<br>Қарамасаң аялап,<br>Солып, курап қалады.(Саусақтарын баяу жабу) |

<table>
<tr><td>Таңғы жаттығу</td><td colspan="5">Таңғы жаттығу: "Гүл".<br>1. Жерге дән болып<br>түстім,  Әдемі гүлге<br>айналдым.<br>Б. қ. толық отыру; 1- қолды жоғары созу, қол белде; 2-б.қ. (5-6 рет)<br>2. Күнге қарай<br>созыламын,  Күн<br>нұрына<br>жылынамын.<br>Б. қ. қол дене бойында; 1- қолдарды жанымен жоғары,аяқ ұшымен тұру; 2-б.қ. (5-6 рет)<br>3. Жан-жағыма<br>қарадым.  Өзіме<br>ұқсас достарды<br>көріп,  Қуанып<br>қалдым.<br>Б.қ. аяқ алшақ, қол белде; 1- солға қарай бұрылу, оң қолды жанға; 2-б.қ. 3-4- дәл солай сол жаққа; (5-6 рет)<br>4. Көбелектер маған<br>қонады,  Тәтті<br>нәрімді алады.<br>Б.қ. қол жанда; 1- толық отыру, қол тізеде; 2-б.қ. (5-6 рет)<br>5. Қонақтарға<br>әрдайым.<br>Ашық менің<br>қабағым<br>Б.қ. дәл солай; ескіру; (10рет)<br>6. Тыныс алуға арналған<br>жаттығу:  "Гүлдер".<br>7. Түнде батқанда<br>бәріміз  Тәтті<br>ұйқыға батамыз.<br>Б.қ. толық отыру,<br>топтасу;</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас  (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері  мен дағдылары)</td><td colspan="5">Көркем сөз:<br>Қомағай қоңыр<br>аю,  Нанды<br>шашып жеп отыр.<br>Түсінбедік бір<br>сөзін,  Аузы нанға<br>толып тұр.<br>Сөйлемей іш<br>тамақты,<br>тарсылдатпа<br>табақты.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ойындар, оқу қызметіне дайындық</td><td colspan="5">ҰОҚ-не  дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары</td></tr>
<tr><td>Қуаныш шеңбері.<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге  бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге, топтастарға көңіл  аудартып, жылы шыраймен қабылдауға  тәрбиелеу.<br>Қане, достар қуанайық.<br>Қуанайық құстарға да, Күнге де,<br>(Балалар  қолдарын жоғары көтереді)<br>Қуанайық жымың қаққан көздерге.<br>(Бір-біріне  қарап жымияды)<br>Бүкіл әлем қуансын бізбен бірге,</td><td>Қуаныш шеңбері.<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге  бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу.<br>- Қайырлы таң, көздерім (Қабақты сипау)<br>- Сендер ояндыңдар ма?<br>(Үлкен және сұқ  саусақтан "дүрбі" жасау)<br>- Қайырлы таң құлағым!<br>(Алақанмен құлақты  сипау)<br>- Сендер ояндыңдар ма?</td><td>"Көбелек қай гүлге қонды?" ойыны.  Мақсаты: балалардың гүлдер туралы түсініктерін пысықтау; гүлдерді атауға дағдыландыру.<br>Құралдар: қызғалдақ, бақбақ, түймедақ,  көбелектің суреттері.<br>Балалар гүлдер жайлы айтады.<br>- Мынау қандай гүлдер алаңқайы? (Түймедақ),<br>- Ал алаңқай ше? (Қызғалдақ).<br>- Балалар, басқа алаңқайға барайық.</td><td>Сәлемдесу ойыны: "Менің көмекшілерім".  Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене  мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу.<br>Мынау – менің<br>жүрегім,  Бәрі<br>осыдан басталған,<br>Мынау – басым<br>ақылды.  Бәрін<br>осы басқарған.<br>Мынау – менің оң</td><td>"Бақ-бақ" тыныс алу жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың артикуляциясын, тыныс  алу мүшелерін дамыту.<br>- Бақбаққа, оның үлпілдек күлтешілерін қозғау  үшін үрлеңдерші, бірақ ұрттарына ауа толтырып алмауға тырысыңдар.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Қолдарын екі жаққа қарай ашады)<br>"Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге! (Барлығы қолұстасады)<br>"Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге! "Қайырлы таң!" қалады тағы бізбенен! | (Саусақтарды кең ашып, құлаққа тигізу)<br>- Қайырлы таң, қолдарым! (Екі қолды кезек-кезек сипау)<br>- Сендер ояндыңдар ма? (Қол шапалақтау)<br>- Қайырлы таң, күн! (Қолды жоғары созу)<br>- Мен ояндым! (Басты жоғары көтеру) | | қолым, Мынау – менің сол қолым. Барлық істі атқарған. | |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:""Жазғы гүлдер тамаша!"**<br>Мақсаты: Балаларды тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларын жасауды үйрету; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру; тура және айналма жолмен жүгіру барысында жылдамдық, ептілік дағдыларын дамыта отырып, балаларда жағымды эмоциялық көңіл-күй туындату *"Еңбектеп жеміс жинайық" ойыны.* | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:""Жылқы мен бұғы" ертегісі**<br>Мақсаты: Балаларға ертегіні әңгімелеп беру, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі мазмұнын өз ойларымен толық жеткізе білуге; үй жануарлары мен жабайы аңдарды ажырата алу дағдыларын дамыту; сөздік қорын молайту, байланыстыра сөйлеу іскерліктерін жетілдіру; өз құрбыларымен тату, достарына адал болуға тәрбиелеу.<br>*Дос туралы мақал-мәтелдер.* | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:""Гүл шалғыны"**<br>Мақсаты: Дала гүлдері туралы ойларын жинақтау; гүлдердің әсемдігіне назарларын аудару; есте сақтау қабілетін, сөйлеу қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>*«Гүл шоғын жинайық» қимылды ойынын өкізеді.* | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:""Көгалда гүлдер жайқалды…"**<br>Мақсаты: Гүлдің бейнесін, алақандарын қолданып құрылымы мен пішінің беруді үйрету; балалардың алақанмен сурет салуға қызығушылықтарын ояту; негізгі түстер жайлы білімдерін бекіту; ұсақ қол моторикасын дамыту; зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; сурет салу кезінде бояуларды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу; айналадағы табиғатты танып білуге деген қызығушылықтарын ояту.<br>*Саусақ жаттығуы «Гүлдер».* | **Музыка**<br>**Тақырыбы:""Гүлдер мерекесі"**<br>Мақсаты: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.<br>*Музыкалық-дидактикалық ойын.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Гүлдеп тұрған өсімдіктерді бақылау.** Мақсаты: балаларды кейбір гүлдейтін өсімдіктермен таныстыру. Олардың құрылымын талдау, гүлінің пайдасы жайлы айту. Гүлдерді аялауға тәрбиелеу.<br>Өсімдікті қарастыру, гүлдің түсін, пішінің, гүлдерінен басқа оларда не бар екенін сұрау. Балаларды гүлдерді аялауға, баспауға, үлкен гүл шоғын жұлмауға үйрету.<br>**Көркем сөз.**<br>Ерте тұрып<br>күнде, Су<br>құямын<br>гүлге.<br>Жайнайды<br>гүлім,<br>Құлпыртып<br>түрін.<br>**"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сигнал бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы маскалар: гүлдер мен аралар.<br>**"Аттап өт" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларда алға жылжып екі аяқпен секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа және биіктікке секіруге, тез жүгіруге жаттықтыру.<br>Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Шығарылатын материал: күрекшелер, сыпырғыштар, қырғыштар, қалыптар.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.<br>**Кинетикалық құмнан тұрғызылған "Құм қалашығы"**<br>Кинетикалық құмның барлық кереметтілігін сөзбен немесе фотосуреттермен жеткізу мүмкін | **Түймедақты бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды кейбір гүлдейтін өсімдіктер: түймедақпен таныстыру. Олардың құрылымын талдау, гүлінің пайдасы жайлы айту. Гүлдерді аялауға тәрбиелеу.<br>Негізгі мазмұны: Балаларға түймедекты қарастыруды ұсыну. Түймедақтың түсіне назар аудару: күлтешелері ақ, ортасы сары. Сабағы биік, жапырақтары ұзыншақ келген.<br>**Көркем сөз.**<br>Гүлге айналып<br>құлпырып, Түрлі-<br>түсті бояулар.<br>Киіп сары<br>көйлегін,<br>Бақбақ гүлі<br>оянар.<br><br>Қалықтайды<br>ұлпасы, Ақ<br>періште<br>сияқты.<br>Нәзік желмен<br>ұшып жүр,<br>Таңғажайып гүл<br>басы. (Д. Қ<br>Бұланбаева)<br>**"Тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойынды.**<br>Мақсаты: балаларда қимыл-қозғалысты белгі бойынша орындау біліктілігін дамыту; әртүрлі бағытта жүгіру мен еңбектеуді жаттықтыру.<br>**"Көлшіктен өт" қимыл жаттығу.**<br>Мақсаты: балаларда тепе-теңдікті, ептілікті, көзбен мөлшерлеуді дамыту.<br>**Еңбек әрекеті: жерге түскен жапырақтарды жинау.**<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.**<br>Шығарылатын материал: күрекшелер, шелектер, қалыптар, жыл мезгілдеріне сәйкес киінген қуыршақтар, машинкалар. | **Жолжелкен мен қалақайды бақылау.** Мақсаты: балаларды кейбір гүлді өсімдіктермен таныстыру; гүлдерді аялауға тәрбиелеу.<br>Олардың құрылымын талдау, гүлінің пайдасы жайлы айту.<br>Жол бойында өсіп тұрған өсімдіктермен таныстыру.<br>Олардың көбі емдік өсімдіктер: қалақай, жолжелкен.<br>- Балалар, жолжелкен деп неге атайды?<br>**Жұмбақ.**<br>Жап-жасыл жапырақ,<br>Ұстасаң шағып алады.<br>(Қалақай) Өзіне шап шақ,<br>Киген қалпағы аппақ,<br>Үлпілдектер тұр қаптап.<br>(Бақбақ)<br>**"Масаны ұста" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларда қимыл-қозғалыстарын көру белгісімен үйлестіру біліктілігін дамыту. Балаларды секіруге жаттықтыру (бір орында секіру).<br>**"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда кеңістікте қозғала білу, ұжыммен бір-біріне соғылмай қимылдау біліктіліктерін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, тереңдікке, орыннан ұзындыққа секіруге, жылдам жүгіруге жаттықтыру.<br>**Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.**<br>Шығарылатын материал: күрекшелер, сыпырғыш, зембілдер, қалыптар, карындаштар, қағаз беттері. | **Гүлзардағы гүлдерді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларда гүлдер жайлы түсініктерін кеңейту; өсімдіктерге деген қызығушылығын арттыру. Гүлдер әдемі, нәзік, хош иісті, түрлі-түсті, үлкен және кішкентай. Гүлдерден гүл шоғын жасауға болады. **"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалас ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда кеңістікте қозғала білу, ұжыммен бір-біріне соғылмай қимылдау біліктіліктерін дамыту; белгі бойынша әрекет ету, тереңдікке, орыннан ұзындыққа секіруге, жылдам жүгіруге жаттықтыру.<br>**"Құрылысшылар" сюжетті-рөлдік ойыны.** Шығарылатын материал, балаларды алмастыру заттарын қолдануды, құмнан құрылыс нысанын жасап, оны ойнауды үйрету.<br>**Жеке жұмыс: "Ұқсас гүлді немесе күлтешені тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: гүлдерді ажырата, атай білу қабеліттерн нығайту. (Түймедақ, бақбақ, раушан-гүл).<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескені тастардан тазарту.**<br>Мақсаты: тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Еркін ойындар: балалардың шығарылған материалмен ойындары.**<br>Құмды құрылыс және табиғи материалмен үйлесіре білу, қызықты және қиын құрылыс нысандарын тұрғызуға жол береді. | **Бақбақты бақылау.**<br>Масқаты: балаларда гүлдеп тұрған бақбақ жайлы қарапайым түсінікті дамыту; өсімдіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>Балаларды гүлдеп тұрған бақбақты танып, атауға жетелеу. Сөздік қорларын сын есімдермен молайту (сары, күн сияқты алтын түстес) өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу.<br>Үлбіреген бақ-<br>бақ, Үлпілдеген<br>аппақ. "Уф", -<br>десем, бақ-бақ,<br>Ұшасың ғой<br>қаптап.<br>**“Әженің қозысы болыпты” қимыл- қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жүруге, жүгіруге, еңбектеп жүруге жаттықтыру.<br>Балалар шеңбер құрып тұрады, тәрбиеші айтады: ”Әженің қозысы болыпты. Оның аяғы мынандай болыпты (аяқтарын алға шығарады), тұяқтары мына жерде болды (отырып көрсетеді) т.с.с (мүйізі, құйрығы). Қозының серуендегісі келіп, ол тауды, тасты аралайды (төрт яқтап тұрып, бүкіл алаңқайда жүреді).<br>Әже қозыны үйге шақырады: ”Кел, қозы үйге кір, әйтпесе қасқыр жеп кетеді”. Тәрбиеші қасқырды келтіреді де, одан қашып кетуді ұсынады.<br>**"Көбелекті гүлге қондыр" ойыны.** Мақсаты: сигнал бойынша алаңда жайылып жатқан гүлдердің кескіндеріне бір көбелектің бейнесін түстеріне сай қондыруға дағдыландыру; түстерді қабылдау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Құралдар: негізгі түстерге боялған көбелектер мен гүлдердің қағаздан кескіндері.<br>Еңбекке баулуға арналған тапсырма: ойын жабындысын сыпыру.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру, тазалыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | емес, оны тек құмды қолыңызбен ұстап көріп қана сезіне аласыз! Кинетикалық құммен қалыптарды қолданып пішіндер мүсіндеуге өте ыңғайлы.<br>Балалардың еркін ойындары. | | | | **Дербес ойын әрекеті.**<br>Құмнан тоқаш жасауды үйрету, таяқшамен құмда сурет салу, доп ойнау.<br>Балаларды тек өз үлескелерінде серуендеуді, ойнауды үйрету. Олардың қозғалыс белсенділігін байқау. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыруды, қол жууды үйрету. | | | | |
| **Түскі ас** | Мәдени-гигиеналық шаралар: балаларды қарапайым тапсырмаларды орындауды үйретуді жалғастыру: майлықтарды үстелге қою, қасықтарды тарату. Берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындау. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Мақсаты: балалардың жайлы ұйқысына жағдай тудыру.<br>**"Әлди-әлди" әні.**<br>Көзімнің ағы-<br>қарасы,<br>Жүрегімнің<br>парасы, Уайым-<br>қайғы ойлатпас,<br>Көңілімнің<br>сапасы.<br>Айналайын,<br>шырағым! Көлге<br>біткен құрағым!<br>Маңдайдағы<br>құндызым,<br>Аспандағы<br>жұлдызым. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | **Оятпақ жаттығулары.**<br>"Көңілді аяқтар"<br>Аяқтарды биік көтер, міне<br>былай, Топ, топ, топ!<br>Көңілдірек! Биігірек! Міне былай:<br>Хоп, хоп, хоп!<br>Қоңыраулар сыңғыр-<br>сыңғыр, Қатты-қатты,<br>сылдыр-сыңғыр! Шап<br>жүйрігім, шап-шап,<br>Тпру - ру -у, тұлпарым:<br>Тоқтат! Тоқтат!<br>Мәдени–гигиеналық дағдылар жайлы білімдерін бекіту. | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Міне қасық, міне ас,<br>Тамақтантан ешнәрсе<br>қалмас.<br>Тамақты тауысқаннан кейін, үстелден тұру, орындықты жылжыту, алғыс айту. | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Гүл шоғын жина" ойыны.** Мақсаты: балаларды ұсақ бөлшектерден тұтас бейнені құрастыруға тарту<br>Әр баланың алдында — құмырадағы гүдердің сұлбасы жатады, жаңында түрлі-түсті гүлдердің сұлбалары жатады, олардың арасынан құмырадағы гүлдердің түстеріне ұқсастарын таңдап алып, гүл шоғын жинау керек. Тәрбиеші мен балалар гүл шоғын қарастырады, олардың түсін айтады. Ой, жарайсыңдар, барлықтарын маған көмектестіңдер. Менің әрқайсыларына сыйлықтарым бар. | **"Шөптегі бақбақ" түрту әдісімен сурет салу.** Мақсаты: балалардың тәстүрден тыс сурет салу техникасын игеру мүмкіндіктерін жетілдіру; бақбақ туралы түсініктерін нығайту.<br>Сурет салу барысында балалар бақбақтың суретін сары бояумен қылқаламды күрт тигізіп, оны бірден көтеріп алу арқылы салады. | **"Отбасы" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балаларды отбасының өмірін шығармашылық түрде көрсетуге жетелеу.<br>Сюжеттегі екі кейіпкердің (анасы, қызы) өзара әрекеттесу іскерліктерін қалыптастыру. Өзара әрекеттесу және бір-бірімен тіл табысу біліктіліктерін дамыту. | **"Ұмытшақ сатып алушы" ойыны.** Мақсаты: балалардың гүл туралы түсініктерін тиянақтау; сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Сатып алушыға гүл сатып алу қажет, бірақ ол гүлдің атын ұмытып қалыпты. Ол сол гүлді сипаттайды, ал сатушы сипаттамасы бойынша танып, суретін көрсету керек.<br>Барлығын бірге тексереміз<br>- Раушан – бақшада өседі, сабағында тікендері бар, ол қызыл, ақ, сары болады.<br>- Бәйшешек – көктемгі алғашқы ақ түсті гүл, Қызыл кітапқа енгізілген және т.с.с.<br>Құралдары: гүлдердің суреттері. | **"Гүлдер" музыкалық ойыны.** Мақсаты: балаларды мызука ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; эстетикалық сезімдерін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Мақсаты: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер:<br>- серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу;<br>- ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде);<br>- күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін;<br>- серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады;<br>- серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және | **"Біз серуенге қалай кинеміз".** Мақсаты: киім-кешек, аяқ киім, бас киім атауларын және қолданысын нақтылау. **“Бедерлі жолдармен” ойын жаттығуы.** Мақсаты: асфальтта сызылған бедерлі сызықтармен жүруді жаттықтыру. | **"Киіну, шешіну".** Мақсаты: түймені тағу және ағыту, жапсырғыш тағындыларды ашып, жабу біліктіліктерін бекіту, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, киіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды, қажет жағдайда көмек сұрауды, сыпайы сөздерді қолдануды үйретуді жалғастыру. | **Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында:**<br>- ойын шартын мұқият тыңда;<br>- ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста;<br>- белгіленген жерде ғана ойна;<br>- лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме;<br>- белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір;<br>- ойын кезінде бір-біріңді итерме. Мақсаты: балаларды ойындар барысында ережелерді сақтауға бейімдеу. | **"Тілалғыш түймелер мен баулар".** Мақсаты: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Гүлзардағы гүлдерді бақылау (космея).** Мақсаты: космея гүлінің түсі қызғылт екендігін айтқызып, гүлдердің сабағы биік, иісі хош, жапырақтары жіңішке болғанын тәжірибеле байқату; гүлдерге деген қызығушылықты арттыру.<br>Педагог гүлге аллергиясы бар, аса сезгіш балаларды іс-тәжірибеге қатыспау амалдарын ескеру керек.<br>Өсімдіктерге қалай күтім жасайтынын сұрау. Сөйлеуді, ойлауды, сұлулықты көре білуді дамыту.<br>**"Төртінші артық" (дала және бақша гүлдері) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: заттарды топтастыру, ойлау қабілетін дамыту; дала және бақша гүлдерін ажыратуға баулу.<br>Құралдары: гүлдерді суреттері.<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа апару.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу.<br>**Балалардың шығарылған материалмен дербес-ойын әрекеті.**<br>Шығарылған материалдар: күрекшелер, сыпырғыштар, қырғыштар, қалыптар. | **Құмырадағы гүлдерді бақылау.**<br>Мақсаты: гүлдерді тануға деген қызығушылықты арттыру; гүлдерді суда ұзақ ұстауға болатынына көз жеткізу; зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, қарандаршы, құмырада нелер тұр? Құмыраға гүлдер салынған.<br>- Гүлдің атауын кім табады?<br>- Гүлдің жапырақтары, сабағы қандай?<br>- Жақын келіп гүлдердің иісін иіскеп көріңдер. Педагог бақылау барысына сезгіш (аллергиясы бар) балалардың тікелей қатыспауын ескеру керек.<br>**"Құмыра" қол еңбегі.**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу; ұсақ қол моторикасын жетілдіру; ой-қиялын дамыту.<br>Балалар тұзды қамырдан құмыра жасайды да, түрлі кеспе түрлерін басып - гүл егеді.<br>- Қызыл гүлдер нешеу?<br>- Қанша сары гүл?<br>- Түсі басқа гүлдер бар ма? Санап айтайық. **"Баяу - жылдам жүрейік" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша баяу және жылдам жүруге машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды бір бағанға тұруға шақырады:<br>- Балалар, бүгін біз саяхатқа шығамыз, баяу және жылдам қалай жүретінімізді байқайық.<br>Зерек бала болу<br>біл. Қане, бағанға<br>тізіл!<br>Жарайсыңдар,<br>балалар!<br>Бағыттаймыз<br>алысқа.<br><br>Біз жүреміз,<br>асықпаймыз, Аяндап,<br>жан-жаққа қараймыз.<br>Тып-тыныш қадам<br>басып, Дыбыстарды<br>шығармаймыз.<br><br>Ал енді шапшаң<br>болайық, Тура<br>жолдарға | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, шөпке, гүлдердің сабақтарына, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>**Қыстырғыштармен ойын: "Гүлдер".**<br>- Қыстырғыштарды гүлдің ортасына қыстырып қойыңдар.<br>**Ұжымдық жаттығу: "Гүл отырғызу".** Мақсаты: гүлді баптау амалдарын қалыптастыру; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу.<br>Балалар қалақшалармен ұяшықтарға тары салады да, тырнамен тегістеп, тарыға жасанды гүлді тығындайды. Кейін су сепкімен суарады.<br>**"Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын<br>итеріп,<br>Әткеншекті<br>қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдап<br>жүгіріп, Шеңберді<br>айналдырамыз. Д.<br>Ахметова.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті<br>- аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға | **Гүлзардағы гүлдерді бақылау (барқыт).** Мақсаты: барқыт гүлінің түсі сары және қызыл- сары екендігін айтқызып, гүлдердің басы дөңгелек, иісі хош, жапырақтары жұмсақ болғанын тәжірибеле байқату; гүлдерге деген қызығушылықты арттыру.<br>Педагог гүлге аллергиясы бар, аса сезгіш балаларды іс-тәжірибеге қатыспау амалдарын ескеру керек.<br>Өсімдіктерге қалай күтім жасайтынын сұрау. Сөйлеуді, ойлауды, сұлулықты көре білуді дамыту.<br>**Музыкалық-динамикалық үзіліс: "Гүлдер".** Балалар музыка ырғағымен мәтінге және ересектің көрсетуіне сәйкес қимыл-қозғалыстарды орындайды.<br>**Еңбек тапсырмасы:**<br>ойыншықтарды құмнан қағып, тазалап, қорапқа салу.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Торғайды бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың торғай туралы түсініктерін нығайту; торғайдың шапшаң, жылдам ұшатынын, торғайдың өзіне жем-коректі тез тауып алатынын байқату; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға торғайлар алдына кепкен нанды үгітіп шашуды, алыстан бақылауды ұсыну мүмкін.<br>**Түймемен ойын: "Гүлдер".**<br>Түймелерді түсі мен көлеміне сәйкес шеңберлерге орналастырайық.<br>"Түймелерді" түрлі түсті қатты қағаздан дайындауға болады.<br>**"Кегльді қағып ал" жаттығуы.** Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шығайық, Бақша<br>алаңына, алақай,<br>Жылдам жүгіріп<br>барайық. Д.<br>Ахметова.<br>**Балалардың шығарылған материалмен дербес-ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | машықтандыру. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Гүлдерді тізбекке сал" ойын-жаттығуы.** Мақсаты: гүлдер туралы білімдерін тиянақтау; ойлау, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.<br>- Балалар, бұзық жел гүлдің күлтешелерін жұлып, барлығын шатастырып тастаған екен.<br>- Қане, гүлге күлтешелерін тауып берейік.<br>- Балалар гүлдерді көлемдеріне, құрылымдарына сай, кезектестіріп отырып, тізбек құрайды.<br>**Көркем сөз.**<br>Қызыл, сары, көк гүлді, Құшағыма жинадым. Кімге сыйласам екен, Бұл әдемі гүл шоғын? Ортада бір бала тұрады.<br>**"Гүлді қалай өсіру керек, айтып бер!" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: гүлдердің өсу кезеңдеріндегі ретін білуге машықтандыру; ойлау қабілетін дамыту. (Тақтада гүлді отырғызу кезеңдері бейнеленген карточкалар орналастырады).<br>Құралдары: гүлдердің өсу кезеңдерін сипаттайтын суреттер. | **"Жазғы гүлдер" тақырыбына әңгімелесу.**<br>Мақсаты: гүлдер туралы білімдерін жетілдіру.<br>- Балалар, сезесіңдер ме, айналада қандай жағымды иіс?<br>- Бұл ненің аңқыған иісі екен?<br>**Жұмбақ:**<br>Түсті-түсті, иісі аңқыған, Араларға нәр сыйлаған. (Гүлдер). Әңгімелесуге арналған сұрақтар:<br>- Гүлдер не үшін керек?<br>- Бақша гүлдері қайда өседі?<br>- Бақша гүлдерін атаңдар.<br>- Дала, орман гүлдері қайда өседі?<br>- Дала және орман гүлдерін атаңдаршы.<br>- Бақтағы гүлдерге кім күтім жасайды?<br>- Біз гүлдерге қалай күтім жасаймыз?<br>- Гүлдердің қандай пайдасы бар?<br>- Ал біздің топта дала немесе орман гүлдері өседі ме?<br>- Олар неге солай аталады? | **Суды бақылау.**<br>Мақсаты: су құйғыштан аққан судың жерге сіңіп, жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; судың бұлтта бар екендігіне, жаңбыр болып, жерге тиетініне көз жеткізу; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>**"Гүлдің сабағы" таяқшалармен жаттығуы.** Мақсаты: гүлдер туралы білімдерді тиянақтау; ұсақ қол моторикасын дамыту; көзбен көру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.<br>- Балалар, таяқшаларды гүл сабағының орнына орналастырыңдар. Біркелкі гүлдерді тауып, көрсетіңдер. | **"Гүлдер" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.<br>Біз гүлдерше өсеміз (Саусақтарды жұдырыққа тию)<br>Жапырағы жайқалған, (Алақанды ашу) Сабақтары салалы, (Алақанды ашып, жабу) Желмен бірге ырғалған. (Саусақтарды ары-бері қимылдату) | **Аула құстарын бақылау.**<br>Мақсаты: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сыртқы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Барельеф тәсілі бойынша мүсіндеу «Әдемі гүлдер».**<br>Ермексаздан бөліктер бөліп алыңдар, оларды суретке бастырып, ермексаздың үстіне гүлді қойып, саусағыңызбен мықтап басыңыз. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Бала үшін қандай спорт пайдалы?" тақырыбына әңгімелесу. | Жеке кеңес: "Сіздің балаңыздың тамақтану мінезі". | "Егер сіздің балаңыз ұяң болса" тақырыбына әңгімелесу. | Әңгімелесу: "Баланың отбасындағы еңбек тәрбиесі". | Кеңес: "Саябаққа (орманға) ұйымдасқан саяхат кезіндегі табиғатқа деген қызығушылықтарын тәрбиелеу". |

| *Кіші топ* | **ЦИКЛОГРАММА** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Апта нөмірі* | **№2** | | | | |
| *Күндері* | **01.08 - 05.08.2022ж.** | | | | |
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | **Орман ертегілері / Лесные сказки /** | | | | |
| *Мекеменің атауы, тобы* | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | Ж.Каназарова А.Бижанова | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Күнделікті дене қызуын өлшеу, балалардың дене терісіне, сыртқы келбетіне назар аудару; тәрбиешінің ата-аналарды толғандарған сұрақтарына жауаптары; балаларға арналған қолайлы орта тудыру.<br>Ата-аналармен "Балаларға ертегі оқу" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:**<br>конструктор бөлшектерін қорапқа жинау. Конструктордың қорапқа салынғанына назар аудару; егер олар шашылып жатса, бөлшектері қорапқа симайтынын белгілеу.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту.<br>Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Ойнап болғаннан кейін топ ішін жиыстыру".<br>Мақсаты: балаларда саналы түрде тәртіпке дегенұмтылысты, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құра білу, алдағы іс-әрекетке қажетті материалдарды таңдай білуге үйрету. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** үлескедегі бұтақтарды жинаймыз.<br>Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындаудыүйрету; еңбек дағдыларын қалыптастыру. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** серуен алдынды ойыншықтарды жинау. Жапырақтарды, бұтақтарды, тастарды шелеккежинап салу, белгіленген орынға апару. Құмды құмсалғышқа салу. Құмды құлсалғыш қақпағынансыпыру.<br>Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындаудыүйрету; еңбек дағдыларын қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **Көркем сөз.**<br>Ертегілер өте<br>көп, Үнемі<br>айтып жүреміз.<br>Кімнің көп<br>білетінін, Қазір<br>сұрап, білеміз.<br>Балалар, сендер қандай ертегілерді білесіңдер?Танымал ертегілерді атау: "Үйшік", "Шұбар тауық", "Бауырсақ", "Аққу-қаздар", "Маша менаю", "Үш аю" және т.б.<br>**Қиынды суреттермен ойындар: "Ертегі кейіпкерлерін құра".**<br>Мақсаты: балаларды ұсақ бөліктерден (2-4) тұтасбейнені құрастыруға дағдыландыру; жазықты бағдарлау, ойлау, қабылдау қабілеттерін дамыту. Балаларды, ертегі кейіпкерінің суреті құрастырылғаннан кейін, оны атауға шақыру.<br>**Логоырғақты жаттығу: "Бауырсақ" жәнемузыкамен жүгіру.**<br>Мақсаты: Бауырсақ кейіпкерінің сөздерін жатқа ырғаққа сай айтуға машықтандыру; ертегі әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>Мен Бауырсақпын,<br>Бауырсақ.Менің<br>бетім домалақ.<br>Қалған ұннан<br>илендім, Ыстық<br>майға піскенмін.<br>Бауырсақпын,<br>домалақпын,<br>Домалап келем<br>жолақпен. | **"Бауырсақ" ертегісін фланелеграфта көрсетіп отырып, айту.**<br>Мақсаты: балаларды ертегі мазмұнын мұқияттындап, желісін есте сақтауға мүмкіндіктер жасау; ертегі әлеміне деген қызығушылықты қалыптастыру. Мазмұндау элементтерімен ертегі желісібойынша әңгімелеу.<br>Құралдары: фланелеграф, ертегі кейіпкерлерініңкескіндері. | **"Ертегі кейіпкерлерін бейнеле" музыкалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың эмоционалды дамуынажағымды ықпал ету; коммуникативтік қабілеттерді дамыту; ертегілер әлеміне деген қызығушылықты тудыру.<br>- Балалар, ертегі кейіпкерлеріне айналғыларың келе ме?<br>- Мен ертегі кейіпкерлері жайлы өлең оқимын,ал сендер, балалар, ортаға шығып өлеңде айтылған жан-жануарды қимылмен көрсетесіңдер.<br>Тәрбиеші жан-жануарды сипаттайтын қысқа өлең оқиды, балалар қимылдарын келтіреді.<br>Түлкі деген қу ғой,<br>Жүрген жері<br>шу ғой. Жатып<br>алып жағада,<br>Іздегені ду ғой.<br><br>Қорбаң-қорбаң,<br>қорбаңбаймын,Омартаны<br>аралаймын,<br>Аяқ-қолды<br>жаралаймын, Бал<br>ұрлауға<br>арланбаймын.<br><br>Ұзын құлақ, сұр<br>қоян, Естіп қалып<br>сыбдырды, Ойлы-<br>қырлы жерлерден,<br>Ытқып-ытқып<br>секірді.<br><br>Бақа, бақа,<br>балпақ,Көзі<br>оның тостақ.<br>Қырдан алыс көп<br>қарап,Көзі содан<br>тостақ.<br><br>Қасқыр орманда<br>жортады,Аяздан ол<br>қорқады, Аспанға<br>қарап ұлиды,<br>Ауылда малды<br>ториды.<br><br>Біз Тышқанбыз,<br>Тышқанбыз,Дән<br>тереміз тыстан біз.<br>Жол бойынан ін | **Тақпақ мәнерлеп оқу жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеуқабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: әтештің суреті.<br>**Көркем сөз.**<br>Айдарлы әтеш,<br>Таң атпай<br>тұрыпты,<br>Ойқастап<br>жүріпті. Жан-<br>жағына<br>қарапты,<br>Айдарын<br>тарапты.<br>- Балалар, әтеш адасып, қандай ертегіден келгеніңұмытып қалыпты. Қане оған ертегіні табуға көмектесейікші:<br>- Ертегінің шымылдығы<br>ашылсын,Балаларды<br>әлеміне шақырсын!<br>**Кітаптар көрмесі.**<br>Мақсаты: балаларға кітаптарды қарауға деген қызығушылығын, әдептілікке, көркем сөзге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.<br>- Балалар, әтешті қандай ертегілерді кездестіруге болады? ("Қоянның үйшігі", "Аңдардың қыстауы", "Мысық, әтеш және түлкі", "Тауық пен әтеш".)<br>- Дұрыс, жарайсыңдар! Қане, есімізге түсірейікші<br>«Қоянның үйшігі» ертегісінде<br>әтеш қандай?(Батыл, ержүрек, батыр.)<br>- Дұрыс, ал "Мысық, әтеш және түлкі" ертегісіндеәтеш қандай? (Тілазар.)<br>- Дұрыс, жарайсыңдар! Әтеш "Тауық пен әтеш"ертегісінде қандай? (Қыңыр, тілазар.)<br>Балалар бірден жауап бермей жатса, педагог өзіайтып, балаларға қайталатады.<br>Құралдар: белгілі ертегілер кітапшалары, кітапсөрелері. | **""Шұбар тауық" ертегісін рет-ретімен құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бірнеше суреттерден "Шұбартауық" ертегісінің желісін құрастыруға машықтандыру; есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, алдарыңда жатқан бірнеше суреттергеқарап, олардың "Шұбар тауық" атты ертегінің желісі бойынша бір ретке тізіп алайық.<br>- Карточкаларда қандай ертегі бейнеленген? Қандай суретті біз бірінші орналастырамыз? Онда не бейнеленген? Ата мен әженің үйінде не өмір сүрді? Енді қандай суретті қою керек? Тауық не істеді? Керек суретті тап? Одан кейін не болды? Жұмыртқаны бірінші кім жарып көрді, ата ма, әлдеәже ме? Одан кейін не болды? Қай суретті ең соңында қоямыз? Тауық ата мен әжені қалай жұбатты? (Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауапбере отырып, карточкаларды орналастырады.)<br>Тауық көп жұмыртқа тапты, бірақ алтын емес, жайжұмыртқалар.<br>Олардан балапан басып шықты.<br>Қане, сендер балапан болыңдаршы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қазып, Жинап жүрміз күнде азық. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы жаттығу** | Балалар біз сендермен, сиқырлы орманға саяхатқа барамыз. Орманда серуендеп, құстардың әнін тыңдап, гүлдер мен ағаштарды бақылайық.<br>Құстар әнінің дыбысы естіледі: балалар топ ішінде баяу жүреді, тоқтайды. Жалпы дамыту жаттығулары<br>Орманда таң атты, күн шықты. Қолдарынды жоғары созыңдар, күн сәулесі жылытсың. 1 – қолды көтеріп, керілеміз.<br>2 – б. қ. ораламыз.<br>3 – қолды көтеріп, керілеміз.<br>4 – б. қ. ораламыз.<br>Көгалда гүлдер ашылды 1 - қолды көтеру.<br>2 – екі жаққа бұлғау. 3 - қолды көтеру.<br>4 – екі жаққа бұлғау.<br>Көбелектер оянып, гүлден-гүлге қона бастады.<br>Баяу қарқында отырып жүгіру.<br>Бір кезде жел соғып, бұтақтар қозғала бастады.<br>Қолды көтеріп, денені екі жаққа еңкейту.<br>Жапырақтар шулай бастады.<br>Қолды көтеру, еркін қозғалыстар. | | | | |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастыры латын іскерліктері мен дағдылары)** | **Көркем сөз:**<br>Денсаулыққа пайдалы, Ботқа жейік келіңдер.<br>Өзі жұмсақ, тәп-тәтті, Дәмін татып көріңдер.<br>Мақсаты: балаларды жақсы тәбетпен, әдеппен тамақтануға бейімдеу. | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне дайындық** | **ҰОҚ-не дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |
| | **Психологиялық дайындау сәті.**<br>Мақсаты: балалардың ертегілер әлеміне деген қызығушылығын арттыру.<br>Мен сендерді бір ғажайып әлемге, ертегілер еліне саяхатқа баруға шақырамын. Ал сендер ертегілерді жақсы көресіңдер ме?<br>- Олай болса, жолға шығайық. Ал ертегі дегенім не?<br>Ертегілерде қарапайым өмірде болмайтын нәрсе болады. Аңдар, жан-жануарлар сөйлей алады, адамдар сиқырлы заттарды пайдаланады. Сендер қандай сиқырлы заттарды білесіңдер? (Балалардың жауаптары) Мыстан кемпірдің сыпырғышы, сиқырлы жіп орамы, сиқырлы таяқша, ұшатын кілем т. б. | **"Менің сүйікті ертегілерім әңгімелеуі.**<br>Мақсаты: балалардың апта тақырыбы бойынша сөздік қорларын белсендету және дамыту үшін жағдай тудыру.<br>Орталықтарда суреттер мен үстел-үстіойындарын орналастыру.<br>Құралдар: балаларға таныс ертегі сюжеттерісалынған суреттері. | **Миға шабуыл.**<br>Мақсаты: балалардың ертегілер туралы білімдерін пысықтау; байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.<br>- Балалар, мен де сендермен ертегіге барғым келеді. Аламын да әжеге айналамын! (Тәрбиеші басына орамал тағады.)<br>- Балалар, қандай ертегілерде әже тұрады? (Балалар атайды: "Шалқан", "Бауырсақ", "Шұбар тауық").<br>**"Дәмінен ажырат" ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың түйсік-сезімдерін жетілдіру.<br>- Мен атаға арнап бауырсақ пісіргім келеді, бірақ ұнның және қанттың қайда екенін ұмытып қалдым. Балалар, маған оларды ажыратуға көмектесіңдерші. (Үстел үстінде екі ыдыс тұрады: біреуінде қант, ал екіншісінде ұн.<br>Балалар ыдысқа саусақтарын | **"Әтеш пен бұршақ дәні" ертегісін айту.**<br>**Фланелеграфтағы театр.**<br>Мақсаты: балалардың ертегілер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; ертегі желісін есте сақтауға мүмкіндіктер жасау.<br>Құралдары: ертегі кейіпкерлерінің кескіндері, фланелеграф. | **Сергіту сәті.**<br>Мақсаты: балалардың қимыл қабілеттерін, ырғаққа сай қимылдау қабілетін дамыту.<br>Ну орманда бір үй тұр (Балалар бір орында адымдайды.)<br>Алға емес, артқа қарап тұр. (Балалар бұрылады) Сол үйшікте кемпір бар. (Сұқ саусақты шошайту.) Мыстан кемпір деген тұрғын бар. (Екінші қолдарын шошайту.)<br>Мұрны ілмек, (Саусақпен көрсету.) Көзі үлкен, (Көрсету.)<br>Отша лаулап, жанады. (Бастарын шайқау) Oh, өзі сондай ашулы! (Бір орында жүгіру)<br>Шаштарымыз тікірейді. (Қолды жоғары көтеру). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | салып, қайсысынды қант, ал қайсысында ұн екенін дәмі .)<br>- Ал сендер қант екенін қайдан білдіңдер?(Балалардың жауаптары - ол тәтті.) | | |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:""Орман дәрігері"**<br>Мақсаты: Балаларды допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыру іскерліктерін жетілдіру; балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын меңгерту жәнелақтыру қабілеттерін кеңейту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу.<br>*"Жемістерді себетке жинайық" ойыны.* | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:""Арыстан мен түлкі"**<br>Мақсаты: Ертегіні оқу, мазмұнын түсіндіру. Ертегінің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту,сөздік қорларын молайту,тілдерін дамытып, байланыстырып сөйлеуге үйрету; қоршаған әлемдегі жануарларды ажыратып тануға деген түсініктерін кеңейту. Олардың тіршілік мекенін білуге үйрету.<br>Балалардың артикуляциялық аппаратын, сөйлеутынысын және диалогтық сөйлеуін, есте сақтау, есту және көру зейіндерін дамыту.; қайырымдылық, жанашырлық сезіміге тәрбиелеу.<br>*Дидактикалық ойын: "Жабайы аңдарды тап".* | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:""Сиқырлы домалақ"**<br>Мақсаты: Балалардың сенсорлық қабылдауларын дамыту, геометриялық фигуралар туралы білімдерін бекіту.<br>*«Үлкен және кіші» дидактикалық ойыны.* | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:""Бауырсақ"**<br>Мақсаты: Балаларға екі алақанның ортасымен дөңгелек жасауды үйрету; бұйымды қосымша материалдардың көмегімен, керекті бейнеге жеткізу. Ертегінің мазмұнын түсіну. Сөйлеу жәнеойлау дағдыларын дамыту.<br>*Саусақ гимнастикасы.* | **Музыка**<br>**Тақырыбы:""Ертегілер әлемі"**<br>Мақсаты: «Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралыұғым беру. Балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>*Музыкалық-дидактикалық ойын.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау.**<br>Мақсаты: аулашының еңбегі жайындағы түсініктерін тиянақтау; байқағыштыққа, ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Аула сыпырушының көгалды (газон) тазалайтынына назар аудару. Аула сыпырушыда қандай еңбек құралдары бар екеніне назар аудару.<br>**Жеке жұмыс: өлең жаттату.**<br>Ерте тұрып бұл<br>ағай, Сыпырады<br>ауланы. Тап-<br>түйнақтай етеді,<br>Ойнайтын бар<br>алаңды.<br>**"Тауық пен балапандар" қимыл-қозғалысойыны.**<br>Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, түрлі бағытта жүгіру менеңбектеуге жаттықтыру.<br>**"Көбелекті гүлге қондыр" ойыны.**<br>Мақсаты: сигнал бойынша алаңда жайылып жатқангүлдердің кескіндеріне бір көбелектің бейнесін түстеріне сай қондыруға дағдыландыру; түстерді қабылдау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>Құралдар: негізгі түстерге боялған көбелектер менгүлдердің қағаздан кескіндері.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескедегітастар мен шыбықтарды жинау.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.**Еркін ойындар: түрлі-түсті борлармен асфальтта сурет салу.** | **Құм мен топырақтың қасиетін бақылау.**<br>Мақсаты: құм мен топырақтың қасиетін, олардың ұқсастығы мен айырмашылығынанықтау. Құрғақ және дымқыл құмның түсін бақылау. Дымқыл (ылғалды) құмнан түрлі пішіндер мүсіндеуге болады, ал құрғақ құм шашылып, пішінді сақтай алмайды. Балаларға құмнан пішіндер мүсіндеп, айырмашылығына бірге көз жеткізуді ұсыну.<br>**Көркем сөз.**<br>Елден алғыс<br>алатын Өскен<br>кезде ер болам.<br>Сәнді үйлер<br>салатын<br>Құрылысшы мен<br>болам.<br>**"Жалауға қарай жүгір" қимыл-қозғалысойыны.**<br>Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекететуді үйрету. Балалардың зейіндерін, түстерді ажырату біліктіліктерін дамыту. Жүру мен жүгіруді жаттықтыру.<br>**"Жидекті теріп алайық" ойын-жаттығуы.** Мақсаты: балаларды алдын-ала алаңға таратылып жайылған жидектердің кескіндерінсигнал бойынша қорапшаға жинауға тарту; зейінді, кеңістікті бағдарлау, бір-біріне бөгет болмай қимылдауға бейімдеу.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: серуеннен қайту алдында ойыншықтарды реттеу.**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек тапсырмаларын орындауға үйрету.<br>Балалардың шығарылған материалмен дербесойын әрекеті.<br>Шығарылатын материал: күрекшелер, шелек,қалыптар, қарындаштар. | **Аспан мен бұлттарды бақылау.**<br>Жаз туралы түсініктерін бекіту. Аспандағы өзгерістерге назар аудару. Аспанқандай: көгілдір, бұлт пайда болды.<br>**"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды түрлі бағытта жүгіруге жаттықтыру, тәрбиеші белгісін ести білу, кеңістікті бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту.**"Бедерлі жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: асфальтта сызылған бедерлі сызықтармен жүруді жаттықтыру. **"Көлік" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; ойын желісін түсініп, көлік жүргізушісі ретінде белгі бойынша бір бағытта, ешкімге соғылмай, жүгіруге бейімдеу.<br>Шығарылған материал: рөлдер, жол жүрубелгілері.<br>Жолда жүру ережелерін еске түсіру.<br>**Жеке жұмыс: құмда таяқшамен бұлттыңсуретін салу.**<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:үлескедегі ойыншықтарды реттеу.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен ойындары.** | **Құмырсқаны бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды жиі кездестіретін жәндікпен,олардың тіршілігімен, өмір сүрулері үшін маңызды жағдайлармен таныстыру. Құмырсқаментаныстыру.<br>Құмырсқа илеуін қарастыру. Ол неден тұрады?Шыбықтар, ағаш қабығы, топырақ – бұлардың барлығын кішкентай еңбекқор - құмырсқалар әкелген. Кішкентай тесіктер-бұл кіру жолы.<br>Құмырсқалар ешкімге зиянын тигізбейді.<br>**Өлең жаттау.**<br>Еңбексүйгіш<br>құмырсқа,Ерте<br>тұрып жұмысқа.<br>Күнде астық<br>тасиды,<br>Толтырады ас<br>үйді.<br>**"Өз түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: кеңістікті бағдарлау, спектрдің негізгі түстерін ажырату біліктіліктерін қалыптастыру;белгі бойынша бір бағытта жүгіре білу қабілетін жетілдіру.<br>**"Кім жылдам?" қимыл-қозғалыс ойыны.**Мақсаты: допты қағып алуға жаттықтыру.<br>**"Аттап өт" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларда алға жылжып екі аяқпен секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекетету, ұзындыққа және биіктікке секіруге, тез жүгіруге жаттықтыру.<br>**Балалардың шығарылған материалмен дербесойын әрекеті.**<br>Шығарылатын материал: күрекшелер, шелектер,қалыптар, жыл мезгілдеріне сәйкес киінген қуыршақтар, машиналар.<br>**Еңбек тапсырмасы: гүлзарда өскен гүлдердісуару.**<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларынқалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **Бақылау: "Ыстық жаз!"**<br>Мақсаты: балаларды жаз тән ерекшеліктермен таныстыру. Сөздік қорларын кеңейту. Өздері өмірсүретін елді мақтан тұтуға тәрбиелеу.<br>**Әңгімелеу.**<br>- Жаз келді. Күн бар күшін салып жер бетін қыздыруға тырысады. Ағаштар, шөптер мен гүлдерқуануда. Құстар қуанышпен, жазға арнап, арнап ән салуда. Мысық күнге қыздырынуға шықты. Күн көзіне бүйірін төсейді. Балалар да күнмен ойнауды жақсы көреді. Жазда шомылуға, күнге қыздырынуға, велосипед пен ролик тебуге болады.Жазда батпырауық ұшыруға болады. Ал барлық балалар құмда ойнағанды ұнатады.<br>- Егер ыстықтан шаршасаңдар, онда ағаш көлеңкесіне жасырынуға болады. Қайынның немесе жөке ағашының көлеңкесі үнемі салқын болады.<br>- Күн сәулесінен қорғану үшін үнемі бас киіп, жиісу ішу керек.<br>Жазғы ойын-сауықтар туралы суреттерді көрсетугеболады.<br>**"Біз жолдармен жүреміз" ойыны-эстафетасы.** Балалар екі аяқпен алғы жылжып отырып, жол бойымен секіреді (жолдың ұзындық мөлшері 2-3 м). Жолдың соңында әрқайсысы қораптан доп алып, қайтар бағытта домалатып, артынан жүгіреді.Егер бала тапсырманы орындауға қиналса, онда міндетті түрде жолдың аяғына дейін секіріп өтуді, талап етудің қажеті жоқ. Жолды белгілеу үшін түрлі-түсті бауларды, гимнастикалық таяқтарды қолдануға болады.<br>**Еңбек тапсырмасы: үлескені құмнан тазалау.**Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; тазалыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін реттілік сақтай отырып шешінуді, киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыруды, қол жууды үйрету.<br>**Көркем сөз.**<br>Сабынымды<br>аламын,<br>Алақанға<br>саламын.<br>Көпіртемін<br>жақсылап,<br>Қолды жуамын | | | | |

| | |
|---|---|
| | мұқият.Білек,<br>бетті, мойынды,<br>Жуамын да,<br>сүртемін. Тап-<br>таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі<br>жүремін.<br>Тусипжанова-Шагирова А. |
| **Түскі ас** | **"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз".**<br>Балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру.<br>**Ғажайып сәт.**<br>Топқа қасықты ауызына дұрыс апармай, көжені шашыратып, үнемі көйлегін былғап алатын Данаға қуыршақ "келеді". Балалар қонақты сабырға шақырады. Оған "қуыр, қуыр, қуырмаш" санамағын айтып береді. Кейін тәрбиеші сәбилерге сиқырлы қасықтарын қолдарына алып, қуыршақ Камилаға көжені қалай жеу керектігін көрсетуді ұсынады. Соңында Камила балаларға алғысын білдіреді. |
| **Күндізгі ұйқы** | **"Көңілді шеңбер" аз қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап шеңбер құрады. Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер бойымен<br>айналып, өлеңді бірге оқи бастайды. Қол ұстасып қанеки,<br>Айнала кеп<br>тұрайық.<br>Тазаланып<br>жуынып, Түскі<br>асқа барайық.<br><br>Көже, сусын<br>салатың,<br>Дастарханда<br>дайын тұр.<br>Демалсын деп бір<br>мезгіл,Жұмсақ<br>төсек күтіп тұр.<br>**"Жұмсақ төсек" сөздерінен кейін, балалар тоқтап, қолдарын беттеріне қойып — "ұйықтайды".** |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | **Ұйқыдан кейінгі шынығу жаттығуы.**<br>Мақсаты: өз денелеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Күннің екінші<br>жартысына күш-қуат беру. МГД: өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын<br>бекіту (киімдерді жүйелі кию). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Қолды сабындау және түзу қимылдармен жууды үйретуді жалғастыру, қолды жуғаннан кейін сығуды үйрету. Қолдарын өз орамалдарымен сүртіп, орнына ілу біліктіліктерін бекіту.<br>"Балалар қолдарын жуады" тақырыбы бойынша иллюстрациялар қарастыру және сол бойынша әңгімелесу. "Біз қолымызды қалай жуамыз" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың қолды жуудағы әрекеттерін тиянақтау.Жаттамақ оқу: "Мөлдір су". | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Дәрігерде" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды дәрігер қызметімен таныстыру, медициналық құрал-жабдықтардың атауларын бекіту; ойын мақсатын жүзеге асыруға үйрету.<br>Сюжеттегі екі кейіпкердің өзара әрекеттесу (дәрігер — науқас), алмастырғыш ойыншықтармен жеке ойында ойыншық пен өз рөлін қатар алып жүру іскерліктерін қалыптастыру.<br>Ертегі аудиотаспаларын тыңдау.<br>Құралдары: ойында қолданылатын құрал-заттар,дәрігердің киімі. | **"Үйшік" үстел-үсті театры.**<br>Мақсаты: балалардың ертегілер әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру.<br>- Балалар, ертегілер басталды! Театрға келіңдер!<br>Балалар орындықтарға отырады.<br>- Бүгін біз сендермен театрға келдік. Жайғасып жайлы орынға, Тамашалап көріңдер.<br>Құралдары: үстел үсті театрына, "Үйшік" ертегісіне, қатысты бейнелер мен кейіпкерлердің кескіндері, тіреушелер. | **"Үйшік" ертегісі бойынша жұмбақтар шешу.**<br>Мақсаты: балалардың "Үйшік" ертегісіндегі кейіпкерлерді білуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдары: "Үйшік" ертегісі кейіпкерлерінің суреттері.<br>Бір, екі, үш, деп санаймыз, Ертегілер еліне тап боламыз!<br>(Балалар музыкамен бір орында айналады) Міне біз сиқырлы әлемге келдік. Ішін аралап көрейік.<br>(Тәрбиеші балаларды өз артынан, шеңбер бойымен ертеді).<br>- Балалар, қараңдаршы, біз сендермен сиқырлы көгалға келіп қалдық, айналамыз қандай әдемі!<br>- Ой, қараңдаршы, көгалда қандай әдемі қап жатыр.<br>– Балалар, қызық, қапта не бар екен? Кәне,отырып, көрейік!<br>Бұл жұмбақтар екен, оларды мұқият тыңдап, шешуін табыңдар. (Балалар жұмбақтарды шешеді)<br>**Жұмбақтар:**<br>Сылдырдан қорқады, Шошынып жортады. (Қоян)<br>Таңдайлары тақылдап, Шулайтын бақылдап. (Бақа)<br>Итке ұқсас пішіні, Ұнатпайды кісіні. (Қасқыр)<br>Сайқымазақ қулығы бар, Барған жерде ұрлығы бар. (Түлкі) Жазда қыдырады, Қыста тынығады. (Аю) Үй ішін аралап, Түнде көп жортады. Қаптарды жарып, Мысықтан қорқады. (Тышқан)<br>- Балалар, бұл қай ертегі кейіпкерлері?<br>- Дұрыс, "Үйшік" ертегісі! | **""Шалқан" ертегісін рет-ретімен қой" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: "Шалқан" ертегісі желісін пысықтау; ойлау, қабылдау, сөйлеу қабілетін дамыту.<br>- Балалар, алдарыңда бірнеше сурет бар. Бұл суреттерде қай ертегі кейіпкерлері салынған?<br>- Иә. Бұл "Шалқан" ертегісінің кейіпкерлері.<br>- Олай болса, ертегінің желісін еске түсіріп көрейік. Суреттерді рет-ретімен қойып көрейік.<br>- Шалқанды тартып шығаруға кім бірінші келді? Кім бірінші келді — әже ме, әлде немере қызы ма? Содан кейін не келді? Шалқанды тартуға, ең соңғыне келді?<br>- Суреттер бойынша алдымен не болғанын, содан кейін не болғанын айтып беріңдерші?<br>Тапсырма қайталанады.<br>**Мүсіндеу: "Шалқан".**<br>Мақсаты: "Шалқан" ертегісінің желісін еске түсіру, екі қолмен дөңгелектеу қимылдары арқылы шалқанның денесін мүсіндеп шығаруға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Құралдары: тақтайшалар, ермексаз бөліктері. | **"Шұбар тауық" ертегісін тыңдау.**<br>Мақсаты: "Шұбар тауық" ертегісі желісін пысықтау, кейіпкерлерді айтуға белсендіру; ойлау,қабылдау, сөйлеу қабілетін дамыту.<br>Ертегі тыңдап болғаннан кейін сұрақтар қою:<br>- Ертегі қалай аталады? (Шұбар тауық.)<br>- Ертегіде кімдер жылады? (Ата мен әже.)<br>- Жұмыртқаны не сындырды? (Тышқан.)<br>- Ал тышқан қалай дыбыстайды? (Пи-пи-пи.) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | **"Тілалғыш түймелер мен баулар".** Мақсаты: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар,жүгіртпелер). | **Ойын жаттығуы: "Киімді бүктеп үйренеміз".** Мақсаты: киімді дұрыс бүктеу біліктіліктерінқалыптастыру. балаларды өз киімдерін танып, атауға, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойынша табудыүйрету. | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Мақсаты: өзін-өзі күту дағдыларын жетілдіру. Жапсырғыш тағындыларды тағу, ағыту дағдыларын қалыптастыру, түймелеудің басқатүрлерін қолдануға жаттықтыру. Аяқ киімді кию дағдысын қалыптастыру, ересектердің көмегімен түймені тағу, киімді шкафқа ілу. Шешіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру. | Мақсаты: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезіндесөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер:<br>- серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу;<br>- ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлескетөбелдірігінде);<br>- күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін;<br>- серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады;<br>- серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеугеболмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Аула құстарын бақылау.**<br>Мақсаты: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сыртқы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа,қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Шалқан" ертегісі бойынша саусақ театры.**<br>Вагондар боп тізілеміз, Жолға шығуға бекінеміз.<br>Ертегілер еліне сапар шегеміз,<br>Бір, екі үш, ертегіні тауып көреміз.<br>- Ал бізге ертегіні табу үшін, жұмбақ шешуді ұсынамын.<br>Балалар, ойланайық, Жұмбақтың шешуін табайық Шықпайды үйден, Тоны жібектен. Күндіз ұйықтайды, Түнде дамыл таппайды. Аңға барады,<br>Сол аңды үйден табады.<br>- Балалар: (мысық) Үй ішін аралап, Түнде көп жортады. Қаптарды жарып, Мысықтан қорқады.<br>- Балалар: (тышқан) Адамға серік, Күзетке берік.<br>- Балалар: (ит)<br>Бұлардың барлығы қандай ертегінің кейіпкерлері?(Шалқан ертегісінен).<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалысойыны.**<br>Мақсаты: балалардың белгі және ойынның шарты бойынша, бір-біріне соғылмай, жүгіру қабілеттерін жетілдіру; ептілікке, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек тапсырмасы:**<br>ойыншықтарды құмнанқағып, тазалап, қорапқа салу.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесеқұрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**"Қол ұстасып жүру" ойыны.**<br>Мақсаты: белгі бойынша ортаға қозғалуға, екішеңбер құра білуге дағдыландыру (орталар қарама қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу.<br>**Ойын жағдаяты: "Інде не тұрады?"** -тышқанды ініне орналастыру үшін, тәрбиеленушілерге жағдай жасау.<br>Балаларға гүлдер бейнеленген боямақтар ұсыну.Мақсаты: балаларды қарындашты дұрыс ұстауды, қағазға ырғақты із қалдыруға үйрету. **Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | **Жолдың жүру бөлігін бақылау** – жолда жүру ережелері жайлы түсініктерін қалыптастыру. (ересектердің қолынан ұстап жүру, жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпау).<br>Мөлшерлі жүріс - қимыл белсенділігін меңгеру –баяу – жылдам.<br>Балалардың серуендегі шығарылған материалмен дербес әрекеті (құмда ойнау жиынтығы, доптар, көліктер).<br>Балалардың қалаулары бойынша ойындар. **Еңбек тапсырмасы:** құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.<br>**"Балапандар мен күшік" қимыл-қозғалысойыны.**<br>Мақсаты: балаларды еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру; ойын желісіне, белгі бойынша бірінің соңынан бірі баяу жүру жәнебір бағытта жүгіру қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлау, зейін қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Балапандар ұқсап балпаңдап жүруді көрсету.Күшіктің жүгіріп келуін байқап - жан-жаққа тарап жүгіру.<br>Біз көңілді балапан үйректерміз,Балпаң, балпаң етіп жүреміз.<br>Күшік келіп үрсе -<br>Жан-жаққа жылдам жүгіреміз.<br>Педагог балаларды, балапандарға жақсы еліктегендері үшін, мақтап жүреді.<br>**Далаға алып шығатын материалменойындар.**<br>Мақсаты: балаларды өз бетінше ойынға қажеттіатрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесеқұрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**Саусақ жаттығуы: "Ертегілер".**<br>Саусақтарымызды санайық, (Саусақтардыжұдырыққа түйіп, қайта ашу).<br>Ертегілерді айта бастайық: (Әр ертегіні атағансайын саусақты бүгу)<br>Қолғап, Үйшік, Бауырсақ, Есть Ақшақар қыз, Үш аю, Қасқыр менен жеті лақ.Үш торайды ұмытпайық, Шалқандыда білеміз, Тыңдап, риза боламыз.<br>Балалар тәрбиешінің артынан қимыл-қозғалыстарды қайталайды.<br>**Практикалық жаттығу:**<br>**"Тілалғыш күрекше".**Мақсаты: өз бетімен шелекке құм салу, басып тығыздау, шелекті аударып пішін жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Еңбек тапсырмасы:**<br>**құмсалғышты құмға, біркішкене шелектен тасып, толтыру.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, шөпке,гүлдердің сабақтарына, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>**Апта тақырыбы бойынша қоштасу шеңбері.**<br>Ертегілер елінен, Көп "ертегілер" келіпті.Оқысың деп балалар, Соңдарынан еріпті. Ертегілер жақсыға, Шақырыпты ұл-қызды. Кейіпкерге айналып, Жарқыратты жұлдызды.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, бойыменжүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдап жүгіріп,Шеңберді айналдырамыз.Д. Ахметова.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауынқадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңберортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейінбарлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Шалқан" (рөлдерге бөлініп ойнау).** Мақсаты: балалардың "Шалқан" ертегісі желісін білу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру; көркем сөзге, мәнерлеп сөйлеуге қызығушылықты арттыру.<br>Бір қызықты бастайық.<br>Балаларға ұнайтын,<br><br>Ертегіні бастайық.<br>Ерте-ерте, ертеде,<br>Болыпты екі қария.<br>Немересі тағы бар, Ақылына көркі сай.<br><br>Күшігі мен мысығы,<br>Пысықтың ең пысығы. Тышқан жатыр інінде,<br>Бітпейді оның ісі де.<br><br>Ата шалқан салыпты, Жақсы өнім алыпты.<br>Жинайтын кез келгенде, Көмекке бәрі барыпты.<br><br>Осылайша ертегі...<br>Жалғасыпты жайымен,<br>Бөлісіпті балалар,<br>Соңында өз ойымен. | **""Бауырсақ" ертегісін рет-ретімен қой" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың "Бауырсақ" ертегісі желісін білу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.<br>- Балалар, қараңдаршы, карточкаларда қандай ертегі бейнеленген?<br>- Алдымен не болғаны, одан кейін не болғаны бойынша карточкаларды рет-ретімен орналастырыңдар.<br>- Алдымен қай карточканы қоямыз? Одан кейін не болды?<br>- Бауырсақ нені бірінші кездестірді қоянды ма, әлде қасқырды ма? (Балалар карточкаларды орналастырады.)<br>- Қандай карточканы бірінші қоямыз? Одан кейін не болды?<br>Құралдары: "Бауырсақ" ертегісі желісінің суреттері.<br>Кітап, альбом, ашық хаттар қарастыру. | **"Жұбын тап" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды заттарды ортақ қасиеттері бойынша топтастыру амалдарына бейімдеу; ойлау қабілетін дамыту.<br>Құралдары: әрқалай үстелде жатқан түрлі топтарға жататын заттардың суреттер.<br>Суреттердің арасында жұптар бар.<br>Мысалы: қасық пен шаңышқы, доп пен пирамида, көйлекпен шалбар, шәйнек пен кесе, шкаф пен орындық, т.б. | **"Не екенін көрсет" музыкалық - дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда музыкамен ертегі кейіпкерлерін сәйкестендіре білу, қимыл-қозғалыстарын келтіре білу біліктілігін қалыптастыру.<br>**Ойын жағдаяты: "Түлкі мен қояндар".** Мақсаты: қимыл белсенділігіне ықпал ету, импульсивтілікті басу, ойын барысында ойын дағдылары мен тәртіп сақтау ережелерін дамыту. | **"Қиял-ғажайып ертегілер мен жан-жануарлар жайлы ертегілерді тап?" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: балалардың ертегілерге деген қызығушылықтарын арттыру; есте сақтау, елестету, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.<br>- Балалар, сиқыр жайлы айтылатын ертегілер қалай аталатынын, айтшы?<br>- Ал жан-жануарлар жайлы айтылатын ертегілер қалай аталады?<br>- Қане, біз қай ертегі қиял-ғайып ертегіге, ал қайсысы жан-жануарлар жайлы ертегіге жататынын анықтайық.<br>Иллюстрация нұсқалары: "Күлшеқыз", "Ақшақар", "Үш аю", "Қолғап", "Қасқыр мен жеті лақ", "Қар ханшайымы". |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Жанұядағы кітап. Отбасылық оқу" тақырыбына кеңес. | "Баланы бейнелеу өнеріне баулимыз" тақырыбына кеңес. | "Тәрбиелеуге көмектесетін жақсы мультфильмдер" тақырыбына кеңес. | "Сіздің балаңыз өз дегенін істетеді" тақырыбына кеңес. | "Ересектердің зиянды әдеттері және олардың балалардың салауатты өмір салтына әсері" тақырыбына кеңес. |



| Кіші топ | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | №3 | | | | |
| Күндері | 08.08 - 12.08.2022ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Жазғы аула ойындары / Летние дворовые игры / | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш»бөбекжай балабақшасы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Ж.Каназарова А.Бижанова | | | | |
| | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| **Апта күндері** | | | | | |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Күнделікті дене қызуын өлшеу, балалардың дене терісіне, сыртқы келбетіне назар аудару; тәрбиешінің ата-аналарды толғандарған сұрақтарына жауаптары; балаларға арналған қолайлы орта тудыру.<br>Ата-аналармен "Жазғы спорттық ойындар мен таза ауадағы ойын-сауықтар" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту.<br>Мақсаты: өсімдіктерге қамқорлық сезімдеріне баулып, еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру. | **Ойын жаттығуы: "Киімді бүктеп үйренеміз".**<br>Мақсаты: киімді дұрыс бүктеу біліктіліктерін қалыптастыру; балаларды өз киімдерін танып, атауға, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойынша табуды үйрету. | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:**<br>серуенге шығар алдыңды ойыншықтарды жинау.<br>Жапырақтарды, шыбықтарды,тастарды шелекке жинау, белгіленген орынға апару.<br>Құмды құмсалғышқа салу.<br>Құмсалғыштың жақтауындағы құмды сыпыру.<br>Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету; еңбек дағдыларын қалыптастыру. | **Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау.**<br>Мақсаты: берілген тапсырмаға деген жауапкершілік сезіміне баулу, балаларды оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты орналастыруға үйрету. | **Табиғат бұрышындағы бақылау.**<br>Мақсаты: табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесінде тұрғанына назар аударыңыз; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екенін; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аударту.<br>Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: жапырақтарды шүберекпен сүрту. |
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **Пирамидалармен дидактикалық ойын.**<br>Мақсаты: пирамиданы кемуі бойынша жинау іскерлігін қалыптастыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; ұсақ қол моторикасын жетілдіру. | **Тақпақ мәнерлеп оқу жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: күннің суреті. Күнім, күнім күлімде — Күнім сәтті өтсін де.<br>Шуағынды шаша түс, Шынығамыз өзінмен біз.<br>**"Егер саған ұнаса – былай жаса…" ырғақты биі.**<br>Мақсаты: балалардың музыкалық, ырғақты есту,сөйлеу қабілеттерін, вестибуляр аппаратын жетілдіру; жағымды эмоцияларды дамыту. | **"Құмдағы жасырынбақ".**<br>Мақсаты: балалардың түйсік, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; қоршаған заттар туралы ұғымдарын жетілдіру.<br>Балалар, бір күлтешені таңдап алыңдар. Онда сендер табу керек зат бейнеленген. Егер сендер басқа затты тауып алсаңдар, онда оны құмға қайта жасыру керек. Өз заттарынды өздеріне аласыңдар. | **Сәлемдесу ойыны: "Менің көмекшілерім".**<br>Мақсаты: балаларды өз дене мүшелеріне қызығушылық тудырып, атауға баулу; жанындағы топтастардың да дене мүшелерін байқауға бейімдеу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Мынау – менің жүрегім,Бәрі осыдан басталған,<br>Мынау – басым ақылды. Бәрін осы басқарған.<br>Мынау – менің оң қолым, Мынау – менің сол қолым.<br>Барлық істі атқарған. | **"Ертегі шығарамыз".**<br>Мақсаты: мнемотехника тәсілін қолдана отырып,реттілікті сақтап, кішігірім ертегі құрастыра білу біліктіліктерін қалыптастыру. "А", "у" дыбыстарын дұрыс дыбыстауды нақтылау және бекіту. Сөздік тыныс алуды дамыту. Ормандағы қауіпсіздік ережелерін сақтау әдебін тәрбиелеу. |

| | |
|---|---|
| **Таңғы жаттығу** | Болсын десең-деңін сау,<br>Болам десең<br>әдемі. Таза ұста<br>бойыңды,<br>Жуынып жүр<br>әуелі. Тара жиі<br>шашыңды,<br>Дұрыстап іш<br>асыңды. Сонда<br>азамат боласың,<br>Бақшаңа қалмай барасың.<br>1. **"Таза алақандар".**<br>Б. қ.: қолды алшақ қою, қол белде. Бір қолды алға, алақанды жоғары бүгу. Б. қ оралу. Дәл солай екінші қолмен. 2 рет қайталау.<br>2. **"Суды шашамыз".**<br>Б.қ.: аяқты сәл алшақ қоямыз, қол белде. Қолды жоғары көтеру; білектерді шеңбер бойымен айналдыру — «суды қағу»; қолды белге. Еркін тыныстау. 3 – 4 рет қайталау.<br>3. **"Аяқты жуамыз".**<br>Б. қ.: аяқ алшақ, қолды арқаға қою. Алға еңкею, екі рет тізені ұру, «таза жуамыз» деу. Қолды арқаға қою. Тізені бүкпеу. 3 – 4 рет қайталау. |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл - күй тудыру.<br>**Көркем сөз.**<br>Қасықтарымыз<br>біздің,<br>Таңқалдырар<br>барлығын!<br>Қасықтарым<br>сиқырлы,<br>Тауысады<br>тағамды.<br>Міне тағам, міне<br>ас, Қасық түк те<br>қалдырмас!<br>Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң, беті-қолды жуу. |
| **Ойындар, оқу қызметіне** | **ҰОҚ-не дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың көркем сөзге деген қызығушылығын арттыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Нұр тұнып<br>құлпырып,<br>Айнала<br>жайнады.<br>Тұр күнге<br>ұмтылып,<br>Алма ағаш<br>сайдағы.Өзен<br>жай ағады,<br>Балауса<br>жағасы. | **Сумен аттракциондар.**<br>Мақсаты: балаларды судың қасиеттерін тануға деген қызығушылығын арттыру; зияткерлік қабілеттері негіздерін қалыптастыру.<br>«Сиқырлы су» — стақанның үштен бір бөлігіне су құйылып, түтікше салынған.<br>Белгі бойынша балалар терең тыныстап, суда бүлкілдетеді. | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың көркем сөзге деген қызығушылығын арттыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Көбелек қағады,<br>Қанатын<br>жалауша.<br>Көгалда<br>ойнадық, Асыр<br>сап күн ұзақ.<br>Гүл<br>тердік,ойнадық,<br>Жарқын жаз<br>қызық-ақ. | **"Көбелекті ұста" (қаңқызды) ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың секіре білу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Таяқшаға байланған көбелек сұлбасына секіріп, қол тигізу керек. | **Қазақтың ұлттық ойыны: "Тақия тастамақ".**<br>Мақсаты: балалардың ойын шарты бойынша қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа,ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Ойынға барлық бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреуінің артына білдіртпей тақияны тастап кетеді. Егер біреу сезіп қойса, жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына отыра қалуға тырысады.<br>**Көркем сөз.**<br>Шеңберді айнала<br>бастаймын,<br>Білдіртпей тақия<br>тастаймын. |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:""Аулада ойнаймыз"**<br>Мақсаты: Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту іскерліктерін жетілдіру; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын дамыту; балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіре отырып, дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту.<br>*"Қарғалар" қимылды ойыны.* | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:""Қайырымдылық"**<br>Мақсаты: Балаларды Д. Данабековтың "Қайырымдылық" әңгімесімен таныстыру; адам жүріс - тұрысының ерекшеліктерін байқауға, бағалауға үйрету; адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту; өзге адамдарға деген мейірімділікті, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту.<br>*Сөздік жұмыс.* | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:""Алаңдағы ойындар"**<br>Мақсаты: Балаларды таза ауада ойнайтын қимылды ойындармен таныстыру; таза ауада түрлі қимылды ойындарды ұйымдастыра отырып, қуанышты, көңілді көңіл-күй қалыптастыру; төзімділікті, жылдамдықты,ептілікті дамыту; таза ауада ойналатын алаң ойындарына деген қызығушылықтарын арттыру, ойын ережелерін бұзбай орындауға тәрбиелеу.<br>*«Торғайлар мен автомобиль» ойыны.* | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:""Менің көңілді добым"**<br>Мақсаты: Шармен бастыру тәсілі арқылы доптың мәнерлі бейнесін жасауға үйрету; балаларға бояуды шарға жағу әдісі жайлы білім беру; бір-бірінен қашық аралықта бастырма жасау біліктіліктерін дамыту; ой-өрістерін, ұсақ қол моторикасын дамыту; педагогпен және құрдастарымен бірлесіп жұмыс жасауға қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>*Қимыл-қозғалыс ойыны «Домалат та, қуып жет».* | **Музыка**<br>**Тақырыбы:""Денсаулық әуені"**<br>Мақсаты: Балалардың мұғаліммен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу.<br>*Музыкалық-дидактикалық ойын.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Терезеден қолайсыз ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты: ауа-райында болып жатқан құбылыстарды байқауға машықтандыру; аспанды сұр бұлттардың жаулап алғаны - жаңбырлы күнге тән құбылыс екеніне көз жеткізу; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Жаңбыр жауып тұр, серуенге шығуға болмайды. Жаңбыр сулы, жерге, өсімдіктерге тамшылайды, жолдағы барлығы су.<br>Адамдар қолшатыр ұстап келеді.<br>**Жеке жұмыс: жаттамақ жаттау, "Жаңбыр".**<br>Жаңбыр, жаңбыр<br>төк-төк, Болсын<br>егін көп-көп.<br>**"Қоян қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды мәтінді тыңдап, сөзіне сәйкес қимыл-қозғалыс жасауды дағдыландыру; секіруге ерекше көңіл бөлу.<br>«Қоян, қоян<br>тұршы, Беті,<br>қолды жушы<br>Айнаға қарашы<br>Шашыңды<br>тарашы!»<br>**"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: белгі бойынша бір бағытта жүгіруге машықтандыру; балалардың бір-біріне соғылмай жүре білу қабілетін дамыту.<br>Жүргізуші қасқыр таңдалады, алаңның ортасында тұрады. Балалар қасқырдан 5-10 қадам қашықтықта бір қатарға тұрып өлең оқиды: "Қаздар-қаздар, ға ғаға, қарның аш па? Иә, иә, иә! Онда, үйге ұшыңдар. Тау астында сұр қасқыр, тіс қайрап, су ішуде, бізді өткізбейді үйге. Ұшар кезде байқаңдар, қасқырға ұсталып қалмаңдар!".<br>Осы сөздерден кейін барлық балалар екінші жағына қарай жүгіреді, ал қасқыр ұстап алуға тырысады. Ұсталған қасқырға айналады.<br>**Балалардың шығарылған материалмен ойындары.**<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескедегі ойыншықтарды жинау.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **Машинаны бақылау (жүк көлігі).**<br>Мақсаты: балаларды қоршаған жылжымалы объектілерге, машиларға, деген қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға қозғалып бара жатқан машинаны бақылауды ұсыну.<br>Машинаның өздігінен жүрмейтінін, оны жүргізуші жүргізетінін айту.<br>Машинада дөңгелек, рөл, кузов, кабина бар. Бұл -үлкен машина, жүк көлігі, ол жүк тасиды, жолмен жүреді, ол гүрілдейді.<br>**"Пойыз" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды кішігірім топтармен бір- бірінің артынан жүгіруді, жүруді дағдыландыру; алдымен қол ұстасып, содан кейін қолды жіберіп қозғалуға, белгі бойынша әрекет етуге машықтандыру.<br>**"Мен - жүргізушімін" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: диалогтық сөйлеуді, есте сақтауды дамыту, ойынды басшылыққа алу, рөлдерге бөлінуге бейімдеу; коммуниктивтік қабілеттері қалыптастыру.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: ойын жабындысындағы қоқыстарды жинау.**<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Шығарылған материалмен дербес ойындар.** | **Бақылау: "Көлікпен танысамыз".**<br>Мақсаты: балалардың көлік түрлері жайлы білімдерін бекіту; көлік түрлерін (жүк машинасы, мотоцикл, жеңіл машина) атауға бейімдеу.<br>Балалардың назарын жақын маңда тұрған көліктерге аудару. Машина бөліктерінің атауларын бекіту.<br>**"Жолда" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: сөз бен қимыл-қозғалыс координациясын, шығармашылық қиялдарын дамыту; кейбір дыбыстарды дұрыс дыбыстауды меңгерту.<br>"Машиналар жолмен келеді.<br>- Ш-ш-ш!<br>**"Трамвай" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балалардың қозғалысын басқа ойыншылардың қимылдарымен үйлестіре отырып, жұппен қозғалу қабілетін дамыту; түстерді тануға және оларға сәйкес қимыл- қозғалыстарын өзгертуге үйрету. "**Көлшіктен өт" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда орнынан ұзындыққа секіруде тепе-теңдік сақтап, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.<br>**Шығарылған материалмен дербес ойындар. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескені қоқыстардан тазалау.**<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. | **Өтіп бара жатқан жүргіншілердің киімін бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды қоршаған объектілерге деген қызығушылығын арттыру; адамдар киген киімдерді байқап, атауға ынталандыру; зеректікке тәрбиелеу.<br>Балалардың назарын жаз келгеніне, күн жылынғанына, адамдар жұқа киімдер: көйлек шолақ шалбар, шолақ жең кеудеше кигеніне аудару.<br>Балаларға өздерінің киген киімдері жайлы айтуды ұсыну.<br>**Жаттамақ жаттату:**<br>Бас киімді киемін,<br>Күннен қорғанып жүремін".<br>**"Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды шеңберге жиналып, шеңбер бойында тақпақ сөздерін айта жүріп, бірлесіп ойнауға машықтандыру.<br>Мөп-мөлдір<br>көпіршік,<br>Қалықта<br>аспанда.<br>Жарылмай ұша<br>бер, Ешкімнен<br>жасқанба!<br>**"Қуыспақ" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды белгі бойынша, қуыншыдан қашып жүгіруге бейімдеу; күш-жүгерін, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту.<br>Балалар қуыспақ ойнағанды өте жақсы көреді. Ойын ойнатылмас бұрын ересек адам алдын-ала жұмыс жүргізу керек: ойын шартын түсіндіріп, жүгіруге арналған аймақты белгілеп беруі керек.<br>**Шығарылған материалмен дербес ойындар. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескені қоқыстардан тазалау.**<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **Құстарды бақылау (қарға, торғай, көгершін).**<br>Мақсаты: балалардың аула құстарына деген қызығушылығын арттыру; құстарды атауға, тіршілігін тануға бейімдеу; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Күн жылынғанға қуанады. Көңілді ән салады, балапандар шығару үшін, жұмыртқа басады (қарғалар).<br>Құрттарды жерден шоқып жейді.<br>Құс денесінің құрылымын бақылау.<br>**Жеке жұмыс:** балаларға құстарды тамақтандыруды ұсыну.<br>**"Құстар ұшады" қимыл-қозғалыс ойыны.** Балаларды қимылды санау бойынша орындауды үйрету.<br>"Құстың неше аяғы, көзі, қанаты бар".<br>"Бір, құс! Екі құс! Бір, екі, үш, құстар ұшты!" **"Құрылысшылар" сюжетті-рөлдік ойыны.** Шығарылған материал, балаларды алмастырғыш заттарды қолдануды үйрету.<br>**Дербес ойындар:** түрлі түсті борлармен асфальтқа сурет салу.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** дымқыл шүберекпен орындықтарды сүрту.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | **«Өз шкафыңды тап» дидактикалық жаттығуы.**<br>Киімге арналған шкафтың не үшін керектігі, қалдай қолдану керектігігі  жайында айтып, таныстыру; заттық кеңістікті бағдарлай алу қабілетін қалыптастыру; шкаф, есік, сөре, ашу, жабу, қою, бүктеу, ілу сөздері арқылы балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру. |

| | |
|---|---|
| **Түскі ас** | **"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз".**<br>Балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру.<br>**Ғажайып сәт.**<br>Топқа қасықты ауызына дұрыс апармай, көжені шашыратып, үнемі көйлегін былғап алатын Камила қуыршақ «келеді». Балалар қонақты сабырға шақырады. Оған "қуыр, қуыр, қуырмаш" санамағын айтып береді. Кейін тәрбиеші сәбилерге сиқырлы қасықтарын қолдарына алып, қуыршақ Камилаға көжені қалай жеу керектігін көрсетуді ұсынады. Сонында Камила балаларға алғысын білдіреді. |
| **Күндізгі ұйқы** | Белгілі шараларды: дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу, тыныш ұйқы,сақтай отырып, өз бетінше ұйқыға дайындалу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ұйықтатпақ.**<br>Жастыққа басынды<br>қоя ғой,Тәп-тәтті<br>ұйқыға бата ғой. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | **Біртіндеп ұйқыдан ояну**<br>Жұмып алып<br>көздерін,<br>Тышқан келді<br>жасқана. Аяқ-<br>қолын көтеріп,<br>Жаттығуды бастады. (Екі аяқты<br>қосып секіру).<br>Буындары дірілдеп,<br>Бір отырып, бір<br>тұрды.<br>Домаланып<br>ішімен,<br>Енді жолмен жүгірді. (Бір орында жүру, басты<br>оңға, солға бұру)Ей, тышқандар, қанеки,<br>Қозға қолды,<br>аяқты.<br>Секіріңдер<br>тағы да, Ұстап<br>тұрып таяқты.<br>**Денсаулық жолдарымен жүру: "Тышқандар, абайла!"**<br>Енді үйге<br>тарандар, Бір-<br>біріне<br>қараңдар.<br>Оянбасын ақ<br>мысық,<br>Жеп қоймасын сақ күшік. |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | **Ойын-жағдаят: "Біз ас ішеміз".**<br>Мақсаты: үстел басында тыныш отыруды, денені, қасықты дұрыс ұстауды, қасыққа асты толтырмай алуды, ернеуі кең жерінен шусыз жеуді үйрету, өз бетінше, ұқыпты жеу біліктіліктерін тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | ***"Жаз туралы әңгімелесу.***<br>Мақсаты: балалардың жазғы құбылыстар, жәндіктер туралы түсініктерін тиянақтау; коммуникативтік, физикалық, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Көркем сөз.**<br>Жаз жайдары,<br>алақай, Жатыр<br>жайнап даламыз.<br>Жүр, қане,<br>балақай,<br>Шомылуға<br>барамыз.<br>- Аяқтарымыз қалай жүгіреді? Былай! (Екі аяқпен секіру).<br>Ал көбелектер қанаттарын қағып, қалай ұшады? Былай! (Қолдарды баяу қағу).<br>Ал қоңыздар қалай дыбыстайды? Былай! (Қолалдыда, білекті айналдыру, "Ж-ж-ж"-деп дыбыстау).<br>Ал гүлдер қалай ашылады? Былай! (Балалар көрсетеді).<br>Сендерге гүлдер ұнай ма? Гүлдер тағыда көбелектерге, қоңыздарға да ұнайды. Біздің қыздар түймедақтар болады, ал ұлдар - қоңыздар болады. Жұптасып тұрып, би билейік!<br>Балалар жұп құрып тұрады.<br>**"Түймедақ пен қоңыздар" биі.**<br>Мақсаты: балаларды ырғаққа сай қимылдауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. | **Сумен аттракциондар.**<br>Мақсаты: балалардың ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларын дамыту; судың қасиеттерін ойындар барысында тануға мүмкіндіктер жасау.<br>«Су поштасы» — балалар топқа бөлініп тұрады, әр топта су құйылған бір шелек, екінші шелек — бос. Пластик стақандармен суды бос шелекке тасиды. | **"Балабақша" ойыны.**<br>Мақсаты: балабақша туралы ұғымдарын тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді дамыту.<br>- Балалар, балабақшаға баруды ұнатасыңдар ма? Неге?<br>- Иә. Балабақшада біз көп ойнаймыз.<br>- Қандай ойыншықтарды ойнауды ұнатасыңдар?<br>- Олай болса, "Балабақша" ойынын ойнап көрейік.<br>- Бүгін ойыншықтарды, қуыршақтарды, қуыршақтарға үстел мен орындықтарды, ыдыстарды далаға алып барайық.<br>Бала тәрбиеші болады. Ол балаларды серуенге апара алады, әдепсіздік танытса - олай болмайтынын айтады, тәрбиелейді, ертегі айтады.<br>Педагог балаларға қуыршақтарды жуындырып, киіндіріп, тамақ беруге, ұйқыға жатқызуға мүмкіндік береді.<br>- Балалар, ал енді қуыршақ, ойыншықтарға ертеге айтып берейік. | **"Ойыншықтар дүкені" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға дүкеннің не үшін қажет екенін еске түсіру; дүкенде сатылатын заттарды атауға ынталандыру, коммуникативтік қабілеттерді дамыту.<br>Балаларға ойыншық дүкенінде түнде не болатыны туралы әңгімелеу. Дүкен жабылған кезде, ойыншықтар күзетшіні оятып алмау үшін, ақырындап, дыбыстарын шығармай қозғала бастайды екен. Енді өздерін кез-келген ойыншықты бейнелеп көріңдерші, мысалы қонжық. Бала не екенін табуға тырысып көрсін. Осылайша балалар кезекпен ойыншықтарды келтіріп, қалғандары не екенін табады. | **"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын барысында алмастыру заттарын қолдануды үйрету; диалогтік сөйлеуді дамыту; сатушы мен сатып алушының арақатынастары туралы түсініктерін нығайту.<br>Құралдары: дүкен жазуы бар макет, сатушы мен сатып алушы қолданатын заттар мен құралдары; ойыншылар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Мақсаты: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету.<br>Жазғы серуен кезіндегі ережелер:<br>- серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу;<br>- ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлескетөбелдірігінде);<br>- күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін;<br>- серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады;<br>- серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп. | **Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында:**<br>- ойын шартын мұқият тыңда;<br>- ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста;<br>- белгіленген жерде ғана ойна;<br>- лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме;<br>- белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір;<br>- ойын кезінде бір-бірінді итерме. Мақсаты: балаларды ойындар барысында ережелерді сақтауға бейімдеу. | **"Тілалғыш түймелер мен баулар".**<br>Мақсаты: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). | **"Біз серуенге қалай киінеміз".**<br>Мақсаты: киім-кешек, аяқ киім, бас киім атауларын және қолданысын нақтылау. | Мақсаты: өзін-өзі күту дағдыларын жетілдіру.<br>Жапсырғыш тағындыларды тағу, ағыту дағдыларын қалыптастыру, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру.<br>Аяқ киімді кию дағдысын қалыптастыру, ересектердің көмегімен түймені тағу, киімді шкафқа ілу. Шешіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру. |
| **Серуен** | **Құмды бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға құмның құрғақ және дымқыл күйінде екі түрлі болатынын байқату; құрғақ құмның төгілетініне, дымқыл құмнан түрлі пішіндерді жасауға болатынына көз жеткізу; іс- тәжірибе жасауға ниеттерін дамыту; зияткерлікке баулу.<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа апару.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу.<br>**Балалардың дербес ойын әрекеті.**<br>"Баулық аулау".<br>Мақсаты: балалардың көру, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Желмен аттракциондар.**<br>"Әуе теннисі" — үстел үстінде пинг-понг шары жатыр.<br>Балалар жұпқа бөлініп, белгі бойынша үрлейді. Шар кімнің жағында қалып қойса, сол топ жеңіледі. | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **"Сабын көпіршіктері" ойыны.**<br>Балалар, қарандаршы, біз сиқырлы алаңқайға келдік!<br>Күн жарқырап тұр, аспаннан әдемі сабын көпіршіктері түсіп жатыр! Қане оларды ұстап алайық!<br>(әуен қосылады)<br>**"Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды белгі бойынша қимылдарын өзгеруге: алаң кеңістігін пайдаланып, бірін-бірі түртпей, жүгіруге және бір-біріне жақын бір жерде отырып, демалуға - машықтандыру; ұшақ қимылына еліктеуге ынталандыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагогтің балаларға берілетін белгі командалары:"Ұшақтар, моторларды жүргізейік!" (екі қолды алға қойып, өзара айналдыру), "Қане, ұшайық!" (екі қолды екі жаққа жайып, түзі ұстап жүгіру), "Ұшақтар, аэродромға қонайық!" (бір-біріне жақын жерге | **Аула құстарын бақылау.**<br>Мақсаты: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сыртқы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Түрлі түсті борлармен асфальтта сурет салу:"Жаз".**<br>Жаз келді<br>жадырап,<br>Ойын-сауық<br>құратын.<br>Далаларға,таула<br>рға, Саяхатқа<br>шығатын. (әуен<br>қосылады).<br>**"Инеліктер" сюжетті-рөлдік ойыны.** Тәрбиеші: "Көгілдір ертегіге инеліктер ұшып келуді ұнатады, себебі олардың көздері де көгілдір. Мен инелік боламын. Қазір өзімнің мөлдір қанатымды жазып, ұшамын. Тағы кім инелік болғысы келеді?"<br>Тәрбиеші балаларға инеліктің бас киімін үлестіреді.<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, шөпке, гүлдердің сабақтарына, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>**Желмен аттракциондар.**<br>Мақсаты: балалардың тыныс алу мүшелерін ұлғайту; жағымды эмоцияларды дамыту; ептілікке тәрбиелеу.<br>"Бар күшіңмен үрле" — ебелек немесе жоғарыға ілінген екі шар.<br>Балалар жұпқа бөлініп, белгі бойынша үрлейді. Кімнің шары жоғары көтерілсе, немесе ебелек қатты айналса, сол жеңімпаз атанады.<br>**Еңбек тапсырмасы: қурап түсіп жатқан жапырақтарды жинастыру.**<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу, қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Тастармен ойын.**<br>Балалар тастар жинауды өте жақсы көреді. Түсі және көлемі әртүрлі тастарды жинап, шелекке салыңдар. Су құйылған тегешке аударып, жуыңдар. Тастарды жуып болғаннан кейін, олармен ойнауды бастауға болады. түсініктерін бекіту (біреу- көп, үлкен- кішкентай) Тастарды шелекке салуға болады, сондай-ақ күрекше мен шыны аяқтың көмегімен басқа жерге тасуға болады. Жерге таяқпен пішіннің суретін салып және контуру бойынша тастарды орналастыруға болады... |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | отыру, қолдарды екі жақтарға созып, түзу ұстау).<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейінбарлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | | | **Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейінбарлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **Мнемокесте бойынша өлең жаттау.** Мақсаты: балаларды тақпақтың мазмұнын мнекарталарға сүйеніп, жаттап алу амалдарына бейімдеу; достыққа тәрбиелеу. Достар, бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз Міне, біздер қандаймыз! Құралдары: тақпақ бойынша мнемокесте. | **"Машина қалай гүрілдейді?" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: балаларда дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауды бекіту; дауыс күшін, қарқынын пысықтау; артикуляцияны жетілдіру. Жаттығуды жасау алдында, bilimkids.kz "Жүргізуші атты мультфильмін қарап, мазмұнын әңгімелеуге болады. | **Құстар дауысын тыңдау.** Мақсаты: құстардың дыбыстары туралы түсініктерін тиянақтау, сөзбен дыбыстауды айтқызуға баулу. Құралдары: құстардың суреттері. - Суретке қараңдаршы — бұл қарға құсы. Оның дауысын тыңдаңдаршы. Өздерінде қарға сияқты "кар-р", - деп айтып көріңдерші. - Суретке қараңдаршы — бұл торғай құсы. Оның дауысын тыңдаңдаршы. Өздерінде торғай сияқты "чик-чирик", - деп айтып көріңдерші. - Суретке қараңдаршы — бұл көкек құсы. Оның дауысын тыңдаңдаршы. Өздерінде көкек сияқты "ку-ку", - деп айтып көріңдерші. **Дидактикалық жаттығу: "Ненің дауысы?"** Мақсаты: құстардың дыбыстары туралы түсініктерін тиянақтау; құстарды дыбыстары арқылы ажыратуға бейімдеу. Бөлменің әр жеріне құстардың бейнесі орналастырылады. Ауди отаспадан құстардың бірінің дауысы қосылады, ал балалар сәйкес құстың суретін көзбен тауып, кейін жанына келулері тиіс. | **"Құмды тасы" ойын жаттығуы.** Мақсаты: балаларды ептілікке, зеректікке баулу. Балалар кезектесіп, бір ыдыстан екінші ыдысқа қалақтың көмегімен құм тасиды. **"Кегльді қағып ал" жаттығуы.** Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақтұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. | **Жаз туралы өлең жаттау.** Мақсаты: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. Жаз келді далама, Түсті кілем төседі Бақшамызда, аулада, Гүлдер жайнап өседі. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Балалардың далада және үйде қимыл белсенділігін ұйымдастыру" тақырыбына кеңес. | "Баламен бірге қимыл-қозғалыс ойындарды ойнайық" кеңесі. | "Егер баланы ара шағып алса" тақырыбына кеңес. | "Ойын кезіндегі достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу" тақырыбына кеңес. | "Балаларға жолда жүру ережелерін меңгеруге қалай көмектесуге болады" тақырыбына кеңес. |

| Кіші топ | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Апта нөмірі* | №4 | | | | |
| *Күндері* | 15.08 - 19.08.2022ж. | | | | |
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | **Менің үй жануарым / Мой домашний питомец /** | | | | |
| *Мекеменің атауы, тобы* | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | Ж.Каназарова А.Бижанова | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Күнделікті дене қызуын өлшеу, балалардың дене терісіне, сыртқы келбетіне назар аудару; тәрбиешінің ата-аналарды толғандарған сұрақтарына жауаптары; балаларға арналған қолайлы орта тудыру.<br>Ата-аналармен "Үй жануарлары" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **Серуен алдында "Алдымен не кию керек, одан кейін не?" жаттығуы.**<br>Мақсаты: өзіне-өзі қызметі көрсету дағдыларындамыту; киімдерді ретімен киіп, шкафта тазалықы сақтауға бейімдеу. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: ойын жабындысын сыпыру.**<br>Асханадағы еңбек тапсырмалары. Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын орындауды үйрету. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне субүрку".**<br>Мақсаты: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру;өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне баулу. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** ойын алаңын, ойын бөлмесін ретке келтіру. Мақсаты: бөлме, алаңда ретсіздікті байқап,тазалықты орнатуға бейімдеу.<br>Балықтарға жем шашу.<br>Мақсаты: балықтарға күтім жасауға араласуниеттерін тәрбиелеу. | **Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында:**<br>-ойын шартын мұқият тыңда;<br>-ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста;<br>-белгіленген жерде ғана ойна;<br>-лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме;<br>-белгіден кейін ғана допты лақтырып артынанжүгір;<br>-ойын кезінде бір-бірінді итерме. |
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **Қазақтың халық ауыз әдебиетінен "Төрт түлік" жайлы өлеңдерін оқу.** Мақсаты: балалардың қазақ халық ауызәдебиетіне деген қызығушылығын ояту; қабылдау, елестету, есте сақтау қабілеттеріндамыту.<br>Құралдар: төрт түлік малдың суреттері.**Үй жануарлар салынған сюжетті иллюстрацияларды қарастыру.**<br>Мақсаты: балаларда үй жануарлары туралы ұғымдарды, оларға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, қамқорлық туралы түсінік беру. | **Трафареттармен жұмыс: "Жан-жануарлар" (бастыру, бояу).**<br>Мақсаты: жануарлар туралы ұғымдарды тиянақтау, ұсақ қол моторикасын, қабылдау қабілетін дамыту.<br>**Құрастыру: "Марғауға арналған үйшік".** Мақсаты: құрылыс материалдарының бөлшектерімен тәжірибе жасауды ынталандыру. | **Боямақтармен жаттығулар.**<br>Мақсаты: ұсақ қол моторикасын, қабылдау,елестету қабілетін дамыту.<br>Түрлі-түсті қарындаштармен жан-жануарлардыңконтурларын бояу.<br>Берілген заттың бейнесіне сәйкес келетінтүстерді дұрыс таңдалуына назар аудару. | **Лото: "Жан-жануарлар мен төлдері".**<br>Мақсаты: балаларда үй жануарлары мен төлдерітуралы ұғымдарды жетілдіру; ойлау, коммуникативті қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: жануарлар мен олардың төлдерісалынған сурет-карточкалар. | **"Шұбар тауық" ертегісі бойынша саусақ театры.**<br>Мақсаты: "Шұбар тауық" ертегісі желісін балалармен бірге еске түсіру, кейіпкерлердінсөздерін мәнерлеп айтуға тарту; ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: ертегі кейіпкерлерінің саусаққа тағылатын бейнелері.<br>**Үй құстарының суреттерін қарастыру.** Мақсаты: құстардың атауларын есте сақтауға,қайда мекендейтінін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. |
| **Таңғы жаттығу** | **"Төрт түлік" кешені ( музыкалық сүйемелдеумен).**<br>Бұзау басымен шайқайды. (Баспен оң-солға еңкейту)<br>Ботақан қуанып тенселеді. (Екі аяқ арасын алшақ, қолдар төмен, оң-солға денемен теңселу) Қозы аяқпенен топылдатады. (Бір орында, тізені жоғары көтеріп, қадам басу)<br>Құлыншақ шабады. (Бір орында жүгіру) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | **Ойын жаттығу: "Таза қолдар".**<br>Мақсаты: балаларда ересектердің бақылауымен қол жуу, жеке бас орамалдарымен мұқият сүрту біліліктіліктерін қалыптастыру. | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне дайындық** | **ҰОҚ-не дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |
| | **"Менде қандай үй жануары бар" әңгімелесуі.**<br>Мақсаты: үй жануарлары туралы түсініктерін нығайту, коммуникативті қабілеттерді дамыту. | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың көркем сөзге деген қызығушылығын арттыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Сақ төбетім,<br>Жолдыаяқ,<br>Саңқылдайды<br>қоймай-ақ.Бөріге<br>қой бермейді,<br>Ұрыға бой<br>бермейді | **"Бөтен итті неге ұстауға болмайды" әңгімелесуі.**<br>Абдрахман Асылбектің "Қаңғыбас иттер" мазмұны бойынша әңгімелеу.<br>Мақсаты: қабылдау, зейін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін, диалогтық сөйлеуді жетілдіру. | **"Мысық" арнау өлеңі.**<br>Мақсаты: таныс өлең жолдарын оқу кезінде қуаныш сезіміне бөленуге мүмкіндіктер жасау; өлеңнің сөздерін анық дыбыстау дағдыларын қалыптастыру. | **Материалдар мен бұйымдармен тәжірибе:**<br>**"Марғауға арналған жіп орамдары".** Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, түстерді қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:"Дана қонаққа келді"**<br>Мақсаты: Балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру; жүру кезінде алға қарап және қолдарын еркін ұстап, дене тепе- теңдігін сақтай білу дағдыларын жетілдіру; балалардың еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру икемділіктерін, қол, дене, аяқбұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін сақтау ептілігін дамыту.<br>*"Кедергілерден өтеміз" қимылды ойыны.* | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:""Үй жануары"**<br>Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін тереңдету; олардың түрлерін бір-бірінен ажырата білуге, зейін қойып тыңдауға үйрету; Педагогтың көмегімен үй жануарлары туралы қысқа әңгіме құрастыруды, жануарлардың төлдерінің аттарын жекеше, көпше түрде атауды үйрету (бота, ботақандар, құлыншақ, құлыншақтар, т.б); сұрақ-жауап арқылы балалардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту; олардың бізге тигізер пайдасын айту және оларды күтіп баптауға, қорғап қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>*Дидактикалық ойын «Төлдерін тап».* | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы:""Күшікке арналған үйшік"**<br>Мақсаты: Дайын пішіндерден жапсыру дағдыларын қалыптастыру; балаларға күшікке арналған үйшіктің бөліктерін бөліп көрсетуге, олардың пішінін анықтауға үйрету; геометриялық пішіндердің атауларын бекіту: шеңбер, шаршы, ұшбұрыш; үй жануарлары туралы білімдерін тиянақтау; иттің дене мүшелері туралы білімдерін бекіту (бас, құлақ,төрт аяғы, құйрық); балаларды жануарларға қамқорлық жасауға тәрбилеу.<br>*Өздігінен жапсыру.* | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы:""Иттің үйшігі"**<br>Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, геометриялық фигуралардыңаттарын (текше,шаршы,призма) бекіту, конструктордың бөліктерін белгілі бір ретпен орналастырды үйрету.<br>*Тәжірибелік бөлім.* | **Музыка**<br>**Тақырыбы:""Аңдар әлеміне саяхат"**<br>Мақсаты: Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.<br>*Музыкалық-дидактикалық ойын.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Мысықты бақылау.**<br>Мақсаты: мысықтың үй жануары екендігіне көз жеткізу; мысықтың дене мүшелерін көріп, атауға бейімдеу; жан-жануарларға деген қызығушылықты арттыру.<br>Мысық мейірімді, сабырлы.<br>Мысық "Мияу-мияу" - деген дыбыстар шығарады.<br>Тәрбиешімен бірге мысықта не барын көрсетіп атау: мысықтың құлағы, аяғы, басы, құйрығы және жүні бар. Мысық ұйықтайды, жуынады, сүт ішеді. Тәрбиешінің ұсынысы бойынша мысық туралы ойынды ойнайды.<br>**“Мысық пен торғайлар” қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: ойын шарты, белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; ойын кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге деген қызығушылықты тудыру.<br>Құмда шеңбер сызу. Шеңбер ортасында мысық. Балалар торғайлар. Торғайлар шеңбер сыртында секіріп, мазақтап, мысық көрмей тұрған кезде шеңберге ұшып кіреді де, мысыққа ұстатпауға тырысады. Мысық үш торғайды ұстаған кезде, мысық рөлі басқа балаға беріледі.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Балалардың шығарылған материалмен ойындары, қалақша мен қалыптарды дұрыс қолдануды, пішіндер дайындау біліктілігін үйрету.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: құмды құмсалғышқа жинау.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа тірбиелеу. | **Итті бақылау (көршінің ауласындағы итті).**<br>Мақсаты: иттің үй жануары екендігіне көз жеткізу; иттің дене мүшелерін көріп, атауға бейімдеу; жан-жануарларға деген қызығушылықты арттыру.<br>Үй жануары: ит оның сыртқы келбеті, мінез-құлқы жайлы түсінік беру.<br>**"Сабалақ күшік (ит)" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жүгіруге дағдыландыру; ойын кейіпкерінің қимылдарын байқауға үйрету; қозғалыс бағытын жылдам өзгерту біліктіліктерін қалыптастыру: зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог жүргізушіні таңдауға ықпалын етеді: тақпақтағы соңғы сөздерден кейін ғана жүгіре білетін бала болу тиіс.<br>**"Тигізбей өт" ойын жаттығуы**<br>Мақсаты: балаларды жүру барысында заттарды айналып өтіп, жүруге жаттықтыру.<br>**Еңбек тапсырмасы: гүлзарда өскен гүлдерді суару.**<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың шығарылған материалмен ойындары.** | **Марғауды бақылау.**<br>Мақсаты: марғаудың мысықтың төлі екендігін дене бітімдерін салыстырып (үлкен - кішкентай), айтырмашылығын байқап айтуға машықтандыру; марғаудың дене мүшелерін көріп, атауға бейімдеу; жанувар төлдеріне деген сүйіпспеншілікті арттыру.<br>**"Біз – марғаулармыз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: марғаулардың әрекетіне сәйкес ерекшеліктерін көрсете білу біліктіліктерін қалыптастыру.<br>**"Құлыншақтар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жан-жаққа сигнал бойынша шашырап секіріп, жүгіріп жүруге ынталандыру; нұсқуларға зейінді болуға бейімдеу.<br>**"Шелектегі шарларды түсі бойынша жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: түстерді қабылдау қабілеттерін дамыту.<br>**Еңбек тапсырмасы: қурап түскен жапырақтарды жинау.**<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың шығарылған материалмен ойындары.** | **"Көңілді жан-жануарлар" музыкалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың жабайы аңдар жайлы білімдерін толықтыру; балалардың қосылып тұрған музыканың ауысуына сәйкес қимыл-қозғалыс мінезін ауыстыру дағдыларын қалыптастыру; балалардың сөздік қорларын молайту; музыкаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**"Отарда" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: шығармашылық қиялдары мен еліктеуді, негізгі қимылдарды дамыту.<br>Балалар педагогтің белгі сөзі бойынша қимылдарды өзгертіп, орындап жүреді: ит - жүгіру, ат - секіріп жүріру, ешкі - орында секіру, мысық - баяу жүру.<br>**"Марғаумен ойнайық" ойын жағдаяты.**<br>Мақсаты: балаларды көлемі әртүрлі заттармен әрекеттер жасауға машықтандыру.<br>Шарларды зерттеу, шарлармен тапсырмаларды орындау.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: құмның бетін қоқыс бұтақтардан жинау.**<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың шығарылған материалмен ойындары.** | **Тауық пен балапандарын бақылау.**<br>Мақсаты: үй құстарының тіршілігі жайында түсініктерді тиянақтау; балапан мен тауықты негізгі айырмашылығын байқауға бейімдеу; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Үй құстарының суреттері мен ойыншықтарын қарастыру.<br>Суреттегі үй құсын атау, оның дауысымен дыбыстауға жаттықтыру: "қытқыт-қыт", "ко-ко-ко", "пи-пи-пи".<br>**"Екі көңілді қаз" қимыл-қозғалыс ойыны**<br>Мақсаты: еліктеу қимылдарын орындау біліктіліктерін қалыптастыру; үй қаздары жайындағы ұғымдарды тиянақтау.<br>**"Екі көңілді қаз".**<br>Екі қаздай жүрейік,<br>Мойындарды созайық. (Бірінен бірі соң бір бағанда, мойынды созып жүру, екі қолды көтеріп, түсіріп, екі санның жағына соққылау)<br>Қаздар дейді: Ға-ға-ға!<br>Барайық біз базарға! (Сөздерді қайталап жүру)<br>Базарға баруға болмайды,<br>Шығыңдар көгалға! (Бағаннан шығып, алаңға шашырап жүгіру, шоқайып отыру, қолдармен тізені соққылау)<br>Ахметова Д.<br>**"Допты ұста" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: 50 см қашықтыққа тәрбиеші лақтырған допты ұстап алуға жаттықтыру.<br>**Еңбек тапсырмасы: гүлзарда өскен гүлдерді суару.**<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Шығарылған материалмен ойындар.** |
| **Серуеннен оралу** | **"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" ойын жағдаяты.**<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" тақпақ-жаттамағын оқу.<br>Мақсаты: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады. | | | | |
| **Түскі ас** | **Көркем сөз.**<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас! | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | **Музыкалық композицияны тыңдау: «Бесік жыры» (халық ауыз әдебиеті).** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | **Тақпақ-оятпақ: "Әтеш".**<br>Жата ғой, жата ғой,<br>Демалып, ұйықтай ғой.<br>Төсекте: Әтеш ұйықтайды" – б.қ. арқада жатып, қолды бастан жоғары созу, аяқ бірге. Бір қолды жоғары, созылу, әтеш оянды. 3р.<br>Әтеш бидай іздейді" – б.қ. отырып, аяқты айқастыру, қол белде, басты солға, алдыға, солға еңкейту. 3р.<br>Әтеш су ішеді" – б.қ өкшеде отырып, қол түсірулі, тізерлеп тұру, қол жоғары, алдыға және астыға қол созып еңкею, б.қ. оралу.<br>Әтеш секіреді" – б.қ. аяқ бірге, қол белде. 20с. | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Мақсаты: асты ішудегі әдептерді қабылдауға мүмкіндіктер жасау.<br>**Көркем сөз.**<br>Қойдым астың дәмдісін,<br>Тәбетін тез ашылсын.<br>Қасықпен көр дәмін,<br>Тауысып же бәрін!<br>**Тамақты тауысқаннан кейін ғана үстелден тұру, орындықты үстел астына жылжыту, алғыс айту.** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Марғаумен ойнайық" (пәндік әрекет пен құрама және динамикалық ойыншықтармен ойындар).**<br>Мақсаты: марғау туралы (дене бітімі, шығаратын дыбысы, қимылы жайында) нақтылылау; ойынға ілесу қабілеттерін арттыру.<br>**"Біз – марғаулармыз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: марғаулар мінез-құлқына сай әрекеттерді көрсете білу біліктіліктерін қалыптастыру. | **"Марғау қайда жасырынды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сөйлеуде үстеуді қолдануды жаттықтыру, сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастыру.<br>Педагог марғау ойыншығын белгілі жерлерде жасырып жатады да, марғаудың қайда жасырынғаны сұрайды. Балалар: марғау үстелдің астында, орындықтың үстінде, шкафтың атында, теледидар алдында, екі баланың арасында жасырынды - деп жауап айтады. | **"Арғымақтар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың тұяқтар дүбірі мен жылқылар шығаратын дыбыстарға, қозғалыстарға еліктеу біліктіліктерін қалыптастыру. | **Дидактикалық ойын: "Енесін тап" (шағын топтармен).**<br>Мақсаты: балалардың үй жануарларымен олардың төлдері жайлы білімдерін бекіту. | **Дидактикалық ойын: "Сиыр сүт береді" (жеке топтармен).**<br>Мақсаты: дауыс мәнері арқылы өтініш білдіру іскерліктерін қалыптастыру. |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | **"Аңдарға түймелерін түймелеуге көмектесейік" дидактикалық тапсырмасы.**<br>Мақсаты: түймені түймелеу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру; шұлықтан бастап, гольфіні, шұлық киюді үйрету. | **Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында:**<br>- ойын шартын мұқият тыңда;<br>- ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста;<br>- белгіленген жерде ғана ойна;<br>- лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме;<br>- белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір;<br>- ойын кезінде бір-біріңді итерме.<br>Мақсаты: балаларды ойындар барысында ережелерді сақтауға бейімдеу. | **"Біз серуенге қалай киінеміз".**<br>Мақсаты: киім-кешек, аяқ киім, бас киім атауларын және қолданысын нақтылау. | **"Тілалғыш түймелер мен баулар".**<br>Мақсаты: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). | **"Біз қуыршаққа қонжыққа қонаққа баруға қалай  көмектестік" ойын-жағдаяты.**<br>Мақсаты: балаларды өз киімдерін танып, атауға, оларды рет-ретімен киюге, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойынша табуға, шкафқа тиянақты бүктеп салуға үйрету. |
| **Серуен** | **Күнді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>**Құрастыру жаттығуы: "Марғауға арналған үйшік" (жеке топтармен).**<br>Мақсаты: құрылыс материалдарының бөлшектерімен тәжірибе жасау әрекеттерін ынталандыру.<br>**"Қайда сыңғырлайды?" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың зейіндері мен кеңістікті бағдарлауын дамыту.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойыншықтарды құмнан қағып, тазалап, қорапқа салу.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, шөпке, гүлдердің сабақтарына, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>**"Балапандар мен күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру; ойын желісіне, белгі бойынша бірінің соңынан бірі баяу жүру және бір бағытта жүгіру қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлау, зейін қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Балапандар ұқсап балпаңдап жүруді көрсету.<br>Күшіктің жүгіріп келуін байқап - жан-жаққа тарап жүгіру.<br>Біз көңілді балапан үйректерміз,<br>Балпаң, балпаң етіп жүреміз.<br>Күшік келіп үрісе -<br>Жан-жаққа жылдам жүгіреміз.<br>Педагог балаларды, балапандарға жақсы еліктегендері үшін, мақтап жүреді.<br>**"Күшікке арналған тәттілер" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: ермексазды ширату біліктіліктерін қалыптастыру.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | **Аулашының еңбегін бақылау.**<br>Мақсаты: аулашы қолға сыпырғыш алып, ауланы қоқыстар сыпыранынына, тазаланған аулаға көңіл аудару; ересек адамның еңбегіне қызығушылық тудыру.<br>Аулашы шықса алаңға,<br>Сырыпғыш түспейді қолынан.<br>Қураған жапырақ, қоқысты<br>Таба алмайсың оның жолынан<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.<br>**"Марғауға арнап жіп орамын мүсіндеп береміз" ойын жатыттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; зейінділікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**"Күшікті қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: бір-біріне соғылмай жүгіру біліктілігін қалыптастыру.<br>**Еңбек тапсырмасы:** қурап түсіп жатқан жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты: тазалыққа, қарапайым еңбек дағдыларына баулу. | **Аула құстарын бақылау.**<br>Мақсаты: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сыртқы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Сиыр мен бұзауға арнап қоршау тұрғызамыз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: түрлі тәсілдермен қоршау құрастыру іскерліктерін дамыту.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. |
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Үй жануарлары»" салынбалы жақтаулары бар ойын тапсырмасы.**<br>Мақсаты: үй жануарларын сәйкес жақтауға орналастыру іскерліктерін қалыптастыру; ұсақ қол моторикасын, ойлау қабілетін дамыту. | **"Не қалай дыбыстайды?" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды үй жануарларының дыбысына еліктеуге жаттықтыру; "дыбыстау мәнерін", артикуляцияны жетілдіру.<br>Құралдары: үй жануарларының суреттері.<br>Күрделендіру амалы: еліктеу сөзін айтып болғаннан кейін етістік сөзбен айтуға шақыру.<br>Мысалы, ат кісінейді, қой маңырайды, сиыр мөңірейді, ит үреді, мысық мияулайды. | **Қ. Баянбаевтің "Арғымақ" өлеңін оқу.**<br>Мақсаты: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**"Естиміз-істиміз" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысты таныс өлеңдердің сөзіне сәйкес орындауды үйрету. | **"Әженнің ауласының тұрғындары" ойын-жағдаяты.**<br>Мақсаты: балаларды үй жануарларының тіршілігі жайында көп білуге ынталандыру; қабылдау, зейін, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.<br>Құралдары: үй жануарларының тіршілігі жайындағы сюжетті сурет. | **Ертегі мағынасын қабылдау: "Шұбар тауық балаларда қонақта".**<br>Мақсаты: "Шұбар тауық" ертегісі желісіне деген қызығушылықты арттыру; мәнерлеп сөйлеу үлгісін қабылдауға бейімдеу. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Үй жануарын үйде ұстау керек пе?" тақырыбына кеңес. | "Баланы үй жануарына деген сүйіспеншілікке баулу қажет пе?" тақырыбына кеңес. | "Үй жануарлары туралы ертегілерді оқып берейік" тақырыбына кеңес. | "Қамқоршы баланы тәрбиелеу" тақырыбына кеңес. | "Менің досым" атты үй жануарлары туралы фото көрме. |

Тексерді әдіскер [illegible] Э. Куанышова

| *Кіші топ* | **ЦИКЛОГРАММА** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Апта нөмірі* | **№1** | | | | |
| *Күндері* | **22.08 - 26.08.2022ж.** | | | | |
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | **Біз өте татумыз / Какие мы дружные /** | | | | |
| *Мекеменің атауы, тобы* | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | Ж.Каназарова А.Бижанова | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсен бі*** | ***Сейсен бі*** | ***Сәрсен бі*** | ***Бейсен бі*** | ***Жұм а*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Күнделікті дене қызуын өлшеу, балалардың дене терісіне, сыртқы келбетіне назар аудару; тәрбиешінің ата-аналарды толғандырған сұрақтарына жауаптары; балаларға арналған қолайлы орта тудыру.<br>Ата-аналармен "Досың жанында болғанда көңіл-күйің қандай болады?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:**<br>"Ойнап болғаннан кейін топ ішін жиыстыру". Мақсаты: балаларда саналы түрде тәртіпке деген ұмтылысты, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құра білу, алдағы іс-әрекетке қажетті материалдарды таңдай білуге үйрету. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:**<br>өсімдіктердің ірі жапырақтарын сүрту.<br>Баланы еңбек әрекетіне жетелеу.<br>Мақсаты: бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету, тазалыққа тәрбиелеу; еңбек етуге қызығушылықтарын және ересектерге көмектесу ниетін ояту.<br>Сүртуге арналған алжапқыш, қолғаптар. | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:**<br>"Орындықтарды орындарына қоямыз". Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы тез, дәл орындау. | **Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау.**<br>Мақсаты: берілген тапсырмаға деген жауапкершілік сезіміне баулу, балаларды оқу іс- әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты орналастыруға үйрету. | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:**<br>дымқыл шүберекпен орындықтардың шаңын сүрту.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттеріне баулу. |
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Жұпты тауып ал" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды түстер арқылы жұпқа жиналу амалдарына үйрету; татулық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту.<br>Балалардың әрқайсына түсі белгілі фишканы беріп, жұптарға жиналуға шақыру.<br>**"Дос болайық бәріміз" әні.**<br>Мақсаты: балаларға жағымды көңіл-күйге бөленуге мүмкіндік жасау; музыкалық қабілеттерді дамыту.<br>- Балалар, біз бір-бірімізге доспыз ба? (Иә).<br>- Қане, бәріне біз қалай дос бола алатынымызды көрсетейікші (бір-бірінің қолдарынан ұстап, құшақтасады).<br>- Бірге дос туралы ән шырқайық | **"Біз доспыз" жаттығуы.**<br>Мақсаты: бір-біріне жылы шыраймен қарауға бейімдеу.<br>- Балалар, қане қол ұстасайық. Әрқайсыларың көршілеріңнің көзіне қарап, оған өзінің мейірімді күлкісін сыйласын.<br>- Досыңның қолының жылуын, қолдарын арқылы бір-бірлеріне деген жылулықты сезіңдерші.<br>- Жылуды сездіңдер ме? Себебі біз көппіз және біз доспыз.<br>**Балалармен әңгімелесу: "Өзіннің досын жайлы айтып бер".**<br>Мақсаты: достықтың мағынасын түсіндіру. Біздің ұран: «Әрқашан дос біргеміз, ажырамас іргеміз». | **"Қалай дос болуға болады?" мультфильмін көрсету ("Айбала" бөлімінен).**<br>Мақсаты: достық туралы ұғымды қалыптастыру, татулық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту.<br>Мультфильм мазмұны бойынша әңгімелесу. Тәрбиеші:<br>- Балалар, Айбала неге жұлдызқұртпен дос болғысы келмеді? (Жұлдызқұрттар оны алдады.)<br>- Айбаланы кім "досым" деді? ("Досым" деп шегіртке айтты.)<br>- Досы Айбалаға не үшін: "Рақмет, досым", - деді?<br>- Иә. Айбала оған көмектесті, қолын созды. | **Достық, достар жайлы ән тыңдау.**<br>Мақсаты: балалардың бірін-бірі жылы шыраймен қабылдауға бейімдеу; балалардың бір-біріне жақын жүріп, ойнап, ән салу әрекеттерінен жағымды эмоцияларын дамыту; "достық" ұғымының негіздерін қалау.<br>Педагог балаларды мазмұны жеңіл әндерді айтуға шақырады. Әндерді музыка жетекшісінің ұсынымымен алуға болады. | **Тақпақты мәнерлеп оқу.**<br>Мақсаты: балалардың көркем сөзіне деген қызығушылықтарын арттыру; оқылған оқиғаның желісін бақылауға бейімдеу; сұрақтарға жауап айтуға баулу.<br>**Екі достың оқиғасы.** Кірпі менен сұр қасқыр,<br>Көрші тұрды орманда. Тауып алды әткеншек,<br>Серуендеуге барғанда.<br>Әткеншекке жүгірді, Тербелем деп бірінші.<br>Дауласып тұр екі дос, Ренжітіп бір-бірін. "Менмін, мен тауып алған, Мен отырам қалайда"-<br>Деп кішкентай кірпі де,<br>Томсырайып қарайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Қасқыр айтты кірпіге, Түсіп кеткен қабағы. "Дос емесің сен маған, Ойнамаймын бар ары". - Балалар, біз не туралы оқыдық? - Иә. Кірпі мен қасқыр туралы. - Кірпі мен қасқыр дос бола алды ма?Құралдар: қасқыр мен кірпінің (мультипликациялық) суреті. |
| **Таңғы жаттығу** | **Музыканттар.** Топтасып жүру, топтасып жүгіруге көшу, жүрумен аяқтау.Жалпы дамытушылық жаттығулар. 1. "Үлкен дауылпаз". Б. қ.: аяқтар сәл алшақ, қол төменде. Қолды екі жанға көтеру, түсіру. 4 рет қайталау. 2. "Дауылпазда ойнаймыз". Б. қ.: аяқтар сәл алшақ, қол төменде, арқада. Еңкейіп тізеден ұру, "бум-бум" - деп, түзелу. 4 рет қайталау. Тәрбиешінің артынан жылдам жүру. Баяу жүрумен тоқтау. Анамызға арналған музыка. Бірінің артынан бірі жүру. Аяқ ұшымен жүру. Шеңбер құрып тұру.Сылдырмақпен жалпы дамытушылық жаттығулар. 1. "Сылдырмақты қақ". Б. қ.: аяқтар сәл алшақ, қол төменде, сылдырмақ сол қолда. "Сылдырлат" - сылдырмақты жоғары көтеру, сылдырлатып, төмен түсіру. 3 рет қайталау. Сылдырмақты екінші қолға алып, дәл сол жаттығуды қайталау. 2. "Сылдырмақты соқ". Б. қ.: солай. еңкею, сылдырмақпен тізені ұру, "динь-динь"-деп түзелу. 3 рет қайталау. Дәл солай сол қолымен орындау. 3. "Сылдырмақты қой". Б. қ.: солай. Отыру, сылдырмақты еденге қою, түзелу. 2 рет қайталау. Сылдырмақты басқа қолға алып, дәл сол жаттығуды қайталау. Бір-бірінің артынан жүру, жүгіру. | | | | |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне** | **ҰОҚ-не дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | **Таңғы сәлемдесу шеңбері.**<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; топтастарға жылы шыраймен қарауға баулу.Қол алысып, қане, біз,<br>Достасайық<br>бәріміз. Айтарым<br>бар сендерге, Тез<br>тұрыңдар<br>шеңберге.Қандай<br>жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір<br>жүру! Қандай<br>жақсы дос болу!<br><br>- Балалар, көңіл-күйлерің қандай?<br>- Көтеріңкі, көңілді, қуанышты!<br>- Біз біргеміз, біз доспыз. | **"Жақсы - жаман" ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың жаман-жақсы туралы түсініктерін қалыптастыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Бір-бірінді ренжіту –<br>жаман. Ойыншықтармен<br>бөлісу – жақсы.Бірге<br>ойнау – жақсы.<br>Жанжалдасу – жаман. | **Таңғы сәлемдесу шеңбері.**<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге қызығушылықты тудыру.Сәлем саған, алтын күн!<br>Сәлем саған, көк<br>аспан!Сәлем<br>саған, Жер-Ана!<br>Сәлем саған,<br>достарым!<br>Балалар қимылдарды орындайды, бір-бірін құшақтайды. | **"Күлкішілер ұшағында саяхат".**<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйгебөленуге тарту, достыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші:<br>- Балалар, бүгін біз күлкішілер ұшағына отырып,саяхатқа шығамыз. Ол үшін бірнеше шартты орындау керек.<br>- Қанаттарымыз екі жақта! (Балалар қолдарын екіжаққа созады)<br>- Белдіктерді саламыз! (Белдіктерді салған болыпкөрсету)<br>- Моторды қосайық! (Екі кол шынтақта бүгілген,алда, екі қолмен мотордың айналғанын көрсету)<br>- Ал енді ұшу үшін, мотордың бұндай дыбыстарынкөрсетеміз: Ха-ха-ха!<br>- Мен бір ауыз сөздер айтқаннан кейін, сендер: Ха-ха-ха! - деп қолдайсыңдар. Жарайды ма?<br>- Біз ұшқанда<br>күлеміз: Балалар: Ха-<br>ха-ха! Ха-ха-ха!<br>- Біз күлкішілер қаласына<br>ұшамыз:Балалар: Ха-ха-<br>ха! Ха-ха-ха!<br>- Күн мен бұлтқа сәлем<br>айтамыз:Балалар: Ха-<br>ха-ха! Ха-ха-ха!<br>Көңілсізді қолдаймыз:<br>Балалар: Ха-ха-ха! Ха-<br>ха-ха! | **Ойын: "Досыңды тап".**<br>Мақсаты: ұсақ бөлшектерден тұтас бөлшекті құрауға дағдыландыру; ойлау, қабылдау, зейінқабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Балаларға түрлі-түсті пішіндер үлестіреміз, олар екінші жартысын табу керек.<br>Тәрбиеші:<br>- Балалар, екінші жартысын таптыңдар ма?<br>- Ол сендердің жұптарың, достарың болады.<br>- Сендер достарыңның аты кім екенінбілесіңдер ме?<br>- Ал енді достықтарыңның қаншалықты берікекенін тексерейік. |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:""Тату болайық"**<br>Мақсаты: Балаларды бірінің артынан бірін адымдатып жүргізу; залды айнала жүріп қолдарын жоғары көтеріп, гүлдер сияқты жайқалу; екі қолымен допты тордан жоғары лақтыру іскерліктерін жетілдіру; допты торданжоғары лақтыру кезінде шапшаң, епті әрі жылдам болуға тәрбиелеу.<br>*"Допты қуып жетіңдер" қимылды ойыны.* | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:""Дос іздеген бота"ертегісі"**<br>Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұны бойынша бойларына мейірімділікті, адалдық қасиеттерін сіңіру; ертегіні байланыстыра сөйлеуге, өз ойын толық айтуға дағдыландыру; сөздік қорын молайту, тілін, есте сақтау қабілетін дамыту; досқа адал, мейірімді болуға тәрбиелеу.<br>*"Бағдаршам" дидактикалық ойыны.* | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:""Дос болайық бәріміз"**<br>Мақсаты: Балаларды достарымен мейірімді қарым-қатынаста болуға үйретуді; достық құндылығы туралы түсінік беру; достаса білуге тәрбиелеу; коммуникативтік дағдылардын дамыту.<br>*Аяқпен топ-топ-топ.* | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:""Дос бола білейік"**<br>Мақсаты: Контур шегінде сурет салу, суреттіжетіспейтін бөлшектермен толықтыру біліктіліктерін қалыптастыру; достық қарым-қатынас жайлы түсінік беру; көркемдік біліктіліктерін, қарындашты дұрыс ұстау дағдыларын дамыту; бірі-біріне деген сыйластыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>*Еліктеу ойыны «Көңіл күй».* | **Музыка**<br>**Тақырыбы:""Көңілді балалар"**<br>Мақсаты: Балалардың музыкалық аспаптарындаойнай отырып, мимика, пластик көмегімен музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен музыкалық сенсорлық қабілеттерді дамыту.<br>*«Сылдырмақ» музыкалық-дидактикалық ойын.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Бақаны бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды туған өлкенің табиғатымен, оның мекен етушілерімен таныстыруды жалғастыру.<br>Балаларға бақаның тіршілік ету ортасы, оның немен қоректенетіні, тигізетін пайдасы туралыайту.<br>Табиғатты аялауға және қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Бақаның өзі болмай жатса, фотосуретінкөрсетіп, әңгімелеу.<br>**Әңгімелеу.**<br>- Балалар, біз табиғат аясына шыққан кездебақаны көрсек жолымыз болды деген сөз.<br>- Суреттегі бақаға қарандар. Оның түсі қандай?Бақаны суреттейікші.<br>- Бақа су, жасыл шөп пен масалар көп жерде тіршілік етуді ұнатады. Бақа масалармен қоректенеді. Оның ұп-ұзын тілі бар. Ұшып бара жатқан масаға қарай ұзын жабыспақ тілінжіберіп, сол масаны қағып алады екен.<br>- Бақа кейіпкері қандай ертегілерді кездеседі?<br>- Жарайсыңдар, "Үйшік", "Қолғап"ертегілерінде кездеседі екен.<br>- Бақалар оны мазалағанды ұнатпайды, солсебепті шөптің арасында және көлеңкеде жасырынады.<br>- Ал егер сендер оны көріп қалсаңдар, онда қолға алуға асықпаңдар, оданда сыртқы келбетін мұқият қарастырыңдар. Ол масалармен шіркейлерді аулайды. Суда жүзіп, күнге қыздырылғанды жақсы көреді.<br>**"Торғайлар мен мысық» қимыл-қозғалысойыны.**<br>Мақсаты: балаларда кеңістікте қозғала білу, ұжыммен бір-біріне соғылмай қимылдау біліктіліктерін дамыту; белгі бойынша әрекетету, терендікке, орыннан ұзындыққа секіруге, жылдам жүгіруге жаттықтыру.<br>**"Бақалар" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларға бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру; аяқ, дене бұлшық еттерінұлғайту; шыдамдылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбекке баулуға арналған** | **"Қайықтар" .**<br>Мақсаты: серуен кезінде жағымды ойын жағдайын тудыру. Өз қолымен ойыншық жасауғадеген ұмтылысын дамыту. Айналасын қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу: өзінен кейінкөшеде қоқыс қалдырмау.<br>**Әңгімелеу.**<br>Жаңбырдан кейін далада көптеген жылғалар мен көлшіктер болады. Таяз және терең көлшіктер бар.Үлкен және кішкентай көлшіктер бар. Кең және тар көлшіктер бар. Қалай ойлайсыңдар қандай көлшіктерде қайықтар жақсы жүзеді? Неге? Қайықтарды неден жасауға болады? (Грек жаңғағының қабығынан, ағаш қабығынан, қағаздан, ағаш жапырағынан, кішкентай пластикбөтелкеден.)<br>Өз қайықтарыңды қалай атайсыңдар? Ал сендерүйлеріне қайтқанда, қайықтарына не болады?<br>Оларды неге тастауға болмайды? Егер қайық пенопластан, пластмастан жасалса, онда ол табиғатты ластайды. Өзінен кейін қоқысқалдыруға болмайды, егер сендер қайықтарыңдытастасаңдар, ол бұзылып, бірден қоқысқа айналады.<br>**Тыныс алуды дамытуға арналған ойын:"Маған ұшуды үйрет".**<br>Мақсаты: балаларды нұсқауларды дұрыс түсініп,қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Бізге көзі, тұмсығы, қанаты, құйрығы салынған әуе шары "балапан", шеңбер — "ұя" керек болады.<br>Санамақ бойынша "жел" тұрады. Екі ойыншы шеңберді тігінен ұстайды. "Ұяда" - балапандар, олар шарды ұстап отыр. Балапандар ән салады немесе дыбыстайды: "Ала қанат сауысқан, ұшудыүйретші, аласа да, биік емес, күн көрінсе жетеді! "Кейін балалар ақырындап, шарды жоғары қарай лақтырады ("балапан" "ұядан" ұшып шығу керек )."Самал жел", ұяның алдында тұрған, шарды жерге түспейтіндей үрлейді де қайта ұяға кіргізеді (шар қайта обруч үстінен ұшып өту керек). Жас ерекшелігіне сәйкес "тыныс алу" саны белгіленеді (дем шығару 3-6 артық емес).<br>Ескерту: тыныс алу мұрын арқылы, | **Жәндіктерді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды жиі кездесетін жәндіктермен,олардың тіршілік ерекшелігімен таныстыру.<br>Негізгі мазмұны: қоңыздардың қалай жүретініңқарастыру, олардың кейбіреулері ұшады.<br>Ұшар алдында қоңыздардың қанаттарын қалай ашатынын, қорек іздеуге ұшып кетуін бақылау.<br>**Көркем сөз.**<br>Ұшқанда өлең айтады,<br>Қонғанда жер қазады.<br>Мұны да ойлап көріңіз. (Қоңыз).<br>**Тыныс алу жаттығуы. "Қоңыздар".**<br>Балалар орындықтарға отырады, тәрбиеші: "Ж-ж-ж, - деді, - қоңыз-з-з" - дейді.<br>Балалар қолдарын иықтарына айқастырып қойып:"Тұрамын, ұшамын ж-ж-ж-ж-ж" - дейді.<br>Балалар қолдарын екі жаққа жазып, "ж-ж-ж-ж-ж" -деп дыбыстап, топ ішінде қозғалады (2 – 3 мин).<br>**"Қоңыздар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жан-жаққа шашырап жүгіруге, белгі бойынша бағытты өзгертуге, зейінділік танытуға жаттықтыру.<br>**Еңбек тапсырмасы: ойыншықтарды қорапқа,құмнан тазалап, жинау.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.**<br>Шығарылған материалдар: күрекшелер, сыпырғыштар, зембілдер, түрлі-түсті қарындаштар,қалыптар, қағаз беттері. | **Ауа-райының жағдайын бақылау (күн жарқырап тұр немесе жаңбыр жауып тұр).** Мақсаты: жаз жайлы әңгімені тыңдай отырып, балалар шуақты күнге, көк аспанға, баяу қалқығанбұлттарға тоқталып өтеді.<br>**Жеке жұмыс: жолдармен жаттамақ сөздерініңырғағына сай жүру.**<br>"Үлкен аяқтар жолмен келеді... топ, топ, топ.Кішкентай аяқтар жолмен жүгіреді... топ, топ,топ".<br>**"Менің көңілді добым…" қимыл-қозғалысойыны.**<br>Мақсаты: балаларды екі аяқпен секіруді үйрету,мәтінді мұқият тыңдау және допты соңғы сөз айтылғаннан кейін ғана қуу.<br>**"Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалысойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша бір бағытта,бір-бірін итермей, жүгіруге ынталандыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескеніжинау; құмды құмсалғышқа салу.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсаты: шығармашылық ойындарды дамытуғажағдай тудыру (ұсақ ойыншықтар мен заттардытаңдау, сонымен қатар табиғи материалдарды кеңінен қолдану). | **Күнді бақылау.**<br>Мақсаты: жаз мезгіліндегі ауа-райының жағдайы жайлы түсінік беру. Маусымдықкиімдер атауларын бекіту.<br>Негізгі мазмұны: жазда күннің қатты қыздыратынын, сондықтан балалар жалаңаш жүретінін айта кету. Күнге тікелей қарау мүмкін бе екенін сұрау. Неге? Күн өте жарық,<br>сондықтан қараған кезде көз қарауытады. Жаздаадамдар күн сәулесінен қорғайтын көзілдірік киеді.<br>**Көркем сөз:**<br>Шуақтары<br>тарайды,<br>Тереземнен<br>қарайды.<br>Еркелетер<br>аймалап, Сәуле<br>шашар арайлап!<br>**"Тауық пен балапандар" қимыл-қозғалысойыны.**<br>Мақсаты: балаларда қимыл-қозғалысты белгібойынша орындау біліктіліктерін дамыту, әртүрлі бағытта жүгіріп, еңбектеп өтуге жаттықтыру.<br>**"Жидекті теріп алайық" ойын-жаттығуы.** Мақсаты: балаларды алдын-ала алаңға таратылып жайылған жидектердің кескіндерінсигнал бойынша қорапшаға жинауға тарту; зейінді, кеңістікті бағдарлау, бір-біріне бөгет болмай қимылдауға бейімдеу.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: серуеннен қайту алдында ойыншықтарды реттеу.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Шығарылған материал: күрекшелер, сыпырғыштар, түрлі-түсті дөңгелектер, қалыптар, мөлшерлер.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тапсырма: үлескені жинау; құмды құмсалғышқа салу.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Құмсалғыштағы ойындар «Ненің ізі».** Мақсаты: балалардың қиялын, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.<br>Кішкентай балалар тобымен немесе бір баламен ойнауға болады. Ойынның бір қатысушысы құмға аңның немесе үй жануарының ізін салады. Қалғандары іздердің кімге тиесілі екенін табу керек. Жоқ жануарларды да ойлап табуға болады. | дем шығару-ұртты толтырмай жасалады.<br>Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.<br>**"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды сигнал бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы маскалар: гүлдер мен аралар. Шығарылған материалдар: күрекшелер, шелектер, қалыптар, қуыршақтар.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа жинау.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Мақсаты: балаларды киімдерін реттілік сақтай отырып шешінуді, киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыруды, қол жууды үйрету.<br>**Көркем сөз.**<br>Сабынымды<br>аламын,<br>Алақанға<br>саламын.<br>Көпіртемін<br>жақсылап,<br>Қолды жуамын<br>мұқият. Білек,<br>бетті, мойынды,<br>Жуамын да,<br>сүртемін. Тап-<br>таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі | | | | |

| | |
|---|---|
| | жүремін.<br>Тусипжанова-Шагирова А |

| | |
|---|---|
| **Түскі ас** | **"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз".**<br>Балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру.<br>**Ғажайып сәт.**<br>Топқа қасықты ауызына дұрыс апармай, көженi шашыратып, үнемі көйлегін былғап алатын Камила қуыршақ "келеді". Балалар қонақты сабырға шақырады. Оған "қуыр, қуыр, қуырмаш" санамағын айтып береді. Кейін тәрбиеші сәбилерге сиқырлы қасықтарын қолдарына алып, қуыршақ Камилаға көженi қалай жеу керектігін көрсетуді ұсынады. Сонында Камила балаларға алғысын білдіреді. |
| **Күндізгі ұйқы** | Мақсаты: балалардың жайлы ұйқысына жағдай тудыру.<br>**"Әлди-әлди"**<br>**әні.** Көзімнің<br>ағы-қарасы,<br>Жүрегімнің<br>парасы, Уайым-<br>қайғы ойлатпас,<br>Көңілімнің<br>сапасы.<br>Айналайын,<br>шырағым!<br>Көлге біткен<br>құрағым!<br>Маңдайдағы<br>құндызым,<br>Аспандағы жұлдызым. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | **Кешенді шынығу жаттығулары.**<br>“Марғаулар оянады” (балаларға төсекте жатып керілуді, арқаны жазып, қолды жоғары созып, бір<br>бүйірден екінші бүйірге бұрылуды ұсыну.) Кіп-кішкене марғаулар,<br>Пырылдайды<br>үнемі,<br>Жайғасыпты<br>кілемде, Ояңғысы<br>келмейді.<br>Жалқауланба,<br>марғауым,Қандай<br>сенің таңдауың.<br>Бойыңды жаз,<br>керіліп,<br>Қалғандайсың<br>керіліп.<br>Жеңіл уқалау (Қол және аяқ саусақтарын жоғары қарай уқалау, белді,<br>арқаны, кеудені жазу) Аяқ ұшымен жатын бөлмеде жүру.<br>Керілдік, жылдам тұрдық,<br>Аяқ ұшымен жүгірдік…<br>**“Денсаулық жолдарымен”**<br>**жүру.** “Топ, топ, топ”-<br>адымдайды біздің аяқ.<br>Мақсаты: қан айналымын<br>жетілдіру. |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Қолды сабындау және түзу қимылдармен жууды үйретуді жалғастыру, қолды жуғаннан кейін сығуды үйрету. Қолдарын өз орамалдарымен сүртіп, орнына ілу біліктіліктерін бекіту.<br>"Біз қолымызды қалай жуамыз"<br>дидактикалық ойыны.<br>Жаттамақ оқу: "Мөлдір су". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театройындары) | **Сылдырмақтармен ойындар.** Мақсаты: ырғақты есту, соған сай қимылдайбілу қабілеттерін дамыту; көркем сөзді қимылдарды жасай жүріп айтуға бейімдеу; жағымды эмоцияларды дамыту. Сылдырмағым сылдырла,Шақыр барлық баланы. Үнін естіп қуана, Билеп кетсін бар бала. (Тәрбиеші балаларға музыка ырғағыменсылдырмақ таратады) **"Сылдырмақпен тығылмақ".** 1. Ойыншығым сүйікті, Сылдырмағым көңілді, Сылдырмағы сәбидің, Қоңырауы әр үйдің. 2. Би билейміз айналып, Сылдырмақпен көңілді. Сылдыр, сылдыр, сылдырмақ, Сылдыры оның төгілді. 3. Кетіп қалдың алысқа, Ойнап жүрсін тығылмақ. Естілмейді дауысың, Қайда кеттің, сылдырмақ. 4. Бері келші жаныма, Тағы бірге билейік. Сыңғырымен сылдырмақ, Шаттанайық, билейік. "Тығылмақтан" кейін балалар сылдырмақтарды алдарына еденге қояды. **"Сылдырмақтармен би".** 1. Сылдырмақ жерде жатыр. Аяқтарын өкшегеқояды. 2. Екі жаққа кезек-кезек бұрылып, жартылай отырып-тұру. 3. Алақан соғу. 4. Екі аяқпен секіру 5. Бір орында айналу 6. Сылдырмақты жоғарыкөтеріп, сылдырлатады. 7. Сылдырмақпен билейді. Әуен ырғағымен сылдырмақтарды себетке | **"Дастархан" сюжетті-рөлді ойыны.** Мақсаты: балалардың ойын жоспарын жүзеге асыру біліктіліктерін дамыту; дастархан алдындаәдептілік ережелерін ұстануға бейімдеу; коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Балалардың белгілі бір рөл үшін керек құрал- жабдықтарды өз бетінше таңдау, ойын көрінісіне жетіспей тұрған заттармен, ойыншықтармен толықтыру талпыныстарын ынталандыру. **"Досына көмектес" қимыл-қозғалыс аз ойыны.** Мақсаты: балаларды белгі бойынша біресе билепжүріп, біресе "көмек қолын" беріп, жұпты құруға машықтандыру; кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; достыққа тәрбиелеу. | **"Көңілді орындық" қимыл-қозғалыс аз ойыны.** Мақсаты: көтеріңкі көңіл-күй қалыптасуына жағдай тудыру; бірлескен ойындарға деген қызығушылықтарын ояту, балаларды бір-біріне деген өзара мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | **Мақал-мәтелдер.** Мақсаты: балаларды мақал-мәтелдердің мағынасын түсінуге бейімдеу, ұнаған жолдардыжатқа айтуға дағдыландыру; достық сезімі жайындағы түсініктерді қалыптастыру. "Дос достың кемшілігін кешіре білер". "Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам". "Ағаш тамырымен, Адам досымен мықты". "Шын дос қиыншылықта білінеді". "Досты іздеме – табылса жіберме". "Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дауалмайды". "Заттың жаңасы жақсы,Достың ескісі жақсы". "Жауға - жалынба, досқа - тарылма". | **"Достар" ойыны.** Мақсаты: балаларға достық жайындағы ұғымдарды тиянақтау; белгілі кейіпкерлерді тануға тарту; ойлау, зейін, қабылдау қабілеттерін дамыту. 1. Ала Тауық пен ... (ата мен апа). 2. Мейірімді дәрігер Айболит пен ... (аңдар). 3. Сенгіш Бауырсақ пен ... (қоян). 4. Күлкілі қонжық Вини-Пух пен ... (Торай(Пятачок)). 5. Құмда жатып, күн жайлы ән айтқан екі достыбілесіңдер ме? Оларды атаңдаршы. (Арыстан мен тасбақа.) 6. Үйшікте көңілді және тату нелер өмір сүрді?Оларды атаңдаршы. (Тышқан, бақа, түлкі, қасқыр, аю.) Құралдары: ертегі мен мультфильмдеркейіпкерлер жұптарының суреттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жинау.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейінбарлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуенге дайындық**<br>(қалыптастырылатын іскерліктерімен дағдылары) | **"Киімді бүктеп үйренеміз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: киімді дұрыс бүктеу біліктіліктерін қалыптастыру; балаларды өз киімдерін танып, атауға, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойыншатабуды үйрету. | **"Біз қуыршаққа қонжыққа қонаққа баруға қалай көмектестік" ойын-жағдаяты.** Мақсаты: балаларды өз киімдерін танып, атауға,оларды рет-ретімен киюге, өз шкафын белгіленуі<br>(суреті) бойынша табуға, шкафқа тиянақты бүктепсалуға үйрету. | **"Андарға түймелерін түймелеуге көмектесейік" дидактикалық тапсырмасы.**<br>Мақсаты: түймені түймелеу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру; шұлықтан бастап, гольфіні, шұлық киюді үйрету. | **"Тілалғыш түймелер мен баулар".**<br>Мақсаты: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсетудағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауынтағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). | **"Киіну, шешіну".**<br>Мақсаты: түймені тағу және ағыту, жапсырғыштағындыларды ашып, жабу біліктіліктерін бекіту, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, киіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды, қажет жағдайда көмек сұрауды, сыпайы сөздерді қолдануды үйретуді жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | **Көбелекті бақылау.**<br>Мақсаты: барлық тіршілік иелеріне қамқорлықтанытуға үйрету.<br>"Түзу жолдармен" - жүгіруге, секіруге, жүругежаттықтыру.<br>Үлескедегі шыбықтарды жинату – қарапайымтапсырмаларды орындауға баулу.<br>"Әтеш" жаттамағын қайталау.<br>Таяқшамен құмда сурет салу – балалардыңшығармашылық әрекетін түрлендіру.<br>**"Қуыршақтарға арналған түскі ас" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға бірге ойнауға үйренугекөмектесу; коммуникативтік қабілеттерді дамыту.<br>**"Тату достар" ойыны.**<br>Мақсаты: шапшаңдыққа, татулыққа тәрбиелеу.("Әрқашан дос біргеміз" әні қосылады )<br>Тәрбиеші балалар жолдарына бірнеше кедергіқояды (шеңберлер).<br>Бір-біріне қарама-қарсы тұрады, алақандарынтигізеді, солай жүріп, кедергілерді жояды.<br>**Еңбек тапсырмасы:** курап түсіп жатқанжапырақтарды жинау.<br>Мақсаты: тазалыққа, қарапайым еңбек дағдыларына баулу. | **Құмды бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға құмның құрғақ және дымқылкүйінде екі түрлі болатынын байқату; құрғақ құмның төгілетініне, дымқыл құмнан түрлі пішіндерді жасауға болатынына көз жеткізу; іс- тәжірибе жасауға ниеттерін дамыту; зияткерлікке баулу.<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмды бір жерге үйіп,шелектерге салып, құмсалғышқа апару.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек әрекеттерін орындауғабаулу.<br>**"Иә-иә-иә", "жоқ-жоқ-жоқ" ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың ой шапшаңдығын, жағымды эмоцияларын дамыту.<br>Балалар, сендер дос бола білесіңдер ме?(Балалардың жауаптары).<br>- Қазір оны ойын барысында тексеріп көреміз.Мен сұрақтар қоямын, ал сендер «иә-иә-иә» немесе «жоқ-жоқ-жоқ» деп жауап бересіңдер.Келістік пе?<br>Достыққа берік боламыз? (Иә-иә-иә) Достықты бағалаймыз? (Иә-иә-иә) Бірге тату ойнаймыз? (Иә-иә-иә)<br>Достық қолын созамыз? (Иә-иә-иә) Достың ашуына тиеміз? (Жоқ-жоқ-жоқ)Ал қуаныш сыйлаймыз? (Иә-иә-иә) Досты ренжітеміз? (Жоқ-жоқ-жоқ)<br>Достармен бірге шай ішеміз? (Иә-иә-иә) Жарайсыңдар! Сұрақтарға дұрыс жауап бердіңдер. | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесеқұрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**"Өз жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсаты: белгі бойынша еркін жүріп билеп немесежұпқа жиналу қабілетін қалыптастыруды жалғастыру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>Әуен ырғағымен балалар топтың әр жерінде билейді. Музыка тоқтаған сәтте, жылдам өз досынтабу керек.<br>- Жарайсыңдар, балалар, қарап тұрсам, бір-біріменжақсы танысып алыпсыңдар, достықтарында берік екен. Ал енді бір-бірімізге мақтау сөздерін айтайық.<br>Қане үлкен шеңбер жасап тұрайық та, бір-бірімізгеойыншық беріп, мақтау сөзін айтайық. **"Мадақтаулар" ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың әдептілікке деген қызығушылығын арттыру; сыпайы арақатынастарды қалыптастыру, сөздік қорды байыту.<br>**Еңбек тапсырмасы:** курап түсіп жатқанжапырақтарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу, қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, шөпке,гүлдердің сабақтарына, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, бойыменжүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдап жүгіріп,Шеңберді айналдырамыз.Д. Ахметова.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті -аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкілшеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**Қане, достарымызға арнап "Көңілді отшашу"ұйымдастырайық.**<br>Үстелге жақын келіңдер, қазір мен қағазға түрлі-түсті тамшылар тамшылатамын, ал сендер оларға мына түрлі-түсті түтікшелер арқылы үрлейсіңдер(балалар түтікшеге үрлейді). Жақсы, тамаша, керемет отшашу болып шықты.<br>**Еңбек тапсырмасы:** курап түсіп жатқанжапырақтарды жинау.<br>Мақсаты: тазалыққа, қарапайым еңбек дағдыларына баулу. | **Жолдың жүру бөлігін бақылау.**<br>Мақсаты: жолда жүру ережелері жайлы түсініктерін қалыптастыру (ересектердің қолынан ұстап жүру, жолдың жүру бөлігінежүгіріп шықпау).<br>Мөлшерлі (баяу не жылдам) жүріс-қимылбелсенділігін меңгеру.<br>Балалардың серуендегі шығарылған материалмен дербес әрекеті (құмда ойнау жиынтығы, доптар, көліктер).<br>**"Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды белгі бойынша қимылдарын өзгеруге: алаң кеңістігін пайдаланып, бірін-бірі түртпей, жүгіруге жәнебір-біріне жақын бір жерде отырып, демалуға - машықтандыру; ұшақ қимылына еліктеуге ынталандыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагогтің балаларға берілетін белгі командалары: "Ұшақтар, моторларды жүргізейік!" (екі қолды алға қойып, өзара айналдыру), "Қане, ұшайық!" (екі қолды екі жаққа жайып, түзі ұстап жүгіру), "Ұшақтар, аэродромға қонайық!" (бір-біріне жақын жерге отыру, қолдарды екі жақтарға созып, түзу ұстау).<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжиотырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою.<br>Балалар, сызықтардыбаспай, алға секіруге үйренеді.<br>Балалардың қалаулары бойынша ойындар. **Еңбек тапсырмасы:** құмсалғыштың бетінқоқыс бұталардан тазалау.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Естиміз-істиміз" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысты таныс өлеңдердің сөзіне сәйкес орындауды үйрету. | **Жаттығу: заттар арқылы жүру.**<br>Мақсаты: балаларды заттардан аттап, түзу жолмен жүруге жаттықтыру; тепе-теңдік сезімдерін дамыту. | **Апта тақырыбы бойынша мақал-мәтелдермен таныстыру.**<br>Мақсаты: қазақ ауыз әдебиеті үлгілеріне деген қызығушылықты қалыптастыру; кез келген мақалды жаттап алуға мүмкіндіктер жасау.<br>"Дос достың кемшілігін кешіре білер".<br>"Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам". "Ағаш тамырымен,<br>Адам досымен мықты".<br>"Шын дос қиыншылықта білінеді". "Досты іздеме – табылса жіберме".<br>"Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды".<br>"Заттың жаңасы жақсы, Достың ескісі жақсы".<br>"Жауға - жалынба, досқа - тарылма". | **Психологиялық жаттығу: "Алақанға көбелекті жасырайық".**<br>Мақсаты: балалардың жағымды көңіл-күйіне қолайлы жағдайлар жасау; елестету, түйсік, сезгіш қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, алақанымызда тонып қалған көбелек бар сияқты елестетейікші. Қане, оны жылы демімізбен жылытайықшы.<br>Оны кеуделеріне басыңдар. Ол сендердің немесе досыңның жүрек қағысын естісін.<br>Қараңдаршы, көбелек жылынған сияқты, нәзік қанаттарын жайып ұшып кетті. Достық көбелегі әркез біздің топта өмір сүрсін.<br>**"Көңілді шақпақтар" (бормен "классик" ойыны желісімен.)**<br>Мақсаты: балаларды екі аяқпен алға жылжи отырып секіру қабілетін дамыту; вестибуляр аппаратын, дене, аяқ бұлшық еттерін ұлғайту; зеректікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>Педагог асфальтқа шақпақтарды өзі салып, балаларды ойын мазмұнымен, шартымен таныстырады; шақпақ іздерін баспақ секіруді көрсетеді.<br>Сәбилер жәй ғана, 1-ден 10-ға дейін секіре алады. (Ал ересек балалар тас лақтырып, сол тасқа дейін секіріп, тасты алып кері қайтады.) | **"Жұбын тап" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды заттарды ортақ қасиеттері бойынша топтастыру амалдарына бейімдеу; ойлау қабілетін дамыту.<br>Құралдары: әрқалай үстелде жатқан түрлі топтарға жататын заттардың суреттер.<br>Суреттердің арасында жұптар бар.<br>Мысалы: қасық пен шаңышқы, доп пен пирамида, көйлекпен шалбар, шәйнек пен кесе, шкаф пен орындық, т.б. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Қыздар мен ұлдар" тақырыбына әңгімелесу . | "Ауыз су мен бала денсаулығы" тақырыбына кеңес. | "Ата-аналармен ынтымақтастық - баланың мектепке дейінгі мекемеге сәтті бейімделуінің басты шарты" тақырыбына әңгімелесу. | "Көшедегі тәртіп-қауіпсіздік кепілі" тақырыбына әңгімелесу. | "Отбасында тағы бір сәби өмірге келеді" тақырыбына әңгімелесу. |

Тексерді әдіскер: [illegible]
Э. Куанганова

| *Кіші топ* | **ЦИКЛОГРАММА** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Апта нөмірі* | **№1** | | | | |
| *Күндері* | **29.08, 31.08.2022ж.** | | | | |
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | **Қош сау бол, жаз! /До свидания, лето!/** | | | | |
| *Мекеменің атауы, тобы* | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | Ж.Каназарова А.Бижанова | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың денелері мен тері қабатын тексеру, қуанышпен қарсы алу.<br>"Жазғы демалыстардың балалардың денсаулығына жағымды ықпалы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау.**<br>Мақсаты: берілген тапсырмаға көңіл аударуға бейімдеу, оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты орналастыруға үйрету. | | Құрастырмақтардың қорапқа жиналуына назар аудару; бөлшектер шашырап жатса, қорапқа сыймайтынын түсіндіру.<br>**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:**<br>құрастырмақтардың бөліктерін қорапқа ұқыптап жинату. | | |
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **Саусақ жаттығуы: "Бес саусақ".**<br>Мақсаты: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту, ақыл-ой дамуын ынталандыру.<br>Оң қолымда бес<br>саусақ, Сол<br>қолымда бес<br>саусақ. Оларды<br>атап шақырар,<br>Әрқайсысының<br>аты бар. Бас<br>бармақ,<br>Балаң<br>үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр<br>шүмек,<br>Кішкене бөбек. | | **"Балабақшаға келе жатқанда мен не көрдім?" тақырыбындағы бақылау.**<br>Мақсаты: тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру.<br>Педагог балалардан балабақшаға келе жатқан жолдарында не көргендерін айтуды сұрайды (көп көліктер, балалар, автобустар, бағдаршам және т. б.). | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы жаттығу** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар.**<br>Жаттығу<br>орындайық.<br>Терезені<br>ашайық, Таза<br>ауа жұтайық.<br>Ауыртпайды<br>ағзаны, Таза<br>ауа пайдалы! | | | | |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | **Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын**<br>**жағымды көңіл-күй тудыру. Көркем сөз.**<br>Қасықтарымыз<br>біздің,<br>Таңқалдырар<br>барлығын!<br>Қасықтарым<br>сиқырлы,<br>Тауысады<br>тағамды.<br>Міне тағам, міне<br>ас, Қасық түк те<br>қалдырмас!<br>Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне дайындық** | **ҰОҚ-не дайындалуға арналған ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |
| | **Сәлемдесу ойыны Тақырыбы:" "Менің көмекшілерім".** Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу.<br>Мынау – менің<br>жүрегім, Бәрі<br>осыдан<br>басталған,<br>Мынау – басым<br>ақылды. Бәрін<br>осы басқарған.<br>Мынау – менің оң<br>қолым, Мынау –<br>менің сол қолым.<br>Барлық істі<br>атқарған. | | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу.<br>- Қайырлы таң, көздерім (Қабақты сипау)<br>- Сендер ояндыңдар ма?<br>(Үлкен және сұқсаусақтан "дүрбі" жасау)<br>- Қайырлы таң құлағым!<br>(Алақанмен құлақты сипау)<br>- Сендер ояндыңдар ма?<br>(Саусақтарды кең ашып, құлаққа тигізу)<br>- Қайырлы таң, қолдарым! (Екі қолды кезек-кезек сипау)<br>- Сендер ояндыңдар ма? (Қол шапалақтау)<br>- Қайырлы таң, күн! (Қолды жоғары созу)<br>- Мен ояндым! (Басты жоғары көтеру) | | |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | Жазғы ойын-сауықтар | | Жазғы ойын-сауықтар | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | ***Желді бақылау.***<br>Мақсаты: жел туралы ұғымдарын пысықтау; желді шайқалған ағаштардың бұтақларына, желпілдеген жапырақтарына, желбіреген жалауларға қарап білуге машықтандыру.<br>Ағаштардың қозғалып, майысқанын, иілгенін бақылау, ағаштардың бұлай істеуінің себебі не екенін сұрау.<br>- Қандай жел соғып тұр: суық, жылы?<br>Жылдың төрт мезгілінде болатын желдің түрлерін еске түсіру.<br>**Көркем сөз.**<br>Тентек желді<br>көріп ем, Бізге<br>қыдырып<br>келген!<br>Терезеден гу<br>етіп, Есіктері<br>сарт етті.<br>Қалпағыммен<br>ойнады, Ойынға<br>бір тоймады.<br>Шаршап қалды<br>кенеттен,<br>Байқамай<br>ұйықтап қалды.<br>**"Трамвай" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың қозғалысын басқа ойыншылардың қимылдарымен үйлестіре отырып, жұппен қозғалу қабілетін дамыту; түстерді тануға және оларға сәйкес қимыл-қозғалыстарын өзгертуге үйрету.<br>**"Қуыспақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша, қуғыншыдан қашып жүгіруге бейімдеу; күш-жүгерін, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту.<br>Балалар қуыспақ ойнағанды өте жақсы көреді. Ойын ойнатылмас бұрын ересек адам алдын-ала жұмыс жүргізу керек: ойын шартын түсіндіріп, жүгіруге арналған аймақты белгілеп беруі керек. **Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз** | | **Ағаштар мен бұталарды бақылау.**<br>Мақсаты: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету.<br>Балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін сұрау. Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. Ағаш бұтадан биік.<br>**Көркем сөз.**<br>Ағаштарға қамқорлық<br>жасайық, Жапырақ пен<br>бұталарын жұлмайық.<br>Жыл сайын ағаш егіп,<br>көбейтейік. Туған елді<br>осылайша көркейтейік!<br>Тусипжанова-Шагирова<br>А.<br>**"Баяу - жылдам жүрейік" ойын-жаттығуы.** Мақсаты: балаларды белгі бойынша баяу және жылдам жүруге машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды бір бағанға тұруға шақырады:<br>- Балалар, бүгін біз саяхатқа шығамыз, баяу және жылдам қалай жүретінімізді байқайық.<br>Зерек бала болу<br>біл. Қане,<br>бағанға тізіл!<br>Жарайсыңдар,<br>балалар!<br>Бағыттаймыз<br>алысқа.<br><br>Біз жүреміз,<br>асықпаймыз,<br>Аяндап, жан-жаққа<br>қараймыз. Тып-<br>тыныш қадам басып,<br>Дыбыстарды<br>шығармаймыз.<br><br>Ал енді шапшаң<br>болайық, Тура<br>жолдарға | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бетінше ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар. **Еңбек тапсырмасы – қурап түскенжапырақтарды жинау.** Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | | шығайық, Бақша алаңына, алақай, Жылдам жүгіріп барайық. Д. Ахметова. **Далаға алып шығатын материалмен ойындар.** Мақсаты: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. **Алып шығатын материалдар:** күректер, сыпырғыштар, қалақшалар, қалыптар, зембілдер, қарындаштар мен қағаз парақтары. **“Бедерлі жолдармен” ойын жаттығуы.** Мақсаты: асфальтта сызылған бедерлісызықтармен жүруді жаттықтыру. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі түрде шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюға, қолдарын жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас** | Алдағы түскі асқа назар аударту; үстел басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін енгізуге бағытталған жеке жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Мақсаты: әжетханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек немесе жейделерін ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, етектерін бүктеп қойғызу. **"Әлди - әлди" әні.** Көзімнің ағы-карасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сапасы. Айналайын, шырағым! Көлге біткен құрағым! Маңдайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | **Оятпақ. Төсекте жатып керіліп - созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау.**<br>Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығу орындайды. Басты оңға, солға бұру.<br>Қолды, іші, аяқты, өкшені жеңіл сипау.<br>Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету.<br>**"Көңілді аяқтар"**<br>Аяқтарды биік көтер,<br>міне былай,Топ, топ, топ!<br>Көңілдірек! Биігірек! Міне былай:<br>Хоп, хоп, хоп!<br>Қоңыраулар сыңғыр-<br>сыңғыр, Қатты-қатты<br>, сылдыр-сыңғыр!<br>Шап жүйрігім, шап-<br>шап,<br>Тпру - ру -у, тұлпарым:<br>Тоқтат! Тоқтат!<br>**Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну.**<br>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру. Мақсаты: мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту.<br>**"Сылдыр, сылды, сылдыр су" ойын жаттығуы.** | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру. "Аю анасы қонжықты қалай дұрыс тамақтануға үйретті" ойын жағдаяттары.<br>"Алақай, алақай", "Дана біздің ақылды" тақпақ-жаттамақтары. | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс- әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Қала саламыз" құрылыс материалдарымен кілемде ойнайтын ойындар**<br>Мақсаты: құрастыру іскерліктерін дамыту, бірге ойнау<br>**"Көлік жүргізушілері" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балалардың жүргізуші мамандығы жайындағы түсініктерін тиянақтау; ойын арқылы қарым-қатынас орнатуға бейімдеу; екі кейіпкермен өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы). Балаларды белгілі бір рөл үшін өз атрибуттарын табуға талпындыру.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын сөресіне заттарды жинастырып, қалпына келтіру.<br>Мақсаты: еңбек дағдыларын тәрбиелеу. | | **"Шалқан үлкен болып өсіпті" театрландырылған ойын.**<br>Мақсаты: балалардың ертегі желісі жайындағы білімдерін пысықтау; эмоцияларды, коммуникативтік қабілеттерді дамыту.<br>**"Біздің аулада" ойын жағдаяты.**<br>Мақсаты: балаларда жағымды эмоциялар тудыру; әсерлерін байыту; ойынға деген қызығушылықтарын арттырып, ересек адамның дауыс интонациясына еліктеуге ұмтылуға жетелеу. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету.<br>**Жазғы серуен кезіндегі ережелер:**<br>- серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу;<br>- ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде);<br>- күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін;<br>- серуендеу кезінде әркім өз жеке стаканынан тек қайнатылған су ішуге болады;<br>- серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп. | | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқкиімді шешіп-тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру.<br>Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қабылдау бөлмесінде өзін - өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа апару.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу.<br>**"Іздер" құммен ойнайтын ойындар.** Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын желітдіру, елестету, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Балаға егер қолдарын, аяқтарын немесе басқа да затты алып, құмның бетіне қойып, сәл бассақ, құм бетінде із қалатынын көрсету. Өздеріне із қалдырып көруді ұсыныңыз, содан кейін шыққан ізге түрлі суреттер мен кескіндер салып безендіртіңіз. Жан-жақтарында қоршаған тағы қандай заттармен із қалдыруға болатынын қиялдап көруді сұраңыз. | | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, шөпке, гүлдердің сабақтарына, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>**"Біздің үлкен және сұлу қаламыз" тақырыбынд асфальт бетіне борлармен сурет салу.**<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру. **Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | | |
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Қуыршақтар" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: әр түрлі ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына сай пайдалану дағдысын қалыптастыру; тамақтану кезінде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу. | | **"Көңілді шақпақтар" (бормен "классик" ойыны желісімен.)**<br>Мақсаты: балаларды екі аяқпен алға жылжи отырып секіру қабілетін дамыту; вестибуляр аппаратын, дене, аяқ бұлшық еттерін ұлғайту; зеректікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>Педагог асфальтқа шақпақтарды өзі салып, балаларды ойын мазмұнымен, шартымен таныстырады; шақпақ іздерін баспақ секіруді көрсетеді.<br>Сәбилер жәй ғана, 1-ден 10-ға дейін секіре алады.<br>(Ал ересек балалар тас лақтырып, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сол тасқа дейін секіріп, тасты алып кері қайтады.) | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Күз мезгіліне дайындықтар" атты тақырыпта ата-аналармен әңгімелесу. | | Кеңес: "Жұқпалы вирус ауыруын алдын-алу шаралары". | | |

Бекітемін

«Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының

меңгерушісі: С.К.Дуйсебекова

МКҚК «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының

Ортаңғы «Балдырған» (3 жастан бастап) тобының

2021-2022 оқу жылындағы

Жазғы сауықтыру переспективалық жоспары

Тәрбиеші: Б.Бегежан

М.Тұтқабекова

# 2021-2022 оқу жылының мектепке дейінгі  оқыту мемлекеттік стандарты бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің маусым айының жазғы сакуықтыру переспективасы «Балдырған» ортаңғы  тобы

| Тобы | Орта жас тобына арналған жазғы сауықтыру жоспары | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жылы мен айы | Маусым - **2022** ж. | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі | Денсаулық | *1* | Қатынас | *1* | Таным | *0,5* | Шығармашылық | *2* | Әлеумет | **0,5** |
| | Дене шынықтыру | 1 | Сөйлеуді дамыту | 0,5 | Құрастыру | 0,25 | Музыка | 1 | Қоршаған ортамен танысу | 0,5 |
| | | | Көркем әдебиет | 0,5 | Жаратылыстану | 0,25 | Сурет салу | 0,5 | | |
| | | | | | | | Жапсыру | 0,25 | | |
| | | | | | | | Мүсіндеу | 0,25 | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Кемпірқосақ қанатын жайды / Раскинула радуга крылья  (1-апта) - маусым, 2022ж. | | | | | |
| Мақсаты. Балалардың жаз мезгілінің құбылыстары туралы түсініктерін дамыту; жазғы ойындарға қызығушылықпен қатысуға дағдыландыру. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы,  мақсаты. | Дене шынықтыру<br><br>Тақырыбы: "Жарқын түсті кемпірқосақ"<br>Мақсаты: Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін дамыту; тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап,   отырып-тұрып домалату іскерліктерін жетілдіру. | Көркем әдебиет<br><br>Тақырыбы: "Адасқан құмырсқа" ертегісі<br>Мақсаты: Балаларға ертегіні әңгімелеп беру, шыдамдылық пен адамгершілік, достық сезімдеріне тәрбиелеу; есте сақтау қабілетін дамыту; тілдік қорын молайту; өз ойын ашып айтуға үйрету. | Жаратылыстану<br><br>Тақырыбы: "Кемпірқосақта қонақта"   Мақсаты: Табиғат құбылысы - кемпірқосақпен таныстыру; қоршаған әлемнің түстерінің әртүрлілігіне эмоционалдық сезім тудыру; түс атауы (қызыл, сары, жасыл, көк) туралы білімдерін бекіту; сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін, табиғат сұлулығын көре білу табиғатты құрметтей білуге | Музыка<br><br>Тақырыбы: "Кемпірқосақ - жайдарман"<br>Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре  айтуға дамыту. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін  жоғалтпауға тәрбиелеу. | - |
| | | | | Сурет салу<br><br>Тақырыбы: "Көрікті қала"<br><br>Мақсаты: Негізгі түстерді тануды үйретуді жалғастыру; балаларға сурет салу тәсілдерінің алуан түрлілігі жайлы түсінік беру; түсті құммен сурет салуды, түстер гаммасын таңдауды үйрету; түстерді қабылдауды, қолдың қимыл координациясын, есте сақтау қабілеттерін дамыту; мейірімділікке тәрбиелеу, туған | |
| | | | | | |
| Қалашық саламыз / Строим городок/(2-апта) - маусым, 2022ж. | | | | | |
| Мақсаты. Балаларды құм және тағы басқа құрылыс материалдары туралы білуге машықтандыру; құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыру; ойын компетенцияларын жетілдіру. | | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру<br><br>Тақырыбы: "Құммен ойнаймыз"<br>Мақсаты: Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып<br><br>өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дыбысталуын тыңдату; оқу қызметіне деген | Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:<br>"Менің қалам"<br><br>Мақсаты: Балаларға қала туралы түсінік беру,қаланың құрылысы туралы әңгімелеу, құрылысшылар туралы айту. | - | Музыка<br><br>Тақырыбы: "Біздің әсем қала"<br>Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның<br><br>атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. | Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы:<br>"Құм қалашығы" Мақсаты:<br>Балалардың құм туралы<br>білімдерін бекіту,құммен қарапайым тәжірибе жасай білу; қолдың ұсақ моторикасын дамыту, қиял мен<br><br>шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету; табиғатқа ұқыпты қарауға, қоршаған ортаға қызығушылық танытуға тәрбиелеу. |
| | | | | Мүсіндеу<br><br>Тақырыбы: "Туған қалам" түрлі-түсті тұзды қамырдан тақырыптық мүсіндеу.<br><br>Мақсаты: Қаламызда әр-түрлі үйлер, көшелер, дүкендер, дәріханалар,<br>кинотеатрлар бар екендігі туралы елестетулерді дамыту; тұзды қамырдан төртбұрышты, тікбұрышты, үшбұрышты заттар (дүкен, үйлер, кеңселер, кмнотеатрлар) жасауды үйрену; мүсіндеу тәсілдерін бекіту (тарту, тегістеу); үлгіні елестетуді, қиялдауды дамыту; өз қаласына<br>деген оң көзқарас тудыруға, өз қаласына | |
| | | | | | |
| Су / Вода-водица(3-апта) - маусым, 2022ж. | | | | | |
| Мақсаты. Балаларда іс-тәжірибелер мен ойындар арқылы судың қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; экологиялық білімді қалыптастыру; суға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру Тақырыбы:<br>"Су - тіршілік көзі"<br><br>Мақсаты: Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау; көлік түрлері туралы білімдерін толықтыру. | Көркем әдебиет<br><br>Тақырыбы: "Әтеш пен Тоты" украин халық ертегісі<br><br>Мақсаты: Балаларды ертегінің мазмұнын толық өз ойларын жеткізіп айтуға; байланыстыра сөйлеуге үйрету; балалардың бойына ертегі мазмұнын түсіндіріп, адамгершілік, мейірімділік, досқа<br>адал болу сезімін сіңіру; ертегі кейіпкерлерімен бірге қуану, ренжу сезімдерін ояту; өздерінің құрбы- | Құрастыру<br><br>Тақырыбы: "Үй құстарына арналған қоршау"<br>Мақсаты: Құрылыс материалының формаларын атау және біріктіру қабілетін қалыптастыру,<br><br>өз жобалары бойынша құрылыс жасауға деген ұмтылысты дамыту, қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу. | Музыка<br><br>Тақырыбы: "Бұлақтың сылдыры" Мақсаты:<br>Көңілді әуен арқылы көңіл күйді<br>сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.<br>Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу. | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Сурет салу<br><br>Тақырыбы: "Құстар қанатын жайды"<br>Мақсаты:<br>Алақанмен басу техникасымен таныстыру;<br>бояуды алақанға жылдам жағып, құстың қанатын алақанды бастыру арқылы салуды үйрету;<br>түстердің атауын нақтылау және бекіту; | |
| | | | | | |

Балапандардың ұшуды үйренуі / Как птенцы учатся летать (4-апта) - маусым, 2022ж.

Мақсаты. Құстардың жаз маусымындағы тіршілігі жайындағы түсініктерді дамыту; табиғатты аялауға, құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу; көркем сөз арқылы сөйлеу мәнерін қалыптастыру.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру Тақырыбы: "Көңілді секірейік"<br><br>Мақсаты: балаларда екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | Сөйлеуді да | - | Музыка<br><br>Тақырыбы: "Көңілді марш"<br>Мақсаты:<br>музыка мен қимылдардың<br><br>тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту<br>.<br>Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу;<br>балалардың | Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Құстар"<br><br>Мақсаты: балалардың қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды жіктей білуге үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы зейінді, сөйлеуді, көру қабілеттерін дамыту. Құстарға деген қамқорлықты, қиын жағдайда<br><br>оларға көмек беруге тәрбиелеу. |
| | | | | Жапсыру<br><br>Тақырыбы: "Көгалдағы балапан"<br>Мақсаты:<br>балаларға жапсырмалау туралы<br><br>түсінік беріп,<br>жапсырмалар жасауға үйрету,<br>балалардың ұсақ қол моторикасын, қиялын дамыту. «Көгалдағы балапан» жапсырып үйрету,<br>жырту әдісін қолдана білуге үйрету. | |
| | | | | | |

\

# 2021-2022 оқу жылының мектепке дейінгі оқыту мемлекеттік стандарты бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің шілде айының жазғы сакуықтыру переспективасы «Балдырған» ортаңғы тобы

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тобы | Орта жас тобына арналған жазғы сауықтыру жоспары | | | | | | | | | |
| Жылы мен айы | Шілде - 2022 ж. | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі | Денсаулық | 1 | Қатынас | 1 | Таным | 0,5 | Шығармашылық | 2 | Әлеумет | 0,5 |
| | Дене шынықтыру | 1 | Сөйлеуді дамыту | 0,5 | Құрастыру | 0,25 | Музыка | 1 | Қоршаған ортамен танысу | 0,5 |
| | | | Көркем әдебиет | 0,5 | Жаратылыстану | 0,25 | Сурет салу | 0,5 | | |
| | | | | | | | Жапсыру | 0,25 | | |
| | | | | | | | Мүсіндеу | 0,25 | | |
| | | | | | | | | | | |
| Нұрлы күн / Солнышко лучистое(1-апта) - шілде, 2022ж. | | | | | | | | | | |
| Мақсаты. Балалардың күн және жазғы құбылыстар жайында білуге дағдыландыру; ойындар арқылы денсаулықтарын нығайту, ойын компетенцияларын жетілдіру. | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру<br><br>Тақырыбы: "Тепе-теңдікті сақтайық" Мақсаты: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру | | Көркем әдебиет<br><br>Тақырыбы: "Мақтаншақ қоян" ертегісі<br>Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын түсініп, тыңдай білуге, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды түсіндіру; ертегіні мазмұндай алуға, рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. | | Жаратылыстану<br>Тақырыбы: "Шуақты күн"<br><br>Мақсаты: Күн сәулесінің барлық жер жүзін жылытатыны туралы білімдерін кеңейту; күннің сәулесісіз тіршілігі жоқ екенін түсіндіру; балалардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; күннің жер бетіндегі тіршілікке қажет екендігі туралы түсінік қалыптастыру. | | Музыка<br><br>Тақырыбы: "Күнбағыс"<br><br>Мақсаты: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту. | | - | |
| | | | | | | | Сурет салу<br><br>Тақырыбы: "Орманға жидек теруге барамыз"<br>Мақсаты: Балаларды жидектері бар бұталар бейнеленген үйлесімді композиция құруға үйрету; бейнелейтін заттың орналасу мағынасын түсінуді меңгерту; кеңістікті бағдарлау | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Жидектерден тосап қайнатамыз / Варим варенье из ягод / (2-апта) - шілде, 2022ж. | | | | | | | | | | |
| Мақсаты. Балаларды жидектер түрлерімен таныстыру, жазда жидектердің пісу кезеңі екенін байқауға баулу, жидектердің пайдасын білуге тарту; ойын компетенцияларын жетілдіру. | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру Тақырыбы: "Дәмді тосаптар"<br><br>Мақсаты: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүру дағдыларын дамыту; жидектерден жасалатын тосаптар туралы білімдерін арттыру; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту. | Сөйлеуді дамыту<br><br>Тақырыбы: "Орман жидектерін тереміз"<br>Мақсаты: Орманда өсетін және орман өсімдіктері туралы білімдерін бекіту. Жидектер туралы сөздік қорларын белсенділендіру,нақтылау. | - | Музыка<br><br>Тақырыбы: "Ән салған кім?"<br><br>Мақсаты: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту. | Қоршаған ортамен танысу<br><br>Тақырыбы: "Тосапты неден қайнатамыз?"<br>Мақсаты: Балалардың жидектер туралы, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсу орындары туралы, олардың түрлерімен, адам өміріндегі пайдасымен таныстыру; жидектер мен олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту, "жидектер" туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Мүсіндеу<br><br>Тақырыбы: "Жидегі бар себет" Мақсаты:<br>Есу әдісі арқылы ермексаздың кішкене бөлшектерінен жидектер, себет мүсіндеуді үйрену; сөйлеуді, логикалық | |
| | | | | | |
| Балалардың ойын-сауық әлемі / Мир детских развлечений / (3-апта) - шілде, 2022ж. | | | | | |
| Мақсаты. Балаларды жазғы ойындарға қызығушылықпен қатысуға баулу; жағымды қарым-қатынастарға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру<br><br>Тақырыбы: "Қуырмаш" саусақ ойынын ойнаймыз<br><br>Мақсаты: Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру дағдыларын қалыптастыру; | Көркем әдебиет<br><br>Тақырыбы: В. Маяковский "Жақсы деген немене, жаман деген немене?"<br><br>Мақсаты: Балаларға өмірдегі жақсы мен жаман қасиеттерді айыра білуге үйрету; тілдік қорларын молайту; ойлау қабілеттерін дамыту; жаман қылықтардан аулақ жүруге, жақсы игі | Құрастыру<br><br>Тақырыбы: "Көкөністер арналған себеттер"<br>Мақсаты: Балаларды санау таяқшаларын пайдаланып, үлгі бойынша құрастыруды үйрету, көкөністер туралы білімдерін кеңейту, үлгі бойынша жұмыс істеу қабілетін дамыту, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу. | Музыка<br><br>Тақырыбы: "Кел, би билейік!"<br><br>Мақсаты: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. | - |
| | | | | Сурет салу<br><br>Тақырыбы: "Дәрумендер қайда жасырылған?"<br>Мақсаты: Балаларды сурет салу техникасы - штампингпен (мөр басу) таныстыру; бейнеленетін затқа сәйкес түстерді таңдай білу, бейнені берілген жазықтықта орналастыра білу біліктілігін қалыптастыруды жалғастыру; жемістер жайлы олардың пішіні, түсі жайлы білімдерін бекіту; алма мен алмұрт бақшада | |
| | | | | | |
| Көкөністер дүкені / Овощная лавка 4-апта) - шілде, 2022ж. | | | | | |
| Мақсаты. Балалардың жемістер мен көкөністерді баптап өсіру еңбегі туралы ұғымдарын қалыптастыру, денсаулыққа пайдасы туралы ақпаратты есте сақтауға ықпал ету. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру<br><br>Тақырыбы: "Бірінші байлық-денсаулық"<br>Мақсаты: Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. | Сөйлеуді дамыту<br><br>Тақырыбы: «Көкөністерден көже жасау» (дидактикалық ойын)<br><br>Мақсаты: Көкөністердің атауларымен таныстыру.<br><br>Көкөністерді дұрыс айтуға үйрету | - | Музыка<br><br>Тақырыбы: "Сиқырлы дәрумендер"<br>Мақсаты: Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту. Музыкалық ойын барысында кейіпкердің<br><br>мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу | Қоршаған ортамен танысу<br>Тақырыбы: "Біздің көкөністер"<br><br>Мақсаты: Балалардың көкөністер туралы білімдерін бекіту, олардың атауларын нақтылау, түсін, пішінін, түр сипатынан ажырата білуге үйрету; байқағыштық пен қызығушылықтарын, байланыстырып сөйлеулерін дамыту; тірі табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Жапсыру<br><br>Тақырыбы: "Себеттегі көкөністер"<br><br>Мақсаты: Балаларды шаршы мен сопақшаның бұрыштарын дөңгелете кесуге үйрету; балалардың қайшыны дұрыс ұстау және шығармашылық жұмыстар жасау қабілеттерін нығайту; дүкен туралы түсінік беру; жапсыруға арналған бөлшектерді параққа өз бетімен жабыстыру қабілетін дамыту; ауызша | |
| | | | | | |
| Жазғы гүлдер / Летние цветы / (5 апта) - шілде, 2022ж. | | | | | |
| Мақсаты. Балалардың жазғы гүлдер, жәндіктер туралы ұғымдарын дамыту; байқампаздыққа, эстетикалық талғам негіздерін тәрбиелеу. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру Тақырыбы: "Хош иісті гүлдер"<br><br>Мақсаты: Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдысын қалыптастыру; тура нысанаға оң қолмен тік нысанаға көздеп лақтыруға үйрету; дене шынықтыру жабдықтары мен құралдарын пайдалану қызығушылықтарын | Көркем әдебиет<br><br>Тақырыбы: А. Байғабылова "Ойыншықтар" (жатқа айту)<br><br>Мақсаты: Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін жалғастыру; өлеңнің мазмұнын түсініп, мәнерлеп жатқа айтуға үйрету; есте | Жаратылыстану<br><br>Тақырыбы: «Гүл шалғынына саяхат»<br>Мақсаты: Гүлдерді жалпы және айрықша<br><br>белгілерді көрсете отырып салыстыру;гүлдерге тән ерекшеліктерін анықтау; тәрбиешінің көмегімен, тірек сызба бойынша шағын әңгіме | Музыка<br><br>Тақырыбы: "Қоңыраулар үні"<br><br>Мақсаты: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен | - |
| | | | | Сурет салу<br><br>Тақырыбы: "Әдемі гүлдер ашылды"<br>Мақсаты: Балаларды дәстүрден тыс -<br><br>умаждалған қағазды бастыру техникасы арқылы сурет салумен таныстыруды жалғастыру; композиция құрастыра білуді үйрету; ұсақ қол моторикасын жетілдіру; жаңа сурет салу тәсіліне | |
| | | | | | |

# 2021-2022 оқу жылының мектепке дейінгі  оқыту мемлекеттік стандарты бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің тамыз  айының жазғы сакуықтыру переспективасы «Балдырған» ортаңғы  тобы

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тобы | Орта жас тобына арналған жазғы сауықтыру жоспары | | | | | | | | | |
| Жылы мен айы | Тамыз - 2022 ж. | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі | Денсаулық | 1 | Қатынас | 1 | Таным | 0,5 | Шығармашылық | 2 | Әлеумет | 0,5 |
| | Дене шынықтыру | 1 | Сөйлеуді дамыту | 0,5 | Құрастыру | 0,25 | Музыка | 1 | Қоршаған ортамен танысу | 0,5 |
| | | | Көркем әдебиет | 0,5 | Жаратылыстану | 0,25 | Сурет салу | 0,5 | | |
| | | | | | | | Жапсыру | 0,25 | | |
| | | | | | | | Мүсіндеу | 0,25 | | |
| | | | | | | | | | | |
| Орман ертегілері / Лесные сказки / (2-апта) - тамыз, 2022ж. | | | | | | | | | | |
| Мақсаты. Балалардың ағаш, бұта, гүлдерді бақылап, ажыратуға машықтандыру; көркем сөзге, ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру. | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру<br><br>Тақырыбы: "Әртүрлі бағыттарда жүгіру"<br>Мақсаты: Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру; допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта   лақтыру дағдыларын дамыту; оқу қызметін пысықтау. | | Сөйлеуді дамыту<br><br>Тақырыбы: "Орман  тұрғындары"<br>Мақсаты: Жұмбақтар шешу арқылы жануарларды тануға,атауға үйрету.<br><br>Жануарлардың аттарын жеке атап,топтастыра білуге үйрету. | | - | | Музыка<br><br>Тақырыбы: "Ғажайып әлемі"<br><br>Мақсаты: «Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралы ұғым беру.  Балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | | Қоршаған ортамен танысу<br>Тақырыбы: "Аңдардың төлдері"<br><br>Мақсаты: Орман мекендеушілері туралы білімдерін бекіту: жануарларды түр сипатынан айыра білу, орман мекендеушілері арасында қарапайым байланыс орната білу қасиеттерін дамыту, олардың өміріне қызығушылық және сезімтал көзқарас тудыру; көру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын | |
| | | | | | | | Мүсіндеу<br><br>Тақырыбы: "Алтын балық" (ермексазбен сурет салу)<br><br>Мақсаты: Балаларды ермексазбен дәстүрлі емес тәсілдермен жұмыс істеуді үйретуді жалғастыру; ұсақ қол маторикасын дамыту; өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту; тегістеу, қосектен үзіп алу; | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Жазғы аула ойындары / Летние дворовые игры (3-апта) - тамыз, 2022ж. | | | | | | | | | | |
| Мақсаты. Балаларды аула ойындарына белсене қатысуға баулу; денсаулықтарын нығайту; ойын компетенцияларын жетілдіру. | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру Тақырыбы: "Көңілді ойындар"<br><br>Мақсаты: Балаларда бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелеу және бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсу жаттығуларын жасаудағы дағдыларын дамыту | Көркем әдебиет<br><br>Тақырыбы: В. Сутеев "Үш мысық" (әңгімелеу)<br>Мақсаты: Балаларды әңгімені зейін қойып тыңдауға үйретуді жалғастыру; әңгімені мазмұндай білуге үйрету; тілдерін дамыту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; сөздік қорларын молайту; анық, көркем сөйлеуге тәрбиелеу | Құрастыру<br><br>Тақырыбы: "Үй жануарларына арналған үйлер"<br>Мақсаты: Құрастыру үшін қажетті бөліктерді атау және таңдау қабілеттерін дамытуға ықпал ету, көмектесуге деген ықыласты тәрбиелеу, үй жануарлары туралы білімдерін бекіту. | Музыка<br><br>Тақырыбы: "Денсаулық әуені"<br><br>Мақсаты: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру.<br>Белсенділікке, ынтымақтастық қабілеттілікке | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Сурет салу<br><br>Тақырыбы: "Көңілді доп"<br><br>Мақсаты: Балаларға сурет салудың дәстүрлі емес тәсілдерін үйретуді жалғастыру; дөңгелек пішінді заттар жайлы түсініктерін қалыптастыру; негізгі үш түс жайлы білімдерін бекіту: мақта таяқшаларымен біркелкі бастыру біліктіліктерін дамыту, өз жұмыстарынан нәтиже шығаруға | |
| | | | | | |
| **Менің үй жануарым / Мой домашний питомец /(4-апта) - тамыз, 2022ж.** | | | | | |
| Мақсаты. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін дамыту; қамқорлыққа тәрбиелеу. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру<br><br>Тақырыбы: "Сүйікті үй жануарым"<br><br>Мақсаты: Балаларда жіптен бір жанымен аттап секіру және қиғаш тақтайдың үстімен төрт тағандап, тізе мен саусаққа сүйеніп жаттығулар жасау техникаларын бекіту; оқу қызметін пысықтау; сап түзеп бірінің артынан бірі | Сөйлеуді дамыту<br><br>Тақырыбы: "Менің сүйікті үй жануарым"<br>Мақсаты: Балалардың жалпы үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, пысықтау. | - | Музыка<br><br>Тақырыбы: "Аңдар әлеміне саяхат"<br>Мақсаты: Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. | Қоршаған ортамен танысу<br><br>Тақырыбы: "Біздің жанымызда не мекендейді?"<br>Мақсаты: Балаларға үй жануарлары (мысық, ит) туралы түсінік қалыптастыру, жануарлар денесінің бөліктері туралы білімді бекіту; балалардың сөздік қорын байыту (үй жануарларының сыртқы ерекшеліктері мен әдеттері), зейінді, жұмбақтарды шеше білуді |
| | | | | Жапсыру<br><br>Тақырыбы: "Менің кішкентай мысығым"<br>Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту; бірнеше бөліктерден мысық бейнесін құрастыруды, пішінін анықтауға үйрету; пішіндерді 2 бөлікке кесіп (шаршыны - үшбұрышқа), төртбұрышты дөңгелектеуге (бұрыштарды қиып) түрлендіру қабілетін қалыптастыру, қиялы, ұсақ және жалпы | |
| | | | | | |
| **Біз өте татумыз / Какие мы дружные (1-апта) - тамыз, 2022ж.** | | | | | |
| Мақсаты. Балаларды ойындар барысында ұйымшыл болуға тәрбиелеу; денсаулықтарын нығайту. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру<br><br>Тақырыбы: "Татулық табылмас бақыт"<br>Мақсаты: Балаларда арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын жетілдіру; қимыл белсенділігін дамыту. | Көркем әдебиет<br><br>Тақырыбы: С.Көбеев "Құстың ұясы" Мақсаты: Балаларды әңгіменің мазмұны бойынша сұрақ қойып, дұрыс жауап беруге дағдыландыру; жағымды жағымсыз қылықтарды ажырата алуды үйрету; сөздік қорларын, тілін, шығармашылық қабілетін | Жаратылыстану Тақырыбы:<br>"Достық үйшігі"<br><br>Мақсаты: Балалардың бойына достық құндылықтарын сіңіруді жалғастыру; өзара татулық сезімдерін дамыту; достық туралы өлеңдерді қайталау. | Музыка<br><br>Тақырыбы: "Көңілді балалар"<br><br>Мақсаты: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнай отырып, мимика, пластик көмегімен музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Сурет салу<br><br>Тақырыбы: «Жаз» ұжымдық жұмыс Мақсаты: Балаларды ұжымдық сурет салуды үйретуді жалғастыру, мезгілінің қызықтары<br><br>жайлы түсініктерін қалыптастыру; дәстүрлі емес тәсілдермен сурет салу біліктіліктерін бекіту; көркемдік құрал-жабдықтарды таңдау біліктіліктерін дамытуды жалғастыру; нәтижелі ұжымдық жұмыс жасауға қызығушылықтарын арттыру; эстетикалық талғамдарын жетілдіру, ұжымдық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | |
| | | | | | |

Бекітемін

«Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының

меңгерушісі: С.К.Дуйсебекова

МКҚК «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының

Ортаңғы «Балдырған» (3 жастан бастап) тобының

2021-2022 оқу жылындағы

Жазғы сауықтыру циклограмасы

Тәрбиеші: Б.Бегежан

М.Тұтқабекова

# 2021-2022 оқу жылының мектепке дейінгі оқыту мемлекеттік стандарты бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің маусым айының жазғы сауықтыру циклограммасы «Балдырған» ортаңғы тобы

| Ортаңғы топ | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | №1 | | | | |
| Күндері | 30.05 - 03.06.2022ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Кемпірқосақ қанатын жайды / Раскинула радуга крылья | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы «Балдырған» ортаңғы тобы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Бегежан Бейбіткүл Тұтқабекова Мейрамкүл | | | | |
| | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| | | | | | |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br><br>Ата-аналармен сұхбат. | Тәрбиеші балаларды қабылдайды. Балабақша және сүйікті ойыншықтар туралы әңгімелесу. Балаларда достық қарым-қатынасты қалыптастыру және дамыту. | | | | |
| Еңбекке баулу | Ойыншықтарды жинау.<br>Мақсаты: тәртіп орнатуға үйрету, тапсырылған іс үшін жауапкершілікті қалыптастыруға тәрбиелеу. | Оқу бұрышындағы кітаптарды ретпен орнына қою.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа үйрету, кітаптарға таза, ұқыпты қарауға дағдыландыру. | Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.<br>Мақсаты: балыққа қамқорлық жасауға үйрету, аквариумдағы балықтың әдеттеріне қызығушылық тудыру. | Ойыншықтарды ретке келтіру (тәрбиешімен бірге).<br>Мақсаты: балаларға ойын сөрелеріндегі реттілікті сақтауға, ойыншықтарды орнына қоюға үйрету. | Бөлме өсімдіктерін суару.<br>Мақсаты: бөлме өсімдіктеріне дұрыс қарауға, су құйғыштың тұмсығын өсімдік өскен ыдысқа тіреп, суаруға баулу. |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар.<br>Мақсаты: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге дағдыландыру.<br>"Шапалақты тыңда"ойыны.<br>Мақсаты: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасауға баулу.<br>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. | Саусаққа арналған жаттығу: "Сәлем". Мақсаты: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Сәлемдесем әрдайым (Екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және бақшада (Екі қолдарын алға жаяды)<br>Тіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттары" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)<br>Қасымдағы көршіме. (Бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды)<br>"Қарама-қайшылық" жаттығуы.<br>Мақсаты: сөздік қорларын кеңейту, карама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануға үйрету.<br>Ойын құралы: доп.<br>Тәрбиеші белегілі бір сөзді айтады: мысалы - "ауыр" деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады. Допты қағып алған бала, ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек, т.с.с. | Саусақ жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды қимылдарды мәтін жолдарына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, елестету, ойлау қабілетін дамыту.<br>Шаршы бұрышын құрайық,<br>Саусақ ұштарын қосайық.<br>Бір, екі, үш, төрт.<br>Бір, екі, үш, төрт.<br>Бір, екі, үш, төрт.<br>Бір, екі, үш, төрт.<br>Төрт бұрыштар жиналып,<br>Бір пішінге құрылды.<br>Үстел үсті ойыны: "Суретті құрастыр". Мақсаты: бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруды дағдыландыру; балалардың қабылдауын, байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. | Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар.<br>Мақсаты: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>"Шапалақты тыңда" ойыны.<br>Мақсаты: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. | Саусаққа арналған жаттығу: "Сәлем". Мақсаты: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Сәлемдесем әрдайым (Екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және бақшада (Екі қолдарын алға жаяды)<br>Тіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттарын" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)<br>Қасымдағы көршіме. (Бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды)<br>Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.<br>Мақсаты: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>"Кемпірқосақ".<br>Кемпірқосақ көпірдей<br>Аспан жарып туыпты.<br>Жердің екі бетіне<br>Жеті жеңін жауыпты.<br>Д. Ахметова. |
| Таңғы жаттығу | Таңғы жаттығу: "Достық".<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз.<br>Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз.<br>Балалар рақмет айтып тамақтануға кіріседі. | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Кесе,шыны,пияла<br>Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. |
| Ойындар, оқу қызметіне | | ҰОҚ даярлық мақсатымен жүргізілетін ойындар және жаттығулар | | | |
| дайындық | "Кім сені шақырды, тап" ойыны. Мақсаты: басқа адамды дауысынан танып үйрету.<br>Құрал: арнайы құрал керек емес.<br>Ойын барысы. Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға тұрып, көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада тұрған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге тұрады – шақырған бала ортаға тұрады. | "Кемпірқосақ" ойыны.<br>Мақсаты: ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Балалар ортаға шығып түстерді айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай түс айтқанын айтып береді. | "Кім сені шақырды, тап" ойыны.<br>Мақсаты: басқа адамды дауысынан танып үйрету.<br>Құрал: арнайы құрал керек емес.<br>Ойын барысы. Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға тұрып, көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада тұрған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге тұрады – шақырған бала ортаға тұрады. | "Ақ шамшық" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тасланған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды. | "Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. |
| Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ | Жаратылыстану<br>Тақырыбы;"Кемпірқосақ та қонақта"<br>Мақсаты: Табиғат құбылысы - кемпірқосақпен таныстыру; қоршаған әлемнің түстерінің әртүрлілігіне эмоционалдық сезім тудыру; түс атауы (қызыл, сары, жасыл, көк) туралы білімдерін бекіту; сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін, табиғат сұлулығын көре білу табиғатты құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>«Кемпірқосақ» саусақ жаттығуы. | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы; "Жарқын түсті кемпірқосақ"<br>Мақсаты: Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін дамыту; тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін жетілдіру.<br>"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны. | Көркем әдебиет<br>Тақырыбы;"Адасқан құмырсқа" ертегісі<br>Мақсаты: Балаларға ертегіні әңгімелеп беру, шыдамдылық пен адамгершілік, достық сезімдеріне тәрбиелеу; есте сақтау қабілетін дамыту; тілдік қорын молайту; өз ойын ашып айтуға үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Қай ертегі?". | Сурет салу<br>Тақырыбы;"Көрікті қала"<br>Мақсаты: Негізгі түстерді тануды үйретуді жалғастыру; балаларға сурет салу тәсілдерінің алуан түрлілігі жайлы түсінік беру; түсті құммен сурет салуды, түстер гаммасын таңдауды үйрету; түстерді қабылдауды, қолдың қимыл координациясын, есте сақтау қабілеттерін дамыту; мейірімділікке тәрбиелеу, туған қаласының сұлулығына жағымды эмоцияларын ояту. | Музыка<br>Тақырыбы;"Кемпірқосақ - жайдарман"<br>Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.<br>«Балақан да алақан» дидактикалық ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | Күнді бақылау.<br>Мақсаты: жаз мезгіліндегі күн туралы мәлімет беру; жаз мезгілінде киілетін киімдердің атауларын пысықтау; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Ар жағында орманның,<br>Ар жағында таулардың,<br>Алтын кеспек домалар. (Күн.)<br>- Балалар, қарандаршы? Күн қайда орналасқан? (Күн аспанда орналасқан.)<br>- Күннің нелері бар? (Сәулелері бар.)<br>- Күн қалай қыздырады? (Күн қатты қыздырады. Бүгін күн ыстық.)<br>- Балалар, сендер қайдан білдіңдер, күннің ыстық екенін? Өйткені біз жазғы киімдермен жүрміз. Күндізкүнжоғарыдатұрғандықтан,күныстық болады, ал таңертең мен кешке күн салқын болады. Күн көзі төмендейді.<br>"Жұбыңды тап" ойыны.<br>Мақсаты: зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар тізіліп тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау. Мақсаты: балаларды еңбекке баулу, қол еңбгіне қажет материалдарды жинау.<br>"Допты ұстап ал" қимылды ойыны. Мақсаты: допты екі қолмен ұстап алуға дағдыландыру;ептілік пен шапшаңдықтарын дамыту.<br>Балалардың еркін ойыны. | Көбелекті бақылау.<br>Мақсаты: көбелектің қимылын, түр-түсі, қанаттарын бақылап, тіршілігі жайындағы мағлұматты алуға дағдыландыру; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Гүл ұшып гүлге қонады,<br>Гүл бақшам гүлге толады. (Көбелек.)<br>Бақылау барысы:<br>Балалар, жаз келді. Барлық жәндік атаулы оянды.<br>- Қазір сендермен бірге, көбелекті бақылап көрейік.<br>Гүлге қонып отырған көбелекті қарайықшы.<br>Қарандаршы, көбелекте не бар? (Қанаттар.)<br>Қанаттарында әдемі өрнектер бар екен.<br>Көбелекті қанатынан ұстауға болмайды, өйткені олар өте нәзік.<br>Қанаттары сынып, ұша алмай қалады.<br>"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың аң-құстардың, үй жануарлырының тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту.<br>Құралдар: ан-құстарды, үй жануарлырының және мекедерінің суреттері.<br>Еңбек әрекеті: құрғақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсаты: қол еңбекке баулу.<br>Қимылды ойын "Маған қарай жүгіріңдер"<br>Мақсаты: тәрбиешінің белгісімен әрекет жасауға үйрету.<br>Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс:<br>"Жоғары - төмен".<br>Мақсаты: жылдамдықты дамыту, бір-бірлеріне кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. Балалардың еркін ойыны. | "Бақбақ" гүлін бақылау.<br>Мақсаты: "бақбақ"гүлі жайындағы түсініктерді тиянақтау; гүлдер әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Өзіне шап-шақ,<br>Киген қалпағы аппақ.<br>Балалар тұр қаптап. (Бақбақ.)<br>Бақылау барысы:<br>- Балалар, қарандаршы? Мынау не?<br>- Дұрыс. Бұл "бақбақ" гүлі.<br>- Гүлдің құрылымына қарап, қандай бөлшектері бар екендігін байқауға болады? (Қалпағы мен сабағы болады.)<br>- Бақбақтың қалпағы дөңгелек, ақ және үлпілдек. Егер үлпілдекті үрлесең, ұқса үлпілдіктерге қадалған дәндер ұшып кетеді (Тәрбиеші үрлеп көрсетеді).<br>- Сабағы қандай? (Сабағы жіңішке, ұзын, жасыл.)<br>- Балалар, жаңбыр жауар алдында, бақбақ өзінің күлтелерін жинап алады, ал күннің көзі шыққан кезде қайтадан ашады.<br>Еңбек әрекеті: гүлзарларды құрғақ жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: еңбекке баулу, берілген тапсырмаларды мұқият орындауға үйрету.<br>"Жел мен гүлдер қимылды ойыны. Мақсаты:ептілік пен шапшаңдықты дамыту, алаңның қарсы бөлігіне қуғыншыдан асқанептілікпен қашып өтуге машықтандыру. Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс:<br>кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар.<br>"Кегльді қағып ал" жаттығуы.<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Балалардың еркін ойыны. | Көшеде кетіп бара жатқан көліктерді бақылау.<br>Мақсаты: балаларға жеңіл және жүк көлігін ажырата білуге үйрету, байқағыштықты дамыту, өз ойларын дұрыс жеткізе білу.<br>Балалармен көшеде кетіп бара жатқан көліктерді қарастыру, оларды жүк, жеңіл көліктерге жіктеуді үйрену.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында қаны жоқ:<br>Май жейді,су ішеді.<br>Бұл не екен балалар? (Көлік.)<br>Еңбек әрекеті: учаскені ұсақ бұтақтар мен тастардан тазарту.<br>Мақсаты: балаларды еңбекке баулу.<br>"Көліктердің дыбысын ажырат" ойыны.<br>Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, есте сақтау қабілетін арттыру, байқампаздыққа баулу.<br>Әр түрлі көліктердің дыбыстарын тәрбиеші балаларға тыңдатқызады. Балалар ажыратуға тырысады.<br>"Көлік пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.<br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>Балалардың еркін ойыны. | Торғайды бақылау.<br>Мақсаты: торғайдың сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімді тереңдету, балалардың назарын және есте сақтауын дамыту.<br>Балаларға сұрақтар:<br>- Балалар, торғай қандай?<br>- Ол немен қоректенеді? Шоқиды ма, жейді ме? Неге?<br>- Қалай дыбыстайды?<br>Торғай – кең далада тіршілік ететін әнші құс.<br>Денесі сопақша, басы дөңгелек, тұмсығы үшбұрышты, қанаты ұзын, сұрғылт, боз түсті болып келеді.<br>Тақпақ.<br>Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі бұлтиып,<br>Шық-шық етіп отырмақ.<br>Еңбек әрекеті: учаскедегі гүлзарларды тазалау<br>Мақсаты: еңбекке дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру.<br>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар аланда!" - создері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыс.<br>Мақсаты: кеңістікте бағдарлауды дамыту (бір-біріне итерместен жүгіру).<br>Балалардың еркін ойыны. |
| Серуеннен оралу | Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру.<br>"Таза сумен Арман,<br>Беті-қолын жуды.<br>Оған қарап Балжан,<br>Суға қолын созды. | | | | |
| Түскі ас | Балалардың назарын тамаққа аудару; тамақтану мәдениетін қалыптастыру, үстел үстіндегі өз-өзін ұстау ережелерін үйрету. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау, тыныштандыратын әуен қосу. | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары | Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Лақтарша біз ойнақтап,<br>Тастан - тасқа секіріп,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанымызды уқалаймыз. | | | | |
| Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балалардың назарын тамаққа аудару; тамақтану мәдениетін қалыптастыру, үстел үстіндегі өз-өзін ұстау ережелерін үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | "Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.<br>балаларды кеңістіктікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият карауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмып, артқа карауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды. Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсыңдар деп. Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді.<br>Үстел театры "Шұбар тауық" ертегісі.<br>Мақсаты: балаларды ертегіні мұқият тыңдауға және көруге, кейіпкерлердің қылықтарын бақылауға, ертегілерге деген сүйіспеншілікті арттыруға үйрету | "Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші балаларға:<br>- Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып береді.<br>"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, тағам түрлерінің ойыншықтары, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.<br>Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру.<br>Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.<br>Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді.<br>Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді. Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды. | "Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту.<br>Құрал-жабдықтар: ойыншықтар.<br>Ойын барысы<br>Тәрбиеші балалардың кез-келгенінен көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды және қапшыққа балаларға таныс ойыншық немесе зат салады.<br>Ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған затты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды.<br>"Бауырсақ" ертегісін сахналау.<br>Мақсаты: Ертегі мазмұның балалардың естеріне түсіріп,сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау. Тіл байлықтарын дамыту. Артистік өнерге машықтандыру, дауыс ырғағын өзгерте отырып, кейіпкерлердің дауысына сала білуге үйрету.<br>Ойын барысы:<br>Автор: Ерте-ерте-ертеде шал мен кемпір тұрыпты. Бір күні шал кемпіріне айтады.<br>Шал(1-бала): Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берші.<br>Кемпір(2-бала): Неден пісірейін? Ұн жоқ қой.<br>Шал: Әй, кемпір, қойманың түбін қырып көрсең. Бір бауырсақ пісіретін ұн табылар.<br>Автор: Кемпір солай істеді. Қойма түбін қырып-қырып екі уыс ұн табады да. Қаймақ қосып, қамыр илейді. Бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына суытуға қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан домалап түсіп, жолға шығып, домалап кетеді. Жолда домалап келе жатса, алдынан қоян шығады.<br>Қоян(3-бала): Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!<br>Бауырсақ(4-бала): Жоқ, сен мені жеме, қоян, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші.<br>Әже қойма қырнаған,<br>Екі уыс ұн жинаған,<br>Қаймаққа илеген,<br>Майға пісірген,<br>Терезе алдына суытқан,<br>Бауырсақпын домалақ!<br>Атадан кеттім,<br>Әжеден кеттім,<br>Қоян сенен де кетемін!<br>Автор: Бауырсақ алға қарай домалап кетеді, қоян қалып қояды. Бауырсақ орман ішіиен домалап келе жатқанда, алдынан қасқыр шығады.<br>Қасқыр(5-бала): Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!<br>Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші.<br>Бауырсақтың әні.<br>Автор: Бауырсақ домалап кетеді. Қарсы алдынан қорбандап аю шығады.<br>Аю(6-бала): Әй, бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!<br>Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші.<br>Бауырсақтың әні.<br>Автор: Бауырсақ домалап кетеді, аю қалып қояды.<br>Бауырсақ зымырап келе жатса,<br>алдынан түлкі шыға келеді.<br>Түлкі(7-бала): Амансың ба, бауырсақ!<br>Көргендерге ұнайсың, қандай әдемісін!<br>Автор: Бауырсақ қуанып, өлеңін айта бастайды.<br>Түлкі болса тыңдаған болып,<br>білдірмей бауырсаққа жақындап отырады.<br>Бауырсақ: Әже қойма қырнаған,<br>Екі уыс ұн жинаған,<br>Қаймаққа илеген,<br>Майға пісірген,<br>Терезе алдына суытқан, | "Кім қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: сөйлеуді дамыту, сөздерді дұрыс пайдалануға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: жануарлардың ойыншықтары: әтеш, торай, балапан, мысық, күшік.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші балаларға аудиожазба арқылы жануарлардың дауыстарын тыңдатқызады.<br>Тәрбиеші:<br>- Кукареку! Бұл не? Қандай дыбыс шығарып тұр. Бұл әтеш.<br>- Хрю-хрю-хрю... Бұл не? Торай. Ол қандай? жалқау.<br>- Шиқ-шиқ... Бұл не? Балапан.Ол не істейді? Шиқылдайды.<br>- Мияу-мияу... Бұл не? Мысық. Ол не істейді? Мяулайды.<br>- Ав-ав... Бұл не? Ол не істейді? Үреді.<br>"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: балаларға ойыншықтарды жалпы белгілер бойынша жіктеуге үйретуді жалғастыру, диалогтық сөйлеуді дамыту, өзара көмек сезіміне тәрбиелеу, балалардың сөздік қорын кеңейту, сенімділіктерін арттыру.<br>Құрал-жабдықтар: дүкенде сатып алуға болатын барлық ойыншықтар, сөрелер, сөмкелер, ақша.<br>Тәрбиеші балаларға ойыншықтар дүкенін ыңғайлы жерде орналастыруды ұсынады.<br>Сатушы тәрбиешінің өзі, сатып алушы балалар болады. Сатып алушылар дүкенге ойыншықтар үшін келеді, таңдайды, төлейді. Ойын барысында тәрбиеші балалардың дүкендегі мінез-құлықтың негізгі ережелерін білуіне назар аударуы керек. | "Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны. Мақсаты:<br>Мақсаты: балаларды "орнына қою", "орнына апару" етістіктерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету.<br>Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы (әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды.<br>- Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз (үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады)<br>- Қуыршаққа қараңыз, ол не істейді?(қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады) " - - Ия, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады?<br>-Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар.<br>- Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады.<br>"Аурухана"сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету. |

Бауырсақпын домалақ!

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Серуенге жиналу кезінде балаларға<br>белгілі бір реттілікпен киюді түсіндіру.<br>Ауладағы қауіпсіздік шараларын түсіндіру. | Серуенге жиналу кезінде балаларға<br>белгілі бір реттілікпен киюді түсіндіру.<br>Ауладағы қауіпсіздік шараларын түсіндіру. | Серуенге жиналу кезінде балаларға<br>белгілі бір реттілікпен киюді түсіндіру.<br>Ауладағы қауіпсіздік шараларын түсіндіру. | Серуенге жиналу кезінде балаларға<br>белгілі бір реттілікпен киюді түсіндіру.<br>Ауладағы қауіпсіздік шараларын түсіндіру. | Серуенге жиналу кезінде балаларға<br>белгілі бір реттілікпен киюді түсіндіру.<br>Ауладағы қауіпсіздік шараларын түсіндіру. |
| Серуен | Күнді бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: серуендеуге, күнге деген қызығушылықты ынталандыру.<br>Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру.<br>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Шарты: балалар күн дегенде барлығы  қыдыруға шығады. Ал «жаңбыр» дегенде ашқан қолшатырдың айналасына жиналады.<br>"Кегльді қағып ал" жаттығуы.<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | Көбелекті бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: көбелектің қимылын, тіршілігі бақылауға дағдыландыру; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Көбелек-ау, көбелек,<br>Әдемісің, гүлдейсің.<br>Ұстап сені не керек,<br>Ойнамайсың күлмейсің.<br>"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар.<br>"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>Еңбек тапсырмасы: құмды құмсалғыштың шетінен құмды ішке қарай сыпыру. Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | Бақбақ гүлін бақылауды жалғастыру. Мақсаты: бақбақ туралы түсініктерді тиянақтау; гүлдерге деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, мен сендерге осы "Бақбақ" гүлі туралы ертегі оқып берейін,мұқият тыңдайық.<br>Көктем келді. Бір күні көгал арасынан кішкентай бақбақ гүлі шығып жан-жағына қарап:<br>- Қызық! Ертең мен өскенде қандай болар едім? - деп ойланады. Бір кезде жай жаңбыр жауады, бақбақ оданда жоғары өсіп, аспандағы күнді көреді.<br>- Мәссаған! Анау күн секілді жап жарық болып өссем ғой? - деп армандайды. Оны естіген күн жымия төменге қарап, бақбақ гүлді сары түске айналдырады. Күн сайын ол сарғайып жәндіктердің күні болады.<br>Арада күндер өтеді бақбақ гүлі аспанда жылжып бара жатқан аппақ,үлпілдеген бұлттарды көреді.<br>- Мәссаған! Менде анау бұлттар секілді аппақ болсам ғой! - дейді. Жоғарыдағы бұлттар төменге қарап, әлгі бақбақты аяғы бар бұлтқа айналдырады. Кенеттен жел соғып бұлттар жан-жаққа ұша бастайды, алыс-алыс жерлерге. Бірақ ұшқан бұлттар қонған жерлерінде алдымен сары күн түстес, содан соң ақ бұлт түстес болып, осылайша бақбақ гүлдері пайда болған екен.<br>"Кім біріniші?" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды тура бағытта белгі бойыгша жылдам жүгіруге машықтандыру; шапшақдыққа, зеректікке, достық қарып-қатынастарға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагогтің белгісі бойынша балалар тура бағытта, белгіленген межеге дейін жүгіріп баруы керек. Ең бірінші болып межеге жеткен топ балалары, жеңіске жетеді. Педагог барлық жұптарды мақтайды.<br>Жүгіру жолы балалар үшін қауіпсіз болуын педагог ескеру керек.<br>Еңбек тапсырмасы: құның бетін ұсқа қоқым, бұтақтардан тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | Көліктерді бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: балалардың назарын кешке балабақшаға келетін көліктерге аудару; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Бұл көліктердің көпшілігі -жеңіл көліктер. Жеңіл көліктер жайлы мәлімет беру.<br>"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.<br>"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады.<br>Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.<br>Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар.<br>Еңбек тапсырмасы: кураған жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | Торғайды бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: торғай туралы түсініктерді жетілдіру; зеректікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br><br>Таспен атып торғайды<br>Ұя бұзған оңбайды.<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбайды.<br>"Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Алғашында "мысық" рөлін педагог атқарып, кейін балалар арасынан таңдалады.<br>"Торғайлар" белгілі жерге жиналады немесе орындықтарға отырады; бұл жер "торғайлардың ұясы".<br>Педагогтің: "Торғайлар, ұшыңдар! Жемді шоқыңдар!" деген нұсқау-белгісі бойынша балалар жүгіріп келіп, топғайлардың қимылдарына еліктеп, "ұшып жүргенін, отырып, жемді шоқығанын" көрсетіп, ойнайды.<br>Педагогтің: "Абайлаңдар, мысық ыршып алмасың! (дегенге - балалар бастапқы орындарына, бір-біріне соғылмай жүгіреді.<br>Балалардың белгілі орынға жүгіру барысында, олардың арасынан қолмен ақырын түртіп, "ұстап алуға" болады. Бұндай әрекетті "мысық" болған бала да жасай алады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Құралдары: "мысыққа" - маска, "торғайларға" медальондар.<br>Еңбек тапсырмасы: құмды құмсалғыштың шетінен құмды ішке қарай сыпыру. Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу | "Түрлі-түсті моншақтар" жаттығуы" Мақсаты: негізгі түстер (көк, қызық, сары. жасыл | "Түстер туралы ертегі" оқып беру.<br>)Мақсаты: балаларды көркем сөзді мұқият тыңдап, мазмұнын дұрыс түсінуге баулу.<br>Ерте, ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде қызыл, сары, көк бояулар өмір сүріпті. Олар өте тату-тәтті болыпты. Күндердің күндері олар қызықты оқиғаларға тап болады. Бір күні қызыл түс сары түске қонаққа келеді. Бір мезетте үй ішіндегі шам сөніп қалады. Түстер бір-бірімен соқтығысып жүрген кезде. Тағы бір түс пайда болады. Ол түс Қызғылт сары түс екен. Жаңбыр жауып тұрған кезде болған оқиға Көк бояу мен кіші қарындасы Сары бояу жаңбырдан қорқып, емен ағашының астына тығылады. Жаңбыр қатты жауғаннан бояулары езіле бастайды, олардың бояулары араласқан кезде Жасыл бояу пайда болады. Ары қарай мынандай жағдай болды. Көк түс өзінің қуанышын бөлісейін деп осы қуанышымен Қызыл бояумен бөліспек болып, Қызыл бояуды құшақтап алғанда Күлгін түс пайда болады.<br>Солай осы өмірге жаңадан Қызыл-сары, Жасыл, Күлгін түстер пайда болған екен. Барлық бояулар қол ұстасып, үлкен шеңбер жасайды. Осыдан кемпірқосақ пайда болады. | "Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.<br>Мақсаты: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бұлттар құстай ұшады, (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Құстар бұлттай ұшады,<br>Көк аспанда, биікте, (Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау)<br>Қанат жайып, ұшады.<br><br>Бұлттар құстай болмайды, (Саусақпен бұлғау)<br>Құстар бұлттай болмайды.<br>Бұлттар құстай бұтаға (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Қанат жайып қонбайды. (Саусақпен бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>"Жаз" тақырыбындағы әңгіме (сюжеттік суреттерді қарау).<br>Мақсаты: сөздік қорларын нығайту. | "Көліктерге арналған түрлі-түсті жолдар" ойыны.<br>Мақсаты: түске назар аудара отырып, сурет салуды үйрену, сөздік қорларын толықтыру. | Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Кемпірқосақ".<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат,<br>Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты.<br>Ш. Әлдибекұлы. |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналармен жазғы кезең туралы әңгімелесу: киімге қойылатын талаптар, жазғы кезеңдегі күн тәртібі және т. б. | Ата-аналармен балалардың жазғы сауықтыру кезеңінде белсенді демалуы туралы әңгіме. | Туындаған сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу. | Ата-аналарды "Серуендеуге арналған ойыншықтар" науқанына қатысуға шақыруды ұсыну. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтау туралы ата-аналармен әңгіме. |

| Ортаңғы топ | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | №2 | | | | |
| Күндері | 06.06 - 10.06.2022 ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Строим городок / Қалашық саламыз | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы «Балдырған» ортаңғы тобы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Бегежан Бейбітқул Тұтқабекова Мейрамкул | | | | |
| | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| | | | | | |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен сұхбат. | Дене қызуын өлшеп, көңіл-күйі бойынша балаларды қабылдау. Ата-аналармен күн тәртібі туралы әңгіме. | | | | |
| Еңбекке баулу(дамытушы орталықтары, табиғат орталығын бақылау, кезекшілік, тапсырма беру | Аквариумдағы балықты қоректендіру.<br>Мақсаты: тапсырылған іске қамқорлық, жауапкершілік сезімін дамыту. | Бөлме өсімдіктерін суару.<br>Мақсаты: өсімдіктердің жарықтандыру мен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту. Сумен және өсімдіктермен жұмыс жасау кезінде ұқыптылықты, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға бейімдеу. | "Топтың ішін ретке келтір".<br>Мақсаты: балаларды шкафтарды, ойыншықтарды тазалауда ересектерге көмектесуге тарту (орындықтарды қатарға қою); еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. | "Кітап бұрышын тәртіпке келтір".<br>Мақсаты: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. | Ойыншықтарды жинау.<br>Мақсаты: балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға дағдыландыру; еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар (үстел үсті ойындары, дамытушы ойындар, саусаққа арналған ойындар, даладағы еркін ойындар) | "Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен")<br>Мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды.<br>"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы. Мақсаты: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Пойыз келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ,<br>Тоқ-тақ-тоқ. (Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату)<br>Жылдам келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ. (Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату)<br>Барлық бала күтіп қалды:<br>Алақан, алақан! (Алақандарды жайып, өзара уқалау)<br>Қуанышпен қарсы алады:<br>- Алақай! Алақай! (Алақандармен шапалақтау) | Саусақ жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бас бармақ – атам,<br>Балан үйрек - әжем,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек – анам,<br>Кішкентай бөбек – мен,<br>Міне, менің барлық отбасым.<br>Құралдары: саусақтарға кигізілетін маскалар.<br>Көркем сөз.<br>Достарды жинайық,<br>Мұнараны құрайық.<br>Үлкені үстіне орташасын,<br>Оның үстіне кішкентай данасын,<br>Қоямыз да Дананы қуантамыз.<br>Пирамидаларды құру жаттығулары.<br>Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана.<br>Мақсаты: ұсақ қол моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту. | Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.<br>Мақсаты: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын маған ұнайды,<br>Көп ойнауға болмайды.<br>Күні бойы доп қусаң,<br>Ақыл-білім қонбайды.<br>"Лото" үстел ойыны.<br>Мақсаты: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды.<br>Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар. | Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.<br>Мақсаты: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Үйге мықты қабырға керек,<br>Адамға жылы үй керек.<br>Жылы үйде тоңбайсың,<br>Ойнайсың да ұйықтайсың.<br>Көп шаруа тындырасың<br>Қонақты да шақырасың.<br>"Суретті жина" үстел ойыны.<br>Мақсаты: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету.<br>Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер. | Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.<br>Мақсаты: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Менің үйім осындай,<br>Кең, жарық та қонақжай.<br>Шақырамын, келіңдер!<br>Көмектесіп жіберіңдер.<br>Д. Ахметова.<br>Құралдары: әртүрлі қаланған үйлердің үлгі суреттері.<br>"Үй салу" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды үлгіге қарап, үйді құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ моторикасын дамыту.<br>Ойын құралдары.<br>"Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары.<br>Тәрбиеші өз ойларынан үйлер құрастыруды ұсыну мүмкін. |
| Ертеңгілік жаттығу ( мин) | "Орман алаңқайында".<br>"Күн шығады".<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ;<br>1-3- қолды алға, жоғары көтеру;<br>Б.қ.<br>"Күнге жылынамыз".<br>Б.қ. қолды артқа ұстау;<br>1-2- қолды алға созып, алақанды ашып, саусақты қозғалту, иілу;<br>3-4- б.қ.<br>"Ағаштар қозғалады".<br>Б.қ. қол төменде;<br>1- қол жоғарыда; 2- оңға, солға иілу.<br>3-4 б.қ. | | | | |
| Таңғы ас( көркем сөз, біліктер мен дағдыларды қалыптастыру | Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны құрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу. | | | | |
| Ойындар, жазғы кестеге | ҰОҚ даярлық мақсатымен жүргізілетін ойындар және жаттығулар | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтеріне дайындық | "Біздің көшедегі үйлер"тақырыбындағы суреттерді қарау.<br>Мақсаты: балаларды әңгіме құрастыруға дағдыландыру, сөздік қорларын дамыту, өз ойларын толық жеткізуге үйрету. | "Біз қайда болдық - айтпаймыз..." ойыны.<br>Мақсат: балалардың зейінін, есте сақтауын, қиялдық ойлауын дамыту.<br>Балалар таңдаған жүргізуші есіктен шығады, ал қалған балалар мұғаліммен бірге кімді немесе нені бейнелейтінін келіседі. Содан кейін жүргізуші кіріп: "Бізге қай жерде болғаныңызды айтыңыз, не істедіңіз?"<br>Балалар жауап береді: "Біз қайда болғанымызды айтпаймыз, бірақ не істегенімізді көрсетеміз" (егер олар акцияны бейнелеуге келіскен болса) немесе "біз кімді көргенімізді көрсетеміз" (егер олар жануарды бейнелесе) және т.б. Ойын барысында мұғалім балаларға жануарлардың немесе заттардың өзіне тән белгілерін табуға және оларды мәнерлі жеткізуге көмектеседі. | "Үйді салғым келеді" саусақ жаттығуы. Мақсаты: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Үйді салғым келеді,  (Шапалақтау)<br>Қабырғасы керегі, (Шапалақтау)<br>Қабат-қабат кірпіштер (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br>Қатар-қатар кезегі. (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br><br>Шатыр болса төбесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою)<br>Ұшбұрыштай жебесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою)<br>Терезелер - көзайна. (Көздерді ашып-жұму)<br>Мен ғой - үйдің иесі. (Алақандарды өз кеудесіне салу)<br>Д. Ахметова | "Қалпақ және кішкене таяқша" жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Ойнаушылар шеңбер жасай тұрады. Ойын бастаушы белгіленеді, ол кішкене таяқшаны алады да шеңбердің ортасында тұрады.<br>Тәрбиеші оның басына қалпақ кигізеді. Қалпақ баланың мұрнына дейін кигізіледі, көздеріне тимей-ақ, оның көзін жабады. Балалар қолдарын ұстасып, шеңбер бойымен жүгіреді де: «Бір, екі, үш, төрт бес — кішкене таяқша тықылдайтын болады» - дейді.<br>Бұл уақытта ойын басқарушы жүресінен отырып кішкене таяқшамен еденді тақылдатады.<br>Балалар соңғы сөзбен тоқталады, ал ойын басқарушы кішкене таяқшасын балалар жаққа сілтейді. Кішкене таяқша кімді нұсқаса, сол кішкене таяқшаның ұшынан ұстайды да, ойын басқарушының атын атайды, ал ойын басқарушы кім оны атады, соны табуы керек. Жаңа ойын бастаушымен ойын қайталанады. | Құрылыс туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді жаттау.<br>Мақсаты: сөйлеу, есте сауқтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>1. Ер қадірін ер білер,<br>Зер қадірін зергер білер.<br>2. Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.<br>3. Қазаншының өз еркі<br>Қайдан құлақ шығарса. |
| Жазғы сауықтыру шараларына сәйкес ҰОҚ | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы;"Менің<br>қалам"<br>Мақсаты: Балаларға қала туралы түсінік беру, қаланың құрылысы туралы әңгімелеу, құрылысшылар туралы айту.<br>Дамытушы ойын «Не көрдім?». | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы;"Құммен<br>ойнаймыз"<br>Мақсаты: Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дыбысталуын тыңдату; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту.<br>"Аю мен қояндар" қимыл ойыны. | Мүсіндеу<br>Тақырыбы;"Туған қалам" түрлі-түсті<br>тұзды қамырдан тақырыптық мүсіндеу.<br>Мақсаты: Қаламызда әр-түрлі үйлер, көшелер, дүкендер, дәріханалар, кинотеатрлар бар екендігі туралы елестетулерді дамыту; тұзды қамырдан төртбұрышты, тікбұрышты, ұшбұрышты заттар (дүкен, үйлер, кеңселер, кмнотеатрлар) жасауды үйрену; мүсіндеу тәсілдерін бекіту (тарту, тегістеу); үлгіні елестетуді, қиялдауды дамыту; өз қаласына деген оң көзқарас тудыруға, өз қаласына деген мақтаныш сезімімен қарауға тәрбиелеу.<br>Мүсіндеу тәсілін көрсету. | Қоршаған ортамен танысу<br>Тақырыбы;"Құм қалашығы"<br>Мақсаты: Балалардың құм туралы білімдерін бекіту, құммен қарапайым тәжірибе жасай білу; қолдың ұсақ моторикасын дамыту, қиял мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету; табиғатқа ұқыпты қарауға, қоршаған ортаға қызығушылық танытуға тәрбиелеу.<br>Қозғалмалы ойын "Күн". | Музыка<br>Тақырыбы;"Біздің әсем қала"<br>Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің шырақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу.<br>«Көлеңке» дидактикалық ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар) | Көліктерді бақылау.<br>Мақсаты: көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Бақылау барысы.<br>Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге қарауды талап етеді.<br>Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.)<br>Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару.)<br>Балалар, көліктер әр түрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жол бойымен ағылып кетіп жатады.<br>Еңбек әрекеті: құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру.<br>Мақсаты: тазалық пен тәртіпке үйрету; бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.<br>"Түрлі-түсті көліктер" ойыны.<br>Мақсаты: заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.<br>Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі-түсті машинар), рөлдер.<br>"Тауық пен түлкі" ойыны.<br>Мақсаты: белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.<br>Дене тәрбиесі бойынша жекелей жаттығулар.<br>Мақсаты: екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу.<br>Балалардың еркін ойыны. | Аспанды бақылау.<br>Мақсаты: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін,мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады.<br>Жұмбақ.<br>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>"Не жөнінде айтылады?" ойыны. Мақсаты: сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды).<br>"Дөңгелек лапта" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.<br>Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | Құстарды бақылау.<br>Мақсаты: құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы мағлұматтар беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау.<br>- Балалар, қандай құстарды білесіңдер?<br>- Құстар немен қоректенеді?<br>- Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме?<br>- Құстардың жазғы тіршілігі қандай?<br>- Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Құстар қандай дыбыс шығарады?<br>Тақпақ.<br>Бөдене, бөдене,<br>Бұғып қалып көдеге,<br>Ұстатпайды қусам да,<br>Тойғызар ем бедеге.<br>"Ұшты - ұшты" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету.<br>Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.<br>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.<br>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.<br>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.<br>Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады.<br>Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды.<br>"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.<br>Еңбек әрекеті: ауланы сыпыруға көмектесу.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау.<br>Мақсаты: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>- Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме?<br>- Ендеше бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.<br>- Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Сонымен жазда қоқыстарды жинап аула сыпырса, ал қыста басқаша. Қыста қар күрейді.<br>"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>"Шеңберден шеңберге" жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжуда мұқиятты болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: үш-төрт шеңбер.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсаты: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу. | Желді бақылау.<br>Мақсаты: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту.<br>Желдің нашар, күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса күшті жел, шөп тербелсе әлсіз жел.<br>Жазғы желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қонады. (Жел.)<br>Тақпақ.<br>Желдет, желдет!<br>Баласын жылат,<br>Жетіқара, дауылдат!<br>Тайтерісін қалтырат,<br>Өрісін құлат,<br>Науа-астауын жылтырат!<br>"Қол ұстасып жүру" ойыны.<br>Мақсаты: белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу.<br>Еңбек әрекеті: үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен).<br>Үй өсімдігін отырғызуды бақылау.<br>Мақсаты: жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету.<br>"Ойлан, асықпа" ойыны.<br>Мақсаты: зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық,жарық...; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сәйкес келетін сөз табу.<br>Тапсырма. Су бойынша желдің күштілігін анықтау.<br>"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету. |
| Серуеннен оралу | Серуеннен оралған кездегі қажетті іс-әрекеттерді сақтау, шешіну, заттарды бүктеу, орнына дұрыс қоюды үйрету.<br>Жуынуға арналған жаттамақ жаттығуы.<br>Мақсаты: есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: сабын.<br>Сабындаған кезінде<br>Ашытады көзіңді.<br>Бола білсең төзімді,<br>Тап-таза етер өзіңді.<br>Тазалықтың досы -<br>Сабын деген осы. | | | | |
| Түскі ас | Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | Керуеттегі жаттығулар<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық ,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу. | | | | |
| Бесін ас (біліктер мен дағдыларды қалыптастыру) | Бесін асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. | | | | |
| Ойындар, жеке іс-әрекеттер (сюжеттік-ролдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, сахналау ойындары | "Сөз ойла, тез ойла" ойыны.<br>Мақсаты: дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту.<br>Көрнекі құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған үнтаспа, дыбыстар иелерінің суреттері<br>Ойын барысы. Тәрбиеші бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және ненің дыбысы екенін ажырату қажет.<br>"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Ойынның мақсаты: балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, ойыншықтар, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.<br>Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатуға болады.<br>Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары сатып алушылар.<br>Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді. Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды. | "Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: балалардың ұй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар).<br>Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы).<br>Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі.<br>"Үйшік" ертегісі бойынша үстел үсті ойыны.<br>Мақсаты: балалардың ертегіні мұқият тыңдап, көруге үйрету, кейіпкерлерді тануға, ертегіге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу | "Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны.<br>Мақсаты: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту.<br>"Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары.<br>Мақсаты: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>""Қысқы және жазғы ойын-сауықтар" лотосы" үстел ойыны.<br>Мақсаты: балалардың жазғы және қысқы ойын-сауықтар жайындағы түсініктерін нығайту; екі топқа бөлуге дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Құралдары: жазғы және қысқы ойын-сауықтар туралы сурет-карточкалар. | "Не өзгерді?" ойыны.<br>Мақсаты: балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту , есте сақтауды, қиялды дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы.<br>Ойын барысы:<br>Мұғалім ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді.<br>"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы.<br>"Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады.<br>Педагог алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді.<br>Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді.<br>Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады. | "Ою саламыз" саусақ жыттығуы.<br>Мақсаты: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>"Өз үйіңді тап" ойыны.<br>Мақсаты: Балаларды биік-аласа, үлкен-кіші, оң жақта, сол жақта - деген ұғымдарды айтуға, бір-бірінен ажырата білуге үйрету<br>Қажетті құралдар: «Ағаштардың бейнесі». Үйлердің суреттері.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе "үйін" тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады. |
| Серуенге даярлық(біліктері мен дағдыларын қалыптастыру) | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер.<br>Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер.<br>Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Серуенге шығайық,<br>Күннің нұрын алайық,<br>Таза ауаны жұтайық.<br>Жүрекке жылу сыйлайық. | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер.<br>Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер.<br>Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Серуенге шығайық,<br>Күннің нұрын алайық,<br>Таза ауаны жұтайық.<br>Жүрекке жылу сыйлайық. | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер.<br>Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар) | Кешкі серуен кезінде көліктерді бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: көліктің адамды, жүкті тасымалдау үшін керектігін түсіндіріп, түрлі көліктердің атауын жатқа білуге ынталандыру.<br>Көліктердің алуан түріне назар аударту.<br>Адамдарға арналған көліктердің маңыздылығы туралы білімдерін бекіту.<br>"Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балалардың бір-біріне кедергі келтірмей, әртүрлі бағытта жүгіруге үйрету; оларды белгіні мұқият тыңдауға және ауызша белгі бойынша қозғалысты бастауға үйрету.<br>"Кегльді қағып ал" жаттығуы.<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау.<br>Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | Аспан мен бұлттарды бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: аспанның ашық не бұлтты болғанын, бұлттардың аспанда ұшатынын байқауға бейімдеу; зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Әр түрлі табиғи құбылыстармен танысуды жалғастыру.<br>Ауа-райының қандай екенін ажыратуға үйрету (ашық, бұлтты бұлттар, жаңбыр).<br>"Қимыл ойлап табу" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: ой-қиялды, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады.<br>Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді.<br>Әдемі шеңберде,<br>Билейік кең жерде.<br>Қолдармен ұстасып,<br>Бәріміз жұптасып.<br>Бірігіп достасып,<br>Бір орында ұстасып,<br>Осылай етіп істейік.<br>Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді.<br>"Бағбан мен гүлдер" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: ептілік пен шапшаңдықты дамыту, алаңның қарсы бөлігіне қуғыншыдан асқан ептілікпен қашып өтуге үйрену.<br>Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс: кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар.<br>Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | Құстарды бақылауды жалғастыру. Мақсаты: жаздағы құстардың тіршілігі туралы түсініктерді толықтыру; құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу.<br>Аудағы жаңадан ұшып келген құстарды байқау, атау, ерекшеліктерін салыстыру.<br>"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды.<br>Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "-шығалар" немесе "-лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу.<br>Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар.<br>Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау. Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. "Себетке допты лақтыр" қимыл жаттығуы. Мақсаты: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады.<br>Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.<br>Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар.<br>Балалардың еркін ойындары. | Гүлдейтін өсімдіктерді бақылау.<br>Мақсаты: өсімдіктерге ұқыпты қарауға үйрету, гүлзардағы өсімдіктерге күтім жасау дағдыларын бекіту.<br>"Кім жылдам?" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.<br>Құралдары: белбеу.<br>Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі ойыншы бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан ұзақ белбеу тастайды да "бір, екі, үш" деп санайды. "Үш" деген де кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады.<br>"Қандай гүл екенін ойлап тап?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балаларды сипаттама бойынша гүлдерді ойлап табуға; гүлдерді айыра білулерін бекіту.<br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>Еңбек әрекеті: құм салғыштың бетін ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары. | Желді бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: "жел"ұғымын бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Желді күні қандай өзгерістер болатындығына назар аударту.<br>Балалар жалауларға қарап, желдің қай жаққа есетінін бақылайды.<br>Жел соғады бетімізге,<br>Тербеледі ағаштар.<br>Тыныш - тыныш отырыңдар,<br>Биік - биік ағаштар.<br>"Жел көбік" ойыны.<br>Мақсаты: шеңберде ойына білу қабілетін, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі.<br>Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан шеңберге тұрады, ойын қайтадан басталады.<br>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды.<br>Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: Биік емес бөрене үстімен жүріп,екі аяқты бүге отыра секіруге үйрету.<br>Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар | Тіл ұстарту жаттығуы: "Кім не істейді?"<br>Мақсаты: артикуляцияны, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Тасшы тас қалады,<br>Басшы басқарады.<br><br>Досшыл – дос табады,<br>Қасшыл – қас табады.<br><br>Төсшіл – төс қағады,<br>Асшыл – ас бағады.<br><br>Бәсшіл – бәстеседі,<br>Мәсшіл – мәс теседі. | "Ақ қоян" ойыны.<br>Ойын мақсаты: балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, тілдерін дамыту, достыққа, ұжымдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын құралдары: қоянның маскасы.<br>Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада "қоян" болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып, қоянды айнала жүріп, тақпақ айтады:<br>Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Орнынан тұршы,<br>Бетіңді жушы,<br>Шашыңды тарашы,<br>Әй-әй көйлек киші,<br>Біреудің қолын үзші, -<br>дегенде, қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп, өлең бітісімен, жүгіріп барып, шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе, өзі шеңберге қосылып тұрады. Үзілген жердегі, оң жақтағы бала "қоян" болады. | "Біз шығамыз сапарға" саусақ жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды.<br>"Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу.<br>Халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. | "Қуыршақ жиһазы" ойыны.<br>Мақсаты: үлкен лего құрылыс материалынан қуыршақ жиһазын жасауға машықтандыру, дизайн дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөзді жаттау жаттығуы.<br>Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Бақшада".<br>Көңілді бар бала,<br>Бақшаға, баққа енсек.<br>Ойнаймыз аулада,<br>Төбеміз әткеншек.<br>Шешеміз жұмбақ та,<br>Жаңылтпаш айтамыз.<br>Кешкілік үй жаққа<br>Үлкейіп қайтамыз.<br>Б. Кірісбаев. | "Кімнің үйі тезірек жиналады» ойыны.<br>Мақсаты: балалардың геометриялық пішіндер туралы түсініктерін бекіту, олардың атауларын айтқызу.<br>Балаларға геометриялық пішіндер таратылады. Бөлменің әртүрлі бұрыштарындағы үш шығыршықтың шеңбер, шаршы, үшбұрыш пішіндері жатыр. Бұл үйде барлық шеңберлер , бұл жерде барлық шаршылар, бұл жерде барлық үшбұрыштар. Барлығы өз үйлерін тапқанда, балаларға топпен серуендеуге шығады. Тәрбиешінің белгісі бойынша барлығы геометриялық пішінін үйдегіден салыстыра отырып, өз үйін табады. Ойын бірнеше рет қайталанады, ал тәрбиеші әрдайым үйлерді ауыстырады. |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру. | "Отбасындағы еңбек тәрбиесі"тақырыбында ата-аналармен әңгіме. | Ата-аналарға арналған "Дұрыс сөйлеуді үйрету" жаднамалары. | "Балаларға - ойыншықтар" науқанын өткізу | "Демалыс күндері баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру"тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. |

| Ортаңғы топ | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | №3 | | | | |
| Күндері | 13.06 - 17.06.2022ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Су / Вода-водица | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы «Балдырған» ортаңғы тобы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Бегежан Бейбітқұл Тұтқабекова Мейрамкүл | | | | |
| | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| | | | | | |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br><br>Ата-аналармен сұхбат | Балалардың денесін, терісін тексеру. Әңгімеге тарту, балада жағымды көңіл-күйін ояту. | | | | |
| Еңбекке баулу(дамытушы орталықтары, табиғат орталығын бақылау, кезекшілік, тапсырма беру | Бөлме өсімдіктерін күту.<br>Мақсаты: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу, күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу. | Аквариумдағы балықты қоректендіру. Мақсаты: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, балықтарға жемді үгітіп, шашып, қамқорлық жасау ниеттерін туғызу. | Бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту.<br>Мақсаты: балаларды бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауға машықтандыру; аспидистра, фикустің жалпақ жапырақтарын сүлгімен сүрту техникасына жаттықтыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. | Кітаптарды кітап бұрышындағы сөрелерге дұрыс орналастыру.<br>Мақсаты: балаларды тәрбиешінің еңбегін бағалауға, кітаптарды қатарға ретпен қоюға ынталандыру; еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | Ойыншықтарды жуу.<br>Мақсаты: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан келгенше көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар (үстел үсті ойындары, дамытушы ойындар, саусаққа арналған ойындар, даладағы еркін ойындар) | Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.<br>Мақсаты: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>"Кемпірқосақ".<br>Кемпірқосақ көпірдей<br>Аспан жарып туыпты.<br>Жердің екі бетіне<br>Жеті жеңін жауыпты.<br>Д. Ахметова.<br>"Баулар" үстел үсті ойыны.<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; ойлау, түйсік қабілеттерін жетілдіру. | "Қандай ойыншық жасырынған?" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу<br>Балалар бөлменің бұрышында тұрады.<br>Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да "болды", деген де балалар жалаушаны іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>"Жел көбік" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шеңберде ойнай білуге дағдыландыру; белгі бойынша қимылдауға баулу.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан шеңберге тұрады, ойын қайтадан басталады. | "Суретті жұмбақтар" ойыны.<br>Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту.<br>Тәрбиеші қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені  атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.<br>"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны. Мақсаты : қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.<br>Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек.<br>Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру; | Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсаты: балалардың тақпақты мәнерлеп айтуға деген қызығушылығын арттыру; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін дамыту.<br>"Бақа туралы".<br>Жап-жарық  жылы  күнде,<br>Жап-жасыл  шөп  үстінде,<br>Жап-жасыл  көйлек  киген<br>Бақа бізге былай деген:<br>- Бадырақпын,<br>Бақылдаймын.<br>Достарымды<br>Шақырамын.<br>Бақ-бақ! Қайдасыңдар?!<br>Бақ-бақ! Неге шықпайсыңдар?!<br>Д. Ахметова<br>"Қимыл ойлап табу" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды тепе-теңдікті сақтай білуге машықтандыру, вестибуляр аппаратын,  ой-қимлын, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін бастаушы етіп тағайындайды. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді.<br>Әдемі шеңберде,<br>Билейік кең жерде.<br>Қолдармен ұстасып,<br>Бәріміз жұптасып.<br>Бірігіп достасып,<br>Бір орында ұстасып,<br>Осылай етіп істейік.<br>Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. | "Суретті жұмбақтар" ойыны.<br>Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту.<br>Тәрбиеші қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені  атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.<br>"Жел көбік" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ертеңгілік жаттығу ( мин) | "Қуыршақпен ойнаймыз".<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде,<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет).<br>3-4 б.қ.<br>Аяқ алшақ, қуыршақ алда,<br>1-2 денені оңға, солға бұру, б.қ. келу.<br>Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау,<br>1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді".<br>5-6 б.қ. келу (3рет).<br>Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою.<br>3-4 тік тұру,<br>Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен). | | | | |
| Таңғы ас ( көркем сөз, біліктер мен дағдыларды қалыптастыру | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. | | | | |
| Ойындар, жазғы кестеге сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтеріне дайындық | ҰОҚ даярлық мақсатымен жүргізілетін ойындар және жаттығулар | | | | |
| | "Қуырмаш"саусаққа арналған жаттығу. Мақсаты: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр  қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат! | "Жұбынды тап" ойыны.<br>Мақсаты: зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді.<br>Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбынды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады. | "Кішкене өзен арқылы" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға, ептілікке баулу; зеректікке тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді. | "Мұқият бол" ойыны.<br>Мақсаты: мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: балық, тастар және балдырлар. Тәрбиешінің белгісі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Педагог кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсетеді:<br>1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді.<br>2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады.<br>3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі.<br>Қай бала қателеседі, сол бала ойыннан шығып қалады. | "Қатып қал" ойыны.<br>Мақсаты: еркін қозғалыстарды, ой-қиялды, дене тепе-теңдігін дамыту.<br>Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр.<br>Балалар секіріп және еркін әуен тактісіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады. |
| Жазғы сауықтыру шараларына сәйкес ҰОҚ | Құрастыру<br>Тақырыбы;"Үй құстарына арналған қоршау"<br>Мақсаты: Құрылыс материалының формаларын атау және біріктіру қабілетін қалыптастыру, өз жобалары  бойынша құрылыс жасауға  деген ұмтылысты дамыту, қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу.<br>«Құстар қайда тығылды?» Дидактикалық ойын. | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы;"Су - тіршілік көзі"<br>Мақсаты: Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту;  бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру;  оқу қызметін пысықтау; көлік түрлері туралы білімдерін толықтыру.<br>"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны. | Көркем әдебиет<br>Тақырыбы;"Әтеш пен Тоты" украин халық ертегісі<br>Мақсаты: Балаларды ертегінің мазмұнын толық өз ойларын жеткізіп айтуға; байланыстыра сөйлеуге үйрету; балалардың бойына ертегі мазмұнын түсіндіріп, адамгершілік, мейірімділік,  досқа адал болу сезімін сіңіру; ертегі кейіпкерлерімен бірге қуану, ренжу сезімдерін ояту; өздерінің құрбы-құрдастарымен адал, тату ойнауға дағдыландыру; сөздік қорын молайту.<br>Дос туралы мақал-мәтелдер. | Сурет салу<br>Тақырыбы;"Құстар қанатын жайды"<br>Мақсаты: Алақанмен басу техникасымен таныстыру; бояуды алақанға жылдам жағып, құстың қанатын алақанды бастыру арқылы салуды үйрету;  түстердің атауын нақтылау және бекіту; құстардың тіршілік ету ортасын түсінңп, бейнелеуге деген ұмтылыстарын қолдау; сурет салуға деген құштарлықтарын арттыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>Саусақ жаттығуы. | Музыка<br>Тақырыбы;"Бұлақтың сылдыры"<br>Мақсаты: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу.<br>«Теңіз» дидактикалық ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен(бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар) | Теректі бақылау.<br>Мақсаты: бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру.<br>Тақпақ.<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Терек егеміз бақтарға,<br>Айналасын қоршаймыз.<br>- Балалар, бұл терек ағашы. Оған жақындату.<br>- Терек-тез өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы - жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл, одан қағаз, сіріңке, ойыншықтар жасайды.<br>Еңбек әрекеті: құмсалғышқа құм салу, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуға үйрету.<br>"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар.<br>"Допты ұстап ал" ойыны.<br>Мақсаты: ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру.<br>Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.<br>Мақсаты: допты аулау және лақтыру жаттығулары<br>Балалардың еркін ойыны. Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | Суды бақылау.<br>Мақсаты: балалармен суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету.Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс.<br>"Толқиды теңіз" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар ойын алаңында айналып жүріп:<br>«Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт» - сөз жолдарын айтады.<br>Тәрбиеші белгісі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылдып жатқанын бақылайды.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | Қанқызды бақылау.<br>Мақсаты: қанқызы қоңызы туралы түсініктерді беру, жетілдіру; жәндіктер әлеміне деген қығығушылықты арттыру.<br>- Балалар, біз серуен кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық?<br>- Иә, бұл қанқыз. Қанқыз – қызыл түсті, үстінде жеті нүктесі бар кішкентай жәндік. Ол кішкентай болса да ештеңеден қорықпайды. Неліктен?<br>- Егер де оны қолыңа алып, басып қалсаң, олар сап-сары жағымсыз иісі бар уын шығарады. Сол себепті оған құстартиіспейді. Тіпті қызыл түсті нүктелі зат көрсе болғаны, олар жоламауға тырысады. Міне, қанқыз осылайша қорғанады екен.<br>Қорғанудың тағы бір түрі, оларды ұстап алсаң, ол өлген сияқты болып қатып қалады да, қауіп төнбегенін байқаған уақытта қайтадан өзінің ісімен айналыса береді.<br>Еңбек әрекеті: учаскедегі қоқыстарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету.<br>"Қонызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.<br>Мақсаты: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>Құралдары: түрлі түсті гүлдердің және дәндіктердің кескіндері (ламинадталған).<br>Педагог алдын-ала түрлі түсті гүлдердің кескіндерін алаңға шашыратып жайып салады. Балалар өздеріне ұнаған қоңызды, көбелекті алып, белгі бойынша түсі бірдей гүлге жүгіріп барып, жәндікті гүлдің үстіне қондырады.<br>Ойынды бірнеше рет қайталауға болады.<br>"Маған қарай жүгір" ойыны.<br>Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе аланды жағалай отырады. Тәрбиеші бөлменің қарсы бұрышына немесе алаңның ең алыс бұрышына барып: «Маған қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. Тәрбиеші оларды қолын жайып, ишаратпен қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, тәрбиешінің қасына жиналып болғаннан кейін, ол серуендеуді ұсынады. Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін тәрбиешімен бірге бөлме ішінде жүреді. Тәрбиеші бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады. Ойын осылай 4-5 рет қайталанады. Алғашқы кезде ойынды азғана балалар тобымен өткізген дұрыс, кейін ойнаушылардың саны арта түседі (үйлеріне қайтқан кезде балалардың кез-келген орындыққа отыруына болады).<br>Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.<br>Мақсаты: жылдамдықты дамыту, бір-біріне итерместен алаңда жүгіру мүмкіндігін жетілдіру.<br>Балалардың еркін ойыны. | Суды бақылау.<br>Мақсаты: судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қыығушылықты арттыру.<br>Іс-тәжірибеде: құйылатыны, төгілетіні, ыдыста, шалшықта қозғалмай тұратынын - анықтау.<br>Салқын, жылы, ыстықта кеуіп кетеді дегенді айтқызу.<br>Іс-тәжірибеде судың адамның, өсімдіктердің тіршілігіне ықпалына көңіл аудару.<br>Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу.<br>Іс-тәжірибеде суды асфальтқа төгіп, күннің көзінде кебуін бақылату.<br>Балаларға : кеуіп кетеді - дегенді айтқызу.<br>Еңбек әрекеті: гүлзарда өскен гүлдерді суару.<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: су құйғыштар.<br>"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Ойын мақсаты: балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау.<br>Еңбек әрекеті: гүлді күту.<br>Мақсаты: учаскеде өсетін өсімдіктерді өз бетінше қорғауға үйрету; гүлге ұқыпты қарауға және сүюге тәрбиелеу.<br>"Осындай бола ма, болмай ма?" ойыны.<br>Мақсаты: сұраққа жауап беруге және жауабын түсіндіруге үйрету.<br>- Балалар, жазда қар жауа ма? Күн шығып тұр, жаңбыр жауып тұр?<br>Қараңғы және жарық жерде өсіп тұрған өсімдіктерді қадағалау, күнге тартылатын өсімдіктер қозғалысына көңіл бөлу. Өсімдіктер өсу үшін жарық қажет.<br>Балалардың еркін ойыны. | Күнді бақылау<br>Мақсаты: күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру.<br>Күнің сәулесі туралы айту.<br>Тақпақ.<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>"Көк ту" ойыны.<br>Мақсаты: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>Еңбек әрекеті: алаңдағы ағаштардан түскен құрқақ қоқыс бұтақтарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойыны |
| Серуеннен оралу | Балаларды жүйелі түрде шешінуге, шкаф сөрелеріне киім қоюға, қолдарын жууға үйрету. | | | | |
| Түскі ас | Түскі асқа назар аудартү; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| Біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу.<br>Төсектен тұрғызу. | | | | |
| Бесін ас (біліктер мен дағдыларды қалыптастыру) | Бесін асқа назар аудартү; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар, жеке іс-әрекеттер (сюжеттік-ролдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, сахналау ойындары | "Оркестр" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларға музыкалық аспаптар мен олардың дыбыстарын анықтауға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: барабан, сыбызғы, қоңырау, шымылдық.<br>Тәрбиеші музыкалық аспаптармен таныстырады, содан кейін аспаптарды шымылдықтың артына тығады. Аспаптардың бірінде ойнап, балалардан қай аспаптың дыбысы екенін айтуды сұрайды. Қай бала дұрыс табады, сол бала аспапты алады да, сол аспапта ойнайды.<br>"Үйшік" ертегісін сахналау.<br>Мақсаты: балалардың ертегілердің кейіпкерлеріне рөлдеріне енуіне жағдай жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды жалғастыру. | "Ненің дауысы?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың есту қабілетін дамыту, оларды нақты айтуға үйрету, екпінді дұрыс қою. Тәрбиеші жануарлардың дауыстарын салады. Балалар қай жануардың дауысы екенін табулары қажет. Мысалы, тәрбиеші "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл ненің дауысы дейді? Балалар "бақа" деп жауап береді. Содан кейін тәрбиеші басқа жануардың дауысын шығарады. Ойын осылай жалғаса береді.<br>"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балаларды науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдарды ң қажеттілігін білуге үйрету, балаларды ұқыптылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту: "аурухана", "науқас", "емдеу", "дәрі-дәрмектер", "температура"ұғымдарын түсіндіру.<br>Құрал-жабдықтар: қуыршақтар, ойыншық жануарлар, медициналық құралдар: термометр, шприц, дәрі-дәрмектер, қасық, фонендоскоп, мақта, таңғыш, халат және дәрігерге арналған қалпақ.<br>Тәрбиеші аурухана ойынын ойнауды ұсынады, дәрігер таңдалады, қалған балалар ойыншық жануарлар мен қуыршақтарды алып, ауруханаға дәрігердің қабылдауына келеді. Дәрігер әртүрлі аурулары бар науқастар қарайды: аюдың тістері ауырады, өйткені ол көп тәттілерді жейді, сайқымазақтың маңдайында жарасы бар, қуыршақ Алуа саусағын есікпен қысып алған және т.б. науқастар. Оларды тыңдайды, мойнын қарайды, температурасын өлшейді, дәрі тағайындайды, инъекция жасайды, дәрілер береді. Тәрбиеші балалардың ойынын бағалайды, балалар қалай қарым-қатынасқа түсіп жатыр, өз ойларын толық жеткізе ала ма, балаларды жан-жақты бақылайды. | "Қуыршақты шомылдыру" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: судың маңызы туралы білімдерін толықтыру, жағымды көңіл-күй тудыру.<br>Қуыршақты жылы сумен жуындыру, оларды жөке және сабынмен жуу, сүлгімен сүрту. Енді біз қуыршақтарды шомылдырамыз. Ыдысқа жылы су құямыз, суды тексереміз. Біздің қуыршақтарымыздың есімдері кім екен? Мынау - Алуа, ал мынау - Алма. Бірінші кімді түсіреміз. Олай болса, Алуаны суға шомылдырайық<br>"Түрлі-түсті су" ойыны.<br>Мақсаты: судың қасиетімен таныстыру (су түсін өзгертеді)<br>Құрал-жабдықтар: акварель бояулар, қылқаламдар, 5 мөлдір пластикалық стакандар (болашақта стакандардың саны кез-келген болуы мүмкін), су. Стакандар сумен бірге бір қатарда тізіліп тұрады. Балалар қылқаламмен бір түсті алып, стақандағы суға салып, араластырады да, не болғанын бақылайды. Балалар қызығып қарайды. Әр стақанға әр түрлі түстерді салып, балалар тәжірибе жасайды. | "Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды "орнына қою", "орнына апару"етістіктерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету.<br>Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы. (Әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар.<br>Тәрбиеші балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды.<br>- Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз. (Үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады)<br>- Қуыршаққа қараңыз, ол не істейді? (Қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады)<br>- Иә, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады?<br>- Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар.<br>- Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады.<br>"Домино", "Лото" үстел үсті ойындары. Мақсаты: ойлау қабілеттерін дамыту, ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. | "Ыдыс жуу" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: суды дұрыс қолдану туралы білімдерін кеңейту.<br>Қуыршақтың "түскі асынан" кейін, ыдыстарды жуу керектігін айту. Ас бөлмесіне барып, кранды ашып, жылы не суық су қажеттігін сұрау. Біз ыдысты жылы сумен және арнайы құралдарды пайдаланып жуамыз. Ыдыстарды таза сумен шаямыз. Шайып болғаннан кейін, ас үйдің сүлгісімен құрғатамыз.<br>"Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю" тәжірибесі.<br>Мақсаты: судың қасиеттері туралы түсінік беру: "сұйық", "төгіледі", "дымқыл", "құрғақ".<br>Ойын барысы: Тәрбиеші балаларды су құйылған ыдыстың қасына шақырады, Әр балаға бір -бір ыдыстан таратып береді. Бір ыдыстан екінші ыдысқа қалай құю керектігін көрсетеді. Балалар қайталайды. |
| Серуенге даярлық(біліктері мен дағдыларын қалыптастыру) | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Серуенге шығайық,<br>Күннің нұрын алайық,<br>Таза ауаны жұтайық.<br>Жүрекке жылу сыйлайық. | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Жаз келді жадырап,<br>Далаға шығамыз.<br>Ойнаймыз, шомылып,<br>Толығып өсеміз. | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Серуенге шығайық,<br>Күннің нұрын алайық,<br>Таза ауаны жұтайық.<br>Жүрекке жылу сыйлайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар) | Теректі бақылауды жалғастыру. Мақсаты: ағаштың құрылымын еске түсіру, "терек мамығы" ұғымын бекіту; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: жеміс, көкөніс, жидек, гүл, ағаштардың қайда өсетінін анықтау; байланыстырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге деген қызығушылықты арттыру.<br>Құралдар: өсімдіктердіктер салынған карточка-суреттері.<br>"Кім бірінші?" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды тура бағытта белгі бойынша жылдам жүгіруге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, достық қарым-қатынастарға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагогтің белгісі бойынша балалар тура бағытта, белгіленген межеге дейін жүгіріп баруы керек. Ең бірінші болып межеге жеткен топ балалары, жеңіске жетеді. Педагог барлық жұптарды мақтайды.<br>Жүгіру жолы балалар үшін қауіпсіз болуын педагог ескеру керек.<br>Еңбек әрекеті: өскіндері суару.<br>Мақсаты: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>Балалардың еркін ойындары. | Ағаштар мен бұталарды бақылау.<br>Мақсаты: ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>Ағаштар қыста қалай қыстап шыққандығын тексеру.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды.<br>- Балалар, ағаштарға қарап, қандай екенін айтуға болады?<br>- Тағы қандай өзгерістер болады?<br>- Ағаштар ауаның ластануынан ауаны тазалайды. Сондықтан адамдар ағаштарды көп отырғызады.<br>«Өз ағашыңды тап» қимылды ойыны. Мақсаты: табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; зерек болуға тәрбиелеу.<br>"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балалардың доппен ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жете білуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады.<br>Еңбек әрекеті: өскіндері суару.<br>Мақсаты: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>Балалардың еркін ойындары. | Құрт-құмырсқаларды бақылау.<br>Мақсаты: құрт-құмырсқалар туралы қысқаша мағлұмат беру, бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Жәндіктердің тіршіліктерін бақылау.<br>- Құрт-құмырсқалар дегеніміз не?<br>- Олар немен және қалай қоректенеді?<br>- Сендер құрт-құмырсқа көрдіңдер ме?<br>- Құрт-құмырсқалар бунақ денелілерге жата ма?<br>Сергіту сәті.<br>Ұзын мұртты құмырсқа,<br>Келе жатты жұмысқа.<br>Алды допты қолына,<br>Қойды допты жолына<br>Оңға қарады, солға қарады<br>Тауда ешкім қалмады.<br>"Көбелекті ұстап алу" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша орнында секіру қимылдарына дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, жігер-күшін, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысында педагог балаларды бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруге жаттықтырады. Педагог нұсқауларында секіріп, орнына қайта түсуде тепе-теңдікті сақтап, құлап қалмауды ескеру керек.<br>Еңбек әрекеті: құмның бетін ұсақ бұталардан, жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | Суды бағдарлауды жалғастыру. Мақсаты: судың қасиеттерін тануға деген ынталарын дамыту; іздемпаздыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға пластик стакандарға құйылған суды бояуға мүмкіндіктер береді; судың кез келген бояуларға бояу қасиеттерін бақылап, ойларымен бөліседі.<br>"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар".<br>"Мысық" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді.<br>Тышқан шықты інінен,<br>"Сағат неше болды?"- деп,<br>Бауды тартып қалып еді,<br>Дүңгірлейді барлық жер.<br>Тышқан қорқып қайтадан,<br>Кіріп кетті ініне.<br>Соңғы сөздерді естігеннен "мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, қуалап, оларды ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады.<br>Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады.<br>"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: Биік емес бөрене үстімен жүріп,екі аяқты бүге отыра секіруге үйрету.<br>Еңбек әрекеті: өскіндері суару.<br>Мақсаты: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>Балалардың еркін ойындары. | Суды бақылау.<br>Мақсаты: балаларға судың қосымша қасиеттерін анықтауға мүмкіндік жасау; судың әлемде көп орын алатынын түсіндіру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Балалармен бірнеше іс-тәжірибе жасау.<br>- Тегешке су құйып, оның айнадай мөлдір екенін көрсету. Балалар судың бетіне қарап, өзінің бейнесін, аспанды көреді.<br>- Тегешке резина, ағаш, темірден жасалған ойыншықтарды салу. Балалар темірдің батып кететінін, ағаш пен резинаның батпайтынын көрсету.<br>- Тегештен суды су құйғыштарға қуйып алғызу. Балалар суды құмға құйып, құм бетінен жоғалып кететінін, құмның дымқыл болғанын көреді.<br>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Шарты: балалар күн дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал "жаңбыр" дегенде ашқан қолшатырдың айналасына жиналады.<br>"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады.<br>Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.<br>Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар.<br>Еңбек әрекеті: өскіндері суару.<br>Мақсаты: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>Балалардың еркін ойындары. |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар | Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атауға арналған тапсырмалар. | Суреттер бойынша сөйлем құрастыруды үйрену. сөйлемдерді толық айтуға дағдыландыру.<br>"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. | "Ені бойынша салыстыру" заттарды ені бойынша жаттығу.<br>Мақсаты: жуан-жіңішке, ұзын-қысқа ұғымдарын пысықтау. | "Жаз" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарастыру.<br>Мақсаты: сұрақтар қою, балаларды сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | Жұмбақтар шешу, жаңылтпаштар айту, ертегілер тыңдау кешін өткізу.<br>Мақсаты: балалардың қазақ ауыз әдебиетіне деген, көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)) | "Жазғы балалар ойындары" туралы кеңес беру. | "Балаларды жазда шынықтыру" тақырыбында кеңес беру. | "Денсаулықты сақтау өмір салты" туралы ата-аналарға арналған кеңес. | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңестер. | "Баланың демалыс күндерін дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында кеңес. |

| Ортаңғы топ | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | №4 | | | | |
| Күндері | 20.06 - 24.06.2022ж | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Балапандардың ұшуды үйренуі / Как птенцы учатся летать | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы «Балдырған» ортаңғы тобы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Бегежан Бейбіткүл Тұтқабекова Мейрамкүл | | | | |
| | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| | | | | | |
| Күн тәртібі | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау<br>Ата-аналармен сұхбат | Балалардың денесін тексеру; ата-аналардың толғандыратын сұрақтарына жауап беру, балалар үшін қолайлы жағдай тудыру. | | | | |
| Еңбекке баулу(дамытушы орталықтары, табиғат орталығын бақылау, кезекшілік, тапсырма беру | Бөлме өсімдіктерді суару.<br>Мақсаты: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу | Ойын бұрышындағы ойыншықтарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды тәртіпке үйрету, ойыншықтарды өз орынына қоюды игерту. | Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.<br>Мақсаты: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. | Асхана бойынша кезекшілік.<br>(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)<br>Мақсаты: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. | Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.<br>Мақсаты: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. |
| Ойындар (үстел үсті ойындары, дамытушы ойындар, саусаққа арналған ойындар, даладағы еркін ойындар) | "Ол не?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету.<br>Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші балаларға мынадай жұмбақ айтады:<br>Бойы әр түрлі, жұмбағымды тыңдашы,<br>Өзара ұқсас жүзі менен сымбатты.<br>Бір-біріне сыйып кеткен көрінбей,<br>Жиналғанда бір ойыншық сияқты.<br>Ойынды қайталап өткізгенде балалардың ынтасын туғызу үшін матрешка туралы кітаптарды көрсетуге болады. Осыдан кейін матрешканы бөлшектеп, оның жоғарғы және төменгі бөлігіне балалардың назарын аударады, оларды салыстырады, соңынан қайтадан құрастырады. Тәрбиеші матрешкалардың ең үлкенінен кішісіне қарай орналасу тәртібін көрсетеді. Балалар бір матрешканы екіншісінің ішіне салып, оның қайсысы үлкен екенің анықтайды. Егер бала матрешканың өз бөліктерін үлкен-кішілігі бойынша тауып, оларды бойларына қарай қоя білсе, тапсырма дұрыс орындалған болып есептеледі. Ойын бір- екі рет қайталанады. Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады. | "Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.<br>Мақсаты: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бұлттар құстай ұшады, (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Құстар бұлттай ұшады,<br>Көк аспанда, биікте, (Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау)<br>Қанат жайып, ұшады.<br><br>Бұлттар құстай болмайды, (Саусақпен бұлғау)<br>Құстар бұлттай болмайды.<br>Бұлттар құстай бұтаға (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Қанат жайып қонбайды. (Саусақпен бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>"Лото "Құстар"" үстел ойыны.<br>Мақсаты: құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша. | "Суретті жина" пазл ойыны.<br>Мақсаты: балаларды бөліктерді бір-біріне дұрыс қоюға үйрету.<br>"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды жан-жануарларлың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері. | "Бір сөзбен ата!" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды заттарды жалпылауға және бір сөзбен атауға үйрету.<br>"Жұбыңды тап" ойыны.<br>Мақсаты:<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады. | Үстел үсті ойыны: "Лото".<br>Мақсаты: балалардың жеміс-жидек, көкөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату.<br>Ойын шарты: көкөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру.<br>Үш үлкен карточка- бақша, бау, гүлзар бейнеленген, көлемдері 8×8см карточкалар және көкөністер, жемістер , гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар.<br>"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгілі бір ертегідегі кез келген кейіпкердің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстырып сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне деген тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер. |
| Ертеңгілік жаттығу ( мин) | Таңғы жаттығу.<br>"Маған қарай жүгіріңдер" ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді.<br>"Торғайлар болып ұшайық": жан жаққа жеңіл жүгіреді.<br>Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады.<br>Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, "қоянша" секіру.<br>Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу<br>"Құстай қанат самғайық" жаттығуы<br>Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу.<br>Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру.<br>Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру. | | | | |
| Таңғы ас( көркем сөз, біліктер мен дағдыларды қалыптастыру | Балалардың қолдары мен беттерін жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру. Асхана құралдарын дұрыс қолдануды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууды дағдыландыру. Таңғы асты тауысып жеуге үйрету.<br>Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. | | | | |
| Ойындар, жазғы кестеге | ҰОҚ даярлық мақсатымен жүргізілетін ойындар және жаттығулар | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтеріне дайындық | "Не өзгерді?"ойыны.<br>Мақсаты: балаларда қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту; ақыл-ойды, байқауды тәрбиелеу.<br>Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Тәрбиеші балалардың алдында таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады.<br>Ойыншықтар қатарға қойылған кезде балалар оларды айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, тәрбиеші қатардағы ойыншықтардың орнын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашып, ойыншықтың қай жерге көшкенін айтады. | "Кім шақырғанын тап" ойыны.<br>Мақсаты: балалардың есту қабілетін дамыту, құрдастарын дауысы арқылы тану. Балалар шеңберде тұрады, санамақтың көмегімен бір жүргізуші таңдалады. Жүргізуші көзін жұмады, ол шеңберде тұрады. Тәрбиеші көрсететін бала жүргізушінің атымен шақырылуы керек. Жүргізуші оны кім шақырғанын табуы керек. | "Біз құсты іздейміз" ойыны.<br>Мақсаты: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту.<br>Тәрбиешінің қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар.<br>Тәрбиеші құсты жасырады. Ал балалар оны іздеулері қажет.<br>- Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын.<br>- Енді, іздеп, табыңдар. | "Ақ шамшық" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәтте сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды. | "Не дыбыстайды?" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды құстардың дыбыстарын тыңдай отырып, дұрыс табуға машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттары.<br>Құралдары: аудио жазбалар, құстардың суреттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Жазғы сауықтыру шараларына сәйкес ҰОҚ | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы;"Құста р"<br>Мақсаты: балалардың құстар туралы түсінік қалыптастыру.Құстардың сыртқы бейнесінің ерекшеліктері,тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.<br>«Көлеңкесін тап» дамытушы ойыны. | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы;"Көңілд і секірейік"<br>Мақсаты: балаларда екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру.<br>"Құстар мен мысық" қимылды ойыны. | Жапсыру<br>Т а қ ы р ы б ы ;<br>"Көгалдағы балапан"<br>Мақсаты: балаларға жапсырмалау туралы түсінік беріп, жапсырмалар жасауға үйрету, балалардың ұсақ қол моторикасын, қиялын дамыту. «Көгалдағы балапан» жапсырып үйрету, жырту әдісін қолдана білуге үйрету. Сюжеттік композиция құра білуге үйрету. Балаларды зерделікке, ұқыптылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Балалардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық ойлауын дамыту. | Қоршаған ортамен танысу<br>Тақырыбы;"Құстар"<br>Мақсаты: балалардың қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды жіктей білуге үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы зейінді, сөйлеуді, көру қабілеттерін дамыту. Құстарға деген қамқорлықты, қиын жағдайда оларға көмек беруге тәрбиелеу.<br>Сурет бойынша жұмыс "Ормандағы құстар ұя салады". | Музыка<br>Тақырыбы;<br>"Көңілді марш"<br>Мақсаты: музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту.<br>"Құстың дауысын тап" дидактикалық ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар) | Құстарды бақылау (торғай).<br>Мақсаты: торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>"Торғай".<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмасың.<br>Шомылып ал шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова.<br>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>Еңбек әрекеті: ауланы сыпыруға көмектесу. Мақсаты: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.<br>Балалардың еркін ойындары. | Құстарды бақылау (көгершін).<br>Мақсаты: көгершіннің сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Педагог көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, торғаймен салыстыруға болады.<br>"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың аң-құстардың, үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту.<br>Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері.<br>Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады.<br>Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды.<br>Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар.<br>"Допты қақпаға домалат" жаттығуы. Мақсаты: допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: доптар, доға.<br>Балалардың еркін ойыны. | Жәндіктерді бақылау.<br>Мақсаты: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.<br>Бақылау барысы<br>Балаларға сұрақтар:<br>1. Жәндіктерге нелер жатады?<br>2. Жәндіктер қандай табиғатқа жатады?<br>3. Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге?<br>4. Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге?<br>5. Балабақша ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма?<br>Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп - ақ.<br>Олардың өз ерекшеліктері, өз тіршіліктері бар.<br>Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады?<br>Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады.<br>Балаларға тапсырма: "Құмырсқалар илеуі" тақырыбына бормен сурет салу.<br>Еңбек әрекеті: алаңды тазалауға көмектесу.<br>Мақсаты: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу; табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>"Аққу-қаздар" ойыны.<br>Мақсаты: белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғылмауға дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады.<br>Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Педагог:<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар?<br>Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.<br>Педагог алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>Ойын қарапаймы түрде де ойнатылады: педагогтің қалауынша "қасқырларды" қоспауға болады.<br>Жаттығу ойындары: допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру.<br>Халық болжамы:<br>• өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады;<br>• өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі;<br>• бақалар бақылдап тынышталмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады. | Құстарды бақылау (қарлығаш).<br>Мақсаты: қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы.<br>Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұялап, балапандарын ұшуға үйретеді.<br>- Қарлығаш, басқа құстарға қарағанда, өте ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ ұқсап жылдам жоғары көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді.<br>Қарлығаш ұясын саз балшықтан жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне салады.<br>Қарлығаш адамға жақын болады.<br>Еңбек әрекеті: гүлді баптау, топырағын қопсыту.<br>Мақсаты: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.<br>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы.<br>Мақсаты: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>Балалардың еркін ойыны. | Күннің көзін бақылау.<br>Мақсаты: балаларға күн туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қызығышылықты арттыру.<br>- Балалар, аспанда жарқырап тұрған не?<br>- Ол неге ұқсайды?<br>- Күннің көзі болмаса біз өмір сүре аламыз ба?<br>- Күннің бізге қандай пайдасы бар?<br>Тақпақ:<br>Күн шыққанда:<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты күн шықты!<br>Жер үстінде нұр шықты!<br>"Көк ту" ойыны.<br>Мақсаты: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардар түскен ұсақ құрғақ бұтақтарды жинақтау. Мақсаты: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу. "Ақсақ үйрек" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: алаңда бір аяғымен жүре білуді жетілдіру.<br>Мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: «Күн шықты, ойын басталды»; ойын шарттарын сақтау(екі аяғын қатар жерге қоймау керек).<br>Балалардың еркін ойыны. |
| Серуеннен оралу | Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жууды қалыптастыру. | | | | |
| Түскі ас | Түскі асқа назар аудару; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар. | | | | |
| Бесін ас (біліктер мен дағдыларды қалыптастыру) | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі.<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз | | | | |
| Ойындар, жеке іс-әрекеттер (сюжеттік-рөлдік, азқимылды, дидактикалық, үстел үсті ойындары, сахналау ойындары | "Шұбар тауық" үстел үсті театры. Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге үйрету, ертегілердегі кейіпкерлерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>"Өзіңе жұп тап" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды бір-біріне итерместен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыс ойыншықтарымен ойнау. | "Ғажайып қапшық" ойыны.<br>Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата білуге және атауға үйрету<br>"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы.<br>"Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады.<br>Педагог алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді.<br>Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді.<br>Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады. | "Шалқан" ертегісін сахналау.<br>Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін ойнауды үйрету.<br>"Түрлі-түсті ыдыс" ойыны.<br>Мақсаты: заттардың түсін ажырата білу қабілетін нығайту | "Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>"Үш аю" ертегісін баяндау.<br>Мақсаты: ертегіні мұқият тыңдауға, ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. "Түрлі-түсті моншақтар" ойыны.<br>Балалардың геометриялық пішіндерді ауызша нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыра білуге үйрету. | "Аурухана"сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету "Матрешкаға қонақта" ойыны.<br>Мақсаты: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Матрешканы дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру. |
| Серуенге даярлық(біліктері мен дағдыларын қалыптастыру) | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар) | Бұлттарды бақылау.<br>Мақсаты: бұлттарға қарап, түрлі бейнелерге ұқсайтынын байқату; ой-қиялын тәрбиелеу.<br>Бұлттарды бақылау. Егер сол күні аспанда бұлттар болмаса, педагог бұлттардың суреттерін көрсетіп, қандай бейнелерге ұқсайтынын сұрайды. "Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.<br>Мақсаты: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бұлттар құстай ұшады, (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Құстар бұлттай ұшады,<br>Көк аспанда, биікте, (Аталған қимылдарды, қолдарды жоғарып көтеріп, төмен түсіріп, орындау)<br>Қанат жайып, ұшады.<br><br>Бұлттар құстай болмайды, (Саусақпен бұлғау)<br>Құстар бұлттай болмайды.<br>Бұлттар құстай бұтаға (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Қанат жайып қонбайды. (Саусақпен бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>"Тым-тырақай" ойыны.<br>Мақсаты: балалардың шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер орнасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы.<br>Мақсаты: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>Еңбек әрекеті: құмның бетін ұсақ бұталардан, жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | Аула сыпырушының жұмысын бақылау. Мақсаты: ересек адамның жұмысының нәтижелеріне құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Балалардан аула сыпырушыны қалай танып қойғанын сұрау; аула сыпырушысы қандай киім кигенін, қандай құралдарды ұстап, еңбек ететінін әңгімелеу.<br>"Көлік пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.<br>"Допты жоғары лақтырып, қағып ал" жаттығу.<br>Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстап, жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға дағдыландыру; ептілікке, зеректікке тәрбиелеу; доппен ойынларға деген қызығушылықты арттыру.<br>Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау.<br>Балалардың еркін ойындары. | Жәндіктерді бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: күннің екінші жартысында жәндіктердің тіршілігін (құмырсқаның илеуін) бақылауға тарту.<br>Кіп - кішкене құмырсқа,<br>Үйір болып жұмысқа<br>Өзі кіші болса да,<br>Қарамайды тұрысқа.<br>Еңбек етіп әр кез ол,<br>Шаршамайды жұмыста.<br>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қаіпсіздік еределерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>Еңбек әрекеті: бақшадағы көкөністерді суару.<br>Мақсаты: су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу. "Кегльді қағып ал" жаттығуы.<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Балалардың еркін ойындары. | Гүлдерді бақылауды жалғастыру. Мақсаты: жазғы гүлдердің түрлі-түсті болатынын байқату; балалардың эстетикалық сезімдерін ояту.<br>Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,<br>Қызыл гүлдер, көк гүлдер.<br>Өсе берші нұрланып,<br>Өсе берші ырғалып.<br><br>Гүлдер нәзік болады<br>Қаулап өсіп толады.<br>Қарамасаң аялап<br>Солып, қурап қалады.<br>"Түлкі мен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгі бойынша қимылдауға жаттықтыру; кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы "түлкі" етіп сайлап, қалған балаларды "балапандар" деп, әркайсысына медальон тағып, ойын ойналады. Ойында "балапандар" "түлкі" кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең аймақты айнала қашуы тиіс.<br>Құралдары: балаларға медальондар, жүргізушіге - маска.<br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландару.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>Еңбек әрекеті: құмның бетін ұсақ бұталардан, жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | Күнді бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: күннің екінші жартысында күн батыс жаққа ауып бара жатқанын көрсету, жылуы азайып бара жатқандығын сезіндіру; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Шуақ шашып аспаннан,<br>Шықса әлемге сән боп күн.<br>Тіршілігі басталған,<br>Жан-жануар жәндіктің.<br>Асфальтқа күннің суретін салғызу.<br>"Тығылмақ" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы бір бала тығылған балаларды іздеуші болып тағайындалады. Ал, басқалары тығылады.<br>Тәрбиеші 10-ға дейін санап болғанша, іздеуші бала көзін жұмып тұрады.<br>Осы сәтте қалған балалар тығылып үлгерулері керек.<br>Бірінші болып табылған бала, іздесуге көмектеседі.<br>Осылай ойын жалғасын таба береді.<br>"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>Балалардың құммен еркін ойындары. Еңбек әрекеті: балаларды ойыншықтарды құмнан қағып тазалау.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар" | "Дауыс арқылы тап" ойыны.<br>Мақсаты: ойын дағдыларын, есту, қабылдау, сөйлеу, қиял қабілеттерін дамыту | Көркем әдебиет шығармаларын оқу.<br>Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. | "Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары. Мақсаты: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | Дидактикалық ойын "Кім не естиді?".<br>Мақсаты: балалардың есту қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру, сөздік қорын дамыту. | Көркем әдебиет шығармаларын оқу.<br>Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес беру) | "Күннің көзінен сақтану" тақырыбына ата-аналарға кеңес беру. | " Үйдегі ойындар" тақырыбында ата-аналардан сауалнама алу. | "Дұрыс сөйлеп үйренейік" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. | "Балалардың ойыншықтары" атты науқанын өткізу. | "Демалыс күндері балабақша тәртібін сақтау" атты кеңес беру. |

# 2021-2022 оқу жылының мектепке дейінгі оқыту мемлекеттік стандарты бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің шілде айының жазғы сауықтыру циклограммасы «Балдырған» ортаңғы тобы

| Ортаңғы топ | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | №1 | | | | |
| Күндері | 27.06 - 01.07.2022ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Нұрлы күн / Солнышко лучистое / | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшсы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Бегежан Б,Тұтқабекова М | | | | |
| | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| | | | | | |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br>Ата-аналармен сұхбат | Дене қызуын өлшеу, балалардың денесін тексеру, жағымды көңіл -күймен балаларды қабылдау. | | | | |
| Еңбекке баулу (дамытушы орталықтары, табиғат орталығын бақылау, кезекшілік, тапсырма беру) | Үстелдердің жанына орындықтарды қою.<br>Мақсаты: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету. | Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. | Бөлме өсімдіктерін суару.<br>Мақсаты: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), | Ойыншықтарды сөрелерге қою.<br>Мақсаты: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | Кітап бұрышын тазалау<br>Мақсаты: құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, реттікті орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. |
| Ойындар (үстел үсті ойындары, дамытушы ойындар, саусаққа арналған ойындар, даладағы еркін ойындар) | Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.<br>Мақсаты: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту;<br>денсаулықты сақтау қағидаларына баулу.<br>"Күнім, күнім..."<br>Күнім, күнім, қайдасың?<br>Түннен бері шығасың.<br>Сенімен бірге оянамын,<br>Жылы нұрыңа шомыламын.<br><br>Оянамын, жаттығамын,<br>Балабақшаға барамын.<br>Нұрыңа толған алаңға<br>Достарымды шақырамын.<br>Д. Ахметова.<br>"Жел көбік" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады:<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – | Саусақ жаттығуы.<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Күн денесін құрайық, (Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұраңдау)<br>Қолды жайып бұрайық,<br>Саусақтармен жыбырлап, (Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br><br>Саусақтармен жыбырлап, (Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Шапалақты қағайық, (Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер". Мақсаты: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету.<br>Тәрбиеші балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі. | "Топ-топ басайық" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету .<br>Топ, топ, топ, топ басайық (шеңберге тұру)<br>Жалаудан күн жасайық (қоладарын көтеру)<br>Жаса, жаса, алтын күн (бір орында аяқты нық басып жүру)<br>Жаса, жаса, алтын күн<br>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!». Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады.<br>"Орманшы" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту.<br>Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. | Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.<br>Мақсаты: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; артиқуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Көркем сөз. "Зымыран".<br>Биік-биік көк аспан,<br>Көк аспанда сұр қыран.<br>Сұр қыраннан озады<br>Ғарыштағы зымыран.<br><br>Басы үшкір, бұрыштай,<br>Жылтырайды қылыштай,<br>Күміс құстай зуылдап,<br>Ұшып кетті зымыран.<br>Д. Ахметова.<br>Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап" Мақсаты: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.<br>Үстелге түрлі-түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою.<br>Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады. | Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.<br>Мақсаты: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>"Кемпірқосақ".<br>Кемпірқосақ көпірдей<br>Аспан жарып туыпты.<br>Жердің екі бетіне<br>Жеті жеңін жауыпты.<br>Д. Ахметова.<br>"Жел көбік" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады:<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады. |

| | |
|---|---|
| Ертеңгілік жаттығу ( мин) | "Достық" жаттығуы.<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. |
| Таңғы ас( көркем сөз, біліктер мен дағдыларды қалыптастыру | Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету.<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз |
| Ойындар, жазғы кестеге | ҰОҚ даярлық мақсатымен жүргізілетін ойындар және жаттығулар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтеріне дайындық | "Күн" саусақ жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Алақанды ашамыз,<br>Жарқын күнге қараймыз. (Балалар алақандарын алға созады, және ырғақпен жоғары-төмен бұрады)<br>Бізге жылу бере ғой,<br>Күш, қуатым тасысын. (Өздеріне шақырғандай саусақтарын қимылдатады)<br>Саусақтарым жатпайды,<br>Ешбір тыным таппайды.(Саусақтарын бүгіп, қайта ашады)<br>Тук-тук, балғалар, (Еңкейіп, кезек-кезек жұдырықтарымен тізелерін ұрады)<br>Хлоп-хлоп, алақандар, (Тізелерін алақандарымен | Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.<br>Мақсаты: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>"Шапалақты тыңда" ойыны.<br>Мақсаты: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен,<br>екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып , үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>- Қанша дыбыс естідіңдер? | Үстел үсті "Суретті құрастыр" ойыны. Мақсаты: бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруды үйрету, балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту.<br>"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балаларға заттарды сипап-сезу арқылы анықтауға және оларды сипаттауға үйрету. | "Жұбыңды тап" ойыны.<br>Мақсаты: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді.<br>Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар.<br>Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады. | "Сыпайы бол" ойыны.<br>Мақсаты: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру.<br>"Ою саламыз" саусақ жаттығуы. Мақсаты: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова. |
| Жазғы сауықтыру шараларына сәйкес ҰОҚ | Жаратылыстану<br>"Шуақты күн"<br>Мақсаты: Күн сәулесінің барлық жер жүзін жылытатыны туралы білімдерін кеңейту; күннің сәулесісіз тіршілігі жоқ екенін түсіндіру; балалардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; күннің жер бетіндегі тіршілікке қажет екендігі туралы түсінік қалыптастыру.<br>Дидактикалық ойын «Күн шуағы». | Дене шынықтыру "Тепе-теңдікті сақтайық"<br>Мақсаты: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру | Көркем әдебиет<br>"Мақтаншақ қоян" ертегісі<br>Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын түсініп, тыңдай білуге, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды түсіндіру; ертегіні мазмұндай алуға, рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойын: "Не жақсы, не жаман?". | Сурет салу<br>"Орманға жидек теруге барамыз"<br>Мақсаты: Балаларды жидектері бар бұталар бейнеленген үйлесімді композиция құруға үйрету; бейнелейтін заттың орналасу мағынасын түсінуді меңгерту; кеңістікті бағдарлау дағдыларын, көру қабілеттерін дамыту; Табиғатты аялауға, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>Жеке сүйемелдеумен дербес әрекет. | Музыка<br>"Күнбағыс"<br>Мақсаты: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту.<br>"Күннің көзі және бұлт" дидактикалық ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар | Күнді бақылау.<br>Мақсаты: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Күн терезен қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық!<br>Еңбек әрекеті: құм салғышты құммен толықтыру.<br>Мақсаты: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу.<br>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады.<br>Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды.<br>Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>"Жалаушаға жүгір" ойыны.<br>Мақсаты: тәрбиешінің белгісіне сәйкес іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту, | Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау.<br>Мақсаты: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.<br>Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар.<br>Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі.<br>Еңбек әрекеті: майда қиыршық тастарды жинау.<br>Мақсаты: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру.<br>"Түсін тап" ойыны.<br>Мақсаты: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру.<br>Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>"Аттар"қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады. Шабарманның қолында -ауыздық. Аланның басқа жағында - аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармендар. Тәрбиеші: "Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!" - дегенде шабармандар аттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады. "Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар",- дегенде әрқайсысы өздерінің аттарын | Желді бақылау.<br>Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Желдің түрлерімен таныстыру.<br>- Жел дегеніміз не?<br>- Жел қандай болады?<br>- Жел не үшін қажет?<br>- Желді көрмесек қалай сеземіз?<br>- Жел қай жақтан соғып тұр?<br>Жел соғады бетімізге,<br>Тербеледі ағаштар.<br>Тыныш - тыныш отырыңдар,<br>Биік-биік ағаштар.<br>"Тышқан мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>Ойын шартын бұзбай, тату ойнауға дағдыландыру.<br>Ойын шарты: Балалар шеңбер құрып бір - бірінің қолынан үстап тұрады. Екі бала таңдалып алынып, біреуі тышқан – қашушы, екіншісі мысық -қуғыншы болып сайланады. Тышқан шеңбердің іші - сыртымен қашады, ал мысық тышқанды ұстап алуға тырысады. Шеңбер құрып тұрған балалар мысықтың тышқанды ұстап алуына кедергі жасайды. Егер мысық тышқанды ұстап алса, басқа балалар мысық пен тышқан болып сайланады. Сөйтіп балалар ауысыу арқылы ойын жалғасады.<br>"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер.<br>Еңбек әрекеті: гүлзардаға гүлдерге су құю. Мақсаты: тазалыққа, бірлікке, еңбекқорлыққа баулу.<br>Балалардың еркін ойыны. | Жаңбырдың жауғанын бақылату<br>Мақсаты: жаңбырдың пайда болу құбылысын түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету.<br>- Балалар, ақ жауын мен нөсер жауын бірдей ме?<br>Жұмбақ шешуге үйрету.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>Көркем сөз.<br>Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Өсімдіктер көп болсын.<br>Жауған жерің шөп болсын<br>Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз,қоқыстарды жинау.<br>"Түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету. Жүгіру, жүру жаттығулары.<br>Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрыштқа тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. Тәрбиешінің белгісі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды. "Өз түстерінді тап!" - деген белгіні естігенде, балалар тиісті тудың жанына жиналады. Тәрбиеші қай топтың тез жиналғанын айтады.<br>Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу."Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз түстерінді тап!"<br>Дене тәрбиесіне арналған ойын: балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>Балалардың еркін ойыны. | Ақ қайыңды бақылау.<br>Мақсаты: қайынның белгілерін атай білу, басқа ағаштардан айырмашылығын ажырата білу, қайынның әдемілігін айту.<br>Ересектермен бірлескен жұмыс түрлері. Бақшадағы көкеністерді бақылау және қарау.<br>Мақсаты: Топтық жұмысқа үйрету және дағдыларын қалыптастыру.<br>"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландару.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштан түскен ұсақ бұтақтарды жинақтау.<br>Мақсаты: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>Балалардың еркін әрекеті. |
| Серуеннен оралу | Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жууды қалыптастыру.<br>Жуынуға арналған жаттамақ жаттығуы.<br>Мақсаты: есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: сабын.<br>Сабындаған кезінде<br>Ашытады көзіңді.<br>Бола білсең төзімді,<br>Тап-таза етер өзіңді.<br>Тазалықтың досы - | | | | |
| Түскі ас | Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Тыныш ұйқыға кетуге жағдай жасау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | "Оянайық бәріміз".<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір-біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен<br>сипаңдар, Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар, | | | | |
| Бесін ас (біліктер мен дағдыларды қалыптастыру) | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай аппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма. | | | | |
| Ойындар, жеке іс-әрекеттер (сюжеттік-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті ойындары, сахналау ойындары) | "Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар).<br>Педагог балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады.<br>Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер" сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді. "Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>"Біз естиміз-жасаймыз"ойыны.<br>Мақсаты: балаларды мәтін бойынша естіген сөздерді, қимылмен көрсету дағдыларын дамыту. | "Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.<br>Мақсаты: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту.<br>Жүргізуші.<br>1 нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту; коммуникативті біліктерді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Тәрбиеші балаларға: "Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік", - дейді.<br>Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр | "Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-құиялын даиыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар).<br>Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы).<br>Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі.<br>"Мысық пен тышқандар" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; бегле бойынша қимылдауға дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.<br>"Мысық" таңдап алынады. "Тышқандар" індерінде отырады. "Тышқандар" мен "мысық" екі қарама-қарсы жақта орналасады.<br>Тәрбиеші былай дейді:<br>- Тышқанға сақшы санап өзін мысық,<br>Жатады ұйықтағансып көзін қысып.<br>Тышқандар індерінен жүгіріп шығып (сатының баспалдақтары арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды.<br>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші:<br>- Тынышталаңдар, тышқандар, бекерге шулап кулмендер | "Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы. Мақсаты: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру)<br>Ғарышкер боламыз. (Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтақтарды бүгу)<br>Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру)<br>Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру<br>Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Сыдырманы жүргізіп, (Бір қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу)<br>Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау)<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы | "Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.<br>Мақсаты: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту.<br>Жүргізуші.<br>1 нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>"Кімді тазалау үйі" сюжетт-рөлдік ойыны. Мақсаты: киімді күту амалдарынмен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру.<br>Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп.<br>Үтіктейміз киімді,<br>Қыртыстарын жазамыз.<br>Кірлеп қалса киімдер,<br>Кір жуу машинасына саламыз.<br>Г. Кужагулова. |
| Серуенге даярлық (біліктер мен дағдыларын қалыптастыру) | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар) | Құмның қасиеттерін бақылау (дымқыл, құрғақ).<br>Мақсаты: құмның қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау, танымдық қызметін кеңейту<br>Дымқыл құмнан мүсін жасауға болады, ал құрғақ құм тез шашылып қалады, пішінін сақтамайды.<br>Балаларға құммен ойнауға арналған ойыншықтарды беру, құмның құрғақ және дымқыл екенін анықтау.<br>Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа кішкене шелектермен салу.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: кішкентай шелектер.<br>Тәжірибе жасау: "Біз әжемізге тәтті нан пісіреміз" (құмнан жасау).<br>Мақсаты: құмның қасиеттері жайындағы түсініктерді тиянақтау.<br>"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылдып жатқанын бақылайды.<br>"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: биік емес бөрене үстімен жүріп,екі аяқты бүге отыра секіруге үйрету.<br>Балалардың еркін ойындары. | Жазда гүлдерді бақылау.<br>Мақсаты: балаларға гүл туралы түсініктерді тиянақтау; гүлдерге деген қызығушылықты арттыру.<br>- Гүл деген не?<br>- Гүл қандай болады?<br>- Ол қайда өседі?<br>- Гүлдің қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Гүлдің пайдасы бар ма?<br>Тақпақ:<br>Гүл өсір, сен, бағында,<br>Тұрсын көздің жауын ап.<br>Бүршік жарған шағында,<br>Үзе көрме жұлып ап.<br>"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар.<br>"Себетке допты лақтыр" қимыл жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады.<br>Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.<br>Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар.<br>Еңбек әрекеті: гүлдердің тұқымдарын жинау.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын тәрбиелеу.<br>Құралдары: қағаз қалташалары.<br>Балалардың еркін ойындары. | Ауа-райын бақылау.<br>Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>"Күнмен ойнаймыз" ойын-жаттығуы. Мақсаты: балаларды ойындағы сөздердің мәніне сай қимылдауға, қимылдарды өзгертуге дағдыландыру; негізгі қимылдарды жетілдіру; шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Аспанға алтын күн шықты,<br>Шашыратып шуақты.<br>Домалаңдап, жарқырап,<br>Көзін қысып, бізбен ойнап.<br>Күнім, рақмет, демалшы,<br>Көлге батып, ұйықташы.<br>Д. Ахметова.<br>Алғашында балалар шеңберде тұрып, аяқ ұштарына тұрып, қолдарын жоғары көтереді. Содан соң жан-жаққа таралып, айлалып, билейді. Соңында орындарында тоқтап, шоқайып отырады, ұйықтап жатқанын көрсетеді.<br>"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы.<br>Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар". "Мысық" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді.<br>Тышқан шықты інінен,<br>"Сағат неше болды?"- деп,<br>Бауды тартып қалып еді,<br>Дүңгірледі барлық жер.<br>Тышқан қорқып қайтадан,<br>Кіріп кетті иіне.<br>Соңғы сөздерді естіген "мысық" "тышқандарғаа" қарай жүгіріп, қуалап, оларды ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады.<br>"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балалардың доппен ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жете білуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа бірбиелеу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың | Жаңбырлы ауа-райы туралы сөйлесу (немесе бақылау).<br>Мақсаты: балаларға табиғат құбылыстарын сезіне білуге баулу; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру.<br>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың алаңның бір шетінде тұрады.<br>Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады", – дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер", – дейді, ойын қайта басталады.<br>"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы.<br>Мақсаты: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>Еңбек әрекеті: бақшадағы көкөністерді суару.<br>Мақсаты: су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | Күнді бақылау.<br>Мақсаты: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Қайыңды бақылауды жалғастыру, қайыңның құрылымын еске түсіру, оның басқа ағаштардан ерекшеліктері.<br>"Кемпірқосақ" ойыны.<br>Мақсаты: ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Балалар ортаға шығып түстерді айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай түс айтқанын айтып береді.<br>"Жұбыңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балалардың бірін-бірі қақпай, кеңістікте жүгіре білу, түстерді ажырата білу, зерек болу қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға жалаушадан таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті жалаушалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдар: түрлі түсті жалаулар.<br>Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау.<br>Балалардың еркін ойындары. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар | "Суретті тап"ойыны. (балалар тобымен жұмыс)<br>Мақсаты: есте сақтау, зейінді дамыту.<br>Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу. | "Неге ұқсайды?" (балалар тобымен жұмыс).<br>Мақсаты: зейінді, байқағыштықты дамыту.<br>Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау. Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті.<br>Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсетіңіз, мысалы: бір түсті екі | Көркем сөзді жаттау жаттығуы.<br>Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Жаз"<br>Күн ысыды сәске болмай жатып-ақ,<br>Сәуле құшып дірілдейді жапырақ.<br>Дүниенің оянып тұр барлығы<br>Жасыл түске боянып тұр атырап.<br>Т. Молдағалиев | "Біз шығамыз сапарға" саусақ жаттығуы. Мақсаты: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін | "Не болады?" (балалар тобымен жұмыс) ойыны.<br>Мақсаты: сөйлеу, есте сақтау, заттардың белгісі немесе қасиеті бойынша жалпылау дағдыларын дамыту.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді. Мысалы: "Қызыл не болады?" (көйлек, гүл, шелек және т. б.); "Дөңгелек не болады?" (доп, айна, күн және т. б.); Не үлкен?" (үлкен үй, үлкен көлік және т.б.). |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңесі) | "Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу. | "Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес. | "Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Баланың демалыс күндері" атты әңгіме. |

| Ортаңғы топ | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | №2 | | | | |
| Күндері | 04.07 - 08.07.2022ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Жидектерден тосап қайнатамыз / Варим варенье из ягод / Making berry jam | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | | | | | |
| | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| | | | | | |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br>Ата-аналармен сұхбат. | Балаларды дене қызуын тексеріп, қабылдау. Көңіл-күйлеріне назар аудару. Ата-аналарды толғандырып жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| Еңбекке баулу (дамытушы орталықтары, табиғат орталығын бақылау, кезекшілік, тапсырма беру) | Аквариумдағы балықтарды қоректендіру. Мақсаты: балыққа қамқорлық жасай білу қабілетін дамыту; аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. | "Топтың ішін ретке келтір".<br>Мақсаты: балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафта тұрған ойыншықтар мен құралдарды реттеп, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. | | Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.<br>Мақсаты: балаларды құралдарды жинауда үнемшілдік тәртібін сақтауға тарту; басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру; балаларды | Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.<br>Мақсаты: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге |
| Ойындар (үстел үсті ойындары, дамытушы ойындар, саусаққа арналған ойындар, даладағы еркін ойындар) | "Қарама-қайшылық" ойыны.<br>Мақсаты: сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануға үйрету.<br>Ойын құралы: доп.<br>Тәрбиеші белегілі бір сөзді айтады: мысалы - "ауыр" деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады. Допты қағып алған бала, ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек, т.с.с. "Өрмекші" саусақ жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды санамақ мәтінінің мәніне сай қимылдар жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Күні бойы еңбекпен (Оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды; сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы),<br>Өрмекші өрмек тоқиды (Саусақтарын сыртылдатады),<br>Нөсер тек кенет селдеткен (Оң алақанмен сол қол алақаның үстінен тез «сырғанап түседі),<br>Еңбегін оның жоқ қылды (Барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды),<br>Күн шықты қайта жарқырап (Екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе оңға, біресе солға иіледі), | "Кім сені шақырды, тап" ойыны.<br>Мақсаты: басқа адамды дауысынан тануды үйрету.<br>Күрделенген нұсқасы: даусытарды тануға шыққан баланың басына шляпа кигізу, қалған балаларға оны шақырту.<br>Құрал: арнайы құрал керек емес.<br>Ойын барысы. Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға турып көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада турған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге турады – шақырған бала ортаға турады. "Қарақат" саусақ жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Өлең мазмұнына сай қимыл жасау.<br>Қалсам егер тығылып,<br>Қалың шөптің астында.<br>Таба алар деп кім біліп,<br>Жұрт көзінен қаштың ба?<br><br>Торсиған бал уызға<br>Кіп-кішкентай қарақат.<br>Салып қояр ауызға,<br>Болса егер бала тап.<br>(С. Мәуленов) | | "Не өзгерді?" ойыны.<br>Мақсаты: зейінді, ойлауды дамыту.<br>Бір топ бала жиналып, қолдарына түскен әр түрлі заттарды үстел үстіне жайып тастайды. Олардың саны аса көп болмауы қажет. Ойын жүргізуші ол заттардың аттарын атап шығады. Ал ойыншыларға сол заттардың қайсысы ненің қасында ненің қасында және қандай қалыпта жатқанын, олардың түр-түстері қандай екенін көріп алуға 5-10 секунд уақыт беріледі. Осыдан кейін ойыншылар бөлмеден шығарылады немесе теріс қарап отырады.Осы кезде ойын жүргізуші бірнеше заттың орнын тетез ауыстырып, кейбіреуін тығып қояды. "Үстелдің үстіне қандай өзгерістер болды?" - деген сұраққа кім дұрыс әрі толық жауап берсе, сол ойын жүргізуші болып, әрі қарай жалғастырады<br>"Жел көбік" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шеңберде жүріп, бірлесіп ойнауға, сөздерге сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; ұйымшалдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі.<br>Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен | "Кім сені шақырды, тап" ойыны.<br>Мақсаты: басқа адамды дауысынан танып үйрету.<br>Құрал: арнайы құрал керек емес.<br>Ойын барысы: Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға турып көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада турған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге турады – шақырған бала ортаға турады.<br>"Орманшы" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту.<br>Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. |
| Ертеңгілік жаттығу ( мин) | Тәрбиешінің артынан шеңбер бойында жай жүру,<br>Аяқтың ұшымен жүру.<br>БҚ – аяқты алшақ қойып, қолды төменде,<br>1- қолды алға созамыз.<br>2- қолды жоғары көтереміз.<br>3- бірінші қалыпқа келеміз. (3-4 рет) БҚ – аяқты алшақ, қолды белге қойып,<br>"Сағаттың тілі".<br>1- оңға иілеміз<br>2- солға иілеміз<br>Бірнеше рет қайталаймыз.(5-6 рет)<br>БҚ – аяқты алшақ, қолды төмен басымызбен оңға, солға иілу. (4-5 рет)<br>"Қарлығаш" болып ұшамыз | | | | |
| Таңғы ас( көркем сөз, біліктер мен дағдыларды қалыптастыру | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. | | | | |
| Ойындар, жазғы кестеге | ҰОҚ даярлық мақсатымен жүргізілетін ойындар және жаттығулар | | | | |

сәйкес ұйымдастырылған оқу

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтеріне дайындық | Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсаты: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу.<br>"Күнім, күнім..." Күнім,<br>күнім, қайдасың? Түннен<br>бері шығасың. Сенімен<br>бірге оянамын,<br>Жылы нұрыңа шомыламын.<br>Оянамын, жаттығамын,<br>Балабақшаға барамын.<br>Нұрыңа толған алаңға<br>Достарымды шақырамын.<br>Д. Ахметова. | "Қатып қал" ойыны.<br>Мақсаты: еркін қозғалыстарды дамыту.<br>Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады. | | "Мұқият бол" ойыны.<br>Мақсаты: мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: балық, тастар және балдырлар. Тәрбиешінің белгісі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Педагог кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсетеді:<br>1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді.<br>2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады.<br>3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында туралы да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан- | "Ақ шамшық" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тас алған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды. |
| Жазғы сауықтыру шараларына сәйкес ҰОҚ | Сөйлеуді дамыту<br>"Орман жидектерін тереміз"<br>Мақсаты: Орманда өсетін және орман өсімдіктері туралы білімдерін бекіту.<br>Жидектер туралы сөздік қорларын белсенділендіру, нақтылау.<br>«Көп - аз» дидактикалық ойыны. | Дене шынықтыру<br>"Дәмді тосаптар"<br>Мақсаты: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүру дағдыларын дамыту; жидектерден жасалатын тосаптар туралы білімдерін арттыру; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту.<br>"Құстар мен мысық" қимылды ойыны. | | Қоршаған ортамен танысу<br>"Тосапты неден қайнатамыз?"<br>Мақсаты: Балалардың жидектер туралы, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсу орындары туралы, олардың түрлерімен, адам өміріндегі пайдасымен таныстыру; жидектер мен олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту, "жидектер" туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойын "Не дайындаймыз?".<br><br>Мүсіндеу<br>"Жидегі бар себет"<br>Мақсаты: Есу әдісі арқылы ермексаздың кішкене бөлшектерінен жидектер, себет мүсіндеуді үйрену; сөйлеуді, логикалық ойлауды, зейін қоюды, жұмбақ шешуді үйрету; ермексазбен жұмыс кезінде | Музыка<br>"Ән салған кім?"<br>Мақсаты: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.<br>"Шар ұшты!" дидактикалық ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар | Күннің көзін бақылау.<br>Мақсаты: балаларға күн туралы мағлұматтарын кеңейту.<br>Балаларға күннің сәулесі, жылуы туралы айту.<br>Көркем сөз:<br>Күн шыққанда:<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты күн шықты!<br>Жер үстінде нұр шықты!<br>"Күн - түн" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша қимылдауға дағдыландыру; тәулік ерешекліктері жайындағы түсініктері пысықтау; ұйымшылдықпен ойнай білуге баулу.<br>Балалар көңілді шеңбер жасап тұрады.<br>Жүргізуші: "Күн" - десе балалар қозғалып жүреді, қимылдайды.<br>"Түн" - десе балалар қимылсыз, ұйқыға кеткендей қатып қалады.<br>Осы сәтте бір бала ойын шартын бұзса, ойыннан шығарылады.<br>Дұрыс ойнаған балалармен ойын жалғасын табады.<br>"Қасқыр мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын желісі, шарты бойынша баулу, белгі бойынша бір аймаққа жиналып және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Педагог балалармен бірге "қасқырды" таңдайды. Қалған балалар "қояндар" болады. Педагог белгісінен кейін "қояндар" әртүрлі бағыттарда жүгіріп, қасқырдан қашады. "Қасқыр" ұстап алған "қояндар" саны 5-6-ға жеткенде, "қасқыр" ауысады.<br>Құралдары: "қояндарға" медальондар, "қасқырға" маска.<br>Еңбек әрекеті: ауладағы қураған жапырақтарды жинақтау.<br>Мақсаты: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>Балалардың еркін әрекеті. | Аспанды және бұлтты бақылау<br>Мақсаты: балаларды аспанды бақылауға баулу, аспанды "бұлтсыз" немесе "бұлтты" деп ажыратуға дағдыландыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға аспанның әсемдігін көруге үйрету; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін айту керек. Бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады. Табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қаіупсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>"Көбелекті ұстап алу" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша орнында секіру қимылдарына дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, жигер-күшін, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>ойын барысында педагог балаларды бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруге жаттықтырады. Педагог нұсқауларында секіріп, орнына қайта түсуде тепе-теңдікті сақтап, құлап қалмауды ескеру керек.<br>"Не жөнінде айтылады" дидактикалық ойыны. Сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білу (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды) | | Шие ағашын бақылау.<br>Мақсаты: шие ағашымен таныстыру (құрылымын, гүлденуін бақылау); өсімдіктерге деген қызығушылықты арттыру.<br>Бақылау барысы:<br>Бақ ішінде шиелер,<br>Бар жемісі бағалы<br>Көрген адам таңданар,<br>Көздің жауын алады<br>- Балалар, бұл шие ағашы.<br>Еңбек әрекеті: құрғақ бұтақтар мен құс шие гүлдерін жинау.<br>Мақсаты: балаларды еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге тәрбиелеу.<br>"Қоңызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.<br>Мақсаты: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>Құралдары: түрлі түсті гүлдердің және дәндіктердің кескіндері (ламинадталған).<br>Педагог алдын-ала түрлі түсті гүлдердің кескіндерін алаңға шашыратып жайып салады. Балалар өздеріне ұнаған қоңызды, көбелекті алып, белгі бойынша түсі бірдей гүлге жүгіріп барып, жәндікті гүлдің үстіне қондырады.<br>Ойынды бірнеше рет қайталауға болады.<br>"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы.<br>Мақсаты: дәлдікке, ептіл"кке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>Балалардың еркін ойындары.<br>Еңбек әрекеті: ауладағы қураған жапырақтарды жинақтау.<br>Мақсаты: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>Балалардың еркін әрекеті. | Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау (ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау)<br>Мақсаты: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.<br>Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар.<br>Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады.<br>Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі. Еңбек әрекеті: майда қиыршық тастарды жинау. Мақсаты: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру.<br>"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар.<br>"Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, оларды қуалап, ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады.<br>Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады.<br>"Түсін тап" ойыны.<br>Мақсаты: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін |
| Серуеннен оралу | Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жууды қалыптастыру. | | | | |
| Түскі ас | Түскі асқа назар аударту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Тыныш ұйқыға кетуге жағдай жасау. | | | | |
| Біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | Бойымызды жазайық<br>Қолымызды созайық<br>Жаттығулар жасайық<br>Ұйқымызды ашайық! | | | | |
| Бесін ас(біліктер мен дағдыларды қалыптастыру) | Түскі асқа көңілдерін аудару, тамақтану мәдениетін қалыптастыруға жеке жұмыстар жүргізу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар, жеке іс-әрекеттер (сюжеттік-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті ойындары, сахналау ойындары | "Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балаларда кеңістіктікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы.<br>Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші сұрайды балалардан көздерін жұмып, артқа карауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды.Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсыңдар деп?». Балалар жауап береді.<br>Ойын ары-қарай жалғаса береді.<br>Үстел үсті театры "Бауырсақ" ертегісі.<br>Мақсаты: балаларды ертегіні мұқият тыңдауға және көруге, кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін көруге, ертегілерге деген сүйіспеншілікті арттыру. | "Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту.<br>Құрал-жабдықтар: ойыншықтар.<br>Тәрбиеші балалардың кез-келгенінен көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды және қапшыққа балаларға таныс ойыншық немесе зат салады. Ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған затты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды. "Бауырсақ" ертегісі.<br>Мақсаты: ертегі мазмұның балалардың естеріне түсіріп,сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау. Тіл байлықтарын дамыту. Артистік өнерге машықтандыру, дауыс ырғағын өзгерте отырып, кейіпкерлердің дауысына сала білуге үйрету.<br>Ойын барысы:<br>Автор: Ерте-ерте-ертеде шал мен кемпір тұрыпты. Бір күні шал кемпіріне айтады.<br>Шал (1-бала): Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берші.<br>Кемпір(2-бала): Неден пісірейін? Ұн жоқ қой.<br>Шал: Әй, кемпір, қойманың түбін қырып көрсең. Бір бауырсақ пісіретін үн табылар.<br>Автор: Кемпір солай істеді. Қойма түбін қырып-қырып екі уыс ұн табады да. Қаймақ қосып, қамыр илейді. Бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына суытуға қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан домалап түсіп, жолға шығып, домалап кетеді. Жолда домалап келе жатса, алдынан қоян шығады.<br>Қоян (3-бала): Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!<br>Бауырсақ (4-бала): Жоқ, сен мені жеме, қоян, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші.<br>Әже қойма қырнаған,<br>Екі уыс ұн жинаған,<br>Қаймаққа илеген,<br>Майға пісірген,<br>Терезе алдына суытқан,<br>Бауырсақпын домалақ!<br>Атадан кеттім,<br>Әжеден кеттім,<br>Қоян сенен де кетемін!<br>Автор: Бауырсақ алға қарай домалап кетеді, қоян қалып қояды. Бауырсақ орман ішіиен домалап келе жатқанда, алдынан қасқыр шығады.<br>Қасқыр (5-бала): Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!<br>Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші.<br>Бауырсақтың әні.<br>Автор: Бауырсақ домалап кетеді. Қарсы алдынан қорбандап аю шығады.<br>Аю(6-бала): Әй, бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!<br>Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші.<br>Бауырсақтың әні.<br>Автор: Бауырсақ домалап кетеді, аю қалып қояды. Бауырсақ зымырап келе жатса,<br>алдынан түлкі шыға келеді.<br>Түлкі (7-бала): Амансың ба, бауырсақ! Көргендерге ұнайсың, қандай әдемісің!<br>Автор: Бауырсақ қуанып, өлеңін айта бастайды. Түлкі болса тыңдаған болып,<br>білдірмей бауырсаққа жақындап отырады.<br>Бауырсақ: Әже қойма қырнаған,<br>Екі уыс ұн жинаған,<br>Қаймаққа илеген,<br>Майға пісірген, | | Мүсіндеу. "Жидегі бар себет".<br><br>"Қуыршақты серуенге даярлайық" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту және толықтыру.<br>Үстел үсті ойындары: "Басқатырғыш", "Құрастырғыш".<br>Мақсаты: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>"Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны. Мақсаты: ұқсас жұп заттарды, суреттерді салыстырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Барысы. Салыстыруға бірінші зат немесе сурет балаларға біраз уақыт көрсетеді. Содан кейін екінші зат не суретке көңіл аударылады. Басты міндет - заттардың не суреттердің несімен ұқсамайтынын айту. | Дамытушы ойын. "Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз".<br>Мақсаты: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту.<br>Жүргізуші.<br>1- нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3-нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>"Жідек тереміз" рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: балаларды жидекке шығу, шөп, бұта арасынан іздеу, теру, себепке салу әрекеттеріне машықтандыру; жидекті теру үшін еңбек керектігін түсіндіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту.<br>Құралдары: себеттер, жидектердің нақпішіндері.<br>Ойын аула жағдайында ұйымдастырылса, алдын-ала шығып, бұтақтарға жұмсақ қызыл түсті қағаздан шиыршықтарды (жидектерді) жапсырып, шөп арасына шашыратып қоюға болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге даярлық (біліктер мен дағдыларын қалыптастыру) | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету. Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп, | | | | |
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылдыойындар, еркін ойындар) | Күнді бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: балаларды күннің бір тәулікте бір орында тұрмай, әртүрлі биіктікте орналасуын байқауға машықтандыру.<br>Күн күндіз жоғарыда тұрғанда — ыстық болады, кешке күн төменде тұрғанда - күн салқын болады; жазда күн ұзаққа созылады, түндер қысқа болады.<br>"Үрпек төбет" қимыл-қозғалыс ойыны. Масқаты: балаларды ойын шарты бұзбай ойнауға баулу; бір бағытта, бірін-бірін қақпай, жеделдеп жүгіруге жаттықтыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол кілем үстінде жатады, басын алға созылған қолымен аяғына қояды.<br>Қалған балалар жай ғана оған жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді:<br>Алдыңғы екі аяққа басын сұғып,<br>Әнеки жалбыр төбет жатыр сұлық.<br>Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып,<br>Момақан, сырты пішіні жуас салғырт.<br>Ояталық жақындап барайық та,<br>Қайтер екен содан соң – қарайық та.<br>Төбет орнынан ұшып тұрып үре бастайды. Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі.<br>Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады. Төбет қайтадан кілемге жатады. Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.<br>"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>Балалардың құммен еркін ойындары.<br>Еңбек әрекеті: ойыншықтарды құмнан қағып тазалау.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; тазалыққа баулу. | Бұлттар мен аспанды бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: таңертең және қазір қандай бұлттар болғанын есте сақтауға мүмкіндіктер жасау; қешке қарай бұлттар қалай қозғалатынын бақылауға баулу.<br>"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш. Мақсаты: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бұлттар құстай ұшады, (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Құстар бұлттай ұшады,<br>Көк аспанда, биікте, (Аталған қимылдарды, қолдарды жоғарып көтеріп, төмен түсіріп, орындау)<br>Қанат жайып, ұшады.<br><br>Бұлттар құстай болмайды, (Саусақпен бұлғау)<br>Құстар бұлттай болмайды.<br>Бұлттар құстай бұтаға (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Қанат жайып қонбайды. (Саусақпен бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>"Аю мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі, мәтін сөздері бойынша қимылдауға дағдыландыру: белгілі аямақта бір-біріне соғылмай, жүгіріп, секіріп жүру және жан-жаққа шашырап жүгіру; шапшаңдыққы, зеректікке, жылдамдығға баулу.<br>Ойын шарты. Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы "аю" етіп сайлап, қалған балаларды "қояндар" болады.<br>Ойында қояндар аюға ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс.<br>Құралдары: "қояндарға" медальондар, "аюға", масқа.<br>"Кегльді қағып ал" жаттығуы.<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>Еңбек әрекеті: құмның бетін ұсақ бұталардан, жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | | Құстарды бақылау.<br>Мақсаты: балабақша маңындағы құстардың тіршілігін бақылап, тіршілігіндегі өзгерістерді байқауға машықтандыру.<br>Педагог балаларға құстардың дыбыстарын тыңдауға шақырады. Балалар торғайды, сауысқанды, тағы басқа құстарды есту мүмкін.<br>Педагог сауысқанның шықылықтайтынын, торғайдың шырылдайтынын айтады.<br>Шыр-шыр еткен торғайды<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкентай торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Ж. Смақов<br>"Көлік пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.<br>"Жел көбік" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды" деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан шеңберге тұрады, ойын қайтадан басталады.<br>Еңбек әрекеті.<br>Шөптерді жұлу және жинау (тәрбиешінің көмегімен)<br>"Құмырсқалар шынжырға тізілді" жаттығуы. Мақсаты: бірінен-бірі қалмай, бір тізбекте асықпай жүгіруге жаттықтыру; жүгіру қабілеттерін жетілдіру; мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Педагог балалардан құмырсқалардың қимыларын | Құмның қасиеттерін бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: құмнын қасиеттері жайындағы түсініктерді тиянақтау.<br>Ылғалды құмнан әр түрлі мүсіндер жасау, құмның дымқыл болуын байқау, әңгімелеу.<br>"Сөздер тізбегі" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгілі топтама немесе ортақ тақырыпқа байланысты сөздерді тізбекке салып, арасында қайталамай, айтып ойнауға машықтандыру; сөздік қорын байыту; ұымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге тұрады.<br>Педагог белгілі тақырыпты ұсынады, балалар бір-бірінен соң кезекпен осы тақырыпқа (топтамаға) жататын сөздерді айтып жатады. Мысалы: үй жанурлары - ат, сиыр, ешкі, түйе және тағы басқа сөздер.<br>"Кім біріншi?" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды тура бағытта белгі бойыгша жылдам жүгіруге машықтандыру; шапшақдыққа, зеректікке, достық қарып-қатынастарға тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагогтің белгісі бойынша балалар тура бағытта, белгіленген межеге дейін жүгіріп баруы керек. Ең бірінші болып межеге жеткен топ балалары, жеңіске жетеді.<br>Педагог барлық жұптарды мақтайды.<br>Жүгіру жолы балалар үшін қауіпсіз болуын педагог ескеру керек.<br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>Еңбек әрекеті: құмның бетін ұсақ бұталардан, жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар | "Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс). Мақсаты: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атауға дағдыландыру. | Көркем сөзді жаттау жаттығуы.<br>Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Қарақат".<br>Қап-қара бір тамшыдай,<br>Теріп жедік қарақат.<br>Таңдайымыз қаңсымай<br>Шөл қандырдық, рақат! | | "Жұмбақтар шешу" кешін ұйымдастыру. Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту, халық ауыз шығармашылығына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | "Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>"Жаз" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарау. |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңесі) | "Жазғы кезеңдегі балалардың қауіпсіздігі" тақырыбында кеңес беру. | "Бірге жаттайық" жаднама. | | "Халық шығармашылығы" жоба жасау. | "Балалардың демалыс күндерін дұрыс ұйымдастыру" кеңес беру. |

| | |
|---|---|
| Ортаңғы топ | ЦИКЛОГРАММА |

| Апта нөмірі | №1 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Күндері | 11.08 - 15.08.2022ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Нұрлы күн / Солнышко лучистое / | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшсы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Бегежан Б,Тұтқабекова М | | | | |
| | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| | | | | | |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br>Ата-аналармен сұхбат | Дене қызуын өлшеу, балалардың денесін тексеру, жағымды көңіл -күймен балаларды қабылдау. | | | | |
| Еңбекке баулу (дамытушы орталықтары, табиғат орталығын бақылау, кезекшілік, тапсырма беру) | Үстелдердің жанына орындықтарды қоу.<br>Мақсаты: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету. | Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. | Бөлме өсімдіктерін суару.<br>Мақсаты: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), | Ойыншықтарды сөрелерге қою.<br>Мақсаты: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | Кітап бұрышын тазалау<br>Мақсаты: құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, реттікті орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. |
| Ойындар (үстел үсті ойындары, дамытушы ойындар, саусаққа арналған ойындар, даладағы еркін ойындар) | Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.<br>Мақсаты: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу.<br>"Күнім, күнім..."<br>Күнім, күнім, қайдасың?<br>Түннен бері шығасың.<br>Сенімен бірге оянамын,<br>Жылы нұрыңа шомыламын.<br><br>Оянамын, жаттығамын,<br>Балабақшаға барамын.<br>Нұрыңа толған алаңға<br>Достарымды шақырамын.<br>Д. Ахметова.<br>"Жел көбік" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады:<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – | Саусақ жаттығуы.<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Күн денесін құрайық, (Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұрағдау)<br>Қолды жайып бұрайық,<br>Саусақтармен жыбырлап, (Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br><br>Саусақтармен жыбырлап, (Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Шапалақты қағайық, (Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер". Мақсаты: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету.<br>Тәрбиеші балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі. | "Топ-топ басайық" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету .<br>Топ, топ, топ, топ басайық (шеңберге тұру)<br>Жалаудан күн жасайық (қоладарын көтеру)<br>Жаса, жаса, алтын күн (бір орында аяқты нық басып жүру)<br>Жаса, жаса, алтын күн<br>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!». Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады.<br>"Орманшы" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту.<br>Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. | Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.<br>Мақсаты: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; артиқуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Көркем сөз. "Зымыран".<br>Биік-биік көк аспан,<br>Көк аспанда сұр қыран.<br>Сұр қыраннан озады<br>Ғарыштағы зымыран.<br><br>Басы үшкір, бұрыштай,<br>Жылтырайды қылыштай,<br>Күміс құстай зуылдап,<br>Ұшып кетті зымыран.<br>Д. Ахметова.<br>Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап" Мақсаты: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.<br>Үстелге түрлі-түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою.<br>Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады. | Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.<br>Мақсаты: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>"Кемпірқосақ".<br>Кемпірқосақ көпірдей<br>Аспан жарып туыпты.<br>Жердің екі бетіне<br>Жеті жеңін жауыпты.<br>Д. Ахметова.<br>"Жел көбік" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады:<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады. |
| Ертеңгілік жаттығу ( мин) | "Достық" жаттығуы.<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. | | | | |
| Таңғы ас( көркем сөз, біліктер мен дағдыларды қалыптастыру | Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету.<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Бөлмейміз, білмейміз | | | | |
| Ойындар, жазғы кестеге | ҰОҚ даярлық мақсатымен жүргізілетін ойындар және жаттығулар | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтеріне дайындық | "Күн" саусақ жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Алақанды ашамыз,<br>Жарқын күнге қараймыз. (Балалар алақандарын алға созады, және ырғақпен жоғары-төмен бұрады)<br>Бізге жылу бере ғой,<br>Күш, қуатым тасысын. (Өздеріне шақырғандай саусақтарын қимылдатады)<br>Саусақтарым жатпайды,<br>Ешбір тыным таппайды.(Саусақтарын бүгіп, қайта ашады)<br>Тук-тук, балғалар, (Еңкейіп, кезек-кезек жұдырықтарымен тізелерін ұрады)<br>Хлоп-хлоп, алақандар, (Тізелерін алақандарымен | Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.<br>Мақсаты: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>"Шапалақты тыңда" ойыны.<br>Мақсаты: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен,<br>екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып , үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>- Қанша дыбыс естідіңдер? | Үстел үсті "Суретті құрастыр" ойыны. Мақсаты: бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруды үйрету, балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту.<br>"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балаларға заттарды сипап-сезу арқылы анықтауға және оларды сипаттауға үйрету. | "Жұбыңды тап" ойыны.<br>Мақсаты: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді.<br>Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар.<br>Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады. | "Сыпайы бол" ойыны.<br>Мақсаты: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру.<br>"Ою саламыз" саусақ жаттығуы. Мақсаты: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова. |
| Жазғы сауықтыру шараларына сәйкес ҰОҚ | Жаратылыстану<br>"Шуақты күн"<br>Мақсаты: Күн сәулесінің барлық жер жүзін жылытатыны туралы білімдерін кеңейту; күннің сәулесісіз тіршілігі жоқ екенін түсіндіру; балалардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; күннің жер бетіндегі тіршілікке қажет екендігі туралы түсінік қалыптастыру.<br>Дидактикалық ойын «Күн шуағы». | Дене шынықтыру "Тепе-теңдікті сақтайық"<br>Мақсаты: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру | Көркем әдебиет<br>"Мақтаншақ қоян" ертегісі<br>Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын түсініп, тыңдай білуге, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды түсіндіру; ертегіні мазмұндай алуға, рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойын: "Не жақсы, не жаман?". | Сурет салу<br>"Орманға жидек теруге барамыз"<br>Мақсаты: Балаларды жидектері бар бұталар бейнеленген үйлесімді композиция құруға үйрету; бейнелейтін заттың орналасу мағынасын түсінуді меңгерту; кеңістікті бағдарлау дағдыларын, көру қабілеттерін дамыту; Табиғатты аялауға, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>Жеке сүйемелдеумен дербес әрекет. | Музыка<br>"Күнбағыс"<br>Мақсаты: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту.<br>"Күннің көзі және бұлт" дидактикалық ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар | Күнді бақылау.<br>Мақсаты: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Күн терезен қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық!<br>Еңбек әрекеті: құм салғышты құммен толықтыру.<br>Мақсаты: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу.<br>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады.<br>Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды.<br>Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>"Жалаушаға жүгір" ойыны.<br>Мақсаты: тәрбиешінің белгісіне сәйкес іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту, | Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау.<br>Мақсаты: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.<br>Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар.<br>Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі.<br>Еңбек әрекеті: майда қиыршық тастарды жинау.<br>Мақсаты: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру.<br>"Түсін тап" ойыны.<br>Мақсаты: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру.<br>Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>"Аттар"қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады. Шабарманның қолында -ауыздық. Аланның басқа жағында - аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармендар. Тәрбиеші: "Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!" - дегенде шабармандар аттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады. "Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар",- дегенде әрқайсысы өздерінің аттарын | Желді бақылау.<br>Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Желдің түрлерімен таныстыру.<br>- Жел дегеніміз не?<br>- Жел қандай болады?<br>- Жел не үшін қажет?<br>- Желді көрмесек қалай сеземіз?<br>- Жел қай жақтан соғып тұр?<br>Жел соғады бетімізге,<br>Тербеледі ағаштар.<br>Тыныш - тыныш отырыңдар,<br>Биік-биік ағаштар.<br>"Тышқан мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>Ойын шартын бұзбай, тату ойнауға дағдыландыру.<br>Ойын шарты: Балалар шеңбер құрып бір - бірінің қолынан ұстап тұрады. Екі бала таңдалып алынып, біреуі тышқан – қашушы, екіншісі мысық -қуғыншы болып сайланады. Тышқан шеңбердің іші - сыртымен қашады, ал мысық тышқанды ұстап алуға тырысады. Шеңбер құрып тұрған балалар мысықтың тышқанды ұстап алуына кедергі жасайды. Егер мысық тышқанды ұстап алса, басқа балалар мысық пен тышқан болып сайланады. Сөйтіп балалар ауысыу арқылы ойын жалғасады.<br>"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер.<br>Еңбек әрекеті: гүлзардаға гүлдерге су құю.<br>Мақсаты: тазалыққа, бірлікке, еңбекқорлыққа баулу.<br>Балалардың еркін ойыны. | Жаңбырдың жауғанын бақылату<br>Мақсаты: жаңбырдың пайда болу құбылысын түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету.<br>- Балалар, ақ жауын мен нөсер жауын бірдей ме?<br>Жұмбақ шешуге үйрету.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>Көркем сөз.<br>Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Өсімдіктер көп болсын.<br>Жауған жерің шөп болсын<br>Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз,қоқыстарды жинау.<br>"Түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету. Жүгіру, жүру жаттығулары.<br>Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрышқа тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. Тәрбиешінің белгісі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды. "Өз түстеріңді тап!" - деген белгіні естігенде, балалар тиісті тудың жанына жиналады. Тәрбиеші қай топтың тез жиналғанын айтады.<br>Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу."Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз түстеріңді тап!"<br>Дене тәрбиесіне арналған ойын: балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>Балалардың еркін ойыны. | Ақ қайыңды бақылау.<br>Мақсаты: қайынның белгілерін атай білу, басқа ағаштардан айырмашылығын ажырата білу, қайынның әдемілігін айту.<br>Ересектермен бірлескен жұмыс түрлері. Бақшадағы көкеністерді бақылау және қарау.<br>Мақсаты: Топтық жұмысқа үйрету және дағдыларын қалыптастыру.<br>"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландару.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштан түскен ұсақ бұтақтарды жинақтау.<br>Мақсаты: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>Балалардың еркін әрекеті. |
| Серуеннен оралу | Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жууды қалыптастыру.<br>Жуынуға арналған жаттамақ жаттығуы.<br>Мақсаты: есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: сабын.<br>Сабындаған кезіңде<br>Ашытады көзіңді.<br>Бола білсең төзімді,<br>Тап-таза етер өзіңді.<br>Тазалықтың досы - | | | | |
| Түскі ас | Түскі асқа назар аудурту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Тыныш ұйқыға кетуге жағдай жасау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | "Оянайық бәріміз".<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір-біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен<br>сипаңдар, Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар, | | | | |
| Бесін ас (біліктер мен дағдыларды қалыптастыру) | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай аппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма. | | | | |
| Ойындар, жеке іс-әрекеттер (сюжеттік-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті ойындары, сахналау ойындары) | "Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар).<br>Педагог балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады.<br>Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер" сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді. "Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұйымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>"Біз естиміз-жасаймыз"ойыны.<br>Мақсаты: балаларды мәтін бойынша естіген сөздерді, қимылмен көрсету дағдыларын дамыту. | "Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.<br>Мақсаты: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту.<br>Жүргізуші.<br>1 нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту; коммуникативті біліктерді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Тәрбиеші балаларға: "Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік", - дейді.<br>Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр | "Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-құиялын даиыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар).<br>Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы).<br>Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі.<br>"Мысық пен тышқандар" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; бегле бойынша қимылдауға дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.<br>"Мысық" таңдап алынады. "Тышқандар" індерінде отырады. "Тышқандар" мен "мысық" екі қарама-қарсы жақта орналасады.<br>Тәрбиеші былай дейді:<br>- Тышқанға сақшы санап өзін мысық,<br>Жатады ұйықтағансып көзін қысып.<br>Тышқандар індерінен жүгіріп шығып (сатының баспалдақтары арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды.<br>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші:<br>- Тыныштлыңдар, тышқандар, бекерге шулап кулмендер | "Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы. Мақсаты: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру)<br>Ғарышкер боламыз. (Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтақтарды бүгу)<br>Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру)<br>Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру<br>Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Сыдырманы жүргізіп, (Бір қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу)<br>Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау)<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы | "Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.<br>Мақсаты: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту.<br>Жүргізуші.<br>1 нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>"Кімді тазалау үйі" сюжетт-рөлдік ойыны. Мақсаты: киімді күту амалдарынмен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру.<br>Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп.<br>Үтіктейміз киімді,<br>Қыртыстарын жазамыз.<br>Кірлеп қалса киімдер,<br>Кір жуу машинасына саламыз.<br>Г. Кужагулова. |
| Серуенге даярлық (біліктер мен дағдыларын қалыптастыру) | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар) | Құмның қасиеттерін бақылау (дымқыл, құрғақ).<br>Мақсаты: құмның қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау, танымдық қызметін кеңейту<br>Дымқыл құмнан мүсін жасауға болады, ал құрғақ құм тез шашылып қалады, пішінін сақтамайды.<br>Балаларға құммен ойнауға арналған ойыншықтарды беру, құмның құрғақ және дымқыл екенін анықтау.<br>Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа кішкене шелектермен салу.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: кішкентай шелектер.<br>Тәжірибе жасау: "Біз әжемізге тәтті нан пісіреміз" (құмнан жасау).<br>Мақсаты: құмның қасиеттері жайындағы түсініктерді тиянақтау.<br>"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылдып жатқанын бақылайды.<br>"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: биік емес бөрене үстімен жүріп,екі аяқты бүге отыра секіруге үйрету.<br>Балалардың еркін ойындары. | Жазда гүлдерді бақылау.<br>Мақсаты: балаларға гүл туралы түсініктерді тиянақтау; гүлдерге деген қызығушылықты арттыру.<br>- Гүл деген не?<br>- Гүл қандай болады?<br>- Ол қайда өседі?<br>- Гүлдің қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Гүлдің пайдасы бар ма?<br>Тақпақ:<br>Гүл өсір, сен, бағыңда,<br>Тұрсын көздің жауын ап.<br>Бүршік жарған шағында,<br>Үзе көрме жұлып ап.<br>"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар.<br>"Себетке допты лақтыр" қимыл жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады.<br>Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.<br>Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар.<br>Еңбек әрекеті: гүлдердің тұқымдарын жинау.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын тәрбиелеу.<br>Құралдары: қағаз қалташалары.<br>Балалардың еркін ойындары. | Ауа-райын бақылау.<br>Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>"Күнмен ойнаймыз" ойын-жаттығуы. Мақсаты: балаларды ойындағы сөздердің мәніне сай қимылдауға, қимылдарды өзгертуге дағдыландыру; негізгі қимылдарды жетілдіру; шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Аспанға алтын күн шықты,<br>Шашыратып шуақты.<br>Домалаңдап, жарқырап,<br>Көзін қысып, бізбен ойнап.<br>Күнім, рақмет, демалшы,<br>Көлге батып, ұйықташы.<br>Д. Ахметова.<br>Алғашында балалар шеңберде тұрып, аяқ ұштарына тұрып, қолдарын жоғары көтереді. Содан соң жан-жаққа таралып, айлалып, билейді. Соңында орындарында тоқтап, шоқайып отырады, ұйықтап жатқанын көрсетеді.<br>"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы.<br>Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар". "Мысық" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді.<br>Тышқан шықты інінен,<br>"Сағат неше болды?"- деп,<br>Бауды тартып қалып еді,<br>Дүңгірледі барлық жер.<br>Тышқан қорқып қайтадан,<br>Кіріп кетті ініне.<br>Соңғы сөздерді естіген "мысық" "тышқандарғаа" қарай жүгіріп, қуалап, оларды ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады.<br>Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады.<br>"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балалардың доппен ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жете білуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа бірбиелеу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың | Жаңбырлы ауа-райы туралы сөйлесу (немесе бақылау).<br>Мақсаты: балаларға табиғат құбылыстарын сезіне білуге баулу; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру.<br>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың алаңның бір шетінде тұрады.<br>Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады", – дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер", – дейді, ойын қайта басталады.<br>"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы.<br>Мақсаты: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>Еңбек әрекеті: бақшадағы көкөністерді суару.<br>Мақсаты: су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | Күнді бақылау.<br>Мақсаты: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Қайыңды бақылауды жалғастыру, қайыңның құрылымын еске түсіру, оның басқа ағаштардан ерекшеліктері.<br>"Кемпірқосақ" ойыны.<br>Мақсаты: ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Балалар ортаға шығып түстерді айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай түс айтқанын айтып береді.<br>"Жұбыңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балалардың бірін-бірі қақпай, кеңістікте жүгіре білу, түстерді ажырата білу, зерек болу қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға жалаушадан таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті жалаушалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдар: түрлі түсті жалаулар.<br>Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау. Мақсаты: балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау.<br>Балалардың еркін ойындары. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар | "Суретті тап"ойыны. (балалар тобымен жұмыс)<br>Мақсаты: есте сақтау, зейінді дамыту.<br>Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу. | "Неге ұқсайды?" (балалар тобымен жұмыс).<br>Мақсаты: зейінді, байқағыштықты дамыту.<br>Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау. Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті.<br>Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсетіңіз, мысалы: бір түсті екі | Көркем сөзді жаттау жаттығуы.<br>Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Жаз"<br>Күн ысыды сәске болмай жатып-ақ,<br>Сәуле құшып дірілдейді жапырақ.<br>Дүниенің оянып тұр барлығы<br>Жасыл түске боянып тұр атырап.<br>Т. Молдағалиев | "Біз шығамыз сапарға" саусақ жаттығуы. Мақсаты: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін | "Не болады?" (балалар тобымен жұмыс) ойыны.<br>Мақсаты: сөйлеу, есте сақтау, заттардың белгісі немесе қасиеті бойынша жалпылау дағдыларын дамыту.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді. Мысалы: "Қызыл не болады?" (көйлек, гүл, шелек және т. б.); "Дөңгелек не болады?" (доп, айна, күн және т. б.); Не үлкен?" (үлкен үй, үлкен көлік және т.б.). |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңесі) | "Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу. | "Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес. | "Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Баланың демалыс күндері" атты әңгіме. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ортаңғы топ | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
| Апта нөмірі | №4 | | | | |
| Күндері | 18.07 - 22.07.2022ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Көкөністер дүкені / Овощная лавка / | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» балабақшасы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Бегежан Б,Тұтқабекова М | | | | |
| | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| | | | | | |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br>Ата-аналармен сұхбат | Таңертеңгі қабылдау. Балалардың денесін тексеру. Ата-аналармен баланың жалпы көңіл-күйі туралы әңгіме. | | | | |
| Еңбекке баулу (дамытушы орталықтары, табиғат орталығын бақылау, кезекшілік, тапсырма беру) | Бөлме өсімдіктерін суару.<br>Мақсаты: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету. | Ойыншықтарды сөрелерге қою.<br>Мақсаты: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.<br>Мақсаты: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. | Асхана бойынша кезекшілік.<br>(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)<br>Мақсаты: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. | Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.<br>Мақсаты: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар (үстел үсті ойындары, дамытушы ойындар, саусаққа арналған ойындар, даладағы еркін ойындар) | "Сыпайы бол" ойыны.<br>Мақсаты: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру.<br>"Кемпірқосақ" ойыны.<br>Мақсаты: ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып түстерді айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай түс айтқанын айтып береді. | "Лото" үстел үсті ойыны.<br>Мақсаты: балалардың жеміс-жидек, көкөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату.<br>Ойын шарты: көкөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру.<br>Үш үлкен карточка- бақша, бау, гүлзар бейнеленген, көлімдері 8×8см карточкалар және көкөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. | Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.<br>Мақсаты: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу.<br>"Күнім, күнім..."<br>Күнім, күнім, қайдасың?<br>Түннен бері шығасың.<br>Сенімен бірге оянамын,<br>Жылы нұрыңа шомыламын.<br>Оянамын, жаттығамын,<br>Балабақшаға барамын.<br>Нұрыңа толған алаңға<br>Достарымды шақырамын.<br>Д. Ахметова.<br>"Суретті құрастыр" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды бөлшектерден тұтас бөлік құрауға үйрету. | Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>Мақсаты: сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; көркем сөз үлгілеріне, ересектің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру.<br>М. Әлімқұлов, "Аспаз".<br>Біздің гүл бақшада,<br>Бар әсем асхана.<br>Бар онда аспазшы,<br>Аққөңіл жақсы аға.<br>Әлде, май құймақ па?<br>Көже ме, сорпа ма?<br>Әлде, бал қаймақ па,<br>Тұрады ортада.<br>Тәп-тәтті тамағы,<br>Ағай – ас маманы.<br>Пісіре білгенге,<br>Астың жоқ маманы.<br>"Бір сөзбен ата" ойыны.<br>Мақсаты: балаларға көкөністерді, жемістерді жалпылауға және оларды бір сөзбен атауға үйрету. | "Лото" үстел ойыны.<br>Мақсаты: жемістер мен көкөністерді топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: жемістер, көкөністердің суреттері бойынша.<br>"Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны.<br>Мақсаты: ұқсас жұп заттарды, суреттерді салыстырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Барысы. Салыстыруға бірінші зат немесе сурет балаларға біраз уақыт көрсетеді. Содан кейін екінші зат не суретке көңіл аударылады. Басты міндет - заттардың не суреттердің несімен ұқсамайтынын айту. |
| Ертеңгілік жаттығу (мин) | Таңғы жаттығу кешені 1.<br>"Тартыламыз" ойыны.<br>Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында<br>Орындалуы: қолды жоғары көтеру, түсіру.<br>Қайталануы: 4 рет<br>2. "Иілеміз" ойыны.<br>Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде<br>Орындалуы: алға иілу, қолды еденге тигізу, тіктелу<br>Қайталануы: 4-5 рет<br>3. "Секір" ойыны.<br>Б.қ.: еркін тұру | | | | |
| Таңғы ас ( көркем сөз, біліктер мен дағдыларды қалыптастыру | Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу.<br>Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. | | | | |
| Ойындар, жазғы кестеге сәйкес ұйымдастырылған оқу | ҰОҚ даярлық мақсатымен жүргізілетін ойындар және жаттығулар | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ұйымдастырылған оқу қызметтеріне дайындық | Дамытушы ойын "Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз".<br>Мақсаты: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту.<br>Жүргізуші.<br>1 нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл | "Ақ шамшық" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тас алған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды. | "Біз құсты іздейміз" ойыны.<br>Мақсаты: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту.<br>Тәрбиешінің қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар.<br>Тәрбиеші құсты жасырады. Ал балалар оны іздеулері қажет.<br>- Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын.<br>- Енді, іздеп, табыңдар. | "Кім сені шақырды, тап" ойыны. Мақсаты: басқа баланың дауысынан танып үйрету.<br>Құрал: арнайы құрал керек емес.<br>Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға тұрып көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада тұрған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге тұрады – шақырған бала ортаға тұрады. | "Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: балаларды заттарды қолмен ұстап, сипап-сезу қабілетін дамыту.<br>Тәрбиеші балалардың ортасына "Сиқырлы қапшық" әкеледі. Қапшықта жемістер, көкөністер салынған. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын "сиқырлы қапшыққа" салып, кез келген затты таңдап алып, қолын "сиқырлы қапшықтан" шығармаған бойы сол затты сипаттайды. Түрін, түсін, дәмін барлығын айтып береді. Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді. |
| Жазғы сауықтыру шараларына сәйкес ҰОҚ | Сөйлеуді дамыту<br>«Көкөністерден көже жасау» (дидактикалық ойын)<br>Мақсаты: Көкөністердің атауларымен таныстыру.<br>Көкөністерді дұрыс айтуға үйрету.<br>Көкөністердің аттарын жеке атап,жалпылау түсінігін қалыптастыру.<br>«Бақта ма, бауда ма?» дидактикалық ойыны. | Дене шынықтыру<br>"Бірінші байлық-денсаулық"<br>Мақсаты: Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту.<br>"Мысық пен торғайлар" қимылды ойыны. | Жапсыру<br>"Себеттегі көкөністер"<br>Мақсаты: Балаларды шаршы мен сопақшаның бұрыштарын дөңгелете кесуге үйрету; балалардың қайшыны дұрыс ұстау және шығармашылық жұмыстар жасау қабілеттерін нығайту; дүкен туралы түсінік беру; жапсыруға арналған бөлшектерді параққа өз бетімен жабыстыру қабілетін дамыту; ауызша нұсқауларды нақты орындау қабілетін дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; ұқыптылыққа, жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.<br>Өздігінен жапсыру. | Қоршаған ортамен танысу<br>"Біздің көкөністер"<br>Мақсаты: Балалардың көкөністер туралы білімдерін бекіту, олардың атауларын нақтылау, түсін, пішінін, түр сипатынан ажырата білуге үйрету; байқағыштық пен қызығушылықтарын, байланыстырып сөйлеулерін дамыту; тірі табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>"Қоян" тақпағы Ойын. | Музыка<br>"Сиқырлы дәрумендер"<br>Мақсаты: Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту. Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу, музыкалық аспаптарда қатты және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру.<br>"Үш гүл" әуеннің көңіл-күйін ажыратып білу қабілетін дамытуға арналған дидактикалық ойын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар | Бақшадағы көкөністерді бақылау (қызанақ).<br>Мақсаты: балаларды көкөністер туралы көп білуге ынталандыру; қызанақтың сыртқы ерекшеліктерін байқауға, атауға машықтандыру; көкөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екенідігіне көз жеткізу.<br>Қызанақтың тұқымын көрсетіп, көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып, суықта үстін пленкамен жауып, баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету.<br>Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, өзегі мен жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратытын анықтау.<br>Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру.<br>Еңбек әрекеті: учаскедегі құрғақ бұтақ-қоқыстарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге тәрбиелеу.<br>"Маған жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге баулу.<br>Ойынды бастамас бұрын, педагог балаларды екі бағанға тізіп; алаңның бір шетіне тұрып, белгі бойынша екі баланы жарысып жүгіруге шақырады.<br>Ойын аяқталғаннан кейін, балалардан кім жылдам жүгіргенін сұрауға, барлығын мақтауға болады.<br>"Бұлақтардан аттап өтейік" жаттығуы. Мақсаты: бір бағытта жүруде, аяқтарды жоғары көтеріп, тепе-теңдікті сақтап, кедергілерден аттап өтуге дағдыландыру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу.<br>"Бұлақтарды" жерге көлденең сызып немесе жіптерді төсеп қоюға болады.<br>Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар: жылдамдықты дамыту, бір-бірін итермей алаңда жүгіру.<br>Балалардың еркін ойыны. | Бақшадағы көкөністерді бақылау (қияр). Мақсаты: балаларды көкөністер туралы көп білуге ынталандыру; қиярдың сыртқы ерекшеліктерін байқауға, атауға машықтандыру; көкөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екенін түсіндіру. Қиярдың тұқымын көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып, суықта үстін пленкамен жауып, баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету.<br>Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, өзегі мен жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау.<br>Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру.<br>Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен құрғақ бұтақтардан жинау. Мақсаты: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша<br>қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. "Бұлақтан секіріп өтеміз" жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір орнынан алға екі аяқпен секіре білу қабілетін дамыту; дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру, күш-жігерін дамыту. Балалардың еркін ойындары. | Күн шұғыласын (сәулесі) бақылау. Мақсаты: күн туралы түсініктерді жетілдіру. Тәрбиеші өзінің жанына бір топ балаларды жинап, айнаның көмегімен күн шұғыласын қабырғаға түсіреді де:<br>Қабырғаға елбеңдеп,<br>Ойнайды сәуле құбылып.<br>Ымдасаң болды «кел» деп,<br>Жетеді демде жүгіріп.<br>Сәл үзіліс жасайды да: "Сәулені ұстаңдар", - деген белгі береді. Балалар қабырғаға жүгіріп, қолға тұрмай жалтаңдап тұрған күн сәулесін ұстауға тырысады.<br>"Күн қояны" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: тыныштандыру және елестетулерін дамыту<br>- Күн қояны сенің көзіңе тура қарады деп елестетіңдер. Көздеріңді жұмыңдар. Күн қояны ары қарай жүгіріп өтті, алақандарыңмен ақырындап: маңдайларыңды, мұрындарыңды, ауыздарыңды, беттеріңді, иектеріңді сипаңдар. Оны шошытып алмай ұқыптап басты, ішті, қол, аяқты сипалаймыз. Күн қояны ол тентек емес, ол сендерді өте жақсы көреді және еркелетеді, оны құшақтаңдар. Балалар екі қолдарымен өздерін құшақтайды» Педагог: енді 1,2,3 деген кезде көздеріңді ашыңдар- дейді. Балалар көздерін ашады. Осы жақсы сезімдеріңді күні бойы сақтаңдар.<br>"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар.<br>"Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. " Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, оларды қуалап, ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады.<br>Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. | "Қайда не өседі?" жаттығуы. Жеміс-жидектің өсетінін бақылау.<br>Мақсаты: балаларға бау-бақша мен бақшада өсіп жатқан жемістер мен көкөністерді байқап, ажыратуға дағдыландыру; жеміс-көкөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсіп, пісетінін түсіндіре отырып, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу.<br>Балаларға жемістердің көбі ағашта өсетінін, жидектер жерде өсетінін айту. Алма, алмұрт, шие, жүзім ағашта, бүлдірген, қарақат жерде өсетінін айту.<br>Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру.<br>Көркем сөз.<br>Мен шиемін шиемін,<br>Күннің көзін сүйемін.<br>Мен өрікпін өрікпін,<br>Айналаға көрікпін.<br>Жеке жұмыс: жемістердің иісін, дәмін білуді ұғындыру, сұрау.<br>Еңбек әрекеті: бақшадағы көкөністерді суаруға баулу.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын дамыту.<br>Құралдары: балаларға су құйғыштар. "Қайсысы жеміс, қайсысы көкөніс?" ойыны. Мақсаты: жеміс пен көкөністерді ажырата білуді пысықтау; іздемпаздыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: себеттер, көкөністер мен жемістердің нақпішіндері.<br>"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдап жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. "Ұзын жол" ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: бел бұлшық еттерін жаттықтыру; еңкеюде мұқияттылыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойыны. | Бақшадағы көкөністерді бақылау (сәбіз). Мақсаты: балаларды көкөністер туралы көп білуге ынталандыру; сәбіздің сыртқы ерекшеліктерін байқауға, атауға машықтандыру; көкөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екендігіне көз жеткізу.<br>Сәбіздің ұсақ тұқымын көрсетіп, көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету.<br>Сәбіз суықтан қорықпайтынына көңіл аудару, күзге дейін өсетінін айту.<br>Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау.<br>Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру. "Шеңберге дәл түсір" қимылды ойыны. Балалар ортада жатқан диаметрі 1-1,5 м үлкен<br>шеңберден немесе дөңгелектен (жіптен немесе еденге сызылған) 2-3адам жерде дөңгелектеніп тұрады. Балалардың қолында құм салынған кішкене қапшықтар бар. Тәрбиешінің "Лақтыр!"- деген белгісі бойынша балалардың бәрі қапшықтарын шеңберге лақтырады. Одан кейін тәрбиеші: "Қапшықтарыңды көтеріңдер!" — дейді. Балалар қапшықтарын көтереді де, орындарына барып тұрады. Ойын 4-6 рет қайталанады. "Тышқан мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету.<br>Бұл ойынға топ балалары бәрі тегіс қатыса алады. Балаларды дөңгелене тұрғызып,ортаға тәрбиеші көмегімен тышқанмен мысық сайланады. Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек. Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару үшін, қақпадан тышқанды шығарып жіберіп мысықты шығармауға тырысады. Мысық тышқанды ұстау үшін шапшаңдық керек. Мысық тышқанды ұстап алса, ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді.<br>Еңбек әрекеті: ойын алаңымызды жинастыру.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын дамыту.<br>Балалардың еркін ойыны. |
| Серуеннен оралу | Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жууды қалыптастыру.<br>Жуынуға арналған жаттамақ жаттығуы.<br>Мақсаты: есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: сабын.<br>Сабындаған кезінде<br>Ашытады көзіңді.<br>Бола білсең төзімді,<br>Тап-таза етер өзіңді.<br>Тазалықтың досы - | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Түскі ас | Түскі асқа назар аудартү, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Тыныш ұйқыға кетуге жағдай жасау. | | | | |
| Біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Беттеріңді сипаңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрыңдар,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Алақанды сипаңдар,<br>Жұдырықты жұмыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Көріл, созыл | | | | |
| Бесін ас(біліктер мен дағдыларды қалыптастыру) | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс. | | | | |
| Ойындар, жеке іс-әрекеттер (сюжеттік-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті ойындары, сахналау ойындары | "Көліктер" сөздік ойыны.<br>Мақсаты: жеке сөздерді қатты және ақырын айтқызып үйрету.<br>"Көкөністер дүкені" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: балалардың сатушы мамандығы туралы білімдерін бекіту. Балалардың ойынға қажетті құралдарды пайдаланып, дүкен ойынын ойнау. | "Матрешкаға қонаққа бару" ойыны. Мақсаты: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету.<br>Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші балаларға мынадай жұмбақ айтады:<br>Бойы әр түрлі, жұмбағымды тыңдашы,<br>Өзара ұқсас жүзі менен сымбатты.<br>Бір-біріне сыйып кеткен көрінбей,<br>Жиналғанда бір ойыншық сияқты.<br>Ойынды қайталап өткізгенде<br>балалардың ынтасын туғызу үшін<br>матрешка туралы<br>кітаптарды көрсетуге болады. Осыдан кейін матрешканы бөлшектеп, оның жоғарғы және төменгі бөлігіне балалардың назарын аударады, оларды салыстырады, соңынан қайтадан құрастырады. Тәрбиеші матрешкалардың ең үлкенінен кішісіне қарай орналасу тәртібін көрсетеді. Балалар бір матрешканы екіншісінің ішіне салып, оның қайсысы үлкен екенің анықтайды. Егер бала матрешканың өз бөліктерін үлкен-кішілігі бойынша тауып, оларды бойларына қарай қоя білсе, тапсырма дұрыс орындалған болып есептеледі. Ойын бір- екі рет қайталанады. Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады.<br>"Үйшік" ертегісін сахналау. Мақсаты: | "Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>"Қуыршақты серуенге киіндіріп, шығарайық" ойыны.<br>Мақсаты: негізгі түстерді меңгеруге, киім атауын атай білуге және сөйлемде қолдана білуге жаттықтыру.<br>Ойын құралдары: 4 түсті көйлек киген қуыршақтар: көк, сары, қызыл, жасыл.<br>Тәрбиеші балаларға қуыршақтың серуенге шығатындығын, ол үшін қуыршақтың үстіндегі көйлегінің түсіне сәйкес бас және аяқ киімдерді таңдап алуға көмектесулерін сұрайды. Балалар түрлі түстердің арасынан өзіне қажетті киімдерді таңдап киіндіреді. | "Не өзгерді?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларда кеңістіктікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: "Жемістер мен көкөністер" ойыншықтар жиынтығы.<br>Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші сұрайды балалардан көздерін жұмып, артқа карауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды.Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсыңдар деп?». Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді.<br>"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; рөл, билеттер жинақтамасы.<br>"Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады.<br>Педагог алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді.<br>Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы | "Өз үйіңді тап" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін табуға үйрету; жылдамдыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.<br>Қажетті құралдар: "Ағаштардың бейнесі", үйлердің суреттері.<br>Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе "үйін" тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады.<br>"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: жеміс, көкөніс, жидек, гүл, ағаштардың қайда өсетінін анықтау; байланыстырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге деген қызығушылықты арттыру.<br>Құралдар: өсімдіктердік карточка-суреттері. |
| Серуенге даярлық (біліктер мен дағдыларын қалыптастыру) | Балаларды серуендеуге ынталандыру;<br>серуендеу Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп, | ге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіп | сіздік шаралары туралы жеке әңгімелер.<br>Серуендеу | ге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен | киінуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар) | Көкөністерді бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: қызанақтың қиярдан негізгі айырмашылықтарын анықтау, айту; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>"Бос орын" ойыны.<br>Мақсаты: жылдамдық пен ептілікті дамыту.<br>Дене шынықтыруға арналған ойындар:<br>"Қуып жет" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды жылдам жүгіруге үйрету.<br>"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>Еңбек әрекеті: құмның бетін ұсақ бұталардан, жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | Қарғаны бақылау.<br>Мақсаты: балалардың қарға туралы білімдерін бекіту; сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын молайту; құстарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Мысал сұрақтар:<br>- Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер?<br>- Қарға қандай құс?<br>- Оның түсі қандай?<br>- Ол неге жылы жаққа ұшып кетпейді?<br>- Қарға қайда мекендейді?<br>- Қарғаның үнін ажыратуға болады. Қарға қарқылдайды.<br>"Кім жылдам", "Жылғалар" ойыны. Мақсаты: бір-біріне соғылмай еркін жүгіруге, белгі бойынша қимыл жасауға, бастапқы қалыпқа келуге дағдыландыру.<br>Дене шынықтыруға арналған ойындар.<br>"Көбелекті ұстап алу" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша орнында секіру қимылдарына дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, жігер-күшін, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>ойын барысында педагог балаларды бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруге жаттықтырады. Педагог нұсқауларында секіріп, орнына қайта түсуде тепе-теңдікті сақтап, құлап қалмау туралы ескерту керек.<br>Құммен еркін ойындар.<br>Еңбек әрекеті: ойыншықтарды құмнан қағып тазалау, қорапқа жинау.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | Күннің бірінші жартысында басталған бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: күннің кешкі уақытта күннің төмендеу орналасқанына, күннің салқындағанына көңіл аудару; бақылағыштыққа деген қызығушылықты арттыру.<br>Күн шұғыласы (сәулесі) ойыны. Тәрбиеші өзінің жанына бір топ балаларды жинап, айнаның көмегімен күн шұғыласын қабырғаға түсіреді де:<br>Қабырғаға елбеңдеп,<br>Ойнайды сәуле құбылып.<br>Ымдасаң болды «кел» деп,<br>Жетеді демде жүгіріп.<br>Сәл үзіліс жасайды да: "Сәулені ұстаңдар!" деген белгі береді. Балалар қабырғаға жүгіріп, қолға тұрмай жалтаңдап тұрған күн сәулесін ұстауға тырысады.<br>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың алаңның бір шетінде тұрады.<br>Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады", – дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!" деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер!" – дейді, ойын қайта басталады.<br>"Жолмен (жалғыз аяқ жолмен)" ойыны.<br>Мақсаты: балалардың "жіңішке" жолмен, тепе-теңдікті сақтап жүру амалына дағдыландыру; мұқияттылыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы 20-30см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де сол тәртіппен қайта қайтады.<br>Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады.<br>Ойынның күрделенуі: басқа кішкентай, құм | Бау-бақшаны бақылауды жалғастыру. Мақсаты: балалардың бау-бақшада өсетін өсімдіктері жөніндегі түсініктерін нақтылылау; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Педагог бау-бақшада өскен өсімдік түрлерін көрсетіп, атайды. Балаларға жапырақтарын ұстап-сипауға мүмкіндік береді.<br>Балалар өсімдіктер туралы тақпақтарын жатқа айту мүмкін.<br>Бөртегүлдің иісі хош. Бөртегүл көктемде гүлдейді. Гүлдердің түсі күлгін. Жапырақтары жүректің пішініне ұқсас.<br>"Қойлар мен қойшы" ойыны. Мақсаты: балаларды бірлікке, татулыққа, ептілікке тәрбиелеу; тәрбиешінің берген белгісіне көңіл аудара білуге үйрету.<br>Қойшы сайланып алады. Қалған балалар қойлар болады. Қойшының құралдарын береді. Қойлар алыста жайылып жүреді, қойшы алыстан бақылап тұрады.<br>Тәрбиеші:<br>Қойшы шықты ертемен,<br>Қойларын бағып далаға.<br>Қойлар маңырайды,<br>Сонан соң жамырайды, - деген кезде қойлар жан-жаққа жамырайды. Ал қойшы оларды жинақтап қораға әкеліп қамайды. Басқа қойшыны сайлайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>Дене шынықтыруға арналған ойындар.<br>"Кегльді қағып ал" жаттығуы.<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Балалардың құммен еркін ойындары.<br>Еңбек әрекеті: ойыншықтарды құмнан қағып тазалау, қорапқа жинау.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | Бақшадағы көкөністерді бақылау (қызылша).<br>Мақсаты: балаларды көкөністер туралы көп білуге ынталандыру; қызылшаның сыртқы ерекшеліктерін байқауға, атауға машықтандыру; көкөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екендігіне көз жеткізу.<br>Қызылшаның кесек тұқымын көрсетіп, көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету.<br>Қызылша суықтан қорықпайтынына көңіл аудару, күзге дейін өсетінін айту.<br>Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру.<br>"Кім жылдам?" ойыны.<br>Мақсаты: жүгіру жаттығуларындағы қимылдарды, жылдамдықты дамыту,кедергілерден өтуге үйрету.<br>"Өз үйіңді тап!" ойыны.<br>Еденде бір-бірінен алшақ орналасқан 2 шеңбер қойылады. 1 шеңбер ішінде картоннан қиылған шаршы, 2-шісінде-тіктөртбұрыш. Балалар осылайша 2 топқа бөлінеді. Тәрбиеші белгі бергенде әр ойыншы қолында ұстап тұрған пішіні бойынша шеңбердегі пішінмен бірдей, сәйкес келетін пішіні бар шеңберге кіру керек. Тиісті шеңберге дұрыс барды ма? Міне, тәрбиеші мұны тексереді.<br>Дене шынықтыруға арналған ойындар.<br>"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы.<br>Мақсаты: дәлдікке, ептілікке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>Еңбек әрекеті: бақша көкөністерін суару.<br>Мақсаты: су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар | "Жұмбақтар шешу" кешін ұйымдастыру. Логикалық ойлауды дамыту, халық ауыз шығармашылығына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | "Не қайда орнасқан?" ойыны. Мақсаты: балалардың жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту; үстеу сөздерді дұрыс пайдалануға дағдыландыру; ойланып айтуға тәрбиелеу. Құралдары: шаршы пішінді парақтар; таратпалы геометриялық пішіндердің жинақнамалары. | "Қуыршаққа арналған жиһаз" ойыны. Үлкен құрылыс (лего) құрастырғышынан қуыршаққа жиһаз жасау, бөлме ішін әсемдеуге үйрету. Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Көңілді бар бала, Бақшаға, баққа енсек. Ойнаймыз аулада, Төбеміз әткеншек. | "Кімнің үйі тезірек жиналады". Мақсаты: балалардың көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін бекіту, олардың атауын толық айтқызу. Балаларға көкөністер мен жемістердің ойыншықтары таратылады. Екі шеңберде бір көкөніс пен бір жеміс жатыр. бірі жемістер шеңбері, бірі көкеністер шеңбері деп аталады. Балалар жан-жаққа жүгіріп кетеді. Серуендеуге шақырылады. Тәрбиеші белгі бойынша барлығы өз үйін табады. Ойын бірнеше рет қайталанады, ал мұғалім әр уақытта үйлерді ауыстырады | "Шеңбер бойымен" ойыны. Мақсаты: шеңберді құрып, шеңберді ойнай білуге баулу; зейінді, қабылдауды дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қолдармен ұстасып, Бәріміз жұптасып. Бірігіп достасып, Бір орында ұстасып, Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңесі) | "Отбасындағы ойындар" тақырыбында ұсыныстар. | "Ойнайық та ойлайық" тақырыбында жаднама. | "Үйде еңбекке баулу" атты кеңес. | Сұраныс бойынша кеңестер. | "Дәрумендер" тақырыбында ата-аналармен сұхбат. |

| Апта нөмірі | №1 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Күндері | 25.07 - 29.07.2022ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Жазғы гүлдер / Летние цветы / Summer flowers | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Бегедан Б,Тұтқабекова М | | | | |
| | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| | | | | | |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен сұхбат | Балалардың денесін тексеру; ата-аналардың толғандыратын сұрақтарына жауап беру, балалар үшін қолайлы жағдай тудыру. | | | | |
| Еңбекке баулу (дамытушы орталықтары, табиғат орталығын бақылау, кезекшілік, тапсырма беру) | Аквариумдағы балықтарды қоректендіру. Мақсаты: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. | Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу. Мақсаты: балаларды құралдарды жинауда үнемшілдік тәртібін сақтауға тарту; басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру; балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті | Бөлме өсімдіктерін суару. Мақсаты: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету. | Ойыншықтарды сөрелерге қою. Мақсаты: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру. Мақсаты: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар (үстел үсті ойындары, дамытушы ойындар, саусаққа арналған ойындар, даладағы еркін ойындар) | "Топ-топ басайық" ойыны. Мақсаты: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету .<br>Топ, топ, топ, топ басайық, (Шеңберге тұру)<br>Жалаудан күн жасайық. (Қолдарын көтеру)<br>Жаса, жаса, алтын күн! (Бір орында аяқты нық басып жүру)<br>Жаса, жаса, алтын күн!<br>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!".<br>Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады.<br>"Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны.<br>Мақсаты: ұқсас жұп заттарды, суреттерді салыстырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Салыстыруға бірінші зат немесе сурет балаларға біраз уақыт көрсетеді. Содан кейін екінші зат не суретке көңіл аударылады. Басты міндет - заттардың не суреттердің несімен ұқсамайтынын айту. | "Гүл дүкені" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: гүлдерді (түймедақ, бақбақ, қоңыраугүл) және түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларды өсімдіктердің түсі бойынша топтастыруға, әдемі гүлшоқтарын жасауға үйрету.<br>Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі түсті жапырақшалары тұрады.<br>Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша және пішіні бойынша сәйкес келетін гүлді табады.<br>"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық енінде, қол белде)<br>Маймаңдайды, теңселеді. (Маймаңдау, қонжық жүрісіне еліктеу)<br>Маймаңдайды, теңселеді,<br>Тәтті жидекті тереді. (Отыру, саусақтармен еденді соққылау)<br><br>Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бүгулі; қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру)<br>- Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды қосып, | "Жел көбік" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды" деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>"Зат неге ұқсайды?" ойыны.<br>Мақсаты: балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету.<br>Құралдары: геометриялық пішіндерге ұқсайтын заттардың сурет-карточкалары. | "Ою саламыз" саусақ жаттығуы. Мақсаты: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>"Түстерін тап" үстел үсті ойыны.<br>Мақсаты: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.<br>Үстелге түрлі түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою.<br>Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады. | Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.<br>Мақсаты: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>"Кемпірқосақ".<br>Кемпірқосақ көпірдей<br>Аспан жарып туыпты.<br>Жердің екі бетіне<br>Жеті жеңін жауыпты.<br>Д. Ахметова.<br>"Топ-топ басайық" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету .<br>Топ, топ, топ, топ басайық, (Шеңберге тұру)<br>Жалаудан күн жасайық. (Қолдарын көтеру)<br>Жаса, жаса, алтын күн! (Бір орында аяқты нық басып жүру)<br>Жаса, жаса, алтын күн!<br>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!». Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады. |
| Ертеңгілік жаттығу ( мин) | "Қуыршақпен ойнаймыз".<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде.<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру. (3рет) 3-4 б.қ.<br>Аяқ алшақ, қуыршақ алда,<br>1-2 денені оңға, солға бұру, б.қ. келу.<br>Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау,<br>1-4 алға енкею - "Қуыршақтар билейді", 5-6 б.қ. келу (3рет)<br>Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою. 3- | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңғы ас( көркем сөз, біліктер мен дағдыларды қалыптастыру | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма. | | | | |
| Ойындар, жазғы кестеге сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтеріне дайындық | ҰОҚ даярлық мақсатымен жүргізілетін ойындар және жаттығулар | | | | |
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар) | Терек бүршігін бақылау.<br>Мақсаты: өсімдіктердің жазғы өсуінде болатын өзгерістерді байқауға машықтандыру; теректі өзге ағаштардан діңіне, жапырақтарына, бүршігіне қарап, ажыратуға дағдыландыру; ұғымталдыққа, мұқияттылыққа тәрбиелеу.<br>Терек - жиі кездесетін, суыққа, ыстыққа төзімді ағаш; бүршіктері атқан кезде сырғаларға ұқсайтынын, содан соң жарылып, мамығы шығатынын көрсету; мамықта теректің тұқымын көрсету. Мамықтарды желмен ұшырылып, алыс-жақын жерлерге түсіп, тарайтынын түсіндіру.<br>Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылауды жалғастыру.<br>Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру.<br>Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын ескеру керек.<br>Еңбек әрекеті: ағаштар мен бұталарды суару.<br>Мақсаты: өз міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу; өсімдіктерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>Құралдары: су құйғыш.<br>"Өзіңе жұп тап" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>Тәрбиеші ойнаушыларға негізгі түстен бір -бір жалаудан таратады. Даңғыраның белгісімен, шапалақпен – жалауын көтеріп алаңда жүгіреді. Келесі белгімен – даңғыраны бірнеше ұрғылаумен, шапалақпен, "Өзіңе жұп тап"-деген сөзбен, түстері бірдей жалаулары бар балалар жұп құрады. Әр жұп өз беттерімен фигура жасайды. Жұпсыз қалғандарға ойнаушылар мынадай сөздер айтады: "Арман, Арман, аузыңды ашпай, тезірек жұбыңды таба ғой".<br>Содан кейін белгі бойынша барлығы алаңға жүгіріп келеді: 5-6 рет ойын қайталанады.<br>Ұсыныс: ойында тақ сан ойнаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады. Тәрбиешіде әртүрлі түсті жалаулар болуы керек: ойын қайталанғанда балалардың жалаулары ауысады. Ойыншықтар белгі бойынша өздеріне жұп таңдайды. | Жазғы гүлдерді бақылау (барқыт гүлі). Мақсаты: балалардың барқыт гүлі жайындағы түсініктерін жетілдіру; барқыттың өзге гүлдерден айырмашылығын айтуға баулу; гүлдерді аялауға тәрбиелеу.<br>Балаларға барқыт гүлдерін қарастыруды ұсыну.<br>Балалардан түсін, жапырақтары мен сабағының ерекшеліктерін білуге шақыру, ұстап-сипау әрекеттерін ұйымдастыру.<br>Барқыт гүлдерінің сары, қызыл-сары түсті болуына, иісі хош екендігіне көңіл аудару. Гүлдің алыстан ортасы сарғыш, күлтешісі қалың қызыл-сары шар тәрізді екендігін байқауға шақыру.<br>Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын ескеру керек.<br>Еңбек әрекеті: гүлзарда өскен гүлдерді суару.<br>Мақсаты: өз міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу; өсімдіктерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>Құралдары: су құйғыш.<br>"Көбелекті ұстап алу" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша орнында секіру қимылдарына дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, жігер-күшін, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысында педагог балаларды бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруге жаттықтырады. Педагог нұсқауларында секіріп, орнына қайта түсуде тепе-теңдікті сақтап, құлап қалмауды ескеру керек.<br>"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар.<br>Балалардың еркін ойындары. | Жазғы гүлдерді бақылау (календула). Мақсаты: балалардың календула гүлі жайындағы түсініктерін жетілдіру; календула гүлінің өзге гүлдерден айырмашылығын айтуға баулу; гүлдерді аялауға тәрбиелеу.<br>Балаларға календула гүлдерін қарастыруды ұсыну.<br>Балалардан түсін, жапырақтары мен сабағының ерекшеліктерін білуге шақыру, ұстап-сипау әрекеттерін ұйымдастыру.<br>Календула гүлдерінің пішіні қарапайым, күлтешісі сары түсті болуына, иісі хош екендігіне көңіл аудару.<br>Гүлдердің кеуіп, солып жатса, ұрық беретінін, ұрықтың сырғаға ұқсайтынын көрсету.<br>Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын ескеру керек.<br>Еңбек әрекеті: календула ұрықтарын жинау.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, гүлдерді аялауға тәрбиелеу.<br>Құралдары: қағаз пакеттері.<br>"Өз ағашыңды тап" қимыл қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу; табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>Педагог белгі берген кезде балалар өз ағаштарына қарай барып, ағашты атап, неге жақсы көретінін бір-екі ауыз сөзбен айтады. "Аю және ара" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын сөздерін айта отырып, кейіпкерлерді нақ көрсете білуге дағдыландыру, Белгіні естіп тапсырманы жылдам орындай білуге, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: аю мен аралардың маскалары, бүлдірген нақпішіндері.<br>Аю болып киінген бала немесе тәрбиеші орындықта отырады (орманында). Ал аралар болып киінген барлық балалар орманға бүлдірген теруге барады.<br>Қимылдармен көрсетіп,мынадай сөздерді айтады:<br>Орманында аюдың,<br>Бүлдіргені көп екен, (Екі қолды жайып көрсетеді)<br>Теріп-теріп алайық, (Тереді)<br>Қалтамызға салайық! (Салады)<br>Аю шықты апаннан (Шығады)<br>Бол тезірек қашайық ! (Балалар қашады)<br>Соңғы жол сөздерін айтқанда аю тұрып балаларды қуып, ұстайды.<br>Осылай ойын 2-3 ойнатылады. | Жазғы гүлдерді бақылау (түймедақ). Мақсаты: балалардың түймедақ гүлі жайындағы түсініктерін жетілдіру; түймедақтың өзге гүлдерден айырмашылығын айтуға баулу; гүлдерді аялауға тәрбиелеу.<br>Балаларға түймедақты қарастыруды ұсыну.<br>Түймедақтың күлтешісі ақ, күлтеші жапырақтарының өте көп екеніне, ортасы сары болғанына көңіл аудару.<br>Көркем сөз. Жұмбақ.<br>Неткен әсем бұл аймақ!<br>Дала, қар түскендей, аппақ.<br>Қарасаң, сары нүктелер,<br>Ақ мамықтай бишілер.<br>Түймедақты емді өсімдіктерге жатқызатынын түсіндіру, кептірілген күйінде суға бықтырылып ішуге пайдалы екендігін көрсету.<br>Еңбек әрекеті: гүлзарда өскен гүлдерді суару.<br>Мақсаты: өз міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу; өсімдіктерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>Құралдары: су құйғыш.<br>"Пойыз" ойыны.<br>Тәрбиеші "Пойыз" ойынын ойнауды ұсынады: "Мен паровоз боламын, ал сендер кішкентай вагонсыңдар". Балалар бірінің соңынан бірі алдында тұрғанның киімін ұстап колоннаға тұрады. "Кеттік", – дейді тәрбиеші, балалардың бәрі "шу-шу" деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды. Тәрбиеші пойызды бір бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, одан кейін жүруді баяулатады, ақырында тоқтайды да: "Кідіріс" ("Аялдама"), деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін тағы да гудок беріледі де поезд қайтадан жолға аттанады.<br>"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балалардың доппен ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жете білуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады.<br>Балалардың еркін ойындары. | Жазғы гүлдерді бақылау (петуния). Мақсаты: бақта және жазықта өсетін гүлдер туралы білімін жүйелеу және бекіту; петуния гүлінің құрамы неден тұратынын түсіндіріп, гүлдерді суарып, баптау қажеттілігі туралы айтып, қамқорлыққа баулу.<br>Сабағы, түбірі, жапырағы, гүлденуі; гүлдер қалай көбейеді. Жаз басында гүлдер сары болады, содан соң ақ, жаздың аяғында ақшыл көк, қызыл болады; таңертең гүл күлтесінің ашылып, кешке жабылатындығын айту.<br>Гүлдердің әсемдігін қызықтай білуге тәрбиелеу және топты безендіруге қанша гүл керек болса, сонша жинау.<br>балаларға гүлдер туралы тақпақты оқып беру.<br>"Көктем келді гүл алып", Ө. Тұрманжанов.<br>Көктем тілін ұғайық.<br>Қызғалдақты терейік,<br>Теріп үйге келейік.<br>Көбелектей киінген.<br>Гүлді көріп сүйінген.<br>Еңбек әрекеті: кеуіп қалған петуниянің тұқымдарын пакеттерге жинау. Мақсаты: ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын ескеру керек.<br>"Аю және ара" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын сөздерін айта отырып, кейіпкерлерді нақ көрсете білуге дағдыландыру, белгіні естіп тапсырманы жылдам орындай білуге, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: аю мен аралардың маскалары, бүлдірген нақпішіндері (муляждары).<br>Аю болып киінген бала немесе тәрбиеші орындықта отырады (орманында). Ал аралар болып киінген барлық балалар орманға бүлдірген теруге барады.<br>Қимылдармен көрсетіп,мынадай сөздерді айтады:<br>Орманында аюдың,<br>Бүлдіргені көп екен, (Екі қолды жайып көрсетеді)<br>Теріп-теріп алайық, (Тереді)<br>Қалтамызға салайық! (Салады)<br>Аю шықты апаннан (Шығады)<br>Бол тезірек қашайық ! (Балалар қашады)<br>Соңғы жол сөздерін айтқанда аю тұрып балаларды қуып, ұстайды.<br>Осылай ойын 2-3 ойнатылады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар | Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Гүлдер".<br>Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер.<br>Қызыл гүлдер, көк гүлдер,<br>Жайнар кезім келді - деп<br>Қанатарың желбіреп,<br>Таңмен бірге оянып,<br>Күн нұрына боянып, | "Неге ұқсайды?"( балалар тобымен жұмыс)<br>Мақсаты: зейінді, байқағыштықты дамыту.<br>Балаларға екі затты көрсету. Мысалы:"Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау. Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті.<br>Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсетіңіз, мысалы: бір түсті екі машина, бірақ әртүрлі дөңгелектері, дене пішіні және т. б. | "Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс)<br>Мақсаты: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау. | Көркем әдебиет шығармаларын оқу. Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. | "Жаз" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарау. суреттер бойынша сұрақтар қою, балалардың сұрақтарға толық жауап беруін қадағалау. |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңесі) | "Бағдаршам - біздің көмекшіміз" атты ата-аналарға кеңес беру | "Сыпайылық ережелері" тақырыбында жадналамар | "Өз-өзіне қызмет көрсетуді үйрету" туралы кеңес | "Жазғы шынықтыру" тақырыбында жаднама. | "Жазғы қызықтар" суреттер көрмесі. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар) | Қылқан жапырақты ағаштарды бақылауды жалғастыру (шырша, қарағай).<br>Мақсаты: қылқан ағаштардың қасиеттерін салыстыруға дағдыландыру; ағаштарға деген қамқорлықты тәрбиелеу.<br>Ағаштарға қарап, сипаттау. Қарағай: діңі - қоңыр, бұтақтарында ашық жасыл, ұзын инелері бар. Олардың қыста да, жазда да түсін өзгертпейтіні туралы айту.<br>Шырша инелерінің түсі қою жасыл, ұзындығы қысқа.<br>"Жұбыңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балалардың бірін-бірі қақпай, кеңістікте жүгіре білу, түстерді ажырата білу, зерек болу қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға жалаушадан таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті жалаушалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдар: түрл түсті жалаулар.<br>Еңбек әрекеті: орындықтарды құмнан тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>"Теректей биік болып өсейік" жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта аяқ ұшына тұрып, тепе-теңдікті сақтап, жүруге дағдыландыру; жүруде қолдарды жоғары көтеріп, аяқты өкшені бастай жүре білу қабілетін дамыту.<br>Балалардың еркін ойыны. | Жәндіктерді бақылау (шыбын).<br>Мақсаты: жәндіктерге қызығушылық туғызу; шыбынның тіршілігін байқауға тарту. Жұмбақ<br>Шидім, шидім, шидім құс,<br>Ши басына қонған құс.<br>Қарқаралы қара құс,<br>Хан басына қонған құс. (Шыбын.)<br>Жаз мезгілінде шыбын-шіркейлерлің өмір сүруін, олардың тастар мен жапырақтардың астына тығылуын бақылау, қорытынды жасау.<br>Шыбын даладағы заттарға қонып, адамның үйіндегі ыдысқа қона жүретінін көрсету. Соның нәтижесінде іш құрылысына зиян келтіру мүмкін. Басты ереже: шыбынды үйге кіргізбеу, ыдыс-аяқ мен тағамдарды жабық жерге қою, жеміс-көкөніс, жидектерді жуу.<br>Ауа райының салқындауы байланысты жәндіктер жоғалатынын айту.<br>"Күн - түн" ойыны.<br>Мақсаты: ұйымшылдықпен ойнай білуге баулу.<br>Балалар көңілді шеңбер жасап тұрады.<br>Жүргізуші: "Күн!" - десе балалар қозғалып жүреді, қимылдайды, "Түн!" - десе балалар қимылсыз, ұйқыға кеткендей қатып қалады.<br>Осы сәтте бір бала ойын шартын бұзса, ойыннан шығарылады.<br>Дұрыс ойнаған балалармен ойын жалғасын табады.<br>"Жел көбік" қимылды ойыны. Мақсаты: балалардың шеңберді құрып,<br>шеңберде ойнай білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды" деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан шеңберге | Жаңбырлы ауа-райын бақылау.<br>Мақсаты: табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; ауа-райының құбылмалы екендігін түсіндіру; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру.<br>"Жаңбыр".<br>Аспанда бұлт түйілді,<br>Жерде ойнатты құйынды.<br>Табиғат отпен қол қойып,<br>Ақырып бұлтқа бұйырды.<br>Жу егінді, бақшаны!<br>Көшедегі бас шаңды<br>Бұлт бұйрықтан.<br>М. Жаманбалинов.<br>"Кім біріншi?" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды тура бағытта белгі бойынша жылдам жүгіруге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, достық қарым-қатынастарға тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагогтің белгісі бойынша балалар тура бағытта, белгіленген межеге дейін жүгіріп баруы керек. Ең бірінші болып межеге жеткен топ балалары, жеңіске жетеді. Педагог барлық жұптарды мақтайды. Жүгіру жолы балалар үшін қауіпсіз болуын педагог ескеру керек.<br>"Теректей биік болып өсейік" жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір бағытта аяқ ұшына тұрып, тепе-теңдікті сақтап, жүруге дағдыландыру; жүруде қолдарды жоғары көтеріп, аяқты өкшені баспай жүре білу қабілетін дамыту.<br>Еңбек әрекеті: құмның бетін ұсақ бұталардан, жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойыны. | Желді бақылау.<br>Мақсаты: желдің қасиеттерін еске түсіру, жел бағытын анықтауға арналған ойыншықтарды (зырылдауықты) пайдаланып ойнауға машықтандыру.<br>"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар.<br>"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады.<br>Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.<br>Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар.<br>Еңбек әрекеті: қол өнері сабақтарына табиғи материалдарды жинау.<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>Балалардың еркін ойыны. | Құмның қасиеттерін бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: құмның ылғалдылығын қамтамасыз етуге машықтандыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Тәжірибе жасау: "Біз әжемізге тәтті нан пісіреміз" (дымқыл құмнан мүсіндер жасау)<br>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру;ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың алаңның бір шетінде тұрады.<br>Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады", – дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!" деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер", – дейді, ойын қайта басталады.<br>"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>Еңбек әрекеті: құмның бетін ұсақ бұталардан, жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойыны. |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар | "Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс)<br>Мақсаты: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау. | Көркем әдебиет шығармаларын оқу. Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту | "Сөйлем құрастыру".<br>Мақсаты: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. | "Кімге нені береміз?" ойын-жаттығуы. Мақсаты: жуан-жіңішке, биік-аласа, қалың-жұқа ұғымдарын жетілдіру; заттарды салыстыруға дағдыландыру; өз ойын жеткізе білуге машықтандыру. | "Жаз" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарау.<br>Мақсаты: суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.<br>Құралдары: жаз мезгіліне байланысты |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңесі) | "Салауатты өмір салты" туралы ата-аналармен әңгіме. | "Күн сәулесінен сақтанайық!" атты ата-аналарға жаднама. | "Жаздағы-дәрумендер" тақырыбында лэпбуктар әзірлеу. | Ата-аналар сұраныстары бойынша кеңес. | "Балалармен демалыс күнді қалай өткізуге болады?" тақырыбында кеңес. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ортаңғы топ | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
| Апта нөмірі | №4 | | | | |
| Күндері | 15.08. - 21.08.2022ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Менің үй жануарым / Мой домашний питомец / My pet | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | | | | | |
| | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| | | | | | |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br>Ата-аналармен сұхбат. | Таңертеңгі қабылдау. Балалардың денесін тексеру. Ата-аналармен баланың жалпы көңіл-күйі туралы әңгіме. | | | | |
| Еңбекке баулу<br>(дамытушы орталықтары,<br>табиғат орталығын бақылау,<br>кезекшілік, тапсырма беру) | Бөлме өсімдіктерін суару.<br>Мақсаты: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), | Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.<br>Мақсаты: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. | Ойыншықтарды сөрелерге қою.<br>Мақсаты: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | Асхана бойынша кезекшілік.<br>(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)<br>Мақсаты: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне | Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.<br>Мақсаты: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде |
| Ойындар (үстел үсті ойындары,<br>дамытушы ойындар,<br>саусаққа арналған ойындар,<br>даладағы еркін ойындар) | "Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу. Мақсаты: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат. "Лото-жануарлар" үстел ойыны.<br>Мақсаты. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету. Зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй | "Құлыншақтар шапшаң екен" жаттығуы. Мақсаты: балаларды тақпақты мәнерлеп айтуға тарту; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>"Құлыншақтар шапшаң екен".<br>Мақсаты: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін, жағымды эмоцияны дамыту.<br>Құлыншақтар шапшаң екен,<br>Шабуылмен шапқан екен.<br>Тігідік-тігідік шабады,<br>Тентек желден озады.<br><br>Құлақтары тікірейген,<br>Жалдары желкілдеген.<br>Тігідік-тігідік шабады,<br>Тентек желден озады.<br>Д. Ахметова.<br>"Сыпайы бол" ойыны.<br>Мақсаты: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру.<br>Мысалы: ботақан, қошақан, құлыншақ, қозықан.<br>Құралдары: үй жануарлары төлдерінің суреттері. | "Ненің төлі?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды жан-жануарларлың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.<br>"Суретті құрастыр" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды бөлшектерден тұтас бөлік құрауға үйрету. Жануарлардың суреттерін бөліктерге бөліп, олардан тұтас бір сурет шығаруға үйрету. | "Ою саламыз" саусақ жыттығуы. Мақсаты: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>"Бір сөзбен ата" ойыны.<br>Мақсаты: балаларға үй және жабайы жануарларды жалпылауға және оларды бір сөзбен атауға үйрету. | "Лото "Жануарлар"" үстел ойыны. Мақсаты: үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша.<br>"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық енінде, қол белде)<br>Маймаңдайды, теңселеді. (Маймаңдау, қонжық жүрісіне еліктеу)<br>Маймаңдайды, теңселеді,<br>Тәтті жидекті тереді. (Отыру, саусақтармен еденді соққылау)<br><br>Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бүгулі; қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру)<br>- Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды қосып, үйкелеу) |
| Ертеңгілік жаттығу ( мин) | "Қуыршақпен ойнаймыз".<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде;<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру; (3рет) 3-4 б.қ.<br>Аяқ алшақ, қуыршақ алда;<br>1-2 денені оңға, солға бұру, б.қ. келу;<br>Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау.<br>1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді". 5-6 б.қ. келу; (3рет)<br>Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою; 3- | | | | |
| Таңғы ас (көркем сөз, біліктер мен дағдыларды қалыптастыру | Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны құрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу.<br>Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. | | | | |
| Ойындар, жазғы кестеге сәйкес ұйымдастырылған оқу | ҰОҚ даярлық мақсатымен жүргізілетін ойындар және жаттығулар | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтеріне дайындық | "Біз де" ойыны.<br>Мақсаты: зерек болып, ойын желісіне белсенді қатысуға баулу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатынасушылар қаз-қатар отырады.<br>Ойын бастаушы жиналғандардың алдына шығып, әңгіме айта бастайды.<br>Егер бастаушы ойнаушылар қосылатын сөз айтса, басқалар "біз де" деп қосылып айтады да, балалардың қосылмайтын сөзі болса, "біз де" деп айтуға болмайды. Байқамай қосылып, әлгі сөзді айтып қалған бала ойынға қатынасушылардың тілегін орындап, айып тартады.<br>Айыптан ән салып, не тақпақ айтып, не би билеп құтыла алады.<br>Ойын жүргізуші:<br>Мен көлге барам,<br>Ойынға қатынасушылар:<br>Біз де!<br>Ойын жүргізуші:<br>Онан үйрек ұстап алам.<br>Ойынға қатынасушылар:<br>Біз де!<br>Ойын жүргізуші:<br>Үйректің жарымын күшігіме берем.<br>Ойынға қатынасушылар:<br>Біз де!<br>Ойын жүргізуші:<br>Күшігім жейді.<br>Осы кезде біреу: "Біз де" деп қалса, ойын | "Сөздер тізбегі" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгілі топтама немесе ортақ тақырыпқа байланысты сөздерді тізбекке салып, арасында қайталамай, айтып ойнауға машықтандыру; сөздік қорын байыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге тұрады.<br>Педагог белгілі тақырыпты ұсынады, балалар бір-бірінен соң кезекпен осы тақырыпқа (топтамаға) жататын сөздерді айтып жатады. Мысалы: үй жануарлары - ат, сиыр, ешкі, түйе және тағы басқа сөздер. | "Айна" ойыны.<br>Мақсаты: ептілікке, шыдамдылыққа, зейінін қалыптастыруға машықтандыру,<br>есту қабілетін дамыту.<br>Балаларға ойын бастаушы әртүрлі қимылдар көтереді. Қалғандары сол қимылды айнытпай, дәл қайталауы тиіс.<br>Екеуден жұптасып, бірі - айна, бірі - сондағы сұлба болып<br>ойнауға да болады. Орындарын ауыстыра алады. | "Ұшты, ұшты не ұшты?" ойыны.<br>Мақсаты: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.<br>Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады.<br>Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді: Ұшты - ұшты сұңқар ұшты!<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты!<br>Ұшты - ұшты арба ұшты!<br>Ұшты - ұшты дауыл ұшты!<br>Ұшты - ұшты ұшақ ұшты!<br>Ұшты - ұшты торғай ұшты!<br>Ұшты - ұшты жылан ұшты!<br>Осылайша жүргізілген ойында жаңылмаған ойыншы жеңеді. | "Тым-тырақай" ойыны.<br>Мақсаты: балалардың шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды, бірнеше бала шеңбер орнасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал, тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады. |
| Жазғы сауықтыру шараларына сәйкес ҰОҚ | Сөйлеуді дамыту<br>"Менің сүйікті үй жануарым"<br>Мақсаты: Балалардың жалпы үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, пысықтау. «Көп және аз» дидактикалық ойыны. | Дене шынықтыру<br>"Сүйікті үй жануарым"<br>Мақсаты: Балаларда жіптен бір жанымен аттап секіру және қиғаш тақтайдың үстімен төрт тағандап, тізе мен саусаққа сүйеніп жаттығулар жасау техникаларын бекіту; оқу қызметін пысықтау; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру.<br>"Қоян секілді болайық" қимылды ойыны. | Жапсыру<br>"Менің кішкентай мысығым"<br>Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту; бірнеше бөліктерден мысық бейнесін құрастыруды, пішінін анықтауға үйрету; пішіндерді 2 бөлікке кесіп (шаршыны - үшбұрышқа), төртбұрышты дөңгелектеуге (бұрыштарды қиып) түрлендіру қабілетін қалыптастыру; қиялды, ұсақ және жалпы моториканы дамыту; үй жануарларына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. | Қоршаған ортамен танысу "Біздің жанымызда не мекендейді?"<br>Мақсаты: Балаларға үй жануарлары (мысық, ит) туралы түсінік қалыптастыру, жануарлар денесінің бөліктері туралы білімді бекіту; балалардың сөздік қорын байыту (үй жануарларының сыртқы ерекшеліктері мен әдеттері), зейінді, жұмбақтарды шеше білуді дамыту; жануарларға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. | Музыка<br>"Аңдар әлеміне саяхат"<br>Мақсаты: Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.<br>«Көңілді паровоз» дидактикалық ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу,<br>қимылды ойындар,<br>еркін ойындар | Құмырсқаларды бақылау.<br>Мақсаты: балаларда құмырсқалар тіршілігі жөніндегі түсініктерді қалыптастыру; жәндіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Педагог жүгіріп өтіп жатқан құмырсқаларға көңіл аударады.<br>Құмырсқалардың бірігіп, бір ұяда мекендейтінін, өте шапшаң, еңбекқор, ұйымшыл жәндіктер болғандығын көрсету, түсіндіру.<br>Құмырсқалардың күші өте мол екендігін, жапырақты, бұтақтарды немесе құрттарды, салмағына қарамай, көтеріп тасымалдайтынын бақылату.<br>"Құмырсқалар".<br>Жанталасқан жәндіктер,<br>Шынжырдай тізіліп жүгірген,<br>Бірігіп алыпты алады,<br>Зәулім ұяны салады.<br>Д. Ахметова<br>"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы.<br>Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар". "Мысық" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді.<br>Тышқан шықты інінен,<br>"Сағат неше болды?"- деп,<br>Бауды тартып қалып еді,<br>Дүңгірледі барлық жер.<br>Тышқан қорқып қайтадан,<br>Кіріп кетті iнiне.<br>Соңғы сөздерді естіген "мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, қуалап, оларды ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады.<br>Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады.<br>Еңбек әрекеті: бақшадағы көкөністерді суаруға баулу.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдылан дамыту.<br>"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. Мақсаты: | Алыстан, көшеде өткен ит немесе мысықты бақылау. Мақсаты: балалардың үй жануарларына деген қызығушылықты арттыру; ит немесе мысықтың адам үшін пайдалы екендігін, үй жануарының пайдасы көру үшін, оны жақсы күту керектігін түсіндіру; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Егер мысық не ит осы күні көшеде көрінбесе, фото суреттерін тақтаға іліп, бақылауға болады.<br>Балаларға ит пен мысықтың ұқсастығы мен айырмашылығын байқап айтуға ұсыну.<br>Балалар білген үй жануарлары туралы тақпақтарды сұрау.<br>Балаларға далада жүрген жануарларды қолмен ұстауға қажет еместігін, қауіпті мүмкін болу екендігін айту; мысық пен итті, үй жануарларын емдеу туралы жалпы мәлімет беру.<br>Еңбек әрекеті: жерге түскен қураған жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдылан дамыту.<br>"Үрпек төбет" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бұзбай ойнауға баулу; бір бағытта, бірін-бірін қақпай, жеделдеп жүгіруге жаттықтыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол кілем үстінде жатады, басын алға созылған қолымен аяғына қояды.<br>Қалған балалар жай ғана оған жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді:<br>Алдыңғы екі аяққа басын сұғып,<br>Әнеки, жалбыр төбет жатыр сұлық.<br>Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып,<br>Момақан, сырты пішіні жуас салғырт.<br>Ояталық жақындап барайық та,<br>Қайтер екен содан соң – қарайық та.<br>Төбет орнынан ұшып тұрып үре бастайды. Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі. Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады. Төбет қайтадан кілемге жатады. Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.<br>"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | Ауладағы құстарды бақылау.<br>Мақсаты: балаларға құстарды алдымен көзбен көрмей, дыбыстарынан танып, атауға машықтандыру; құстардың тіршілігіне деген қызығушылықты арттыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу; сөздік қорын молайту.<br>Педагог балаларға бақылау алдында, құстардың дыбыстарын тыңдап, учаскіде қандай құстардың ұшып жүргенін айтуға шақырады.<br>Балаларға: "Қарға қарқылдайды, торғай шырылдайды, сауысқан шықылықтайды", - деп айтқызу.<br>Тақпақты мәнерлеп айтқызу.<br>"Сауысқан".<br>Әсем айлы түнде де,<br>Шуақ шашқан күнде де<br>Ұясынан бір шықпай,<br>Отыр қалай тұншықпай!<br>Аяй ма екен көйлегін –<br>Көйлегі оның – ой, керім!<br>Алтындаған пүліш.<br>Ф. Оңғарсынова<br>"Түлкі мен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгі бойынша қимылдауға жаттықтыру; кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы "түлкі" етіп сайлап, қалған балаларды "балапандар" деп, әрқайсына медальон тағып, ойын ойналады. Ойында "балапандар" "түлкі" кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең аймақты айнала қашуы тиіс.<br>Құралдары: балаларға медальондар, жүргізушіге - маска.<br>Еңбек әрекеті: орындықтарды құмнан тазалау.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдылан дамыту.<br>"Кегльді қағып ал" жаттығуы.<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | Желді бақылау.<br>Мақсаты: балаларды, түрлі белгілерге қарап, желді бақылауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Балалар педагогтің сұрауы бойынша жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап желдің болғанын байқайды; желдің баяу не қатты соққанын, жылы не суық екенін айтады.<br>Жұмбақ.<br>Шаңдатып, шашыратып топырақты,<br>Шайқап бұтақты, желпілдетіп жапырақты,<br>Ұшып келді көзге көрінбейтін кейіпкер.<br>Танысаң, бұл құбылыс ... (Жел.)<br>Д. Ахметова.<br>"Аттар"қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады. Шабарманның қолында - ауыздық. Аланның басқа жағында- аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармандар.<br>Тәрбиеші: "Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!" - дегенде шабармандар аттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады. "Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар",- дегенде әрқайсысы өздерінің аттарын ұстайды. "Аттарыңды ат қораға апарыңдар",- дегенде апарады. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>Еңбек әрекеті: құмсалғыштың шеттерін құмнан тазалау.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдылан дамыту.<br>"Жүгіріп допты қағып ал" ойыны. Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, ептілікке, доппен ойнауға баулу.<br>Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады.(қашықтығы 1,5-2м) Тәрбиеші "Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!" - деп допты лақтырады да өзі қағып алып: "Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер", - дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңына еріп жүреді.<br>Балалардың еркін ойыны. Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | Көлеңкені бақылау.<br>Мақсаты: көлеңке құбылысына қызығушылықты ояту; көлеңкенің жарық, күнмен тікелей байланысын көрсету; бақылағыштыққа тәрбиелеу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Педагог көлеңкенің тек күн (жарық) түскенде пайда болатынын көрсетіп, түсіндіреді.<br>Абай Құнанбайұлы<br>Көлеңке басын ұзартып,<br>Алысты көзден жасырса;<br>Күнді уақыт қызартып,<br>Көк жиектен асырса...<br>Іс-тәжірибеде балаларға ұнаған қимылдарды жасатып, көлеңкенің айнадай тура сол қимылдарды қайталайтынын, көлеңкенің тек қара, сұр түсті екенін байқату.<br>"Мысық пен тышқандар" ойыны. Мақсаты: шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Қырынан қойылған гимнастикалық тышқандарға арналған орын қоршалады. Мысық таңдап алынады. Ол үлкен орындыққа немесе кесілген ағаштың түбіріне отырады. Тышқандар індерінде отырады.<br>Тәрбиеші былай дейді:<br>- Тышқанға сақшы санап өзін мысық,<br>Жатады ұйықтағансып көзін қысып.<br>Тышқандар індерінен жүгіріп шығып (сатының баспалдақтары арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды.<br>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші:<br>- Тыныштalыңдар, тышқандар, бекерге шулап күлмеңдер.<br>Ұйқыға жатқан мысықты оятып алып жүрмеңдер, - дейді.<br>Бұл – мысыққа берілген белгі; ол орындықтан түседі, төрт аяқтап тұрады, керіледі, қатты даусын шығарып «мияу» дейді де індеріне қашып бара жатқан тышқандарды ұстай бастайды.<br>Ойындарды басқа тышқандармен 3-4 рет қайталауға болады.<br>Алғашқыда мысықтың рөліне мықтылау, тез қимылдайтын балалады, ал кейін істеген ісін мақтап қойып, ұялшақтау балаларды да қоюға болады.<br>"Теректей биік болып өсейік" жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір бағытта аяқ ұшына тұрып, тепе-теңдікті сақтап, жүруге дағдыландыру; жүруде қолдарды жоғары көтеріп, аяқты өкшені баспай жүре білу қабілетін дамыту.<br>Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау.<br>Балалардың еркін ойыны |
| Серуеннен оралу | Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жууды қалыптастыру. | | | | |
| Түскі ас | Түскі асқа назар аударту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Тыныш ұйқыға кетуге жағдай жасау. | | | | |
| Біртіндеп ояту,<br>сауықтыру шаралары | Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1.<br>Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4.<br>Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. | | | | |
| Бесін ас(біліктер мен дағдыларды қалыптастыру) | Бесін асқа назар аудару; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар, жеке іс-әрекеттер (сюжеттік-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті ойындары,<br>сахналау ойындары | "Не өзгерді?" дамытушы ойыны.<br>Мақсаты: балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту , есте сақтауды, қиялды дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы.<br>Ойын барысы.<br>Мұғалім ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді.<br>"Шұбар тауық" ертегісі мәнерлеп оқу. Мақсаты: балаларды ертегіні мұқият тыңдауға және көруге, кейіпкерлерді тани білуге, ертегілерге деген сүйіспеншілікті арттыру. | "Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту.<br>Құрал-жабдықтар: ойыншықтар.<br>Ойын барысы.<br>Тәрбиеші балалардың кез-келгенінен көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды және қапшыққа балаларға таныс ойыншық немесе зат салады. Ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған затты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды.<br>"Бауырсақ" ертегісін кейіпкерлендіру.<br>Мақсаты: ертегі мазмұның балалардың естеріне түсіріп, сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау. Тіл байлықтарын дамыту. Артистік өнерге машықтандыру, дауыс ырғағын өзгерте отырып, кейіпкерлердің дауысына сала білуге үйрету.<br>Ойын барысы:<br>Автор: Ерте-ерте-ертеде шал мен кемпір тұрыпты. Бір күні шал кемпіріне айтады.<br>Шал (1-бала): Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берші.<br>Кемпір (2-бала): Неден пісірейін? Ұн жоқ қой.<br>Шал: Әй, кемпір, қойманың түбін қырып көрсең. Бір бауырсақ пісіретін ұн табылар.<br>Автор: Кемпір солай істеді. Қойма түбін қырып-қырып екі уыс ұн табады да. Қаймақ қосып, қамыр илейді. Бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына суытуға қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан домалап түсіп, жолға шығып, домалап кетеді. Жолда домалап келе жатса, алдынан қоян шығады.<br>Қоян (3-бала): Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!<br>Бауырсақ (4-бала): Жоқ, сен мені жеме, қоян, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші.<br>Әже қойма қырнаған,<br>Екі уыс ұн жинаған,<br>Қаймаққа илеген,<br>Майға пісірген,<br>Терезе алдына суытқан,<br>Бауырсақпын домалақ!<br>Атадан кеттім,<br>Әжеден кеттім,<br>Қоян сенен де кетемін!<br>Автор: Бауырсақ алға қарай домалап кетеді, қоян қалып қояды.<br>Бауырсақ орман ішіиен домалап келе жатқанда, алдынан қасқыр шығады.<br>Қасқыр (5-бала): Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!<br>Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші.<br>Бауырсақтың әні.<br>Автор: Бауырсақ домалап кетеді. Қарсы алдынан қорбандап аю шығады.<br>Аю (6-бала): Әй, бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!<br>Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші.<br>Бауырсақтың әні.<br>Автор: Бауырсақ домалап кетеді, аю қалып қояды. Бауырсақ зымырап келе жатса,<br>алдынан түлкі шыға келеді.<br>Түлкі (7-бала): Амансың ба, бауырсақ! Көргендерге ұнайсың, қандай әдемісің!<br>Автор: Бауырсақ қуанып, өлеңін айта бастайды. Түлкі болса тыңдаған болып,<br>білдірмей бауырсаққа жақындап<br>отырады. Бауырсақ: Әже қойма қырнаған,<br>Екі уыс ұн жинаған,<br>Қаймаққа илеген,<br>Майға пісірген, | "Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Ойын барысы.<br>Тәрбиеші балаларға: "Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік".<br>Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, Әсем: Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып береді.<br>"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Ойынның мақсаты: балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, тағам түрлерінің ойыншықтары, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.<br>Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру.<br>Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.<br>Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде "Тағы да келіп тұрыңыз", - деп ілтипат білдіреді.<br>Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде "Дүкен" деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы "тағы да келіп тұрыңыз" - дейді.<br>Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды. | "Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: келісілген сөйлеуді дамыту, сөздерді алдағы уақытта дұрыс үйлестіруге үйрету.<br>Жануарлардың ойыншықтары: қораз,торай, балапан, мысық, күшік.<br>Ойын барысы:<br>Мұғалім балаларға дауысы арқылы жануарды анықтауды ұсынады.<br>Тәрбиеші:<br>Кукареку! Бұл не?. Әтеш. Ол не істейді? Ол шақырады.<br>Хрю-хрю-хрю... Бұл не? Торай. Ол не істейді? Ол қорылдайды.<br>Шиқ-шиқ! Бұл не? Балапан. Ол не істейді? Шиқылдайды.<br>Кря-кря-кря... Бұл кім? Үйрек. Ол не істейді? Мылжың.<br>Мияу-мияу... Бұл не? Мысық. Ол не істейді? Мияулайды.<br>Ав-Ав... Бұл не? Күшік. Ол не істейді? Абалайды.<br>"Киіз басу" рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер.<br>Киіз басып аяқпен,<br>Дөңгелентіп аламыз.<br>Сабалаймыз таяқпен,<br>Білектейміз, жаямыз.<br>Г. Кужагулова. | "Домино", "Лото" үстел үсті ойындары. Мақсаты: ойлау қабілеттерін дамыту, ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізуді қалыптастыру.<br>"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақнамасы.<br>"Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады.<br>Педагог алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді.<br>Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді.<br>Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады.<br>жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге даярлық (біліктер мен дағдыларын қалыптастыру) | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету. Серуенге шығайық,<br>Күннің нұрын алайық,<br>Таза ауаны жұтайық. | | | | |
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар) | Күнді бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: балаларды күннің бір тәулікте бір орында тұрмай, әртүрлі биіктікте орналасуын байқауға машықтандыру.<br>Күн күндіз жоғарыда тұрғанда — ыстық болады, кешке күн төменде тұрғанда - күн салқын болады; жазда күн ұзаққа созылады, түндер қысқа болады.<br>"Аю және ара" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын сөздерін айта отырып, кейіпкерлерді нақ көрсете білуге дағдыландыру; белгіні естіп тапсырманы жылдам орындай білуге, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Аю болып киінген бала немесе тәрбиеші орындықта отырады (орманында). Ал аралар болып киінген барлық балалар орманға бүлдірген теруге барады.<br>Қимылдармен көрсетіп, мынадай сөздерді айтады:<br>Орманында аюдың,<br>Бүлдіргені көп екен, (Екі қолды жайып көрсетеді)<br>Теріп-теріп алайық, (Тереді)<br>Қалтамызға салайық! (Салады)<br>Аю шықты апаннан (Шығады)<br>Бол тезірек қашайық ! (Балалар қашады)<br>Соңғы жол сөздерін айтқанда аю тұрып балаларды қуып, ұстайды.<br>Осылай ойын 2-3 ойнатылады.<br>Құралдары: аю мен аралардың маскалары, бүлдірген нақпішіндері (муляждары).<br>"Бұлақтан секіріп өтеміз" жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір орнынан алға екі аяқпен секіре білу қабілетін дамыту; дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру, күш-жігерін дамыту.<br>Еңбек әрекеті: гүлдердің тұқымдарын жинау.<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>Құралдары: қағаз қалташалары.<br>Балалардың еркін ойыны. | Жүргіншілерді бақылау.<br>Мақсаты: балаларды көшеде өткен жүргіншілерді бақылауға бейімдеу; ересек адамдардың және балалардың ұқсастығы мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік жасау.<br>"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.<br>"Жолмен (жалғыз аяқ жолмен) жүрейік" ойыны. Мақсаты: балалардың "жіңішке" жолмен, тепе-теңдікті сақтап жүру амалына дағдыландыру; мұқияттылыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы 20-30см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де сол тәртіппен қайта қайтады.<br>Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады.<br>Ойынның күрделенуі: басқа кішкентай, құм салынған қапшықты. қолды белге қойып, жүру әдісі.<br>Еңбек әрекеті: қол өнері сабақтарына табиғи материалдарды жинау.<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>Балалардың еркін ойыны. | Аспанды бақылау.<br>Мақсаты: аспанның таза болғанда көгілдір, бұлтты болған кезде сұр түсті екенін байқатып, құбылысты сипаттауға машықтандыру.<br>"Аттар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады.<br>Шабарманның қолында - ауыздық. Аланның басқа жағында- аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармендар. Тәрбиеші: "Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!"- дегенде шабармандараттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады. "Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар",- дегенде әрқайсысы өздерінің аттарын ұстайды. "Аттарыңды ат қораға апарыңдар",-дегенде апарады. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы.<br>Мақсаты: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>Еңбек әрекеті: ойыншықтарды құмнан қағып тазалау, қорапқа жинау.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойыны. | Топырақты бақылау.<br>Мақсаты: балаларға топырақтың қасиеттерін тануға машықтандыру; зеректікке тәрбиелеу.<br>Балаларға аяқпен басып жүрген топырақ пен гүлзарға төгілген топырақтың айырмашылытарын көрсету: "көң" атты топырақтың түсі қараңғы, ұстағанда - жұмсақ екеніне көз жеткізу. Көңді адамдар даярлайды; бұнда өсімдіктердің өсуіне пайдалы заттар бар, сондықтан көкөніс, жеміс, гүл, жидекке көңді салған дұрыс екендігі туралы әңгімелеу.<br>"Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Алғашында "мысық" рөлін педагог атқарып, кейін балалар арасынан таңдалады.<br>"Торғайлар" белгілі жерге жиналады немесе орындықтарға отырады; бұл жер "торғайлардың ұясы".<br>Педагогтің: "Торғайлар, ұшыңдар! Жемді шоқыңдар!" деген нұсқау-белгісі бойынша балалар жүгіріп келіп, топғайлардың қимылдарына еліктеп, "ұшып жүргенін, отырып, жемді шоқығанын" көрсетіп, ойнайды.<br>Педегогтің: "Абайлаңдар, мысық ыршып алмасын!( дегенге - балалар бастапқы орындарына, бір-біріне соғылмай жүгіреді.<br>Балалардың белгілі орынға жүгіру барысында, олардың арасынан қолмен ақырын түртіп, "ұстап алуға" болады. Бұндай әрекетті "мысық" болған бала да жасай алады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Құралдары: "мысыққа" - маска, "торғайларға" медальондар.<br>"Теректей биік болып өсейік" жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта аяқ ұшына тұрып, тепе-теңдікті сақтап, жүруге дағдыландыру; жүруде қолдарды жоғары көтеріп, аяқты өкшеге бигізбен жүре білу қабілетін дамыту. | Құмырсқаларды бақылау.<br>Мақсаты: балаларда құмырсқалар тіршілігі жөніндегі түсініктерді пысықтау; жәндіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Педагог жүгіріп өтіп жатқан құмырсқаларға көңіл аударады.<br>Құмырсқалардың бірігіп, бір ұяда мекендейтінін, өте шапшаң, еңбекқор, ұйымшыл жәндіктер болғандығын көрсету, түсіндіру.<br>Құмырсқалардың күші өте мол екендігін, жапырақты, бұтақтарды немесе құрттарды, салмағына қарамай, көтеріп тасып жүретінін бақылату.<br>"Құмырсқалар".<br>Жанталасқан жәндіктер,<br>Шынжырдай тізіліп жүгірген,<br>Бірігіп алыпты алады,<br>Зәулім ұяны салады.<br>Д. Ахметова.<br>Балалардан құмырсқалардың қалай қимылдайтынын сұрау, қимылдарын көрсетуді өтіну.<br>"Құмырсқалар шынжырға тізілді" жаттығуы.<br>Мақсаты: бірінен-бірі қалмай, бір тізбекте асықпай жүгіруге жаттықтыру; жүгіру қабілеттерін жетілдіру; мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>"Балапандар мен күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру; ойын желісіне, белгі бойынша бірінің соңынан бірі баяу жүру және бір бағытта жүгіру қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлау, зейін қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Балапандар ұқсап балпаңдап жүруді көрсету.<br>Күшіктің жүгіріп келуін байқап - жан-жаққа тарап жүгіру.<br>Біз көңілді балапан үйректерміз,<br>Балпаң, балпаң етіп жүреміз.<br>Күшік келіп үрісе - дан-жаққа жылдам жүгіреміз.<br>Педагог балаларды, балапандарға жақсы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар | "Жаңылтпаштар".<br>Мақсаты: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға машықтандыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер.<br>Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек. | "Шеңбер бойымен" ойыны.<br>Мақсаты: шеңберді құрып, шеңберді ойнай білуге баулу; зейінді, қабылдауды дамыту.<br>Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді.<br>Әдемі шеңберде,<br>Билейік кең жерде.<br>Қолдармен ұстасып,<br>Бәріміз жұптасып.<br>Бірігіп достасып,<br>Бір орында ұстасып,<br>Осылай етіп істейік.<br>Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, | "Менің достарым" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарау.<br>Мақсаты: үй жануарлары туралы суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.<br>Құралдары: үй жануарлары және оларды күту тақырыбына байланысты бейнеленген суреттер. | Көркем әдебиет шығармаларын оқу (жұмбақтар шешу, жаңылпаштар айту, ертегілер тыңдау).<br>Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту | "Не ұқсайды" ойыны (балалар тобымен жұмыс)<br>Мақсаты: салыстыру дағдысын қалыптастыру.<br>Балаларға сұрақтар қойылады. Балалар жауаптарын айтуға тиіс. Мысалы: "Доп сияқты дөңгелек не бар?"(Қарбыз, апельсин, алма және т. б.); "Қарға не ұқсайды?"; "Қант сияқты тәтті не бар?"және т. б. |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңесі) | Сұраныс бойынша кеңес өткізу. | "Күн, ауа және су - біздің достарымыз" атты жаднама әзірлеу. | "Тәні саудың-жаны сау" атты лэпбук жасау. | "Кешкі мезгілдегі баланың үйдегі әрекеті" тақырыбында жаднама. | "Менің сүйікті жануарым" атты фотоколлаж жасау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ортаңғы топ | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
| Апта нөмірі | №4 | | | | |
| Күндері | 15.08. - 21.08.2022ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Менің үй жануарым / Мой домашний питомец | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы «Балдырған» ортаңғы тобы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Бегежан Бейбітқул Тұтқабекова Мейрамкүл | | | | |
| | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| | | | | | |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br>Ата-аналармен сұхбат. | Таңертеңгі қабылдау. Балалардың денесін тексеру. Ата-аналармен баланың жалпы көңіл-күйі туралы әңгіме. | | | | |
| Еңбекке баулу<br>(дамытушы орталықтары, табиғат орталығын бақылау, кезекшілік, тапсырма беру) | Бөлме өсімдіктерін суару.<br>Мақсаты: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету. | Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.<br>Мақсаты: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. | Ойыншықтарды сөрелерге қою.<br>Мақсаты: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | Асхана бойынша кезекшілік.<br>(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)<br>Мақсаты: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. | Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.<br>Мақсаты: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. |
| Ойындар (үстел үсті ойындары,<br>дамытушы ойындар,<br>саусаққа арналған ойындар,<br>даладағы еркін ойындар) | "Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу.<br>Мақсаты: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат.<br>"Лото-жануарлар" үстел ойыны.<br>Мақсаты. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету. Зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша. | "Құлыншақтар шапшаң екен" жаттығуы. Мақсаты: балаларды тақпақты мәнерлеп айтуға тарту; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>"Құлыншақтар шапшаң екен".<br>Мақсаты: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін, жағымды эмоцияны дамыту.<br>Құлыншақтар шапшаң екен,<br>Шабуылмен шапқан екен.<br>Тігідік-тігідік шабады,<br>Тентек желден озады.<br><br>Құлақтары тікірейген,<br>Жалдары желкілдеген.<br>Тігідік-тігідік шабады,<br>Тентек желден озады.<br>Д. Ахметова.<br>"Сыпайы бол" ойыны.<br>Мақсаты: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру.<br>Мысалы: ботақан, қошақан, құлыншақ, қозықан.<br>Құралдары: үй жануарлары төлдерінің суреттері. | "Ненің төлі?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды жан-жануарларлың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.<br>"Суретті құрастыр" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды бөлшектерден тұтас бөлік құрауға үйрету. Жануарлардың суреттерін бөліктерге бөліп, олардан тұтас бір сурет шығаруға үйрету. | "Ою саламыз" саусақ жыттығуы. Мақсаты: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>"Бір сөзбен ата" ойыны.<br>Мақсаты: балаларға үй және жабайы жануарларды жалпылауға және оларды бір сөзбен атауға үйрету. | "Лото "Жануарлар"" үстел ойыны.<br>Мақсаты: үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша.<br>"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық енінде, қол белде)<br>Маймаңдайды, теңселеді. (Маймаңдау, қонжық жүрісіне еліктеу)<br>Маймаңдайды, теңселеді,<br>Тәтті жидекті тереді. (Отыру, саусақтармен еденді соққылау)<br><br>Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бүгулі; қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру)<br>- Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды қосып, үйкелеу)<br>- Бал бересің бе? - сұрайды.<br>Жерге түсіп, маймаңдайды. (Маймаңдап жүру)<br>Д. Ахметова |
| Ертеңгілік жаттығу ( мин) | "Қуыршақпен ойнаймыз".<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде;<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру; (3рет)<br>3-4 б.қ.<br>Аяқ алшақ, қуыршақ алда;<br>1-2 денені оңға, солға бұру, б.қ. келу;<br>Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау.<br>1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді".<br>5-6 б.қ. келу; (3рет)<br>Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою;<br>3-4 тік тұру.<br>Қуыршақпен оңға, солға айналу (2реттен). | | | | |
| Таңғы ас (көркем сөз, біліктер мен дағдыларды қалыптастыру | Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны құрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу.<br>Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. | | | | |
| Ойындар, жазғы кестеге сәйкес ұйымдастырылған оқу | ҰОҚ даярлық мақсатымен жүргізілетін ойындар және жаттығулар | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтеріне дайындық | "Біз де" ойыны.<br>Мақсаты: зерек болып, ойын желісіне белсенді қатысуға баулу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатынасушылар қаз-қатар отырады.<br>Ойын бастаушы жиналғандардың алдына шығып, әңгіме айта бастайды.<br>Егер бастаушы ойнаушылар қосылатын сөз айтса, басқалар "біз де" деп қосылып айтады да, балалардың қосылмайтын сөзі болса, "біз де" деп айтуға болмайды. Байқамай қосылып, әлгі сөзді айтып қалған бала ойынға қатынасушылардың тілегін орындап, айып тартады.<br>Айыптан ән салып, не тақпақ айтып, не би билеп құтыла алады.<br>Ойын жүргізуші:<br>Мен көлге барам,<br>Ойынға қатынасушылар:<br>Біз де!<br>Ойын жүргізуші:<br>Онан үйрек ұстап алам.<br>Ойынға қатынасушылар:<br>Біз де!<br>Ойын жүргізуші:<br>Үйректің жарымын күшігіме берем.<br>Ойынға қатынасушылар:<br>Біз де!<br>Ойын жүргізуші:<br>Күшігім жейді.<br>Осы кезде біреу: "Біз де" деп қалса, ойын тоқтайды. Әлгі қателескен бала айып тартады. Бұдан соң ойын қайта басталады. Ойын жүргізуші әңгімені ары қарай құрай береді. Ойын тілді еркін меңгеріп, ойды жеткізе білуге жаттықтырады.[ | "Сөздер тізбегі" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгілі топтама немесе ортақ тақырыпқа байланысты сөздерді тізбекке салып, арасында қайталамай, айтып ойнауға машықтандыру; сөздік қорын байыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге тұрады.<br>Педагог белгілі тақырыпты ұсынады, балалар бір-бірінен соң кезекпен осы тақырыпқа (топтамаға) жататын сөздерді айтып жатады. Мысалы: үй жануарлары - ат, сиыр, ешкі, түйе және тағы басқа сөздер. | "Айна" ойыны.<br>Мақсаты: ептілікке, шыдамдылыққа, зейінін қалыптастыруға машықтандыру,<br>есту қабілетін дамыту.<br>Балаларға ойын бастаушы әртүрлі қимылдар көтереді.<br>Қалғандары сол қимылды айнытпай, дәл қайталауы тиіс.<br>Екеуден жұптасып, бірі - айна, бірі - сондағы сұлба болып<br>ойнауға да болады. Орындарын ауыстыра алады. | "Ұшты, ұшты не ұшты?" ойыны.<br>Мақсаты: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.<br>Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады.<br>Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді:<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты!<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты!<br>Ұшты - ұшты арба ұшты!<br>Ұшты - ұшты дауыл ұшты!<br>Ұшты - ұшты ұшақ ұшты!<br>Ұшты - ұшты торғай ұшты!<br>Ұшты - ұшты жылан ұшты!<br>Осылайша жүргізілген ойында жаңылмаған ойыншы жеңеді. | "Тым-тырақай" ойыны.<br>Мақсаты: балалардың шапшаңдыққа, зректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды, бірнеше бала шеңбер орнасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал, тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады. |
| Жазғы сауықтыру шараларына сәйкес ҰОҚ | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы;"Менің сүйікті үй жануарым"<br>Мақсаты: Балалардың жалпы үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, пысықтау.<br>«Көп және аз» дидактикалық ойыны. | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы;"Сүйікті үй<br>жануарым"<br>Мақсаты: Балаларда жіптен бір жанымен аттап секіру және қиғаш тақтайдың үстімен төрт тағандап, тізе мен саусаққа сүйеніп жаттығулар жасау техникаларын бекіту; оқу қызметін пысықтау; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру.<br>"Қоян секілді болайық" қимылды ойыны. | Жапсыру<br>Тақырыбы;"Менің кішкентай мысығым"<br>Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту; бірнеше бөліктерден мысық бейнесін құрастыруды, пішінін анықтауға үйрету; пішіндерді 2 бөлікке кесіп (шаршыны - үшбұрышқа), төртбұрышты дөңгелектеуге (бұрыштарды қиып) түрлендіру қабілетін қалыптастыру; қиялды, ұсақ және жалпы моториканы дамыту; үй жануарларына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.<br>Өздігінен жапсыру. | Қоршаған ортамен танысу<br>Тақырыбы; "Біздің жанымызда не мекендейді?"<br>Мақсаты: Балаларға үй жануарлары (мысық, ит) туралы түсінік қалыптастыру, жануарлар денесінің бөліктері туралы білімді бекіту; балалардың сөздік қорын байыту (үй жануарларының сыртқы ерекшеліктері мен әдеттері), зейінді, жұмбақтарды шеше білуді дамыту; жануарларға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.<br>Дидактикалық жаттығу "Иттер және | Музыка<br>Тақырыбы;"Аңдар әлеміне саяхат"<br>Мақсаты: Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.<br>«Көңілді паровоз» дидактикалық ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу,<br>қимылды ойындар,<br>еркін ойындар | Құмырсқаларды бақылау.<br>Мақсаты: балаларда құмырсқалар тіршілігі жөніндегі түсініктерді қалыптастыру; жәндіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Педагог жүгіріп өтіп жатқан құмырсқаларға көңіл аударады.<br>Құмырсқалардың бірігіп, бір ұяда мекендейтінін, өте шапшаң, еңбеккор, ұйымшыл жәндіктер болғандығын көрсету, түсіндіру.<br>Құмырсқалардың күші өте мол екендігін, жапырақты, бұтақтарды немесе құрттарды, салмағына қарамай, көтеріп тасымалдайтынын бақылату.<br>"Құмырсқалар".<br>Жанталасқан жәндіктер,<br>Шынжырдай тізіліп жүгірген,<br>Бірігіп алыпты алады,<br>Зәулім ұяны салады.<br>Д. Ахметова<br>"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы.<br>Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар". "Мысық" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді.<br>Тышқан шықты інінен,<br>"Сағат неше болды?"- деп,<br>Бауды тартып қалып еді,<br>Дүңгірледі барлық жер.<br>Тышқан қорқып қайтадан,<br>Кіріп кетті állíne.<br>Соңғы сөздерді естіген "мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, қуалап, оларды ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады.<br>Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады.<br>Еңбек әрекеті: бақшадағы көкөністерді суаруға баулу.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдылан дамыту.<br>"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. Мақсаты: балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжуда мұқиятты болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: үш-төрт шеңбер.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | Алыстан, көшеде өткен ит немесе мысықты бақылау. Мақсаты: балалардың үй жануарларына деген қызығушылықты арттыру; ит немесе мысықтың адам үшін пайдалы екендігін, үй жануарының пайдасы көру үшін, оны жақсы күту керектігін түсіндіру; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Егер мысық не ит осы күні көшеде көрінбесе, фото суреттерін тақтаға іліп, бақылауға болады.<br>Балаларға ит пен мысықтың ұқсастығы мен айырмашылығын байқап айтуға ұсыну.<br>Балалар білген үй жануарлары туралы тақпақтарды сұрау.<br>Балаларға далада жүрген жануарларды қолмен ұстауға қажет еместігін, қауіпті мүмкін болу екендігін айту; мысық пен итті, үй жануарларын емдеу туралы жалпы мәлімет беру.<br>Еңбек әрекеті: жерге түскен қураған жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдылан дамыту.<br>"Үрпек төбет" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бұзбай ойнауға баулу; бір бағытта, бірін-бірін қақпай, жеделдеп жүгіруге жаттықтыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол кілем үстінде жатады, басын алға созылған қолымен аяғына қояды.<br>Қалған балалар жай ғана оған жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді:<br>Алдыңғы екі аяққа басын сұғып,<br>Әнеки, жалбыр төбет жатыр сұлық.<br>Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып,<br>Момақан, сырты пішіні жуас салғырт.<br>Ояталық жақындап барайық та,<br>Қайтер екен содан соң – қарайық та.<br>Төбет орнынан ұшып тұрып үре бастайды. Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі. Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады. Төбет қайтадан кілемге жатады. Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.<br>"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | Ауладағы құстарды бақылау.<br>Мақсаты: балаларға құстарды алдымен көзбен көрмей, дыбыстарынан танып, атауға машықтандыру; құстардың тіршілігіне деген қызығушылықты арттыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу; сөздік қорын молайту.<br>Педагог балаларға бақылау алдында, құстардың дыбыстарын тыңдап, учаскіде қандай құстардың ұшып жүргенін айтуға шақырады.<br>Балаларға: "Қарға қарқылдайды, торғай шырылдайды, сауысқан шықылықтайды", - деп айтқызу.<br>Тақпақты мәнерлеп айтқызу.<br>"Сауысқан".<br>Әсем айлы түнде де,<br>Шуақ шашқан күнде де<br>Ұясынан бір шықпай,<br>Отыр қалай тұншықпай!<br>Аяй ма екен көйлегін –<br>Көйлегі оның – ой, керім!<br>Алтындаған пүліш.<br>Ф. Оңғарсынова<br>"Түлкі мен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгі бойынша қимылдауға жаттықтыру; кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы "түлкі" етіп сайлап, қалған балаларды "балапандар" деп, әрқайсына медальон тағып, ойын ойналады. Ойында "балапандар" "түлкі" кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең аймақты айнала қашуы тиіс.<br>Құралдары: балаларға медальондар, жүргізушіге - маска.<br>Еңбек әрекеті: орындықтарды құмнан тазалау.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдылан дамыту.<br>"Кегльді қағып ал" жаттығуы.<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | Желді бақылау.<br>Мақсаты: балаларды, түрлі белгілерге қарап, желді бақылауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Балалар педагогтің сұрауы бойынша жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап желдің болғанын байқайды; желдің баяу не қатты соққанын, жылы не суық екенін айтады.<br>Жұмбақ.<br>Шаңдатып, шашыратып топырақты,<br>Шайқап бұтақты, желпілдетіп жапырақты,<br>Ұшып келді көзге көрінбейтін кейіпкер.<br>Танысаң, бұл құбылыс ... (Жел.)<br>Д. Ахметова.<br>"Аттар"қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады. Шабарманның қолында - ауыздық. Аланның басқа жағында- аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармандар. Тәрбиеші: "Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!" - дегенде шабармандар аттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады. "Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар",- дегенде әрқайсысы өздерінің аттарын ұстайды. "Аттарыңды ат қораға апарыңдар",- дегенде апарады. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>Еңбек әрекеті: құмсалғыштың шеттерін құмнан тазалау.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдылан дамыту.<br>"Жүгіріп допты қағып ал" ойыны. Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, ептілікке, доппен ойнауға баулу.<br>Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-карсы тұрады.(қашықтығы 1,5-2м) Тәрбиеші "Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!" - деп допты лақтырады да өзі қағып алып: "Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер", - дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңына еріп жүреді.<br>Балалардың еркін ойыны. Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | Көлеңкені бақылау.<br>Мақсаты: көлеңке құбылысына қызығушылықты ояту; көлеңкенің жарық, күнмен тікелей байланысын көрсету; бақылағыштыққа тәрбиелеу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Педагог көлеңкенің тек күн (жарық) түскенде пайда болатынын көрсетіп, түсіндіреді.<br>Абай Құнанбайұлы<br>Көлеңке басын ұзартып,<br>Алысты көзден жасырса;<br>Күнді уақыт қызартып,<br>Көк жиектен асырса...<br>Іс-тәжірибеде балаларға ұнаған қимылдарды жасатып, көлеңкенің айнадай тура сол қимылдарды қайталайтынын, көлеңкенің тек қара, сұр түсті екенін байқату.<br>"Мысық пен тышқандар" ойыны. Мақсаты: шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Қырынан қойылған гимнастикалық тышқандарға арналған орын қоршалады. Мысық таңдап алынады. Ол үлкен орындыққа немесе кесілген ағаштың түбіріне отырады. Тышқандар індерінде отырады.<br>Тәрбиеші былай дейді:<br>- Тышқанға сақшы санап өзін мысық,<br>Жатады ұйықтағансып көзін қысып.<br>Тышқандар індерінен жүгіріп шығып (сатының баспалдақтары арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды.<br>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші:<br>- Тынышталыңдар, тышқандар, бекерге шулап күлмеңдер.<br>Ұйқыға жатқан мысықты оятып алып жүрмеңдер, - дейді.<br>Бұл – мысыққа берілген белгі; ол орындықтан түседі, төрт аяқтап тұрады, керіледі, қатты даусын шығарып «мияу» дейді де індеріне қашып бара жатқан тышқандарды ұстай бастайды.<br>Ойындарды басқа тышқандармен 3-4 рет қайталауға болады.<br>Алғашқыда мысықтың рөліне мықтылау, тез қимылдайтын балалады, ал кейін істеген ісін мақтап қойып, ұялшақтау балаларды да қоюға болады.<br>"Теректей биік болып өсейік" жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта аяқ ұшына тұрып, тепе-теңдікті сақтап, жүруге дағдыландыру; жүруде қолдарды жоғары көтеріп, аяқты өкшені баспай жүре білу қабілетін дамыту.<br>Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. |
| Серуеннен оралу | Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жууды қалыптастыру. | | | | |
| Түскі ас | Түскі асқа назар аударту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Тыныш ұйқыға кетуге жағдай жасау. | | | | |
| Біртіндеп ояту,<br>сауықтыру шаралары | Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу.<br>Төсектен тұрғызу. | | | | |
| Бесін ас(біліктер мен дағдыларды қалыптастыру) | Бесін асқа назар аудarту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар, жеке іс-әрекеттер (сюжеттік-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті ойындары,<br> сахналау ойындары | "Не өзгерді?" дамытушы ойыны.<br>Мақсаты: балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту , есте сақтауды, қиялды дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы.<br>Ойын барысы.<br>Мұғалім ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді.<br>"Шұбар тауық" ертегісі мәнерлеп оқу.<br>Мақсаты: балаларды ертегіні мұқият тыңдауға және көруге, кейіпкерлерді тани білуге, ертегілерге деген сүйіспеншілікті арттыру. | "Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту.<br>Құрал-жабдықтар: ойыншықтар.<br>Ойын барысы.<br>Тәрбиеші балалардың кез-келгенінен көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды және қапшыққа балаларға таныс ойыншық немесе зат салады. Ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған затты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды.<br>"Бауырсақ" ертегісін кейіпкерлендіру.<br>Мақсаты: ертегі мазмұның балалардың естеріне түсіріп, сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау. Тіл байлықтарын дамыту. Артистік өнерге машықтандыру, дауыс ырғағын өзгерте отырып, кейіпкерлердің дауысына сала білуге үйрету.<br>Ойын барысы:<br>Автор: Ерте-ерте-ертеде шал мен кемпір тұрыпты. Бір күні шал кемпіріне айтады.<br>Шал (1-бала): Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берші.<br>Кемпір (2-бала): Неден пісірейін? Ұн жоқ қой.<br>Шал: Әй, кемпір, қойманың түбін қырып көрсең. Бір бауырсақ пісіретін үн табылар.<br>Автор: Кемпір солай істеді. Қойма түбін қырып-қырып екі уыс ұн табады да. Қаймақ қосып, қамыр илейді. Бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына суытуға қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан домалап түсіп, жолға шығып, домалап кетеді. Жолда домалап келе жатса, алдынан қоян шығады.<br>Қоян (3-бала): Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!<br>Бауырсақ (4-бала): Жоқ, сен мені жеме, қоян, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші.<br>Әже қойма қырнаған,<br>Екі уыс ұн жинаған,<br>Қаймаққа илеген,<br>Майға пісірген,<br>Терезе алдына суытқан,<br>Бауырсақпын домалақ!<br>Атадан кеттім,<br>Әжеден кеттім,<br>Қоян сенен де кетемін!<br>Автор: Бауырсақ алға қарай домалап кетеді, қоян қалып қояды.<br>Бауырсақ орман ішіиен домалап келе жатқанда, алдынан қасқыр шығады.<br>Қасқыр (5-бала): Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!<br>Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші.<br>Бауырсақтың әні.<br>Автор: Бауырсақ домалап кетеді. Қарсы алдынан қорбандап аю шығады.<br>Аю (6-бала): Әй, бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!<br>Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші.<br>Бауырсақтың әні.<br>Автор: Бауырсақ домалап кетеді, аю қалып қояды. Бауырсақ зымырап келе жатса,<br>алдынан түлкі шыға келеді.<br>Түлкі (7-бала): Амансың ба, бауырсақ! Көргендерге ұнайсың, қандай әдемісін!<br>Автор: Бауырсақ қуанып, өлеңін айта бастайды. Түлкі болса тыңдаған болып,<br>білдірмей бауырсаққа жақындап отырады.<br>Бауырсақ: Әже қойма қырнаған,<br>Екі уыс ұн жинаған,<br>Қаймаққа илеген,<br>Майға пісірген,<br>Терезе алдына суытқан,<br>Бауырсақпын домалақ!<br>Атадан кеттім,<br>Әжеден кеттім,<br>Қоян сенен де кетемін!<br>Түлкі: Әдемі өлең екен! Айналайын, бауырсақ, мен қартайдым, құлағым естімейді ғой. Кәне, менің тұмсығыма отырып, өлеңді тағы бір айтып берші.<br>Автор: Бауырсақ мақтағанға мәз болып, түлкінің тұмсығына шығып, өлеңін айта бастағанда, түлкі бауырсақты "ап!" деп жеп қояды. | "Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Ойын барысы.<br>Тәрбиеші балаларға: "Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік".<br>Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды.<br>Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды.<br>Мысалы, Әсем: Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ онда тамақтанатын болады.<br>Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып береді.<br>"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Ойынның мақсаты: балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, тағам түрлерінің ойыншықтары, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.<br>Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру.<br>Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.<br>Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде "Тағы да келіп тұрыңыз", - деп ілтипат білдіреді.<br>Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде "Дүкен" деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы "тағы да келіп тұрыңыз" - дейді.<br>Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды. | "Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: келісілген сөйлеуді дамыту, сөздерді алдағы уақытта дұрыс үйлестіруге үйрету.<br>Жануарлардың ойыншықтары: қораз,торай, балапан, мысық, күшік.<br>Ойын барысы:<br>Мұғалім балаларға дауысы арқылы жануарды анықтауды ұсынады.<br>Тәрбиеші:<br>Кукареку! Бұл не?. Әтеш. Ол не істейді? Ол шақырады.<br>Хрю-хрю-хрю... Бұл не? Торай. Ол не істейді? Ол қорылдайды.<br>Шиқ-шиқ!  Бұл не?  Балапан. Ол не істейді? Шиқылдайды.<br>Кря-кря-кря... Бұл кім? Үйрек. Ол не істейді? Мылжың.<br>Мияу-мияу... Бұл не? Мысық. Ол не істейді? Мияулайды.<br>Ав-Ав... Бұл не? Күшік. Ол не істейді? Абалайды.<br>"Киіз басу" рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер.<br>Киіз басып аяқпен,<br>Дөңгелентіп аламыз.<br>Сабалаймыз таяқпен,<br>Білектейміз, жаямыз.<br>Г. Кужагулова. | "Домино", "Лото" үстел үсті ойындары. Мақсаты: ойлау қабілеттерін дамыту, ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізуді қалыптастыру.<br>"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.    Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақнамасы.<br>"Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады.<br>Педагог алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді.<br>Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді.<br>Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге даярлық (біліктер мен дағдыларын қалыптастыру) | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Серуенге шығайық,<br>Күннің нұрын алайық,<br>Таза ауаны жұтайық.<br>Жүрекке жылу сыйлайық. | | | | |
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар) | Күнді бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: балаларды күннің бір тәулікте бір орында тұрмай, әртүрлі биіктікте орналасуын байқауға машықтандыру.<br>Күн күндіз жоғарыда тұрғанда — ыстық болады, кешке күн төменде тұрғанда - күн салқын болады; жазда күн ұзаққа созылады, түндер қысқа болады.<br>"Аю және ара" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын сөздерін айта отырып, кейіпкерлерді нақ көрсете білуге дағдыландыру; белгіні естіп тапсырманы жылдам орындай білуге, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Аю болып киінген бала немесе тәрбиеші орындықта отырады (орманында). Ал аралар болып киінген барлық балалар орманға бүлдірген теруге барады.<br>Қимылдармен көрсетіп, мынадай сөздерді айтады:<br>Орманында аюдың,<br>Бүлдіргені көп екен, (Екі қолды жайып көрсетеді)<br>Теріп-теріп алайық, (Тереді)<br>Қалтамызға салайық! (Салады)<br>Аю шықты апаннан (Шығады)<br>Бол тезірек қашайық ! (Балалар қашады)<br>Соңғы жол сөздерін айтқанда аю тұрып балаларды қуып, ұстайды.<br>Осылай ойын 2-3 ойнатылады.<br>Құралдары: аю мен аралардың маскалары, бүлдірген нақпішіндері (муляждары).<br>"Бұлақтан секіріп өтеміз" жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір орнынан алға екі аяқпен секіре білу қабілетін дамыту; дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру, күш-жігерін дамыту.<br>Еңбек әрекеті: гүлдердің тұқымдарын жинау.<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>Құралдары: қағаз қалташалары.<br>Балалардың еркін ойыны. | Жүргіншілерді бақылау.<br>Мақсаты: балаларды көшеде өткен жүргіншілерді бақылауға бейімдеу; ересек адамдардың және балалардың ұқсастығы мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік жасау.<br>"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.<br>"Жолмен (жалғыз аяқ жолмен) жүрейік" ойыны. Мақсаты: балалардың "жіңішке" жолмен, тепе-теңдікті сақтап жүру амалына дағдыландыру; мұқияттылыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы 20-30см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де сол тәртіппен қайта қайтады.<br>Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады.<br>Ойынның күрделенуі: басқа кішкентай, құм салынған қапшықты. қолды белге қойып, жүру әдісі.<br>Еңбек әрекеті: қол өнері сабақтарына табиғи материалдарды жинау.<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>Балалардың еркін ойыны. | Аспанды бақылау.<br>Мақсаты: аспанның таза болғанда көгілдір, бұлтты болған кезде сұр түсті екенін байқатып, құбылысты сипаттауға машықтандыру.<br>"Аттар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады. Шабарманның қолында - ауыздық. Аланның басқа жағында- аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармендар. Тәрбиеші: "Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!"- дегенде шабармандараттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады. "Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар",- дегенде әрқайсысы өздерінің аттарын ұстайды. "Аттарыңды ат қораға апарыңдар",- дегенде апарады. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы.<br>Мақсаты: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>Еңбек әрекеті: ойыншықтарды құмнан қағып тазалау, корапқа жинау.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойыны. | Топырақты бақылау.<br>Мақсаты: балаларға топырақтың қасиеттерін тануға машықтандыру; зеректікке тәрбиелеу.<br>Балаларға аяқпен басып жүрген топырақ пен гүлзарға төгілген топырақтың айырмашылытарын көрсету: "көң" атты топырақтың түсі қараңғы, ұстағанда - жұмсақ екеніне көз жеткізу. Көңді адамдар даярлайды; бұнда өсімдіктердің өсуіне пайдалы заттар бар, сондықтан көкөніс, жеміс, гүл, жидекке көңді салған дұрыс екендігі туралы әңгімелеу.<br>"Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Алғашында "мысық" рөлін педагог атқарып, кейін балалар арасынан таңдалады.<br>"Торғайлар" белгілі жерге жиналады немесе орындықтарға отырады; бұл жер "торғайлардың ұясы".<br>Педагогтің: "Торғайлар, ұшыңдар! Жемді шоқыңдар!" деген нұсқау-белгісі бойынша балалар жүгіріп келіп, топғайлардың қимылдарына еліктеп, "ұшып жүргенін, отырып, жемді шоқығанын" көрсетіп, ойнайды.<br>Педегогтің: "Абайлаңдар, мысық ыршып алмасын!( дегенге - балалар бастапқы орындарына, бір-біріне соғылмай жүгіреді.<br>Балалардың белгілі орынға жүгіру барысында, олардың арасынан қолмен ақырын түртіп, "ұстап алуға" болады. Бұндай әрекетті "мысық" болған бала да жасай алады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Құралдары: "мысыққа" - маска, "торғайларға" медальондар.<br>"Теректей биік болып өсейік" жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта аяқ ұшына тұрып, тепе-теңдікті сақтап, жүруге дағдыландыру; жүруде қолдарды жоғары көтеріп, аяқты өкшеге бигізбен жүре білу қабілетін дамыту.<br>Еңбек әрекеті: құмның бетін ұсақ бұталардан, жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойыны. | Құмырсқаларды бақылау.<br>Мақсаты: балаларда құмырсқалар тіршілігі жөніндегі түсініктерді пысықтау; жәндіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Педагог жүгіріп өтіп жатқан құмырсқаларға көңіл аударады.<br>Құмырсқалардың бірігіп, бір ұяда мекендейтінін, өте шапшаң, еңбекқор, ұйымшыл жәндіктер болғандығын көрсету, түсіндіру.<br>Құмырсқалардың күші өте мол екендігін, жапырақты, бұтақтарды немесе құрттарды, салмағына қарамай, көтеріп тасып жүретінін бақылату.<br>"Құмырсқалар".<br>Жанталасқан жәндіктер,<br>Шынжырдай тізіліп жүгірген,<br>Бірігіп алыпты алады,<br>Зәулім ұяны салады.<br>Д. Ахметова.<br>Балалардан құмырсқалардың қалай қимылдайтынын сұрау, қимылдарын көрсетуді өтіну.<br>"Құмырсқалар шынжырға тізілді" жаттығуы.<br>Мақсаты: бірінен-бірі қалмай, бір тізбекте асықпай жүгіруге жаттықтыру; жүгіру қабілеттерін жетілдіру; мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>"Балапандар мен күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру; ойын желісіне, белгі бойынша бірінің соңынан бірі баяу жүру және бір бағытта жүгіру қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлау, зейін қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Балапандар ұқсап балпаңдап жүруді көрсету.<br>Күшіктің жүгіріп келуін байқап - жан-жаққа тарап жүгіру.<br>Біз көңілді балапан үйректерміз,<br>Балпаң, балпаң етіп жүреміз.<br>Күшік келіп үрісе - дан-жаққа жылдам жүгіреміз.<br>Педагог балаларды, балапандарға жақсы еліктегендері үшін, мақтап жүреді.<br>Еңбек әрекеті: гүлдердің тұқымдарын жинау.<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>Құралдары: қағаз қалташалары.<br>Балалардың еркін ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар | "Жаңылтпаштар".<br>Мақсаты: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға машықтандыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер.<br>Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек. | "Шеңбер бойымен" ойыны.<br>Мақсаты: шеңберді құрып, шеңберді ойнай білуге баулу; зейінді, қабылдауды дамыту.<br>Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді.<br>Әдемі шеңберде,<br>Билейік кең жерде.<br>Қолдармен ұстасып,<br>Бәріміз жұптасып.<br>Бірігіп достасып,<br>Бір орында ұстасып,<br>Осылай етіп істейік.<br>Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. | "Менің достарым" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарау.<br>Мақсаты: үй жануарлары туралы суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.<br>Құралдары: үй жануарлары және оларды күту тақырыбына байланысты бейнеленген суреттер. | Көркем әдебиет шығармаларын оқу (жұмбақтар шешу, жаңылпаштар айту, ертегілер тыңдау).<br>Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту | "Не ұқсайды" ойыны (балалар тобымен жұмыс)<br>Мақсаты: салыстыру дағдысын қалыптастыру. Балаларға сұрақтар қойылады. Балалар жауаптарын айтуға тиіс. Мысалы: "Доп сияқты дөңгелек не бар?"(Қарбыз, апельсин, алма және т. б.); "Қарға не ұқсайды?"; "Қант сияқты тәтті не бар?"және т. б. |
| Балалардың үйге қайтуы<br>(ата-аналарға кеңесі) | Сұраныс бойынша кеңес өткізу. | "Күн, ауа және су - біздің достарымыз" атты жаднама әзірлеу. | "Тәні саудың-жаны сау" атты лэпбук жасау. | "Кешкі мезгілдегі баланың үйдегі әрекеті" тақырыбында жаднама. | "Менің сүйікті жануарым" атты фотоколлаж жасау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар.<br>Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады. | | Біздің гүл бақшада,<br>Бар әсем асхана.<br>Бар онда аспазшы,<br>Аққөңіл жақсы аға.<br>Әлде, май құймақ па?<br>Көже ме, сорпа ма?<br>Әлде, бал қаймақ па,<br>Тұрады ортада.<br>Тәп-тәтті тамағы,<br>Ағай – ас маманы.<br>Пісіре білгенге,<br>Астың жоқ маманы. | еліктеу)<br>Қанат жайып қонбайды. (Саусақпен бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>"Қарама-қайшылық" ойыны.<br>Мақсаты: сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануға үйрету.<br>Ойын құралы: доп.<br>Тәрбиеші белгілі бір сөзді айтады: мысалы - "ауыр" деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады. Допты қағып алған бала, ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек, т.с.с. | туралы түсініктерін өсіру, олардың атауын толық айтқызу.<br>Балаларға көкөністер мен жемістердің ойыншықтары таратылады. Екі шеңберде бір көкөніс пен бір жеміс жатыр. бірі жемістер шеңбері, бірі көкөністер шеңбері деп аталады. Балалар жан-жаққа жүгіріп кетеді, серуендеуге шақырылады. Тәрбиеші белгі бойынша барлығы өз үйін табады. Ойын бірнеше рет қайталанады, ал тәрбиеші әр уақытта үйлерді ауыстырады |
| Ертеңгілік жаттығу ( мин) | "Қуыршақпен ойнаймыз".<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде;<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру; (3рет)<br>3-4 б.қ.<br>Аяқ алшақ, қуыршақ алда;<br>1-2 денені оңға ,солға бұру, б.қ. келу;<br>Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау;<br>1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді";<br>5-6 б.қ. келу; (3рет)<br>Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою;<br>3-4 тік тұру.<br>Қуыршақпен оңға, солға айналу (2реттен). | | | | |
| Таңғы ас( көркем сөз, біліктер мен дағдыларды қалыптастыру | Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу.<br>Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. | | | | |
| Ойындар, жазғы кестеге сәйкес ұйымдастырылған оқу | ҰОҚ даярлық мақсатымен жүргізілетін ойындар және жаттығулар | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ұйымдастырылған оқу қызметтеріне дайындық | "Толқиды теңіз" қимылды ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Балалар ойын алаңында айналып жүріп:<br>"Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт" - сөз жолдарын айтады.<br>Тәрбиеші белгісі бойынша: Толқын мұз бол!"-дегенде балалар қозғалмай қалу керек. | "Қатып қал" ойыны.<br>Ойынның мақсаты: еркін қозғалыстарды дамыту.<br>Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактісіне қозғалады.<br>Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады. | "Кішкене өзен арқылы" ойыны. Мақсаты: зейінділікке, ептілікке, дене тепе-теңдігін ұстай білуге баулу.<br>Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді. | "Мұқият бол" ойыны.<br>Мақсаты: зеректікке, жылдам ойлау білуге бейімдеу.<br>Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: балық, тастар және балдырлар бар.<br>Тәрбиешінің белгісі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Тәрбиеші кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсетеді:<br>1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді.<br>2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады.<br>3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі.<br>Қай бала қателеседі, сол бала ойыннан шығып қалады. | "Ақ шамшық" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады.<br>Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тас алған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды. |
| Жазғы сауықтыру шараларына сәйкес ҰОҚ | Жаратылыстану<br>Тақырыбы;"Дост<br>ық үйшігі"<br>Мақсаты: Балалардың бойына достық құндылықтарын сіңіруді жалғастыру; өзара татулық сезімдерін дамыту; достық туралы өлеңдерді қайталау.<br>Дидактикалық ойын «Үйшікті құрастыру». | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы;"Татулық<br>табылмас бақыт"<br>Мақсаты: Балаларда арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын жетілдіру; қимыл белсенділігін дамыту.<br>"Доға астынан" қимылды ойыны. | Көркем әдебиет<br>Тақырыбы;С.Көбеев<br>"Құстың ұясы"<br>Мақсаты: Балаларды әңгіменің мазмұны бойынша сұрақ қойып, дұрыс жауап беруге дағдыландыру; жағымды жағымсыз қылықтарды ажырата алуды үйрету; сөздік қорларын, тілін, шығармашылық қабілетін дамыту; құстарға қамқор бола білуге, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойын: "Бұл қай ертегі?". | Сурет салу<br>Тақырыбы;«Жаз» ұжымдық жұмыс<br>Мақсаты: Балаларды ұжымдық сурет салуды үйретуді жалғастыру, мезгілінің қызықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру; дәстүрлі емес тәсілдермен сурет салу біліктілігін бекіту; көркемдік құрал-жабдықтарды таңдау біліктіліктерін дамытуды жалғастыру; нәтижелі ұжымдық жұмыс жасауға қызығушылықтарын арттыру; эстетикалық талғамдарын жетілдіру, ұжымдық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>Саусақ жаттығуы «Достық». | Музыка<br>Тақырыбы;"Көңілді балалар"<br>Мақсаты: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнай отырып, мимика, пластик көмегімен музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен музыкалық сенсорлық қабілеттерді дамыту.<br>«Көңілді күлдіргіштер» ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар | Жәндіктерді бақылау: (инелік, ара, маса, шыбын, көбелек)<br>Мақсаты: шабындықта, бала бақша учаскесінде, ағаштарда, өзеннің айналасында жәндіктердің көп түрі болатындығы туралы балаларға айту. Түрлі қоңыздар, көбелектер, инеліктер, шыбын, ара, масалар туралы білімдерін бекіту. Олардың пайдасы мен зияны жөнінде ұғымды қалыптастыру.(аралар бал жинайды, өсімдіктерге зиянын тигізетін құрт-құмырсқаларды инеліктер жейді).<br>Тақпақ. "Көбелектің жыры", Н. Айтов.<br>Қанатымды бір қағым,<br>Демде қайта жоғалам.<br>Десе гүлді дала бар,<br>Қос қанатым талмайды.<br>Мені көрсе балалар,<br>Қыр соңымнан қалмайды.<br>"Шалғындықта үш сайыс" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: бастапқы орынды сақтап, жерде жатқан доға арқылы аттап өтуге үйрету, шыдамдылық және күштің әсер етуіне мүмкіндік туғызу.<br>"Допты жоғары лақтырып, қағып ал" жаттығу.<br>Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстап, жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға дағдыландыру; ептілікке, зеректікке тәрбиелеу; доппен ойындарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Еңбек әрекеті: гербарийды жинау, құрғату.<br>Мақсаты: ересектердің тапсырмасын жауапты және өз бетінше орындауға дағдыландыру; өсімдіктерге сүйіспеншілігін туғызу.<br>Балалардың еркін ойыны. | Суды бақылау.<br>Мақсаты: балалармен суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету. Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>"Толқиды теңіз" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Балалар ойын алаңында айналып жүріп:<br>Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт", - сөз жолдарын айтады.<br>Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын мұз бол" - дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?", - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жуу.<br>Мақсаты: алдын-ала жылытылған суға ойыншықтарды жуып, кептіру әрекеттерге тарту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойыны. | Кішкентай балаларды бақылау.<br>Мақсаты: балалардың жазда қалай киінетіндеріне назар аудару: жеңіл көйлектер, шолақ шалбар, бас киімдер – орамалдар, жеңіл қалпақтар(күннің көзі басты қыздырмас үшін), жазғы киімдер ашық түсті болуға тиіс екеніне көңіл аудару. Балалар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Ізгілік және қамқорлық сезімін тәрбиелеу.<br>Тақпақ. "Іні", Е. Өтетілеуұлы.<br>"Бір ісіме қапа ма", -<br>Деп қарайды апама<br>Сипаттырып басынан<br>Еркелейді атама.<br>"Жұппен жарыса жүгіру" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша қолдарынан ұстасып жұппен жарыса жүгіруге дағдыландыру; күнделікті белсенді қозғалтқыш қызметінің қажеттілігін қалыптастыру.<br>Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жөндеу.<br>Мақсаты: ойыншықтарды жөндеуді өз ықыласымен орындауға, басталған істі соңына дейін жеткізуге дағдыландыру.<br>"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады.<br>Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.<br>Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. | Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау.<br>Мақсаты: ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа, еңбекті қадірлеуге баулу.<br>Бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.<br>Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Жазда қоқыстарды жинайды, ауланы сыпырады, гүлдерді суарады, шөп жұлады.<br>Біз көмекші баламыз,<br>Төзімді, ұқыпты боламыз.<br>Шеберлікке жету үшін<br>Көп еңбек саламыз.<br>"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек.<br>Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>"Салыстырулар" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Тәрбиеленушілермен ұсынылған заттарды салыстыра білу, заттар туралы әңгімелерді құрастыра білу.<br>Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштан түскен құрғақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>Балалардың еркін ойыны. | Қоңызды бақылау<br>Мақсаты: қоңыздың алуан түрлілігі туралы балалардың білімін жетілдіру.<br>Қоңыз бақша және аулада ағаштардың жапырақтарына зиянын тигізетінін көрсету. Зиян келтірушілермен күрестің әдістерімен таныстыру.<br>Жұмбақ:<br>Ұшқанда өлең айтады,<br>Қонғанда жер қазады.<br>Мұны да ойлап көрейік,<br>Шешуін кім табады? (Қоңыз)<br><br>Шидім, шидім, шидім құс,<br>Ши басына қонған құс.<br>Қарқаралы қара құс,<br>Хан басына қонған құс. (Шыбын)<br>Тақпақ.<br>"Қарақұрт", С.Оспанов<br>Өрмекшіден аумайды,<br>Өрмекпен жем аулайды.<br>Қарнында он үш нүкте бар,<br>Аяғында түк те бар.<br>Мекендер шөл даланы,<br>Малды, адамды шағады.<br>Жылы желді қалайды ол,<br>Қарақұрттан абай бол.<br>"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>Еңбек әрекеті: жәндіктермен мен күрес (күлмен, сабын ерітіндісімен жапырақтарды бүрку).<br>Мақсаты: тапсырманы ынталы, ұқыпты орындауға; ниет-нәтиже шығаруға тәрбиелеу.<br>Еңбек құралдарын жұмыстан соң орнына қоюға баулу.<br>Балалардың еркін ойыны. |
| Серуеннен оралу | Балаларды жүйелі түрде шешінуге, шкаф сөрелеріне киім қоюға, қолдарын жууға үйрету. | | | | |
| Түскі ас | Түскі асқа назар аудару; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| Біртіндеп ояту,<br>сауықтыру шаралары | Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу.<br>Төсектен тұрғызу. | | | | |
| Бесін ас(біліктер мен дағдыларды қалыптастыру) | Бесін асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар, жеке іс-әрекеттер (сюжеттік-рөлдік, аз қимылды, д | "Не өзгерді?"дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балаларды кеңістіктікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият карауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмып, артқа карауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды.<br>Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсыңдар деп. Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді.<br>Үстел үсті театры "Бауырсақ" ертегісі. Мақсаты: балаларды ертегіні мұқият тыңдауға және көруге, кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін көруге, ертегілерге деген сүйіспеншілікті арттыру. | "Ненің дауысы?"дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың есту қабілетін дамыту, оларды дұрыс айтуға үйрету.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші жануарлардың дауыстарын салады. Балалар қай жануардың дауысы екенін табулары қажет. Мысалы, тәрбиеші "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл ненің дауысы дейді? Балалар "бақа" деп жауап береді. Содан кейін тәрбиеші басқа жануардың дауысын шығарады. Ойын осылай жалғаса береді.<br>"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балаларды науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдардың қажеттілігін білуге үйрету, балаларды ұқыптылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту: "аурухана", "науқас", "емдеу", "дәрі-дәрмектер", "температура"ұғымдарын түсіндіру.<br>Құрал-жабдықтар: қуыршақтар, ойыншық жануарлар, медициналық құралдар: термометр, шприц, дәрі-дәрмектер, қасық, фонендоскоп, мақта, таңғыш, халат және дәрігерге арналған қалпақ.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші аурухана ойынын ойнауды ұсынады, дәрігер таңдалады, қалған балалар ойыншық жануарлар мен қуыршақтарды алып, ауруханаға дәрігердің қабылдауына келеді. Дәрігер әртүрлі аурулары бар науқастар қарайды: аюдың тістері ауырады, өйткені ол көп тәттілерді жейді, сайқымазақтың маңдайында жарасы бар, қуыршақ Алуа саусағын есікпен қысып алған және т.б. науқастар. Оларды тыңдайды, мойнын қарайды, температурасын өлшейді, дәрі тағайындайды, инъекция жасайды, дәрілер береді. Тәрбиеші балалардың ойынын бағалайды, балалар қалай қарым-қатынасқа түсіп жатыр, өз ойларын толық жеткізе ала ма, балаларды жан-жақты бақылайды. | "Матрешкаға қонаққа бару" ойыны. Мақсаты: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Қарапайым матрешканы құрастыру.<br>"Көліктерді гараждарға орналастыр" ойыны. Негізгі түстердің күнделікті айтылуын қалыптастыру, түсі бойынша көліктерді айыра білуге үйрету.<br>Негізгі түстермен боялған текшелер, аталған түстердегі ойыншық машиналар.<br>Тәрбиеші балаларға машиналарды көрсетеді. Гараждың не үшін қажет екендігін балалардан сұрайды. Гараж қандай болуы тиіс? Көлікті гаражға кіргізу үшін не істеу қажет?<br>Балалар текшелерден гараж құрастырады. гараждың түсі қандай болса, сол түске сәйкес көлікті гаражға кіргізу қажет. Тәрбиеші еденде бордың көмегімен жол суретін салады.<br>Балаларға ойын ойнауды ұсынады: тәрбиешінің айтқандарын тыңдап, аталған түстегі гаражды тауып, машинаны гаражға кіргізеді. | "Өз үйіңді тап" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін табуға үйрету. Жылдамдыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.<br>Қажетті құралдар: биік және аласа үйлердің суреттері.<br>Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе “үйін” тағайындайды. Екі топқа да бірі биік, бірі аласа үйді көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік үйдің оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа үйдің сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады.<br>"Кімді тазалау үйі" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: киімді күту амалдарымен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру.<br>Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп.<br>Үтіктейміз киімді,<br>Қыртыстарын жазамыз.<br>Кірлеп қалса киімдер,<br>Кір жуу машинасына саламыз.<br>Г. Кужагулова. | "Қане, достар!" қимылды жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың дене мүшелерін жаттықтырып, бұлшық еттерін дамыту.<br>Қане, достар, ерінбей, (Сұқ саусақты бұлғау)<br>Түзу сапқа тұрайық! (Қол-аяқ түзу)<br>Алға қарай, сүрінбей, (Орында, тізені биік көтеріп, марш басу, қолдармен сермеу)<br>Қадам басып, барайық! (Орында, тізені биік көтеріп, марш басу, қолдармен сермеу)<br><br>Ойыншықтарға биіктен (Қолдар биікке, аяқтар ұшында)<br>Төмен қарай қарайық. (Отыру)<br>Өсейік біз өрімдей, (Қайта түзу тұру, қолдар биікке)<br>Үлкен бала болайық. (Екі қол белде, аяқтар иық енінде, баспен оң-сол жаққа шайқау) "Ғажайып қапшық" ойыны.<br>Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата білуге және атауға үйрету<br>"Сөздер тізбегі" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгілі топтама немесе ортақ тақырыпқа байланысты сөздерді тізбекке салып, арасында қайталамай, айтып ойнауға машықтандыру; сөздік қорын байыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге тұрады.<br>Педагог белгілі тақырыпты ұсынады, балалар бір-бірінен соң кезекпен осы тақырыпқа (топтамаға) жататын сөздерді айтып жатады. Мысалы: үй жануарлары - ат, сиыр, ешкі, түйе және тағы басқа сөздер. |
| Серуенге даярлық (біліктер мен<br>дағдыларын қалыптастыру) | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен (бақылау, еңбекке баулу, қимылды ойындар, еркін ойындар) | Желді бақылау.<br>Мақсаты: балаларды, түрлі белгілерге қарап, желді бақылауға дағдыландыруды жалғастыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Балалар педагогтің сұрауы бойынша жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап желдің болғанын байқайды; желдің баяу не қатты соққанын, жылы не суық екенін айтады.<br>Жұмбақ.<br>Шаңдатып, шашыратып топырақты,<br>Шайқап бұтақты, желпілдетіп жапырақты,<br>Ұшып келді көзге көрінбейтін кейіпкер.<br>Танысаң, бұл құбылыс ... (Жел.)<br>Д. Ахметова.<br>"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы.<br>Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар".<br>"мысық" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады.  "Тышқандар" алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді.<br>Тышқан шықты інінен,<br>"Сағат неше болды?"- деп,<br>Бауды тартып қалып еді,<br>Дүңгірледі барлық жер.<br>Тышқан қорқып қайтадан,<br>Кіріп кетті ініне.<br>Соңғы сөздерді естіген "мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, қуалап, оларды ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады.<br>Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады.<br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>Еңбек әрекеті: гүлдердің тұқымдарын жинау.<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>Құралдары: қағаз қалташалары.<br>Балалардың еркін ойыны. | Суды бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: судың қасиеттерін тауға ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Тәжірибе жасау: суға бататын және жүзетін заттарды бақылау.<br>Балалар суды сипаттайды.<br>Сумен ойындар: серуендеуге үрленетін бассейн немесе үлкен ванна және ойыншықтарды алып шығу. Балалар қайықтарды жібереді, кемелерге су құйып, қуыршақтарды жуады және т. б.<br>Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялын дамыту.<br>"Жұбыңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балалардың бірін-бірі қақпай, кеңістікте жүгіре білу, түстерді ажырата білу, зерек болу қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға жалаушадан таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті жалаушалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдар: түрл түсті жалаулар.<br>"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы.<br>Мақсаты: дәлдікке, ептілікке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>Еңбек әрекеті: қол өнері сабақтарына табиғи материалдарды жинау.<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>Балалардың еркін ойыны. | Кішкентай балаларды бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: жасы кіші балалардың сыртқы келбеті, киімі ерекшеліктерін байқауға бейімдеу; бағылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың жазда қалай киінетіндеріне назар аудару: жеңіл көйлектер,шолақ шалбар, бас киімдер – орамалдар, жеңіл қалпақтар (күннің көзі басты қыздырмас үшін), жазғы киімдер ашық түсті болуға тиіс екеніне көңіл аудару.<br>"Аққу-қаздар" ойыны.<br>Мақсаты: белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғыймай жүгіруге дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Педагог:<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар?<br>Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.<br>Педагог алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>Ойын қарапайым түрде де ойнатылады: педагогтің қалауынша "қасқырларды" қоспауға болады.<br>Жаттығу ойындары: допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру.<br>"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүге отыра секіруге дағдыландыру.<br>Еңбек әрекеті: құмның бетін ұсақ бұталардан, жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойыны. | Ауладағы аула сыпырушының еңбегін бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: ересектің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; қарапайым еңбек дағдыларын игеруге баулу.<br>Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Жазда қоқыстарды жинап, аула сыпырады, су шашады.<br>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың алаңның бір шетінде тұрады.<br>Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады", – дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер", – дейді, ойын қайта басталады.<br>"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балалардың доппен ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жете білуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады.<br>Еңбек әрекеті: гүлдердің тұқымдарын жинау.<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>Құралдары: қағаз қалташалары.<br>Балалардың еркін ойыны. | Қоңыздарды бақылауды жалғастыру.<br>Мақсаты: жәндіктерге деген қызығушылықты арттыру.<br>Қоңыздардың алуан түрлілігі туралы балаларға тағы бір рет айту. Қоңыз бақша және ауладағы ағаштардың жапырақтарына зиян келтіретінін айту. Зиян келтірушілермен күрестің әдістерімен таныстыру.<br>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді.<br>Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды.<br>Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қаіпсіздік еределерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>Еңбек әрекеті: құмның бетін ұсақ бұталардан, жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады.<br>Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.<br>Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар.<br>Балалардың еркін ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыста | "Жазғы қызықтары" суреттер топтамасымен жұмыс.<br>Мақсаты: балаларға суреттерге сәйкес шағын әңгімелер айтқызу, сөйлеуді, балалардың сөздік қорын дамыту; суреттер бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. | Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Қолғанат".<br>Кіп-кішкене Қолғанат<br>Отырмайды ол қарап.<br>Ақылыңды ұғады,<br>Көңіліңнен шығады.<br>Қолғанат десе Қолғанат.<br>Қалай тауып қойған ат!<br>Н. Жанаев. | "Не болады?" ойыны (балалар тобымен жұмыс).<br>Мақсаты: сөйлеу, есте сақтау, заттарды қасиеттері бойынша жалпылауға үйрету.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді. Мысалы: "Сары түсті не болады?" (балапан, күн және т. б.); "Ағашта не өседі?"; "Орманда не тұрады?"және т. б. | "Матрешкаға қонаққа бару" ойыны. Мақсаты: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін дамыту.<br>Қарапайым матрешканы (4 бөліктен тұратын) құрастыруды үйрету.<br>"Үйшік" ертегісін сахналау.<br>Мақсаты: Балалардың ертегілердің кейіпкерлеріне рөлдеріне енуіне жағдай жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды жалғастыру. | "Қуыршақты серуенге киіндіріп, шығарайық" ойыны.<br>Мақсаты: негізгі түстерді меңгеруге, киім атауын атай білуге және сөйлемде қолдана білуге дағдыландыру.<br>Ойын құралдары: 4 түсті көйлек киген қуыршақтар: қызыл, жасыл, сары, көк.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші балаларға қуыршақтың серуенге шығатындығын, ол үшін қуыршақтың үстіндегі көйлегінің түсіне сәйкес бас және аяқ киімдерді<br>таңдап алуға көмектесулерін сұрайды. Балалар түрлі түстердің арасынан өзіне қажетті киімдерді таңдап киіндіреді. |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңесі) | "Жәндіктер шаққан жағдайда..." жаднама. | Сұраныс бойынша кеңес. | "Жәндік шаққан жерді зарарсыздандыру шаралары" тақырыбында лэпбук жасау. | "Жазда өтті" тақырыбында жаднама. | Гербарийге жапырақтар, гүлдер жинау туралы әңгімелесу. |

Бекітемін

«Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының

меңгерушісі: С.К.Дуйсебекова

МКҚК «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының

Ересек «Балдәурен» (4 жастан бастап) тобының

2021-2022 оқу жылындағы

Жазғы сауықтыру переспективалық жоспары

Тәрбиеші: Д.Орынбасарова

А.Ештаева

# 2021-2022 оқу жылының мектепке дейінгі мемлекеттік стандарты бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің жазғы сауықтыру маусым айының переспективалық жоспары ересек «Балдәурен» тобы

| Тобы | Ересекжастобынаарналғанжазғысауықтыружоспары | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жылыменайы | Маусым-2022ж. | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Білім салалары (оқуқызметініңтүрі) жәнеаптажүктемесі | ***Денсаулық*** | ***1*** | ***Қатынас*** | ***1,5*** | ***Таным*** | ***1*** | ***Шығармашылық*** | ***2*** | ***Әлеумет*** | ***0,5*** |
| | Денешынықтыру | 1 | Сөйлеудідамыту | 0,5 | Математиканегіздері | 0,25 | Музыка | 1 | Қоршағанортаментанысу | 0,5 |
| | | | Көркем әдебиет | 1 | Құрастыру | 0,25 | Суретсалу | 0,5 | | |
| | | | | | Жаратылыстану | 0,5 | Жапсыру | 0,25 | | |
| | | | | | | | Мүсіндеу | 0,25 | | |
| | | | | | | | | | | |
| **Кемпірқосаққанатынжайды/Раскинуларадугакрылья/(1-апта)-маусым,2022ж.** | | | | | | | | | | |
| Мақсаты.Балалардыңжазмезгілініңқұбылыстарытуралытүсініктерінкеңейту;жазғыойындардыбірлікте,белсенділікпен,қызығушылықпенойнауғабаулу. | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Оқуқызметініңтүрі,тақырыбы,мақсаты. | **Денешынықтыру**<br>Тақырыбы:"Қоскемпірқосақ"<br>Мақсаты: Балаларды сапқа құрылымынөзгертіпқайтатұруға;2-3метрліққашықтықтаалға ұмтыла қос аяқпен секіру дағдыларындамыту;қимылдыойындарарқылытабанменалақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеуіскерліктерін жетілдіру; дене шынықтыружаттығуларын орындауға қызығушылықтарынояту. | | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Ақымақ қасқыр"ертегісіМақсаты: Балаларға ертегіні оқып беру,мазмұнын әңгімелеуге үйрету; ертегікейіпкерлерініңрөлінееніп,сөздерінайтқызуарқылы байланыстырып сөйлеуге,кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәлтауып, сипаттауға үйрету; сөздік қорларын молайтып,тілбайлықтарындамыту;достыққа, бірліккетәрбиелеу. | | **Жаратылыстану**<br>"Түрлі-түстіертегіәлемінесаяхат"<br>Мақсаты:Балалардыңтүстертуралыбілімдерінбекіту (қызыл, сарғыш, сары, жасыл, көк,көгілдір,күлгін).<br>Сөйлеу, есте сақтау, ойлау, зейін,қиялын,шығармашылық қабілеттерін дамыту. Топтағыөзарадостық қарым-қатынасқа белсенділікке,тәуелсіздікке, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. | | **Музыка**<br>Тақырыбы:"Қошкелдің,жаз!"<br>Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту,өлеңдерді, әндерді нақышына келтіреайтуғадамыту. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілікқасиеттерінжоғалтпауғатәрбиелеу. | | - | |
| | | | **Сөйлеудідамыту**<br>Тақырыбы: "Жазғыкемпірқосақ"<br>Мақсаты: Балалардың жыл мезгілінің табиғиқұбылыстары, ай аттары, апта күндеріжайындағы білімдерін бекіту; таң, күн, кеш,түн мезгілдерінің атауы мен ауысуы туралытүсініктерді тиянақтау; сөздік қорын молайту,логикалықойлауын,қолдыңқимылқозғалысмоторикасын дамыту; аңғарымпаздыққа, жан-жақтылыққатәрбиелеу. | | | | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Қала аспанындағы кемпірқосақ"Мақсаты: Балаларды әр түрлі құралдардыңкөмегімен әдемі табиғи құбылыстаржайлытүсініктерін шығармашылық түрде жеткізебілуге, негізгі түстерді тануды, саусақпен суретсалуды үйретуді жалғастыру; балалардыңтүстерді қабылдау, түсті таңдау біліктілігіндамыту; зейіндерін тұрақтандыру, ойлау, естесақтау қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа,табиғатты аялауға, достық қарым-қатынасқатәрбиелеу. | | | |
| | | | | | | | | | | |
| **Қалашықсаламыз/Строимгородок/(2-апта)-маусым,2022ж.** | | | | | | | | | | |
| Мақсаты.Балалардыңқұмжәнетағыбасқақұрылысматериалдаржайындағытүсініктерінкеңейту,құрастыруқабілеттерінжетілдіру;ойынкомпетенцияларынжетілдіру. | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Оқуқызметініңтүрі,тақырыбы,мақсаты. | **Денешынықтыру**<br>Тақырыбы:"Жаздакелдіпейілді"<br>Мақсаты: Балаларды тепе-теңдікті сақтайотырып,қолынжоғарыкөтеріптақтайбойыменжүру дағдыларын дамыту; қимылды ойындарарқылы түрлі бағытта жүгіру; 1,5-2 метрарақашықтықтан кегльдерді қағып түсіруіскерліктерін жетілдіру; қимылды ойындарғадеген қызығушылықтарын арттыру. | | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Жұмбақтар әлеміне саяхат"Мақсаты:Балаларғажұмбақтартуралытүсінікберу;жұмбақтытолықтыңдап,жауабынтабуға үйрету; есте сақтау қабілетін жетілдіру;балалардың ой-өрісін дамыту; өз ойын еркінайтуға үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу. | | **Математиканегіздері**<br>Тақырыбы:"Әсемқала"<br>Мақсаты:Балалардыңсандықжәнереттіксанауторалы білімдерін бекіту; геометриялықфигуралардыажыратажәнеатайбілугеүйрету;заттарды санымен байланыстыру туралыбілімдерінбекіту. | | **Музыка**<br>Тақырыбы:"Біздіңқала"<br>Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережелерінесәйкес бағдаршамның атқаратын қызметіментаныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүруережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адамжүретін жол мен көліктер туралы түсініктерінжетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуғаүйрету.Әннінширақ,сергек,сабырлысипатынажырата білуге тәрбиелеу. | | **Қоршағанортаментанысу**<br>Тақырыбы:"Таңқаларлыққұм"<br>Мақсаты: Балаларды құрғақ және дымқылқұмның қасиеттерімен таныстыру, балаларғақұм өте ұсақ бөлшектерден - құм түйірлерінентұратынын көрсету; эксперименттік іс-әрекетарқылы себеп-салдар байланысын орната білу,балалардың сөздік қорын кеңейту; қоршағанәлемгедегенқызығушылықтыарттыру.,зерттеуқызметінеқызығушылық. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Мүсіндеу**<br>Тақырыбы:"Үйдіңқұрылысы"<br>Мақсаты: Өтілген мүсіндеу техникаларбойынша бұйым жасап үйренуді қалыптастыру;ауызша нұсқаулық бойынша, алгоритмәрекеттерінің көрінісі, балаларды ұзынсопақшаны есіп, бір-біріне тығыз қосудыүйрету; қолөнер жасауда қиял меншығармашылықты дамыту; ұсақ қолматорикасын, үйлестіру қозғалысын дамыту;бастаған жұмысын аяқтауға, ермексазбенұқыпты жұмыс жасаға тәрбиелеу. | |
| | | | | | |
| **Су/Вода-водица/ (3-апта)-маусым,2022ж.** | | | | | |
| Мақсаты.Балалардыіс-тәжірибелергеқатысып,бақылаулар,ойындарарқылысудыңқасиеттерінтануғадағдыландыру;экологиялықбілімдерінжетілдіру;суғаұқыптықарауғатәрбиелеу. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқуқызметініңтүрі,тақырыбы,мақсаты. | **Денешынықтыру**<br>Тақырыбы:"Тұп-тұнықсу"<br>Мақсаты: Балаларды жетекшінің ауысуыменжүгіру; гимнастикалық қабырға бойыншажоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеугеүйрету; балаларда жүруді жүгірумензезектестіру; жұппен түрлі бағытта жүгірудағдыларынжетілдіру. | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы:"Аққу-қаздар"ертегісі<br>Мақсаты: Балаларды ертегінің мазмұнын толықөз ойларын жеткізіп айтуға үйрету; ертегігедегенқызығушылықтарынарттыру;ойлау,естесақтау қабілеттерін, сөздік қорын молайту;адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы:«Сиқыршысу»<br>Мақсаты: Судың қасиеттері туралы түсінік беру.Балалардыойларынжеткізебілуге,сөйлемдер дідұрыс құруға, қорытынды жасай білуге үйретудіжалғастыру. Балалардың сөйлеуін, ойлауқабілетін, зейінін дамыту. Тәжірибе арқылыбалалардың су туралы білімдерін нығайту.<br>Балалардытабиғатқа,суғақамқорболуға тәрбиелеу. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Ата-ананы тыңдаймыз"Мақсаты: Көңілді әуен арқылы көңіл күйдісыйлай білуге талпындыру. Балалардыңшығармашылық қабілетін дамыту. Балалардыдостыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу. | - |
| | | **Сөйлеудідамыту**<br>Тақырыбы:"Су-тіршіліккөзі"<br>Мақсаты: Балаларға су туралы айту, судыңмаңызы мен пайдасын түсіндіру; сөздікқорларын молайту; сөз байлығын,дүниетанымын,ойөрісімензейініндамыту;қоршағанортанықорғауға,табиғаттысуюгетәрбиелеу. | | **Сурет салу**<br>Тақырыбы:«Тоғандағыбалықтар»<br>Мақсаты: Балаларды сурет салудың дәстүрдентыс тәсілі боялған сабын көпіршіктерініңкөмегіменсуретсалутехникасыментаныстыру;адам үшін судың маңызы жайлы білімдерінбекіту; шығармашылық қабілеттерін,эстетикалық талғамдарын, түстерді үйлестірубіліктілігін, қиялдарын,қолдың ұсақмоторикасын дамыту; өз бетінше жұмыс істеуге,тиянақтылыққатәрбиелеу. | |
| | | | | | |
| **Балапандардыңұшудыүйренуі/Какптенцыучатсялетать/(4-апта)-маусым,2022ж.** | | | | | |
| Мақсаты.Балалардыңқұстардыңжазмаусымындағытіршілігіжайындағытүсініктерінкеңейту;табиғаттыаялауға,құстарғадегенқамқорлыққатәрбиелеу. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқуқызметініңтүрі,тақырыбы,мақсаты. | **Денешынықтыру**<br>Тақырыбы: "Бұл балапан қандай мықты"Мақсаты: Балаларды педагогтің түрлінұсқаулары бойынша жүгіру дағдыларындамыту;4-5сызықарқылыорнынанұзындыққасекіруге (сызықтардың арақашықтығы 40–50см) үйрету; балаларда қолдарын көтергендегібиіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынансекіру арқылы затты жанап өту дағдыларынжетілдіру. | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы:Т.Тойбазарұлы"Қайтпайқалғанқарлығаш"(әңгімесі)<br>Мақсаты: Балаларды әңгіме бойыншасұрақтарғажауапберугедағдыландыру, қыстапқалған құстарғақамқорлықжасауға, олардыбаптапкүтебілугетәрбиелеу;әңгімемазмұнынөз қиялымен баяндауға дағдыландыру; ойлауқабілетін, сөйлеу мәдениетін дамыту; бүкілжан-жануарларға, құстарға қамқор болуғатәрбиелеу. | **Құрастыру**<br>Тақырыбы: "Балапандарға арналған ұялар"Мақсаты: Балаларға табиғи материалданқұрылыссалуғаүйрету,туғанжердің құстарытуралы білімдерін қалыптастыру, сөздік қордыбелсендіру; қоршаған әлемге дегенсүйіспеншіліктітәрбиелеу. | **Музыка**<br>Тақырыбы:"Гүлдерайым"<br>Мақсаты: Музыка мен қимылдардыңтұтастығын қабылдау қабілетін дамыту.Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуденқуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуартандауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетіндамыту. | **Қоршағанортаментанысу**<br>Тақырыбы:"Құстар"<br>Мақсаты: Балалардың қыстап қалатын жәнежылы жаққа ұшып кететін құстар туралыжалпы ұғымдарын қалыптастыру, қыстапқалатын және жылы жаққа ұшып кететінқұстарды жіктей білуге үйрету. Дидактикалықойындар арқылы зейінді, сөйлеуді, көруқабілеттерін дамыту. Құстарға дегенқамқорлықты, қиын жағдайда оларға көмекберугетәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Жапсыру**<br>Тақырыбы:"Ертегіқұс"<br>Мақсаты: Балалардың ертегі құс туралыұғымдарын қалыптастыру; бірнеше бөліктергеқиып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету; бөліктердіүйлесімдіқолданабілуінжетілдіру;қол, саусаққимылдарын дамыту; өз жұмыстарын бағалайбілуге,шыдамдылыққа, төзімділікке, құстарғадеген мейірімділік пен сүйіспеншілдіккетәрбиелеу. | |
| | | | | | |

# 2021-2022 оқу жылының мектепке дейінгі мемлекеттік стандарты бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің жазғы сауықтыру шілде айының переспективалық жоспары ересек «Балдәурен» тобы

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тобы | Ересекжастобынаарналғанжазғысауықтыружоспары | | | | | | | | | |
| Жылыменайы | Шілде-2022ж. | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Білімсалалары(оқуқызметініңтүрі)жәнеаптажүктемесі | Денсаулық | 1 | Қатынас | 1,5 | Таным | 1 | Шығармашылық | 2 | Әлеумет | 0,5 |
| | Денешынықтыру | 1 | Сөйлеудідамыту | 0,5 | Математиканегіздері | 0,25 | Музыка | 1 | Қоршағанортаментанысу | 0,5 |
| | | | Көркемәдебиет | 1 | Құрастыру | 0,25 | Суретсалу | 0,5 | | |
| | | | | | Жаратылыстану | 0,5 | Жапсыру | 0,25 | | |
| | | | | | | | Мүсіндеу | 0,25 | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Нұрлыкүн/Солнышколучистt(1-апта)-шілде,2022ж. | | | | | |
| Мақсаты.Балалардыңкүнжәнежазғықұбылыстаржайындағытүсініктерінкеңейту;ойындарарқылыденсаулықтарыннығайту. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқуқызметініңтүрі,тақырыбы,мақсаты. | Денешынықтыру<br>Тақырыбы:"Күлімдептұрнұрлыкүн"Мақсаты:Балалардыаяқтыңұшыментұру;қолынбелінеқойып,біраяқпентұруға;көлбеутақтаймен(ені2см,биіктігі30-35см)жоғарыжәнетөменжүруіскерліктерінжетілдіру;қатарғаекеудентұрудағдыларындамыту;қимылдыойындардоптыалысқадәлдеплақтырудағдыларындамыту. | Көркемәдебиет<br>Тақырыбы:"Әңгімелепүйренеміз.А.Осеева"Тәттітоқаш""<br>Мақсаты:Балалардыбайланыстырыпсөйлеуге,өзойларынеркінайтуғаүйрету;оқылғанәңгіменіңмазмұнынмеңгерту;еңбектібағалап,адамгершілікқасиеттерінқалыптастыру;оқиғаныөмірменбайланыстыраайтудағдысындамыту;ата-анаға,үлкендергесыйластыққатәрбиелеу. | Жаратылыстану<br>Тақырыбы:"Әрқашанкүнсөнбесін!"Мақсаты:Аспанденелеріментанысудыжалғастыру,жердегіжарықпенжылукөзікүнтуралыкеңіректүсінікберу.Күннің жердегітіршілікүшінмаңыздылығынанықтау.Балалардыңжансызтабиғаттуралыбілімдерінкеңейту.Табиғатқадегенқұрметсезімінтәрбиелеу. | Музыка<br>Тақырыбы:"Әсемтабиғат"<br>Мақсаты:Өткенматериалдыбалаларғаестерінесақтау.Балалардашығармашылықты,өзінедегенсенімділіктідамыту;өзбетіншешешімқабылдаумүмкіндігі;музыканыжәнемузыкалыққабілеттіассоциативтіқабылдаудыдамыту. | - |
| | | Сөйлеудідамыту Тақырыбы:"Нұрлыкүн"<br>Мақсаты:Жазғыауа-райы,жазғыкүнніңерекшелігітуралытүсіндіру. | | Суретсалу<br>Тақырыбы:«Аспандағығажайыпқұс»Мақсаты:Балалардыаспандағықұстыңсуретінсалуға,денебөліктерініңпішінінберебілугеүйрету;ұсаққолмоторикасын,зейіндерін,қиялдарын,жазықтықтыбағдарлайбілубіліктіліктеріндамыту;бояу,қылқаламменсуретсалуғажаттықтыру;сұлулықжайлытүсініктерінкеңейту,табиғатнысандарынақамқорлықпенқарауғатәрбиелеу. | |
| | | | | | |
| Жидектердентосапқайнатамыз/Варимвареньеизягод(2-апта)-шілде,2022ж. | | | | | |
| Мақсаты.Балалардыжаздажидектердіңпісукезеңіекенінтүсініп,жидектердіңерекшеліктерінбайқауғабаулу;ойынкомпетенцияларынжетілдіру. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқуқызметініңтүрі,тақырыбы,мақсаты. | Денешынықтыру<br>Тақырыбы:"Құлпынайданжасалғантосап"Мақсаты:Балалардыбірорындатұрыпекіаяқпенсекіругеүйрету;балалардасаптабір-бірденаяқтыңұшыменжүру;аяқтыңұшыменжүгірудағдыларындамыту;қимылдыойынарқылықұрсаулардыдомалатуіскерліктерінжетілдіру. | Көркемәдебиет<br>Тақырыбы:Ы.Алтынсарин"Аурудана яғанкүштірек"(әңгімесіноқу,мазмұныбойыншаәңгімелеу)<br>Мақсаты:Балалардыөмірдіңәртүрліжағдайларындасаналыәрекетжасауғаүйрету;анағадегенқұрметсезімдерінтәрбиелеу,орыналғанжағдайлардыбағалайбілугедағдыландыру;өзінежәнеөзкүшінесенуқасиеттеріндамыту;анасынадегенқұрметсезімгетәрбиелеу. | Математиканегіздері<br>Тақырыбы:«Лунтикпеноныңдостарыныңсаяхаты»<br>Мақсаты:Санақнегізіндеекітопзаттардынтеңдігіментеңсіздігітуралыбілімдерінбекіту;5шегіндесанауқабілетінқалыптастыру;зейінменестесақтаудыдамыту;ұқыптылыққа,зейінділіккетәрбиелеу. | Музыка<br>Тақырыбы:"Маусымжан"<br>Мақсаты:Балалардыңпедагогпенбіргекөңілдіәндерайтуқабілетіндамыту;кейіпкерлерқозғалысындаойынмазмұнындұрысжеткізебілудіқалыптастыру.Музыкаменқимылдардыңмәнерлілігінқабылдауқабілетінжетілдіру;музыканыжәнеқимылдардықабылдаудыңтұтастығындамыту. | ҚоршағанортаментанысуТақырыбы:"Жидектер"<br>Мақсаты:Балалардыңжидектертуралы,олардыңсыртқытүрініңерекшеліктері,өсуорындарытуралы,олардыңтүрлерімен,адамөміріндегіпайдасыментаныстыру;жидектерменолардан жасалатынөнімдердіңатауларынабайланыстысөздіккорларынбайыту,"жидектер"туралыжалпыламатүсініктерінқалыптастыру;ескесақтау,байланыстырыпсөйлеу,логикалықойлауқабілеттеріндамыту;табиғатқаұқыптықарауғатәрбиелеу. |

# 2021-2022 оқу жылының мектепке дейінгі мемлекеттік стандарты бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің жазғы сауықтыру тамыз айының переспективалық жоспары ересек «Балдәурен» тобы

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тобы | **Ересек жас тобына арналған жазғы сауықтыру жоспары** | | | | | | | | | |
| Жылы мен айы | **Тамыз - 2022 ж.** | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі | ***Денсаулық*** | ***1*** | ***Қатынас*** | ***1,5*** | ***Таным*** | ***1*** | ***Шығармашылық*** | ***2*** | ***Әлеумет*** | ***0,5*** |
| | Дене шынықтыру | 1 | Сөйлеуді дамыту | 0,5 | Математика негіздері | 0,25 | Музыка | 1 | Қоршаған ортамен танысу | 0,5 |
| | | | Көркем әдебиет | 1 | Құрастыру | 0,25 | Сурет салу | 0,5 | | |
| | | | | | Жаратылыстану | 0,5 | Жапсыру | 0,25 | | |
| | | | | | | | Мүсіндеу | 0,25 | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Орман ертегілері / Лесные сказки / (2-апта) - тамыз, 2022ж.** | | | | | |
| **Мақсаты.** Балаларды ағаш, бұта, гүл мен шөптердің жаз мезгіліндегі өсу ерекшеліктерін байқауға машықтандыру; ертегілер әлеміне деген қызығушылықты түрлі ойындар арқылы арттыру. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Доғаның астынан еңбектейміз"<br>Мақсаты: Балаларды доғаның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету; тізені жоғары көтеріп,сапта бір-бірден бытырап жүгіру; қозғалыс бағытын өзгертіп жүру дағдыларын әрі қарай дамыту; допты қақпаға домалату іскерліктерін қимылды ойындар арқылы дамыту. | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Орман-дәрігері" ертегісі<br>Мақсаты: Балаларға ертегіні оқып беріп, ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге баулу; ертегіні тыңдауға үйрету; ертегіні рөлдерге бөліп ойнату арқылы балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту; ертегі арқылы балаларды табиғатты қорғауға, өсімдіктер мен құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Мысыққа қонаққа барамыз"<br>Мақсаты: Кеңістікте шарлау және оңға, солға, ортасына деген сөздердін шақыру қабілетін бекіту. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Ертегілер елі"<br>Мақсаты: «Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралы ұғым беру. Балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы: "Қонжыққа көмектесейік"<br>Мақсаты: Жабайы жануарлардың өмірі туралы түсініктерді бекіту, жабайы жануарлардың ерекше белгілерін анықтауға, жанурлар туралы сипаттамалық әңгімелер құруға үйрету; көзбен қабылдауды, сөйлеуді, естуді, есте сақтауды, зейінді, логикалық ойлауды дамыту; жолдастардың жауаптарын тыңдай білуге, жануарларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. |
| | | | | **Мүсіндеу**<br>Тақырыбы: "Махаон көбелегі" Пластилинография.<br>Мақсаты: Мүсіндеудің дәстүрлі емес тәсілдерін оқыту; көбелектің құрылысы туралы білімдерін анықтау; бөлшектерді бір-біріне тығыз жалғауды үйренуді бекіту; ермексаздың қаситеттерін (жұмсақ, икемді, кез-келген форманы алады) түсіндіруді жалғастыру; кескішпен жұмыс істеп үйренуді бекіту. | |
| | | | | | |
| **Жазғы аула ойындары / Летние дворовые игры / (3-апта) - тамыз, 2022ж.** | | | | | |
| **Мақсаты.** Балаларды бірлесіп аула ойындарына белсене қатысуға баулу; денсаулықтарын нығайту; ойын компетенцияларын жетілдіру. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Аралықтан аралыққа өрмелейміз"<br>Мақсаты: Балаларды шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша аралықтан аралыққа өрмелеу дағдыларын дамыту; балаларда қатарға бір-бірден сапқа тұру дағдыларын дамыту; бой түзулігін дұрыс сақтау. | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқалар" ертегісі<br>Мақсаты: Балаларды кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету;мазмұнды эмоционалды қабылдай білу қабілеттерін дамыту; сұраққа жауап беруге және дәнді дақылдар, егістік туралы білімдерін кеңейту. | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: «Епті, мықты, батылмыз»<br>Мақсаты: Балаларды жабайы және бақша гүлдерімен таныстыру; өсімдіктер тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жабайы және бақша гүлдері өсетін жер туралы түсінік беру; өсімдіктердің өсу шарттары (жарық, су, жылу, топырақ) туралы білімдерін бекіту. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Біз өмірдің гүлиміз"<br>Мақсаты: Балалардың мұғаліммен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу. | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Жазғы ойындар"<br>Мақсаты: Жаздың ерекшеліктерін, құбылыстарын пысықтау. Балаларды сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Байланыстырып сөйлеу тілін, ұсақ қол қимылын, қабылдауын, зейінін дамыту. Салауатты өмір салтын ұстануға, денсаулығын сақтауға тәрбиелеу. | | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: «Аулада ойнайтын жазғы ойындардың спорттық құрал-жабдықтары»<br>Мақсаты: Балаларды жазғы аулада ойнайтын ойындардың құрал-жабдықтары-доптың, обручтың, секіртпенің (қалауы бойынша) суретін салуды үйрету; балауыз мел мен түрлі-түсті қарындаштарды қолдану техникасын жетілдіру; қағаз бетінде сюжетті орналастыруға үйрету; эстетикалық қабылдауларын, қиялдарын дамыту; спортқа деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. | |
| | | | | | |
| **Менің үй жануарым / Мой домашний питомец / (4-апта) - тамыз, 2022ж.** | | | | | |
| Мақсаты. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін дамыту; қамқорлыққа тәрбиелеу. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Менің сүйікті үй жануарым"<br>Мақсаты: Балаларды жұппен түрлі бағытта жүгіру; заттарды алысқа дәлдеп сол қолмен лақтыру ( 3,5–6,5 метрден кем емес) дағдыларын дамыту; балаларда қозғалыс бағытын өзгертіп, қосымша қадаммен алға; бытырап жүру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру іскерліктерін дамыту. | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Қасқыр мен қоян" ертегісі<br>Мақсаты: Балаларда кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалау дағдыларын дамыту; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту; сұрақтарға толық жауап беруде талап ету; сөздік қорларын молайту; жабайы жануарлар туралы білімдерін толықтыру. | **Құрастыру**<br>Тақырыбы: "Мысық"<br>Мақсаты: Балаларға қарапайым пішіндерді қағаздан жасауға, бүктемелерді диагональмен дұрыс бүктеуді үйрету; шығармашылық қабілеттерін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту; үй жануарларына деген ұқыпты және қамқор қатынасты тәрбиелеу. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Қасқыр" әні<br>Мақсаты: Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы: "Тотықұс"<br>Мақсаты: Сәндік құстардың сыртқы құрылымының ерекшеліктерін нақтылау, құстардың сұлулығына назар аударту, құстарға күтім жасау ережелерімен таныстыру; байланыстырып сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту; балаларды құстарға деген сүйіспеншілікке, құстарға қамқорлық жасауға және қорғауға тәрбиелеу. |
| | | | | **Жапсыру**<br>Тақырыбы: "Менің қалаған үй жануарым"<br>Мақсаты: Бұрын үйренген білімдер мен дағдыларды қолдана отырып, балаларды өз жұмысының мазмұнын өз бетінше таңдауға және жоспарлаған жұмысты орындауға үйрету; жапсырудың әртүрлі техникаларын бекіту; шығармашылық белсенділігін арттыру; тәуелсіздікке тәрбиелеу. | |
| | | | | | |
| **Біз өте татумыз / Какие мы дружные / (1-апта) - тамыз, 2022ж.** | | | | | |
| Мақсаты. Балалардың достық қарым-қатынастар туралы ұғымдарын жетілдіру; ойындар барысында ұйымшыл болуға тәрбиелеу; денсаулықтарын нығайту. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Достық біздің туымыз"<br>Мақсаты: Балаларды биіктігі 5-10 см 2-3 заттың үстінен кезектесе секіру; көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүруге үйрету; қатарға үшеуден тұру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; 50-60 метрге жүгіру іскерліктерін дамыту; қимылды ойындарға қызығушылықтарын ояту. | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Масақ" украин халық ертегісі<br>Мақсаты: Балаларды оқылған шағын ертегі желісі бойынша ертегі мазмұнын айтып бере білуге үйрету; өз ойларымен бөлісе білуге талпындыру; ертегі кейіпкерлерінің қимылын, дыбысын салдырып, кейіпкерлер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту; еңбекқорлыққа тәрбиелеу, жалқаулыққа бой алдырмауға баулу адамгершілікке, достыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу. | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: «Достығымыз жарасқан»<br>Мақсаты: Балаларға дос пен достық туралы білімдерін қалыптастыруды жалғастыру.<br>Олардың сезімдері мен эмоцияларын басқара білуге ықпал ету, достық туралы түсініктерін кеңейту, балалардың мейірімділік туралы түсініктерін тереңдету; «дос» және "достық" сияқты ұғымдар туралы балалардың білімдерін кеңейту, Балаларда эмпатия қабілетін, қиын жағдайда бір-біріне көмекке келуге деген ұмтылысын дамыту, сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Бір-біріне деген әділетті қатынасты, басқаларға деген қайырымдылықты тәрбиелеу. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Дос болайық бәріміз!"<br>Мақсаты: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнай отырып, мимика, пластик көмегімен музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен музыкалық сенсорлық қабілеттерді дамыту. | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Біз татумыз"<br>Мақсаты: Балаларға достық,татулық туралы мағлұмат беру. | | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: «Достық ғаламшары»<br>Мақсаты: Балалардың достық жайлы білімдерін жалпылау және кеңейту; "алақанда бастыру" арқылы сурет салу техникасын бекіту; қағаз бетінде еркін бағдарлау, ортақ композиция жасау барысындағы ұжымдық жұмыс біліктіліктерін қалыптастыру; логикалық ойлау қабілеттерін, суретті қағаз бетіне орналастыру біліктіліктерін дамыту; өз күшіне сенуге, шыдамдылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Мүсіндеу<br>Тақырыбы:"Ертегідегідейгжель"Мақсаты:"<br>ЕртегідегідейГжель"тақырыптарындабалалардыңсөздіккорын<br>дамыту.Балалардыермексазбендәстүрліеместәсілдерменжұмысістеудіүйретудіжалғастыру;ұсаққолматорикасындамыту;өткенмүсіндеутәсілдерінбекіту;тегістеу,кесектенүзіпалу;гжельыдысы,ертеде,қолөнершеберлері,т.б. | |
| | | | | | |
| Балалардыңойын-сауықәлемі/Мирдетскихразвлечений/(3-апта)-шілде,2022ж. | | | | | |
| Мақсаты.Балалардыжазғыойындардыңтүр-түрінеқызығушылықпенқатысуғамашықтандыру;ұйымшылдыққатәрбиелеу. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқуқызметініңтүрі,тақырыбы,мақсаты. | ДенешынықтыруТақырыбы:"Көңілдіойындар"<br>Мақсаты:Балалардыалғаұмтыласекіруге;сызықтарарасымен(10смарақашықтық)тепе-теңдіктісақтапжүругеүйрету;балалардааяқтыңұшымен,өкшемен,табанмен,тізеніжоғарыкөтеріпжүруге;аяқтыңұшыменжүгіруіскерліктеріндамыту. | Көркемәдебиет<br>Тақырыбы:"Әдебишығармаларәлемінде"Мақсаты:Балаларғакітаптанбілімалатындығын,оныңығаруүшінкөпадамдардыңеңбекететіндігінжайлытүсіндіру;кітапқадегенқызығушылықтарыныояту;естесақтау,түсінудағдыларындамыту;кітаптыкүтіпұстауғатәрбиелеу. | Жаратылыстану<br>Тақырыбы:«Табиғатпатшалығынасаяхат»Мақсаты:Балаларғақуаныштыкөңіл-күйтуғызу,эмоционалдысезімталдықтыояту.Балалардыңшығармашылыққабілеттерін,сөйлеуқабілетін,тапқырлығыменэрудициясындамыту.Балалардытабиғаттысүюге,құрметтеуге,жануарларәлемінедегенқайырымдылыққатәрбиелеу. | Музыка<br>Тақырыбы:"Бибилеймізбаршамыз"Мақсаты:Көңілдіәуенарқылыкөңілкүйдісыйлайбілугеталпындыру.Балалардыңшығармашылыққабілетіндамыту.Балалардыдостыққа,бірлікке,татулыққатәрбиелеу. | - |
| | | СөйлеудідамытуТақырыбы:"Балаларкүні"<br>Мақсаты:Балалардыңойын-ауықәлемітуралыбұғымдарынжетілдіру;өзойларынеркінжеткізуге,сөйлеугебаулу;естесақтауқабілеттеріндамыту,тақпақтар,өлеңдержаттау,мінерлепайтуғадағдыландыру;достыққа,мейірімділікке,кішігеқамқорболуға,үлкендісыйлауғатәрбиелеу. | | Суретсалу<br>Тақырыбы:"Батпырауық"<br>Мақсаты:Қарындаш/фломастердідұрысұстау,қағазбетіндебағдарлау,түзусызық,өрнексалубіліктілігінбекіту;ұсаққолмоторикасындамыту,қоршағанортаментаныстыру,суретсалуғақызығушылықтарынарттыру;өзаракөмекқолынсозусезімдерінтәрбиелеу. | |
| | | | | | |
| Көкөністердүкені/Овощнаялавка(4-апта)-шілде,2022ж. | | | | | |
| Мақсаты.Балалардыңжемістерменкөкөністердібаптапөсіруеңбегітуралыұғымдарынтиянақтау,денсаулыққапайдасытуралытүсінугетәрбиелеу. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқуқызметініңтүрі,тақырыбы,мақсаты. | Денешынықтыру<br>Тақырыбы:"Пайдалыкөкөністер"Мақсаты:Балалардықозғалысбағытынөзгертіпжүру;таяқтыңастынансолбүйірменалғаеңбектепкірудағдыларындамыту;балалардааяқтарыналшаққойыпсекіру;50смжоғарыкөтерілгенарқанныңастынансолбүйірменалғаеңбектепкірудағдыларындамыту;денешынықтыруқұралдарынпайдалануғаынталандыру. | Көркемәдебиет<br>Тақырыбы:"Жабайыаңдар,түлкітуралыертегілерәлемінесаяхат"<br>Мақсаты:Балалардыртегідекездесетінхайуанаттардыңмінез-құлқын,іс-әрекетінтүсінуге,соныңішіндетүлкініңжамандықтарынкөребілугежаттықтыру;әңгімеменертегінісалыстырып,қайсысыөмірдегішындыққжақынекенінажыратабілугеүйрету;ойлау,естесақтауқабілеттеріндамыту;аңдарғақамқорболуғатәрбиелеу. | Құрастыру<br>Тақырыбы:"Көкөністергеарналғансебет"Мақсаты:Балалардыүлгісхемабойыншақұрастырудыүйрету;себетсалутуралыбалалардыңойларынжетілдіру,зейіндіжәнеқолдыңұсақмоторикасындамыту,сөздікқорынкеңейту,тапсырмалардыорындаукезіндешыдамдылыққа,топтажұмысістейбілуқабілетін.тәрбиелеу. | Музыка<br>Тақырыбы:"Жаңбыр"<br>Мақсаты:Вокалдық,музыкалықжәнеритмикалықдағдылардыжетілдіру;шығармашылықбелсенділіктідамыту.Музыкалықойынбарысындакейіпкердіңмінезінқимыл-қозғалысарқылыжеткізебілу,музыкалықаспаптардақаттыжәнетыныщдыбыстардыажыратыпойнауқабілеттерінқалыптастыру. | ҚоршағанортаментанысуТақырыбы:"Көкөністер"<br>Мақсаты:Балалардыңкөкөністертуралыбілімдерінкеңейту,көкөнісбақшадаөсетідегенидеянымбекіту;көкөністердісырткытүрібойыншаажыратабілуге,олардыатауғаүйрету;сөйлеу,ойлаудыдамыту;адамдардыңжұмысына,олардыңеңбекөнімдерінеұқыптықарауғатәрбиелеу. |
| | | | | Жапсыру<br>Тақырыбы:"Көкөністерменжемістер"Мақсаты:Балалардыжемістерменкөкөністердіңпішініменоларғатәнерекшеліктердіжеткізіпкөрсетебілугеүйрету;шаршыментіктөртбұрыштықағаздаңәртүрліпішіндердіқиыпалудағдыларынқалыптастыру;қосарлапбүктеутәсіліарқылызаттардықиюғажаттықтыру;жапсыруғадегенқызығушылықтарынарттыру;ұқыптыжұмысжасауғатәрбиелеу. | |
| | | | | | |
| Жазғыгүлдер/Летниецветы/(1-апта)-шілде,2022ж. | | | | | |

Бекітемін

«Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының

меңгерушісі: С.К.Дуйсебекова

МКҚК «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының

Ересек «Балдәурен» (4 жастан бастап) тобының

2021-2022 оқу жылындағы

Жазғы сауықтыру циклограмасы

Тәрбиеші: Д.Орынбасарова

А.Ештаева

# 2021-2022 оқу жылының мектепке дейінгі мемлекеттік стандарты бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің жазғы сауықтыру маусым айының циклограмма жоспары «Балдәурен» тобы

## Балалардың жасы: 4 жас

## Жоспар қандай кезеңге жазылды (айды ,жылды,көрсету).Маусым айы 30.05 - 03.06.2022ж.

| Ересек тобы | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | №1 | | | | |
| Күндері | 30.05 - 03.06.2022ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Кемпірқосақ қанатын жайды / Раскинула радуга крылья | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Ештаева А. Орынбасарова Д. | | | | |
| | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| | | | | | |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді. | | | | |
| Еңбекке баулу | Ойын алаңын сыпыру.<br>Мақсаты: сыпырғышты қолдану біліктілігін бекіту, ойын алаңын тұрақты және уақытылы жинауға дағдыландыру, берілген тапсырмаға деген жауапкершілікті қалыптастыру . | "Бөлме өсімдіктеріне пульверизатормен су бүрку".<br>Мақсаты: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтағы ылғалдылықтың қажеттілігі жайлы түсініктерін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты күтім жасауға тәрбиелеу. Өз бетінше суғару қажеттілігін анықтауға үйрету (өсімдіктің сыртқы түрқы және топырақтың түсі мен қалпына байланысты), суғару техникасын еске түсіру. | "Асхана бойынша кезекшілік".<br>Мақсаты: балаларды кезекшілік міндеттерін өз бетімен тиянақты, адал орындауға үйрету. Қолды таза жуу, кезекшінің киімін кию, дастарханды дұрыс әзірлеу. Тамақтан кейін ыдысты тазалау. Еңбекке баулу. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | "Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп).<br>Мақсаты: балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сөрелерді сүртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты жинау.<br>Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету | "Кірлеген орамалдарды ауыстыру". Мақсаты: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | "Сақина" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды зеректікке, ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Бастаушы шеңбер ішіне, ал балалар шеңберді айнала тұрады. Алақанында сақина бар, оны екі қолды біріктіріп, кезек-кезек балалардың алақанын ашып, байқатпай біріне беруге тырысады. Балалар бастаушының әрекетін және достарын мұқият бақылайды. Сақинаға ие болған бала басқаларға білдірмеу керек. Белгі бойынша бастаушы: "Сақина, сақина, қане шықшы ортаға!" – дегенде сақина ұстаған бала шеңбер ортасына жүгіріп шығады да, бастаушы болады. Егер ойыншылар белгі бергенге дейін балалардың бірінен сақинаны байқап қалса, оны шеңбер ортасына жібермейді. Ондай жағдайда ойынды сол бастаушы қайта жалғастырады.<br>Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>""Бақшада"".<br>Көңілді бар бала,<br>Бақшаға, баққа енсек.<br>Ойнаймыз аулада,<br>Төбеміз әткеншек.<br>Шешеміз жұмбақ та,<br>Жаңылтпаш айтамыз. | Саусақ жаттығуы.<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Жалғыз саусақ тіпті де,<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті, Ине<br>қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды,<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ!<br>Қала салсақ, жол салсақ.<br>"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көкөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады.<br>Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.<br>Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады. | Үстел үсті ойыны.<br>"Лото. "Ұл бала мен қыз бала киімдері"".<br>Мақсаты: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>- Кімге не қажет?<br>Қыз бала мен ұл балаға киім таңдау.<br>"Қатарға тұрып билейік" жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зерек болу қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Жаттығуды көңілді әуен жазбасын қосып өткізуге болады.<br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Басты оң-солға бұрып,<br>Қос иықты көтерейік.<br><br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Жоғары қол көтеріп,<br>Бұлғап, төмен түсірейік.<br><br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Аяқты кезек көтеріп,<br>Маршпен шапалақтап жүрейік | "Текшелер" құрастырғышымен ойындар.<br>Мақсаты: балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Балалар құрылыс материалдардан балабақша құрастырады.<br>Құралдары: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар.<br>"Балабақша" жаттығуы.<br>Мақсаты: мәтіннің мәніне, ырғағына сай қозғалуға ынталандыру; дене мүшелерін жетілдіру, жағымды эмоцияларды дамыту; балабақшада ұйымшыл болуға баулу.<br>- Балабақша, балабақша (Орнында марш басу, қолдармен сермеу)<br>Біздің ортақ үйіміз.<br>Бізбен бірге, бізбен бірге (Орнында жүріп, шапалақтау)<br>Ойыншықтар, достарымыз.<br><br>Ойнап-күліп, ойнап-күліп, (Орнында секіру, қолдармен жоғары шапалақтау)<br>Бізбен бірге қоймайды,<br>Қолды бұлғап, қолды бұлғап, (Орнында жүріп, қолдармен алдыда бұрмалау)<br>Кейіпкерді сомдайды.<br><br>Отырады да тұрады, (Қолдар белде, аяқтарды бүгіп, тік тұру)<br>Теңселеді жан-жаққа, (Қолдар белде, оң-сол жақтарға теңселу) | "Дойбы" үстел үсті ойыны.<br>Мақсаты: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Ойын мақсаты.<br>Қарсыластың фигураларын толық жою немесе жүру жолын бұғаттау.<br>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) |

| | |
|---|---|
| Таңғы жаттығу | Оянықдар, тұрыңдар!<br>Мұнда мойын бұрыңдар,<br>Жаттығулар жасайық,<br>Терезені ашайық.<br>Таза ауа пайдалы,<br>Қане, биге басайық.<br>Шынықса жас денеміз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасығы мен шай қасығын, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Міне — қасық, міне — ас.<br>Еш нәрсені қалмас. | | | | |
| Ойындар, оқу қызметіне дайындық | Балаларды ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары. | | | | |
| | "Демалыс күндерін қалай өткіздің?" тақырыбына әңгімелесу.<br>Мақсаты: балалардың ойын жинақтау, есте сақтау, сөйлеу қабілетін дамыту. | "Менің ой-қиялым" шабыттану сәті.<br>Мақсаты: балалардың ой-қиялын дамыту; босаңсыту жағдайын жасау.<br>- Балалар, қазір, сурет салу алдында, әрқайсымыз біраз ойнанып, әуенді тыңдап, шабыт алайық.<br>Құралдары: әдемі әуен жазбасы.<br>Жаттығу аяқталғаннан кейін педагог балаларды аралап, нені салуды ойлағандарын сұрайды. | "Балабақша" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br>Мақсаты: балалардың балабақшадағы күн тәртібін пысықтау. | "Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.<br>Мақсаты: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің.<br>Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер. | «Кім не істейді?» сөздік ойыны.<br>Мақсаты: көрсетілген объектінің, құбылыстың суретіне қарап немесе атауын естіп, оның не істейтінін айтуға машықтандыру; сөздік қорды молайту: ойлау, есте жаңғырту қабілетін дамыту. |
| Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ | Сөйлеуді дамыту<br>**Тақырыбы:"Жазғы** кемпірқосақ"<br>Мақсаты: Балалардың жыл мезгілінің табиғи құбылыстары, ай аттары, апта күндері жайындағы білімдерін бекіту; таң, күн, кеш, түн мезгілдерінің атауы мен ауысуы туралы түсініктерді тиянақтау; сөздік қорын молайту, логикалық ойлауын, қолдың қимыл қозғалыс моторикасын дамыту; аңғарымпаздыққа, жан-жақтылыққа тәрбиелеу. | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы "Қос кемпірқосақ"<br>Мақсаты: Балаларды сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұруға; 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу іскерліктерін жетілдіру; дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. | Көркем әдебиет "<br>Тақырыбы Ақымақ қасқыр"ертегісі<br>Мақсаты: Балаларға ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуге үйрету; ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, сөздерін айтқызу арқылы байланыстырып сөйлеуге, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауға үйрету; сөздік қорларын молайтып, тіл байлықтарын дамыту; достыққа, бірлікке тәрбиелеу. | Сурет салу<br>Тақырыбы "Қала аспанындағы кемпірқосақ"<br>Мақсаты: Балаларды әр түрлі құралдардың көмегімен әдемі табиғи құбылыстар жайлы түсініктерін шығармашылық түрде жеткізе білуге, негізгі түстерді тануды, саусақпен сурет салуды үйретуді жалғастыру; балалардың түстерді қабылдау, түсті таңдау біліктілігін дамыту; зейіндерін тұрақтандыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа, табиғатты аялауға, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br><br>Музыка<br>Тақырыбы "Қош келдің, жаз!"<br>Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, | Жаратылыстану<br>**Тақырыбы "Түрлі-түсті ертегі әлеміне саяхат"**<br>Мақсаты: Балалардың түстер туралы білімдерін бекіту (қызыл, сарғыш, сары, жасыл, көк, көгілдір, күлгін).<br>Сөйлеу, есте сақтау, ойлау, зейін,қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Топтағы өзара достық қарым-қатынасқа белсенділікке, тәуелсіздікке, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | Жаз мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістерді бақылау.<br>Мақсаты: балаларға жазғы ауа-райы жайлы түсінік беру. Табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін қалыптастыру, оның әсемдігін көру мен бағалауды үйрету.<br>Сұрақ-жауап.<br>- Қандай жыл мезгілінде, біз көп уақытымызды далада, таза ауада өткіземіз? (Жаз мезгілінде)<br>- Жаңбырдан кейін, аспанда не пайда болады? (Кемпірқосақ)<br>- 1-маусым күні қандай мерекені тойлаймыз? (Балаларды қорғау күнін)<br>- Жаңбырдан кейін, қандай тіршілік иесі көлшіктерде секіріп жүреді? (Бақа)<br>- Жаз мезгіліндегі балалардың сүйікті ісі? (Демалыс)<br>- Тікенегі бар гүл? (Раушангүл)<br>- Астында қалып, қойсан су болатын, жазғы табиғи құбылыс? (Жаңбыр)<br>- Жазда орманда не істеуге болады? (Саңырауқұлақ, жидек жинау)<br>Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.<br>Мақсаты: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>"Төрт досым".<br>Төрт досым жанымнан өткен:<br>Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Ұмытпаймын не бүгін, не ертең:<br>"Жаз, күз, қыс және көктем".<br>Д. Ахметова.<br>Еңбек әрекеті: үлескені құмнан тазалау.<br>Мақсаты: қоршаған ортада ретсіздікті байқауға, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. "Жыланша" | Арнайы көліктерді бақылау<br>Мақсаты; арнайы көліктер жайлы білімдерін кеңейту; сөздік қорын молайту.<br>Педагог көшеде өтіп жатқан көліктерді не себептен көлік деп атайтынын сұрайды. Балалар көліктерге тән ерекшеліктерді айтады, көліктердің түстерін, жеңіл көлік не жүк тасымалдайтын көлік екенін анықтап жатады.<br>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақша қайшысымен ағаштар мен бұталардың сынған, құрғақ бұтақтарын қию, оларды тазалау.<br>Мақсаты: бақша қайшысын қолдануды үйрету, тек қана сынған бұтақтарды жою біліктілігін дамыту.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны.<br>"Тым-тырақай" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>"Аралар мен аюлар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: ауыспалы қадамдармен гимнастикалық сатымен өрмелеуге жаттықтыру; допты лақтыру мен қағып алуға жаттықтыру.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар: секіру жаттығулары.<br>Мақсаты: секіртпені артқа, алға айналдыра секіру біліктіліктерін бекіту. | Шетенді бақылау.<br>Мақсаты: шетенді бақылауды жалғастыру; қара және қызыл түсті шетеннің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын байқап, айтуға ынталандыру; коршаған орта объектілеріне деген қызығушылықтарды арттыру.<br>Зерттеу. Қызыл және қара шетенді салыстыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу.<br>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақша аумағын және гүлзарларды ретке келтіру.<br>Мақсаты: ересектерге көмектесуге үйрету. "Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады.<br>Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады.<br>Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды.<br>Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>"Допты ұста" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: допты ұстау және оны басқа белгі бойынша жылдам бере білуді жетілдіру.<br>Еркін ойындар: шығарылған материалмен ойындар, бірігіп құмнан түрлі құрылыс нысандарын тұрғызу ниеттерін тәрбиелеу. | Өрмекшіні бақылау.<br>Мақсаты: өрмекшілер олардың ерекшеліктері, тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейтуді жалғастыру; қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Зерттеу. Ұлғайтқыш әйнек арқылы үлкен өрмекшіні бақылау (өрмекшінің көзі мен ауызы басында, ал кеудесі төрт аяғына тірелген).<br>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүлзарда гүлдеп тұрған өсімдікті (барқыт гүлді) топқа ауыстыру. Мақсаты: гүлдің айналасын ұқыпты қазуды үйретуді жалғастыру; гүлдерді топырағымен бірге құмыраға ұқыпты ауыстыруды үйрету; өсімдіктерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар.<br>"Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады.<br>Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бір, екі", "Үнсіз адымда".<br>Мақсаты: дұрыс жүру дағдысын, қозғалыс координациясын меңгерту; төзімділікке тәрбиелеу.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар: баяу қарқында ұзақ жүгіру.<br>Мақсаты: ептілікті, төзімділікті, дұрыс тыныс | Күн-жылу мен жарық көзі.<br>Мақсаты: күн-жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>Зерттеу.<br>Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну. - Күнге қарағанда, өзіңді қалай сезінесің?<br>- Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме?<br>Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.<br>Біраз уақыттан кейін, балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді.<br>Күн көзінде зат қызатынына қорытынды жасау.<br>Еңбек тапсырмалары: кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу. Мақсаты: жасы кішіге көмектесуге ұмтылуға үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Ойын мақсаты: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді.<br>Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі.<br>Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br>"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны.<br>Мақсаты: қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту.<br>Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар.<br>"Шеңберді дәлде".<br>Мақсаты: нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру. |
| Серуеннен оралу | Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету. | | | | |
| Түскі ас | Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүргізу.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>"Мөлдір су" ойын жаттығуы | | | | |
| Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | "Не жасырылған" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, білуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Барысы.<br>Алдымен педагог, кейін балалар кезектесіп, жүргізуші рөлін атқарады.<br>Жүргізуші сөзбен балалар жасырған (ойыншықты, құбылысты, жан-жануарды, құсты, өсімдікті) затты суреттейді, бірақ атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.<br>Алдымен педагог балаларға заттың қарапайым, анық сипаттамасын береді, кейін тапсырма күрделенеді.<br>Мысалы.<br>"Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, үшбұрыш пішінді болып келеді"; "Бұл жиһаз, пластиктан ғана емес, сондай-ақ ағаштан да жасалады, адамның тынығуына жағымды әсер етеді".<br>Сюжетті-рөлдік ойын.<br>"Балабақша".<br>Мақсаты: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар.<br>Барысы.<br>Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды.<br>Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды.<br>Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды. | "Не артық?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың заттар мен құбылыстарды жіктеу бойынша білімдерін бекіту; талдау және қорытындылау қабілеттерін, қиялдарын, зейіндерін дамыту.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Бірнеше заттар жиынтығы немесе олардың заттық сызба-карточкалары.<br>Барысы.<br>Жүргізуші бір жиынтыққа жататын және жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты тауып, атау керек.<br>Жалпы заттар саны төртеу болады.<br>Сюжетті-рөлдік ойын.<br>"Ойыншықтар дүкені".<br>Мақсаты: балалардың "ойыншықтар" дүкені жайлы түсініктерін бекіту; сатушы мен сатып алушының іс-әрекетін меңгерту; жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелеу .<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қағаз ақшалар.<br>Барысы.<br>Сатушы өз қалауы бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажет құралдарды (карточка, заттар, смартфон) алып, ойыншықтардың біреуін таңдап, қалауын айтады. Сатушы ойыншықтарды сөрелерге орналастырады, бағаларды белгілейді, сатып алушыларға тауардың артықшылықтары мен ерекшеліктерін айтып, оларды ұсынады.<br>Педагог диалог барысындағы ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын қадағалайды, қорытындылау сұрақтарын қояды. | "Ғажайып қап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың кейбір бұйымдар жайлы түсініктерін бекіту; байланыстыра сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту, зейіндерін тұрақтандыру.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Қап, әртүрлі ойыншықтар мен бұйымдар.<br>Барысы.<br>Жүргізуші балалардың алдына қап қояды.<br>Ойыншылар қапқа қолдарын салып, сипап сезу арқылы затты анықтау керек. Кейін затты сипаттап, неден жасалғанын, пайдаланылуы жайлы айтады.<br>Сюжетті-рөлдік ойын.<br>"Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы". Мақсаты: балалардың ойыншықтар туралы білімдерін бекіту, шығармашылық ойлауын, өзара өнімді қарым-қатынас орнату біліктіліктерін дамыту, заттардың қасиетін анықтауға деген қызығушылықтарын арттыру .<br>Керекті құрал-жабдықтар:<br>дамытушылық ойыншықтар (машинкалар, пластикалық қуыршақтар, Лего ойыншықтары, Киндер тосынсый-ойыншықтары).<br>Барысы.<br>Балалар өз еркімен немесе топтың қалауы бойынша (ойыншылар) шеберлер рөліне тағайындалады. Педагог олар үшін арнайы бұрыш ұйымдастырып, оны безендіреді.<br>Ойыншы балаларға бұзылған ойыншықты әкеледі, шеберге көрсетеді, шебер зерттеп, бұзылған ойыншықты жөндейді. | "Не жасырылған" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, білуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Барысы.<br>Алдымен педагог, кейін балалар кезектесіп, жүргізуші рөлін атқарады.<br>Жүргізуші сөзбен балалар жасырған (ойыншықты, құбылысты, жан-жануарды, құсты, өсімдікті) затты суреттейді, бірақ атамайды.<br>Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.<br>Алдымен педагог балаларға заттың қарапайым, анық сипаттамасын береді, кейін тапсырма күрделенеді.<br>Мысалы.<br>"Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, үшбұрыш пішінді болып келеді"; "Бұл жиһаз, пластиктан ғана емес, сондай-ақ ағаштан да жасалады, адамның тынығуына жағымды әсер етеді".<br>Сюжетті-рөлдік ойын.<br>"Балабақша".<br>Мақсаты: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жабдықтар.<br>Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар.<br>Барысы.<br>Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды.<br>Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды.<br>Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды.<br>Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды бекітуге ықпал етеді, қосымша сұрақтар қояды. | "Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау" дамытушылық жаттығу.<br>Мақсаты: балаларды жұмылу көзбен, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибуляр аппараттарын, көру қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Орындарынан тұру, қолдарын екі жаққа созу; екі аяқпен кезек-кезек тепе-теңдікті сақтай отырып, тұру.<br>Жаттығудың алғашқы үлгісін педагог өзі көрсетеді.<br>Тепе-теңдік ұзақтығын реттеу қажет.<br>Театрландырылған қойылым.<br>"Алма" ертегісі<br>Мақсаты: балалар жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, есте сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Алма пішіні, костюмдер, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері (қоян, қарға, аю, кірпі).<br>Барысы. Педагог балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады.<br>Балалар өз қалауы бойынша кейіпкерлерді таңдайды, кейін кейіпкерлер костюмдарын киіп, өз орындарына барады.<br>Басынан автор рөлін педагог өзі алады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар, көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мадақтауларға ие болады.<br>Соңында педагог балалардан, шығарманың олай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетін қысқаша талдап береді. |
| Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. |

# Жоспар қандай кезеңге жазылды (айды ,жылды,көрсету).Маусым айы 06.06 - 10.06.2022 ж.

| **Ересек тобы** | **ЦИКЛОГРАММА** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | **№2** | | | | |
| Күндері | **06.06 - 10.06.2022 ж.** | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | **Қалашық саламыз / Строим городок/** | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Ештаева А Орынбасарова Д | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың көңіл-күйлерін сұрап, дене қызуын өлшеп қабылдау. Ата-аналармен күн тәртібі жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **"Оқу қызметіне керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз".**<br>Мақсаты: тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды оқу қызметіне керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға үйрету. | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".**<br>Мақсаты: өсімдіктерге жылу мен жарықтың қажеттілігі жайлы білімдерін кеңейту, жапырағы бойынша өсімдіктердің ылғалсүйгіш, құрғақшылыққа төзімді, жарық сүйгіш, көлеңке сүйгіш екенін анықтау. Ұқыптылықты, өз іс-әрекетіне сенімділікті, су мен өсімдіктермен істелетін еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін және оны аялауға тәрбиелеу. | **"Орындықтарды жуу".**<br>Мақсаты: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін қалыптастыру. Ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. | **"Ойыннан кейін топты ретке келтіру".**<br>Мақсаты: балаларда тазалыққа, тәртіпке саналы түрде ұмтылу біліктіліктерін пысықтау, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алда атқарылатын қызмет іс-әрекетіне қажет материалдарды таңдап алуды үйрету. | **"Ойыншықтарды реттеу".**<br>Мақсаты: балаларды жұмыс жасау алдында алжапқыш киюге үйрету; ойыншықтарды ұстау тәртібі: жуу, кептіру, сүртіп орнына қою. Еңбекке баулу; Сумен жұмыс жасау кезіндегі зейінділікті дамыту. Өздерінің және өзгелердің еңбегін бағалауға, құрметтеуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Бұл үйде кім тұрады?" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.<br>Барысы. Тәрбиеші үйдің терезесінен отбасы мүшелерінің суреттерін көрсетеді. Балалар оларды атайды, өзінің отбасы мүшелеріне сипаттама береді.<br>**"Қане, көрсет" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың ойлау, қабылдау, зейін, елестету, пантомималық қабілеттерін дамыту; көліктер туралы түсініктерді пысықтау; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балаларды шеңберге немесе қатарларға тұруға ұсынуға, ырғақты әуенді қосып қоюға болады.<br>Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту)<br>Машина жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту)<br>Пароход жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету)<br>Мотоцикл жүріп келеді, қане, көрсетші. (Екі қолды жұдырыққа түю, қолды кезек-кезек екі жаққа бұру)<br><br>Тікұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту).<br>Велосипед жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту, денені екі жаққа теңселту )<br>Катер жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелендету)<br>Автобус жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту) | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық  екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай  бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**"Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр)<br>Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады.<br>Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады.<br>Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді. Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады.<br>Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады). | **"Лото" үстел үсті ойыны (отбасы).**<br>Мақсаты: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді.<br>**"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары жоғарыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру)<br>Көрсетеді қолғабыс (Шаңсорғышпен тазалаған сынай таныту)<br>Кішкентай шаңсорғыш! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру)<br>Тоңазытқышты ашыңыз, (Екі қолды уқалау)<br>Салқындап тұр асыңыз! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру)<br>Шәй ішейік шәйнектен (Қолды алдыға сермеу)<br>Ызылдайтың жәйменен! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі?  (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Басып қалсаң тетігін, (Екі қолдың әр саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Қайнап кетер тоқ пешім! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Өте пысық үтігім (Алақанның сыртқы жағын бі-біріне үйкелеу)<br>Басар киім түтігін! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br>Аударған А. Кокенова. | **"Менің жанұям" фотосуреттерді қарастыру.**<br>Мақсаты: байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға деген сүйіспеншілікті арттыру.<br>Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелеу,<br>**Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?".**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру.<br>Біз көмекші болып жүреміз, (Бас бармақтарды көрсету)<br>Жеңімізді кезегімен түреміз. (Жеңді түргенге еліктеу)<br>Қолға табақшаны алып, (Саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау)<br>Уқалап, жуып береміз.<br><br>Кесе - екі қос алақандай, (Саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып, "тербету")<br>Шұңғыл алтын айдай.<br>Қолға кесені алып, (Жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып, айналдыру)<br>Айналдырып, жуып береміз.<br>Д. Ахметова. | **"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың зейінін, ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту; отбасына деген сүйіспеншілігін дамыту.<br>Балалар құрылыс материалдардан түрлі үйдерді құрастырады.<br>Құралдары: құрылыс материалдар жинақнамасы: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар.<br>Сондай-ақ; "Лего" немесе ағаш құрастырғыш ойыншықтары.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.<br>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады. |
| **Таңғы жаттығу** | Ояныңдар, тұрыңдар!<br>Мұнда мойын бұрыңдар,<br> Жаттығулар жасайық,<br> Терезені ашайық.<br>Таза ауа пайдалы,<br>Қане, биге басайық.<br>Шынықса жас денеміз,<br>Жылдам өсе береміз. | | | | |
| **Таңғы ас  (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отыру. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне** | **Балаларды ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | **"Отбасы" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.**<br>Мақсаты: балаларды, суреттерді әңгімелеу кезінде, отбасы мүшелерінің отбасыда алатын орны туралы ойлармен бөлісуге ынталандыру. | **"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.**<br>Мақсаты: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері.<br>Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады.<br>Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді. | **Әңгімелесу: "Мен тұратын қала (ауыл, аймақ)".**<br>Мақсаты: балалардың сүйікті қаласының көрікті жерлері жайлы білімдерін бекіту. Оларды фотосуреттерден тануды және атауды үйрету. Байланыстырып сөйлеуді, қиялдарын сын есімдерін таңдау біліктіліктерін дамыту. | **Отбасы жайлы мақалдар-мәтелдер жаттау.**<br>Мақсаты: балаларды әдептілікке, үлкенге құрмет көрсету қағидаларына тәрбиелеу.<br>Жақсы ата – орман,<br>Жақсы бала қорған.<br><br>Отан - қуат,<br>Отбасы - шуақ. | **"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы"Жұмбақтар әлеміне саяхат"<br>Мақсаты: Балаларға жұмбақтар туралы түсінік беру; жұмбақты толық тыңдап, жауабын табуға үйрету; есте сақтау қабілетін жетілдіру; балалардың ой-өрісін дамыту; өз ойын еркін айтуға үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы"Әсем қала"<br>Мақсаты: Балалардың сандық және реттік санау туралы білімдерін бекіту; геометриялық фигураларды ажырата және атай білуге үйрету; заттарды санымен байланыстыру туралы білімдерін бекіту.<br><br>**Музыка**<br>Тақырыбы"Біздің қала"<br>Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы"Жаз да келді пейілді"<br>Мақсаты: Балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, қолын жоғары көтеріп тақтай бойымен жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы түрлі бағытта жүгіру; 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру іскерліктерін жетілдіру; қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. | **Мүсіндеу**<br>Тақырыбы"Үйдің құрылысы"<br>Мақсаты: Өтілген мүсіндеу техникалар бойынша бұйым жасап үйренуді қалыптастыру; ауызша нұсқаулық бойынша, алгоритм әрекеттерінің көрінісі, балаларды ұзын сопақшаны есіп, бір-біріне тығыз қосуды үйрету; қолөнер жасауда қиял мен шығармашылықты дамыту; ұсақ қол маторикасын, үйлестіру қозғалысын дамыту; бастаған жұмысын аяқтауға, ермексазбен ұқыпты жұмыс жасаға тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы"Таңқаларлық құм"<br>Мақсаты: Балаларды құрғақ және дымқыл құмның қасиеттерімен таныстыру, балаларға құм өте ұсақ бөлшектерден - құм түйірлерінен тұратынын көрсету; эксперименттік іс-әрекет арқылы себеп-салдар байланысын орната білу, балалардың сөздік қорын кеңейту; қоршаған әлемге деген қызығушылықты арттыру., зерттеу қызметіне қызығушылық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>**"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.**<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті: ойын алаңына ағаштардан қурап түскен ұсақ бұтақтарды жинау.**<br>Мақсаты: аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | **Көліктерді бақылау.**<br>Мақсаты: көліктерді жүргізетін тек ересектер болатынын байқату; көлікті жүргізу үшін рұқсат болу керектігін түсінуге жағдайлар жасау; жол ережелерін пысықтау.<br>**Ережені есте сақтау жаттығуы.**<br>Жұмбақ жасыру. "Бағдаршамның шамдары".<br>Мақсаты: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Мен қауіптен абайлаймын:<br>"Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын.<br>Мен – ортаңғы дөңгелекпін,<br>"Досым, дайындал!" – деп әлекпін.<br>Мен рұқсат беріп тұрамын:<br>"Жүре бер!" – деп шақырамын.<br>Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды.<br>**"Автокөліктер" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: алғырлықты, жүгіру жылдамдығын, бәсекелестік сезімін дамыту.<br>**"Секірейік" қимыл-қозғалыс жаттығуы.**<br>Мақсаты: бір орыннан екі аяқпен ұзындыққа секіру дағдысын қалыптастыру; күш-жігерін дамыту.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.<br>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.<br>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.<br>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, екі аяқпен секіру.**<br>Мақсаты: аяқты бүгіп, жерге түсу біліктіліктерін дамыту. | **Жазғы ағаштарды (саябақта, аулада) бақылау.**<br>Мақсаты: аққайын мен көктеректі діңгегінің түсінен және жапырағынан ажыратуды дағдыландыру; ағаштың бөліктері (діңгегі, бұтағы, тамыры) жайлы түсініктерін бекіту; туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гербарий жасау үшін көктерек пен аққайын жапырақтарын жинау.**<br>Мақсаты: жапырақтарды ажыратуды үйрету; ағаштарға деген сүйіспеншілікті арттыру.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады.<br>Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады.<br>Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды.<br>Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | **Торғайларды бақылау.**<br>Мақсаты: торғайдың дене ерекшеліктері мен тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Халық ауыз әдебиеті.<br>Балалардың назарын торғайдың бір орында тоқтамайтынына аудару; торғай - өте пысық, жылдам, шапшаң, зерек, көңілді құс екені туралы айту. Торғай жыртқыштардан тез құтылу үшін көп қимылдайды, қауіпті сезетін құс.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қураған ұсақ бұтақтарды жинау.**<br>Мақсаты: жұмыс дағдыларын меңгерту; ересектерге көмектесу ұмтылысын ояту.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны.<br>**"Мысықтар мен торғайлар", "Қарғалар" (мөлшері 2-3 рет).**<br>Мақсаты: денсаулыққа, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту, дене бұлшықет қозғалысын пысықтау, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, алғырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.<br>**"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | **Терек мамығын бақылау.**<br>Мақсаты: терек ағашы жайлы білімдерін бекіту; ағаштардың тұқым беру амалдарының біріне көз жеткізу; өсімдіктерді тануға қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>Педагог бүршіктерден терек мамықтарының шығатынын, содан соң желмен ұшырылып, жерге түсінінін көрсету.<br>Балаларға әрбір мамықтың ұшында бір тұқым жабысып тұрғанын байқату.<br>**Еңбек әрекеті: терек мамығы қол еңбегі сабақтарына қағаз қаптарына жинау.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Педагог аллергиясы бар балалардың қатысы-қатыспауын ескеру керек.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді.<br>Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>**"Қояндар мен қасқырлар" қимылды ойын-жаттығулары.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша қос аяқпен алға секіру және аттамдар жасап алға жүгіру қабілеттерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас** | Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүргізу.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>"Мөлдір су" ойын жаттығуы. | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Тергеушілер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың ой-өрісін, қиялдарын дамыту.<br>Келісім.<br>Педагог балаларға кезек-кезек әртүрлі заттар көрсетеді. Балалар қай зат кімге, не үшін керек екенін түсіндіреді.<br>Ойынның тағы бір нұсқасы: баланың өзі қораптан бір затты алып, сипаттайды.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Отбасы".**<br>Мақсаты: балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника т. б<br>Барысы.<br>Балалар өзара отбасы мүшелерінің рөлдерін бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады.<br>Педагог алдын-ала балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды.<br>Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. | **"Сөздер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың сөздік қорларын байыту.<br>Ой ұшқырлығын, зейіндерін дамыту; өзара жағымды қарым-қатынасты бекіту.<br>Барысы.<br>Педагог балаларға қандай сала бойынша сөз құрайтындарын айтады. Берілген жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады . Педагог "Отбасы" түсінігіне байланысты сөздердің бірін айтады да, келесі балаға жалғастыруды ұсынады. Егер бала белгіленген уақытта сәйкес сөз тауып айта алмаса, өз өнерін көрсетеді.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Үй құрастыру".**<br>Мақсаты: балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара карындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз, т. б).<br>келісім.<br>Педагог алдын-ала балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы әңгімелеседі.<br>Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады.<br>Педагог балалармен бірлесіп ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженеров-құрылысшының жұмыстарын орындайды.<br>Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.<br>Педагог балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс-мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. | **Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".**<br>Мақсаты: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Дәріхана".**<br>Мақсаты: балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар.<br>Барысы.<br>Педагог алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды.<br>Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады.<br>Басында педагог диалогтарды түзетіп,күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. | **Дамытушылық ойын.**<br>**"Бұзылған телефон".**<br>Мақсаты: балалардың есту, көру, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Барысы.<br>Балалар тізбек бойынша отырады.<br>Жүргізушіні санамақ айту арқылы таңдап алуға болады.<br>Алдымен педагог балаларға ойын тәртібінің үлгісін көрсетеді. Балаларға ойын тәртібін нақты орындап, бұзуға болмайтынын түсіндіреді.<br>Жүргізуші бірінші өзі ойлаған заттың атауын жанында отырған баланың құлағына сыбырлап айтады. Бала естіген сөзін келесі отырған балаға сыбырлап айтады, ойын осылай жалғасады. Соңғы отырған бала дауыстап, естіген сөзін хабарлайды.<br>Егер бала айтқан сөз, бастаушы ойлап тапқан сөз болып шықса, телефонның ақаусыз жөнделгенін білдіреді.<br>Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай шықса, балалар зерттеу жүргізіп, бастапқы сөздің қандай сөзге бұрмаланғанын анықтайды.<br>Әр ойын айналымынан кейін, бірінші отырған бала тізбек соңына барып отырады, сол себепті әр жолы, бірінші отырған бала жаңарып отырады.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Сұлулық салоны".**<br>Мақсаты: балалардың сұлулық салонында жұмыс атқаратын мамандар (шаштаразшы, мастер маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) жайлы түсініктерін бекіту; жағымды қарым-қатынас орнатуға, әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Ойыншық құралдар және жапсырмалар (қатты қағазбен, пластиктан), шаштаразшы, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын; перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлем жасайтын жетондар мен карточкалар.<br>Барысы.<br>Педагог ойын алдында балалармен сұлулық салонында жұмыс жасайтын шаштаразшы, маникюр мен педикюр шебері, бет әрлеуші жайлы әңгімелеседі, суреттермен танысады. Балалар қай маман, қандай құралдарды пайдаланатынын түсіндіреді.<br>Балалар сұлулық салонында жұмыс жасайтын жұмысшылардың рөлін өзара бөлісіп алады; мамандар өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады; қалған балалар тұтынушы болады.<br>Педагог мамандарға өз орындарын қалай дайындау керектігін түсіндіреді, ал тұтынышыларға өз қалауларын сөзбен немесе журнал бетінде бейнеленген сурет арқылы дұрыс жеткізу керектігін айтады.<br>Басында педагог диалогтарды түзетіп,күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. | **Дамытушылық ойын.**<br>**"Тыныс алуды реттеу".**<br>Мақсаты: балаларды сан ырғағына сәйкес тыныс алуға жаттықтыру; балардың тыныс алу жүрісін бекіту.<br>Барысы.<br>Педагог санау бойынша үйретіп өткізеді. Кейін жиі немесе сирек тыныс алу жаттығуларын (терең тыныстау) ұйымдастыруға болады.<br>Тапсырманы орындау барысында белгілі сөздер мен өлеңдерді, әндерді айтқызып жаттықтыруға болады.<br><br>**Театраландырылған қойылым.**<br>**"Үйшік" ертегісі.**<br>Мақсаты: танымал ертегі мазмұнын балалар естеріне түсіру, есте сақтау, ойлау, эмоционалды, ым-ишаралық, қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жадықтар.<br>Киім-кешектер, "Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің бетперделері.<br>Барысы.<br>Педагог алдын-ала балаларға "Үйшік" ертегісін мазмұндап береді.<br>Балалар өз қалаулары бойынша ертегі кейіпкерлерін ойнайтын балаларды таңдап алады, кейіпкерлер сәйкес костюмдарын киіп, орындарына барады.<br>Басында автор сөздерін педагог өзі айтады, ал кейінгі бөлімдерде автор рөліне балалардың бірін ұсынуға болады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар , көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мадақтауларға ие болады.<br>Қойылым соңында педагог балалардан, шығарманың олай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетіне қысқаша талдау жасайды. |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Аула сыпырушының еңбегін бақылау.**<br>Мақсаты: аула тазалығы пен аумақ әсемдігін сақтау үшін күнде еңбек ету керектігі туралы түсінуге, еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу; аула сыпырушының қолданатын құралдары туралы білімдерін жетілдіру.<br>Балаларға ауланы тазалау үшін арнайы еңбек қажет; аула сыпырушы (тазалаушы) шаштараз, дәрігер сияқты маман адам екендігін түсіндіру.<br>Аула сыпырушының арнайы киімі, құрал-жабдықтарын көрсету; осы заттардың адамның еңбегіне ыңғайлылық пен жеңілдікті қамтамасыз ететінін әңгімелеу.<br>Аланды сыпырып, содан соң қоқысты күрекпен жинап, арбаға салып, белгілі жерге шығару жүйесімен таныстыру. Қолдағы қоқысты арнайы қоқыс жәшігіне тастау ережесін бекіту.<br>**Еңбек әрекеті: ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>**"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдар: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар.<br>Педагог балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады.<br>Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға бөлініп, құрауға болады.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Ойын мақсаты: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді.<br>Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі.<br>Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | **Көліктерді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауға, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атауға тарту; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.<br>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.<br>**Еңбек әрекеті: алаңды тастардан тазалау.**<br>Мақсаты: тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру.<br>тастарды арнай жерге, ыдысқа жиналады.<br>Кейін, тастарды бояп, қызықты құрылымдарды жасауға болады.<br>**"Тым-тырақай" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді."<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп жүрғанын айтады.<br>**"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр).<br>- Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.<br>Балалардың мысалы жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.<br>**Ересек әрекеті: ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Педагог ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог:<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>**"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін | **Күнді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды күнді бақылаудың ережелеріне баулу; күннің Жер шарының, адамның бүкіл табиғат объектілерін, құбылыстарына тікелей әсер ететініне көңіл аудару; зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Педагог күнді бақылау алдында, балаларға, күнге қарау үшін, белгілі көк шыныны немесе фотопленканы қолға алып, карауға болатынын түсіндіреді.<br>Құралдары: фотопленкалар немесе көк шынылар.<br>Іс-тәжірибе: жапырақтардың бір қабат бетін алып, лупамен хлорофил жасушаларын көру.<br>Балалар күннің жасыл жапырақтарының түсін жасыл болуын қамтамасыз ететінін әңгімелейді.<br>Хлоролфиллдің фотосинтез нәтижесінде пайда болатынын түсінеді.<br>**"Күлімдейміз күндей" жаттығуы.**<br>Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды),<br>Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді).<br>Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді),<br>Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына жібереді).<br>Г. Кужагулова.<br>**Еңбек әрекеті: сәбилер тобындағы жолдарды сыпыру.**<br>Мақсаты: еңбекке баулу.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | **Аққайыңды бақылау.**<br>Мақсаты: қайыңның ерекшеліктерін атау; басқа ағаштардан ажырату; ағаштың әсемдігіне тамсану сезімін тәрбиелеу .<br>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көкөністер жинаудағы ұжымдық еңбек: көкөністерді жинау.<br>Мақсаты: ұжымдық жұмысқа үйрету; топпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар.<br>Күлімдейді алтын күн.<br>Жерде жатыр алтын құм.<br>Құстар ұшты биікке.<br>Сәбіз өсті жүйекте.<br>Кіші болдық желектей,<br>Өсеміз биік теректей.<br>Д. Ахметова.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады.<br>**Ересек әрекеті: ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момықай,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті.<br>"Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>"Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны.<br>Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | Менің жанұям", отбасы туралы мақалдар мен жаңылтпаштар айту.<br>**"Кім спортшы?" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау)<br>Жаттығуда адымда.<br>Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Денемізді иеміз, (Алға еңкею)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру)<br>Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу)<br>Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру)<br>Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау)<br>Бізде бәрі тамаша!<br>Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау)<br>Аударған А. Кокенова. | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.**<br>Мақсаты: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз. | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.**<br>Барысы.<br>Педагог үстел үстіне бірнеше заттар қояды.<br>Балалар мұқият қарап алғаннан кейін, артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек.<br>Жоғалатын заттар санын біртіндеп көбейтуге болады. | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту жаттығуы.**<br>Мақсаты: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Әлди-әлди, балапан (екі қол алдыға каратулы, оң-сол жаққа бұрмалау),<br>Саусақтарың, алақан (екі қол саусақтары жұдырықтарға жұмылып, ашылады),<br>Санамаққа ашылсын (орнында адымдау, қолдармен сермеу, жүру темпі жылдам),<br>Кезекпенен басылсын (қос аяқ иық енінде, қолдар белде).<br><br>Қарт атам – бас бармақ (адымдау кезінде екі қол алға тік созылады, бас бармақтар көрсетіледі),<br>Ақ әжем – балаң үйрек (екі қолды төмен, жан-жаққа жіберу, алақандар жинақы, бүгулі, адымдап тұрғанда жанбасқа соғылады),<br>Әкешім – ортан терек (екі қол иықтардан жоғары көтеріліп, иыққа қайта түседі),<br>Анашым – шылдыр шүмек (екі қол белде, жан-жаққа еңкею).<br><br>Кішкентай бөбек, ол – мен (орнынан секіріп, орнына тұра қалу),<br>Есейіп келемін мен (аяқ ұшына тұру, жоғары созылу),<br>Барлық саусақ – жолдасым (шапалақтау, адымдау кезінде),<br>Жұдырығым – отбасым.<br><br>Жұдырықта бес саусақ (сөздер мен әуен ырғағына сай еркін қозғалыстар жасау),<br>Отбасыда бес салмақ,<br>Барлық саусақ – жолдасым,<br>Жұдырығым – отбасым. | **Санамақ.**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір дегенім - білім<br>Екі дегенім - елім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Төрт дегенім - түлік.<br>Бес дегенім - берік,<br>Алты дегенім - арық.<br>Жеті дегенім - желім,<br>Сегіз дегенім - сенім,<br>Тоғыз дегенім - той,<br>Он дегенім -ой,<br>Онға дейін санап қой!<br>**"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары: геометриялық пішіндер жинақнамалары, шаршы пішінді парақтар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналармен "Менің үйім - менің отбасым" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен "Отбасындағы еңбек тәрбиесі" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен "Жанұя үлгісі" тақырыбында әңгімелесу. | Айына бір рет "Отбасы күнін"өткізу. | "Бала демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбына ата-аналарға арналған кеңес. |

# Жоспар қандай кезеңге жазылды (айды ,жылды,көрсету).Маусым айы 13.06 - 17.06.2022ж.

| Ересек тобы | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | №3 | | | | |
| Күндері | 13.06 - 17.06.2022Ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Су / Вода-водица | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Ештаева А. Орынбасарова Д. | | | | |
| | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| | | | | | |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың денесін, терілерін тексеріп алу. Балалардың көңіл-күйлерін көтеру үшін топта күз мезгілінің атмосферасын жасау. | | | | |
| Еңбекке баулу | "Өсімдіктер құнарлығы".<br>Мақсаты: балаларға өсімдіктер қоректік заттарды топырақтан алатынын, бірақ ол біртіндеп таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйене отырып, өсімдіктердің өсуіне топырақ құнарлығының қажеттілігі жайлы айту. | "Біз топ және жатын бөлмелерінің терезе алдын дымқыл матамен сүртеміз". Мақсаты: балаларды сумен жұмыс жасау барысында келесі ережелерді сақтауды: жеңді түру, матаны сулап, қатты сығу, былғанған жағдайда жууға үйрету. | "Біз орындықтарды орындарына қоямыз".<br>Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырмаларды жылдам, ұқыпты орындау. | "Кітап бұрышындағы еңбек" (кітаптарды қалпына келтіру).<br>Мақсаты; балаларды жөндеуді талап ететін кітаптарды таңдауды үйрету, оларды мұқият желімдеу (қайшы мен желімді дұрыс қолдану, майлықты дұрыс пайдалану). Кітаптарды ұқыпты қолдануға, жұмыс істеу біліктілігін, | "Өз төсек-орнымызды жинауды үйренеміз".<br>Мақсаты.<br>Балаларда өз төсектерін күтіп ұстау біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу, басқаларға көмектесуге ұмтылу; еңбекке баулу; өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) "Үйшіктер" құрылыс ойындары.<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, ақыл-ойын, қиялын, зейіндерін, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Ойын жабдықтары.<br>"Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары.<br>Балаларға бірнеше сурет үлгісін ұсынуға болады. | "Лото" үстел үсті ойыны (геометриялық пішіндер).<br>Мақсаты: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Әр бала бір геометриялық пішінді алып, сол пішінге ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды.<br>"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.<br>Мақсаты: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің.<br>Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>менің еккен бағымда,<br>Өссін жүзім, өріктер. | "Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін! Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>Қазақ ауыз әдебиеті.<br>"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.<br>Мақсаты: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.<br>Мақсаты: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту.<br>Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. | "Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік.<br>Педагог балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды.<br>Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.<br>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.<br>Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.<br>Мақсаты: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>"Төрт досым".<br>Төрт досым жанымнан өткен:<br>Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Ұмытпаймын не бүгін, не ертең:<br>"Жаз, күз, қыс және көктем".<br>Д. Ахметова.<br>"Адымдар" дамытушылық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың сөздік қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілдерін дамыту.<br>Екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Екі топтың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі. Әртүрлі тақырыптарды қолдануға болады. Қажет сөзді атап, бір адым жасау керек. Бөлу сызығына бірінші жеткен топ жеңіске жетеді. | "Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді.<br>Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды.<br>Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.<br>Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.<br>"Оң қолым мен сол қолым" жаттығуы. Мақсаты: балалардың оң мен сол жақты ажырата білу қабілеттерін бекіту; мәтіннің мәніне сай қимылдауға, оң мен сол жақты дұрыс ажыратуға дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Оң қолым менің, қалайсың? (Оң қолды көрсету)<br>Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау)<br>Мен қасық ұстап аламын, (Қасықты ұстағанды көрсету)<br>Әдемі сурет саламын. (Сурет салғанды көрсету)<br><br>Сол қолым, сен не қалайсың? (Оң қолды көрсету)<br>Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау)<br>Мен үзілген нан аламын, (Нанды ұстауды көрсету)<br>Қағаз бетін баса аламын. (Қағазды басып тұрғанды көрсету)<br><br>Оң мен сол қолдарыммен, (Екі қолды көрсету)<br>Заттарды зерттеймін мен, (Саусақтармен жыбырлату)<br>Мыжғылап, ұстап-сипап, (Жұдырықты ашып-жұму)<br>"Сәлем" деп досқа бұлғап. (Екі қолмен жалауша тәрізді бұлғау)<br><br>Колдарыммен мен үнемі, (Екі қолды көрсету) |
| Таңғы жаттығу | Кешенді жаттығу Қызыл-жасыл гүл ектік, Баптап, күттік, түрлеттік.<br>Қалмасын деп қуарып,<br>Апта сайын суардық,<br>Гүлдендірдік ауланы,<br>Аулада гүл қаулады. | | | | |
| Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы, | | | | |
| Ойындар, оқу қызметіне дайындық | Балаларды ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| дайындық | Жанды және жансыз табиғат жайлы әңгімелесу.<br>"Дене мүшелері" жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою)<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау)<br>Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары)<br>Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек-кезек екі жаққа сермеу<br>Мынау – сол қолым. | "Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы.<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Қызғалдақтай саусақтар,<br>Өсіп тұр қатар-қатар. (Саусақтарды жыбырлату)<br>Бір - саусақ, қызғалдақ,<br>Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру)<br>Үш, төрт, бес саусақ,<br>Барлығы да қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру)<br>Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау) | "Неге солай?" ойын-жаттығуы. Мақсаты: балаларды белгілі оқиғаның, құбылыстың не себептен болғанын тануға, түсіндіруге дағдыландыру; логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер. | "Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың жыл мезгілдері жайлы білімдерін бекіту, мезгілдік өзгерістерді талқылау.<br>Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер. | "Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.<br>Мақсаты: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің.<br>Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>менің еккен бағымда,<br>Өссін жүзім, өріктер. |
| Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ | Сөйлеуді дамыту<br>**Тақырыбы:"Су-тіршілік көзі"**<br>Мақсаты: Балаларға су туралы айту, судың маңызы мен пайдасын түсіндіру; сөздік қорларын молайту; сөз байлығын,<br>дүниетанымын, ой өрісі мен зейінін дамыту;<br>қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты сүюге тәрбиелеу. | Дене шынықтыру<br>**Тақырыбы:**""Тұп-тұнық су"<br>Мақсаты: Балаларды жетекшінің ауысуымен жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуге үйрету; балаларда жүруді жүгірумен кезектестіру; жұппен түрлі бағытта жүгіру дағдыларын жетілдіру. | Көркем әдебиет<br>**Тақырыбы:**""Аққу - қаздар" ертегісі<br>Мақсаты: Балаларды ертегінің мазмұнын толық өз ойларын жеткізіп айтуға үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын молайту;<br>адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. | Сурет салу **Тақырыбы:"**<br>«Тоғандағы балықтар»<br>Мақсаты: Балаларды сурет салудың дәстүрден тыс тәсілі боялған сабын көпіршіктерінің көмегімен сурет салу техникасымен таныстыру; адам үшін судың маңызы жайлы білімдерін бекіту; шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, түстерді үйлестіру біліктілігін, қиялдарын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өз бетінше жұмыс істеуге, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br><br>Музыка<br>"Ата-ананы тыңдаймыз"<br>Мақсаты: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың | Жаратылыстану<br>**Тақырыбы:"**<br>«Сиқыршы су»<br>Мақсаты: Судың қасиеттері туралы түсінік беру. Балаларды ойларын жеткізе білуге, сөйлемдерді дұрыс құруға, қорытынды жасай білуге үйретуді жалғастыру. Балалардың сөйлеуін, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. Тәжірибе арқылы балалардың су туралы білімдерін нығайту. Балаларды табиғатқа, суға қамқор болуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | Суды бақылау.<br>Мақсаты: ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп, жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, суық). Су мөлдір, айна ұқсап заттарды бейнелейді. Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне қараса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз көрінеді. Суға тастарды салса - түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. тіпті балықтарды жіберсе, олар нақытыл көрінеді.<br>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Еңбек әрекеті: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау.<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>"Кім мәреге жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: белгіге дейін қос аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | "Ауа-райын бақылау (бұлтты күн)".<br>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)<br>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару.<br>Мақсаты: түскен гүл жапырақтарын тырмамен тазалау.<br>"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар -балалар.<br>"Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады. "Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: педагогтың белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.<br>Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | Суды бақылау.<br>Мақсаты: судың көптеген қасиеттерін зерттеуге деген ынталарды ояту; суды үнемдеп қолдану ережелеріне үйрету; экологиялық білімдерді қалыптастыру.<br>Балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Асфальтқа шашыраған су тез кебеді. Неге екенін сұрау.<br>Қыста суды шашыратқаны туралы бейнежазбаны көрсету. Су неге айналатынын, бұл не себептен болатынын сұрау.<br>Балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>Еңбек әрекеті: гүлзарда өскен гүлдерді суару.<br>Мақсаты: еңбекқорлыққа, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.<br>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:<br>- Бояудың бағысы қанша?<br>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. | Суды бақылау.<br>Мақсаты: балаларға сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың қасиеттері жайлы түсініктерін нақтылау; судың табиғи сұйық зат екендігіне көз жеткізу; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы.<br>Судың қасиеттеріне көңіл аудару.<br>Су әртүрлі температурада болады: мұздай суық (тоңазытқыштан мұздар текшелері), жылы (қолды жуғанда) және ыстық (шәйнекте су қайнатылғанда).<br>Су күннің көзінде ысыйды. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады.<br>Қыста су қар, мұз күйінде болу мүмкін, ұстаса - өте суық.<br>"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік.<br>Педагог балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды.<br>Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.<br>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.<br>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді.<br>Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды.<br>Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс. "Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсаты: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп | Кемпірқосақты бақылау.<br>Мақсаты: кемпірқосақ - жансыз табиғаттың бөлігі екені жайлы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; спектр түстерін бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Бұл күні жаңбыр болмай жатса, кемпірқосақты су бүркеудің нәтижесінде арнайы жасауға болады.<br>Көркем сөзді жаттау жаттығуы.<br>Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Кемпірқосақ".<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат,<br>Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты.<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл тұқымын жинау.<br>Мақсаты: жұмысты өз бетінше орындауды дағдысын дамыту.<br>"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Педагог ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог:<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.<br>Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен өз құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуеннен оралу | Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету. | | | | |
| Түскі ас | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары | Велосипед жаттығуы. Аяқ-қолды жоғары көтеріп, кезек-кезек аяқпен сермеу.<br>Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени гигиеналық дағдыларды орындау. | | | | |
| Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | "Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың мезгілдік табиғат құбылыстары жайлы білімдерін бекіту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту.<br>Барысы.<br>Педагог барлық жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті.<br>Балаларды өз жауаптарын бір сөзбен ғана емес, сондай-ақ не себепті құбылыстың болғанын түсіндіру.<br>Сюжетті-рөлдік ойын.<br>"Асхана".<br>Мақсаты: балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері).<br>Барысы.<br>Алдымен педагог балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді.<br>Алдымен педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдардан ойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алады.<br>Педагог адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып).<br>Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін, балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады.<br>Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды.<br>Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек.<br>Педагог ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұрақтар қояды, балалардың әрекетін белсеңдету үшін.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды | "От, су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың жанды, жансыз табиғат жайлы білімдерін бекіту; алғырлықтарын, қиялдарын, зейіндерін дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдық: доп.<br>Барысы.<br>Балалар жарты шеңбер (шеңбер) құрып, қатарда отырады (тұрады).<br>Бірінші кезеңде ойын шартын түсіндіру мақсатында жүргізуші рөлін педагогтың өзі орындауы мүмкін.<br>Жүргізуші допты әр баланың қолына кезек-кезек лақтырады да "от!" немесе "су!", немесе "аспан!", немесе "жер!"- деп айтады.<br>Допты қағып алған бала, әр белгі сөзіне әрқалай жауап береді. Мысалы,"от" - өздігінен айналу," су"- балық атауы, суда тіршілік етеді, су асты жануары, "аспан" - құстың атауы немесе , ұша алатын жәндік,"жер" - жануардың, жәндік аты. Сюжетті-рөлдік ойын.<br>"Ветеринарлық емхана".<br>Мақсаты: балалардың жан-жануарлар дәрігері, медбикелер, күтушілер, ветеринарлық емхананың қызмет көрсетушісі жайлы түсініктерін бекіту; емханада медициналық жұмысшылар қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; ақ халаттар, перчаткалар, жиһаз, сөмкелер, емханаға керек; ойыншық жан-жануарлар мен құстар.<br>Барысы.<br>Педагог балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде ветеринардың жұмысы жайлы фотосуреттер қарастыру керек, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқып, еске түсіру, сонымен қатар ветеринарлық емхана жайлы әңгімелесу. Балалар аңдар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтінін ғана емес, сондай-ақ қандай құралдарды қолданатындарын, ветеринарға қандай сұрақтар қою керектігін талқылау керек.<br>Балалар өзара ветеринарлық емханада кімдер, қандай қызметкерлер болатынын таңдайды.<br>Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.<br>Соңында педагог балармен бірге қорытынды жасайды: адам жанында тіршілік ететін аңдар мен | Дамытушылық ойын.<br>"Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".<br>Мақсаты: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>Сюжетті-рөлдік ойын.<br>"Хайуанаттар бағы".<br>Мақсаты: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер.<br>Барысы.<br>Педагог ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді.<br>Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет.<br>Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді.<br>Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды | "Не қалай дыбыстайды?" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды кейбір табиғат құбылыстарының дыбысын ажыратуға жетелеу, табиғат үндерін дыбыстық сөйлеу мәдениеті арқылы білдіруді меңгерту; дыбысты есту біліктілігін, дыбыстарды артикуляциялауды, қиялдарын дамыту; зейіндікке, әдептілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: табиғи құбылыстары дыбыстарының үнтаспасы.<br>Барысы.<br>Педагог балалардың алдына түрлі жетондар қойып, біреуін тандап алуды ұсынады.<br>Құбылысты таңбамен белгілеп, оны аудиожазбалардың арасынан табу керек.<br>Балалар құбылыстың дыбысы естіліп, таныған бетте, оның үнін артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, Жел "ш-ш-ш" немесе "у-у-у" - деп соғады. Жаңбыр былай дыбыстайды: " тырс-тырс-тырс", және т.с с<br>Сюжеттік-рөлді ойын.<br>"Табиғи қорық".<br>Мақсаты: балаларға табиғи қорықтар туралы түсінік беру, "Қызыл кітап", қорықта қызмет ететін орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер жайлы түсініктерін бекіту; орман қызметкерлері орманды, ондағы тіршілік ететін аңдарды қорғауда қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, аңдарға деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Табиғи қорық қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; жасанды орман, бұлақ, тау үлгісі.<br>Барысы.<br>Педагог балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде табиғи қорық жайлы суреттер қарастыру, Қазақстанның табиғи қорықтары жайлы бейнежазба көру.<br>Балалар табиғи қорықта орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер сияқты мамандар не істейтінін (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге шабуға тапсырма береді, ауырған аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны артқан жыртқыштарды атады); қандай құралдарды қолданатынын талқылау керек.<br>Балалар табиғи қорықта жұмыс жасайтын қандай қызметкерлердің рөлін ойнайтынын өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық | "Ұстап алда, жылдам айт" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балаларды допты ұстап алуға, аталған түске боялған белгілі заттарды (құбылыстарды, аңдарды, құстарды) тез атау біліктілігін жаттықтыру; зеректілікті, зейіндерін, дүниетанымдарын, түстерді ажырату біліктілігін, дамыту.<br>Керекті құрал-жабдық. Доп.<br>Балалар шеңбер немесе қатар құрып отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе балалардың бірі жүргізеді .<br>Сюжетті-рөлдік ойын "Цирк".<br>Мақсаты: балалардың циркте жұмыс жасайтын көркемөнерпаздар (сайқымазақ, гимнастшы, сиқыршы, жонглер, аңдарды жаттықтырушы) туралы түсініктерін қалыптастыру ; цирк көркемөнерпаздар әртістерінің жұмысын түсіндіру; еңбексүйгіштікке, төзімділікке, әдептілікке, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Ойыншық құралдар мен модельдер, циркте жұмыс жасайтын әртістерге қажет (доптар, ойыншық аңдар, бас киімдер, таяқтар, спорттық киімдер үлгісі, гимнастикалық сылдырмақтар, костюмдер).<br>Барысы.<br>Оқу қызметінің басында педагог балалармен бірге цирктің (сурет) алатын орны, онда жұмыс жасайтын әртістер жайлы әңгімелеседі; әр әртіспен мамандар қандай құралдарды пайдалатынын, олардың жұмыстары қаншалықты қиын екендігін түсіндіреді. Балалар циркте жұмыс жасайтын әртістерге: сайқымазақтар, гимнастшылар, сиқыршылар, жонглерлер, аңдарды жаттықтырушыларға бөлінеді, топтасып, белгілі тапсырмаларды орындайды. Педагог цирк қойылымдары жайлы хабарлайды да, қалған балаларды орындықтарға жайғасуға шақырады. Әр орындаушы өзінің шығуын үлкен құрметпен хабарлайды және өзін қолдап, қошеметтеуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында әртістер көрермендерге бас иітіндерін, ал көрермендер қол шапалақтап, мадақтайтынын айтып қою қажет.<br>Педагог ойын барысын өзі түзетеді, балалар әрекетінің белсенділігін арттыру үшін қосымша сұрақтар қояды.<br>Соңында педагог балармен бірге қорытынды жасайды: әртістің шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында цирк қойылымдары әсерлі және қызықты болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау |
| Серуен | Гүлдерді суару еңбегін бақылау.<br>Мақсаты: балалардың гүлдерді суару тәсілдері туралы түсініктерін жетілдіру; гүлдерді баптау еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу; гүлдерге деген сүйіспеншілікті арттыру.<br>Педагог балаларды гүлдерді суаруға қажет жабдық, құралдарымен таныстырады: қолғаптар, су құйғыш, шелек, суару шлангі, су бүркігіш.<br>Педагог суды шлангі, шелек, су құйғыш арқылы биік өскен гүлдердің төменгі жағына құюға болатынын көрсетіп, түсіндіреді.<br>Гүлдердің үстінен тек (шлангінің басына киілген) су бүркігіш арқылы суару тәсілін көрсетеді. Гүлді неге былай суарылғанын сұрайды.<br>Сондай-ақ, педагог гүлдер қатарында, топырақта өскен арам шөптерді алып тастап отыру қажетін түсіндіруге шақырады.<br>Гүлдер өссін жарық күнге қарай созылып,<br>Әсем болсын бау-бақшамыз, түрлі түске боялып.<br>Еңбек әрекеті: ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру.<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейіндікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.<br>Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | Бұлттарды бақылау.<br>Мақсаты: балалардың мезгілдік өзгерістер жайлы білімдерін кеңейтуді жалғастыру, қиялдарын дамыту - бұлттар неге ұқсайды.<br>"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін! Гүл-<br>гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>Қазақ ауыз әдебиеті.<br>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.<br>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құрғақ жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты. тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен жұмыс жасау біліктілігін бекіту. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | Желді бақылау.<br>Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп тұрғанын айтады.<br>"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр).<br>- Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.<br>Балалардың мысалы жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.<br>"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу.<br>Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді.<br>Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған | Жасыл жапырақтарды бақылау.<br>Мақсаты: жазда жапырақтардың күннің әсерінен, фотосинтез нәтижесінде жасыл түсті болатынын түсінуге жағдайлар жасау; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Іс-тәжірибе: жапырақтарды аударып, екінші жағында көрінген "тамырларды" көру, тамырлардың торқа ұқсас өрнекке айналғанын байқату.<br>"Бұл қандай ағаштың жапырағы?" дамытушы жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың ағаштар туралы білімдерін пысықтау; жапырақтарға қарап, ағаштарды ажыратуға дағдыландыру; зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: терек, шырша, емен, үйеңкі, қайынның суреттері, жапырақтарының кескіндері.<br>- Балалар, сендер қандай ағаштарды білесіңдер? (Терек, шырша, емен, үйеңкі, қайын).<br>- Осы жапырақтарды тауып, қандай ағаштан түскенін анықтайық.<br>Еңбек әрекеті: балабақша айналасындағы қураған ұсақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсаты: қарапайым жұмыс дағдыларын бекіту.<br>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады.<br>"Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады.<br>Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момықай,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады.<br>"Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату -басты міндеті.<br>"Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>Бір аяқпен орында секіру жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың күш-жігерін дамыту; | Кемпірқосақты бақылау.<br>Мақсаты: балалардың кемпірқосақ жайындағы түсініктерін тиянақтау; спектр түстерін бекіту; қабылдау, елестету қабілеттерін дамыту; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Кемпірқосақ".<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат,<br>Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты.<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>"Өз үйіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету біліктілігін дамыту, ойын ережесін нақты орындауға дағдыландыру.<br>Балаларға түрлі фишкалар үлестіріледі. Белгі бойынша балалар алаңның түрлі жерлерінде жапсырылған белгілі үлкен фишкаларға, өздерінің фишкаларына сай, жүгіреді. Кім өз орнын бірден таба алмаса - балалардың қалаулары бойынша тақпақ, өлең айтып береді. Ойынды екінші рет өткізу үшін, фишкаларды қайта тарату керек. "Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.<br>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі. Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді). Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады. Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады. Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.<br>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді. Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу | Апта тақырыбына байланысты өлең жаттау. | "Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.<br>Мақсаты: балаларды суретке қарап, сөйлемдер құрастыра білуге баулу; байланыстырып сөйлеуге | "Су кімге керек?" әңгімелесуі.<br>Мақсаты: бүкіл тіршілік үшін судың маңызы жайлы білімдерін кеңейту; балалардың жердегі су ресурстары жайлы түсініктерін нақтылау; суды | "Жаз" тақырыбына сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауап талап ету. | Жаз мезгілінде болатын табиғат құбылыстарына байланысты жұмбақтар жасыру. |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. | Балалармен "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзіңді қалай ұстау керек?" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеті жайлы әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу. | "Менің достарым" тақырыбында әңгіме. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| серуен | Күнді бақылау.<br>Мақсаты: балаларды күнді бақылаудың ережелеріне баулу; күннің Жер шарының, адамның бүкіл табиғат объектілерін, құбылыстарына тікелей әсер ететініне көңіл аудару; зияткерлікке тәрбиелеу.<br>"Күн шыққанда күліп оян".<br>Көктем келсе - құлпырар гүл әрқашан,<br>Жапырақ жайса - бітеді шынарға сән.<br>Ештеңеге шаттана алмайсың сен -<br>Қаулап өскен шалғынға қуанбасаң.<br>Күләш Ахметова<br>Педагог күнді бақылау алдында, балаларға, күнге қарау үшін, белгілі көк шыныны немесе фотопленканы қолға алып, қарауға болатынын түсіндіреді.<br>Құралдары: фотопленкалар немесе көк шынылар.<br>Іс-тәжірибе: жапырақтардың бір қабат бетін алып, лупамен хлорофил жасушаларын көру. Балалар күннің жасыл жапырақтарының түсін жасыл болуын қамтамасыз ететінін әңгімелейді. Хлоролфиллдің фотосинтез нәтижесінде пайда болатынын түсінеді.<br>"Күлімдейміз күндей" жаттығуы. Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды), Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді).<br>Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді),<br>Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына жібереді).<br>Г. Кужагулова.<br>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді.<br>Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды.<br>Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орындай білу мүмкіндіктерін жетілдіру. | Құстарды бақылау.<br>Мақсаты: құстардың жаздағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға құстардың не себептен адамның қасында не одан алшақ болатынын анықтауға ынталандыру; құстардың жұмыртқа басып, балапандарды ұшуға дайындау құбылысы өте маңызды екендігін түсіндіру.<br>Жұмбақ.<br>Талдың басында,<br>Жемі бар қасында.<br>Там тұр саялы,<br>Достарға аялы. (Құс ұясы)<br>Балаларға құс ұясын адамнан алшақ, жасырын жерде, ағаш бұтасында, діңнің ішінде, биік тау-тастың арасында салатыны туралы айтып түсіндіру.<br>Ересек әрекеті: ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру.<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. Мақсаты: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру. - Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" -төмен отырып, тыныш отырасыңдар. Күлімдейді алтын күн.<br>Жерде жатыр алтын құм.<br>Құстар ұшты биікке. Сәбіз<br>өсті жүйекте.<br>Кіші болдық желектей,<br>Өсеміз биік теректей.<br>Д. Ахметова.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады.<br>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады: - | "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.<br>"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдап жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді.<br>Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.<br>Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орындай білу мүмкіндіктерін жетілдіру. | Кемпірқосақты бақылау.<br>Мақсаты: кемпірқосақ - жансыз табиғаттың бөлігі екені жайлы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; спектр түстерін бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Бұл күні жаңбыр болмай жатса, кемпірқосақты су бүркеудің нәтижесінде арнайы жасауға болады.<br>Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Кемпірқосақ".<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат,<br>Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты.<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>Еңбек әрекеті: ойын жабындысын жинау<br>Мақсаты: еңбек дағдыларын бекіту.<br>"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді.<br>Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды.<br>Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.<br>Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.<br>"Тым-тырақай" ойыны.<br>Мақсаты: балалардың шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>"Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы. Мақсаты: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттардың топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту.<br>Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек."<br>Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орындай білу мүмкіндіктерін | Желді бақылау.<br>Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп тұрғанын айтады.<br>"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр).<br>- Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.<br>Балалардың мысалы жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.<br>"Аққу-қаздар" ойыны.<br>Мақсаты: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады.<br>Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Педагог:<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар?<br>Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады.<br>Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.<br>Педагог алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады.<br>Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады.<br>"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау.<br>Мақсаты: ракетканы қарсыласы жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу | "Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.<br>Мақсаты: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту.<br>Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. | Жыл мезгілдері жайында әңгімелесу.<br>Мақсаты: қарапайым сұрақтарға нақты жауып беру біліктіліктерін жетілдіру. | "Жаз" (сюжеттік суреттерді қарастыру) тақырыбына әңгімелесу.<br>Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | "Ғажайып қап" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: ойыншық атауларымен сөздік қорларын арттыру.<br>Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа деген қызығушылықты арттыру.<br>"Мысығым". Тікірейіп<br>құлағы, Менен бұрын<br>тұрады, Бойын жазып,<br>керіліп, Беті-қолын<br>жуады.<br><br>Қасымнан қалмайды,<br>Көзін қысып алдайды. | "Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу.<br>Мақсаты: балалардың сөздік қорларын, жақын туыстық атауларды білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | "Баланың еркі туралы не білесіз? Бұнымен қалай жұмыс істеу керек?" сұрақ-жауабы | "Баламен қарым-қатынас жасау мәдениеті" тақырыбында кеңес. | Ата-аналар кеңесін сайлау және жұмысын жоспарлау. | Ата-аналарға арналған кеңес.<br>"Бала белсенділігі - оның денсаулық кепілі." | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. |

# Жоспар қандай кезеңге жазылды (айды ,жылды,көрсету).Маусым айы 20.06 - 24.06.2022ж

| Ересек тобы | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | №4 | | | | |
| Күндері | 20.06 - 24.06.2022ж | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Балапандардың ұшуды үйренуі / Как птенцы учатся летать | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Ештаева А Орынбасарова Д | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Апта тақырыбына байланысты өлең жаттау. | **"Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.**<br>Мақсаты: балаларды суретке қарап, сөйлемдер құрастыра білуге баулу; байланыстырып сөйлеуге машықтандыру. | **"Су кімге керек?" әңгімелесуі.**<br>Мақсаты: бүкіл тіршілік үшін судың маңызы жайлы білімдерін кеңейту; балалардың жердегі су ресурстары жайлы түсініктерін нақтылау; суды үнемдеуге, ұқыпты қолдануға тәрбиелеу. | **"Жаз" тақырыбына сюжетті суреттер көрсету.**<br>Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауап талап ету. | Жаз мезгілінде болатын табиғат құбылыстарына байланысты жұмбақтар жасыру. |
| **Еңбекке баулу** | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. | Балалармен "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзіңді қалай ұстау керек?" тақырыбында әңгімелесу | Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеті жайлы әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу. | "Менің достарым" тақырыбында әңгіме. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі, қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыздардың және ұлдардың киімдері).<br>**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді.<br>Құрт - жорғалайды, жатады.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды. | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Он саусақ.<br>Жалғыз саусақ тіпті де, (Сұқ саусақты ашып жұмамыз)<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті, (Бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды, (Бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз)<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ! (Он саусақты көрсетеміз)<br>Қала салсақ, жол салсақ. (Қолымызды алға қарай созамыз)<br>М. Әлімбаев<br>**"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. | **"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.**<br>Мақсаты: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>"Халық ауыз әдебиеті.)<br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. | **"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.<br>Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады.<br>Ойын іс-әрекеті.<br>Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>Қажетті құралдар.<br>Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға алдын-ала құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды көрсету мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (Құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (Бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (Төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Д. Ахметова. | **"Мен өзіммен бірге жолға аламын" ойыны.**<br>Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту.<br>Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: бір заттардың суреттері бар суреттер.<br>Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бірақ сапардың сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар өте әртүрлі болуы керек. Мысалы, бала доптың бейнесін алады: "сіз демалыс кезінде доп ойнай аласыз, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға болады, өйткені ол батып кетпейді және т.б.." Бала суретті алдына қойып, әртүрлі жерге саяхаттау үшін не қажет болатынын айтуы керек (шөл далада, пойызда, ауылда).<br>**Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие,<br>Торай,шошқа,<br>Қозы, қошқар,<br>Қодық,құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа,шаян,<br>Торғай,шымшық...<br>Сен, кал!<br>Сен, шық!<br>Қадыр Мырза Али. |
| **Таңғы жаттығу** | **Кешенді жаттығу**<br>Соз қолыңды оң жаққа,<br>Соз қолыңды сол жаққа.<br>Қолды айналдыр бұлданбай<br>Шеңбер жасап тұрғандай | | | | |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу<br>Таңғы асты қалдырмау. | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне** | **Балаларды ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | **"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: құстарды дыбыстары бойынша тануға, ажыратуға дағдыландыру; құстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Құралдары: құстардың дыбыстары жазылған жазбалар, суреттері. | **"Қимылдарға қарап, нені көрсеткенімді айт?" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. | **"Көкек" ертегісі желісін әңгімелеу.**<br>Мақсаты: балаларды анаға деген сүйіспеншілікті арттыру; көкек құсының балапанды неге ұяға баспайтыны туралы түсініктерін пысықтау. | **"Жеріміздің ғажайып құстары" тақырыбына әңгімелесу.**<br>Мақсаты: сыртқы келбеті немесе тіршілігі ерекше құстар туралы ұғымдарды дамыту.<br>Құралдары: тотықұс, түйеқұс, пингвиннің суреттері. | **"Ұшты, ұшты не ұшты?" ойыны.**<br>Мақсаты: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.<br>Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді:<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты!<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты!<br>Ұшты - ұшты арба ұшты!<br>Ұшты - ұшты дауыл ұшты!<br>Ұшты - ұшты ұшақ ұшты!<br>Ұшты - ұшты торғай ұшты!<br>Ұшты - ұшты жылан ұшты! |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Көркем әдебиет**<br>ТақырыбыТ. Тойбазарұлы "Қайтпай қалған қарлығаш"(әңгімесі)<br>Мақсаты: Балаларды әңгіме бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру, қыстап қалған құстарға қамқорлық жасауға, оларды  баптап күте білуге тәрбиелеу; әңгіме мазмұнын өз қиялымен баяндауға дағдыландыру; ойлау қабілетін, сөйлеу мәдениетін дамыту; бүкіл жан-жануарларға, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. | **Құрастыру**<br>Тақырыбы"Балапандарға арналған ұялар"<br>Мақсаты: Балаларға табиғи материалдан құрылыс салуға үйрету, туған жердің құстары туралы білімдерін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>Тақырыбы"Гүлдерайым"<br>Мақсаты: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы"Бұл балапан қандай мықты"<br>Мақсаты: Балаларды педагогтің түрлі нұсқаулары бойынша жүгіру дағдыларын дамыту; 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіруге (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) үйрету; балаларда қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өту дағдыларын жетілдіру. | **Жапсыру**<br>Тақырыбы"Ертегі құс"<br>Мақсаты: Балалардың ертегі құс туралы ұғымдарын қалыптастыру; бірнеше бөліктерге қиып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету; бөліктерді үйлесімді қолдана білуін жетілдіру; қол, саусақ қимылдарын дамыту; өз жұмыстарын бағалай білуге,шыдамдылыққа, төзімділікке, құстарға деген мейірімділік пен сүйіспеншілдікке тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы"Құстар"<br>Мақсаты: Балалардың қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, қыстап калатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды жіктей білуге үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы зейінді, сөйлеуді, көру қабілеттерін дамыту. Құстарға деген қамқорлықты, қиын жағдайда оларға көмек беруге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Сауысқанды бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың сауысқан құсы туралы түсініктерін тиянақтау; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>"Сауысқан".<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқандатқан сауысқан.<br>(Ел аузынан).<br>**Еңбек әрекеті: шығарылған материалдарды жинау.**<br>Мақсаты: балаларды серуеннен кейін орындарын ретке келтіруді үйрету: ойыншықтарды тазалау және жинау, себетке салу.<br>**"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Педагог:<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар?<br>Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.<br>Педагог алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады. ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады.<br>**"Ұстап ал" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; достық қарым-қатынастарды дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті: "Мені қуып жет".**<br>Мақсаты: жалтарып, бағытты өзгертіп жүгіруді дамыту. | **Қарғаны бақылау**<br>Мақсаты: қарға жайлы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілік етуіне ізденімпаздық пен қызығушылықты тәрбиелеу, құстарды қорғауды түсінуге баулу.<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар үстінде жорғалар.<br>Боран соқса қар болар,<br>Бұтаға қонар қарғалар.<br>(Ел ауызынан)<br>Балалар қарғаның дыбыстарын тыңдап ("қар-қар" деген үн қатады; "қарға қарқылдайды"), сыртқы пішініне қарап (қара мен сұр түсті), денесі кесек, өзге құстарға өте ұқсаматынын байқайды.<br>Педагог қарғаның өте ақылды құс екенін дәлелдейтін оқиғалар жайындағы бейнежазбаларды көрсету мүмкін.<br>Балаларға "Қарға мен түлкі" мысалын еске түсіру; түлкінің қарғаны қаншалықты алдап кеткені туралы әңгімелеу.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ойын алаңындағы қоқыстарды жинау.**<br>Мақсаты: бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалдармен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету.<br>Құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктілігін қалыптастыру. | **Торғайды бақылау.**<br>Мақсаты: торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайындағы түсінік пен білімді тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу.<br>Торғайдың адамға жақын, бір топ болып мекендейтінін байқату; торғайдың, қыстағы тіршілігі мысалында көрсетіп, өте төзімді, батыл құс екеніне көңіл аудару.<br>Торғайдың сыртқы дене пішініне қарағанда, қоңыр, сұр, қара түстерді байқауға болатынын көрсету.<br>"Торғай".<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмасың.<br>Шомылып ал шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова.<br>**"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көкөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады.<br>Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.<br>Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады.<br>**Еңбек әрекеті: шығарылған материалдарды құмнан қағып, жинау.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**"Кім жоғары?" ойыны.**<br>Мақсаты: белгі бойынша балалардың жер деңгейінен жоғары тұрған заттардың үстіне шығып алу қабілетін дамыту.<br>"Заттар" деп орындықтарды, сатыларды, діңгектерді көру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті: "Өзеннен өту".**<br>Мақсаты: бөрене үстінде түзу және қырындап жүруге жаттықтыру; дене тепе-теңдігін сақтауға бейімдеу. | **Құстарды бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың аула құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға ойын аланыңа, бау-бақшаға ұшып келген құстардың дыбыстарын тыңдап, ажыратуды ұсынады.<br>Құстардың түрі көп болмаса, педагог смартфонына жазылған құстардың дыбыстарын тыңдатып, дұрыс атауды ұсынады.<br>Балалар құстардың үнін сөзбен қалай айтуға болатынын түсіндіреді.<br>Торғай - шырылдайды.<br>Қарға - қарқылдайды.<br>Сауысқан - шықылықтайды.<br>Бөдене - бытпылдайды.<br>Бұлбұл - сайрайды.<br>**"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Ж. Сымақов.<br>**Еңбек әрекеті: ағаш тұқымдарын жинау.**<br>Мақсаты: балаларды тұқым жинауға ынталандыру.<br>**"Ит пен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: ит пен торғайға тиесілі қылықтар жайлы білімдерін бекіту; дауысты басқаруға үйрету.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту.**<br>Мақсаты: допты астыңғы жақтан бір-біріне лақтыру дағдыларын бекіту. | **Құстың ұшуын бақылау.**<br>Мақсаты: құстардың түрлілігі, олардың қозғалу тәсілі жайлы түсініктерін нақтылау.<br>Педагог ұшып-қонып жүрген құстардың қимылдарына көңіл аударады, балалардан құстар неге дәл осылай қимылдайтынын анықтайды.<br>Қанаттардың көмегімен құстар бір орыннан, екінші орынға, жерді баспай, ұшып, қалықтайды.<br>Құстардың қанаттары қауырсындардан тұрады.<br>Құстар аяқтарымен жүреді де секіреді. Мысалы, түйеқұс жылдам жүгіреді.<br>Құстар әуеде қанаттарын желкендей жайып, қалықтайды. Мысалы, бүргіт биік ұшып, қалықтап, қорегін аңдиды.<br>Балаларға құстардың ұшып, қалыптап жүретінін бейнежазбадан көрсету.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаш үгінділерімен бақша үлескесін жабу.**<br>Мақсаты: жұппен жұмыс жасауға үйрету; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**"Қайда жасырылғанын тап" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға, ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар.<br>Күлімдейді алтын күн.<br>Жерде жатыр алтын құм.<br>Құстар ұшты биікке.<br>Сәбіз өсті жүйекте.<br>Кіші болдық желектей,<br>Өсеміз биік теректей.<br>Д. Ахметова.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады.<br>**"Тым-тырақай" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту.**<br>Мақсаты: жүру және жүгіру техникасын пысықтау. |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. |
| **Түскі ас** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. |
| **Күндізгі ұйқы** | Оянғаннан кейін төсекте орындалатын жаттығулар; балалар төсектен тұрмай, жатып, көрпе астында бірнеше жалпы дамытушылық жаттығулар орындайды; (балалардың ұйқыдан ояну қалпына біртіндеп ауысуына бағытталған, төсектегі гимнастика 2-3 минут. Жаттығуды толық оянған балалармен бастап, қалғандары оянған кезде қосылулары дұрыс)<br>Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | Үстел үстіндегі бесін асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | **Дамытушылық жаттығу.**<br>**"Қандай және қанша айырмашылықтар бар?"**<br>Мақсаты: балалардың қабылдауын, зейінін, ойлауын дамыту; ақылдылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Жұп суреттер (бірінші суретпен салыстырғанда, екінші суретте бірнеше өзгеріс бар).<br>Барысы.<br>Педагог балаларға бірінші суретті көрсетеді, ал кейін сондай екінші суретке қарауға ұсынады.<br>Балалар екінші суретте, бірінші суретке қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Асхана".**<br>Мақсаты: балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері).<br>Барысы.<br>Алдымен педагог балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді.<br>Алдымен педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдарданойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алады.<br>Педагог адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып).<br>Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін, балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады.<br>Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды.<br>Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айту керек.<br>Педагог ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұрақтар қояды, балалардың әрекетін белсендету үшін.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рахмет" ," өтінемін"сөздерін қолдану, дастархан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану -адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындау-негізгі міндеттері. | **Логикалық ойын.**<br>**"Болашақта неге айналады?"**<br>Мақсаты: балалардың айналасындағы заттар мен құбылыстар, адамдар мен аңдардың тіршілігі жайлы білімдерін бекіту; логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін, қиялдарын дамыту; тапқырлыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Заттық суреттер мен мнемокарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды тек қана сөзбен беруі мүмкін.<br>Барысы.<br>Педагог атап, көрсеткен жанды және жансыз нысандардың суреттеріне қарап, болашақта нысан неге айналатынын айту керек.<br>Педагог балаларға ойын шартын келесі үлгі бойынша түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз нысан?"<br>Педагог ұсынған сөз және сөз тіркесі: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн; жаңбыр қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; фундамент; көшет; үсік жүруі; бидай дәні; жұмыртқа; қар жауып тұр; қар көктемде; желмен ұшқан сары жапырақтар; кеш; көже; көп еңбек; оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Пошта".**<br>Мақсаты: балаларға поштаның алатын орны жайлы түсіндіру, онда қызмет атқаратын мамандар туралы жалпы ақпаратты бекіту; ойын барысында өтпелі заттарды (хат, тапсырыс хаты, бандероль, сәлемдеме) қолдануды үйрету; топпен бірігіп ойын желісіне қосылуға, өз орнын табуға жетелеу; ой-өрістерін, қиялдарын, қатынастық қабілеттерін, затпен сондай-ақ затсыз әрекет ету біліктіліктерін дамыту; еңбекті құрметтеуге, әдептілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>"Пошта" жазуы, арнайы, белгіленген орын; қаптамаға арналған қағаз материал, байлауға арналған жіп, қайшы; хат, тапсырыс хаты, бандероль, сәлемдеме сияқты заттардың жасанды макеттері; қаламдар, маркерлер, маркасы бар жетондар, қарындаш желім, телефон, рөл.<br>Барысы.<br>Педагог балалармен бірге поштаға экскурсия ұйымдастыруы мүмкін, болмаса фотосуреттер, поштаның қызметі жайында бейнеролик көру, таныс сюжет бойынша әңгімелесу.<br>Дайындық кезеңінде педагог байланыс операторы, пошташы, байланыс бойынша кезекші, экспедитор сияқты поштада еңбектенетін мамандардың жұмысын түсіндіреді.<br>Балалардың таңдауы бойынша рөлдер бөлінеді. қалған балалар поштаға келеді, қалаулары бойынша өтпелі заттың біреуін алады, оны рәсімдейді, қызметкерлерге береді.<br>Педагог ойын барысында балалар ойнаған рөлдер бойынша қосымша сұрақтар қояды, ойын желісінің дамуын қамтамасыз етеді.<br>Балалар, сұрақтарға жауап беріп, өз рөлдерінің жаңа қырларын таниды.<br>Соңында педагог балалармен бірге қортынды шығарады: адамдар арасындағы қарым-қатынас үзіліссіз және жылдам болу үшін, пошта қызметкерлері тынбай еңбек етеді; почта - қоғамдық орындардың бірі, әдептілік ережелерін ұстанып, сақтайтын орын. | **"Сөздер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың сөздік қорларын байыту. Ой ұшқырлығын, зейіндерін дамыту; өзара жағымды қарым-қатынасты бекіту.<br>Барысы.<br>Педагог балаларға қандай сала бойынша сөз құрайтындарын айтады. Берілген жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады . Педагог "Отбасы" түсінігіне байланысты сөздердің бірін айтады да, келесі балаға жалғастыруды ұсынады. Егер бала белгіленген уақытта сәйкес сөз тауып айта алмаса, өз өнерін көрсетеді.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Отбасы".**<br>Мақсаты: балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника т. б<br>Барысы.<br>Балалар өзара отбасы мүшелерінің рөлдерін бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады.<br>Педагог алдын-ала балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды.<br>Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. | **Дамытушылық жаттығу.**<br>**"Не өзгерді?"**<br>Мақсаты: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар:<br>Әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы.<br>Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін.<br>Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Үй құрастыру".**<br>Мақсаты: балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз, т. б).<br>келісім.<br>Педагог алдын-ала балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады.<br>Педагог балалармен бірлесіп ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженер-құрылысшының жұмыстарын орындайды.<br>Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.<br>Педагог балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс-мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. | **"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар.<br>Барысы.<br>Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды.<br>Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б..<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Театр".**<br>Мақсаты: ойын барысында балалар мен бірге театрдың орны, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; әртіс, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюм бойынша декоратор, суретші, лицеист сияқты мамандар туралы білімдерін бекіту; ағымды қарым-қатынас орнату; мәдениет орындарындағы тәртіп ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Сахна орны.<br>"Театр" жазбасы; сахна макеті, сахналық қойылымдарға қажет (үй, ағаш, қоршау және мүмкіншілік болса перделер т.б.), кейіпкерлер костюмдері, кейіпкерлер қолына ұстайтын құралдар.<br>Барысы.<br>Педагог балалармен бірге театрда қандай қойылымдар қойылатыны жайлы суреттер қарастырады, көрермендер мен әртістер арасындағы айырмашылықтарды анықтайды.<br>Көрермендер алдында қойылым орнында режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық беруші, костюм әрлеуші, суретші, әрлеуші сияқты мамандар еңбек ететінін айтылады.<br>Балалар алдын-ала әр маман сахналық қойылымға дайындық алдында қандай қимыл-қозғалыс орындайтынын кішігірім жаттығулар арқылы көрсетеді.<br>Кейін балалар белгілі рөлдердің қайсысын орындағысы келетін тілектерін білдіреді, орындарына орналасады.<br>Әртістерді біріктіру үшін педагог алдымен режиссер қызметін өзіне алады, белгілі ертегі сюжетін таңдайды.<br>Педагог ойын барысын белгілі сөз тіркестерімен сүйемелдейді, ойыншыларға қосымша сұрақтар қояды, ары қарай ойын тізбегінің жалғасуына ықпал етеді .<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сахналық қойылымдар көрермендерге қызық болу үшін, тек қана әртістер ғана емес, сонымен қатар басқа да көптеген мамандар қызмет етеді; еңбекті бағалау керек; театр - әдептілік ережелері сақталатын мәдени орындардың бірі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию жүйелігін бақылау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию жүйелігін бақылау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию жүйелігін бақылау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию жүйелігін бақылау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию жүйелігін бақылау. |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | **Қарға мен сауысқанды бақылау.**<br>Мақсаты: қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерешекліктері мен белгілерін тануға ынталандыру.<br>Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға өте ұқсаматынын байқайды.<br>**Еңбек әрекеті: қураған жапырақтарды жинау.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға алдын-ала құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды көрсету мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (Құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (Бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (Төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Кім жылдам?" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | **Күнді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды күнді бақылаудың ережелеріне баулу; күннің Жер шарының, адамның бүкіл табиғат объектілерін, құбылыстарына тікелей әсер ететініне көңіл аудару; зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Педагог күнді бақылау алдында, балаларға, күнге қарау үшін, белгілі көк шынымы немесе фотопленканы қолға алып, карауға болатынын түсіндіреді.<br>Құралдары: фотопленкалар немесе көк шынылар.<br>Іс-тәжірибе: жапырақтардың бір қабат бетін алып, лупамен хлорофил жасушаларын көру.<br>Балалар күннің жасыл жапырақтарының түсін жасыл болуын қамтамасыз ететінін әңгімелейді.<br>Хлоролфиллдің фотосинтез нәтижесінде пайда болатынын түсінеді.<br>**"Күлімдейміз күндей" жаттығуы.**<br>Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды),<br>Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді).<br>Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді),<br>Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына жібереді).<br>Г. Кужагулова.<br>**Еңбек әрекеті: ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>**"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек.<br>Жүргізуші былай жариялайды:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды.<br>Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.<br>**"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау.**<br>Мақсаты: ракетканы қарсыласы жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру. | **Аққайыңды бақылау**<br>Мақсаты: жыл мезгілдеріне байланысты өзгерулері мен ерекшеліктерін бақылауды жалғастыру. Табиғат бөлігі ретінде ағаштарға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Қайың – әдемі ағаш; ақ түсті қабығымен ерекше көзге түседі. Аққайың көктемде ерте бүршік жарады. Ал жапырағы кештеу шығады. Қайың ағашының бұтағы мен діңі берік, әрі шымыр. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері ара тісті. Қайың көктемде гүлдейді және гүлдері сырға секілді салбырап жатады.<br>Қайыңды суретшілер салуды ұнатады. балаларға қайынның суретін салуды ұсыну.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: алаңды ағаштардан қурап түскен бүршіктерді, ұсақ бұталарды жинау.**<br>Мақсаты: бірігіп жұмыс істеуге, берілген мақсатқа бірігіп жетуге дағдаландыру.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Педагог ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог:<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>**"Қайыңға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге машықтандыру; тапсырманы зеректікпен және шапшаңдықпен орындауға дағдыландыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | **Көліктерді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауға, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атауға тарту; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.<br>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.<br>**Ересек әрекеті: ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды.<br>Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді.<br>Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**"Кегльді қағып ал" жаттығуы.**<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу".<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | **Ауа-райы жағдайын бақылау.**<br>Мақсаты: табиғат құбылысы - тұман жайлы түсініктерін қалыптастыру; мезгілдік құбылыстарды бақылауға, сол құбылыстың ерекшеліктерін байқап, қорытынды жасауға үйрету.<br>"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>Қазақ ауыз әдебиеті.<br>**Еңбек әрекеті: құмсалғыштағы құмды қопсыту.**<br>Мақсаты: жұмысты тиянақты орындау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Жабдықтары: тырнауықтар, күрекшелер, қолғаптар.<br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға алдын-ала құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды көрсету мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (Құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (Бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (Төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**"Тауық пен түлкі" ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың белгі бойынша. ойын ережесіне сай жылдам әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Торғай-торғай, тоқылдақ" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Халық ауыз әдебиеті. | Тілге арналған жаттығу.<br>Әртүрлі өлеңдер оқу.<br><br>Әйнегі - күн, шатыры - аспан,<br>Кең дала....<br>Төсі толған егін.<br>Көлдері күміс шашқан,<br>Қазақстан - Республикам менің! | "Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты.<br>Заттарды көлемі бойынша салыстыруды, қалың және жұқа заттарды ажыратуды үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. | **"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Ж. Сымақов. | "Жұмбақ сан" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты.<br>Балаларды қарапайым математикалық амалдар қосу мен азайтуды шығаруға дайындауға, алғашқы ондықтағы алдыңғы және кейінгі сандарды анықтау дағдыларын бекітуге ықпал ету;<br>Барысы.<br>Мысалы, үштен үлкен сан, бірақ бес санынан кіші; қандай сан үштен кіші, баладан сол санды табуды сұрау. Бала әртүрлі сандарды атайды, ал тәрбиеші аталған саннан үлкен немесе кіші санды айтады. Кейін баламен рөл ауыстыруға болады. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | Айына бір рет"Отбасы күнін" өткізу. | Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері". |

# Жоспар қандай кезеңге жазылды (айды ,жылды,көрсету).Маусым айы 27.06 - 01.07.2022ж.

| Ересек тобы | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | №1 | | | | |
| Күндері | 27.06 - 01.07.2022ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Нұрлы күн / Солнышко лучистое | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | **«Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы** | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | **Ештаева А Орынбаева Д** | | | | |
| | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| | | | | | |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балаларды дене қызуын тексеріп, терілері мен көңіл-күйлеріне қарау; ата-аналармен оқу құралдары, көрнекі құралдар, балалардың жазғы уақыттағы оқу-ойын әрекетіне қатысуы жайлы әңгімелесу; | | | | |
| Еңбекке баулу | "Қуыршақтарды жуындыру".<br>Мақсаты: балаларды тәрбиешіге қуыршақты жуындыруға көмектесуге үйрету: суға салынған қуыршақтарды шаюға, оларды щётканың көмегімен тазалауды меңгерту. Сумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Ересектерге көмектесу ниетін, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу. | "Біз ойын бөлмесі мен жатын бөлменің терезе алдын, дымқыл матамен сүртеміз". Мақсаты: балаларды сумен жұмыс істеу барысында, келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, матаны сулау және сығу, кірлеген кезде сумен жуу. | "Бөлме өсімдіктеріне пульверизатормен су бүрку".<br>Мақсаты: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтағы ылғалдылықтың қажеттілігі жайлы түсініктерін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты күтім жасауға тәрбиелеу. Өз бетінше суғару қажеттілігін анықтауға үйрету (өсімдіктің сыртқы түрқы және топырақтың түсі мен қалпына байланысты), суғару | "Таза орындықтар".<br>Мақсаты: балаларды ойын бөлмесіндегі орындықтарды таза және ұқыпты ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүрту; оқу қызметінен кейін орындарына қою. Еңбек дағдылары мен жұмыс барысында мәдени – гигиеналық талаптарды сақтау біліктіліктерін дамыту. Ересектерге көмектесу ниетін, еңбекке құрметпен | "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсаты: балаларда өз төсектерін күтіп ұстау біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу, басқаларға көмектесуге ұмтылу; еңбекке баулу; өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | "Сипаттамасы бойынша таны" дамытушылық ойыны.<br>Мақсаты: сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту (зат есі мен сын есімді байланыстыру). "Қатарға тұрып билейік" жаттығуы. Мақсаты: балаларды жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зерек болу қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту. Жаттығуды көңілді әуен жазбасын қосып өткізуге болады.<br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Басты оң-солға бұрып,<br>Қос иықты көтерейік.<br><br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Жоғары қол көтеріп,<br>Бұлғап, төмен түсірейік.<br><br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Аяқты кезек көтеріп,<br>Маршпен шапалақтап жүрейік.<br>Д. Ахметова. | "Лото" үстел үсті ойыны.<br>Мақсаты: қоршаған ортамен таныстыру, танымдарын кеңейту. Лото көптеген түрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік береді. Ойын барысында логикалық ойлау, байқампаздық, зейін, есте сақтау қабілеті дамиды, ұсақ қол моторикасы жетіледі.<br>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) | "Сиқырлы қорапша" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: баланың сөйлеу тілін, түйсігін, ойлау қабілетін дамыту, сипаттау мәтінін құрауды пысықтау.<br>"Қане, көрсет" жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың ойлау, қабылдау, зейін, елестету, пантомималық қабілеттерін дамыту; көліктер туралы түсініктерді пысықтау; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балаларды шеңберге немесе қатарларға тұруға ұсынуға, ырғақты әуенді қосып қоюға болады.<br>Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту)<br>Машина жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту)<br>Пароход жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету)<br>Мотоцикл жүріп келеді, қане, көрсетші. (Екі қолды жұдырыққа түю, қолды кезек-кезек екі жаққа бұру)<br><br>Тікұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту).<br>Велосипед жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту, денені екі жаққа теңселту )<br>Катер жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету) | "Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көкөністер).<br>Мақсаты: балалардың жеміс пен көкөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көкөністердің кескіндері.<br>- Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш).<br>- Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көкөністерді атайды)<br>- Оларды қандай бір сөздермен біріктіреміз? (Жемістер, көкөністер.)<br>- Суреттегі көкөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар.<br>Пазл жинау ойыны.<br>Мақсаты: ұсақ қол моторикасы мен қозғалыс координациясын дамыту, тапсырманы жан-жақты қырынан көру қабілетін жаттықтыру, развивает логикаларын дамыту, табандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы. Мақсаты: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын | "Өрнекті құрастыр" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: зейін, қабылдау, ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту, түстер жайлы білімдерін бекіту, шығармашылық қабілеттерін ұштау.<br>"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.<br>Мақсаты: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері.<br>Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді.<br>Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.<br>Мақсаты: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>"Төрт досым".<br>Төрт досым жанымнан өткен:<br>Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Ұмытпаймын не бүгін, не ертең:<br>"Жаз, күз, қыс және көктем".<br>Д. Ахметова. |
| Таңғы жаттығу | Кешенді жаттығу. Балалардың денсаулығын нығайтуға ықпал ету, күнделікті жаттығу әдетін қалыптастыру.<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Оңға қарай иіліп,<br>Солға қарай иіліп,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Бойымызды созайық. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Тамақтану кезіндегі мәдени дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын (қасық пен шанышқы) дұрыс қолдану; майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпеу, асты-ауызды жауып шайнау, тамақ ішкен кезде сөйлемеу;<br>Асты-шашпай, төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш<br>Ақырын алып қолына<br>Шашпай же нанды да<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тамақ ішер кезде біз<br>Сөйлемейміз, күлмейміз<br>Астан басқа өзгені | | | | |
| Ойындар, оқу қызметіне дайындық | Балаларды ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары | | | | |
| | Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді".<br>Мақсаты: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер.<br>Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау)<br>Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю)<br>Мұнда әсем түймедақ, ( "Түймедақ" - балалар ортаға шығып,қол бұлғайды)<br>Жайқалып тұр, тамаша,<br>Көбелек пен аралар ("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді)<br>Гүлге қонды, жарыса!<br><br>Шөп арасын қарасаң,<br>Бүлдірген бар қызарған.("Бүлдіргендер" жүгіріп шығып,беттерін ұстап, бастарын шайқайды )<br>Жасырынып жатқаны,<br>Көзге түспей, тәп-тәтті!<br><br>Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады) | Әңгімелесу: "Құс ұясын бұзба; ағаштарды сындырма; демалып отырған орнына қоқыс тастама; бұлақты ластама".<br>Мақсаты: табиғатты аялау қағидаларына бейімдеу. | "Дене мүшелері" жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақтату; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою)<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау)<br>Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары)<br>Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек - кезек екі жаққа сермеу<br>Мынау – сол қолым.<br>Барлық істі басқарған. (Шапалақтап) | "Еркелетіп ата" дидактикалық ойыны Мақсаты: сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жаңа сөз құрау. | "Тікұшақ қайда ұшып барады?" дамытушылық жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды суретке қарап, тікұшақтың қай жаққа ұшып бара жатқанын анықтап айтуға машықтандыру; кеңістікті, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін пысықтау.<br>Педагог балаларды алдын-ала тікұшақтың қалай қозғалып, ұшатынын бейнежазбалар арқылы көрсетеді.<br>Солдан соң түрлі бағыттарға ұшқан, түрлі кеңістік пен жазықтықта ұшып-қонғаны туралы суреттерді кезегімен көрсетеді.<br>Құралдары: тікұшақтың жоғары, төмен, оң, сол жақтарға ұшқаны туралы суреттері.<br>Балалар мысалы жауаптары: "Тікұшақ солға ұшады", "тікұшақ солға ұшады", "тікұшақ жоғары ұшады", "тікұшақ төмен ұшады", "тікұшақ жерге қонады", "Тікұшақ аспанда ұшады".<br>Балалар тікұшақтың иілгіш екенін байқайды. |
| Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ | Сөйлеуді дамыту<br>**Тақырыбы:**""Нұрлы күн"<br>Мақсаты: Жазғы ауа-райы,жазғы күннің ерекшелігі туралы түсіндіру. | Дене шынықтыру<br>**Тақырыбы:**"Күлімдеп тұр нұрлы күн"<br>Мақсаты: Балаларды аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруға; көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүру іскерліктерін жетілдіру; қатарға екеуден тұру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар допты алысқа дәлдеп лақтыру дағдыларын дамыту. | Көркем әдебиет<br>**Тақырыбы:**"Әңгімелеп үйренеміз. А. Осеева "Тәтті тоқаш" Мақсаты: Балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойларын еркін айтуға үйрету; оқылған әңгіменің мазмұнын меңгерту; еңбекті бағалап, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру; оқиғаны өмірмен байланыстыра айту дағдысын дамыту; ата-анаға, үлкендерге сыйластыққа тәрбиелеу. | Сурет салу<br>**Тақырыбы:** " «Аспандағы ғажайып құс»<br>Мақсаты: Балаларды аспандағы құстың суретін салуға, дене бөліктерінің пішінін бере білуге үйрету; ұсақ қол моторикасын , зейіндерін, қиялдарын, жазықтықты бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту ; бояу, қылқаламмен сурет салуға жаттықтыру; сұлулық жайлы түсініктерін кеңейту, табиғат нысандарына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>Музыка<br>Т а қ ы р ы б ы :<br>"Әсем табиғат"<br>Мақсаты: Өткен материалды балаларға естеріне | Жаратылыстану<br>**Тақырыбы:**""Әрқашан күн сөнбесін!"<br>Мақсаты: Аспан денелерімен танысуды жалғастыру, жердегі жарық пен жылу көзі күн туралы кеңірек түсінік беру. Күннің жердегі тіршілік үшін маңыздылығын анықтау. Балалардың жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту. Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | Гүлзардағы гүлдерді бақылау.<br>Мақсаты: гүлдің өсуі мен дамуын бақылауды жалғастыра білуге дағдыландыру; ойлау, зейін, қабылдау қабілеттерін дамыту.<br>Балаларға календула, космея гүлдерін салыстыруға шақыру.<br>Еңбек әрекеті: дала өсімдіктеріне күтім жасау (қопсыту, суғару, шөптеу).<br>Мақсаты: Ұжымдық еңбектен алатын жағымды сезімдерін тәрбиелеуді жалғастыру.<br>"Кім спортшы?" жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау)<br>Жаттығуда адымда.<br>Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Денемізді иеміз, (Алға еңкею)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру)<br>Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу)<br>Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру)<br>Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау)<br>Бізде бәрі тамаша!<br>Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау)<br>"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Ойын мақсаты: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақ сүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді.<br>Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту ойыны "Тастардан секіру" | Торғайды бақылау.<br>Мақсаты: торғайдың сыртқы дене ерекшеліктері, тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; сөздік қорларын молайту.<br>"Торғайдың әні".<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Ж. Сымақов.<br>Торғайдың қимылдарын бақылап, құстың екі аяқпен секіретіні, алаңның өзге жеріне секіріп, қанаттарымен бір-екі рет қағып, тез жете білетіні, ағаш бұтасына шыр етіп ұшып кететіні туралы әңгімелеу.<br>Еңбек әрекеті: ойын жабындысын жинау.<br>Мақсаты: еңбек дағдыларын дамыту. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>"Бақшадағы тауықтар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: орташа қарқындағы жүгіруде, жартылай отыруды және қанаттарын қаққан қозғалысты келтіруді жаттықтыру.<br>Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейіндікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, дымқыл құммен ойындар.<br>Мақсаты: ұсақ қол моторикасын дамыту. | Күнді бақылау.<br>Мақсаты: балаларды күнді бақылаудың ережелеріне баулу; күннің Жер шарының, адамның бүкіл табиғат объектілерін, құбылыстарына тікелей әсер ететініне көңіл аудару; зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Педагог күнді бақылау алдында, балаларға, күнге қарау үшін, белгілі көк шыныны немесе фотопленканы қолға алып, қарауға болатынын түсіндіреді.<br>Құралдары: фотопленкалар немесе көк шынылар.<br>"Күлімдейміз күндей" жаттығуы.<br>Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды),<br>Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді).<br>Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді),<br>Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына жібереді).<br>Г. Кужагулова.<br>Еңбек әрекеті: қураған шөпті жинау. Қолғаптарды қолдану. Аллергиясы бар балалардың қатыспауын ескеру.<br>Мақсаты: еңбек дағдыларын дамыту; өсімдіктерді аялауға, ересектерге көмек көрсетуге деген ниеттерін тәрбиелеу.<br>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>"Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны. Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту.<br>Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.<br>Құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктіліктерін қалыптастыру. | Раушангүл бұталарын бақылау.<br>Мақсаты: Өсімдіктердің өсуі мен дамуын бақылау, табиғи ортаға қамқорлық көзқарасты қалыптастыруды жалғастыру.<br>Еңбек әрекеті: гүлдерді суару.<br>Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеу, тапсырманы тиянақты орындау.<br>Су құйғыштарды қолдану.<br>"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдары: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар.<br>Педагог балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады.<br>Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға бөлініп, құрауға болады.<br>"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады.<br>Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады.<br>Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды.<br>Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>"Күннің суретін сал" қимылды ойыны-жаттығуы.<br>Мақсаты: спорттық ойындар мен жарыстарға қызығушылықтарын арттыру; ептілікті дамыту.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.<br>Мақсаты: құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктіліктерін қалыптастыру. | Кемпірқосақты бақылау.<br>Мақсаты: жаз мезгілінің ерекшеліктерін, табиғатта болатын өзгерістер жайлы түсініктерін бекіту, "кемпірқосақ" жайлы түсініктерін кеңейту.<br>"Кемпірқосақ".<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат,<br>Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты.<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>Еңбек әрекеті: ойын алаңын ұсақ бұтақтардан жинау.<br>Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеу, ортақ тапсырманың орындалуына қол жеткізу, өзара көмекке тәрбиелеу.<br>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.<br>"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.<br>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.<br>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.<br>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі. |
| Серуеннен оралу | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| Түскі ас | Жууну ережесін бекіту, жууну бөлмесінде тәртіпті сақтау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Күндізгі ұйқы | Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім"<br>Мақсаты: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту. | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. | | | | |
| Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Асхана бойынша кезекшілік міндеттерін адал орындауды үйретуді жалғастыру: дастарханды толық жаю. | | | | |
| Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | "Не өзгерді?" дамытушылық ойыны. Мақсаты: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар:<br>Әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы.<br>Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін. Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады. Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді. Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.<br>Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар". Мақсаты: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені<br>жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді;<br>экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс | "Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін дамыту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе " аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" -құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары.<br>Сюжетті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар".<br>Мақсаты: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | "Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны. Мақсаты: негізгі және қосымша түстер жайлы түсініктерін бекіту. Ойын барысында балалар түрлі түсті жолақтарды таңдайды, түстерді сәйкес рет-ретімен орналастырып, кемпірқосақ құрайды. Сюжетті-рөлдік ойын "Жануарлар бағы". Мақсаты: балалардың жануарлар бағы, қорғауға алынған жан-жануарлар жайлы түсініктерін бекіту; ветеринар дәрігер, орнитолог туралы түсініктерін бекіту; мамандардың жануарлар бағында қандай рөл ойнайтынын анықтау; жануарларға қамқорлық танытуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Барысы. Тәрбиеші балалармен бірге ойын алдында жануарлар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлем бойынша қорғалатын аңдар мен құстар жайлы бейнебаян көреді. Ветеринар дәрігер, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңызы жайлы талқылау қажет. Балалардың өздері жануарлар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді атап, таңдайды. Кейіпкерлер өзіне қажет киім үлгілері мен құралдарды алады да, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, оларды белгіленген орындарға отырғызып, қозғалтады, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орындарын қарайды, көмектерін тигізеді. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам жойылып бара жатқан аңдар мен құстар үшін жауапкершілікті сезіну, қамқорлық таныту, тіршілік етуіне қолайлы жағдай туғызу қажет. | "Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар.<br>Барысы.<br>Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды.<br>Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б..<br>Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы"<br>Мақсаты: ойын арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету, кітапхананың әлеуметтік маңыздылығын көрсету; кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: оқырман формулярларын рәсімдеу, кітапханашының өтінім қабылдауы, картотекамен жұмыс, кітап беру, оқу залының жұмысы. | Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".<br>Мақсаты: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>Сюжетті-рөлдік ойын."Дәріхана".<br>Мақсаты: балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар.<br>Барысы.<br>Педагог алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды. Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады. |
| Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Тәрбиешінің сүйемелдеуімен киім киюдің реттілігін бекіту. Өз киім-кешектерін ұқыпты ұстауға, тияқтылыққа тәрбиелеу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | Бағдарлау. Ойын алаңына экскурсия. Мақсаты: балаларды бағдарлау барысына, басынан бастап, аяғына дейін, зейін салып, қатысуға бейімдеу; дүниетанымын кеңейту; өсімдіктер әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балаларға балабақша ғимаратын айналып өтіп, аумағында не өсіп тұрғанын анықтауды ұсынады.<br>Көркем сөз. "Ағаш".<br>Қала да орман, қыр да орман.<br>Сонау алыс жылдардан<br>Өзен бойы, жол бойы<br>Орман, орман ырғалған.<br>Қаптай өскен өңірді<br>Орман қандай өмірлі!<br>С. Сейтхазин.<br>Нақтылау: қайсысы ағаштар, бұталар, гүлдер.<br>Гүлзардың жанына тоқтап, ондағы гүлдерді қарастыру.<br>Балалар өсімдіктердің жаз мезгілінде жасыл түсті болатынын аңғарады. Жасыл түс - фотосинтездің (флорофилл) нәтижесінде пайда болатын құбылыс.<br>Еңбек әрекеті: жолдарды сыпыру.<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>"Үйректер мен аңшылар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты. Ұйымшылдыққа, зейінділікке тәрбиелеу, өз қимыл-қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту, балаларды допты қозғалмалы нысанға тигізуге жаттықтыру, көру қабілеттерін дамыту.<br>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қойып, "бояушы" қандай бояуды қалайтынын сұрап жатады.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.<br>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады.<br>Дербес ойындар: шығарылған материалмен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлай білуді, тепе-теңдікті сақтай білуді | Көбелекті бақылау.<br>Мақсаты: көбелек оның құрылысы, шығуы жайлы білімдерін кеңейту, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>"Көбелек".<br>Гүлді, бақты аршаларды<br>Аралады, шаршамады.<br>Ұша берді көбелек те,<br>Төмендеп те, төбелеп те.<br>Нәзік қанат талар емес.<br>Қонды барып қалақайға,<br>Оны сезген балақай ма?<br>Ж. Сәтібеков.<br>Балаларға көбелекті әсем ететін қанаттарының боялған өрнектері екенін байқату, ал денесі мен алты аяғы, басы мен көздері көбелектің нағыз жәндік екендігін нақтылы дәлелдейді.<br>Еңбек әрекеті: құмсалғыштың айналасындағы құмды жинау.<br>Мақсаты: аса ауыр жұмысты ұлдарға орындауды (құмды шелекке салып шығару), қыздарға құмды сыпырғышпен сыпырып, қалақшаға салып көмек көрсетуді үйрету.<br>"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек.<br>Жүргізуші былай жариялайды:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.<br>"Қуып жет те, секір" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: қозғалыс белсенділігін дамыту, ұзындыққа секіре білу.<br>Дербес ойындар: шығарылған материалмен ойындар, топтық ойындар.<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысты дамыту, ұзын секіртпеден секіруді пысықтау; арақатынастарды дамыту. | Аспанды бақылау.<br>Мақсаты: балаларды аспандағы болып жатқан құбылыстарды ажыратуға, атауға дағдыландыру; ауа райының құбылмалы екендігін түсінуге үйрету.<br>Балаларды түрлі табиғат құбылыстарымен: ашық, бұлтты, бұлыңғыр таныстыру.<br>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) Еңбек әрекеті: гүлзардағы гүлдерді суару. Мақсаты: балаларды тиісті еңбек әрекеттерін орындауды үйрету.<br>"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>"Жанды лабиринт" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: тепе-теңдікті, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын, тапқырлықты дамыту; бірлескен іс-қимылдардың реттілігін жаттықтыру.<br>Еркін ойындар: шығарылған материалмен ойындар, топтық ойындар.<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысты дамыту, допты алға, қолды бүкпей беру біліктіліктерін бекіту; арақатынастарды дамыту. | Өрмекшіні бақылау.<br>Мақсаты: өрмекші оның өзіндік ерекшеліктері жайлы білімдерін кеңейту және бекіту; табиғат жайлы реалистік түсініктерін қалыптастыру.<br>"Өрмекші мен шыбын".<br>Бір өрмекші зор қылып,<br>Жатыр еді тор құрып.<br>Шыбын айтты:<br>– Өрмекші,<br>Мұныңнан не өнбекші?<br>Таста да бос айланы,<br>Іс етсеңші пайдалы.<br>Өрмекші айтты:<br>– Шыбыным,<br>Ғұмыр емес ғұмырың.<br>Тасынарсың, толарсың,<br>Бәрінен құр қаларсың,<br>Торыма кеп қонарсың,<br>Сонда асым боларсың...<br>А. Асылбек.<br>Балаларға өрмекшіні "жыртқыш" та деп айтуға болатынын түсіндіру, торды бақылатып, өрмекшінің өзге жәндіктерді аулаға құралы екендігін көрсету.<br>Еңбек әрекеті: үлескені жинау.<br>Мақсаты: балаларда тәртіпке саналы көзқарас қалыптастыру, бастама мен үлескені жинау барысындағы дербестікті ынталандыру.<br>Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие,<br>Торай,шошқа,<br>Қозы, қошқар,<br>Қодық,құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа,шаян,<br>Торғай,шымшық...<br>Сен, қал!<br>Сен, шық!<br>Қадыр Мырза Али.<br>"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; ойын желісіне белсенді қатысуға бейімдеу, басқарушы және ойыншы рөлдерін ойнай білуге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту.<br>Алаңның бір жағында көмегімен қой қора қоршалады.<br>Ойнаушылар санамақ арқылы "қойшыны" таңдалып алады; қалғандары – "қойларды" сомдайды. "Қойшының" көзін байланады.<br>Балалардың біреуі (алғашында педагог) "қойшыдан сұрайды: "Қойшы, қойшы, маған қанша қадам бересің?". "Қойшы" өз санын (онға дейін) айтады.<br>Осы қашықтықтан "қойшы": «Менің табыным қайда?", - деп сұрайды. "Қойлар" (балалар): "Мә-мә-мә..", - деп дауыстайды да үндемей қалады. Қойшы оларды іздей бастайды.<br>Балалар жүргізушіден қашып құтылмақшы болады.<br>Егер "қойшы" балалардың бірін түртіп қалса, | Желді бақылау.<br>Мақсаты: жазда жел жылы екеніне назар аудару.<br>Іс-тәжірибелік әрекет: жел бағдардың көмегімен желдің күшін анықтау.<br>Балаларға желді, жалауларға, жапырақтарға қарап бар не жоқ екендігін, қай жаққа есетінін байқату. "Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.<br>Еңбек әрекеті: шығарылған материалдарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды серуеннен кейін ретке келтіруді үйрету: ойыншықтарды жинау, себетке салу, ойыншықтарды жинау.<br>"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>"Қарға мен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауды үйрету, бір-біріне қағыспау біліктіліктерін дамыту, тәрбиешінің нұсқаулығын тыңдау; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>Дербес әрекет: еркін ойындар, шығарылған материалмен ойындар.<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлай білу дағдысын қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу | "Сөздегі дыбысты анықта" ойын жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың фонематикалық есту қабілетін, сөйлеу тілін дамыту. | "Өрнекті жина" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: логикалық ойлауын дамыту.<br>"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>Қазақ ауыз әдебиеті. | "Есте сақта, қателеспе" ойын жаттығуы. Мақсаты: зейінін тұрақтандыру, ойлау қабілетін дамыту.<br>"Дене мүшелері" жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақтату; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою)<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау)<br>Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары)<br>Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек - кезек екі жаққа сермеу<br>Мынау – сол қолым.<br>Барлық істі басқарған. (Шапалақтап) | "Сөйлем құра"дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды берілген сөзге сөйлем құрау білуге дағдыландыру, сөздік қорларын молайту.<br>"Жәндікті ата" үстел үсті ойыны.<br>Мақсаты: балалардың жәндіктер жайлы білімдерін толықтыру. | "Жаз" тақырыбына әңгімелесу.<br>Мақсаты: сұрақтарға толық, нақты жауап беру біліктіліктерін пысықтау.<br>Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Бақшада".<br>Көңілді бар бала,<br>Бақшаға, баққа енсек.<br>Ойнаймыз аулада,<br>Төбеміз әткеншек.<br>Шешеміз жұмбақ та,<br>Жаңылтпаш айтамыз.<br>Кешкілік үй жаққа |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | "Балалалық ұяңдық" тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. | "Жаман әдеттерден қалай құтылуға болады?" тақырыбында әңгімелесу. | Кеңес"Бала өміріндегі ойыншықтардың маңызы". | "Балабақшадағы күн тәртібі" тақырыбында әңгімелесу. | Кеңес "Баланы еңбекке баулу". |

# Жоспар қандай кезеңге жазылды (айды ,жылды,көрсету).Шілде айы **04.07 - 08.07.2022ж.**.

| **Ересек тобы** | **ЦИКЛОГРАММА** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | **№2** | | | | |
| Күндері | **04.07 - 08.07.2022ж.** | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | **Жидектерден тосап қайнатамыз / Варим варенье из ягод /** | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | **«Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы** | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | **Ештаева А Орынбасарова Д** | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балаларды далада қабылдау, бір-бірлерімен сәлемдесу, үлкендердің ескертуінсіз сәлемдесу біліктіліктерін қалыптастыруды жалғастыру. Ата-аналармен және балалармен өздерін қалай сезінетіндері, демалыс күндерін қалай өткізгендері, ненің ұнағаны, ненің қызықты болғаны жайлы әңгімелесу, көңіл-күйлерін сұрау. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **"Ойыншықтарды жөндеу".**<br>Мақсаты: балаларды ойыншықтарды жөндеуге тарту; ойыншықтарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | **"Ойыншықтарды орындарына жинау".**<br>Мақсаты: өз бетінше топ ішіндегі тазалықты біліктіліктерін жетілдіру. Топтың тазалығын реттеу (ойыншықтарды, құрылыс материалдарын жинау). Эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу, еңбекке баулу. | | **"Өсімдіктердің жапырақтарын сүрту".**<br>Мақсаты: жапыраққа қолды батырмай, дымқыл шүберекпен ұқыпты сүрту, гүлдерді аялауға тәрбиелеу. | **"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".**<br>Мақсаты: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**"Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр)<br>Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады.<br>Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады.<br>Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді. Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады.<br>Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады). | **"Адымдар" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: сөздік қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілді дамыту.<br>Сипаттау: екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Олардың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі. Әртүрлі тақырыптарды қолдануға болады, қажет сөзді атап, адым жасауға болады. Бөлу сызығына бірінші жеткен топ, жеңіске жетеді.<br>**"Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Қызғалдақтай саусақтар,<br>Өсіп тұр қатар-қатар. (Саусақтарды жыбырлату)<br>Бір - саусақ, қызғалдақ,<br>Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру)<br>Үш, төрт, бес саусақ,<br>Барлығы да қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру)<br>Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау)<br>Шапалақ қақ, шапалақ. (Шапалақтау)<br>Д. Ахметова. | | **"Сөз мағынасы" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: өз ойын нақты жеткізуге, заттың ерекшелігін сипаттай отырып, оның қолданылуының негізгі түрін көрсете білуге үйрету.<br>Балаға сөздің мағынасын түсіндіруді ұсыну: "велосипед", "пышақ", "қалпақ", "доп", "хат", "қолшатыр", "жастық", "шеге", "есек", "гауһартас", "біріктіру", "күрек", "қылыш", "ыңғайсыздық", "ержүрек", "батыр", "өлең" және т. б.<br>**"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсаты: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің.<br>Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>менің еккен бағымда,<br>Өссін жүзім, өріктер.<br>**"Бақшада ма, бақта ма?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: түрлі жидектер жайлы білімдерін бекіту, сөздік қорларын кеңейту, зейіндерін дамыту.<br>Сипаттау. Әр бала, кез-келген жидектің жартысы бейнеленген суретті таңдайды және суреттейді, екінші жартысы ұстаған бала шешуін тауып, өзіне алады, егер карсыласы таппаса, онда карточка өзінде қалады. | **"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді.<br>Құрт - жорғалайды.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды.<br>**Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді".**<br>Мақсаты: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер.<br>Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау)<br>Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю)<br>Мұнда әсем түймедақ, (""Түймедақ"" - балалар ортаға шығып,қол бұлғайды)<br>Жайқалып тұр, тамаша,<br>Көбелек пен аралар (""Аралар"" мен ""көбелектер"" жәндіктерді келтіреді)<br>Гүлге қонды, жарыса!<br><br>Шөп арасын қарасаң,<br>Бүлдірген бар қызарған.(""Бүлдіргендер"" жүгіріп шығып,беттерін ұстап, бастарын шайқайды )<br>Жасырынып жатқаны,<br>Көзге түспей, тәп-тәтті!<br><br>Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады)<br>Теріп салам себетке.<br>Кіп-кішкене, моншақтай,<br>Әсер етер тәбетке.<br>Аударған А. Көкенова. |
| **Таңғы жаттығу** | Оятуға қуанышты, эмоционалды жағдай орнату, ағзаның барлық мүшелері мен жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін дамыту.<br>Кешенді жаттығу.<br>Ал балалар, тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Оңға қарай бұрылып,<br>Солға қарай бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Ұйқымызды ашайық. | | | | |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Қолды көбік пайда болғанша сабындау, мұқият шаю, құрғақ етіп сүрту дағдыларын пысықтау.<br>Ас ішудің мәдениетін<br>Сен есіңнен шығарма.<br>Арқанды түзу ұста,<br>Жан-жағына қарама.<br>Асыңды ішіп, болған соң,<br>"Рақмет" айт аспазға. | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне** | **Балаларды ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | **"Жидектер жинау" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: түстерді (жасыл, қызыл) қабылдауды, ұсынылған түстердің аталуын ажырату және сөйлеу кезінде қолдану біліктіліктерін дамыту. | **Әңгімелесу: "Бау мен бақша".**<br>Мақсаты: бау және бақша өсімдіктері жайлы қарапайым ұғымдарын қалыптастыру; бау-бақшадағы мезгілдік жұмыстар жайлы түсініктерін қалыптастыру; еңбекке баулу. | | **Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсаты: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>"Төрт досым".<br>Төрт досым жанымнан өткен:<br>Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Ұмытпаймын не бүгін, не ертең:<br>"Жаз, күз, қыс және көктем". | **"Жаз" тақырыбы бойынша иллюстрацияларды қарастыру.**<br>Мақсаты: жаз мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістер жайлы түсініктерін кеңейту, жазғы табиғат сұлулығына деген жағымды-эмоционалды қарым-қатынас қалыптастыру. |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Ы. Алтынсарин "Аурудан аяған күштірек"** (әңгімесін оқу, мазмұны бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Балаларды өмірдің әртүрлі жағдайларында саналы әрекет жасауға үйрету; анаға деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу, орын алған жағдайларды бағалай білуге дағдыландыру; өзіне және өз күшіне сену қасиеттерін дамыту; анасына деген құрмет сезімге тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Лунтик пен оның достарының саяхаты»** Мақсаты: Санақ негізінде екі топ заттардын теңдігі мен теңсіздігі туралы білімдерін бекіту; 5 шегінде санау қабілетін қалыптастыру; зейін мен есте сақтауды дамыту;<br>ұқыптылыққа, зейінділікке тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: "Маусымжан"**<br>Мақсаты: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту. | | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: "Ертегідегідей гжель"**<br>Мақсаты: "Ертегідегідей Гжель" тақырыптарында балалардың сөздік қорын дамыту. Балаларды ермексазбен дәстүрлі емес тәсілдермен жұмыс істеуді үйретуді жалғастыру; ұсақ қол маторикасын дамыту; өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту; тегістеу, кесектен үзіп алу; гжель ыдысы, ертеде, қолөнер шеберлері, т.б.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: "Құлпынайдан жасалған тосап"**<br>Мақсаты: Балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету; балаларда сапта бір-бірден аяқтың ұшымен жүру; аяқтың ұшымен жүгіру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы құрсауларды домалату іскерліктерін жетілдіру. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: "Жидектер"**<br>Мақсаты: Балалардың жидектер туралы, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсу орындары туралы, олардың түрлерімен, адам өміріндегі пайдасымен таныстыру; жидектер мен олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту, "жидектер" туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Құмырсқаларды бақылау.**<br>Мақсаты: құмырсқалармен олардың тіршілігімен, олардың басқа тіршілік иелеріне тигізетін пайдасымен таныстыруды жалғастыру; танымдық әрекеттерін белсендету, бақылауға деген тұрақты қызығушылықты дамыту.<br>"Құмырсқа".<br>Қаламайды құмырсқа<br>Қаңғыруды, билеуді.<br>Тыным алмай, ырысқа<br>Толтырады илеуді.<br>Тапқан заты ауыр боп,<br>Түссе бірі әлекке,<br>Қауымдасқан бауыр кеп,<br>Келеді тез көмекке.<br>Ауыртпалық көрмедім<br>Олар алып жықпайтын.<br>Қиындық аз дер едім<br>Түбі жеңіп шықпайтын.<br>Неге?<br>Айтсақ дұрысын:<br>Демей ұсақ, ірісің,<br>Бірі істейді бәрі үші,<br>Бәрі істейді бірі үшін!<br>Қ. Мырзалиев.<br>**Еңбек әрекетін: ойын алаңын жинау.**<br>Мақсаты: балаларда қалыптастыру; тәртіпке саналы қарым-қатынасты, тазалық кезінде бастама мен дербестікті ынталандыру.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, делдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Педагог ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог:<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен көректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>**"Жидектер жинаймыз" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: түстерді (жасыл, қызыл) қабылдауды үйрету; ұсынылған түстерді ажырату және сөйлеу барысында атауларын қолдану біліктіліктерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту. "Алысқа секір".**<br>Мақсаты: ұзындыққа секіруді жетілдіру. | **Мезгілдік өзгерістерді бақылау.**<br>Мақсаты: жаз мезгілінде өсімдіктер мен жан-жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістерді анықтауды дағдыландыру; жазғы ауа-райы жайлы түсініктерін кеңейту.<br>Көркем сөз. "Жазғы сурет".<br>Артымнан ай туғандай,<br>Алдымнан күн.<br>Түнде жұлдыз күлімдеп,<br>Қағады ым.<br>Мөлдір бұлақ,<br>Сырлы өзен суы тұнық<br>Кенет сылдыр етет те,<br>Болады жым...<br>Аппақ болып көсіліп,<br>Бұйраланып,<br>Бұрқ-сарқ ағып, көпіріп<br>Жатар жайқын.<br>Мөлдір судан бетімді<br>Көрейін деп,<br>Шыңырау - шың.<br>Ж. Саин.<br>**Еңбек әрекеті: гүлзардағы гүлдерді суару.**<br>Мақсаты: балаларды үйрету сәйкес еңбек әрекетін дамыту.<br>**"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (өз қалауы немесе санамақ бойынша таңдалады), қалған ойыншылар - балалар.<br>"Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақша болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады.<br>Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.<br>**"Өз түсіңді ізде" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: түс пен пішінді көру арқылы қабылдауды дамыту; түстерді жылдам атап, белгілі қимылдарды орындауға; есте сақтау мен зейінді дамыту.<br>Балалар белгілі пішінді көрген кезде негізгі қимылдардың бірін орындайды (алға екі аяқпен секіру; бір аяқпен секіру, аяқты жоғары көтеріп жүру, т.б.).<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар; "Допты тап" қимыл-қозғалысты дамыту ойыны.<br>Мақсаты: байқампаздықты дамыту.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөленедер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен | | **Жаңбырды бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды табиғат құбылысы-жаңбырмен таныстыруды жалғастыру.<br>Жаңбырдың өсімдіктердің өсуіне тигізетін ықпалы жайлы айту. Балаларды сөйлеу барысында жаңбырды сипаттайтын сын есімдерді қолдануды үйрету. Балалармен жазғы жаңбырды бақылау.<br>**"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)<br>**Еңбек әрекеті: берілген тапсырманы ересектермен бірігіп орындау, гүлзардағы гүлдерді түптеу.**<br>Мақсаты: бірігіп жұмыс жасауға, қойылған мақсатқа ортақ күш-жігермен жетуге баулу.<br>**"Тым-тырақай" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады.<br>**"Затты жылдам ал" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды шеңбер бойымен жүруді, жүгіруді, би қимылдарын орындауды, белгі бойынша әрекет етуді үйрету; ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, аттап жүру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту. | **Инелікті бақылау.**<br>Мақсаты: инелік жәндәгәне деген қызығушылықты ояту; инеліктің сыртқы пішінін байқап, қимылын бақылап, өзге жәндіктерден ажыратуға дағдыландыру.<br>Ұшағым бар кіші,<br>Мінбейді еш кісі. (Инелік)<br>Педагог балалардан инеліктің қандай көлік түріне ұқсастығы бар екендігін сұрайды. Инеліктің қимылына қарап, адам тікұшақты ойлап тауып, құрастырғанын айту.<br>Инеліктің батыл, шапшаң жәндік екендігін түсіндіру.<br>Балаларға Б. Житковтің "Батыл үйрек" әңгімесін мазмұндап беруге болады.<br>**Еңбек әрекеті: ойын алаңын ұсақ қураған бұтақтар мен жапырақтардан жинау.**<br>Мақсаты: өз ойын аумақтарын жинау барысында жабдықтыны ретке келтіру, тазалық жүргізу құралдарын ұқыпты қолдану, қауіпсіздік техникасын сақтау сияқты бастамаларды ынталандыру.<br>**"Инеліктің әні" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: ырғақты, мәнерлі сөйлеуді дамыту; қимыл-қозғалыс координациясын жетілдіру.<br>**"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды әртүрлі бағытта жалтарып жүгіруде жаттығу, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады.<br>Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады. Ойынның соңынанда балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>**"Кім жылдам?" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды алаңда әртүрлі бағытта жүгіруді, жылдамдықты үдетуді үйрету, белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін бекіту; жылдамдылықты, ептілікті дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту.**<br>Мақсаты: жүгіру кезіндегі жылдамдыққа жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Далаға киген киім-кешектері мен аяқ киімдерін тазалау біліктіліктерін бекіту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі асқа әзірленген тағамдарды дұрыс атау біліктіліктерін бекіту, өздерінен кейін бос ыдыстарды жинауға, оны екі қолмен ұстауға үйрету. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Түскі ұйқыға дайындалу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | Шынығу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүру. Көзге арналған жаттығу. | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Асхана бойынша кезекшілік міндеттерін адал орындауды үйретуді жалғастыру: дастарханды толық жаю. | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Компот немесе тосап" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: жемістер мен жидектерді ажыратып, өсу орнын анықтау біліктіліктерін дамыту.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Театр".**<br>Мақсаты: балаларды өзіне жүктелген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалар арасындағы достық қарым-қатынас қалыптастыру. Мәдени ошақтар олардың әлеуметтік маңызы жайлы ұғымдарын бекіту. Балалардың театр, театр труппасы, театр қызметкерлері жайлы білімдерін бекіту. Театр жұмысының ұжымдық мінезін көрсету, сөйлеу мәнерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: ширма; әртүрлі театр түрлері; афишалар; билеттер; бағдарлама; костюм элементтері.<br>Барысы. Балаларға театр таңдау ұсынылады; билеттер, афишалар дайындау; көрермендердің театрға келуі; әртістердің спектакльге дайындығы; театр қызметкерлерінің сахнаны қойылымға дайындау; антракті бар спектакль. | **"Ғажайып қап" дидактикалық ойын.**<br>Мақсаты: балалардың кейбір бұйымдар жайлы түсініктерін бекіту; байланыстыра сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту, зейіндерін тұрақтандыру. Жүргізуші балалардың алдына қап қояды. Ойыншылар қапқа қолдарын салып, сипап сезу арқылы затты анықтау керек. Кейін затты сипаттап, неден жасалғанын, пайдаланылуы жайлы айтады.<br>**Сюжеттті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат"**<br>Мақсаты: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен карауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу".<br>Балалар ұшқыш, стюардесса, диспетчер, жүк тасушы, әуе жай қызметкері рөлдерін өзара бөліп алады. Ниет білдірушілер билеттерді кассадан сатып алады, бақылаудан өтіп, ұшаққа отырады. Жүк тасушылар жүк тиеумен айналысады. Диспетчер ұшақтың ұшуын хабарлайды. Ұшу кезінде жолаушылар иллюминатордан (суреттегі бейнелерді) түрлі көріністерді – теңізді, тауларды, өзендерді, орманды қарастырады. Қайтып оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі. | | **Дене шынықтыру. "Құлпынайдан жасалған тосап"**<br><br>**"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: жалпылама сөздер "Жидектер", "Жемістер" жайлы түсініктерін бекіту. Сөздік қорларын молайту.<br>Барысы. Балалардың алдына бақшаның, ағаштың, бұталардың, макеті қойылады. Бала бір жемісті немесе жидекті таңдайды, оны сипаттайды және сәйкес ағашқа, бақшаға немесе бұтаға бекітеді (жапсырады).<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар".**<br>Мақсаты: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. | **"Түлкі, қоян және әтеш" үстел үсті театры .**<br>Мақсаты: сөйлеу тілі мен тілдік қарым-қатынасты дамыту. Ертегі мазмұндауына қосылу. Дыбысты нақты дыбыстау. Рөлдерге бөлу барысында балалар өзара келісіп, бір-біріне шыдамдылық және сыйластық танытуға дағдыландыру.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын"Пиццерия".**<br>Мақсаты: өз бетінше рөлдерді бөлу және рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалардың достық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Балаларды ойын барысында қоршаған өмір жайлы білімдерін кеңінен қолдануға жетелеу. Керекті-құралдар: алжапқыштар, ыдыс-аяқ жиынтығы; подносы; ас мәзірі; скатерти; орамалдар; майлықтар; азық-түлік жиынтықтары; пиццерия. Ойын барысында балалар өз дербестіктерін көрсетеді, үстелді таңдау; ас мәзірімен танысу; тапсырысты қабылдау; тапсырысты дайындау; ас ішу; тапсырысты төлеу; үстел үстін жинау, ыдыстарды жуу. Тәрбиеші диалог кезінде, әдеп ережелерінің сақталуын реттеуі мүмкін. |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларды бір-біріне көмек көрсетуге дағдыландыру, көрсеткен қызметі үшін, алғыс білдіруді ұмытпау, әдеп ережелерін сақтау | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Мысықты бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға, деген қызығушылыққа, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Көркем сөз. "Мысық".<br>Үстінде үйдің<br>Тұр еді мысық.<br>Қасына келді<br>Бір торғай ұшып.<br>бассалмақ болып,<br>Ыршыды мысық.<br>Жалт берді торғай,<br>Пыр етіп ұшып.<br>Биіктен жерге<br>Топ ете түсіп,<br>Мысықтың қалды<br>Жамбасы ісіп.<br>Б. Соқпақбаев<br>**Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап, шығару.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момықай,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті.<br>"Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>**"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіртпеден секіру.** | **Бақ бұталарын бақылау.**<br>Мақсаты: бақ бұталары: таңқурай, қарақат, шие жайлы ұғымдарын бекіту. Бұтақтарына, жапырақтарына және жидектеріне назар аудару. Бұталарды сипаттау біліктіліктерін жетілдіру.<br>Бұталарда қызыл моншақ,<br>Дәмін көрсе - керегі.<br>Тергің келсе - болма қорқақ,<br>Бұны аю біледі. (Таңқурай)<br>Д. Ахметова.<br>Түрі шар сияқты,<br>Түсі қан сияқты.<br>Дәмі бал сияқты. (Шие)<br>Көрсең өскен желісін,<br>Жапырағы қазтабан.<br>Мөлдір қара жемісін,<br>Қыста емес, жаз табам. (Қарақат)<br>**"Жеңіл - ауыр, баяу - тез" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды айтылған нұсқауды түсініп, ережеге сай қимылдауға машықтандыру; жабайы аңдардың қимылдары туралы пысықтау; ақыл-ой қабілеттерін дамыту.<br>- Аңдар тез және баяу, жеңіл және ауыр қозғалады; қимылдарын көрсетейік.<br>Тиін жеңіл секіреді,<br>Қоян жеңіл секіреді,<br>Түлкі жеңіл жүгіреді,<br>Қасқыр жеңіл жүгіреді.<br><br>Аю болса, ауыр аң,<br>Есікті ауыр ашады ақ.<br>Қозғалады қорбаңдап.<br>Ай-ай, аюға қиын-ақ!<br>**Еңбек әрекеті: бұталарды суару.**<br>Мақсаты: бұталарға күтім жасауға, жұмыла жұмыс істеуге жетелеу.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Ойын мақсаты: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақ сүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br>**"Доппен екі шеңбер" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: жүгірудегі жылдамдыққа жаттықтыру, бәсекелестік сезімін дамыту.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, допты лақтырып, қағып алу.** | | **Құмырсқаларды бақылау.**<br>Мақсаты: құмырсқалармен олардың тіршілігімен, олардың басқа тіршілік иелеріне тигізетін пайдасымен таныстыруды жалғастыру; танымдық әрекеттерін белсендету, бақылауға деген тұрақты қызығушылықты дамыту.<br>"Құмырсқалар, аралар – қиыспас дос, құдалар".<br>Міне, қызық тойлы ауыл!<br>Ойын-сауық, ойда ауыл.<br>Қазан асқан, от жаққан,<br>Құмырсқалар құрайлап,<br>Масалары сырнайлап,<br>Келіп жатыр жан-жақтан…<br>Қызыл, жасыл киінген,<br>Паңданып мұрын шүйірген<br>Инелік пен көбелек.<br>Шыбын-шіркей  шыңылдап,<br>Қобызын тартып қырылдап,<br>Келіп қапты бүгелек.<br>Ө. Тұрманжанов<br>Құмырсқалардан басқа қандай жәндіктерді білетіндерін, құмырсқаларды жәндіктерге неге жатқызатынын балалардан сұрау.<br>**Еңбек әрекеті: гүлзардағы гүлдерді суару.**<br>Мақсаты: гүлдерге күтім жасауға үйретуді жалғастыру.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Педагог ойынды бастайды: "Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, аланды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да аланды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, аланда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог: "Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>**"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдары: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар.<br>Педагог балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады.<br>Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға бөлініп, құрауға болады.<br>**"Кегльді қағып ал" жаттығуы.**<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу." | **Жусанды бақылау.**<br>Мақсаты: жусанмен таныстыру, оның құрылымын талдау, емдік қасиеті жайлы айту. Балалардың өсімдіктер жайлы танымдарын дамыту, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау.**<br>Мақсаты: еңбек біліктіліктерін дамыту.<br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға алдын-ала құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды көрсету мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (Құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (Бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (Төмен шоқайып отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбек әрекеті: гүлзардағы гүлдерді суару.**<br>Мақсаты: балаларды тиісті еңбек әрекеттерін орындауды үйрету.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Нысанаға кім бірінші жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс жылдамдығын, алғырлықты дамыту.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, допты бір-біріне лақтыру.**<br>Мақсаты: допты екі қолмен лақтырып, қағып алу біліктіліктерін бекіту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **Ойын-әңгіме: "Күн тәртібі және мен".** Мақсаты: монологты сөйлеуді дамыту. | **"Көңілді сан" ойын жаттығуы.** Мақсаты: тура және кері санауды дамыту, кезкелген ұсынылған цифрден санай бастауды меңгерту. | | **"Одан кейін не?" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: балалардың тәулік бөліктері, әртүрлі тәулік бөліктеріндегі балалардың әрекеттері жайлы білімдерін бекіту. | **"Не-қандай?" ойын жаттығуы** Мақсаты: орман және үй жидектерін атау, сын есімді таңдау. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "«Балаларға қандай ойыншықтар керек?" тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. | Әңгімелесу: "Ойыншықтарды өзім жинаймын". | | Әңгімелесу: "Пайдалы жидектер" | Ата-аналарға ұсыным: "Балаларға не оқуға болады?" |

# Жоспар қандай кезеңге жазылды (айды ,жылды,көрсету).Шілде айы 11.07 - 15.07.2022ж.

| Ересек тобы | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | №3 | | | | |
| Күндері | 11.07 - 15.07.2022ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Балалардың ойын-сауық әлемі / Мир детских развлечений / | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Ештаева А Орынбасарова Д | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балаларды көңілді әуенмен қарсы алу. Ата-аналармен және балалармен өздерін қалай сезінетіндері, демалыс күндерін қалай өткізгендері, қандай қызықты оқиғалар болғаны, көңіл-күйлері қандай екені жайлы әңгімелесу. Кітаптар қарастыру, әңгімелесу. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **"Ойыншықтар шкафын реттеу".** Мақсаты: балаларды өз бетімен ойыншықтарды әдемі реттеп қоюға, үйрету. Шкафтағы реттілікті сақтау, шаң сүрту. Мақсаты: еңбек дағдыларын дамыту; эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу, еңбекке баулу. | **"Ұйымшыл кезекшілер".** Мақсаты: кезекші міндеттерін дербес және адал орындау. Тәрбиеші оқу қызметіне дайындаған материалдар мен нұсқаулықтарды үстелдерге орналастыру; оқу қызметінен кейін, жұмыс орнын жуу және жинау. Еңбексүйгіштікті, үлкендерге көмек көрсету ниеттерін дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалауға, басқалардың игілігі үшін, еңбектену ниетін тәрбиелеу. | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсаты: бөлме өсімдіктерін тазалықта ұстау тәсілдері жайлы алған білімдерін нақтылау, балаларды өсімдіктердің сыртқы бейнесіне, құрылымына қарап шаңды анықтау және жою тәсілдерін үйрету. | **"Біз көмекшіміз".** Мақсаты: тамақтан кейін ыдысты үстелден жинауды үйрету. Балаларды ересектерге шамасы келгенше көмек көрсетуге жетелеу. Еңбексүйгіштікті, үлкендерге көмек көрсету ниеттерін дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалауға, құрметтеуге тәрбиелеу. | **"Бет орамалдарды жуамыз".** Мақсаты: балаларды сабындау дағдыларын, майлықтарды шайқап, сығуға үйрету. Еңбек мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Еңбексүйгіштікті, сумен ұқыпты жұмыс істеу біліктіліктерін дамыту. Ұжыммен бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Өрнекті қайтала" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: есте сақтау мен зейінді тұрақтандыруға ықпал ету.<br>**Көркем сөзді жаттау жаттығуы.**<br>Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Бақшада".<br>Көңілді бар бала,<br>Бақшаға, баққа енсек.<br>Ойнаймыз аулада,<br>Төбеміз көткеншек.<br>Шешеміз жұмбақ та,<br>Жаңылтпаш айтамыз.<br>Кешкілік үй жаққа<br>Үлкейіп қайтамыз.<br>Б. Кірісбаев. | **"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту.<br>Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары.<br>**Ережені есте сақтау жаттығуы.**<br>Жұмбақ жасыру. "Бағдаршамның шамдары".<br>Мақсаты: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Мен қауіптен абайлаймын:<br>"Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын.<br>Мен – ортаңғы дөңгелекпін,<br>"Досым, дайындал!" – деп әлекпін.<br>Мен рұқсат беріп тұрамын:<br>"Жүре бер!" – деп шақырамын.<br>Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды. | **"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі, қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыздардың және ұлдардың киімдері).<br>**"Кім спортшы?" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау)<br>Жаттығуда адымда.<br>Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Денемізді иеміз, (Алға еңкею)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру)<br>Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу)<br>Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру)<br>Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау)<br>Бізде бәрі тамаша!<br>Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау)<br>Аударған А. Кокенова. | **"Ал егер?" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: логикалық ойлауын, көру зейінділігін дамыту.<br>**"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары жоғарыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру)<br>Көрсетеді қолғабыс (Шаңсорғышпен тазалаған сыңай таныту)<br>Кішкентай шаңсорғыш! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру)<br>Тоңазытқышты ашыңыз, (Екі қолды уқалау)<br>Салқындап тұр асыңыз! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру)<br>Шәй ішейік шәйнектен (Қолды алға сермеу)<br>Ызылдайтын жәйменен! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Басып қалсаң тетігін, (Екі қолдың әр саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Қайнап кетер тоқ пешім! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Өте пысық үтігім (Алақанның сыртқы жағын бі-біріне үйкелеу)<br>Басар киім түтігін! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br>Аударған А. Кокенова. | **"Қол шапалақта" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: бала зейінінің тұрақтылығы мен ауысуын, танымдық белсенділігін дамыту; ой-өрісін кеңейту.<br>**"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Жабдығы: асық.<br>Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды.<br>Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез-келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады.<br>Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы. |
| **Таңғы жаттығу** | Кешенді жаттығу. Балалардың денсаулығының нығаюына ықпал ету, күнделікті дене шынықтыру жаттығуларын жасау әдебін тәрбиелеу.<br>Жаттығуды бастайық,<br>Бұл әдеттен қашпайық.<br>Ашайық тез ұйқыны,<br>Жақсы өтсін бұл күнім! | | | | |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Асхана құралдарын ұқыпты қолдану біліктілігіне, өтініш айтуға, алғыс білдіруге тәрбиелеу.<br>Ас ішудің мәдениетін<br>Сен есіңнен шығарма.<br>Арқанды түзу ұста,<br>Жан-жағына қарама.<br>Асыңды ішіп, болған соң,<br>"Рақмет" айт аспазға. | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне** | **Балаларды ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | **Әңгімелесу: "Күн тәртібі не үшін керек?".**<br>Мақсаты: өз денсаулықтары мен күн тәртібіне, дұрыс қарым-қатынас қалыптастыру. | **"Тікұшақ (инелік) қайда ұшып барады?" дамытушылық жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды суретке қарап, тікұшақтың (инелік) қай жаққа ұшып бара жатқанын анықтап айтуға машықтандыру; кеңістікті, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін пысықтау.<br>Педагог балаларды алдын-ала тікұшақтың қалай қозғалып, ұшатынын бейнежазбалар арқылы көрсетеді.<br>Содан соң түрлі бағыттарға ұшқан, түрлі кеңістік пен жазықтықта ұшып-қонғаны туралы суреттерді кезегімен көрсетеді.<br>Құралдары: тікұшақты жоғары, төмен, оң, сол жақтарға ұшқаны туралы суреттері.<br>Балалар мысалы жауаптары: "Тікұшақ (инелік) солға ұшады", "тікұшақ (инелік) солға ұшады", "тікұшақ (инелік) жоғары ұшады", "тікұшақ (инелік) төмен ұшады", "тікұшақ (инелік) жерге қонады", "Тікұшақ (инелік) аспанда ұшады".<br>Балалар тікұшақтың (инеліктің) иілгіш екенін байқайды. | **"Мысық қалай қимылдайды?" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды саусақ жаттығуын көрсетіп, сөзбен сүйемелдеуге машықтандыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Құралдары: саусақтарға тағылатын мысықтың маскалары.<br>Мысық қалай қимылдайды? (Қолдар үсте бетінде сол мен оң жаққа сермеп қозғалады)<br>Көрсетейік осындайда.<br>Ақырын аяқ басады, (Үстел бетімен саусақтар ұштарымен кезек жүргізу)<br>Күшіктер қуса - қашады. ("Жүгірту")<br>Орнынан, шап, секіріп, (Орнынан алға сермеп бір орнынан жылжыту)<br>Төбеге ытқып шығады. (Шапалақтау)<br>Мысыққа жылуда, жарықта (Алақандар үстелде, саусақтар созулы)<br>Болу өте қызықты:<br>Күнге көзін жұмып-ашып, (Саусақтарды орындарынан кезек көтеріп-орнына түсіру)<br>Созылып тыныш жатады.<br>Д. Ахметова. | **"Ауа-райына сай киінеміз" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ауа-райына сәйкес киіну ережелерін игерту; қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескерту; жазғы ауа-райы ерекшеліктері, адам денсаулығына келтіретін әсері жайлы ұғымдарын жалпылау және толықтыру. | **Әңгімелесу: "Мен-жаяу жүргіншімін".**<br>Мақсаты: балалармен көшеде жүру ережелерін бекіту, балаларға түрлі жағдайларда, жаяу жүргіншілер қалай әрекет ету керектігін, айтып беруді ұсыну.<br>**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар.<br>Күлімдейді алтын күн.<br>Жерде жатыр алтын құм.<br>Құстар ұшты биікке.<br>Сәбіз өсті жүйекте.<br>Кіші болдық желектей,<br>Өсеміз биік теректей.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады. |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: "Балалар күні"**<br>Мақсаты: Балалардың ойын-ауық әлемі туралы бұғымдарын жетілдіру; өз ойларын еркін жеткізуге, сөйлеуге баулу; есте сақтау қабілеттерін дамыту, тақпақтар,өлеңдер жаттау, мінерлеп айтуға дағдыландыру; достыққа, мейірімділікке, кішіге қамқор болуға, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: "Көңілді ойындар"**<br>Мақсаты: Балаларды алға ұмтыла секіруге; сызықтар арасымен ( 10 см арақашықтық ) тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету; балаларда аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, тізені жоғары көтеріп жүруге; аяқтың ұшымен жүгіру іскерліктерін дамыту. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: "Әдеби шығармалар әлемінде"**<br>Мақсаты: Балаларға кітаптан білім алатындығын, оны шығару үшін көп адамдар еңбек ететіндігі жайлы түсіндіру; кітапқа деген қызығушылықтарын ояту; есте сақтау, түсіну дағдыларын дамыту; кітапты күтіп ұстауға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: "Батпырауық"**<br>Мақсаты: Қарындаш/фломастерді дұрыс ұстау, қағаз бетінде бағдарлау, түзу сызық, өрнек салу біліктілігін бекіту; ұсақ қол моторикасын дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салуға қызығушылықтарын арттыру; өзара көмек қолын созу сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: "Би билейміз баршамыз"**<br>Мақсаты: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Табиғат патшалығына саяхат»**<br>Мақсаты: Балаларға қуанышты көңіл-күй туғызу, эмоционалды сезімталдықты ояту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін , сөйлеу қабілетін, тапқырлығы мен эрудициясын дамыту.<br>Балаларды табиғатты сүюге, құрметтеуге, жануарлар әлеміне деген қайырымдылыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Теректі бақылау.**<br>Мақсаты: терекпен таныстыруды жалғастыру, оны қарастыру, оған тән белгілерді, басқа ағаштардан айырмашылығын анықтау.<br>**Көркем сөз. "Сұлу терек"**<br>Кербезісің маңызданған, сұлу терек!<br>Орандың желбіреген жасыл желек.<br>Тұрасың ырғатылып такаппарсың,<br>Басқа ағаш көрінбейді саған серік.<br><br>Сымбатты, оқтай түзу бойың мінсіз,<br>Бұл жақта сенде - ақ көрдім мұндай көрік.<br>Аспанға бой созасың үндемейсің,<br>Такаппар, жалғыз өскен дәтің берік!<br>Сәкен Сейфуллин<br>**Еңбек әрекеті: гүлзарды қураған жапырақтардан тазалау.**<br>Мақсаты: бақша гүлдеріне дұрыс күтім жасауға үйрету.<br>**"Бұл қандай ағаштың жапырағы?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың ағаштар туралы білімдерін пысықтау; жапырақтарға қарап, ағаштарды ажыратуға дағдыландыру; зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: терек, шырша, емен, үйеңкі, қайын ның суреттері, жапырақтырының кескіндері.<br>- Балалар, сендер қандай ағаштарды білесіңдер? (Терек, шырша, емен, үйеңкі, қайын).<br>- Осы жапырақтарды тауып, қандай ағаштан түскенін анықтайық.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар аланда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар аланда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді.<br>Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, жүгірумен кезектестіріп секіру.**<br>Мақсаты: ептілікті, зейінділікті дамыту. | **Аспанды бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды аспанның ашық не бұлтты екенін анықтап; бұлттарды белгілі бейнелерге ұқсас екендігін байқауға машықтандыру; ой-қиялын, зейінін, бақылау қабілетін дамыту.<br>Көркем сөз. "Аспанда".<br>Аспан малға толып кетті -<br>Бұлттар түлік болып кетті:<br>Бір бұлт шықты ешкі болып,<br>Бір бұлт шықты мешке болып.<br><br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.я<br>Қ. Мырзалиев<br>**Еңбек әрекеті: ағаштағы құрғақ бұтақтарды жинау.**<br>Мақсаты: құралдарды қолдануды үйрету, еңбек біліктіліктерін дамыту.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Ойынды алаңның бірнеше жерінде бірнеше топ балалар үшін ұйымдастыруға болады.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | **Шегірткені бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың шегіртке, кейбір жәндіктердің қорғаныс түрлері жайлы білімдерін кеңейту, (қорғаныс түсі); жәндіктердің тіршілігіне қызығушылықтарын, байқағыштық біліктіліктерін дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға шегіртке денесінің сыртқы реңкі (жасыл, қоңырқай) шөп, жапырақ, бұталардың түстеріне сай екендігін көрсету. Түстің неге осындай екенін сұрау. Шегірткенің құстардан, кесірткелерден жасырыну амалы туралы түсіндіру.<br>Абай Құнанбаевтің И. Крыловтан аударған "Шегіртке мен құмырсқа" атты мысалын оқып беруге болады.<br>**Еңбек әрекеті: бақшадағы топырақты қопсыту.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, тазалыққа тәрбиелеу.<br>Жабдықтары: күрекшелер мен тырнауықтар, қолғаптар.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Ойын мақсаты: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақ сүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі.<br>Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br>**"Көбелектер" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: дамыту түрлі бағытта жүгіру кезінде, әрекет етуді келісу; ұлттық ойындарға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, орыннан биікке секіру.**<br>Мақсаты: күшпен жылдамдықты біріктіру. | **Көлікті бақылау.**<br>Мақсаты: өтіп бара жатқан көлікті бақылауды, жеңіл және жүк көлігін және арнаулы көліктерді ажыратуды үйрету, байқампаздықты, өз ойын нақты жеткізе білу біліктіліктерін дамыту.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.<br>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.<br>**Еңбек әрекеті: ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру.**<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>Мақсаты: бастаған істі аяғына дейін жеткізуге баулу.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді.<br>Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды.<br>Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>**"Түрлі-түсті автокөліктер" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: ойын ережесін сақтауды, тәрбиешінің белгісі бойынша, кеңістікті бағдарлап, белгілі бағытта, бір-біріне соқтығыспай жүгіруді жетілдіру.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар; қимыл-қозғалысты дамыту, белгі бойынша тоқтап, қайта жүру.<br>Мақсаты: зерек болып жүру техникасын жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>**"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.**<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті: гүлдердің тұқымдарын жинау.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Қағаздан қалташаларды қолдану.<br>**"Тікұшақ (инелік) қайда ұшып барады?" дамытушылық жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды суретке қарап, тікұшақтың (инелік) қай жаққа ұшып бара жатқанын анықтап айтуға машықтандыру; кеңістікті, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін пысықтау.<br>Педагог балаларды алдын-ала тікұшақтың қалай қозғалып, ұшатынын бейнежазбалар арқылы көрсетеді.<br>Содан соң түрлі бағыттарға ұшқан, түрлі кеңістік пен жазықтықта ұшып-қонғаны туралы суреттерді кезегімен көрсетеді.<br>Құралдары: тікұшақты жоғары, төмен, оң, сол жақтарға ұшқаны туралы суреттері.<br>Балалар мысалы жауаптары: "Тікұшақ (инелік) солға ұшады", "тікұшақ (инелік) солға ұшады", "тікұшақ (инелік) жоғары ұшады", "тікұшақ (инелік) төмен ұшады", "тікұшақ (инелік) жерге қонады", "Тікұшақ (инелік) аспанда ұшады".<br>Балалар тікұшақтың (инеліктің) иілгіш екенін байқайды.<br>**"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек.<br>Жүргізуші былай жариялайды:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу. | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі асқа әзірленген тағамдарды дұрыс атау біліктіліктерін бекіту, өздерінен кейін бос ыдыстарды жинауға, оны екі қолмен ұстауға үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың жайлы ұйқысына жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | Ұйқыларынан оянып, төсекте жатып жасайтын жаттығу; балалар жатқан қалыпта, төсектен тұрмай, көрпе астында аз мөлшерде орындайды.<br>Жалпы дамытушылық жаттығу; (төсекте 2-3 минут) балалардың ұйқыдан, ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған жаттығу.<br>Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында уқалау жолдарымен жүру. | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Рационалды тамақтану және оның пайдасы туралы түсініктерін кеңейту.<br>Тамақтанып болғаннан кейін, ыдыс-аяқты раковинаға апарып, ұқыпты салуға үйрету. | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы".**<br>Мақсаты: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) жайлы түсініктерін бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнеролик көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңыздылығын талқылау қажет.<br>Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді.<br>Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді.<br>Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. | **"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың орман және көгал өсімдіктері жайлы білімдерін бекіту; сөздердің жалғауларын нақты айту; есте сақтауларын дамыту.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Менің жанұям".**<br>Мақсаты: өз бетімен жоспарланған сюжет үшін, ойын ортасын жасауға үйрету. Топпен жұмыс істеу ниетін тәрбиелеу.<br>Барысы: балалар рөлдерді бөліп, өз бетінше ойнайды. Балалар өзара бір-бірімен ақылдасып, өз әрекеттерін жоспарлайды. Тәрбиеші диалогтардың нығаюына ықпал етеді, қосымша, бағыттаушы сұрақтар қоюы мүмкін. | **"Еркелетіп ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: сөздер арасындағы қосымшаларды дұрыс байланыстыру.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Минимаркет"**<br>Мақсаты: балалардың азық-түлік дүкені түсініктерін бекіту, сатушы мен сатып алушы рөліндегі әрекеттерді игеру, мейірімді қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Сатушы балалардың қалауымен тағайындалады. Сатып алушылар қажетті құралдар (себет, қолданылатын қажетті құралдарды, қол арбаны, карточканы, тауарды таңдайды, сатушы тауарды жарнамалайды, бағасын айтады. Тәрбиеші ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. | **"Ағаш бұл…" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: ой-өрісін дамыту, балалардың өз білімдерін іс-тәжірибеде қолдана білуге, бір затты әртүрлі көзқараста көруге мүмкіндік беру.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Тазабекте қонақта"**<br>Мақсаты: балалардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тазалық құралдарын қолдану тәсілдері жайлы білімдерін кеңейту; гигиеналық шараларды күнделікті орындауды үйрету; тазалыққа, өз денсаулықтарын күтуге тәрбиелеу.<br>Барысы. Ойын басында тәрбиеші балаларға топқа Тазабектен сыйлық келгенін хабарлайды. Ары қарай балалар ішіндегі заттармен танысады, әр заттың маңызын анықтайды. Тәрбиеші келген тазалық құралдарын қолданып, қуыршақты олармен пайдалануды үйретуді ұсынады.<br>Балаларға  балабақшадағы таңғы жиынды немесе түскі ұйқы алдындағы гигиеналық шараларды көрсетуді ұсынуға болады. | **"Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Аурухана"**<br>Мақсаты: дәрігер, медбике мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері жайлы білімдерін кеңейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу.<br>Барысы: Ойынның барлық қатысушылары өз бетінше рөлдерге бөлініп, әрқайсысының міндеттерін талқылайды: дәрігер (науқасты қарайды, шағымын тыңдайды, емдеуді тағайындайды), медбике (алғашқы көмек көрсетеді, емдеу шараларын жүргізеді), науқастар (аурудың белгілерін бейнелейді). Арнайы киімдерді қолдануды ұмытпау керек. Балалар ойын барысында, өздерінің дәрігерге қараланған сәтін көрсете алады.<br>Тәрбиешіге назарын балалардың  науқастардың жағдайына жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетуіне аударуы керек. |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | өз бетінше жылдам және ретпен киіну біліктіліктерін бекітуді жалғастыру; далада өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау; бір-бірлеріне көмек көрсету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Жазғы жаңбырды бақылау.**<br>Мақсаты: жаз мезгілінің ерекшеліктері, жансыз табиғатта болып жатқан өзгерістерді бекітуді жалғастыру, жазғы және күзгі жаңбырдың айырмашылығы жайлы түсінік беру.<br>"Жау, жаңбыр".<br>Жау-жау, жаңбыр, жау, жаңбыр,<br>Жауған жаңбыр – жауған нұр.<br><br>Жердің шаңы басылсын,<br>Гүлдің аузы ашылсын.<br>Еккен егін көктесін,<br>Бізге нанды көп берсін.<br><br>Жау, жау!<br>Гүлденсін бау!<br>Жақан Смақов<br>**Еңбек әрекеті: құм салғыштағы құмды қопсыту.**<br>Мақсаты: жұмысты орындау кезінде ұқыптылық танытуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (өз қалауы немесе санамақ бойынша таңдалады), қалған ойыншылар - балалар.<br>"Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.<br>**"Ұшақтар мен тікұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың қайта-қайта бағытты өзгерте отырып, жүгіру біліктілігін жаттықтыру, бір-бірлеріне соқтығыспай, белгі бойынша қимыл-қозғалысты орындау.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, кедергі арқылы секіру.**<br>Мақсаты:  қуат сапасын, батылдықты, шыдамдылықты дамыту. | **Өрмекшіні бақылау.**<br>Мақсаты: өрмекші оның негізгі ерекшеліктері, сыртқы тұрқы, тіршілік етуі жайлы білімдерін кеңейту және бекіту. Табиғат жайлы нақтылы ұғым қалыптастыру.<br>"Өрмекші мен шыбын".<br>Бір өрмекші зор қылып,<br>Жатыр еді тор құрып.<br>Шыбын айтты:<br>– Өрмекші,<br>Мұныңнан не өнбекші?<br>Таста да бос айланы,<br>Іс етсеңші пайдалы.<br>Өрмекші айтты:<br>– Шыбыным,<br>Ғұмыр емес ғұмырың.<br>Тасынарсың, толарсың,<br>Бәрінен құр қаларсың,<br>Торыма кеп қонарсың,<br>Сонда асым боларсың...<br>А. Асылбек.<br>**Еңбек әрекеті: кіші топ балаларының ойын алаңын жинауға көмектесу.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікті, жасы кішіге көмек көрсетуге деген ниеттерін дамыту.<br>**"Қыз қуу" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың қозғалыс белсенділігін дамытуды жалғастыру; ережелерді өз бетінше орындауға үйрету; ұлттық ойындарға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Жабдығы: асық.<br>Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды.<br>Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез-келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады.<br>Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы.<br>**"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты доппен дамыту.**<br>Мақсаты: қабырға алдында, доп ойнау әдістерін жетілдіру. | **Мезгілдік өзгерістерді бақылау.**<br>Мақсаты: жаз мезгіліндегі өсімдіктер мен жан-жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістерді анықтауды үйрету. Жазғы ауа-райы жайлы түсініктерін кеңейту. Табиғаттағы өзгерістер жайлы ұғымдарын қалыптастыру, жаз мезгіліне тән ерекшеліктерді ажыратуды үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті: жолдарды құмнан сыпыру.**<br>Мақсаты: құралдарды дұрыс қолдану біліктіліктерін бекіту, Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көкөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады.<br>Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.<br>Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны.**<br>Мақсаты: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Педагог:<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар?<br>Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.<br>Педагог алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады. ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті: "Өзеннен өту".**<br>Мақсаты: бөрене үстінде түзу және қырындап жүруге жаттықтыру; дене тепе-теңдігін сақтауға бейімдеу. | **Велосипедті бақылау.**<br>Мақсаты: велосипед оның қолданысы туралы білімдерін бекіту, балаларға және ересектерге арналған велосипедтер болатынын нақтылау.<br>Балалардан велосипедтің өзге көліктерден айырмашылығы туралы сұрау.<br>Адам велосипедті қолданып, қандай пайда алатынын әңгімелеу.<br>Велосипедтің спортқа, тауға, ойындарға түр-түрі бар екендігін туралы айту, суреттерін көрсету.<br>Велосипедтің табиғатқа ешбір зиян келтірмейтінін айту.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.<br>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.<br>**Еңбек әрекеті: гүлзардың ішін қоқыстан тазалау жұмыстары.**<br>Мақсаты: ұжымдық еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті.<br>Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Қолыңды артқа жасыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда белгіге әрекет ету жылдамдығын дамыту. Жүгіру кезінде денені түзу ұстауды, қағып алуды жаттықтыру.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіру "Биікке секір".**<br>Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуді дамыту; қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | **Аққайыңды бақылау.**<br>Мақсаты: қайыңның ерекшеліктерін атау; басқа ағаштардан ажырату; ағаштың әсемдігіне тамсану сезімін тәрбиелеу **.**<br>**Еңбек әрекеті: гүлдерді суару.**<br>Мақсаты: ұжымдық жұмысқа үйрету; топпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**"Түсін анықта" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: түс пен пішінді көру арқылы қабылдауды дамыту; түстерді атап, ажыратуды үйрету; есте сақтау мен зейінді дамыту.<br>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, жүгіру кезіндегі жаттығулар: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, кішкентай және үлкен адымдар.<br>Мақсаты: жүгіру техникасын жақсарту.<br>**"Бұл қандай ағаштың жапырағы?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың ағаштар туралы білімдерін пысықтау; жапырақтарға қарап, ағаштарды ажыратуға дағдыландыру; зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: терек, шырша, емен, үйеңкі, қайың ның суреттері, жапырақтарының кескіндері.<br>- Балалар, сендер қандай ағаштарды білесіңдер? (Терек, шырша, емен, үйеңкі, қайың).<br>- Осы жапырақтарды тауып, қандай ағаштан түскенін анықтайық.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **Саусақ жаттығуы: "Апта күндері".**<br>Мақсаты: қол саусақтарының қозғалысын дамыту . | **Әңгімелесу: "Балабақшадағы менің сүйікті ойындарым".**<br>**"Қане, көрсет" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың ойлау, қабылдау, зейін, елестету, пантомимalық қабілеттерін дамыту; көліктер туралы түсініктерді пысықтау; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту)<br>Машина жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту)<br>Пароход жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету)<br>Мотоцикл жүріп келеді, қане, көрсетші. (Екі қолды жұдырыққа түю, қолды кезек-кезек екі жаққа бұру)<br><br>Тікұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту).<br>Велосипед жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту, денені екі жаққа теңселту )<br>Катер жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету)<br>Автобус жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту) | **Әңгімелесу: "Менің сүйікті жан-жануарларым".**<br>**"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.**<br>Мақсаты: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері.<br>Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады.<br>Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді. | **"Сипаттамасынан таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: сипаттау әңгімесін құрауды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту.<br>**"Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Қызғалдақтай саусақтар,<br>Өсіп тұр қатар-қатар. (Саусақтарды жыбырлату)<br>Бір - саусақ, қызғалдақ,<br>Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру)<br>Үш, төрт, бес саусақ,<br>Барлығы да қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру)<br>Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау)<br>Шапалақ қақ, шапалақ. (Шапалақтау)<br>Д. Ахметова. | **"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту.<br>**"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары: геометриялық пішіндер жинақнамалары, шаршы пішінді парақтар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Театр қуыршақтарын жасау" тақырыбында кеңес. | Әңгімелесу: "Балалардың үйдегі ойыншықтары" | Кеңес: "Баланың көшедегі қауіпсіздігі". | Әңгімелесу: "Баланы еңбекке баулимыз". | Кеңес: "Бала тәрбиесіне онлайн ойындардың ықпалы". |

# Жоспар қандай кезеңге жазылды (айды ,жылды,көрсету).Шілде айы **18.07 - 22.07.2022ж.**

| **Ересек тобы** | **ЦИКЛОГРАММА** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Апта нөмірі* | **№4** | | | | |
| *Күндері* | **18.07 - 22.07.2022ж.** | | | | |
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | **Көкөністер дүкені / Овощная лавка /** | | | | |
| *Мекеменің атауы, тобы* | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | Ештаева А Орынбасарова Д | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балаларды далада қабылдау, бір-бірлерімен сәлемдесу.<br>Отбасылық жағдай және оның баланың дамуы мен эмоционалды жағдайына әсері туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **"Таза орындықтар".**<br>Мақсаты: балаларды топтағы орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүрту; оқу қызметінен кейін, орындарына қою. Еңбек дағдылары мен біліктіліктерін, жұмыс барысында мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау біліктіліктерін дамыту. Үлкендерге көмектесу ниеттерін, олардың еңбектерін құрметтеуге тәрбиелеу. | **"Біз ойыншықтарды әдемі жинаймыз".**<br>Мақсаты: топтағы ойыншықтарды өз бетінше реттеп, ұқыпты жинау біліктіліктерін жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын, басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. | **"Асхана бойынша кезекшілік".**<br>Мақсаты: балаларды кезекшілік міндеттерін өз бетімен тиянақты, адал орындауға үйрету. Қолды таза жуу, кезекшінің киімін кию, дастарханды дұрыс әзірлеу. Тамақтан кейін ыдысты тазалау. Еңбекке баулу, басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. | **"Қуыршақтың киімдерін жуу".**<br>Мақсаты: балаларды тәрбиешіге қуыршақтардың киім-кешектері мен төсек жаймаларын жууға көмектесуге үйрету: балаларды жұмыс алдында алжапқыш киюді үйрету; жуу және кептіруге қажет арнайы құралдарды, сондай-ақ жұмыс орнын дайындау; сабынды қолдана білу. Еңбек дағдылары мен біліктіліктерін, жұмыс барысында мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау біліктіліктерін дамыту. Басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. | **"Кітаптарды жөндеу".**<br>Мақсаты: балаларды кітаптарды желімдеуді, желім мен қайшыны дұрыс қолдануды, майлықтарды пайдалануды үйрету. Еңбек дағдылары мен біліктіліктерін, көзбен мөлшерлеуді, ұсақ қол моторикасын, шығармашылық қиялдарын дамыту. Басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін, кітаптарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>**"Базарда".**<br>Не қалайсың, базарда<br>Барлығы бар, дайын да:<br><br>Жеміс-жидек, көкөніс,<br>Ет, балық пен сүтіміз.<br><br>Құрт, ірімшік, қаймақ<br>Барлығынды тойдырмақ.<br><br>Түрлі-түрлі азықтар,<br>Тәттілер мен жармалар.<br><br>Нан өнімінен бауырсақ,<br>Бәліштер, тоқаш томпақ.<br><br>Ұсақ-түйектен не қаласаң,<br>Базардан сен табасың.<br>Д. Ахметова<br>**"Көкөністі танып, ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту; денсаулық үшін көкөністер мен жемістердің пайдасын жайлы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру, толық жауап беруге ынталандыру.<br>**"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді.<br>Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды.<br>Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.<br>Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны. | **"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көкөністер).**<br>Мақсаты: балалардың жеміс пен көкөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көкөністердің кескіндері.<br>- Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш).<br>- Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көкөністерді атайды)<br>- Оларды қандай бір сөздермен біріктіреміз? (Жемістер, көкөністер.)<br>- Суреттегі көкөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар.<br>**"Қарама қарсы сөз" атты "жұптар айтысы" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құруға дағдыландыру; сөздік қорды молайту; ойдың шапшаңдығын дамыту.<br>Құралдар: қамшы; доп немесе; немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау).<br>- Балалар, қарама-қарсы мағынада сөздерді жұптарын айту үшін, "айтысты" жариялайық.<br>- Кімге қарай қамшының сабын екі балаға көрсетемін. Сол балалардың бірі айтысты бастап, қарсы тұрған - қарама-қарсы мағынада сөзді қайтару керек.<br>- Егер білмеген балалар болса, оларға білген бала көмегі беріп, айтысты жалғастырады.<br>- жақын - алыс<br>- үлкен - кішкентай<br>- ұзын - қысқа<br>- қорқақ - батыл<br>- зұлымды - мейірімді /пантомима арқылы көмектесуге болады/<br>- баяу - жылдам<br>- астыда - үстіде<br>- артында - алдында<br>- биік - аласа<br>- қатты - жұмсақ<br>- ауыр - жеңіл<br>- сол жақта - оң жақта<br>Күрделенуі: жаттығуды жылдамдыққа ұйымдастыруға болады. | **"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: сөздік қорларын етістіктермен молайту, мағынасына сәйкес етістіктерді таңдау.<br>Педагог балаларға көкөністер мен жемістерді өсіріп, баптау, жинау әрекеттері жайында әңгімелеуді ұсынады.<br>Құралдар: жемістер мен көкөністерге тиісті адамның еңбегі туралы суреттер.<br>**"Қайсысы ең ауыр?" логикалық жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр)<br>Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады.<br>Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады.<br>Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді. Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады.<br>Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады). | **"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды, салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды.<br>**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың көркем сөзіне деген қызығушылықты арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру.<br>Тәттісін-ай, мына жеміс-жидектің,<br>Сүйсініп-ақ жейміз оны тәбетпен.<br>Сүт ботқасын таңғы асқа береміз.<br>Денсаулыққа  пайдалысы-ет екен<br><br>Ұннан піскен бауырсағым, бәлішім,<br>Тәттілерім дастарханның сәні шын.<br>Жеміс-жидек дәруменге бай екен,<br>Ең дәмдісі піскен тәтті нан екен.<br>Д. Бұланбаева. | **"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**"Фант" ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа,  ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты  сөздерді кезегімен айтып жатады.<br>Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады. |
| **Таңғы жаттығу** | Кешенді жаттығу. Балалардың денсаулығын нығайтуға ықпал ету, күнделікті жаттығу әдетін қалыптастыру.<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Оңға қарай иіліп,<br>Солға қарай иіліп,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Бойымызды созайық.<br>Белімізді жазайық. | | | | |
| **Таңғы ас  (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Асхана құралдарын ұқыпты қолдану біліктілігіне, өтініш айтуға, алғыс білдіруге тәрбиелеу.<br>Дастарханға кел жайғас,<br>Дайын түскі тамағын.<br>"Ас адамның арқауы"-<br>Нан қосып же әрдайым.<br>Ұқыпты бол, тағамға,<br>Дұрыстап іш асықпа. | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне** | **Балаларды ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | **"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар.<br>Күлімдейді алтын күн.<br>Жерде жатыр алтын құм.<br>Құстар ұшты биікке.<br>Сәбіз өсті жүйекте.<br>Кіші болдық желектей,<br>Өсеміз биік теректей.<br>Д. Ахметова.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады. | **Әңгімелесу: "Кезекшілерге арналған ережелер".**<br>Мақсаты: балалардың дастарханды қалай жаю керектігін естеріне түсіру, реттілігін сақтай отырып, тиянақты әрекет етуге үйрету, орындалған жұмыстың өзектілігін талқылау.<br>Кезекшілік барысында қажет еңбек дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. | **"Көкөністер дүкені - бұл...?" тақырыбына әңгімелесу.**<br>Мақсаты: балалардың көкөніс дүкені жайлы түсініктерін нақтылау, сөйлеулерін белсендету: көкөністер мен жемістерді, сатушы мен сатып алушының әрекеттерін нақтылайтын етістіктерді, сапалық сын есімдерді атау; | **Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?".**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру.<br>Біз көмекші болып жүреміз, (Бас бармақтарды көрсету)<br>Жеңімізді кезегімен түреміз. (Жеңді түргенге еліктеу)<br>Қолға табақшаны алып, (Саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау)<br>Уқалап, жуып береміз.<br><br>Кесе - екі қос алақандай, (Саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып, "тербету")<br>Шұңғыл алтын айдай.<br>Қолға кесені алып, (Жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып, айналдыру)<br>Айналдырып, жуып береміз.<br>Д. Ахметова. | **Әңгімелесу: "Бақшада не өседі?"**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым себеп-салдар байланысын орнатуға үйрету, оқиғаларды белгілі бір ретпен орналастыру, қалай дұрыс тамақтану керектігі жайлы түсінігіне алып келу. |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы "Жабайы аңдар, түлкі туралы ертегілер әлеміне саяхат"<br>Мақсаты: Балаларды ртегіде кездесетін хайуанаттардың мінез-құлқын, іс-әрекетін түсінуге, соның ішінде түлкінің жаман қылықтарын көре білуге жаттықтыру; әңгіме мен ертегіні салыстырып, қайсысы өмірдегі шындыққы жақын екенін ажырата білуге үйрету; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; аңдарға қамқор болуға тәрбиелеу. | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы "Көкөністерге арналған себет"**<br>Мақсаты: Балаларды үлгі схема бойынша құрастыруды үйрету; себет салу туралы балалардың ойларын жетілдіру, зейінді және қолдың ұсақ моторикасын дамыту, сөздік қорын кеңейту, тапсырмаларды орындау кезінде шыдамдылыққа, топта жұмыс істей білу қабілетін. тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы "Жаңбыр"**<br>Мақсаты: Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту.<br>Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу, музыкалық аспаптарда қатты және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру. | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы "Пайдалы көкөністер"**<br>Мақсаты: Балаларды қозғалыс бағытын өзгертіп жүру; таяқтың астынан сол бүйірмен алға еңбектеп кіру дағдыларын дамыту; балаларда аяқтарын алшақ қойып секіру; 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан сол бүйірмен алға еңбектеп кіру дағдыларын дамыту; дене шынықтыру құралдарын пайдалануға ынталандыру. | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы "Көкөністер мен** жемістер" Мақсаты: Балаларды жемістер мен көкөністердің пішіні мен оларға тән ерекшеліктерді жеткізіп көрсете білуге үйрету; шаршы мен тіктөртбұрышты қағаздан әртүрлі пішіндерді қиып алу дағдыларын қалыптастыру; қосарлап бүктеу тәсілі арқылы заттарды қиюға жаттықтыру; жапсыруға деген қызығушылықтарын арттыру; ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы "Көкөністер"**<br>Мақсаты: Балалардың көкөністер туралы білімдерін кеңейту, көкөніс бақшада өседі деген идеяны бекіту; көкөністерді сыртқы түрі бойынша ажырата білуге, оларды атауға үйрету; сөйлеу, ойлауды дамыту; адамдардың жұмысына, олардың еңбек өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | **Бақшадағы көкөністерді бақылау (қияр).**<br>Мақсаты: балаларды көкөністер қиярдың сыртқы пішіні және өсу ерекшеліктерін байқауға, суару ережелерін ескеруге баулу; көкөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екендігіне көз жеткізу.<br>Қиярдың түсі ақ тұқымын көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып, суықта үстін пленкамен жауып, баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету.<br>Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, өзегі мен жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау.<br>Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру.<br>**Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен құрғақ бұтақтардан жинау.**<br>Мақсаты: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге баулу.<br>**"Қиярлар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; қимыл координациясын пысықтау, лақтыруға күш бағыттауға машықтандыру.<br>Құралдары: ішіне жартылай құма салынған 0,5 л пластик шөлмектері.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.<br>**"Шеңбер" қимыл қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: нысананы көздеуді, ептілікті дамыту, халық ойындарына қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіртпеден секіру.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | **Бақшадағы көкөністерді бақылау (сәбіз бен қызылша).**<br>Мақсаты: балаларды сәбіз бен қызылшаның сыртқы ерекшеліктерін байқап, салыстырып, ажыратуға бейімдеу; көкөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екендігіне көз жеткізу.<br>Сәбіздің ұсақ, қызылшаның кесек тұқымдарын көрсетіп, көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып баптайтыны туралы айту.<br>Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету.<br>Жер астында жез қазық,<br>Жеуге болар ас қазық. (Сәбіз)<br>Сәбіз бен қызылшаның суықтан қорықпайтындарына көңіл аудару, күзге дейін өсетінін айту.<br>Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау.<br>Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру.<br>**Бақшадағы сәбіз бен қызылшаны бақылау.**<br>Мақсаты: көкөністерді салыстырып, қорытынды жасауға үйрету; көкөністердің өзіне тән ерекшеліктері мен қасиеттері туралы түсініктерін бекіту, олардың өсуі үшін қажет құбылыстарды атауға дағдыландыру.<br>Зерттеу. Сәбіз бен қызылша тұқымын анықтау (түсі, көлемі). Бөлме ішінде өсіру үшін қазып алу.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақшадағы піскен көкөністерді жинау.**<br>Мақсаты: көкөністерді қазып алуды үйрету; топпен бірге жұмыс жасау ұмтылысын тәрбиелеу.<br>**"Көкөністерді ата" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру, көкөніс атауларын бекіту.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде, "бояушының" қандай түсті таңдағанын анықтайды.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту. | **Бақшадағы көкөністерді бақылау (пияз).**<br>Мақсаты: пиязды өзге көкөністерден ажыратуға дағдыландыру; көкөністердің өсіп, пісуіне жазғы мезгілдік өзгерістердің әсері жайлы білімдерін бекіту; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Қалың киімді ұнатады,<br>Шешіндірсең жылатады. (Пияз)<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көкөністер жинаудағы ұжымдық еңбек.**<br>Мақсаты: жымдық жұмысқа үйрету; ересектің еңбегін қадірлеуге баулу.<br>**"Көкөністерді кім жылдам егеді?" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша орындауға, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық танытуға бейімдеу.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момықай,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті.<br>"Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар: "Тастар".**<br>Мақсаты: тепе-теңдікті, қимыл-қозғалысты дамыту. | **Бақшадағы көкөністерді бақылау (қызанақ).**<br>Мақсаты: балаларды көкөністер туралы көп білуге ынталандыру; қызанақтың сыртқы ерекшеліктерін байқауға, атауға машықтандыру; көкөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екендігіне көз жеткізу.<br>Аласа талда алуан алма,<br>Алқызыл болмай аузыңа салма. (Қызанақ)<br>Қызанақтың ұсақ тұқымын көрсетіп, көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып, суықта үстін пленкамен жауып, баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету.<br>Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, өзегі мен жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау.<br>Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру.<br>**Еңбек әрекеті: бақшада қурап қалған жапырақ, бұтақтарды жинау.**<br>Мақсаты: балаларды еңбекті бағалауға, шыдамдылық пен төзімділікке тәрбиелеу.<br>**"Тым-тырақай" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**"Өрт сөндірушілер оқу жаттығуларында" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда топтық сезімді дамыту, белгі бойынша қимыл-қозғалыстарды орындау біліктілігін дамыту, жылдам бір және екі қатарға тұруға жаттықтыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту.**<br>**"Кім алыс секіреді?" жаттығуы.**<br>Мақсаты: ұзындыққа секіруді үйрету.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | **Жазғы бақтағы жұмысты бақылау.**<br>Мақсаты: бақшада көктем, жазда жасалатын еңбек туралы білімді пысықтау; көкөністердің өсіп-өну жүйесін бақылауға бейімдеу; еңбекті құрметтеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Еңбек".**<br>Гүл өсірсең, терлеп,<br>Мұның ата - Еңбек.<br>Кесте тіксең, зерлеп,<br>Мұның аты - еңбек.<br>Қырға шықсаң, өрлеп,<br>Мұның аты - еңбек.<br>Сабағыңа жөндеп<br>Әзірлесең - Еңбек.<br>Қиындықтың бәрін<br>Еңбек қана жеңбек.<br>Н. Жанаев<br>Педагог пен балалар бақшаны баптауға және күтуге қандай еңбек керектігін әңгімелейді, етістік сөздерді қолданады; мысалы, топырақты қазу, тырнау, өскіндерді отырғызу, тұқымдарды егу, су құйғышпен суару, арам шөпті жұлу, қопсыту, ұзын сабақтарды байлау, көкөністі жинау.<br>**Еңбек әрекеті: көкөністердің қурап қалған жапырақтарды жинау.**<br>Мақсаты: бақшадағы еңбектің маңызды екендігін түсінуге тарту; қарапайым еңбек дағдыларын дамыту.<br>**"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (өз қалауы немесе санамақ бойынша таңдалады), қалған ойыншылар - балалар.<br>"Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, дымқыл құммен ойындар.**<br>Мақсаты: ұсақ қол моторикасын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларды шешіну кезінде бір-біріне көмектесуге, көмек көрсеткен үшін алғыс айтуды үйрету. | | | | |
| **Түскі ас** | Жуыну ережелерін бекіту, үстел басында отыру мәдениетіне назар аудару. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың ұйқысының жайлы болуына жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Мәдени-гигиеналық дағдылар жайлы білімдерін бекіту және оларды орындау. | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Логикалық емес байланыстар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту.<br>Барысы: Баланың алдында әртүрлі заттар бейнелеген карточкалар жатады. Балалармен бірге суретке байланысты сөз табуға байқап көру. Әр ассоциация үшін қажет суретті табу. Бала қиялына ерік беру, шектеу қоймау. Нәтижесінде кішігірім оқиға шығу керек.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру".**<br>Мақсаты: балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Барысы: тәрбиеші алдын-ала балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады.<br>Тәрбиеші балалармен бірлесіп ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженеров-құрылысшының жұмыстарын орындайды.<br>Тәрбиеші диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.<br>Тәрбиеші балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс-мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. | **"От, су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың жанды, жансыз табиғат жайлы білімдерін бекіту; алғырлықтарын, қиялдарын, зейіндерін дамыту; ізденімпаздылыққа тәрбиелеу.<br>Барысы. Балалар жарты шеңбер (шеңбер) құрып, қатарда отырады (тұрады).<br>Бірінші кезеңде ойын шартын түсіндіру мақсатында жүргізуші рөлін педагогтың өзі орындауы мүмкін.<br>Жүргізуші допты әр баланың қолына кезек-кезек лақтырады да "от!" немесе "су!", немесе "аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты қағып алған бала, әр белгі сөзіне әрқалай жауап береді. Мысалы,"от" - өздігінен айналу," су"- балық атауы, суда тіршілік етеді, су асты жануары, "аспан" - құстың атауы немесе , ұша алатын жәндік,"жер" - жануардың, жәндік аты.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Кітапхана"**<br>Мақсаты: кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>Барысы. Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: кітапханашы оқырман формулярларын рәсімдейді, өтінім қабылдайды, картотекамен жұмыс, кітап береді, оқу залында кітапханашы қажет кітапты таңдауға көмектеседі, оқырмандармен оқылған кітаптары жайлы әңгімелеседі, оқырмандар өзара әсерлерімен бөліседі. | **«Бақшаға не егеді?» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: заттарды ортақ белгілері бойынша (өсуі, қолданылуы) топтастыруды үйрету; ой ұшқырлығын, есту зейінділігін дамыту.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Медициналық емхана"**<br>Мақсаты: дәрігер, медбике мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері жайлы білімдерін кеңейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға  тәрбиелеу.<br>Барысы: Ойынның барлық қатысушылары өз бетінше рөлдерге бөлініп, әрқайсысының міндеттерін талқылайды: дәрігер (науқасты қарайды, шағымын тыңдайды, емдеуді тағайындайды), медбике (алғашқы көмек көрсетеді, емдеу шараларын жүргізеді), науқастар (аурудың белгілерін бейнелейді). Арнайы киімдерді қолдануды ұмытпау керек. Балалар ойын барысында, өздерінің дәрігерге қараланған сәтін көрсете алады.<br>Тәрбиешіге назарын балалардың науқастардың жағдайына жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетуіне аударуы керек. | **"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді.<br>Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды.<br>Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.<br>Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.<br>**Театрландырылған қойылым "Аққу-қаздар".**<br>Мақсаты: балалардың өз бетінше театрландырылған ойындарды ұйымдастыруын үйрету, рөлдер мен міндеттерді өзара бөлісу біліктіліктерін жетілдіру, шығармашылық дербестікті дамыту. | **"Бір сөзбен ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: біліктілігін жетілдіру ұсынылған үлгілерге жалпылама сөздерді таңдау, жалпылама сөздерді бекіту: көкөністер, жемістер, жидектер, гүлдер.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Сұлулық салоны"**<br>Мақсаты: шаштаразшы мамандығына деген құрмет пен қызығушылықтарын дамыту, қоғамдық орындардағы әдептілікті, мәдениеттілікті тәрбиелеу. Ойында өзара рөлдік әрекеттесуді орнатуға және рөлдік қатынастарды қабылдауларына ықпал ету.<br>Барысы. Балалар өз қалаулары бойынша, рөлдерді бөліп алады: әйелдер шебері, ерлер шебері, еден жуушы, клиенттер, тырнақ әрлеуші. Келушілер сыртқы киімдерін шешеді, шаштаразшымен әдепті амандасады, шашын қиып беруді өтінеді, шаштаразшымен кеңеседі, төлемақы жасайды, қызметтері үшін алғыс айтады. Шаштаразшы басты жуады, кептіреді, тарайды, шашты қияды, шашты бояйды, шаш күтімі бойынша кеңес береді, тырнақ әрлеуші маникюр жасайды. Еден жуушы сыпырады, қолданылған орамалдарды ауыстырады. Тәрбиеші қажет болған жағдайда жұмысты бағыттайды, диалогты сөйлеуді өрбітуге ықпал етеді. |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Тиянақтылыққа тәрбиелеу, өз киімдеріне ұқыпты қарауға, тәрбиешінің ауызша сүйемелдеуімен, дұрыс киіну реттілігін бекіту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Бұлттарды бақылау.**<br>Мақсаты: тансыз табиғаттың алуандығы жайлы түсініктерін кеңейту.<br>"Бұлт".<br>Тұңғиық, түпсіз көк аспан<br>Жайымен ғана жатыр сұлқ.<br>Керуендей адасқан<br>Келеді жылжып бір топ бұлт.<br>Кенет дауыл сап етті,<br>Қайтадан мініп қалпына.<br>Бұлтты айдап әкетті<br>Бұрылттырмай артына!<br>Мұқағали Мақатаев<br>**Еңбек әрекеті: гүл тұқымын жинау.**<br>Мақсаты: бірігіп еңбек ету біліктіліктерін қалыптастыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Қағаз қаптарын қолдану.<br>Мақсаты: еңбек дағдыларын дамыту.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**"Адымдар" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: сөздік қорының кеңейюіне ықпал ету, жеңіске ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, допты лақтырып, қағып алу. | **Масаларды бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың түрлі жәндіктер туралы ұғымдарын жүйелеу; табиғат сұлулығына сүйсіне білу біліктілігін тәрбиелеу, сөйлеу тілін дамыту.<br>"Құмырсқалар, аралар – қиыспас дос, құдалар".<br>Міне, қызық тойлы ауыл!<br>Ойын-сауық, ойда ауыл.<br>Қазан асқан, от жаққан,<br>Құмырсқалар құрайлап,<br>Масалары сырнайлап,<br>Келіп жатыр жан-жақтан…<br>Қызыл, жасыл киінген,<br>Паңданып мұрын шүйірген<br>Инелік пен көбелек.<br>Шыбын-шіркей  шыңылдап,<br>Қобызын тартып қырылдап,<br>Келіп қапты бүгелек.<br>Ө. Тұрманжанов<br>Масалардан басқа қандай жәндіктерді білетіндерін, масаларды жәндіктерге неге жатқызатынын балалардан сұрау.<br>Масаның "Қарлығаштың құйрығы неге айыр?" атты ертегі желісінде қандай орыналатыны туралы әңгімелеу.<br>**Еңбек әрекеті: бақшаны ретке келтіру (құраған жапырақтарды жинау алу).**<br>Мақсаты: ересектерге қолқабыс етуге дағдыландыру.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Кел, секірейік" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: қозғалыс белсенділігін, ұзындыққа секіру біліктілігін дамыту.<br>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, "Дененді тік ұста", мақсаты: тепе-теңдікті дамыту. | **Күнді бақылау.**<br>Мақсаты: күн-жалғыз жарық көзі екені жайлы ұғым қалыптастыру, жазғы ауа-райы, маусымдық киімдер жайлы түсінік беру.<br>Балаларды талқылауға, ойлауға, қорытынды жасауға жетелеу.<br>Көркем сөз. "Күн нұрына мың алғыс!"<br>Арайлы таң ататын,<br>Қызаратын, бататын.<br>Күн нұрына мың алғыс,<br>Күлімдеп үн қататын.<br>Ж. Искакова<br>**Еңбек әрекеті.: ойын алаңындағы гүлдердің арасын түскен, шіріген жапырақтардан тазалау.**<br>Мақсаты: еңбекке баулу, ересектерге көмектесу ниеттерін тәрбиелеу.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.<br>**"Жанды лабиринт" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды кең шеңбер жасауға үйрету; жаттықтыру ұжымдық іс - әрекеттің бірізділігі, тапқырлық пен әрекет ету жылдамдығы.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Ойынды алаңның бірнеше жерінде бірнеше топ балалар үшін ұйымдастыруға болады.<br>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, жұптасып доп лақтыру. | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: жансыз табиғат жайлы ұғымдарын кеңейту, жел жайлы білімдерін бекіту, байқампаздықты дамыту, қатты жел кезіндегі қауіпсіздік ережелерін айту.<br>**"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.**<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті: кіші топ балаларына ойын алаңын жинауға көмектесу.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, жасы кішілерге көмектесуге тәрбиелеу.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Ойын мақсаты: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі.<br>Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br>**"Біз — көңілді балалармыз" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: тәрбиешінің тапсырмасын мұқият тыңдауды үйрету; зейіндерін дамыту, тапсырмалардың дұрыс орындалуын қадағалау.<br>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, доппен қимыл-қозғалысты дамыту.<br>Мақсаты: қабырға жанындағы доппен ойын үлгілерін пысықтау. | **Көлеңкені бақылау.**<br>Мақсаты: "көлеңке" түсінігін бекіту, көлеңкенінің пайда болуы үшін, күн мен бұлттың өзара байланысы. Балалардың назарын аудару: бұлт күнді жапқан кезде, жердегі біздердің барлығымыз көлеңкеде қаламыз.<br>**Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы гүлдеп тұрған өсімдіктерді (барқытгүл)  топқа ауыстырып отырғызу.**<br>Мақсаты: гүлдің айналасын байқап қазуды, гүлдерді топырағымен бірге тиянақтап ыдысқа отырғызуды үйретуді жалғастыру.<br>**"Тығылмаш" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын, жылдамдылықты, ептілікті дамыту.<br>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар,  қимыл-қозғалысты дамыту, жүгіру біліктілігін жетілдіру.<br>**"Адымдар" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: сөздік қорларының кеңейюіне ықпал ету, тілдерін дамыту.<br>Екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Олардың арасына бөлу сызығын жүргізу керек.Ойын тақырыбы беріледі. Апта тақырыбымен байланысты, тақырыптарды қолдануға болады, сондай-ақ сөздерді, буындарды, белгіленген әріпті немесе дыбысты атауға болады. Қажет сөзді атап, адым жасалады, бөлінген сызыққа бірінші жеткен топ жеңіске жетеді.<br>**"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **Ойын-әңгіме: "Аудармашы".**<br>Мақсаты: орыс тіліндегі сөздерді бекіту | **Ойын жаттығуы: "Менің артымнан қайтала".**<br>Мақсаты: ым-ишара, қимыл-қозғалысты қайталау. | **Жағдаятты шешу: "Егер сен, құстың ұясын бұзып жатқандарды көрсең не істейсің?".**<br>Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін, табиғатты аялау сезімдерін дамыту. | **"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту.<br>Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың көркем сөзге деген қызығушылықтарын арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру.<br>Тәттісін-ай, мына жеміс-жидектің,<br>Сүйсініп-ақ жейміз оны тәбетпен.<br>Сүт ботқасын таңғы асқа береміз.<br>Денсаулыққа пайдалысы-ет екен<br><br>Ұннан піскен бауырсағым, бөлішім,<br>Тәттілерім дастарханның сәні шын.<br>Жеміс-жидек дәруменге бай екен,<br>Ең дәмдісі піскен тәтті нан екен.<br>Д. Бұланбаева. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес: "Баланы еңбекке баулу". | Ата-аналармен ішек инфекцияларын алдын алу жайлы әңгімелесу. | Медбике кеңесі: "Иммунитетті қалай көтеруге болады?" | Кеңес: "Балалардың зейіндерін дамыту" | "Сіздің баланың қандай ойындар ойнайды?" тақырыбына әңгімелесу. |

# Жоспар қандай кезеңге жазылды (айды ,жылды,көрсету).Шілде айы 25.07 - 29.07.2022ж.

| **Ересек тобы** | **ЦИКЛОГРАММА** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Апта нөмірі* | **№1** | | | | |
| *Күндері* | **25.07 - 29.07.2022ж.** | | | | |
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | **Жазғы гүлдер / Летние цветы / Summer flowers** | | | | |
| *Мекеменің атауы, тобы* | | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Тәрбиешінің балалар мен және ата-аналармен сөйлесуі: жеке әңгімелесу, балалардың жақсы көңіл-күйін қалыптастыру үшін ойындар. Жағымды атмосфера орнату. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **"Ойыншықтарды орындарына жинау".**<br>Мақсаты: өз бетінше топтағы тазалықты сақтау біліктіліктерін бекіту (құрылыс материалдары мен ойыншықтарды жинау). Эстетикалық талғамдарын, басқалардың игіліктері үшін еңбектенуге тәрбиелеу. | **"Тәрбиешінің көмекшісіне көмектесеміз".**<br>Мақсаты: тамақтан кейін үстел үстіндегі ыдысты жинауға үйрету, балаларды ересектерге қолғабыс етуге үйрету. Еңбексүйгіштікті, ересектерге көмек көрсету ниеттерін дамыту. Ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | **"Гүлдер үшін тазалық".**<br>Мақсаты: сумен жұмыс істеу барысында балаларды гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау, қатты сығу, қажет жағдайда шаю. Еңбек біліктіліктері мен дағдыларын, сумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережесін, жеке бас гигиенасын сақтауды үйрету. | **"Тәрбиешінің көмекшісіне төсек-орын жабындыларын ауыстыруға көмектесу".**<br>Мақсаты: төсек жабындыларын қолданысына қарай бөлуге үйрету, тәрбиешінің көмекшісіне көмектесу ниетін және басқалардың еңбегіне құрметпеу қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Еңбекке баулу. | **"Табиғат бұрышындағы кезекшілік".**<br>Мақсаты: бөлме өсімдіктеріне өз бетінше күтім жасау біліктіліктерін жетілдіру: суғару, жерді қопсыту. Жауапкершілікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелері мен жеке бас гигиенасын сақтауды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Үшінші артық" (өсімдіктер) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: өсімдіктердің түрлілігі жайлы білімдерін бекіту; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Иллюстрацияларды қарастыру, жәндіктер мен өсімдіктер туралы қызықты мәліметтер.<br>**Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді".**<br>Мақсаты: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер.<br>Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау)<br>Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю)<br>Мұнда әсем түймедақ, ( "Түймедақ" - балалар ортаға шығып,қол бұлғайды)<br>Жайқалып тұр, тамаша,<br>Көбелек пен аралар ("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді)<br>Гүлге қонды, жарыса!<br><br>Шөп арасын қарасаң,<br>Бүлдірген бар қызарған.("Бүлдіргендер" жүгіріп шығып,беттерін ұстап, бастарын шайқайды )<br>Жасырынып жатқаны,<br>Көзге түспей, тәп-тәтті!<br><br>Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады)<br>Теріп салам себетке.<br>Кіп-кішкене, моншақтай,<br>Әсер етер тәбетке.<br>Аударған А. Көкенова. | **"Сипаттамасы бойынша таны" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: сипаттау мәтінің құрастыруды үйрету, зейіндерін, байланыстыра сөйлеулерін дамыту.<br>**"Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Қызғалдақтай саусақтар,<br>Өсіп тұр қатар-қатар. (Саусақтарды жыбырлату)<br>Бір - саусақ, қызғалдақ,<br>Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру)<br>Үш, төрт, бес саусақ,<br>Барлығы да қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру)<br>Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау)<br>Шапалақ қақ, шапалақ. (Шапалақтау)<br>Д. Ахметова. | **"Гүлдер алаңқайы" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларға табиғаттың сұлулығын сезінуге көмектесу.<br>**"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)<br>**"Фант" ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады. | **"Дойбы" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың логикалық ойлауын, байқағыштықты, зейінділікті дамыту.<br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**"Оң қолым мен сол қолым" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың оң мен сол жақты ажырата білу қабілеттерін бекіту; мәтіннің мәніне сай қимылдауға, оң мен сол жақты дұрыс ажыратуға дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Оң қолым менің, қалайсың? (Оң қолды көрсету)<br>Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау)<br>Мен қасық ұстап аламын, (Қасықты ұстағанды көрсету)<br>Әдемі сурет саламын. (Сурет салғанды көрсету)<br>Сол қолым, сен не қалайсың? (Оң қолды көрсету)<br>Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау)<br>Мен үзілген нан аламын, (Нанды ұстауды көрсету)<br>Қағаз бетін баса аламын. (Қағазды басып тұрғанды көрсету)<br>Оң мен сол қолдарыммен, (Екі қолды көрсету)<br>Заттарды зерттеймін мен, (Саусақтармен жыбырлату)<br>Мыжғылап, ұстап-сипап, (Жұдырықты ашып-жұму)<br>Сәлем деп досқа бұлғап. (Екі қолмен жалауша тәрізді бұлғау)<br>Қолдарыммен мен үнемі, (Екі қолды көрсету)<br>Женімді бірге түремін. (Жеңдерді түргенді көрсету)<br>Нан илеп, шапалақтап, (Нан илеуді көрсету, шапалақтау)<br>Қуанышпенен қостап. (Шапалақтау)<br>Д. Ахметова | **"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары: геометриялық пішіндер жинақнамалары, шаршы пішінді парақтар.<br>**"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту.<br>Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары.<br>**Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсаты: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>"Төрт досым".<br>Төрт досым жанымнан өткен:<br>Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Ұмытпаймын не бүгін, не ертең:<br>"Жаз, күз, қыс және көктем".<br>Д. Ахметова. |
| **Таңғы жаттығу** | Дененің барлық дене мүшелері мен жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін дамыту.<br>Кешенді жаттығу .<br>Жаттығуды бастайық,<br>Бұл әдеттен қашпайық.<br>Ашайық тез ұйқыны,<br>Жақсы өтсін бұл күнім! | | | | |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Біліктілік дағдыларын дамыту: майлықты ұқыпты қолдану, нанды үгітпеу.<br>Майлықты қолдансаң әрдайым,<br>Сөйлеме үстелде - бұл тыйым.<br>Ұқыптылық танытса, әр бала,<br>Көз тоймайды соған қараса. | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне** | **Балаларды ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | **"Әдепті өтініш" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларға біреуге өтінішпен жасау кезінде айтылатын, сыпайы сөздердің мағынасын түсінуге көмектесу.<br>Балаларды қабылданған әрекеттердің, оқиғалардың адамгершілік жағын көруге, олардың мәнін түсінуге үйрету. | **Әңгімелесу: "Қауіпті жәндіктер".**<br>Мақсаты: балалардың қауіпті жәндіктер жайлы түсініктерін кеңейту, оларды сыртқы кейіпі, өзіндік ерекшеліктерді арқылы ажыратуды үйрету. | **Тұқым мен жемістің таралуы жайлы әңгімелеу.**<br>Мақсаты: бұталар мен ағаштардың тұқымы мен жемістері жайлы білім беру; тұқымның бейімделуі мен таралу тәсілдерін түсіндіру | **"Бірдей гүл жұбын тап" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабылеттерін дамыту; гүлдердің түрлерін білуге машықтандыру.<br>Педагог балаларға бір алаңның екі қатарында орналасқан сегіз гүлдерді көрсетеді.<br>Балалар гүлдердің арасында бірдей гүлдерді табу керек.<br>Педагог гүлдерді атауға да шақырады. | **Әңгімелесу: "Түрлі-түсті көңіл-күй".**<br>Мақсаты: балаларды өз іс-әрекеттеріне, назар аудару, жанашырлық танытуға, басқаларға деген жағымды қарым-қатынас орнату біліктіліктерін қалыптастыру. |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Жазғы гүлдер"<br>Мақсаты: Балаларға жаз құбылыстары, табиғаттағы ерекшеліктері,жазғы гүлдер туралы түсіндіру. | **Дене шынықтыру**<br>"Емдік гүл"<br>Мақсаты: Балаларды заттарды алысқа дәлдеп оң қолымен лақтыруға (3,5-6,5 метрден кем емес) үйрету; балаларда "жыланша" ирелеңдеп жүру; аяқты алшақ қойып, балаларда тізені жоғары көтеріп жүгіру; қозғалыс бағытын өзгертіп жүру дағдыларын әрі қарай дамыту; қимылды ойын арқылы біреуін - алға, екіншісін - артқа қойып, бір орында тұрып секіру іскерліктерін жетілдіру. | **Көркем әдебиет**<br>"Мақал-мәтелдер" мазмұны бойынша әңгімелеу<br>Мақсаты: Балаларды мақал-мәтелдер туралы түсінік беру. Балаларды халық ауыз әдебиетінің түрлерімен, мақал-мәтелдермен таныстыру; оларды бір-бірінен ажырата білуге, мәнін терең түсініп, мағынасын аша білуге үйрету; тіл байлықтарын дамыту, шығармашылық елестету қасиетін дамыту; өз ұлтына деген мақтаныш сезімдерін оятып, кішіпейілділікке, адамгершілікке тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>«Гүлденген жаз»<br>Мақсаты: Балалардың жазғы гүлдер жайлы түсініктерін нақтылау, табиғатқа деген қызығушылықтарын, сұлулығын көру біліктіліктерін ояту, "түрту" техникасымен таныстыруды жалғастыру; ұсақ қол моторикасын, көзбен мөлшерлеуді дамыту, зейіндерін тұрақтандыру; айналасындағыларға деген достық қарым-қатынасқа, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеу; дәстүрден тыс сурет салу тәсілдеріне қызығушылықтарын арттыру.<br><br>**Музыка**<br>"Көңілді арбакеш әні"<br>Мақсаты: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту. | **Жаратылыстану**<br>«Жабайы және бақша гүлдерінің әлемі»<br>Мақсаты: Балаларды жабайы және бақша гүлдерімен таныстыру; өсімдіктер тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жабайы және бақша гүлдері өсетін жер туралы түсінік беру; өсімдіктердің өсу шарттары (жарық, су, жылу, топырақ) туралы білімдерін бекіту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Жазғы гүлдерді бақылау (барқыт гүлі).**<br>Мақсаты: балалардың барқыт гүлі жайындағы түсініктерін тиянақтау; барқыттың өзге гүлдерден айырмашылығын өздігінен көріп, айтуға бейімдеу; гүлдерді аялауға тәрбиелеу.<br>Балаларға барқыт гүлдерін қарастыруды ұсыну.<br>Балалар гүлдің түсін (сары, қызыл-сары), ортасы сарғыш, күлтешесі қалың қызыл-сары, пішіні шар тәрізді екендігін байқайды.<br>Жапырақтары мен сабағының ерекшеліктерін айтып (қараңғы жасыл түсті, сабағы жуан), ұстап-сипайды.<br>Балалар барқыт гүлінің иіс хош екендігін айтады.<br>Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын ескеру керек.<br>**Еңбек әрекеті: гүлзарды қалыпқа келтіру.**<br>Мақсаты: бірігіп еңбектенуге үйрету.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Педагог ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, аланды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да аланды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, аланда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог:<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Еңбек әрекеті: гүлзарды қураған жапырақтардан тазалау.<br>Мақсаты: бақша гүлдеріне дұрыс күтім жасауға үйрету.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту: "Денені түзу ұста".**<br>Мақсаты: тепе-теңдікті дамыту. | **Жазғы гүлдерді бақылау (бақбақ).**<br>Мақсаты: емдік өсімдік-бақбақпен таныстыруды жалғастыру, табиғатты аялау және қорғау біліктіліктерін мен ниеттерін қалыптастыру.<br>**Көркем сөз.**<br>Гүлге айналып құлпырып,<br>Түрлі-түсті бояулар.<br>Киіп сары көйлегін,<br>Бақбақ гүлі оянар.<br><br>Қалықтайды ұлпасы,<br>Ақ періште сияқты.<br>Нәзік желмен ұшып жүр,<br>Таңғажайып гүл басы.<br>Д. Бұланбаева<br>Бақбақты емді өсімдіктерге жатқызатынын түсіндіру.<br>Бақбақтың гүлдеген және солған қалыптарында ерекше әсем көрінетінін байқату. Балаларға бақ-бақты үрлету; мамыққа жабысқан ұрық арқылы таралатынын көрсету.<br>**Еңбек әрекеті: гүлдердің топырағын қопсыту.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, достық өзара көмек жасасуға бейімдеу.<br>Жабдықтары: күрекшелер, тырнауықтар, қолғаптар.<br>**"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: ойнауды үйрету, ережелерді сақтау; ептілікті, жылдамдықты, зейінділікті дамыту.<br>Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, құрдастарымен өзара қарым-қатынасқа түсу біліктіліктерін қалыптастыру.<br>**"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдар: жасанды не гүлдер, не жасанжы жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар.<br>Педагог балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады.<br>Затар жиынын жекеше немес шағын топтарға бөлініп, құрауға болады.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысты дамыту, аланды бағдарлай білу, заттарды сипаттамасы бойынша табу біліктіліктерін дамыту. | **Жазғы гүлдерді бақылау (петуния).**<br>Мақсаты: бақта және жазықта өсетін гүлдер туралы білімін жүйелеу және бекіту; петуния гүлінің құрамы неден тұратынын түсіндіріп, гүлдерді суарып, баптау қажеттілігі туралы айтып, қамкорлыққа баулу.<br>Сабағы, түбірі, жапырағы, гүлденуі; көбею.<br>Гүлдердің түсі ақ, қызыл, қызғышт, күлгін болады; тәңертең гүл күлтесінің ашылып, кешке жабылатындығын айту. Гүлдердің әсемдігін қызықтай білуге тәрбиелеу және топты безендіруге қанша гүл керек болса, сонша жинау.<br>Нәзік гүлдер петуния,<br>Түсі күлгін, көк сия.<br>Күлшесі күндіз ашылып,<br>Кешке таман жабылып,<br>Гүлзарды жаулап алады,<br>Жаз бойы көз тартады.<br>**Еңбек әрекеті: кеуіп қалған петунияның тұқымдарын пакеттерге жинау.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбилеу.<br>Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын ескеру керек.<br>**"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (өз қалауы немесе санамақ бойынша таңдалады), қалған ойыншылар - балалар.<br>"Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады.<br>Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.<br>**"Жүзік" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың үлкен және кішкентай шеңбер құрып тұру біліктіліктерін бекіту, мәтін мен қимыл-қозғалысты сәйкестендіру.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, "Нысанаға тигіз".**<br>Мақсаты: көзбен мөлшерлеуді дамыту. | **Жазғы гүлдерді бақылау (календула).**<br>Мақсаты: балалардың календула гүлі жайындағы білімдерін тиянақтау; календула гүлінің өзге гүлдерден айырмашылығын айта білу қабілетін жетілдіру; гүлдерді күтуге, аялауға тәрбиелеу.<br>Балаларға календула гүлдерін қарастыруды ұсыну.<br>Балалар гүлдердің түсін, жапырақтары мен сабағының ерекшеліктерін айтып, байқап ұстап-сипайды.<br>Балалар календула гүлдерінің пішіні қарапайым, күлтешесі сары түсті болуына, иісі хош екендігін айтады.<br>Гүлдердің кеуіп, солып жатса, ұрық беретінін, ұрықтың сырғаға ұқсайтынын байқап айтады.<br>Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын ескеру керек.<br>**Еңбек әрекеті: календула ұрықтарын жинау.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, гүлдерді аялауға тәрбиелеу.<br>Құралдары: қағаз пакеттері.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады.<br>Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады.<br>Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды.<br>Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Кім нысанаға дөп тигізеді?" қимылды ойын-жаттыуы.**<br>Мақсаты: дербестікті, тапқырлықты, батылдықты дамыту.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, орнынан биікке секіру.**<br>Мақсаты: күш пен жылдамдықты біріктіру. | **Жел мен бұлттарды бақылау.**<br>Мақсаты: жаздың ашық аспан сұлулықты көру біліктіліктерін бекіту; шығармашылық қиялдарын дамыту. Болжамдар: бұлттар жылдам қозғалса – ауа-райы ашық болады.<br>"Аспанда".<br>Аспан малға толып кетті -<br>Бұлттар түлік болып кетті:<br>Бір бұлт шықты ешкі болып,<br>Бір бұлт шықты мешке болып.<br><br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев<br>**"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>Қазақ ауыз әдебиеті.<br>**Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы орындықтарды тазалау.**<br>Мақсаты: бірігіп жұмыс істеу, айналасын таза ұстауға үйрету.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек.<br>Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Тез орында" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: қимылды белгі бойынша бастауды үйрету, қарқын бәсеңдеген сайын, қол қимылдары мен адымдарды жиілету.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, еңкейіп жүру.** Мақсаты: қимыл-қозғалысты тәрбиешінің тапсырмасы бойынша орындау қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу. | | | | |
| **Түскі ас** | Тиянақты, асықпай шырынды ішу немесе жемістер жеу біліктілігін бекіту.<br>Рационалды тамақтану және оның пайдасы жайлы түсініктерін кеңейту. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Аудиотаспа тыңдау.<br>Күшті қалыпқа келтіру үшін жайлы ұйқыға дайындалу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | Ұйқыларынан оянып, төсекте жатып жасайтын жаттығу; балалар жатқан қалыпта, төсектен тұрмай, көрпе астында аз мөлшерде орындайды.<br>Жалпы дамытушылық жаттығу; (төсекте 2-3 минут) балалардың ұйқыдан, ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған жаттығу.<br>Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында уқалау жолдарымен жүру. | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Тамақтану алдында қол жуу дағдысын тәрбиелеу; асхана құралдарын ұқыпты қолдана білу; | | | | |
| | **"Жұмыс үшін кімге не қажет?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың мамандақтар туралы түсініктерін дамыту. Аталған мамандық иесіне қажет, еңбек құралдары мен материалдарын табуды үйрету.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Аяқ киім әлеміне саяхат".**<br>Мақсаты: топтастыра білу қабілетін дамыту; заттарды салыстыра білу біліктіліктерін жаттықтыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтары бойынша ерекшеліктерін табу; балтыры, өкшесі, басы, табаны, тілі, ұлтарағы, бауы, қорғау, жалаңаяқ сөздері арқылы сөздіктерін байыту; байланыстыра сөйлеуді, танымдық қызығушылықтарын дамыту, өз ойын дәлелдей алуға ықпал ету; киім-кешектеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>Барысы: Балалар тәрбиешімен бірге таныс аяқ киім шеберіне барады. Шебер шығып, балаларға аяқ киім түрлерін көрсетеді, балалар аяқ киімдерді атайды. | **"Кітап детективі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: әріптерді нақты суреттермен сәйкестендіруді үйрету; ой ұшқырлығын дамыту.<br>Барысы: әріпті жұмбақтап, балаға тапсырма беру - кітаптан сол әріпке сурет табу. Егер бірнеше бала ойнаса, жарыс элементтерін енгізу: кім қажет суреттер санын көп тапса, сол таңдайды.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Сұлулық салоны"**<br>Мақсаты: шаштаразшы мамандығына деген құрмет пен қызығушылықтарын дамыту, қоғамдық орындардағы әдептілікті, мәдениеттілікті тәрбиелеу. Ойында өзара рөлдік әрекеттесуді орнатуға және рөлдік қатынастарды қабылдауларына ықпал ету.<br>Барысы. Балалар өз қалаулары бойынша, рөлдерді бөліп алады: әйелдер шебері, ерлер шебері, еден жуушы, клиенттер, тырнақ әрлеуші. Келушілер сыртқы киімдерін шешеді, шаштаразшымен әдепті амандасады, шашын қиып беруді өтінеді, шаштаразшымен кеңеседі, төлемақы жасайды, қызметтері үшін алғыс айтады. Шаштаразшы басты жуады, кептіреді, тарайды, шашты қияды, шашты бояйды, шаш күтімі бойынша кеңес береді, тырнақ әрлеуші маникюр жасайды. Еден жуушы сыпырады, қолданылған орамалдарды ауыстырады. Тәрбиеші қажет болған жағдайда жұмысты бағыттайды, диалогты сөйлеуді өрбітуге ықпал етеді. | **"Кім қайда?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: заттардың кеңістікте орналасуын ажыратуды үйрету (алдында, артында, арасында, ортасында, оң жақта, сол жақта, астыда, үстіде), талқылау біліктіліктерін бекіту.<br>Барысы: ойыншықтарды бөлменің әртүрлі жеріне орналастыру. Балалардан сұрау, қандай ойыншық алдыда тұр, артында, жанында, алыста и т. б. Сұрау, жоғарғы жағында не бар, төменде, оң жақта, сол жақта және т. б. Тәрбиеші ойлану үшін нақтылау сұрақтарын қоюы мүмкін. "Ал егер затты, ойыншықты ауыстырса? Ал сендер қалай ойлайсыңдар?"<br>**Сюжеттті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат".**<br>Мақсаты: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу".<br>Барысы: Балалар ұшқыш, стюардесса, диспетчер, жүк тасушы, әуе жай қызметкері рөлдерін өзара бөліп алады. Ниет білдірушілер билеттерді кассадан сатып алады, бақылаудан өтіп, ұшаққа отырады. Жүк тасушылар жүк тиеумен айналысады. Диспетчер ұшақтың ұшуын хабарлайды. Ұшу кезінде жолаушылар иллюминатордан (суреттегі бейнелерді) түрлі көріністерді – теңізді, тауларды, өзендерді, орманды қарастырады. Қайтып оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі. | **"Достарыңды ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: ертегілердің басты кейіпкерлері мен мазмұны жайлы білімдерін бекіту; байқампаздықты, зейінді дамыту.<br>Барысы. Балалар жүргізушіні таңдайды, ол ертегі кейіпкерлері бейнеленген лотоны алады, балалар карточкаларды топқа біріктіреді дедостары-ертегі кейіпкерлерін атайды: Буратино, Мальвина, Пьеро; Чебурашка, Гена және т.б, ертегінің қысқаша мазмұны.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Тазабекте қонақта"**<br>Мақсаты: балалардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тазалық құралдарын қолдану тәсілдері жайлы білімдерін кеңейту; гигиеналық шараларды күнделікті орындауды үйрету; тазалыққа, өз денсаулықтарын күтуге тәрбиелеу.<br>Барысы. Ойын басында тәрбиеші балаларға топқа Тазабектен сыйлық келгенін хабарлайды. Ары қарай балалар ішіндегі заттармен танысады, әр заттың маңызын анықтайды. Тәрбиеші келген тазалық құралдарын қолданып, қуыршақты олармен пайдалануды үйретуді ұсынады. Балаларға  балабақшадағы таңғы жиынды немесе түскі ұйқы алдындағы гигиеналық шараларды көрсетуді ұсынуға болады. | **«Қандай құс екенін тап?» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: түсініктерін нақтылау және кеңейту құстардың жазғы тіршілігі, құстарды өзіне тән ерекшеліктері бойынша сипаттауға үйрету; есте сақтауды дамыту; Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>Барысы. Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтың балалары құстарды сипаттайды, ал екіншілері-қандай құс екенін табу керек. Жұмбақтарды қолдануға болады. Кейін өз сұрақтарын басқа топ қояды.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Минимаркет".**<br>Мақсаты: балалардың азық-түлік дүкені түсініктерін бекіту, сатушы мен сатып алушы рөліндегі әрекеттерді игеру, мейірімді қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Сатушы балалардың қалауымен тағайындалады. Сатып алушылар қажетті құралдар (себет, қолданылатын қажетті құралдарды, қол арбаны, карточканы, тауарды таңдайды, сатушы тауарды жарнамалайды, бағасын айтады. Тәрбиеші ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Гүлзардағы гүлдерді бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың гүлзардағы гүлдердің атауын нақтылау, гүлдердің құрылымдық ерекшеліктерімен таныстыру.<br>Балаларға гүлдерді атауға шақыру (календула, барқыт гүлі, раушангүл, түймедақ, шегіргүл, космея).<br>Балалардан гүлдерді қандай ерекше белгілерге қарап ажырататындарын сұрау (күлшеннің түсі, пішіні, сабының ұзындығы мен қалыңдығы, жапырақтарының пішіні).<br>**Еңбек әрекеті: ойын алаңын қоқыстардан және құрғақ бұтақтардан тазарту.**<br>Мақсаты: өз еңбектерінің нәтижесін көруді үйрету.<br>**"Аралар мен қарлығаштар" қимыл-қозғалыс ойыны**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс белсенділігін, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту.<br>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, көзбен мөлшерлеу қабілетін, лақтыру күшін дамыту.<br>**"Көгершінді қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: ептілікті, жылдамдықты жетілдіру (артқа қарамай, белгі бойынша жүгіру).<br>**"Кім жоғары?" ойыны.**<br>Мақсаты: белгі бойынша балалардың жер деңгейінен жоғары тұрған заттардың үстіне шығып алу қабілетін дамыту.<br>"Заттар" деп орындықтарды, сатыларды, діңгектерді көру.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысты дамыту, алаңды бағдарлай білу, заттарды сипаттамасы бойынша табу біліктіліктерін дамыту. | **Бұлттарды бақылау.**<br>Мақсаты: аспан оның біздің Жер шарымызға тигізетін әсері жайлы түсініктерін кеңейту, аспан әлемінің алуандығы мен сұлулығын қабылдауды дамыту.<br>"Аспанда".<br>Аспан малға толып кетті -<br>Бұлттар түлік болып кетті:<br>Бір бұлт шықты ешкі болып,<br>Бір бұлт шықты мешке болып.<br><br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қадыр Мырзалиев<br>**Еңбек әрекеті: аула сыпырушыға ойын алаңын жинауға көмектесу.**<br>Мақсаты: еңбекті бағалауға тәрбиелеу.<br>**"Ұшты - ұшты" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуді жетілдіру.<br>Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.<br>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.<br>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.<br>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.<br>Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады.<br>Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.<br>**"Кегльді қағып ал" жаттығуы.**<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысты дамыту, алаңды бағдарлай білу, заттарды сипаттамасы бойынша табу біліктіліктерін дамыту. | **Гүлдерді бақылау.**<br>Мақсаты: өсімдіктерге күтім жасау біліктіліктерін бекіту, оларды суару, шөптеу, олардың арасындағы айырмашылықтарды көру; әсемдік сезімдерін бекіту.<br>Балаларға арналған гүлді баптау қандай жабдықтарды білетіндерін сұрау (тыршауыш, сыпырғыш, күрекше, су құйғыш).<br>Кез келген жабдықты қолданып, гүлдерді қалай баптау керектігін көрсетуді ұсыну.<br>**Еңбек әрекеті: гүлдерді баптау.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік.<br>Педагог балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды.<br>Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.<br>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стакандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.<br>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіру шарты орындалу тиіс.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысты дамыту, алаңды бағдарлай білу, заттарды сипаттамасы бойынша табу біліктіліктерін дамыту. | **Құмырсқаларды бақылау.**<br>Мақсаты: құмырсқалармен олардың тіршілігімен, олардың басқа тіршілік иелеріне тигізетін пайдасымен таныстыруды жалғастыру; танымдық әрекеттерін белсендету, бақылауға деген тұрақты қызығушылықты дамыту.<br>**Еңбек әрекеті: үлескені құмнан тазалау.**<br>Мақсаты: бастаманы мадақтау, еңбектенуге ниеттену, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Мәреге жет те, секір" қимылды ойын-жатттығуы.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту, ұзындыққа секіре білу.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, ұзын секіртпеден секіруді пысықтау.**<br>Мақсаты: күш-жігерін дамыту. | **Көгалдағы гүлдерді бақылау (шалғындық өсімдіктерді).**<br>Мақсаты: өсімдіктердің тірі екенін, олар өсіп, өзгеретіні жайлы түсініктерін қалыптастыру; табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>Көгалда шалғындық шөптердің өсетіні турады айту (бақбақ, қалампыр, қызыл беде, ана мен өгей шеше, қоңырау).<br>**Еңбек әрекеті: гүлдерді суару.**<br>Мақсаты: гүлдерге қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Су құйғыштарды қолдану.<br>**"Тым-тырақай" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**"Жүзік" аз қимылды ойыны**<br>Мақсаты: балалардың үлкен және кішкентай шеңбер жасап тұру біліктіліктерін бекіту, мәтін мен қимыл-қозғалысты сәйкестендіру, зейінді дамыту.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Ойынды алаңның бірнеше жерінде бірнеше топ балалар үшін ұйымдастыруға болады.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, заттар арқылы секіруді жалғастыру.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысты дамыту, алаңды бағдарлай білу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **Ойын жаттығуы: "Кім көп сөз ойлап табады?".**<br>Мақсаты: тапқырлықты дамыту. | **Ойын жаттығуы: "Иә - жоқ".**<br>Мақсаты: балалардың экологиялық санасын дамыту, табиғат аясында өзін-өзі ұстау мінез-құлқын бекіту. | **Ойын жаттығуы: "Неден жасалынған?".**<br>Мақсаты: әртүрлі материал түрлері жайлы білімдерін бекіту. | **Ойын жаттығуы: "Сөз ойлап тап".**<br>Мақсаты: қарама-қарсы мағыналы сөз тауып айтуға үйрету. | **Ойын-тапсырма: "Қайшымен контур бойынша сурет қию".**<br>**"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес: "Жол жүру ережесінің маңызы". | Ата-аналарға арналған: "Отбасындағы еңбек тәрбиесі"<br>тақырыбында кеңес. | Әңгімелесу: "Менің балам нені армандайды?" | Сауалнама: "Балаңыздың сұрақтарына қаншалықты төзімділікпен жауап бересіз?" | Кеңес: "Баланың қимыл әрекетінде, қимыл-қозғалыс ойындарының рөлі " |

# Жоспар қандай кезеңге жазылды (айды ,жылды,көрсету).Тамыз айы 01.08 - 05.08.2022ж.

| Ересек тобы | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | №2 | | | | |
| Күндері | 01.08 - 05.08.2022ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Орман ертегілері / Лесные сказки / Forest tales | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Тәрбиешінің балалар мен және ата-аналармен сөйлесуі: жеке әңгімелесу, балалардың жақсы көңіл-күйін қалыптастыруға арналған ойындар. Бір-біріне деген достық қарым-қатынас қалыптастыру, қуаныш, жылулық пен махаббат атмосферасын орнату. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **"Гүлдер" суреттер қарастыру.**<br>Мақсаты: жазғы гүлдер жайлы білімдерін кеңейту және байыту. | **"Ойыншықтарды реттеп қоямыз".**<br>Мақсаты: балаларды жұмыс басталар алдында жұмыс алжапқыштарын киюге үйрету; ойыншықтарды жинақы: жуу, кептіру, сүрту және орындарына қою; еңбексүйгіштікті дамыту, ретсіздікті көре білу; сумен жұмыс істеу кезіндегі ұқыптылық. Басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. | **"Оқу қызметіндегі кезекшілік".**<br>Мақсаты: кезекші міндетін өз бетінше, адал орындау: үстелге тәрбиеші дайындаған материалдар мен құралдарды қою; оқу қызметінен кейін оларды жуу және орындарына жинау. еңбексүйгіштікті, ересектерге көмектесу ниетін дамыту. Басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. | **"Құрылыс материалдарын жинау".**<br>Мақсаты: құрылыс материалын жуу, кептіру және жинауды үйрету, балаларды әрқашан және уақытылы ойын бұрышындағы тазалықты сақтауға үйрету, тәрбиеші дайындаған құрылыс материалдарын сабын ерітіндісімен жуу, шаю, кептіру; жеке бас гигиенасын сақтау. | **"Орамалдарды ауыстырамыз".**<br>Мақсаты: еңбек ету ниетін дамыту, өз көмегін ұсына білуге дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Ұқсас сөздер" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: синонимдерді табуға көмектесу; берілген заттарды сипаттау үшін нақты, қайталанбайтын сөздерді таңдауға үйрету; сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**"Бұл қандай ағаштың жапырағы?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың ағаштар туралы білімдерін пысықтау; жапырқтарға қарап, ағаштарды ажыратуға дағдыландыру; зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: терек, шырша, емен, үйеңкі, қайын ның суреттері, жапырақтырының кескндері.<br>- Балалар, сендер қандай ағаштарды білесіңдер? (Терек, шырша, емен, үйеңкі, қайын).<br>- Осы жапырақтарды тауып, қандай ағаштан түскенін анықтайық. | **"Дойбы" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты: ой-өрісін дамыту.<br>**"Пазлды құра" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: салыстыру, жалпылау, заттарды дұрыс атауға, ұсақ бөлшектерден тұтас бейнені, сюжетті құрастыруға машықтандыру; ұсақ қолмоторикасын, ойлау қабілетін дамыту.<br>**"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Халық ауыз әдебиеті. | **Түрлі-түсті борлармен асфальтта сурет салу.**<br>Мақсаты: балалардың қабылдау, елестету, ойлау қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**"Жеңіл - ауыр, баяу - тез" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды айтылған нұсқауды түсініп, ережеге сай қимылдауға машықтандыру; жабайы аңдардың қимылдары туралы пысықтау; ақыл-ой қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, ал сендер аңдардың қалай қозғалатының білесіңдер ме?<br>- Аңдар тез және баяу, жеңіл және ауыр қозғалады. Қане, қимылдарын көрсетейік.<br>Тиін жеңіл секіреді,<br>Қоян жеңіл секіреді,<br>Түлкі жеңіл жүгіреді,<br>Қасқыр жеңіл жүгіреді.<br><br>Аю болса, ауыр аң,<br>Есікті ауыр ашады ақ.<br>Қозғалады қорбаңдап.<br>Ай-ай, аюға қиын-ақ! | **"Өсімдіктерді ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: бөлме өсімдіктері жайлы балалардың білімдерін кеңейту, байланыстыра сөйлеуді дамыту.<br>Құралдары: бөлме өсімдіктері.<br>**"Үш торай" ойын-санамағы.**<br>Мақсаты: балаларды санамақты ырғаққа сай мәнерлеп айтуға машықтандыру; ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>Үш торай, үш торай,<br>Қандай жасыл алаңқай!<br>Үш торай, үш торай,<br>Үйі олардың алаңқай<br>Ең үлкені еңбекқор,<br>Інілеріне қамқор.<br>Аты оның ...<br>- Ниф-Ниф!<br>Ең үлкені еңбеккор,<br>Інілеріне қамкор.<br>Аты оның...<br>- Ниф-Ниф!<br>Ортаншысы саналы,<br>Тез салуды қалады.<br>Аты оның...<br>- Нуф-Нуф!<br>Ортаншысы саналы,<br>Тез салуды қалады.<br>Аты оның...<br>-Нуф-Нуф!<br>Ең кенжесі ойнайды,<br>Ойынға бір тоймайды<br>Аты оның...<br>- Наф-Наф!<br>Ең кенжесі ойнайды,<br>Ойынға бір тоймайды<br>Аты оның...<br>Наф-Наф!<br>Қанша торай? Санашы ...<br>Бір, екі, үш! Бір, екі, үш!<br>Санадым ба? Қарашы...<br>Бір, екі, үш! Бір, екі, үш! | **"Қатені тап" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: есту қабылдауын, зейіндерін дамыту.<br>**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді.<br>Құрт - жорғалайды, жатады.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды. |
| **Таңғы жаттығу** | Жаттығуды күнделікті жасау әдетін тәрбиелеу.<br>Кешенді жаттығулар. | | | | |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Тамақтану кезіндегі мәдени дағдыларды қалыптастыру: тамақты-ауызды жауып шайнау, тамақ ішкен кезде сөйлемеу.<br>Асты-шашпай, төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Ақырын алып қолыңа,<br>Шашпай же нанды да.<br>Келген асты алдыңа<br>Тауысып іш, қалдырма.<br>Тамақ ішер кезде біз<br>Сөйлемейміз, күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз. | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне** | **Балаларды ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | **Әңгімелесу: "Демалысты қалай өткіздің?"**<br>Мақсаты: өз тәжірибелерінен қызықты, таныс оқиғаларды бере отырып, әңгіме құрастыру біліктіліктерін қалыптастыру; тәрбиешінің көмегімен сюжетті баяндау құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес әңгіме құру (экспозиция - қатысушы тұлғаларды сипаттау, оқиғаның орны мен уақыты; оқиғаның себебі, оқиғаның дамуы, шешімі). | **Сіріңке туралы әңгімелесу.**<br>Мақсаты: балаларға сіріңке не үшін керек екенін, олар қалай жасалатыны, не үшін қолданылатыны жайлы айту. Өз бетінше қолдану мүмкіндігінің қауіпін талқылау.<br>**Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа деген қызығушылықты арттыру.<br>"Мысығым".<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады,<br>Бойын жазып, керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br><br>Қасымнан қалмайды,<br>Көзін қысып алдайды.<br>Ойнатсам да күнімен,<br>Ойыны бір қанбайды.<br>Н. Арынова. | **Әңгімелесу: "Ренжісуге жол бермеу".**<br>Мақсаты: балаларға жанжалдың бетін қалай алуды, қалай достасуға болатынын айтып беру, белгілі бір жағдайды адамгершілік тұрғыда көруге, өзінің және басқалардың іс-әрекетін бағалауды үйрету. | **Әңгімелесу: "Балабақшаны кім салды?"**<br>Мақсаты: балаларға құрылысшылар еңбегінің маңызы жайлы түсінік беру, түрлі құрылыс мамандары жайлы айту, олардың мамандықтарына құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді.<br>Құрт - жорғалайды, жатады.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды. | **"Менен кейін қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысты, ым-ишараны басқаруға дағдыландыру; қабылдау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Көркем әдебиет**<br>"Орман-дәрігері" ертегісі<br>Мақсаты: Балаларға ертегіні оқып беріп, ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге баулу; ертегіні тыңдауға үйрету; ертегіні рөлдерге бөліп ойнату арқылы балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту; ертегі арқылы балаларды табиғатты қорғауға, өсімдіктер мен құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>"Мысыққа қонаққа барамыз"<br>Мақсаты: Кеңістікте шарлау және оңға, солға, ортасына деген сөздердің шақыру қабілетін бекіту;<br><br>**Музыка**<br>"Ертегілер елі"<br>Мақсаты: «Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралы ұғым беру. Балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру**<br>"Доғаның астынан еңбектейміз"<br>Мақсаты: Балаларды доғаның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету; тізені жоғары көтеріп,сапта бір-бірден бытырап жүгіру; қозғалыс бағытын өзгертіп жүру дағдыларын әрі қарай дамыту; допты қақпаға домалату іскерліктерін қимылды ойындар арқылы дамыту. | **Мүсіндеу**<br>"Махаон көбелегі" Пластилинография.<br>Мақсаты: Мүсіндеудің дәстүрлі емес тәсілдерін оқыту; көбелектің құрылысы туралы білімдерін анықтау; бөлшектерді бір-біріне тығыз жалғауды үйренуді бекіту; ермексаздың қаситеттерін (жұмсақ, икемді, кез-келген форманы алады) түсіндіруді жалғастыру; кескішпен жұмыс істеп үйренуді бекіту. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>"Қонжыққа көмектесейік"<br>Мақсаты: Жабайы жануарлардың өмірі туралы түсініктерді бекіту, жабайы жануарлардың ерекше белгілерін анықтауға, жануарлар туралы сипаттамалық әңгімелер құруға үйрету; көзбен қабылдауды, сөйлеуді, естуді, есте сақтауды, зейінді, логикалық ойлауды дамыту; жолдастардың жауаптарын тыңдай білуге, жануарларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Бұталарды бақылау.**<br>Мақсаты: бұталар жайлы білімдерін кеңейту және тереңдету.<br>Балаларға жұпаргүл, итмұрын, қарақат бұталарын көрсетіп, айырмашылықтарын айтуды ұсыну.<br>Балаларға көктемде бұталар гүлдеп, жазда итмұрын мен қарақат бұталарында жидектердің пісетінін байқату.<br>Қарақат жидегінен тосап пісіріп, ал итбұрын жидегін кептіріп, емдік шайды бұқтыруға болатынын әңгімелеу.<br>**Еңбек әрекеті: бұталарды молынан суару.**<br>Мақсаты: аула сыпырушыға көмектесу, суғару кезінде суды бақылау.<br>**"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдар: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар.<br>Педагог балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады.<br>Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға бөлініп, құрауға болады.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге,ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>**"Секіріп өт" қимыл-қозғалыс ойыны**<br>Мақсаты: ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, "Қапты жеткіз".**<br>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. | **Аққайыңды бақылау.**<br>Мақсаты. қайыңға тән қасиеттері мен ерекшеліктерін бақылауды жалғастыру.<br>Қайың – әдемі ағаш; ақ түсті қабығымен ерекше көзге түседі. Аққайың көктемде ерте бүршік жарады. Ал жапырағы кештеу шығады. Қайың ағашының бұтағы мен діңі берік, әрі шымыр. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері ара тісті. Қайың көктемде гүлдейді және гүлдері сырға секілді салбырап жатады.<br>Қайынның шырыны өте пайдалы, оны діңінен ағызып жинайды.<br>**Еңбек әрекеті: құмсалғыштың сыртындағы құмды қырып жинау.**<br>Мақсаты: бірігіп жұмыс істеуге үйрету, нәтижесіне қуану.<br>**"Қайыңға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге машықтандыру; тапсырманы зеректікпен және шапшаңдықпен орындауға дағдыландыру.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Педагог ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", колдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды.<br>"Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог:<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен көректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>**"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көкөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады.<br>Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.<br>Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын | **Сауысқанды бақылау.**<br>Мақсаты: жаз мезгіліндегі құстардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту; жаңа сөздермен, түсініктермен білімдерін молайту.<br>"Сауысқан".<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқандатқан сауысқан.<br>(Ел аузынан).<br>Сауысқанның шықылықтағанын тыңдату.<br>Сауысқан жылтыр заттар мен әшекейлерді ұясына жинайтынын әңгімелеу.<br>**Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұжымдық еңбек.**<br>Мақсаты: бірігіп еңбектенуге, орындалған жұмыс пен нәтижесінен қуаныш сезінуге бейімдеу.<br>**Жаңылтпаш жаттау жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру; артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Доп-дөңгелек<br>Доп дөңгелеп келеді.<br>Тепкен бөгеп қарап<br>Аяқ оған керегі.<br>О. Асқар.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру;ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>**"Доп ұстаған пингвиндер" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: екі аяқпен секіруді қиындатып, екі аяқпен, көзді жұмып, алға секіру, затты екі аяқтың ортасына қысып қозғалу.<br>Қауіпсіз жолды ескеру.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, "Нысана".**<br>Мақсаты: дәл тигізуді дамыту. | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: ауа-райының өзгерістері жайлы түсініктерін бекітуді жалғастыру; жел оның қасиеттері жайлы түсініктерін қалыптастыру, желдің бағытын анықтауға үйрету.<br>Педагог балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп тұрғанын айтады.<br>**"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр).<br>- Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.<br>Балалардың мысалы жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.<br>**Еңбек әрекеті: құммен құрылыс жасау.**<br>Мақсаты: өз беттерінше рөлдерге бөліне білу, бірігіп әрекет ету.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>**"Қасқыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: зейіндерін және тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, допты нысанаға лақтыру біліктіліктерін бекіту.**<br>Мақсаты: дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. | **Торғайларды бақылау.**<br>Мақсаты: торғайдың ерекшеліктері мен тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>**"Торғай-торғай, тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.**<br>Мақсаты: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Халық ауыз әдебиеті.<br>**Еңбек әрекеті: сәбилер ойын алаңындағы құмды жинау.**<br>Мақсаты: еңбек дағдыларын, достық қарым-қатынасты қалыптастыру.<br>**"Қаршығамен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**"Нысанаға тигіз" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: ұшып келе жатқан заттың бағытын байқауға, қимылды дұрыс орындауға үйрету.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысты дамыту, заттар арасынан "жыланша" жиырылып, оларды құлатпай жүруді үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу. |
| **Түскі ас** | Түскі асқа әзірленген тағамдарды дұрыс атау біліктіліктерін бекіту, өздерінен кейін бос ыдыстарды жинауға, оны екі қолмен ұстауға үйрету. |
| **Күндізгі ұйқы** | Жайлы ұйқыға дайындалу |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | Мәдени-гигиеналық дағдылар жайлы білімдерін бекіту және орындау.<br>Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Тамақтану алдында қол жуу дағдысын тәрбиелеу; асхана құралдарын ұқыпты қолдана білу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет**<br>(сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Ненің жапырағы қайда?" дидактикалық ойын.**<br>Мақсаты: заттарды ортақ қасиеттері бойынша топтастыру біліктілігін, зейіндерін, есте сақтауларын дамыту; табиғатты тануға көмектесу<br>Ойын барысында балалар қолданады ойын материалдар мен көрнекі құралдар пайдаланылады: ағаштар (емен, үйеңкі) бейнеленген карточкалар, сол ағаштардың қиылған жапырақтары, тәрбиеші жапырақтарды араластырады да, балаларға мейірімсіз жел ағаш жапырақтарын жұлып, барлығын араластырып тастағаны жайлы айтады. Енді олар тонып, өз ағаштарына оралғысы келіп жерде жатыр. Жапырақтарға өз аналарын табуға көмектесу керек.Балаға жапырақтарды сәйкес ағаштың жанына қоюды ұсыну.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын."Пошта".**<br>Мақсаты: балаларға поштаның алатын орны жайлы түсіндіру, онда қызмет атқаратын мамандар туралы жалпы ақпаратты бекіту; ойын барысында өтпелі заттарды (хат, тапсырыс хаты, бандероль, сәлемдеме) қолдануды үйрету; топпен бірігіп ойын желісіне қосылуға, өз орнын табуға жетелеу; ой-өрістерін, қиялдарын, қатынастық қабілеттерін, затпен сондай-ақ затсыз әрекет ету біліктіліктерін дамыту; еңбекті құрметтеуге, әдептілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>"Пошта" жазуы, арнайы, белгіленген орын; қаптамаға арналған қағаз материал, байлауға арналған жіп, қайшы; хат, тапсырыс хаты, бандероль, сәлемдеме сияқты заттардың жасанды макеттері; қаламдар, маркерлер, маркасы бар жетондар, қарындаш желім, телефон, рөл.<br>Барысы.<br>Педагог балалармен бірге поштаға экскурсия ұйымдастыруы мүмкін, болмаса фотосуреттер, поштаның қызметі жайында бейнеролик көру, таныс сюжет бойынша әңгімелесу.<br>Дайындық кезеңінде педагог байланыс операторы, пошташы, байланыс бойынша кезекші, экспедитор сияқты поштада еңбектенетін мамандардың жұмысын түсіндіреді.<br>Балалардың таңдауы бойынша рөлдер бөлінеді. қалған балалар поштаға келеді, қалаулары бойынша өтпелі заттың біреуін алады, оны рәсімдейді, қызметкерлерге береді.<br>Педагог ойын барысында балалар ойнаған рөлдер бойынша қосымша сұрақтар қояды, ойын желісінің дамуын қамтамасыз етеді.<br>Балалар, сұрақтарға жауап беріп, өз рөлдерінің жаңа қырларын таниды.<br>Соңында педагог балалармен бірге қортынды шығарады: адамдар арасындағы қарым-қатынас үзіліссіз және жылдам болу үшін, пошта қызметкерлері тынбай еңбек етеді; почта - қоғамдық орындардың бірі, әдептілік ережелерін ұстанып, сақтайтын орын. | **"Қандай құс екенін тап?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: түсініктерін нақтылау және кеңейту құстардың жазғы тіршілігі, құстарды өзіне тән ерекшеліктері бойынша сипаттауға үйрету; есте сақтауды дамыту; Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>Барысы: Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтың балалары құстарды сипаттайды, ал екіншілері-қандай құс екенін табу керек. Жұмбақтарды қолдануға болады. Кейін өз сұрақтарын басқа топ қояды.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Орманда".**<br>Мақсаты. Әртүрлі өсімдіктер, дәндер, саңырауқұлақ атауларын бекіту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікпен қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Ойын алдында тәрбиеші ата-аналармен бірге, жақын маңайдағы саябаққа экскурсия ұйымдастырады. Өсімдіктер мен ағаштардың атауларымен таныстырады. Назарларын ондағы тіршілік етушілерге: жәндіктер, құстар және т. б.(орман тұрғындары) аударады. Балалар құстардың дауыстарын естиді. Тәрбиеші алдын-ала рөлдерге бөледі: бірнеше адамды орман иелерінің рөліне алады, қалғандары орман қонақтары. Орман иелері тәрбиешінің басшылығымен қонақтарға арналған ойындар үшін материал таңдайды. Тәрбиеші айтады: «Балалар, бүгін сендерге орман кілтін табу керек болады. Кілтті тапқан адам ешқашан орман ішінде адасып кетпейді, ол құстардың тілін түсініп, жердегі жан-жануарлардың ізін танитын болады. Бірақ кілтті табу оңай емес. Ол үшін сендерді орманда күтіп тұрған, барлық тапсырмаларды орындау керек. Балалардың қайсысы барлық тапсырмаларды бірінші орындап және сұрақтарға дұрыс жауап берсе, кілтке ие болып, орман шеруін бірінші бастауға құқылы. Тәрбиеші карнавалға дайындалуға белгі береді. Орман карнавал ортақ шеруден басталады,кейін балалар алдын-ала дайындалған орман тұрғындарының биін көрсетеді орман, құстар жайлы ән айтып, өлең оқиды, жұмбақ жасырады. Карнавал орман көгалында орман сыйымен — жидектермен, тәтті салмасы бар бәліштермен, шай ішумен аяқталады. | **"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін дамыту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе " аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"- балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Пиццерия".**<br>Мақсаты: өз бетінше рөлдерді бөлу және рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалардың достық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Балаларды ойын барысында қоршаған өмір жайлы білімдерін кеңінен қолдануға жетелеу.<br>Керекті-құралдар: алжапқыштар, ыдыс-аяқ жиынтығы; ас мәзірі; орамалдар; майлықтар; азық-түлік жиынтықтары; пиццерия. Ойын барысында балалар өз дербестіктерін көрсетеді, үстелді таңдау; ас мәзірімен танысу; тапсырысты қабылдау; тапсырысты дайындау; ас ішу; тапсырысты төлеу; үстел үстін жинау, ыдыстарды жуу. Тәрбиеші диалог кезінде, әдеп ережелерінің сақталуын реттеуі мүмкін. | **Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".**<br>Мақсаты: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Ғарышкерлер".**<br>Мақсаты: мектепке дейінгілердің әскери-патриоттық дайындығына ықпал ету, дене шынықтыру дайындығын жетілдіру. Ойын сюжетін өз бетінше дамытуға үйрету.<br>Ойын барысы. Ойынға қызығушылықтарын дамыту үшін, тәрбиеші балаларға "Ғарышкерлер" ашық хат жиынтығын қарастыруды ұсынады. Олармен ғарыш мамандары, ғарышкер қандай қасиеттерге ие болу керектігі жайлы әңгімелеседі. Тәрбиеші балалармен ғарышкер-адамдардың мінезін талқылайды. Одан кейін тәрбиеші балалармен бірге, «Ғарышқа ұшу» ойын сюжетінің шамалы жоспарын белгілейді, ол келесі тармақтарды қамтуы мүмкін: ғарышкерлерді жаттықтыру, ұшуға дайындығына емтихан тапсыру, дәрігердің қарауы, зымыранға отыру, кемені қосу, ғарыштағы жұмыс, кеме бортынан хабарлау, жерден ұшуды басқару, жерге қону, жерде кездесу, медициналық тексеріс, ұшудан кейін ғарышкерлердің тынығуы. Одан кейін тәрбиеші балаларға құрылыс материалынан зымыран құрастыруды ұсынуы мүмкін. Зымыранды құрастыру барысында оның бөліктерін атау (тұмсығы, люктер, иллюминаторлар, басқару тетігі). Дербес ойында тәрбиеші балаларды адамдардың жауапты тапсырманы орындауға бағытталған қарым-қатынасын (еңбек және жеке) модельдеуге шақырады. Мысалы, тәрбиеші балаларға хабарлайды, кейбір адамдар кеме жасаса, ал басқалары оларды сынап, ұшуға дайындайды, үшіншілері - ұшу мен қонуды қамтамасыз етеді. Әр ойыннан кейін тәрбиеші балаларды ойын жағдаяттарын талдауға тартады. | **"Логикалық емес байланыстар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту.<br>Барысы. Баланың алдында әртүрлі заттар бейнелеген карточкалар жатады. Балалармен бірге суретке байланысты сөз табуға байқап көру. Әр ассоциация үшін қажет суретті табу. Бала қиялына ерік беру, шектеу қоймау. Нәтижесінде кішігірім оқиға шығу керек.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар",**<br>Мақсаты: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық**<br>(қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Өз киімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу, тәрбиешінің ауызша сүйемелдеуімен, дұрыс киіну реттілігін бекіту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Бұлттарды бақылау.**<br>Мақсаты: тансыз табиғаттың алуандығы жайлы түсініктерін кеңейту.<br>"Бұлт".<br>Тұңғиық, түпсіз көк аспан<br>Жайымен ғана жатыр сұлқ.<br>Керуендей адасқан<br>Келеді жылжып бір топ бұлт.<br>Кенет дауыл сап етті,<br>Қайтадан мініп қалпына.<br>Бұлтты айдап әкетті<br>Бұрылттырмай артына!<br>Мұқағали Мақатаев<br>**Еңбек әрекеті: шығарылатын материалдарын дайындау.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу, табиғатты аялауға баулу.<br>**"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді.<br>Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды.<br>Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.<br>Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.<br>**"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек.<br>Жүргізуші былай жариялайды:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысты дамыту, аяқтың ұшымен, өкшемен жүруді жетілдіру. | **Масаларды бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың түрлі жәндіктер туралы ұғымдарын жүйелеу; табиғат сұлулығына сүйсіне білу біліктілігін тәрбиелеу, сөйлеу тілін дамыту.<br>Бақылаудан кейін "Маса мен аю" ертегісін әңгімелеу.<br>Масаның кішкентай болғанмен, мазаны алатыны туралы ескерту.<br>**"Допты бер – жәндікті ата" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: ойлау жылдамдығын, тез әрекет етуді дамыту.<br>**Еңбек әрекеті: дымқыл ауамен құрастыру.**<br>Мақсаты: бір-біріне деген жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (өз қалауы немесе санамақ бойынша таңдалады), қалған ойыншылар - балалар.<br>"Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.<br>**"Кім алыс лақтырады?" ойын-жарысы (қапшаларды лақтыру).**<br>Мақсаты: лақтыру ұзақтығын дамыту; дәлдікке бейімдеу.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту ойындары (алысқа лақтыру).**<br>Мақсаты: затты бір қолмен алысқа лақтыру техникасын жақсарту (барлық түрлерінде). | **Торғайларды бақылау.**<br>Мақсаты. Торғайдың ерекшеліктері мен тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға алдын-ала құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды көрсету мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (Құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (Бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (Төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбек әрекеті: күннен қорғайтын қалпақ жасау.**<br>Мақсаты: шығармашылықпен бірігіп жұмыс істей білуге тәрбиелеу.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны.**<br>Мақсаты: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Педагог:<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар?<br>Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.<br>Педагог алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады. ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады.<br>**"Шеңбер" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: лақтыру нақтылығын, ептілікті дамыту, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, "Көпірден өту".**<br>Мақсаты: тепе-теңдікті жаттықтыру. | **Ойын алаңындағы ағаштарды бақылау.**<br>Мақсаты: таныстыру құрылымдық ерекшеліктерімен, өзіне тән ерекшеліктерімен таныстыру, танымдық белсенділіктерін дамыту.<br>**Еңбек әрекеті: ойын алаңын жинаудағы ұжымдық еңбек.**<br>Мақсаты: берілген нысанға зейінді шоғырландыру білуді бекіту.<br>**"Қатарға тұрып билейік" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зерек болу қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Жаттығуды көңілді әуен жазбасын қосып өткізуге болады.<br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Басты оң-солға бұрып,<br>Қос иықты көтерейік.<br><br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Жоғары қол көтеріп,<br>Бұлғап, төмен түсірейік.<br><br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Аяқты кезек көтеріп,<br>Маршпен шапалақтап жүрейік.<br>Д. Ахметова.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>**"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, еңкейіп жүру.**<br>Мақсаты: тәрбиешінің тапсырған қимылдарын орындау қабілетін дамыту. | **Инелікті бақылау.**<br>Мақсаты: инеліктің сыртқы кейіпі жайлы білімдерін кеңейту; барлық тіршілік иелеріне қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>"Құмырсқалар, аралар – қиыспас дос, құдалар".<br>Міне, қызық тойлы ауыл!<br>Ойын-сауық, ойда ауыл.<br>Қазан асқан, от жаққан,<br>Құмырсқалар құрайлап,<br>Масалары сырнайлап,<br>Келіп жатыр жан-жақтан…<br>Қызыл, жасыл киінген,<br>Паңданып мұрын шүйірген<br>Инелік пен көбелек.<br>Шыбын-шіркей шыңылдап,<br>Қобызын тартып қырылдап,<br>Келіп қапты бүгелек.<br>Ө. Тұрманжанов<br>**"Инелік әні" қимыл-қозғалыс әні.**<br>Мақсаты: ырғақты, мәнерлі сөйлеуді дамыту; қимыл-қозғалыс координациясын жетілдіру.<br>**Еңбек әрекеті: құрғақ бұтақтарды жинау.**<br>Мақсаты: жұмысты тиянақты орындауға үйрету, қауіпсіздік ережелерін сақтауға баулу.<br>**"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды әртүрлі бағытта жалтарып жүгіруде жаттығу, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады.<br>Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады.<br>Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>**"Жылдам алып, жылдам қой" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс дағдыларын бекіту, ептілікті, батылдықты дамыту.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, орыннан биікке секіру.**<br>Мақсаты: күшпен жылдамдықты біріктіру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Суретші нені шатастырды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: есте сақтау мен логикалық ойлауын, зеректікті дамыту. | **Ойын жаттығуы: "Сурет бойынша суретті аяқта".**<br>Мақсаты: 10 дейін санауды бекіту.<br>**"Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Қызғалдақтай саусақтар,<br>Өсіп тұр қатар-қатар. (Саусақтарды жыбырлату)<br>Бір - саусақ, қызғалдақ,<br>Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру)<br>Үш, төрт, бес саусақ,<br>Барлығы да қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру)<br>Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау)<br>Шапалақ қақ, шапалақ. (Шапалақтау)<br>Д. Ахметова. | **"Болады, болмайды" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: логикалық ойлауын дамыту.<br>**Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие,<br>Торай,шошқа,<br>Қозы, қошқар,<br>Қодық,құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа,шаян,<br>Торғай,шымшық...<br>Сен, қал!<br>Сен, шық!<br>Қадыр Мырза Али. | **Ойын жаттығуы: "Еркелетіп ата".**<br>Мақсаты: балалардың сөздік қорларын дамыту.<br>**"Жеңіл - ауыр, баяу - тез" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды айтылған нұсқауды түсініп, ережеге сай қимылдауға машықтандыру; жабайы аңдардың қимылдары туралы пысықтау; ақыл-ой қабілеттерін дамыту.<br>- Аңдар тез және баяу, жеңіл және ауыр қозғалады; қимылдарын көрсетейік.<br>Тиін жеңіл секіреді,<br>Қоян жеңіл секіреді,<br>Түлкі жеңіл жүгіреді,<br>Қасқыр жеңіл жүгіреді.<br><br>Аю болса, ауыр аң,<br>Есікті ауыр ашады ақ.<br>Қозғалады қорбаңдап.<br>Ай-ай, аюға қиын-ақ! | **"Өрнек құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: эстетикалық талғамдарын, қағаз бетінде бағдарлауын дамыту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балалар өз бетінше не істей алады?" | Кеңес: "Сіздің балаңыз серуенде". | Кеңес: "Ойын ойнаймыз, есте сақтауды дамытамыз". | Жолда жүру ереже бойынша әңгімелесу: "Балақай нені білу керек?" | Әңгімелесу: "Табиғат біздің анамыз!" |

# Жоспар қандай кезеңге жазылды (айды ,жылды,көрсету).Тамыз айы 08.08 - 12.08.2022ж.

| **Ересек тобы** | **Циклограмма** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | **№3** | | | | |
| Күндері | **08.08 - 12.08.2022ж.** | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | **Жазғы аула ойындары / Летние дворовые игры / Summer yard games** | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | **«Қарлығаш » бөбекжай балақшасы** | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | **Ештаева А Орынбасарова Д** | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Тәрбиешінің балалар мен және ата-аналармен сөйлесуі: жеке әңгімелесу, балалардың жақсы көңіл-күйін қалыптастыруға арналған ойындар. Бір-біріне деген достық қарым-қатынас қалыптастыру, қуаныш, жылулық пен махабат атмосферасын орнату. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасау.**<br>Мақсаты: балаларға өсімдіктердің жапырақтарын тиянақты, ұқыпты сүрте білуді пысықтау. | **Аквариумдағы балықтарды тамақтандыру.**<br>Мақсаты: зейінді, балықтарға күтім жасау ниеттерін дамыту, тіршілік иелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | **"Қуыршақтың киімін жуу".**<br>Мақсаты: балаларға тәрбиешіге қуыршақтың киімдерін, төсек орын жабындыларын жууға көмектесуге үйрету, еңбек біліктіліктері мен дағдыларын дамыту, басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. | **"Біз көмекшіміз".**<br>Мақсаты: балаларды тамақтан кейін ыдыстарды үстел үстінен жинауды, шамасына қарай ересектерге көмектесуді, жұмыс барысында мәдени-гигиеналық талаптарды сақтай білуді жетілдіру. | **Балалармен бірге аквариумды тазалау.**<br>Мақсаты: қармақпен ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, зейінді дамыту; қарапайым еңбек дағдыларын жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Менің аулам" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: суретті пайдаланып сөйлем құрауға дағдыландыру; байланыстырып сөйлеуге бейімдеу.<br>**"Қажет киімді тап" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты; балаларда қысқы және жазғы киімдерді ажырату біліктілігіне тәрбиелеу, есте сақтау мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, зейінділікке тәрбиелеу.<br>**"Кім спортшы?" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау)<br>Жаттығуда адымда.<br>Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Денемізді иеміз, (Алдыға еңкею)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру)<br>Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу)<br>Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру)<br>Бір, екі!  Адымда, (Орында адымдау)<br>Бізде бәрі тамаша!<br>Спортшы болсаң, шаршама!  (Қол шапалақтау)<br>Аударған А. Кокенова. | **"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушылық ойыны (заттар).**<br>Мақсаты: балалардың қоршаған заттар, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; геометриялық пішіндерге ұқсас заттардың кескіндері.<br>- Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш).<br>- Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар заттарды атайды)<br>- Оларды қандай бір сөздермен біріктіреміз? (Жиһаз, ойыншықтар, ыдыс-аяқ, киімдер.)<br>- Суреттегі заттарды өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар.<br>**"Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: геометриялық пішіндерді екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру. | **"Есіне сақта да, қайтала" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: көзбен қабылдауды, қиялды дамыту, кеңістік пен жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың достық туралы ұғымдарын тиянақтау; көркем сөзге деген қызығушылықтарын арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру<br>"Достық деген не?"<br>Педагог асықпай, өлеңді мәнерлеп оқиды<br>Топ ішінде бірге ойнаған,<br>Достарыммен біргемін.<br>Бөлісіп бар ойыншықпен,<br>Жан сырын да білгенмін.<br><br>Достарменен бірге жүрсең,<br>Жақсы әуен тынбасын.<br>Қара бұлтта сейіледі,<br>Дос жүрегін тыңдасаң.<br><br>Достарменен қол ұстассаң,<br>Ешқашан қор болмайсың.<br>Ұқсағың кеп жан досыңа,<br>"Кең мұнара" салғайсың.<br>Д. Бұланбаева.<br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс ататқызып, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желітдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. | **"Дене мүшелері" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақату; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою)<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау)<br>Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары)<br>Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек - кезек екі жаққа сермеу<br>Мынау – сол қолым.<br>Барлық істі басқарған. (Шапалақтап)<br>**"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Жабдығы: асық.<br>Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды.<br>Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез-келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады.<br>Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы. | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: саналы логикалық есте сақтауды және зейін бөлуді қалыптастыру.<br>Құралдар: түрлі ойыншықтар топтамасы.<br>**"Үш торай" ойын-санамағы.**<br>Мақсаты: балаларды санамақты ырғаққа сай мәнерлеп айтуға машықтандыру; ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>Үш торай, үш торай,<br>Қандай жасыл алаңқай!<br>Үш торай, үш торай,<br>Үйі олардың алаңқай<br>Ең үлкені енбекқор,<br>Інілеріне қамқор.<br>Аты оның ...<br>- Ниф-Ниф!<br>Ең үлкені енбекқор,<br>Інілеріне қамқор.<br>Аты оның...<br>- Ниф-Ниф!<br>Ортаншысы саналы,<br>Тез салуды қалады.<br>Аты оның...<br>- Нуф-Нуф!<br>Ортаншысы саналы,<br>Тез салуды қалады.<br>Аты оның...<br>-Нуф-Нуф!<br>Ең кенжесі ойнайды,<br>Ойынға бір тоймайды<br>Аты оның...<br>- Наф-Наф!<br>Ең кенжесі ойнайды,<br>Ойынға бір тоймайды<br>Аты оның...<br>Наф-Наф!<br>Қанша торай? Санашы ...<br>Бір, екі, үш! Бір, екі, үш!<br>Санадым ба? Қарашы...<br>Бір, екі, үш! Бір, екі, үш! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы жаттығу** | Балалардың денсаулығының нығаюына ықпал ету, күнделікті дене шынықтыру жаттығуларын жасау әдебін тәрбиелеу.<br>Кешенді жаттығу.<br>Сағаттың тіліндей<br>Иіліп оңға бір,<br>Сағаттың тіліндей<br>Иіліп солға бір,<br>Оң аяқ, сол аяқ<br>Жаттығу оңай-ақ. | | | | |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Балаларды орамалды ұқыпты қолдана білуді тәрбиелеу, сиқырлы сөздерді пайдаланып (рахмет, өтінем), дұрыс өтініш айтуды, үйретуді жалғастыру.<br>Дастарханның басында,<br>Өзіңді жақсы ұста!<br>Дұрыс отыр! Асыңды іш!<br>Денене көп жина күш.<br>Тойып үйге қайтайық,<br>Апайға "рақмет" айтайық | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне дайындық** | **Балаларды ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |
| | **"Достарымызды кешіруді үйренеміз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға бір-біріне ренжімеуді үйрету; абайсызда немесе қасақана жасалған әрекет екенін ажырату және сәйкесінше әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | **"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді.<br>Құрт - жорлағайды, жатады.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды. | **"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көкөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады.<br>Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.<br>Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам. | **"Айнаға қара, біз қалай ұқыпты киінгенбіз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: киімдегі ұқыпсыздықты көріп, сол уақытта түзетуді үйрету, таза жүруге тәрбиелеу. | **"Фант" ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады.<br>Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады. |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:"Жазғы ойындар"**<br>Мақсаты: Жаздың ерекшеліктерін, құбылыстарын пысықтау. Балаларды сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру.<br>Байланыстырып сөйлеу тілін, ұсақ қол қимылын, қабылдауын, зейінін дамыту. Салауатты өмір салтын ұстануға, денсаулығын сақтауға тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы "Аралықтан аралыққа** өрмелейміз" Мақсаты: Балаларды шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру; гимнастикалық қабырғабойынша аралықтан аралыққа өрмелеу дағдыларын дамыту; балаларда қатарға бір-бірден сапқа тұру дағдыларын дамыту; бой түзулігін дұрыс сақтау. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы "Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқалар"ертегісі**<br>Мақсаты: Балаларды кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету;мазмұнды эмоционалды қабылдай білу қабілеттерін дамыту; сұраққа жауап беруге және дәнді дақылдар, егістік туралы білімдерін кеңейту. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы «Аулада ойнайтын жазғы ойындардыңспорттық құрал-жабдықтары»**<br>Мақсаты: Балаларды жазғы аулада ойнайтын ойындардың құрал-жабдықтары-доптың, обручтың, секіртпенің (қалауы бойынша) суретін салуды үйрету; балауыз мел мен түрлі-түсті қарындаштарды қолдану техникасын жетілдіру; қағаз бетінде сюжетті орналастыруға үйрету; эстетикалық қабылдауларын, қиялдарын дамыту; спортқа деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы " Біз өмірдің гүліміз"**<br>Мақсаты: Балалардың мұғаліммен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы «Епті, мықты, батылмыз»**<br>Мақсаты: Балаларды жабайы және бақша гүлдерімен таныстыру; өсімдіктер тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жабайы және бақша гүлдері өсетін жер туралы түсінік беру; өсімдіктердің өсу шарттары (жарық, су, жылу, топырақ) туралы білімдерін бекіту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Ағашты бақылау.**<br>Мақсаты: туған өлкенің ағаштары жайлы білімдерін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру, балалардың жазғы құбылыстар туралы білімдерін бекіту, жағымды эмоциялар ояту, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>Балаларға ағаштар түрлерін ажыратуға ұсыну. балалар терек, қайын, қарағаш, үйеңкі ағаштарын діңдеріне, жапырақтарының пішіндеріне қарап ажырату мүмкін.<br>**"Бұл қандай ағаштың жапырағы?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың ағаштар туралы білімдерін пысықтау; жапырақтарға қарап, ағаштарды ажыратуға дағдыландыру; зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: терек, шырша, емен, үйеңкі, қайын ның суреттері, жапырақтарының кескіндері.<br>- Балалар, сендер қандай ағаштарды білесіңдер? (Терек, шырша, емен, үйеңкі, қайын).<br>- Осы жапырақтарды тауып, қандай ағаштан түскенін анықтайық.<br>**Еңбек әрекеті: қурап түскен жапырақтарды жинау.**<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Педагог ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, аланды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да аланды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, аланда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог:<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>**"Кегльді қағып ал" жаттығуы.**<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен аландағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, "Секірмек".**<br>Мақсаты: оң және сол аяқпен секіру біліктілігін дамыту. | **Табиғатты бақылау.**<br>Мақсаты: жаз жайлы түсініктерін мезгілге тән ерекшеліктері бойынша жалпылау және тереңдету; балалардың қоршаған ортаға деген эстетикалық көзқарастарын қалыптастыру, табиғатты аялау.<br>**Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие,<br>Торай,шошқа,<br>Қозы, қошқар,<br>Қодық,құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа,шаян,<br>Торғай,шымшық...<br>Сен, қал!<br>Сен, шық!<br>Қадыр Мырза Али.<br>**Еңбек әрекеті: жолдар мен орындықтарды құмнан тазалау.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, өзара достық көмек.<br>**"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; ойын желісіне белсенді қатысуға бейімдеу, басқарушы және ойыншы рөлдерін ойнай білуге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту.<br>Алаңның бір жағында көмегімен қой қора қоршалады.<br>Ойнаушылар санамақ арқылы "қойшыны" таңдалып алады; қалғандары – "қойларды" сомдайды. "Қойшының" көзін байланады.<br>Балалардың біреуі (алғашында педагог) "қойшыдан сұрайды: "Қойшы, қойшы, маған қанша қадам beresің?". "Қойшы" өз санын (онға дейін) айтады. Осы қашықтықтан "қойшы": «Менің табыным қайда?", - деп сұрайды.<br>"Қойлар" (балалар): "Мә-мә-мә..", - деп дауыстайды да үндемей қалады. Қойшы оларды іздей бастайды.<br>Балалар жүргізушіден қашып құтылмақшы болады.<br>Егер "қойшы" балалардың бірін түртіп қалса, сұрайды: "Қойым, қойым, өзіңді ата!" Ал ойнаушы, "қой": "Мә-мә-мә", - деп дауысын шығарады.<br>"Қойшы" баланы дауысынан танып қойса, ұсталған - "қойшыға" айналады. Жаңа ойын басталады. Егер бала танылмай жатса, осы "қойшымен" ойын жалғасады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: "Нысанаға тигіз".**<br>Мақсаты: көзбен мөлшерлеу мен лақтыру күшін дамыту.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен аландағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау.**<br>Мақсаты: ракетканы дұрыс ұстауға машықтандыру. | **Жаңбырды бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды табиғат құбылысы-жаңбырмен таныстыруды жалғастыру. Жаңбырдың өсімдіктердің өсуіне тигізетін ықпалы жайлы айту. Балаларды сөйлеу барысында жаңбырды сипаттайтын сын есімдерді қолдануды үйрету. Балалармен жазғы жаңбырды бақылау.<br>**"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)<br>**Еңбек әрекеті: ойын алаңын ретке келтіру.**<br>Мақсаты: бірігіп жұмыс істеу біліктіліктерін дамыту.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Ойын мақсаты: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақ сүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br>**"Нысанаға кім бірінші жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс жылдамдығын, алғырлықты дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті: балабақшаның ойын алаңын жинау.**<br>Мақсаты: орындалған жұмыстан өздеріне және басқа балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлауға үйрету, экологиялық мәдениетті тәрбиелеу.<br>**"Құ түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>**"Тиіп кетпе" қимылды ойын-жаттығуы,**<br>Мақсаты: жіптен15—20 см биіктікте секіруді, ойынды жинақтай білуді үйрету.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен аландағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту нысанаға лақтыру.**<br>Мақсаты: қозғалыс координациясын дамыту. | **Жерге қурап түскен жапырақтарды бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың жапырақтар жайлы білімдерін бекіту; сұрақ-жауап негізінде сөздік қорларын кеңейту; ойлау қабілеттерін, қиялдарын дамыту; табиғат сұлулығын сезінуді тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті: қураған жапырақтарды, солып қалған гүлдерді жинау, тұқымдарын келесі жылға жинау.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Қағаз қалташаларын қолдану.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Шеңберден шеңберге" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды бағыттарды өзгетіп, алға екі аяқпен жылжи отырып, секіруге даңдыландыру; күш-қуатын, дамыту, дене мүшелерін жетілдіру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Өз бетінше жеңін түру, сабынмен қолды жуу, беті-қолды құрғатып сүрту, сабынды қолдану , киімдерін суламау, белгіленген орынға орамалды ілу біліктіліктерін бекіту. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың көңілін тағамға аудару. Тамақтану алдында қол жуу; асхана құралдарын ұқыпты қолдану, өтініш пен алғыс айту дағдысын тәрбиелеу. Тамақтану мәдениетіне тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Күшті қалыпқа келтіру үшін, жайлы ұйқыға дайындалу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | Балаларды біртіндеп оятып, тұрғызу. Балалардың естеріне ұйқыдан тұрған соң киіну реттілігін түсіру.<br>Көзге арналған жаттығу. | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Болатын бесін асқа назар аудару; көпіршік болғанға дейін қолды сабындау, мұқият жуып тастау, құрғатып сүрте білу дағдыларын жетілдіру. | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Балық, құс, аң" дидактикалық ойыны**<br>Мақсаты: балалардың тірі табиғат өкілдері жайлы білімдерін бекіту; зеректілікті дамыту. Ойын шартын жеткізу үшін, бірінші кезеңде жүргізуші рөлін тәрбиешінің өзі орындауы мүмкін. Балалар шеңбер бойымен орналасады. Жүргізуші допты кезекпен әр балаға лақтырады да - "балық", "құс", "аң" сөздерінің бірін айтады. Допты ұстап алған бала, белгі сөзге сәйкес балық, құс, аң атын тауып айтады. Егер балалардың бірі қиналса, қалғандары көмектеседі.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Ветеринарлық емхана".**<br>Мақсаты: балалардың жан-жануарлар дәрігері, медбикелер, күтушілер, ветеринарлық емхананың қызмет көрсетушісі жайлы түсініктерін бекіту; емханада медициналық жұмысшылар қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Барысы.Тәрбиеші балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде ветеринардың жұмысы жайлы фотосуреттер қарастыру керек, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқып, еске түсіру, сонымен қатар ветеринарлық емхана жайлы әңгімелесу. Балалар аңдар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтінін ғана емес, сондай-ақ қандай құралдарды қолданатындарын, ветеринарға қандай сұрақтар қою керектігін талқылау керек.<br>Балалар өзара ветеринарлық емханада кімдер, қандай қызметкерлер болатынын таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Тәрбиеші диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Соңында тәрбиеші балармен бірге қорытынды жасайды: адам жанында тіршілік ететін аңдар мен құстардың денсаулығы мен тірі табиғаттағы жануарлардың қауіпсіздігіне жауапты екенін. | **"Жұмыс үшін кімге не қажет?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың мамандақтар туралы түсініктерін дамыту. Аталған мамандық иесіне қажет, еңбек құралдары мен материалдарын табуды үйрету.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Медициналық емхана"**<br>Мақсаты: дәрігер, медбике мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері жайлы білімдерін кеңейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу.<br>Барысы. Ойынның барлық қатысушылары өз бетінше рөлдерге бөлініп, әрқайсысының міндеттерін талқылайды: дәрігер (науқасты қарайды, шағымын тыңдайды, емдеуді тағайындайды), медбике (алғашқы көмек көрсетеді, емдеу шараларын жүргізеді), науқастар (аурудың белгілерін бейнелейді). Арнайы киімдерді қолдануды ұмытпау керек. Балалар ойын барысында, өздерінің дәрігерге қараланған сәтін көрсете алады.<br>Тәрбиешіге назарын балалардың науқастардың жағдайына жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетуіне аударуы керек. | **"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда сөйлеу белсенділігін, ой ұшқырлығын дамыту.<br>Ойын барысы. Допты лақтырып, қағып алу. Аяқталған сөйлем шығатындай сөз тауып, айту керек. Бір сөз ғана қосу керек. Тәрбиеші бірнеше сөз айтады. ал балалар оны жаңа сөзбен, аяқталған сөйлем шығатындай толықтыру қажет, мысалы: "Анам .......... кітаптар, дәптерлер, сөмке сатып алды", - деп балалар жалғастырады.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Ғарышкерлер".**<br>Мақсаты: мектепке дейінгілердің әскери-патриоттық дайындығына ықпал ету, дене шынықтыру дайындығын жетілдіру. Ойын сюжетін өз бетінше дамытуға үйрету.<br>Ойын барысы. Ойынға қызығушылықтарын дамыту үшін, тәрбиеші балаларға "Ғарышкерлер" ашық хат жиынтығын қарастыруды ұсынады. Олармен ғарыш мамандары, ғарышкер қандай қасиеттерге ие болу керектігі жайлы әңгімелеседі. Тәрбиеші балалармен ғарышкер-адамдардың мінезін талқылайды. Одан кейін тәрбиеші балалармен бірге, "Ғарышқа ұшу" ойын сюжетінің шамалы жоспарын белгілейді, ол келесі тармақтарды қамтуы мүмкін: ғарышкерлерді жаттықтыру, ұшуға дайындығына емтихан тапсыру, дәрігердің қарауы, зымыранға отыру, кемені қосу, ғарыштағы жұмыс, кеме бортынан хабарлау, жерден ұшуды басқару, жерге қону, жерде кездесу, медициналық тексеріс, ұшудан кейін ғарышкерлердің тынығуы. Одан кейін тәрбиеші балаларға құрылыс материалынан зымыран құрастыруды ұсынуы мүмкін. Зымыранды құрастыру барысында оның бөліктерін атау (тұмсығы, люктер, иллюминаторлар, басқару тетігі). Дербес ойында тәрбиеші балаларды адамдардың жауапты тапсырманы орындауға бағытталған қарым-қатынасын (еңбек және жеке) модельдеуге шақырады. Мысалы, тәрбиеші балаларға хабарлайды, кейбір адамдар кеме жасаса, ал басқалары оларды сынап, ұшуға дайындайды, үшіншілері - ұшу мен қонуды қамтамасыз етеді. Әр ойыннан кейін тәрбиеші балаларды ойын жағдаяттарын талдауға тартады. | **"Қатені түзе"дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: әрекеттердің дұрыс реттілігін орнатуға үйрету.<br>Ойын барысы: баланың алдына суреттер жиынтығы жатады, бірақ суреттердің бірі өз орнында жатқан жоқ. Бала қатені тауып, суретті өз орнына орналастырады да, кейін өзінің суреттер жиынтығы бойынша әңгіме құрастырады.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Орманда".**<br>Мақсаты: әртүрлі өсімдіктер, дәндер, саңырауқұлақ атауларын бекіту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікпен қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Ойын алдында тәрбиеші ата-аналармен бірге, жақын маңайдағы саябаққа экскурсия ұйымдастырады. Өсімдіктер мен ағаштардың атауларымен таныстырады. Назарларын ондағы тіршілік етушілерге: жәндіктер, құстар және т. б.(орман тұрғындары) аударады. Балалар құстардың дауыстарын естиді. Тәрбиеші алдын-ала рөлдерге бөледі: бірнеше адамды орман иелерінің рөліне алады, қалғандары орман қонақтары. Орман иелері тәрбиешінің басшылығымен қонақтарға арналған ойындар үшін материал таңдайды. Тәрбиеші айтады: "Балалар, бүгін сендерге орман кілтін табу керек болады. Кілтті тапқан адам ешқашан орман ішінде адасып кетпейді, ол құстардың тілін түсініп, жердегі жан-жануарлардың ізін танитын болады. Бірақ кілтті табу оңай емес. Ол үшін сендерді орманда күтіп тұрған, барлық тапсырмаларды орындау керек". Балалардың қайсысы барлық тапсырмаларды бірінші орындап және сұрақтарға дұрыс жауап берсе, кілтке ие болып, орман шеруін бірінші бастауға құқылы. Тәрбиеші карнавалға дайындалуға белгі береді. Орман карнавал ортақ шеруден басталады,кейін балалар алдын-ала дайындалған орман тұрғындарының биін көрсетеді орман, құстар жайлы ән айтып, өлең оқиды, жұмбақ жасырады. Карнавал орман көгалында орман сыйымен — жидектермен, тәтті салмасы бар бәліштермен, шай ішумен аяқталады. | **"Керісінше" дидактикалық ойын.**<br>Мақсаты: балаларда зеректікті, ойлау жылдамдығын дамыту. Ойын барысы. Тек қана қарама-қарсы мағыналы сөздерді атау. Балалар мен тәрбиеші шеңбер құрып орындықтарға отырады. Тәрбиеші бір сөз айтып, допты балалардың біріне лақтырады, бала допты ұстап алып, қарама-қарсы мағыналы сөз айтып, допты қайта тәрбиешіге лақтыру керек. Мысалы: Тәрбиеші: "Алға!"-десе, бала: "Артқа!" -деп жауап береді, (оңға - солға, жоғары - төмен, алыс - жақын, т. б).Үстеуді ғана емес, сонымен сын есімдерді, етістіктерді: астыңғы-үстіңгі. Егер допты алған бала, жауап беруге қиналса, балалар тәрбиешінің ұсынысы бойынша топпен жауап береді.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы".**<br>Мақсаты: кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>Барысы. Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: кітапханашы оқырман формулярларын рәсімдейді, өтінім қабылдайды, картотекамен жұмыс, кітап береді, оқу залында кітапханашы қажет кітапты таңдауға көмектеседі, оқырмандармен оқылған кітаптары жайлы әңгімелеседі, оқырмандар өзара әсерлерімен бөліседі. |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Қылқан жапырықты ағаштарды бақылау.**<br>Мақсаты: ағаштар жайлы білімдерін бекіту, қорытындылау, салыстыру, тұжырымдай білуді дамыту; қылқан жапырақтыларды өзге ағаштардан ажырата білуге баулу.<br>Дауылға да, аязға да,<br>Шыдап бағар міз бақпай.<br>Тау етегі тұрағы,<br>Жап – жасыл боп тұрады. (Қарағай)<br>"Қысы – жазы шешпейтін,<br>Көйлегі бар жасылдан.<br>Өзгертпейді еш кейпін,<br>Жаралғандай асылдан. (Шырша)<br>Балалардан қарағай мен шыршаны қандай белгілерге қарап ажырататындарын сұрау.<br>Екі ағаш қылқандарының ұзындықтары мен түстеріне көңіл аударуды ұсынады.<br>**Еңбек әрекеті: гүлдердің тұқымын жинау.**<br>Мақсаты: бірігіп жұмыс істеуді, еңбектену ниеттерін бекіту.<br>**"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдар: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар.<br>Педагог балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады.<br>Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға бөлініп, құрауға болады.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойында зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады.<br>Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады.<br>Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды.<br>Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Судан аттап өт" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: қозғалыс координациясын дамыту; қимылды тапсырмаларды орындауды үйрету, мақсатқа жету ұмтылысын қалыптастыру.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау.**<br>Мақсаты: торды ракетканы қарсыластың торсыз жағына лақтыруды үйретуді жалғастыру. | **Жауынқұртты бақылау.**<br>Мақсаты: жауынқұртпен оның құрылысымен, тіршілік ортасымен таныстыру, танымдық қабілеттерін дамыту.<br>"Жау, жаңбыр".<br>Жау-жау, жаңбыр, жау, жаңбыр,<br>Жауған жаңбыр – жауған нұр.<br><br>Жердің шаңы басылсын,<br>Гүлдің аузы ашылсын.<br>Еккен егін көктесін,<br>Бізге нанды көп берсін.<br><br>Жау, жау!<br>Гүлденсін бау!<br>Жақан Смақов<br>Балаларға жауынқұртты аяқпен баспау қажеттілігін түсіндіру, оның топырақты қопсытып, құнарландыруда аса маңызы бар екендігі туралы баяндау.<br>**Еңбек әрекеті: гүлдерді сауытқа қайта салуға дайындық.**<br>Мақсаты: гүлдің айналасын абайлап қазуды үйретуді жалғастыру, өсімдіктерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**"Қатарға тұрып билейік" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зерек болу қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Жаттығуды көңілді әуен жазбасын қосып өткізуге болады.<br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Басты оң-солға бұрып,<br>Қос иықты көтерейік.<br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Жоғары қол көтеріп,<br>Бұлғап, төмен түсірейік.<br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Аяқты кезек көтеріп,<br>Маршпен шапалақтап жүрейік.<br>Д. Ахметова.<br>**"Көк ту" ойыны.**<br>Мақсаты: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Доп ұстаған пингвиндер" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: екі аяқпен секіруді қиындату: аяғына қысылған затпен алға жылжу.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, жүру мен жүгіруді кезектестіру.**<br>**Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.** | **Көбелектерді бақылау.**<br>Мақсаты: көбелек оның құрылысы, шығуы жайлы білімдерін кеңейту, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>Көркем сөз. "Көбелек".<br>Мен тимеймін, жасқанба,<br>Дос болайық, көбелек.<br>Жайнап тұрған бақшамда,<br>Гүлдерімді көре кет.<br>Тұтқиылдан састыра,<br>Жаңбыр жауса себелеп.<br>Тақиямның астына,<br>Тығыла ғой, көбелек.<br>А. Сәрсенов<br>**Еңбек әрекеті: сәбилер тобының балаларына ойын алаңын жиыстыруға көмектесу.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікті, сәбилерге көмектесу ниеттерін дамыту.<br>**"Үйсіз қоян" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: қысқа мерзімді, жылдам жүгіруді жаттықтыру, жылдам шешім қабылдауды дамыту.<br>**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар.<br>Күлімдейді алтын күн.<br>Жерде жатыр алтын құм.<br>Құстар ұшты биікке.<br>Сәбіз өсті жүйекте.<br>Кіші болдық желектей,<br>Өсеміз биік теректей.<br>Д. Ахметова.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Ұсталып қалма" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: жүгіру, секіру біліктіліктерін бекіту; жылдамдықпен жалтарып жүгіру қабілетін дамыту.<br>**Дербес ойындар: шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлай білуді, тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіру. | **Кіші топ балаларының ойындарын бақылау.**<br>Мақсаты: кіші жастағы балаларға деген қамқорлық, сүйіспеншілік сезімін ояту; әрекеттері мен дене пішініндегі айырмашылықтарды байқауға баулу.<br>Балаларға кіші топ балаларының ебедейсіз қимылдайтындарын байқату.<br>Қол мен аяқтарының, ересектерге қарағанда, баяу қозғалатыны, беттері томпиған, сүйкімді болатыны туралы пікір бөлісу.<br>**Еңбек әрекеті: ойын жабдықтарындағы орындықтарды тазалау.**<br>Мақсаты: бірігіп жұмыс істеу, айналасын таза ұстауға баулу.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды.<br>Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>**"Жылдам орынға" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: кеңістікте бағдарлауды дамыту, қимыл-қозғалысты белгі бойынша орындай білу. Жылдам жүруді, жүгіруді, секіруді жаттықтыру.<br>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, жылдам жүгіруге жаттығу.<br>**Дербес ойындар: шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлай білуді, тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіру. | **Гүлдерді суаруды бақылау.**<br>Мақсаты: гүлдерді баптау мен күтуге байланысты еңбек туралы білімді пысықтау; гүлдердің өсіп-өну жүйесін бақылауға бейімдеу; еңбекті құрметтеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу; өсімдіктерді суару тәсілдерін меңгерту, суды босқа төкпеуге дағдыландыру.<br>"Еңбек".<br>Гүл өсірсең, терлеп,<br>Мұның ата - Еңбек.<br>Кесте тіксең, зерлеп,<br>Мұның аты - еңбек.<br>Қырға шықсаң, өрлеп,<br>Мұның аты - еңбек.<br>Сабағыңа жөндеп<br>Әзірлесең - Еңбек.<br>Қиындықтың бәрін<br>Еңбек қана жеңбек.<br>Н. Жанаев<br>Педагог пен балалар гүлдерді баптауға және күтуге қандай еңбек керектігін әңгімелейді, етістік сөздерді қолданады; мысалы, топырақты қазу, тырнау, өскіндерді отырғызу, тұқымдарды егу, су құйғышпен суару, арам шөпті жұлу, қопсыту, қураған жапырақтарды, солып қалған гүлдерді жинау, тұқымдарын келесі жылға жинау.<br>**Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы қоқыстарды жинау.**<br>Мақсаты: аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін бағалау.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" кашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.<br>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**"Кім ұзағырақ?" (қапшаларды лақтыру) жаттығуы.**<br>Мақсаты: алысқа лақтыруды дамыту.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, орыннан биікке секіру.**<br>Мақсаты: күш пен жылдамдықты жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **Ойын-тапсырма: "Оюқиямыз".**<br>Мақсаты:қайшымен жұмыс істеуді жалғастыру. | **Ойын-жаттығу: "Сипаттамасы бойынша таны".**<br>Мақсаты: геометриялық пішіндерді ерекшеліктері бойынша бөлу (жақтарының, бұрыштарының саны ). | **Ойын-жаттығу: "Қызықты штрихтеу".**<br>Мақсаты: штрихтеуді дұрыс жасай білуді бекіту. | **"Паздарды жинаймыз" жаттығуы.**<br>Мақсаты: ұсақ қол моторикасын, шыдамдылықты дамыту.<br>**"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. | **Ойын жаттығу: "Ненің дыбысы?"**<br>Мақсаты: есту зейінділігін дамыту, қоршаған объектілер туралы білімдерін тиянақтау.. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Мектеп жасына дейінгілер және күн тәртібі". | Кеңес: "Сіздің балаңыз серуенде". | Әңгімелесу: "Сіздің балаңыздың тәртібі". | Кеңес: "Спорт және бала". | Әңгімелесу: "Мектеп жасына дейінгілердің сұрақтары". |

# Жоспар қандай кезеңге жазылды (айды ,жылды,көрсету).Тамыз айы 15.08. - 21.08.2022ж.

| Ересек тобы | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | №4 | | | | |
| Күндері | 15.08. - 21.08.2022ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | **Менің үй жануарым / Мой домашний питомец /** | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Ештаева А Орынбасарова Д | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балаларды көңілді әуенмен ойын алаңында қарсы алу. Ата-аналармен балалар өздерін қалай сезінетіндері, көңіл-күйлері, бастан кешкен қызықты оқиғалары, ненің ұнағаны жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту.**<br>Мақсаты: құралдармен ұқыпты жұмыс жасау біліктіліктерін дамыту; зеректілікке, байқампаздық танытуға бейімдеу. | **Аквариумдағы суды ауыстыру.**<br>Мақсаты: өз жұмысының нәтижесінен алатын жағымды эмоцияларды дамыту, суды ұқыпты қолдану ережелерін еске түсіріп, қарапайым еңбек дағдыларын жетілдіру. | **"Ойыншықтарды әдемі орналастырамыз".**<br>Мақсаты: өз бетінше топтағы тазалықты қолдау, тазалық жүргізу біліктіліктерін жетілдіру; эстетикалық талғамдарын, өзгелердің игілігі үшін еңбектенуді тәрбиелеу. | **"Терезе алдымен жиһаздарды сүртеміз".**<br>Мақсаты: шүберекті сулап, шайып, сығып, терезе алдын, сөрелерді сүртуге қатысты еңбек дағдыларын жетілдіру; бастаған істі аяғына дейін жеткізуге машықтандыру. | **Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасау.**<br>Мақсаты: балаларға өсімдіктер жапырағын тиянақты сүртуді үйрету; еңбекті ұқыпты болуға бейімдеу. |
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Туған өлкеде не өседі?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: ағаштар жайлы білімдерін бекіту, сөздік қорын қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>**Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа деген қызығушылықты арттыру.<br>"Мысығым".<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады,<br>Бойын жазып, керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br><br>Қасымнан қалмайды,<br>Көзін қысып алдайды.<br>Ойнатсам да күнімен,<br>Ойыны бір қанбайды.<br>Н. Арынова. | **"Жазғы көгал" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сын есім мен зат есімдерді байланыстыруға жаттықтыру; сөздік қорларын молайту.<br>**"Иттің үйшігі" құрылыс ойындары.**<br>Мақсаты: балалардың қиялын, зейіндерін, жануарларға деген сүйіспеншілігін дамыту.<br>Ойын жабдықтары.<br>"Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары.<br>Педагог өз үйлерін құрастыруды ұсынады.<br>**Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие,<br>Торай,шошқа,<br>Қозы, қошқар,<br>Қодық,құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа,шаян,<br>Торғай,шымшық...<br>Сен, қал!<br>Сен, шық!<br>Қадыр Мырза Али. | **"Не дөңгелек болады?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: ой-өрістерін, зеректігі, қиялдарын дамыту, білімдерін бекіту.<br>**"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек.<br>Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады.<br>Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон. | **"Ойлан да тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сипаттау әңгімелерін құрастыруға жаттықтыру, құрдастарын мұқият тыңдау біліктіліктерін дамыту.<br>**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді.<br>Құрт - жорғалайды, жатады.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды. | **"Лото: "Үй жануарлары"" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды, үй жануарларын, топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Түстер бойынша карточкаларды таңдау.<br>**"Еркелетіп ата" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты:<br>Құралдары: "Үй жануарлары мен төлдері" суреттері.<br>- Балалар, білесіңдер ме, үй жануарларының төлдерін еркелетіп атасақ, шулағанын қояды екен.<br>Еске түсіріп айтайық:<br>- Құлын - құлыншақ.<br>- Бұзау - бұзауқан.<br>- Қозы - қошақан.<br>- Бота - ботақан.<br>- Мысық - марғау.<br>- Ит - күшік.<br>- Ешкі - лақ. |
| **Таңғы жаттығу** | Күнделікті дене шынықтыру жаттығуларын жасау әдебін тәрбиелеу.<br>Кешенді жаттығу.<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Артқа қарай бір адым,<br>Алға қарай бір адым,<br>Жоғары, төмен қарайық,<br>Жаттығу жасайық. | | | | |

| | |
|---|---|
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Асхана құралдары мен майлықты дұрыс қолдануды үйрету.<br>Үлкен, кесек тамақты,<br>Ұсақ етіп бөліп ал!<br>Стақандағы сусынды,<br>Төгіп алмай ішіп ал! |
| **Ойындар, оқу қызметіне** | **Балаларды ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | **Әңгімелесу: "Көгал иесінде қонақта".**<br>Мақсаты: балалардың жәндіктердің түрлері жайлы ұғымдарын кеңейту. Жәндіктердің дене құрылымы жайлы білімдерін бекіту. | **"Ұқсайды, ұқсамайды" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды заттарды салыстыруға, түсі , пішіні, көлемі, жасалған материалы бойынша ұқсастығын анықтай білуге дағдыландыру. | **"Ал одан кейін не?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, логикалық ойлауларын дамыту.<br>**"Мысық қалай қимылдайды?"саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды саусақ жаттығуын көрсетіп, сөзбен сүйемелдеуге машықтандыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Құралдары: саусақтарға тағылатын мысықтың маскалары.<br>Мысық қалай қимылдайды? (Қолдар үсте бетінде сол мен оң жаққа сермеп қозғалады)<br>Көрсетейік осындайда.<br>Ақырын аяқ басады, (Үстел бетімен саусақтар ұштарымен кезек жүргізу)<br>Күшіктер қуса - қашады. ("Жүгірту")<br>Орнынан, шап, секіріп, (Орнынан алға сермеп бір орнынан жылжыту)<br>Төбеге ытқып шығады. (Шапалақтау)<br>Мысыққа жылуда, жарықта (Алақандар үстелде, саусақтар созулы)<br>Болу өте қызықты:<br>Күнге көзін жұмып-ашып, (Саусақтарды орындарынан кезек көтеріп-орнына түсіру)<br>Созылып тыныш жатады.<br>Д. Ахметова. | **Әңгімелеу: "Менің сүйікті жануарым".**<br>Мақсаты: балалардың сөйлеуінде сәйкес түсініктерді белсендету, байланысқан әңгіме құрастыру біліктіліктерін қалыптастыру, диалогқа қатысу. | **"Жұбын тап" ойыны.**<br>Мақсаты: логикалық ойлауын дамыту; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:"Қасқыр мен қоян" ертегісі**<br>Мақсаты: Балаларда кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалау дағдыларын дамыту; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту; сұрақтарға толық жауап беруде талап ету; сөздік қорларын молайту; жабайы жануарлар туралы білімдерін толықтыру. | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы "Мысық"**<br>Мақсаты: Балаларға қарапайым пішіндерді қағаздан жасауға, бүктемелерді диагональмен дұрыс бүктеуді үйрету; шығармашылық қабілеттерін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту; үй жануарларына деген ұқыпты және қамқор қатынасты тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы "Қасқыр" әні**<br>Мақсаты: Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы "Менің сүйікті үй жануарым"**<br>Мақсаты: Балаларды жұппен түрлі бағытта жүгіру; заттарды алысқа дәлдеп сол қолмен лақтыру ( 3,5–6,5 метрден кем емес) дағдыларын дамыту; балаларда қозғалыс бағытын өзгертіп, қосымша қадаммен алға; бытырап жүру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру іскерліктерін дамыту. | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы "Менің қалаған үй жануарым"**<br>Мақсаты: Бұрын үйренген білімдер мен дағдыларды қолдана отырып, балаларды өз жұмысының мазмұнын өз бетінше таңдауға және жоспарлаған жұмысты орындауға үйрету; жапсырудың әртүрлі техникаларын бекіту; шығармашылық белсенділігін арттыру; тәуелсіздікке тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы "Тотықұс"**<br>Мақсаты: Сәндік құстардың сыртқы құрылымының ерекшеліктерін нақтылау, құстардың сұлулығына назар аудару, құстарға күтім жасау ережелерімен таныстыру; байланыстырып сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту; балаларды құстарға деген сүйіспеншілікке, құстарға қамқорлық жасауға және қорғауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **"Жаңғырықты" бақылау (тыңдау).**<br>Мақсаты: балалардың табиғат құбылысы (жаңғырықпен) таныстығын кеңейту, ой-өрістерін, байқампаздықтарын дамыту; айналасын қоршаған әлемді, құбылыстарды танып, білуге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>Балаларға әртүрлі ортаға барып, дауыстарын шығаруды ұсыну.<br>Кең аулада, залда, ашық жерде дауыстың соңынан тағы бір қайталанып, бәсеңделіп естілетін дауыстар тізбегі туралы айту. Бұл ауада ерекше жағдайда пайда болатын құбылысты "жаңғырып" деп атау.<br>**Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа жинау.**<br>Мақсаты: еңбек етуге ниеттерін тәрбиелеу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: аласа бөренемен жүру, тепе-теңдік сақтай білу.<br>Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, жан-жаққа шашырап жүгіру, координацияны дамыту.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, орыннан биікке секіру.**<br>Мақсаты: күш пен жылдамдықты дамыту. | **Мысықты бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға, деген қызығушылыққа, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>"Мысық".<br>Үстінде үйдің<br>Тұр еді мысық.<br>Қасына келді<br>Бір торғай ұшып.<br>Бассалмақ болып,<br>Ыршыды мысық.<br>Жалт берді торғай,<br>Пыр етіп ұшып.<br>Биіктен жерге<br>Топ ете түсіп,<br>Мысықтың қалды<br>Жамбасы ісіп.<br>Б. Соқпақбаев<br>Балаларға арыстан, жолбарыс сияқты жануарлардың мысық тектес екені туралы баяндау. Оларды сурет бойынша мысықпен салыстыруды, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды ұсыну.<br>**Еңбек әрекеті. ойын алаңын жинау бойынша тапсырмалар.**<br>Мақсаты: бірігіп жұмыс жасап, нәтижесіне қуана білуге тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момықай,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті.<br>"Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>**"Допты көрсет" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: допты лақтырып, қағып алуға, жүгіруге жаттықтыру.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіртпеде секіру.**<br>Мақсаты: күш-қаутты жетілдіру. | **Көшеде өткен итті бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды жануарлардың қимылына, сыртқы келбетіне қызығушылықты арттыру; ит жануарының көп түрі болатыны туралы түсініктерін тиянақтау.<br>**Педагог балаларға**<br>**Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие,<br>Торай,шошқа,<br>Қозы, қошқар,<br>Қодық,құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа,шаян,<br>Торғай,шымшық...<br>Сен, қал!<br>Сен, шық!<br>Қ. Мырзалиев<br>**Еңбек әрекеті: ұсақ бұтақтарды жинау.**<br>Мақсаты: тазалықты сақтау ниетін дамыту.<br>**"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; ойын желісіне белсенді қатысуға бейімдеу, басқарушы және ойыншы рөлдерін ойнай білуге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту.<br>Алаңның бір жағында көмегімен қой қора қоршалады.<br>Ойнаушылар санамақ арқылы "қойшыны" таңдалып алады; қалғандары – "қойларды" сомдайды. "Қойшының" көзін байланады. Балалардың біреуі (алғашында педагог) "қойшыдан сұрайды: "Қойшы, қойшы, маған қанша қадам бересің?". "Қойшы" өз санын (онға дейін) айтады. Осы қашықтықтан "қойшы": «Менің табыным қайда?", - деп сұрайды. "Қойлар" (балалар): "Мә-мә-мә..", - деп дауыстайды да үндемей қалады. Қойшы оларды іздей  бастайды.<br>Балалар жүргізушіден қашып құтылмақшы болады.<br>Егер "қойшы" балалардың бірін түртіп қалса, сұрайды: "Қойым, қойым, өзіңді ата!" Ал ойнаушы, "қой": "Мә-мә-мә", - деп дауысын шығарады.<br>"Қойшы" баланы дауысынан танып қойса, ұсталған - "қойшыға" айналады. Жаңа ойын басталады. Егер бала танылмай жатса, осы "қойшымен" ойын жалғасады.<br>**"Кегльді қағып ал" жаттығуы.**<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Дербес ойындар: шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлай білуді, тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіру. | **Араны бақылау .**<br>Мақсаты: араны өзге жәндіктерден ажыратып, таныс жәндіктерді атай білуге дағдыландыру; олардың басты ерекшеліктерін нақтылау; тіршілік иелерін танып-білуге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>"Ара".<br>Қызғалдақтың қасына<br>Қойып едім қондырмай,<br>Бізін сұғып басыма,<br>Шақты ара оңдырмай.<br>Енді тимен оған мен,<br>Ісіп кетті бас, шекем.<br>Балы тәтті болғанмен,<br>Тілі өзінің ащы екен!<br>Қ. Мырзалиев.<br>Балаларға араның қауіпі мен пайдасы туралы айту.<br>Балалар араның әрекетіне бөгет болмау керектігін түсіндіру. Сонда шағудан құтылуға болады.<br>Араның бал өнімін жасай білу қабілетін түсініп, адам араларға арнайы бағып-баптау бақшаларын жасайтыны туралы әңгімелеу.<br>**Еңбек әрекеті: балалармен бірге сәбилер тобының ойын алаңын жинау.**<br>Мақсаты: бірігіп жұмыс жасау, бастаған ісін аяғына дейін жеткізу.<br>**"Қарға мен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны**<br>Мақсаты: белгі бойынша , бір-біріне соғылмай, әртүрлі бағытта жүгіру біліктіліктерін дамыту; ойын шартын бұзбауға дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>"Қарға" мен "торғайлар" екі топқа бөлініп, белгі бойынша екі түрлі қимылдарды жасайды (жүгіру мен секіру). Балаларды құстардың қимылдарына еліктеу туралы ескерту керек. Кейіпкерлер тағы бір белгі бойынша екі жаққа таратылып кету тиіс.<br>**"Кім нысанаға тигізеді?" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: затты лақтыруды жаттықтыру; көзбен мөлшерлеуді дамыту.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, "Қапты жеткіз".**<br>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға дамыту. | **Бақ-бақты бақылау.**<br>Мақсаты: емдік өсімдіктер, оларды жинау және қолдану ережелері жайлы ұғымдарын қалыптастыру үрдісінде, танымдық белсенділіктерін дамыту. Баланың тәрбиешімен және достарымен түрлі әсерлерімен бөлісу ынтасын қолдау.<br>Өсімдіктерді, жан-жануарды күтіп-баптайтын орындарда, тағы басқа маман адамдардың еңбегі өте зор екендігі туралы баяндау.<br>Көркем сөз. "Санамақ".<br>Жиналған соң достары,<br>Қаздай өзі басқарды,<br>Қызықты ойын басталды:<br>Бір болды бақшашы,<br>Екіншісі - егінші,<br>Үшіншісі - бақташы,<br>Төртіншісі - теңізші.<br>Бесіншісі - балташы,<br>Алтыншысы - аспазшы.<br>Жетіншісі - жылқышы,<br>Сегізінші - сырнайшы,<br>Тоғызыншы - тігінші,<br>Оныншысы - орманшы.<br>Е.Өтетілеуіов<br>Балаларға айтылған мамандардың қайсысын білетінін сұрау.<br>**Еңбек әрекеті: тәрбиешімен бірге гүлзар ішіндегі құрап қалған гүлдерді тазалау.**<br>Мақсаты: орындалған жұмыстан қуаныш сезімін алуды үйрету; экологиялық мәдениеттілікті тәрбиелеу.<br>**"Бақшадағы тауықтар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: орташа қарқында жүгіруді жаттықтыру, құс қанатын келтіру, отырып тұру.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Ойынды алаңның бірнеше жерінде бірнеше топ балалар үшін ұйымдастыруға болады.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, доппен ойнау.**<br>Мақсаты: ептілікке, зеректікке тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Өз киімдерін шкафқа дұрыс орналастыру дағдыларын жетілдіру. | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақты тиянақты ішу дағдыларын қалыптастыру: тағамнан аздап алу, мұқият шайнау, шусыз жеу. Асхана құралдары мен майлықты дұрыс қолдануды үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы** | Балаларды жайлы ұйқыға дайындау, ешкімге кедергі жасамауға тырысу.<br>Балалақайлар жатады,<br>Тәтті ұйқыға батады. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | Балаларды біртіндеп ұйқысынан тұрғызу.<br>Ауа ванналары.<br>Ояну жаттығуы. | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Болатын бесін асқа назар аудару; көпіршік болғанға дейін қолды сабындау, мұқият жуып тастау, құрғатып сүрте білу дағдыларын жетілдіру. | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Менің адал досым" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: өз денсаулықтарын нығайту, пайдаланып отырған азық-түліктердің  зиянды немесе пайдалы екенін түсіндіре білу.<br>Ойын басында тәрбиеші балаларға өздерінің сүйікті жан-жануарлары жайлы айтып беруді ұсынады. Тәрбиеші ит жайлы бейне фильм көруді ұсынады, қолға үйретілген жануарлардың иелеріне тәуелділігі жайлы түсіндіру, балалармен жан-жануарларға қандай көмек тигізуге болатынын бірге талқылайды. Тәрбиешімен бірге балалар әртүрлі әрекеттердің нұсқасын ұсынады.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Ветеринарлық емхана".**<br>Мақсаты: балалардың жан-жануарлар дәрігері, медбикелер, күтушілер, ветеринарлық емхананың қызмет көрсетушісі жайлы түсініктерін бекіту; емханада медициналық жұмысшылар қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Барысы.Тәрбиеші балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде ветеринардың жұмысы жайлы фотосуреттер қарастыру керек, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқып, еске түсіру, сонымен қатар ветеринарлық емхана жайлы әңгімелесу.<br>Балалар аңдар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтінін ғана емес, сондай-ақ қандай құралдарды қолданатындарын, ветеринарға қандай сұрақтар қою керектігін талқылау керек.<br>Балалар өзара ветеринарлық емханада кімдер, қандай қызметкерлер болатынын таңдайды.<br>Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады.<br>Тәрбиеші диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.<br>Соңында тәрбиеші бalармен бірге қорытынды жасайды: адам жанында тіршілік ететін аңдар мен құстардың денсаулығы мен тірі табиғаттағы жануарлардың қауіпсіздігіне жауапты екенін. | **"Қатені түзе"дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: әрекеттердің дұрыс реттілігін орнатуға үйрету.<br>Ойын барысы: баланың алдына суреттер жиынтығы жатады, бірақ суреттердің бірі өз орнында жатқан жоқ. Бала қатені тауып, суретті өз орнына орналастырады да, кейін өзінің суреттер жиынтығы бойынша әңгіме құрастырады.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы".**<br>Мақсаты: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) жайлы түсініктерін бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнеролик көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңыздылығын талқылау қажет.<br>Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді.<br>Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді.<br>Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. | **"Керісінше айт" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда зеректікті, ойлау жылдамдығын дамыту.Ойын барысы: Тек қана қарама-қарсы мағыналы сөздерді атау. Балалар мен тәрбиеші шеңбер құрып орындықтарға отырады. Тәрбиеші бір сөз айтып, допты балалардың біріне лақтырады, бала допты ұстап алып, қарама-қарсы мағыналы сөз айтып, допты қайта тәрбиешіге лақтыру керек. Мысалы: Тәрбиеші: "Алға!"-десе, бала: "Артқа!"-деп жауап береді, (оңға - солға, жоғары-төмен, алыс - жақын, т. б).Үстеуді ғана емес, сонымен сын есімдерді, етістіктерді: астыңғы-үстіңгі. Егер допты алған бала, жауап беруге қиналса, балалар тәрбиешінің ұсынысы бойынша топпен жауап береді.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Минимаркет"**<br>Мақсаты: балалардың азық-түлік дүкені түсініктерін бекіту, сатушы мен сатып алушы рөліндегі әрекеттерді игеру, мейірімді қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Сатушы балалардың қалауымен тағайындалады. Сатып алушылар қажетті құралдар (себет, қолданылатын қажетті құралдарды, қол арбаны, карточканы, тауарды таңдайды, сатушы тауарды жарнамалайды, бағасын айтады. Тәрбиеші ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. | **"Кітап детективі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: әріптерді нақты суреттермен сәйкестендіруді үйрету; ой ұшқырлығын дамыту.<br>Барысы: әріпті жұмбақтап, балаға тапсырма беру - кітаптан сол әріпке сурет табу. Егер бірнеше бала ойнаса, жарыс элементтерін енгізу: кім қажет суреттер санын көп тапса, сол таңдайды.<br>**Сюжеттті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат"**<br>Мақсаты: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу".<br>Барысы. Балалар ұшқыш, стюардесса, диспетчер, жүк тасушы, әуе жай қызметкері рөлдерін өзара бөліп алады. Ниет білдірушілер билеттерді кассадан сатып алады, бақылаудан өтіп, ұшаққа отырады. Жүк тасушылар жүк тиеумен айналысады. Диспетчер ұшақтың ұшуын хабарлайды. Ұшу кезінде жолаушылар иллюминатордан (суреттегі бейнелерді) түрлі көріністерді – теңізді, тауларды, өзендерді, орманды қарастырады. Қайтып оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі. | **"Пайдалы - зиянды" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: өз денсаулықтарын нығайту, пайдаланатын зық-түліктердің пайдасы мен зияндылығын түсіндіре білу.<br>Ойын басында тәрбиеші балаларға үлкен парақ бетте бейнеленген пайдалы азық-түліктерді жасыл маркермен қоршауды ұсынады, Ары қарай тәрбиеші басқа азық-түліктердің зиянын түсіндіреді, балалармен бірге талқылайды. Бағыттаушы сұрақтар арқылы ойын барысында тәрбиеші балаларға тағам бойынша маман, шынығу бойынша нұсқаушы болуға мүмкіндік береді.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар".**<br>Мақсаты: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Тиянақтылыққа тәрбиелеу, өз киімдеріне ұқыпты қарауға, тәрбиешінің ауызша сүйемелдеуімен, дұрыс киіну реттілігін бекіту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Көлікті бақылау.**<br>Мақсаты: көліктерді қолданысы бойынша ажыратуды үйрету; жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.<br>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.<br>**"Түрлі-түсті автомобильдер" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: дене шынықтыру белсенділігін заттың (рөлмен) көмегімен, ойын арқылы дамытуды жалғастыру.<br>**Еңбек әрекеті : құмды аудару.**<br>Мақсаты: ересектерге көмектесу ниетін тәрбиелеу.<br>**"Ақ сандық,  көк  сандық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне  арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек.<br>Жүргізуші былай жариялайды:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды.<br>Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.<br>**"Нысанға тигіз" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: құм салынған қапшықты нысанға кезекпен бір қолмен лақтыра білу қабілетін дамыту; дәлдікке, төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бағытты өзгерте отырып жүгіруге жаттықтыру.**<br>Мақсаты: шымыр, жылдам болуға баулу. | **Құмды бақылау.**<br>Мақсаты: құмның қасиетін анықтау, құммен топырақтың ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау.<br>Мақал.<br>Құл жиылып бас болмас,<br>Құм жиылып тас болмас.<br>Балаларға суды қолданып, "құмнан пішіндерді жасауға болады дегенді" іс-тәжірибеде дәлелдеуді ұсыну.<br>**Еңбек әрекеті: құмды қопсыту.**<br>Мақсаты: балаларға құмды ойынға дайындау әрекетіне баулу, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады.<br>Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды.<br>Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>**"Көгалдағы хоккей" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: үйрету жұптасып бір-біріне допты домалату, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Дене мүшелері" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақату; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою)<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау)<br>Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары)<br>Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек - кезек екі жаққа сермеу<br>Мынау – сол қолым.<br>Барлық істі басқарған. (Шапалақтап)<br>Д. Ахметова<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті: екі аяқпен орында секіру.**<br>Мақсаты: жылдамдықты дамыту. | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау.**<br>Мақсаты: танымдық әрекеттерін белсендету; еңбек нәтижесін бағалауды үйрету ь результаты труда.<br>Көркем сөз. "Көше тазалаушы".<br>Таныссың ба, бала, менің ісіммен,<br>Көшелерді сыпыратын кісі мен.<br>Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз<br>Сыпырғышым сыпырады тынымсыз.<br>Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті,<br>Қораптарды, түймелерді, тиекті.<br>Шиқылдаған екі жақты арбамен<br>Апарам да аударамын орға мен.<br>Қадыр Мырзалиев<br>Балаларға аула сыпырушының құрал-жабдықтарын атап, сол жабдықтарды жұмыста қалай қолданытынын көрсетуге шақыру.<br>**Еңбек әрекеті: сәбилер тобындағы ойын алаңындағы гүлдерді суару.**<br>Мақсаты: сұқұйғышқа, шелекке су толтыру біліктілігін дамыту, суғару кезінде суды ұқыпты пайдалану, ұжымдық жұмысты мадақтау.<br>**"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды әртүрлі бағытта жалтарып жүгіруде жаттығу, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады.<br>Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады.<br>Ойынның соңынанда балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>**"Кегльді қағып ал" жаттығуы.**<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: балаларға ойынға қажет құрылыс нысандарын тұрғызуды үйрету (үй, и т.б.); ойында табиғи материалдарды қолдану (құм, су т. б.). Ойын мазмұны мен тақырыбын байытуды дамыту. | **Кемпірқосақты бақылау.**<br>Мақсаты: жаз мезгілінің ерекшеліктерін, табиғатта болатын өзгерістер жайлы түсініктерін бекіту,  "кемпірқосақ" жайлы түсініктерін кеңейту.<br>"Кемпірқосақ".<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат,<br>Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты.<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**Еңбек әрекеті: о**йын алаңында ойыншықтарды жуу, кептіру үшін үстелге орналастыру, топтық жұмысты мадақтау.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын дамыту, тазалыққа тәрбилеу.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады.<br>"Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момықай,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті.<br>"Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>**"Кім бірінші жиналады?" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: қозғалыс жылдамдығын, кеңістікті бағдарлауды, зейінділікті дамыту.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, жылдам жүгіруді жаттықтыру.** | **Түймедақты бақылау.**<br>Мақсаты: баладардың түймедақ гүлі туралы білімдерін толықтыру; сұлулық пен емдік қасиетін білуге ынталандыру; қызығушылықты арттыру.<br>Жұмбақ,<br>Көзі сары, кірпігі ақ<br>Шалғын мен гүлзарда өседі. (Түймедақ)<br>Педагого түймедақтың шалғындық өсімдіктер түріне жататынын түсіндіреді; түймедақты адамдар бау-бақшада декоративті қалпына жеткізіп, өндеп өсіріп алғаны туралы баяндайды.<br>Түймедақтың емдік қасиеті, іс-тәжірибе жасалып, көрсетіледі: дәріханада алынған, ыдысқа салынған түймедақтардың күлтешелеріне ыстық су құйылып, жасы жабылады. (Балалардың белгілі қашықтыққа тұрғызып, қауіпсіздікті ескеріп тұру керек.)<br>Педагог ыдыстағы судың сарғайып бара жатқанын байқатады да тымау, суық тигенде түймедақтан бұқтырманы ішу пайдасы туралы түсінік беріледі.<br>**Еңбек әрекеті: ойын алаңын құрап түскен жапырақтардан жинау.**<br>Мақсаты: тазалық жүргізу құралдарын: қалақ, сыпыртқыш, шелек қолдану біліктілігін дамыту.<br>Татулық пен ұйымшылдық таныту.<br>**"Тым-тырақай" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау.** Мақсаты: ракетканы қарсыласы жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Мысық қалай қимылдайды? саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды саусақ жаттығуын көрсетіп, сөзбен сүйемелдеуге машықтандыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Құралдары: саусақтарға тағылатын мысықтың маскалары.<br>Мысық қалай қимылдайды? (Қолдар үсте бетінде сол мен оң жаққа сермеп қозғалады)<br>Көрсетейік осындайда.<br>Ақырын аяқ басады, (Үстел бетімен саусақтар ұштарымен кезек жүргізу)<br>Күшіктер куса - қашады. ("Жүгірту")<br>Орнынан, шап, секіріп, (Орнынан алға сермеп бір орнынан жылжыту)<br>Төбеге ытқып шығады. (Шапалақтау)<br>Мысыққа жылуда, жарықта (Алақандар үстелде, саусақтар созулы)<br>Болу өте қызықты:<br>Күнге көзін жұмып-ашып, (Саусақтарды орындарынан кезек көтеріп-орнына түсіру)<br>Созылып тыныш жатады.<br>Д. Ахметова. | **Ойын-жаттығу: "Әдемі сөйлейміз".**<br>Мақсаты: дыбыстарды дұрыс дыбыстау, (ш), (с) дыбыстары бар жаңылтпаштарды қайталау. | **Ойын-тапсырма: "Менің жануарым" (оригами).**<br>Мақсаты: парақ бетті сызба бойынша бүктеу біліктіліктерін бекіту. | **Тыныс алу жаттығуы: "Көбелектер"**<br>Мақсаты: сөйлеу аппаратын нығайту.<br>**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді.<br>Құрт - жорғалайды.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды. | **Ойын жаттығуы: "Мені ата".**<br>Мақсаты: есту арқылы қабылдауды дамыту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балаға арналған бас киім". | Әңгімелесу: "Судағы қауіпсіздік". | Кеңес: "Театрға арналған қуыршақтар жасау". | Әңгімелесу: "Бала гигиенасы". | Әңгімелесу: "Құммен ойнауға арналған ойыншықтар". |

# Жоспар қандай кезеңге жазылды (айды ,жылды,көрсету).Тамыз айы 22.08. - 26.08.2022ж.

| Ересек тобы | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | №1 | | | | |
| Күндері | 22.08. - 26.08.2022ж. | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Біз өте татумыз / Какие мы дружные / How friendly are we? | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы<br>Ештаева А Орынбасарова Д | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың өздерін қалай сезінетіндері, көңіл-күйлері туралы әңгімелесу, жағымды атмосфера орнату, балалардың әртүрлі мазмұнды іс-әрекеттері үшін жағдай жасау. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **"Тәрбиешінің көмекшісіне төсек-орын жабындыларын ауыстыруға көмектесу".**<br>Мақсаты: төсек жабындыларын қолданысына қарай бөлуге үйрету, тәрбиешінің көмекшісіне көмектесу ниетін және басқалардың еңбегіне құрметпен қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу; еңбекке баулу. | **"Оқу қызметіне керек құрал-жабдықтарды дайындаймыз".**<br>Мақсаты: берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды дамыту, оқу қызметіне керек материалдар мен құрал-жабдықтарды ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін дамыту. | **Аквариумдағы балықтарды тамақтандыру.**<br>Мақсаты: зейінді, балықтарға күтім жасау ниеттерін дамыту, тіршілік иелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу | **"Шкафтың ішін ретке келтіреміз".**<br>Мақсаты: балаларды сыртқы киімдерін шкафқа жинауда ұқыптылық танытуға дағдыландыру; ретсіздікті көріп, оны түзеуге деген ынтаны дамыту. | **"Асхананы жинау".**<br>Мақсаты: үстелді дұрыс жасауды үйрету, тамақтан кейін ыдысты жинау, үстелдің бетін сүрту, еденді сыпыру дағдыларын жетілдіру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **Әңгімелесу: "Таңғы сәлемдесу".**<br>Мақсаты: балалардың естеріне ересектермен, құрдастарымен, жасы кішілермен амандасу қажеттілігін түсіру, әдептілік ережелерін айту. Әр түрлі жағдайлардағы мінез-құлық үлгілерін дамыту, тиісті сөйлеу құрылымдарын қолдануға үйрету.<br>**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың достық туралы ұғымдарын тиянақтау; көркем сөзге деген қызығушылықтарын арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру<br>"Достық деген не?"<br>Педагог асықпай, өлеңді мәнерлеп оқиды.<br>Топ ішінде бірге ойнаған,<br>Достарыммен біргемін.<br>Бөлісіп бар ойыншықпен,<br>Жан сырын да білгенмін.<br><br>Достарменен бірге жүрсең,<br>Жақсы әуен тынбасын.<br>Қара бұлтта сейіледі,<br>Дос жүрегін тыңдасаң.<br><br>Достарменен қол ұстассаң,<br>Ешқашан қор болмайсың.<br>Ұқсағың кеп жан досыңа,<br>"Кең мұнара" салғайсың.<br>Д. Бұланбаева. | **"Балабақша" жаттығуы.**<br>Мақсаты: мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдап қозғалуға ынталандыру; дене мүшелерін жетілдіру, жағымды эмоцияларды дамыту; балабақшада ұйымшыл болуға баулу.<br>- Балабақша, балабақша (Орнында марш басу, қолдармен сермеу)<br>Біздің ортақ үйіміз.<br>Бізбен бірге, бізбен бірге (Орнында жүріп, шапалақтау)<br>Ойыншықтар, достарымыз.<br><br>Ойнап-күліп, ойнап-күліп, (Орнында секіру, қолдармен жоғары шапалақтау)<br>Бізбен бірге қоймайды,<br>Қолды бұлғап, қолды бұлғап, (Орнында жүріп, қолдармен алдыда бұрмалау)<br>Кейіпкерді сомдайды.<br><br>Отырады да тұрады, (Қолдар белде, аяқтарды бүгіп, тік тұру)<br>Теңселеді жан-жаққа, (Қолдар белде, оң-сол жақтарға теңселу)<br>Оңға-солға бұрылады, (Қолдар белде, оң-солға бұрылу)<br>Жүреді болашаққа. (Орнында марш басу, қолдарды жоғары көтеру)<br>**Ережені есте сақтау жаттығуы.**<br>Жұмбақ жасыру. "Бағдаршамның шамдары".<br>Мақсаты: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Мен қауіптен абайлаймын:<br>"Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын.<br>Мен – ортаңғы дөңгелекпін,<br>"Досым, дайындал!" – деп әлекпін.<br>Мен рұқсат беріп тұрамын:<br>"Жүре бер!" – деп шақырамын.<br>Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды. | **"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту.<br>Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары.<br>**Көркем сөзді жаттау жаттығуы.**<br>Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Бақшада".<br>Көңілді бар бала,<br>Бақшаға, баққа енсек.<br>Ойнаймыз аулада,<br>Төбеміз әткеншек.<br>Шешеміз жұмбақ та,<br>Жаңылтпаш айтамыз.<br>Кешкілік үй жаққа<br>Үлкейіп қайтамыз.<br>Б. Кірісбаев. | **"Балық, құс, аң" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: аңдарды, құстарды, балықтарды топтастыру біліктіліктерін бекіту.<br>Көркем сөз. "Аквариумдағы балықтар".<br>Мекендеген теңіз-мұхиттарда<br>Балықтар жіберілді аквариумға.<br>Қозғалып, жүзіп жүр ары-бері,<br>Түстері ала, қызықты пішіндері.<br>Д. Ахметова.<br>**"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (заттар).**<br>Мақсаты: балалардың қоршаған заттар, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, ұшбұрыш сияқты пішіндер; геометриялық пішіндерге ұқсас заттардың кескіндері.<br>- Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, ұшбұрыш).<br>- Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар заттарды атайды)<br>- Оларды қандай бір сөздермен біріктіреміз? (Жиһаз, ойыншықтар, ыдыс-аяқ, киімдер.)<br>- Суреттегі заттарды өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар. | **"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды.<br>**Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?".**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру.<br>Біз көмекші болып жүреміз, (Бас бармақтарды көрсету)<br>Жеңімізді кезегімен түреміз. (Жеңді түргенге еліктеу)<br>Қолға табақшаны алып, (Саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау)<br>Уқалап, жуып береміз.<br><br>Кесе - екі қос алақандай, (Саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып, "тербету")<br>Шұңғыл алтын айдай.<br>Қолға кесені алып, (Жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып, айналдыру)<br>Айналдырып, жуып береміз.<br>Д. Ахметова. |
| **Таңғы жаттығу** | Кешенді жаттығулар баланың қимыл-қозғалыс және эмоционалды демалуына ықпал етеді. | | | | | |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу.<br>Дастарханның басында,<br>Өзіңді жақсы ұста!<br>Дұрыс отыр! Асыңды іш!<br>Денене көп жина күш. | | | | | |

| **Ойындар, оқу қызметіне дайындық** | **Балаларды ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Фант" ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады. | **"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Жабдығы: асық.<br>Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды.<br>Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез-келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады.<br>Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы. | **"Күлкі-сиқыр" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: өз құрдастарының жағымды қасиеттерін ғана көру біліктіліктерін дамыту. | **"Кім шақырғанын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: есту мүшелерін жаттықтыру және зейіндерін тұрақтандыру, есте сақтауларын дамыту. | **"Сарбаздар! Адымда!" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды мәтін сөздерін мәнерлеп айтуда ырғаққа сай қимылдауға машықтандыру; дене мүшелерін жетілдіру; отансүйгіштікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Желбіретті көк туды,<br>Қазақстан әскері!<br>Жасақталған жауынгер,<br>Тап-тұйнақтай киінген.<br><br>Бұйрық беріп басшысы,<br>Алға бастап келеді.<br>Жасақталған жауынгер,<br>Жылдам сапты түзеді.<br><br>Өз Отанын қорғайды,<br>Әнге басып келеді.<br>Жасақталған жауынгер,<br>Қазақстан ерлері!<br>**"Айналамыздағы қауіп" тақырыбына әңгімелесу.**<br>Мақсаты: қауіптің көздері және олардың салдары туралы білімдерін бекіту. |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Біз татумыз"<br>Мақсаты: Балаларға достық,татулық туралы мағлұмат беру. | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: "Достық біздің туымыз"**<br>Мақсаты: Балаларды биіктігі 5-10 см 2-3 заттың үстінен кезектесе секіру; көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүруге үйрету; қатарға үшеуден тұру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; 50-60 метрге жүгіру іскерліктерін дамыту; қимылды ойындарға қызығушылықтарын ояту. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: "Масақ" украин халық ертегісі**<br>Мақсаты: Балаларды оқылған шағын ертегі желісі бойынша ертегі мазмұнын айтып бере білуге үйрету; өз ойларымен бөлісе білуге талпындыру; ертегі кейіпкерлерінің қимылын, дыбысын салдырып, кейіпкерлер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту; еңбекқорлыққа тәрбиелеу, жалқаулыққа бой алдырмауға баулу адамгершілікке, достыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Достық ғаламшары»**<br>Мақсаты: Балаларыдың достық жайлы білімдерін жалпылау және кеңейту; "алақанда бастыру" арқылы сурет салу техникасын бекіту; қағаз бетінде еркін бағдарлау, ортақ композиция жасау барысындағы ұжымдық жұмыс біліктіліктерін қалыптастыру; логикалық ойлау қабілеттерін, суретті қағаз бетіне орналастыру біліктіліктерін дамыту; өз күшіне сенуге, шыдамдылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: "Дос болайық бәріміз!"**<br>Мақсаты: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнай отырып, мимика, пластик көмегімен музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен музыкалық сенсорлық қабілеттерді дамыту. | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: «Достығымыз жарасқан»<br>Мақсаты: Балаларға дос пен достық туралы білімдерін қалыптастыруды жалғастыру.<br>Олардың сезімдері мен эмоцияларын басқара білуге ықпал ету, достық туралы түсініктерін кеңейту, балалардың мейірімділік туралы түсініктерін тереңдету; «дос» және "достық" сияқты ұғымдар туралы балалардың білімдерін кеңейту, Балаларда эмпатия қабілетін, қиын жағдайда бір-біріне көмекке келуге деген ұмтылысын дамыту, сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Бір-біріне деген әділетті қатынасты, басқаларға деген қайырымдылықты тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Құмырсқаларды бақылау.**<br>Мақсаты: құмырсқалар тіршілігі жөніндегі түсініктерді тиянақтау; жәндіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>Педагог жүгіріп өтіп жатқан құмырсқаларға көңіл аударады.<br>Құмырсқалардың бірігіп, бір ұяда мекендейтінін, өте шапшаң, еңбекқор, ұйымшыл жәндіктер болғандығын көрсету, түсіндіру.<br>Құмырсқалардың күші өте мол екендігін, жапырақты, бұтақтарды немесе құрттарды, салмағына қарамай, көтеріп таситындығын бақылату.<br>"Құмырсқалар".<br>Жанталасқан жәндіктер,<br>Шынжырдай тізіліп жүгірген,<br>Бірігіп алыпты алады,<br>Зәулім ұяны салады.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбек әрекеті: ойын жабындысын жинау.**<br>Мақсаты: еңбек дағдыларын дамыту.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Ойын мақсаты: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақ сүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br>**"Өрт сөндірушілер" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда топтық сезімді, қимыл-қозғалысты белгі бойынша орындау біліктіліктерін дамыту, бір және екі бағанаға жылдам тұруға жаттықтыру.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктіліктерін қалыптастыру. | **Торғайды бақылау.**<br>Мақсаты: торғайдың дене ерекшеліктері мен тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>"Торғайдың әні".<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Ж. Сымақов.<br>Балалардың назарын торғайдың бір орында тоқтамайтынына аудару; торғай - өте пысық, жылдам, шапшаң, зерек, көңілді құс екені туралы айту. Торғай жыртқыштардан тез құтылу үшін көп қимылдайды, қауіпті сезетін құс.<br>**Еңбек әрекеті: ересектермен бірге гүлзар ішін түптеу.**<br>Мақсаты: жұппен бірігіп жұмыс жасай білу; достық қарым-қатынасты дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ит пен торғай" қимыл қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: торғай мен итке тән әрекеттер туралы білуге машықтандыру; олардың дыбысын сала білуге дағдыландыру; секіру мен жүгіру қимылдарын жетілдіру.<br>"Иттер" мен "торғайлар" екі топқа бөлініп, белгі бойынша екі түрлі қимылдарды жасайды (жүгіру мен секіру). Балаларды құс пен жануардың қимылдарына еліктеу туралы ескерту керек. Кейіпкерлер тағы бір белгі бойынша екі жаққа таратылып кету тиіс.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Кегльді қағып ал" жаттығуы.**<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту.**<br>Мақсаты: допты бір-біріне астыңғы жақтан лақтыру біліктіліктерін дамыту. | **Топырақты бақылау.**<br>Мақсаты: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; топырақты қопсыту, іс-тәжірибе мен зерттеу жасауға ынталандыру.<br>Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар.<br>Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді коректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы; оның құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді.<br>Балаларға аяқпен басып жүрген топырақ пен гүлзарға төгілген топырақтың айырмашылықтарын көрсету: "көң" атты топырақтың түсі қараңғы, ұстағанда - жұмсақ екеніне көз жеткізу. Көңді адамдар даярлайды; бұнда өсімдіктердің өсуіне пайдалы заттар бар, сондықтан көкөніс, жеміс, гүл, жидекке көңді төккен дұрыс екендігі туралы әңгімелеу.<br>Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді.<br>**Еңбек әрекеті: ересектермен бірге, гүлзарда түптеу.**<br>Мақсаты: бірігіп жұмыс жасауды үйрету, ортақ талпыныспен, қойылған мақсатқа жету.<br>Жабдықтары: шелектер, күрекшелер, тыршауыштар, қолғаптар.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>**"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, жұптасып допты ұстап алу.**<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру, достыққа тәрбиелеу. | **Раушангүл бұталарын бақылау.**<br>Мақсаты: раушангүл туралы көп білуге ынталандыру; өсімдіктердің өсуі мен дамуын бақылау, табиғи ортаға қамқорлық көзқарасты қалыптастыруды жалғастыру.<br>Раушангүлдің әсемдігі, хош иісі және қауіпті сабақтарындағы тікенектері туралы, гүлдің бұта болып өсуі туралы, раушангүлдің итмұрынның тектесі екені туралы баяндау.<br>Гримм атты неміс жазушыларының "Ұйқыдағы ару" ертегісін балалардың есіне түсіру.<br>Раушангүлдің осы ертегі желісінде алатын орны туралы айту.<br>**Еңбек әрекеті "Құмды қазып, аудару"**<br>Мақсаты: ересектерге көмектесу ниетін тәрбиелеу.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды. Қалғаны "бояулар" болады.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:<br>- Бояудың бағысы қанша?<br>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**"Кім бірінші жиналады?" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: қозғалыс жылдамдығын, кеңістікті бағдарлауды, зейінділікті дамыту.<br>**Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, еңкейіп жүру.**<br>Мақсаты: тәрбиеші тапсырмасы бойынша қимылдарды орындау біліктіліктерін дамыту. | **Бағдаршамды бақылау.**<br>Мақсаты: бағдаршамның жұмысы, түстік белгілері жайлы білімдерін бекіту; үлкен даңғылдағы бағдаршамның жұмысы жайлы білімдерін кеңейту.<br>Жұмбақ.<br>Жоқ өзінде бас та, ауыз да, құлақ та,<br>Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)<br>Балалар бағдаршамның үш түсі нені білдіретінін айтады; жолда тәртіптің қалай сақталатынын түсіндіреді.<br>"Бағдаршамның шамдары".<br>Мен қауіптен абайлаймын:<br>"Токта! Тұр!" – деп тік қараймын.<br>Мен – ортаңғы дөңгелекпін,<br>"Досым, дайындал!" – деп әлекпін.<br>Мен рұқсат беріп тұрамын:<br>"Жүре бер!" – деп шақырамын.<br>Д. Ахметова.<br>Педагог ойыншық машиналарды, ұсақ қуыршақтарды, бағдаршам макетін қолданып, көшені құрастыртып, ойынды ұсыну мүмкін.<br>**Еңбек әрекеті: жолдарды құм мен ұсақ қоқыстардан тазалау.**<br>Мақсаты: жұмысты таза, тиянақты орындау.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны "Бағдаршам"**<br>Мақсаты: байқампаздықты, зейінділікке тәрбиелеу, құрдастарымен қарым-қатынастарын талқылау.<br>Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, жүру техникасын жаңғырту.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>**"Допты бастаушыға" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: допты лақтырып, қағып алуға жаттықтыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларды аяқ киімнің бауын шешу, сырт киімнің түймесін ағытуды, ұқыпты жинауды үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Асхана бойынша кезекші міндеттерін адал орындауды үйретуді жалғастыру: үстелді толық жасау. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Аудиотаспа тыңдау.<br>Күшті қалыпқа келтіру үшін, ұйқыға дайындалу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | Балаларды біртіндеп ұйқыдан тұрғызу.<br>Шығыс жаттығуларының элементтері.<br>Беті-қолды салқын сумен жуу. | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Асты астан аздап алу, ұқыпты ішу дағдыларын қалыптастыру, | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздылыққа тәрбиелеу.<br>Барысы. Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды.<br>Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б..<br>**"Машинаны кім жүргізеді?"сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: жүргізуші мамандығы жайлы білімдерін кеңейту, сөздік қорларын молайту, жаяужүргінші түсінігін нақтылау, жолда жүру ережелерін сақтау.<br>Барысы. Балалар көлік жүргізу үшін не керек екенін, түсіну керек. Балалардың алдына әртүрлі көліктер қойылады: жүк, жеңіл көлігі, автобус. Балалар өздеріне көлік таңдайды, жағдайды ойнайды, ары қарай сюжет бойынша біреуді автобус жүргізушісі, біреуді кондуктор етіп сайлайды, басқа балалар-жолаушылар, жүру барысында жол белгілері бойынша қозғалады. | **"Не өзгерді?" дамытушылық жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларда қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту; ой ұшқырлығын, байқампаздықты тәрбиелеу.<br>Керекті құралдар: әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы. Тәрбиеші балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Саны алдымен 6-дан басталады да, кейін 10-12-ге дейін жетуі мүмкін.<br>Ойыншықтар бір қатарға қойылғаннан кейін, балалар олардың реттік санын айтулары мүмкін. Балалар көздерін жұмады, тәрбиеші қатардағы ойыншықтардың орнын ауыстырады. Балалар көздерін ашып, қай ойыншық, қандай орынға ауыстырылғанын айтады.<br>**"Кітаптар емханасы" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: кітаптарды ұқыпты ұстауды үйрету. Кітапты "ауырғанды емдеу" жөндеуді үйрету. Қайшыны дұрыс қолдануды, ұқыпты желімдеуді үйретуді жалғастыру.<br>Кітапты қолдану ережелері жайлы әңгімелеу.<br>Өлең оқу.<br>Мақсаты: балалардың өлең мәтінін есту арқылы қабылдау біліктілігін қалыптастыруды жалғастыру, жеке сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтау. Көркем шығармаларға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. | **"Жол белгілері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: логиканы дамыту, жолда жүру ережелерін есте сақтауды, белгі бойынша бағдарлауды үйрету.<br>Барысы. Тәрбиеші белгілерді қарастырып, кейін оларды бөліп, қолданылу аясые түсіндіруді ұсынады. Егер бала жауап беруге қиналса, онда құрдастарынан көмек сұрауына болады.<br>**"Театр"сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды өзіне жүктелген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалар арасындағы достық қарым-қатынас қалыптастыру. Мәдени ошақтар олардың әлеуметтік маңызы жайлы ұғымдарын бекіту. Балалардың театр, театр труппасы, театр қызметкерлері жайлы білімдерін бекіту. Театр жұмысының ұжымдық мінезін көрсету, сөйлеу мәнерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: ширма; әртүрлі театр түрлері; афишалар; билеттер; бағдарлама; костюм элементтері.<br>Барысы. Балаларға театр таңдау ұсынылады; билеттер, афишалар дайындау; көрермендердің театрға келуі; әртістердің спектакльге дайындығы; театр қызметкерлерінің сахнаны қойылымға дайындау; антрактпен спектакль. | **"Сөздер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, зейіндерін, ой ұшқырлығын дамыту; өзара достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Барысы: тәрбиеші балаларға "Құстар" тақырыбына сөздер құрауды т Тәрбиеші "Құстар" түсінігімен байланысты бір сөз айтады да, кезекті келесі балаға береді. Бала, белгіленген уақытта, керекті сөзді таппаса, қатені толтыру үшін, өз өнерін ортаға салады.<br>**"Ғарышкерлер" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: мектепке дейінгілердің әскери-патриоттық дайындығына ықпал ету, дене шынықтыру дайындығын жетілдіру. Ойын сюжетін өз бетінше дамытуға үйрету.<br>Ойын барысы. Ойынға қызығушылықтарын дамыту үшін, тәрбиеші балаларға «Ғарышкерлер» ашықхат жиынтығын қарастыруды ұсынады. Олармен ғарыш мамандары, ғарышкер қандай қасиеттерге ие болу керектігі жайлы әңгімелеседі. Тәрбиеші балалармен ғарышкер-адамдардың мінезін талқылайды. Одан кейін тәрбиеші балалармен бірге, «Ғарышқа ұшу» ойын сюжетінің шамалы жоспарын белгілейді, ол келесі тармақтарды қамтуы мүмкін: ғарышкерлерді жаттықтыру, ұшуға дайындығына емтихан тапсыру, дәрігердің қарауы, зымыранға отыру, кемені қосу, ғарыштағы жұмыс, кеме бортынан хабарлау, жерден ұшуды басқару, жерге қону, жерде кездесу, медициналық тексеріс, ұшудан кейін ғарышкерлердің тынығуы. Одан кейін тәрбиеші балаларға құрылыс материалынан зымыран құрастыруды ұсынуы мүмкін. Зымыранды құрастыру барысында оның бөліктерін атау (тұмсығы, люктер, иллюминаторлар, басқару тетігі) Дербес ойында тәрбиеші балаларды адамдардың жауапты тапсырманы орындауға бағытталған қарым-қатынасын (еңбек және жеке) модельдеуге шақырады. Мысалы, тәрбиеші балаларға хабарлайды, кейбір адамдар кеме жасаса, ал басқалары оларды сынап, ұшуға дайындайды, үшіншілері - ұшу мен қонуды қамтамасыз етеді. Әр ойыннан кейін тәрбиеші балаларды ойын жағдаяттарын талдауға тартады. | **"Сырт кейіпімізді өзгертеміз" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: байқампаздықты, сөйлеу әрекетін, позитивті көңіл-күйін дамыту.<br>Сипаттамасы: бірнеше адам ойнайды, барлығы бір қатарға тұрады, жүргізуші бір баланы атайды да, оған ойынның әр қатысушысының сыртқы келбетін есте сақтауды ұсынады. Оған 1-2 минут беріледі. Кейін бала басқа жаққа бұрылады, ойынның басқа қатысушылары киім-кешектеріне немесе шаш үлгілеріне, кішігірім өзгерістер енгізеді. Ойыншыларға бұрылған бастаушы, өзі байқаған өзгерістерді айту керек.<br>**"Ателье" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың киім-кешектер жайлы білімдерін бекіту, шығармашылық ойлауларын дамыту, матаның қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Барысы: балалар өз қалаулары бойынша киім тігу шеберін тағайындайды, оған арнайы бұрыш дайындалады, ойыншы-балалар келіп, өз маталарын әкеледі, ал кейбіреулері өз көйлек үлгілерін алып келеді. Тігінші шебер тапсырысты орындайды. |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Өз киімдеріне тианақты, ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Жаңбырды бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды табиғат құбылысы-жаңбырмен таныстыруды жалғастыру.<br>Жаңбырдың өсімдіктердің өсуіне тигізетін ықпалы жайлы айту. Балаларды сөйлеу барысында жаңбырды сипаттайтын сын есімдерді қолдануды үйрету. Балалармен жазғы жаңбырды бақылау.<br>**"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Аксың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>Қазақ ауыз әдебиеті.<br>**Еңбек әрекеті: гүлзардағы арам шөптерді жинау.**<br>Мақсаты: бастаманы мадақтау, еңбектену ниетін қолдау, гүлдердің сұлулығын көруді дамыту.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; епгілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, допты бір-біріне лақтыру.**<br>Мақсаты: допты екі қолмен лақтырып, қағып алу біліктіліктерін бекіту. | **Жел мен бұлттарды бақылау.**<br>Мақсаты: жаздың ашық аспан сұлулықты көру біліктіліктерін бекіту; шығармашылық қиялдарын дамыту.<br>Болжамдар: бұлттар жылдам қозғалса – ауа-райы ашық болады.<br>Бұлттарды бірнеше түрі бар екендігін айту. Оның ішінде ақ бұлттар желмен айдалып ұшады; сұр бұлттар жиналып, аспанды жауып, жаңбырды әкеледі.<br>***"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.***<br>Мақсаты: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр).<br>- Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.<br>Балалардың мысалы жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр.<br>Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.<br>**Еңбек әрекеті: гүл тұқымын жинау.**<br>Мақсаты: бірігіп жұмыс істеу, еңбектену ниетін дамыту.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады.<br>Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады.<br>Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды.<br>Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Ойынды алаңның бірнеше жерінде бірнеше топ балалар үшін ұйымдастыруға болады.<br>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, допты лақтырып, екі қолмен ұстап алу.<br>**"Кегльді қағып ал" жаттығуы.**<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | **Көлеңкені бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды көлеңке құбылысымен таныстыру; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Көлеңке - бұл дене жарық көзінен келетін, жарыққа бөгет жасағанда пайда болатын қараңғылықтың күйі.<br>Бөгет жарықтың бетке жетуіне кедергі жасайды, соның себебінен көлеңке пайда болады. Мөлдір емес денелердің ғана көлеңкесі болады, себебі жарық мөлдір денелерден өтіп кетеді. Көлеңке жарық көзінен қарама-қарсы жақта пайда болады.<br>"Көлеңке мен адам".<br>Ұстаймын деп болды әуре<br>Көлеңкені бір Есер:<br>Қашып берді Көлеңке,<br>Қуып еді ол ілесе,<br>Көлеңке де жүгірді,<br>Жүгіргенде ол тіресе.<br>А. Асылбек<br>Балаларды жарыққа шығып әртүрлі қимылдарды жасай тұра, көлеңкені бақылауға шақыру.<br>**Еңбек әрекеті: тәрбиешімен бірге, гүлзар ішіндегі құраған өсімдіктерді жинау.**<br>Мақсаты: орындалған жұмысқа қуана білуді үйрету.<br>**"Оң қолым мен сол қолым" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың оң мен сол жақты ажырата білу қабілеттерін бекіту; мәтіннің мәніне сай қимылдауға, оң мен сол жақты дұрыс ажыратуға дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Оң қолым менің, қалайсың? (Оң қолды көрсету)<br>Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау)<br>Мен қасық ұстап аламын, (Қасықты ұстағанды көрсету)<br>Әдемі сурет саламын. (Сурет салғанды көрсету)<br>Сол қолым, сен не қалайсың? (Оң қолды көрсету)<br>Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау)<br>Мен үзілген нан аламын, (Нанды ұстауды көрсету)<br>Қағаз бетін баса аламын. (Қағазды басып тұрғанды көрсету)<br>Оң мен сол қолдарыммен, (Екі қолды көрсету)<br>Заттарды зерттеймін мен, (Саусақтармен жыбырлату)<br>Мыжғылап, ұстап-сипап, (Жұдырықты ашып-жұму)<br>Сәлем деп досқа бұлғап. (Екі қолмен жалауша тәрізді бұлғау)<br>Қолдарыммен мен үнемі, (Екі қолды көрсету)<br>Жеңімді бірге түремін. (Жеңдерді түргенді көрсету)<br>Нан илеп, шапалақтап, (Нан илеуді көрсету, шапалақтау)<br>Қуанышпенен қостап. (Шапалақтау)<br>Д. Ахметова<br>**"Сақина" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың орташа немесе кішкентай шеңбер жасап тұру, сөзбен қимыл-қозғалысты үйлестіре білу біліктілігін дамыту.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бүйірлеп түзу жүру.**<br>Мақсаты: негізгі қимылдарды жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға баулу. | **Қылқан жапырықты ағаштарды бақылау.**<br>Мақсаты: ағаштар жайлы білімдерін бекіту, қорытындылау, салыстыру, тұжырымдай білуді дамыту; қылқан жапырақтыларды өзге ағаштардан ажырата білуге баулу.<br>Дауылға да, аязға да,<br>Шыдап бағар міз бақпай.<br>Тау етегі тұрағы,<br>Жап–жасыл боп тұрады. (Қарағай)<br>"Қысы – жазы шешпейтін,<br>Көйлегі бар жасылдан.<br>Өзгертпейді еш кейпін,<br>Жаралғандай асылдан. (Шырша)<br>Балалардан қарағай мен шыршаны қандай белгілерге қарап ажырататындарын сұрау.<br>Екі ағаш қылқандарының ұзындықтары мен түстеріне көңіл аударуды ұсынады.<br>Қылқан жапырақтылардың неге солай аталатынын туралы сұрау.<br>Адам денсаулығына, табиғаттың жандануына жағымды ықпалы туралы баяндау.<br>**Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы табиғи материалдарды жинау.**<br>Мақсаты: еңбек етуге ниеттерін ояту, жұмысты таза және тиянақты орындау.<br>**Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие,<br>Торай, шошқа,<br>Қозы, қошқар,<br>Қодық, құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа, шаян,<br>Торғай, шымшық...<br>Сен, қал!<br>Сен, шық!<br>Қадыр Мырза Али.<br>**"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; ойын желісіне белсенді қатысуға бейімдеу, басқарушы және ойыншы рөлдерін ойнай білуге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту.<br>Алаңның бір жағында көмегімен қой қора қоршалады.<br>Ойнаушылар санамақ арқылы "қойшыны" таңдалып алады; қалғандары – "қойларды" сомдайды. "Қойшының" көзін байланады.<br>Балалардың біреуі (алғашында педагог) "қойшыдан сұрайды: "Қойшы, қойшы, маған қанша қадам бересің?". "Қойшы" өз санын (онға дейін) айтады. Осы қашықтықтан "қойшы": «Менің табыным қайда?", - деп сұрайды. "Қойлар" (балалар): "Мә-мә-мә..", - деп дауыстайды да үндемей қалады. Қойшы оларды іздей бастайды.<br>Балалар жүргізушіден қашып құтылмақшы болады.<br>Егер "қойшы" балалардың бірін түртіп қалса, сұрайды: "Қойым, қойым, өзіңді ата!" Ал ойнаушы, "қой": "Мә-мә-мә", - деп дауысын шығарады.<br>"Қойшы" баланы дауысынан танып қойса, ұсталған - "қойшыға" айналады. Жаңа ойын басталады. Егер бала танылмай жатса, осы "қойшымен" ойын жалғасады.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | **Күннің ұзақтығын бақылау.**<br>Мақсаты: жаз мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістер жайлы түсініктерін кеңейту, жазда күнмен қандай өзгерістер болғанын белгілеу.<br>"Күн ауысып барады".<br>Күн ауысып барады түнге қарай,<br>Шығыста - кеш,<br>Батысқа - кірген арай.<br>Күн шыққан жерден әр кез түн келеді,<br>Маған солай, білмеймін, кімге қалай.<br>Соңғы шоғын сөндіріп арайлаған,<br>Күн кетті, тіршілікке қарайлаған.<br>Ай туды, нұрсыз да емес, нұрлы да емес,<br>Шашырап өлі сәуле шар айнадан.<br>Мұқағали Мақатаев<br>**Еңбек әрекеті: арам шөпті, құраған жапырақтарды жинау.**<br>Мақсаты: еңбек дағдыларын дамыту, өсімдіктерге күтім жасау, ересектерге көмектесу ниетін дамыту.<br>**"Қатарға тұрып билейік" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зерек болу қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Жаттығуды көңілді әуен жазбасын қосып өткізуге болады.<br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Басты оң-солға бұрып,<br>Қос иықты көтерейік.<br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Жоғары қол көтеріп,<br>Бұлғап, төмен түсірейік.<br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Аяқты кезек көтеріп,<br>Маршпен шапалақтап жүрейік.<br>Д. Ахметова.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны.**<br>Мақсаты: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Педагог:<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар?<br>Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.<br>Педагог алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады. ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады.<br>**"Жылғалардан аттау" қимылды ойын-жаттағуы.**<br>Мақсаты: бір орыннан, екінші орынға тепе-теңдікті сақтап, аттап секіру біліктіліктерін бекіту.<br>**Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, жүру техникасын жақсарту.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **Ойын-жаттығу: "Ағашты ата"**<br>Мақсаты: балабақша алаңындағы ағаштардың атауы жайлы білімдерін бекіту.<br>**"Жапырақ" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды мәтін сөздерінің ырғағына, мәніне сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны жетілдіру.<br>Тақ-тақ-тақ (қолдарын оңға-солға сермейді),<br>Біз айтамыз тақпақ (қол білезіктерін айналдырады).<br>Рақ-рақ-рақ (орындарында тұрып айналады).<br>Күзде түсер жапырақ (саусақ бастарын қимылдатады),<br>Қол-қол-қол (қолдарын жан-жаққа жібереді).<br>Күзде егін мол (қолдарымен үлкен шеңбер жасайды).<br>Тоқ-тоқ-тоқ (саусақ бастарын бүгеді),<br>Шыбын-шіркей жоқ (қолдарын жандарына жібереді).<br>Г. Кужагулова. | **Ойын-жаттығуы: "Ойлан тап".**<br>Мақсаты: көптік жалғауды дұрыс жалғауды жаттықтыру.<br>**"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. | **"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. | **Ойын-жаттығу: "Кім не жейді?"**<br>Мақсаты: бала сөйлеуінде етістіктерді қолдану аясын кеңейту.<br>**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың көркем сөзге деген қызығушылықтарын арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру.<br>Тәттісін-ай, мына жеміс-жидектің,<br>Сүйсініп-ақ жейміз оны тәбетпен.<br>Сүт ботқасын таңғы асқа береміз.<br>Денсаулыққа  пайдалысы-ет екен<br><br>Ұннан піскен бауырсағым, бәлішім,<br>Тәттілерім дастарханның сәні шын.<br>Жеміс-жидек дәруменге бай екен,<br>Ең дәмдісі піскен тәтті нан екен.<br>Д. Бұланбаева. | **Ойын-жаттығу: "Неге ұқсайды?"**<br>Мақсаты: қиялды, байқағыштықты дамыту.<br>**Көркем әдебиет үлгіні оқу.**<br>Мақсаты: М. Төрежановтың "Адал дос" әңгімесін мәнерлеп оқу барысында балалардың достық туралы ұғымдарын нақтылылау; сұрақтарға жауап беруге ынталандыру; зейінділікке, ұғымталдыққа тіәбиелеу. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес: "Ойыннан оқу қызметіне". | Әңгімелесу: "Баланың тамақтануы " | Кеңес: "Отбасылық мерекелер". | Әңгімелеу: "Бала экран алдында". | Кеңес: "Отбасындағы оқу". |

# Жоспар қандай кезеңге жазылды (айды ,жылды,көрсету).Тамыз айы 29.08-31.08.2022ж.

| **Ересек тобы** | **ЦИКЛОГРАММА** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | **№2** | | | | |
| Күндері | **29.08., 31.08.2022ж.** | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | **Қош сау бол, жаз! /До свидания, лето!/ Goodbye, Summer!** | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | «Қарлығаш»  бөбекжай балабақшасы | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Ештаева А  Орынбасарова Д | | | | |
| | | | | | |
| **Апта күндері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың көңіл-күйлерін сұрап, дене қызуын өлшеп қабылдау. Ата-аналармен күн тәртібі жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Еңбекке баулу** | **"Оқу қызметіне керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз".**<br>Мақсаты: тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды оқу қызметіне керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинай білуді дағдыландыру. | | **"Орындықтарды жуу".**<br>Мақсаты: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмеләріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды дағдыландыру; жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін жетілдіру; ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары: геометриялық пішіндер жинақнамалары, шаршы пішінді парақтар.<br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс ататкызып, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желітдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. | | **"Лото" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың зейіндерін дамыту.<br>Заттарды топтастыруды үйрету. Байқағыштыққа үйрету.<br>Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді.<br>**"Жапырақ" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды мәтін сөздерінің ырғағына, мәніне сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны жетілдіру.<br>Тақ-тақ-тақ (қолдарын оңға-солға сермейді),<br>Біз айтамыз тақпақ (қол білезіктерін айналдырады).<br>Рақ-рақ-рақ (орындарында тұрып айналады).<br>Күзде түсер жапырақ (саусақ бастарын қимылдатады),<br>Қол-қол-қол (қолдарын жан-жаққа жібереді).<br>Күзде егін мол (қолдарымен үлкен шеңбер жасайды).<br>Тоқ-тоқ-тоқ (саусақ бастарын бүгеді),<br>Шыбын-шіркей жоқ (қолдарын жандарына жібереді).<br>Г. Кожагулова. | | |
| **Таңғы жаттығу** | Ояныңдар, тұрыңдар!<br>Мұнда мойын бұрыңдар,<br>Жаттығулар жасайық,<br>Терезені ашайық.<br>Таза ауа пайдалы,<br>Қане, биге басайық.<br>Шынықса жас денеміз,<br>Жылдам өсе береміз. | | | | | |
| **Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отыру. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. | | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне** | **Балаларды ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | **Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді".**<br>Мақсаты: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер.<br>Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау)<br>Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю)<br>Мұнда әсем түймедақ, ( "Түймедақ" - балалар ортаға шығып,қол бұлғайды)<br>Жайқалып тұр, тамаша,<br>Көбелек пен аралар ("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді)<br>Гүлге қонды, жарыса!<br><br>Шөп арасын қарасаң,<br>Бүлдірген бар қызарған.("Бүлдіргендер" жүгіріп шығып,беттерін ұстап, бастарын шайқайды )<br>Жасырынып жатқаны,<br>Көзге түспей, тәп-тәтті!<br><br>Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады)<br>Теріп салам себетке.<br>Кіп-кішкене, моншақтай,<br>Әсер етер тәбетке.<br>Аударған А. Көкенова. | | **"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.**<br>Мақсаты: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді. | | |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | Жазғы ойын-сауықтар | | Жазғы ойын-сауықтар | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Мысықты бақылау.**<br>Мақсаты: мысықтың сыртқы келбетін бақылауға дағдыландыру; мысықтың тіршілігін тануға деген ынтасын дамыту.<br>Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа деген қызығушылықты арттыру.<br>"Мысығым".<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады,<br>Бойын жазып, керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br><br>Қасымнан қалмайды,<br>Көзін қысып алдайды.<br>Ойнатсам да күнімен,<br>Ойыны бір қанбайды.<br>Н. Арынова.ысықты<br>**Еңбек әрекеті: бақшадағы піскен көкөністерді жинау.**<br>Мақсаты: көкөністерді қазып алуды үйрету; топпен бірге жұмыс жасау ұмтылысын тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртынды бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момықай,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуалыспағын реттеп жату - басты міндеті.<br>"Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>**"Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттардың топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту.<br>Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту. | | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Өсімдіктер тіршілігіне мезгілдік өзгерістердің әсері жайлы білімдерін бекіту.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көкөністер жинаудағы ұжымдық еңбек.**<br>Мақсаты: ұжымдық жұмысқа үйрету.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестере білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Педагог ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, аланды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да аланды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, аланда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог:<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; қимыл координациясын пысықтау, лақтыруға күш бағыттауға машықтандыру.<br>**"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.<br>Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: қызығушылы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас** | Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүргізу.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>"Мөлдір су" ойын жаттығуы. | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Тергеушілер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың ой-өрісін, қиялдарын дамыту.<br>Келісім.<br>Педагог балаларға кезек-кезек әртүрлі заттар көрсетеді. Балалар қай зат кімге, не үшін керек екенін түсіндіреді.<br>Ойынның тағы бір нұсқасы: баланың өзі қораптан бір затты алып, сипаттайды.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Отбасы".**<br>Мақсаты: балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника т. б<br>Барысы.<br>Балалар өзара отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады.<br>Педагог алдын-ала балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды.<br>Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. | | **"Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз" дамытушылық ойын.**<br>Мақсаты: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Дәріхана".**<br>Мақсаты: балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар.<br>Барысы.<br>Педагог алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды.<br>Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөліп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады.<br>Басында педагог диалогтарды түзетіп,күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. | | |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру. | | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Көліктерді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауға, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, доңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атауға тарту; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсаты: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.<br>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.<br>**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар.<br>Күлміңдейді алтын күн.<br>Жерде жатыр алтын құм.<br>Құстар ұшты биікке.<br>Сәбіз өсті жүйекте.<br>Кіші болдық желектей,<br>Өсеміз биік теректей.<br>Д. Ахметова.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады.<br>Дербес ойындар: шығарылған материалмен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлай білуді, тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіру.<br>**"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнайбілуге дағдыландыру; ойын жүргізушін мұқият тындай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек.<br>Жүргізуші былай жариялайды:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын  шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді."<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | | **Қарғаны бақылау.**<br>Мақсаты: қарға құсы туралы туралы білімді тиянақтау, бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Қара түсті қарқылдақ,<br>Ұшып – қонып жалпылдап.<br>Қоқыстарды шоқиды,<br>Жем іздейді там – тұмдап. (Қарға)<br>Қарғаның балапанына аса мұқият, қамқорлықпен қарайтынын, адамның сөздеріне еліктеп, қайталай білу қабілеті туралы баяндау.<br>Қарғаның өте ақылды құс екенін бейнежазбадан көрсету (жаңғақты шағу, шөлмектен қоректі алып шығу).<br>**Ересек әрекеті: ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Кім жылдам?" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: кедергілерді жойып, жан-жаққа жүгіру біліктіліктерін бекіту.<br>Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, доппен жаттығу. Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту.<br>**"Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, дене тепе-теңдігін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсаты: құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктіліктерін қалыптастыру. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Ал одан кейін не?" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, логикалық ойлауларын дамыту. | | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.** Мақсаты: қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог үстел үстіне бірнеше заттар қояды. Балалар мұқият қарап алғаннан кейін, артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек. Жоғалатын заттар санын біртіндеп көбейтуге болады. | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Балаңыздың денсаулығы қаншалықты жақсарды?" атты сауалнама. | | "Күзге дайындық жоспары" тақырыбына кеңес. | | |